




БИЗНЕС және ЗАҢ



Джонни және Эш

Джонни: Білесің бе, барлық заңгерлер – ұры.

Эш: Иә, бұл, әрине, қызықты шағымдар. Дегенмен мен бұлардың зерттелмей қалатынына сенімді емеспін. Мен сондай-ақ, кейбір заңгерлердің ұры екенін елестете аламын. Шын мәнінде, мен солардың біразын кездестірдім. Бірақ сіз барлық заңгерлер ұры деп мәлімдеп отырсыз. Бұл олай емес екеніне сенімдімін, өйткені, мен өзім заңгермін, ұры емеспін. Мүмкін сіз мәлімдемеңізді сәл нақтылап, қайталарсың?

Джонни: Заң біздің бәрімізге көмектесуге арналған, солай ғой? Ол біздің барлығымызға қатысты қолданылады және біз өзіміздің барлық құқықтарымызды қорғау үшін құқықтық жүйені пайдалануымызға болады. Яғни, «заң ережелері барлығы туралы» болуы тиіс, солай емес пе? Сондықтан шын мәнінде, бізге заңгерлердің мүлде қажеті жоқ. Біз қай заң өзімізге қатысты екенін таба алатын және өзіміздің заңды құқықтарымызды жүзеге асыратын, сондай-ақ, сотқа ұсына алатын болуымыз керек. Ал адвокаттардың бізді осы аталған өзімізге қатысты құқықтық мәселелерді өзіміз шеше алмайды және біздің орнымызға осы мәселелердің бәрін адвокаттар істеу үшін оларға ірі сомалы ақша төлеуіміз тиіс деген ойға қалдыратын фактісі ... Иә, сендердің барлығың ұрысындар деп санаймын.

Эш: [Ол күрсінді.] Біздің бәріміз ұры емеспіз, Джонни. Өмір мен құқық өте күрделі нәрсе және адамдардың көпшілігінің күрделі құқықтық мәселелерді шешуге уақыты, білімі не дағдылары жоқ. Ешкім сізді өзіңізге жеке үй салуға, өз машинаңызды жөндеуге немесе өз қосымшанды алып тастауға мүмкіндігі бар деп ойламайды. Адвокатқа бару кез келген маманға бару секілді: Сенің ісінді дұрыс атқарғаны үшін қосымша ақша төлейсің. [Ол кідіріп қалды.] Алайда осының бәрін айта отырып, мен сіздің шағымныңыздың (сөзіңіздің) бәрі болмаса да бір бөлігінің растығына келісемін.

Джонни: ha:::!! [Ол өзіне-өзі риза болғандай көрінді.]

Эш: [Ол таңдана қарады.] Кейбір өте маңызды шешім қабылдар алдында адамдарды мазалайтын негізгі құқықты білу мен кейбір негізгі құқықтық дағдылардан тәжірибесі болуды қажет ететін, жиі туындайтын және оларды болдырмауға болатын, көптеген құқықтық мәселелер бар. Мен жұртшылықты, әсіресе, іскер адамдардың заңмен танысуын және өздеріне қатысты құқықтық жүйені жақсы меңгеруін қалаймын. Әрине, мен олар күрделі құқықтық проблемаға немесе маңызды құқықтық мәселеге тап болғанда, заңгерге баруға болмайды дегелі жатқаным жоқ. Сіз салауатты тамақтанып, үнемі жаттығу жасайтын болсаңыз, дәрігерге барудың қажеті аз ғой, сол сияқты, егер сіз кейбір негізгі құқықтық дағдыларды үйренсен, адвокатқа барудың қажеттілігі екіталай.

Джонни: [Оның шын жүректен қызығушылық танытқаны байқалды.] Қандай дағдылар?

Аустралия заңының негіздері туралы және бизнес әлеміне оның қатысын жақсы білу үшін Джонни мен Эшпен ілесе отырып үйрене аласыз.

Кәсіпкерлік құқық оқулығының 3-басылымы сізге кәсіпкерлік құқық саласындағы студенттерді аустралиялық кәсіпкерлік құқықпен ерекше және тартымды таныстырады. Заңның айқын, қысқа және заманауи сипаттамасы көптеген практикалық мысалдармен, практикамен, суреттермен, кестелермен, диаграммалармен және ағымдық сызбалармен толықтырылады. Материал функционалды түрде ұйымдастырылып, бүгінгі таңда Аустралияда іскерлік жүргізетін адамдарға қатысты заңның аспектілеріне назар аударады. Осы кітаптағы материалдармен жұмыс істеу тәжірибесі сіздің ойыңыздан шығатынына және бизнес зерттеулеріңізде табысқа жетуіңізге көмектесетініне сенімдіміз.

WILEY

БИЗНЕС
және ЗАҢ

НИКОЛАС
ДЖЕЙМС



НИКОЛАС ДЖЕЙМС



WILEY

Алматы, 2017

3-БАСЫЛЫМ

БИЗНЕС

және ЗАҢ

НИКОЛАС ДЖЕЙМС

WILEY

Алматы, 2017



3RD EDITION

BUSINESS
LAW

NICKOLAS JAMES

WILEY

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Николас Джеймс

БИЗНЕС ЖӘНЕ ЗАҢ

3-басылым

I том

Оқулық

Алматы, 2017

ӘОЖ 346
КБЖ 67.406
Н 58

Ағылшын тілінен аударған
Баймұратова Ираш

Николас Джеймс

Н 58 **Бизнес және заң: Оқулық. I том.** / Николас Джеймс – Алматы: ЖШС РПБК
«Дәуір», 2017. – 468 б.

ISBN 978-601-217-612-4

ISBN 978-601-217-615-5 (I том)

ӘОЖ 346
КБЖ 67.406

© John Wiley & Sons Australia, Ltd All rights reserved, 2011.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешқандай бөлігі кез келген формада, электронды немесе қағаз жүзінде және фотокөшіру, жазу сияқты басқа әдістер арқылы көшіріліп алынбайды немесе көшірмесі жасалынбайды, сондай-ақ Wiley-дің рұқсатынсыз іздестіру жүйесіне енгізілмейді.

© Қазақ тіліндегі аудармасы Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2017

ISBN 978-601-217-615-5 (I том)

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ: Құқық негіздері

1-тарау Құқық жүйесімен танысу	35
2-тарау Аустралия құқық жүйесі	92
3-тарау Құқық дағдыларын меңгеру.....	169

2-БӨЛІМ: Құқықтық салдар

4-тарау Зиян келтіру	229
5-тарау Мәміле жасау.....	310
6-тарау Мәміленің орындалуы.....	373
7-тарау Агентпен жұмыс істеу	435

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	9
Автор туралы	13
Бұл кітапты қалай пайдалану керек ...	14
Алғыс білдіремін	16
Қысқартулар	19
Сот істері	25
Нормативтік ережелер	31

1-БӨЛІМ. Құқық негіздері 34

1-тарау | Құқық жүйесімен танысу.... 35

Кіріспе.....	37
Құқық пен өмір	37
<i>Құқық және жеке өмір.....</i>	37
<i>Құқық пен кәсіпкерлік</i>	38
<i>Бұқаралық ақпарат құралдары</i>	
<i>құқығы.....</i>	39
<i>Танымал мәдениет құқығы</i>	39
Құқық табиғаты.....	40
<i>Құқық анықтамасы.....</i>	40
<i>Құқықтың мақсаты.....</i>	44
<i>Заң категориялары (санаттары)....</i>	47
<i>Заңды өзгерту</i>	53
Әділет, этика және саясат	54
<i>Құқық пен әділеттілік.....</i>	55
<i>Құқық пен этика</i>	59
<i>Құқық пен саясат</i>	63
Аустралияның құқық жүйесі.....	64
<i>Құқық жүйесінің негізгі</i>	
<i>сипаттамалары.....</i>	64
<i>Құқық жүйесінің тарихы.....</i>	76
Қорытынды	86

2-тарау | Аустралия құқық жүйесі 92

Кіріспе.....	94
Аустралия Конституциясы.....	94
<i>Конституция құрылымы.....</i>	95
<i>Конституция конвенциялары.....</i>	97
<i>Федералдық және штаттық</i>	
<i>қарым-қатынастар.....</i>	97
<i>Территорияны реттеу.....</i>	104
<i>Конституцияны өзгерту</i>	104
Заң шығарушы билік	106
<i>Парламент сипаттамасы.....</i>	107
<i>Парламент жұмысы</i>	111
Атқарушы билік.....	119
<i>Генерал-губернатор мен штат</i>	

<i>губернаторлары</i>	120
<i>Атқарушы Кеңес пен Кабинет</i>	123
<i>Атқарушы үкіметке шағым жасау ..</i>	124
<i>Өкілетті заңнама</i>	127
Сот.....	130
<i>Аустралияның сот жүйесі</i>	130
<i>Сот процестері</i>	142
<i>Прецедент доктринасы.....</i>	155
<i>Жалпы құқық пен әділеттілік</i>	159
<i>Дауларды баламалы шешу</i>	161
Қорытынды	162

3-тарау | Құқық дағдыларын меңгеру..... 169

Кіріспе.....	171
Нормативтік құқықтың реттелуі	171
<i>Құқықты зерттеу</i>	172
<i>Негізгі құқықтық материалдар</i>	173
<i>Маңыздылығына қарай істің</i>	
<i>бөлінуі</i>	174
Құқықты оқу	178
<i>Туісті элементтер</i>	178
<i>Құқықты түсіндіру.....</i>	188
Құқықтық логика	207
<i>Индуктивті және дедуктивті</i>	
<i>негіздеме</i>	208
<i>Құқықтық мәселені қалай</i>	
<i>шешу керек?.....</i>	209
Заңгерше жазу	214
<i>Құқық жазу</i>	214
<i>Хат әзірлеу</i>	215
<i>Қарапайым келісімшарт</i>	
<i>жобасын жасау.....</i>	217
Қорытынды	220

2-БӨЛІМ. Құқықтық салдар..... 228

4-тарау | Зиян келтіру..... 229

Кіріспе.....	231
Зиян келтіру	231
<i>Қылмыстық жауапкершілік</i>	231
<i>Деликт жауапкершілігі.....</i>	233
<i>Келісімшарт жауапкершілігі.....</i>	234
<i>Нормативтік құқық</i>	
<i>жауапкершілігі</i>	234
<i>Субсидиярлық (жанама)</i>	
<i>жауапкершілік.....</i>	235

Біреуге немесе оның мүлкіне әдейі, қасақана зиян келтіру	236
Қылмыстық жауапкершілік	236
Біреудің құқығына қол сұғу құқық бұзушылығы	240
Жағымсыз деликт	246
Диффамация (жала жабу) деликті ..	249
Абайсызда адамға немесе оның мүлкіне зиян келтіру.....	254
Абайсызда жасалған деликтік құқық бұзушылық	255
Әдейі қаржылық зиян келтіру	284
Қылмыстық жауапкершілік	284
Алдау деликтік құқық бұзушылық....	286
Бұрмалау деликтік құқық бұзушылығы	287
Жәбірлеу деликтік құқық бұзушылық	288
Шарттық қатынастарға араласу, кедергі жасау деликтік құқық бұзу ..	289
Абайсызда қаржылық зиян келтіру	290
Үшінші тараптағы адамның жеке басына немесе оның мүлкіне зиян келтіру.....	291
Ақаулы өнімдер.....	292
Ұқыпсыз бұрыс кеңес беру	293
Зиян келтірудің салдары.....	297
Қылмыстық салдар.....	297
Азаматтық салдары	298
Қорытынды	302
5-тарау Мәміле жасау	310
Кіріспе.....	312
Келісімшарт	312
Қойылатын талаптар. 1-талап: келісім.....	313
Ұсыныс	314
Ұсыныс қабылдау	319
Шартты келісімдер.....	325
2-талап: мүдде	326
Алғышарттар	326
Алдын ала келісімдер	329
«Орындалмайтын уәде»	330
3-талап: компенсация	331
Компенсацияның бара бар болуы міндетті емес	333
Компенсация жеткілікті болуы тиіс.....	333

Акт (құжат)	338
Практикалық артықшылықтарды тестілеу.....	338
Эстопелль принципі	339
Келісімшарттың орындалуы	342
Келісімнің болмауы	343
Қателік	343
Өзара қателік	347
Негізсіз ықпал.....	350
Құқықтық нигилизм.....	352
Қабілеттің болмауы	356
Кәметке толмағандар	356
Зияткерлік әлеуеті жеткіліксіз тұлғалар.....	359
Заңдылықтың болмауы	360
Жалпы құқық аясындағы заңсыздық.....	360
Нормативтік заңсыздық	361
Ресмиліктің жоқтығы.....	362
Қорытынды	364
6-тарау Мәміленің орындалуы	373
Кіріспе.....	375
Жалған мәлімдеме мен бұзылған кепілдік	375
Келісімшарт шарттары	376
Экспресс шарттар.....	377
Сот көздейтін шарттар.....	383
Нормативтік шарттар	386
Шарттық емес ұсынұлар мен уәделер ..	398
Ауызша дәлелдемелер ережесі	399
Қосымша келісімшартты бұзу.....	400
Жалған өкілдік.....	400
Аустралия тұтынушылар заңын (АТЗ) бұзу.....	403
Заңды күші жоқ кепілдік	403
Келісімшартты орындау.....	404
Келісімшарттық байланыс	404
Уақыт шектеулері	406
Жауапкершіліктен бас тарту	406
Заңды күші жоқ шарттар	410
Қорғаныс құралдары немесе қалпына келтіру.....	412
Келісімшарттың күшін жою	412
Залал келтіру.....	417
Әділ қалпына келтіру.....	421
Нақты орындау	421
Нормативтік компенсациялар.....	423
Келісімшарттың аяқталуы	424

<i>Келісімшартты аяқтау келісімі.....</i>	424	<i>Басшы мүддесіне сай әрекет етуге</i>	
<i>Келісімшарттың бұзылуы</i>	425	<i>міндеті</i>	452
<i>Қорытынды</i>	427	<i>Құпиялылықты сақтау міндеті.....</i>	453
7-тарау Агентпен жұмыс істеу.....	435	<i>Есеп беру міндеті</i>	454
<i>Кіріспе.....</i>	437	<i>Агент құқығы</i>	454
<i>Үшінші тараппен мәміле</i>	437	<i>Сыйақы.....</i>	454
<i>Өкілеттік аясы</i>	440	<i>Өтемақы</i>	456
<i>Тікелей нақты өкілеттік</i>	441	<i>Кепілдік</i>	456
<i>Көзделетін нақты өкілеттік.....</i>	443	<i>Агент пен басшының жауапкершілігі... </i>	457
<i>Айқын өкілеттік</i>	443	<i>Агенттің жеке жауапкершілігі</i>	457
<i>Қажеттілік агенттігі.....</i>	446	<i>Басшының субсидиярлық</i>	
<i>Ратификация өкілеттігі</i>	448	<i>жауапкершілігі.....</i>	458
<i>Агент міндеттері</i>	448	<i>Агенттік тақырыбын қорытындылау....</i>	460
<i>Нұсқауды орындау міндеті.....</i>	449	<i>Тараптардың жауапкершілікті</i>	
<i>Ақпарат жеткізу міндеті.....</i>	450	<i>тоқтатуы</i>	460
<i>Жеке әрекет ету міндеті.....</i>	450	<i>Жауапкершілікті автоматты түрде</i>	
<i>Көмек көрсету міндеті.....</i>	451	<i>тоқтату.....</i>	460
		<i>Қорытынды</i>	461

АЛҒЫ СӨЗ

Мен 1996 жылы Квинсленд университетінде кәсіпкерлік құқықтан дәріс оқи бастағанда, Аустралиядағы іскерлік құқық туралы қолжетімді оқулықтар санаулы ғана болды. Олар жан-жақты, ғылыми тұрғыда жақсы жазылған оқулықтар еді, бірақ олардың ешқайсысы кәсіпкерлік құқық факультеті студенттеріне ыңғайлы болмады. Олар, әдетте, стереотиптік заң оқулықтары, яғни өте егжей-тегжейлі және майда қаріппен, ресми тілде жазылған, ешқандай диаграммалары жоқ, салмақты, кірпіштей тығыз монохроматиялық оқулықтар болды. Кәсіпкерлік құқық факультеті студенттерінің қабілеті мен талаптары таза заң мамандығында оқитын студенттерден ешқандай айырмашылығы жоқ деп пайымдалды.

Әлбетте, мәселе мұнда емес еді және олай емес те. Кәсіпкерлік құқық факультеті студенттерінің кәсіпкерлік құқық оқытушылары елемеуге болмайтын өзіне тән бірқатар ерекшеліктері бар:

- Кәсіпкерлік құқық факультеті студенттерінің көпшілігін, кәсіпкерлік құқық курсы алғаш рет заң мен құқық жүйесі туралы терең ойлануға мәжбүр етеді. Сондықтан олар жаңа пәнмен танысудың айқын және қолжетімді болуын қажет етеді.
- Құқық доктринасы мен заңды негіздеме кәсіпкерлік құқық факультеті студенттерінің өзге курстардан алатын білімі мен дағдыларынан мүлде басқаша. Бухгалтерлік есеп, экономика, іскерлік менеджменті, ғылым, инженерлік-техникалық және заңнан басқа да факультет студенттері өздерінің мамандық саласындағы барлық басқа курстарда белгілі бір жолмен ойлауға және заңгерше ойлауға үйрену, олардың көпшілігіне табиғи немесе оңай жолмен келетін нәрсе емес, мұндай қабілеттің оларға анық үйретілуі керек және кәсіпкерлік құқық факультеті студенттері оны сахнаның артында немесе жол-жөнекей үйренетін нәрсе ретінде қарауға болмайды.
- Шетелдік және/немесе ағылшын тілінде сөйлемейтін елдерден келетін кәсіпкерлік құқық студенттерінің үлес салмағы артуда. Кәсіпкерлік құқық оқулығы анық және түсінікті стилде жазылуы тиіс және әрине, Аустралия мәдениеті студенттерге етене таныс деп тұжырымдауға болмайды.
- Көптеген кәсіпкерлік құқық студенттері үшін кәсіпкерлік құқық курсы бірінші ғана емес, сонымен қатар, олардың заңмен айналысуына міндеттейтін аз ғана уақыт, кәсіпкерлік құқықты оқу кезеңі пайдалы құқықтық білім мен дағдылар алатын жалғаз ғана мүмкіндік. Негізгі құқық доктринасын үйренумен қатар оларға басқа да пәндерді оқуға және болашақ мансабына пайдалы болатын практикалық құқықтық білім алу мен практикалық дағдыларын дамыту қажет.

1996 жылдан бастап, жыл сайын әрқайсысы азды-көпті дәрежеде осы мәселелердің біреуін немесе бірнешеуін шешуге ұмтылатын бір немесе одан да көп кәсіпкерлік құқық оқулықтары жарық көрді. Қазіргі кезде курс үйлестірушісінде ішінен таңдай алатын он бестен астам аустралиялық кәсіпкерлік құқық оқулықтары бар. Соған қарамастан мен 2010 жылы өз оқулығымды жазуға шешім қабылдадым, бұған кәсіпкерлік құқық оқулықтарының ешқайсысы әлі толық қанағаттанарлық жағдайда болмағандығы себеп

болды. Қазіргі уақытта қолда бар басқа да көптеген кәсіпкерлік құқық оқулықтарынан оның ерекшелігі неде? Бұл оқулықтың мынадай ерекшеліктері бар:

1. Тақырып ауқымы

Біздің кәсіпкерлік құқық оқытушыларының өзіміздің студенттерімізді кәсіпкерлік құқық туралы білуге қажеттің бәрін үйретуге тек 12, 13 немесе 14 апта ғана уақытымыз бар. Кәсіпкерлік құқық оқулықтарының көпшілігі мұны істеудің ең жақсы жолы семестрдің көп бөлігін Аустралияның құқық жүйесі мен келісімшарт заңын үйретуге, ал қалған уақытты деликтік құқық, тауарларды сату, тұтынушылардың құқығын қорғау, бәсекелестік құқығы, іскерлік құрылымдары, мүліктік құқық, сақтандыру заңы және т.с.с. басқа да ұзақ тақырыптар тізімінің ішінен таңдалған шағын тақырыптарды оқытуға жұмсау деп санайды. Осыған орай, бұл оқулық тиісінше, Аустралияның құқық жүйесі мен келісімшарт заңы туралы негізгі бөлім жиынтығын және кәсіпкерлік құқық оқытушысы қай тақырыпты енгізу немесе қайсысын алып тастауды таңдауға мүмкіндік беретін басқа да тақырыптардың әрқайсысының қосымша бөлім жиынтығын бере отырып ұйымдастырылған. Алайда, кәсіпкерлік құқық студенттерге бірнәрсе білуі және олардың барлығына сілтеме жасауы қажет осы тақырыптардың барлығын кәсіпкерлік құқық курсына енгізуге болады және енгізілуі тиіс. Шын мәнінде, тек адвокат, заңгер мамандығына оқитын студенттерге қызығушылық және өзекті болатын құқықтық доктринаның түрін анықтау және сұрыптау арқылы іскерлік практиктердің хабардар болуы үшін қажет болатын қамту кеңдігімен кәсіпкерлік құқық студенттерін қамтамасыз ету мүмкін болады. Бұл оқулық тек он үш тараудан тұрады, бірақ соған қарамастан, кәсіпкерлік құқық курсына кіретін барлық тақырыптарды қамтиды.

2. Тақырыпты ұйымдастыру

Әдетте, кәсіпкерлік құқық оқулығы дәстүрлі құқық доктринасы санаттарына сәйкес келетін тарауларға бөлінеді. Менің ойымша, кәсіпкерлік құқық студенттері үшін бұл санаттардың өзектілігі аз немесе жоқ сияқты. Оның орнына, оларға нақты шешімдерге, проблемаларға немесе жағдайларға сәйкес тиімді заңдарды білу қажет. Егер адам кәсіпкерлікті бастағысы келсе немесе біреу оған зиян келтірсе, уәдесінде тұрмаса, кәсібінде қаржылық қиындықтар болса, оған қандай заң қолданған тиімді?

Сондықтан бұл оқулықта тараулар *практикалық* тұрғыға қарағанда доктриналық тақырыптарға сәйкес ұйымдастырылады. Кітап үш бөлікке бөлінеді. Бірінші бөлімдегі «Құқық негіздері» деген тақырып – Аустралия құқықтық жүйесін түсінуге қажетті түбегейлі білім және дағдылармен студенттерді қамтамасыз етуге арналған үш тараудан тұрады.

- 1-тарау. Құқық туралы түсінік
- 2-тарау. Аустралияның құқықтық жүйесін түсіну
- 3-тарау. Құқық дағдыларын меңгеру

«Құқық салдары» деп аталатын екінші бөлім жалпы кәсіпкерлік практикасын, әрекеттерді, мәселелерді реттейтін құқық ережелерін егжей-тегжейлі зерттейтін алты тараудан тұрады.

- 4-тарау. Зиян келтіру
- 5-тарау. Мәміле жасау
- 6-тарау. Мәміленің орындалуы
- 7-тарау. Агенттермен жұмыс істеу

3. Құқықтық дағдылар туралы тараудың қосымшалары

Кәсіпкерлік құқық курсының мақсаты студенттерге Аустралияның кәсіпкерлік туралы заңнамасынан білім беру ғана емес, сонымен қатар, оның мақсаты студенттерге (1) қарапайым құқықтық мәселелерді тану және шешу, (2) неғұрлым күрделі немесе ауыр заңды қиындықтарды болдырмай, өз істерін мойындау және ұйымдастыру, (3) кәсіпкерлік құқық мәселелері туралы заң практиктерімен тиімді қарым-қатынас жасай алатындай кәсіпкерлік заңнама туралы жеткілікті біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Әрі қарай, кәсіпкерлік құқық студенттеріне тек білім алу ғана емес, сонымен қатар зерттеу, оқу, түсіндіру, ойлау және жазу дағдылары сияқты белгілі бір дағдыларды дамыту қажет. Кәсіпкерлік мамандығы саласындағы студенттерге заңнаманың не екенін білуден гөрі оны қайдан табу, қалай оқу және қалай пайдалану керектігін көбірек білу қажет. Бұл мәтінде тұтас бір тарау – 3-тарау осы маңызды құқықтық дағдыларды сипаттау мен дамытуға арналған.

4. Жазу стилі

Көптеген құқықтық оқулықтары заң мамандығы студенттеріне таныс болуы мүмкін, бірақ олар кәсіпкерлік құқық студенттеріне егер түйсіну мүмкін болмағанның өзінде, жиі қиынға соғатын өте ресми және техникалық стильде жазылады. Бұл оқулық оқуды қиындатпай, доктриналар мен процедураларды дәл және барабар егжей-тегжейлі түсіндіруге болатынын дәлелдей отырып, әдейі түсінікті және қолжетімді стильде жазылды.

Үшінші басылымдағы өзгерістер

Қазіргі заманғы кәсіпкерлік құқық студенттерге ақпараттық, тәжірибелік көмек және олардың қажеттіліктеріне өте қолайлы құрастырылған кәсіпкерлік құқықтың осы оқулықтың бірінші басылымы толық ойымнан шығады. Екінші басылымы заңнамадағы кейінгі өзгерістерді көрсету үшін оқулықты жаңарту және ескерту сияқты қосымша мүмкіндіктерді енгізу арқылы бірінші басылымды өңдеп, дамытты. Кітаптың үшінші басылымына келесі қосымша өзгерістер кірді:

- бүкіл оқулықтың өн бойын Аустралия юрисдикцияларынан алынған жаңартылған медиа элементтер мен кейстік зерттеулер, сондай-ақ қосымша блоктар мен сызбалар сияқты кең ауқымды сот ісі шешімдері енгізілді;
- заң санаттары мен 1-тараудағы заң мен сот арасындағы қарым-қатынас толығырақ түсіндірілді;
- Аустралия Конституциясы, конституциялық келісімдер, (кима) кросс-бөлу және 2-тараудағы қылмыстық процедуралар туралы толығырақ түсіндірілді;
- 3-тараудағы нормативтік ережелердің түсіндірмесі толығымен қайта түсіндірілді;
- 5-тараудағы «практикалық тиімділікті сынақтау» жаңадан қаралды;
- Аустралия тұтынушылар заңының жаңартылуы және кеңейтілген қамтуы мен 8-тараудағы картель жүргізу жаңадан қамтылды;
- Зияткерлік құқық туралы заң Актісі 2012 және 9-тараудағы 2012 жылы (Дст) Құпиялылық туралы (құпиялылықты сақтауды арттыру) заңға енгізілген жасаған өзгерістердің инкорпорациясы берілді;
- 10-тараудағы франчайзинг және сауда туралы тақырып толығырақ қамтылды;
- Жеке меншікті қорғау және 11-тараудағы жаңа жәрдемақы кодексі жаңадан қамтылды;

- Заманауи марапаттар, жұмыс орны, денсаулық пен қауіпсіздік және 12-тараудағы жұмыс орнындағы гендерлік теңдік қайта қамтылды;
- 13-тараудағы тұтынушылық несие, банкроттық және ұйымды таратуды жаңарту тақырыптары кеңейтілді;
- Айтарлықтай кеңейтілген терминдер глоссарийі енгізілді.

Николаас Джеймс
2013, Тамыз

АВТОР ТУРАЛЫ

Ғылым докторы Ник Джеймс 1996 жылдан бері кәсіпкерлік құқықтан дәріс беріп келеді. Ол сондай-ақ, Бонд университеті заң факультетінің профессоры, деканның орынбасары жөнінді және (оқыту мен оқу жөнінде) деканның байланыс орынбасары. Ол 2004 жылы Квинсленд университетінің «оқытудың үздік үлгісі» сыйлығын алды, 2007 жылы студенттерді оқытуға қосқан ерекше үлесі үшін оған ұлттық Carrick алғысы, 2010 жылы оқытуды жақсартатын бағдарламалары үшін UQ алғысы жарияланды. Ол *Legal Education Review* (Құқықтық білім беруге шолу) кітабының бас редакторы және Кәсіпкерлік құқық, Заңды сыни тұрғыдан ойлау және Жаңа Заңгер (Рэйчел Фильдпен авторлас) атты үш оқулықтың, сондай-ақ заң, сыни ойлау, сыни құқықтық ойлау салаларындағы көптеген журнал мақалаларының, баяндамалар мен кітап тарауларының авторы.



БҰЛ КІТАПТЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

Бұл оқулық сіздерді – студенттерді еске ала отырып әзірленген. Ол сізге лайықты заң жасауға назар аудара отырып, айқын, оңай оқылатын мәнерде жазылған. Оқулықтың мақсаты – сіздерге тақырыпты мәселелер мен оқуды жеңілдетуді қамтамасыз ететін кітап ұсыну. Біз осы мақсаттарға мынадай элементтер арқылы қол жеткізуге тырыстық:



Джонни мен Эш
Әрбір тарау күнделікті жағдайларда және әрбір тарауда қарастырылатын құқық тақырыптарды таныстыратын және шешетін, құқықты мәнмәтіндейтін осы кейіпкерлер арқылы жасалған сценариймен басталады және аяқталады.

Тапсырма

Тарауларда кездесетін ғылыми-зерттеу, көрсету және дағдыларды қолдануды маңытуға назар аударады.

Тексеру тізбесі

Кейбір тарауларда негізгі құқықтық ұғымдар мен процестерді қайталау үшін беріледі.

Қайталау сұрақтары

Келесі тараушаны жалғастырмас бұрын негізгі ұғымдарды қайталауға мүмкіндік береді. Бұл сұрақтар әр тараудың соңында орналасқан.

Ескерту!

Қателік немесе түсініксіздік тууы ықтимал құқықтың маңызды мәселелерге назар аударады.

www.kazakhstan.gov.kz

© 2014 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен заңнамалық актілерінің жинағы

ТӘУЕЛСІЗ ДІКАУАТ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабына сәйкес:

- Азаматтық заңнаманың құқықтарын қорғау
- Құқықтардың қорғауына қатынасты
- Құқықтардың қорғауына қатынасты
- Құқықтардың қорғауына қатынасты

Қайталау сұрақтары

- 1. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабына сәйкес, азаматтық заңнаманың құқықтарын қорғауға қатынасты қандай заңнамалық актілер қабылданады?
- 2. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабына сәйкес, азаматтық заңнаманың құқықтарын қорғауға қатынасты қандай заңнамалық актілер қабылданады?
- 3. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабына сәйкес, азаматтық заңнаманың құқықтарын қорғауға қатынасты қандай заңнамалық актілер қабылданады?
- 4. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабына сәйкес, азаматтық заңнаманың құқықтарын қорғауға қатынасты қандай заңнамалық актілер қабылданады?

Ескерту!

Құқықтық заңнаманың құқықтарын қорғауға қатынасты қандай заңнамалық актілер қабылданады? Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабына сәйкес, азаматтық заңнаманың құқықтарын қорғауға қатынасты қандай заңнамалық актілер қабылданады?



ЗАҢ АЯСЫНДА: ТАНЫМАЛ МӘДЕНИЕТ ЗАҢЫ

Томас Ди Дамбо деп Дина Дамбо ойып ал *Dimple Jeopardy* фильмде өзінің күйеуі өлтіргені үшін қамалған. Ол кейіпкер күйеуінің өлтіргені үшін және кісі өлтіретіні туралы және жаппай ойып алу жағдайында ол өзінің қайырымды жақсылығын біледі. Ол бірнеше жыл түрмеде отырды, сұрап кейін күйеуін ұстап, құрған күйеуін бен бұуды депеші. Түрмесінің бір соттаған тұрғын болды ол қазіргі өзінің кісі өлтіргені үшін бірнеше жыл аманат және жаппай ойып алу күйеуінің қайырымды жақсылығын білді.

Өдетте контекст ережелі ретінде белгілі түсініктер ережесіне сәйкес (яғни оны Латын тіліндегі атауымен *positio a sociis* деп те атайды), сөздер немесе сөз тіркестерінің мағынасы контекстен алынуы керек. Борнван *Norwich Chromatium Ltd [1967] 2 All ER 376, Stump J* компанияның қарама-қарсы арасы туралы ағылшын сотында ереже төмендегідей түсіндірді:

Ағылшын сөздері өздерін қоршап тұрған сөздерден мағыналық реңк алады. Сөйлем тек сөйлемнен алынған, сөздің сөйлемге жасап, және анықталған, шешілген істер және сөйлем немесе сөз тіркесі ретінде ағылшын тілін бұрмаласыз мағынаға ие бола алмайтын, кейін және сөздер ретінде өзін-өзі белгілеген мағынамен оларды сөйлем ішіне қайта енгізілген сөздер инантығы емес.

контекст ережелі (*positio a sociis*) – жарымы түсініктер ережелі: сөздер немесе сөз тіркестерінің мағынасы оның контекстен алынуы керек.

P-дин Харриске қарсы талпын артымы (1836) 7 Car & P 446; 173 ER 198

Харрис егер кез келген адам кез келген басқа адамды жеріне тастау арқылы немесе кез келген басқаны жермен, кез келген адамға оқтанған құруды оқ ауға тырсуы, зақымдауын соққы беру, жаралау, кесу, қастандық жасау, қандай да бір басқа ауыр дене жаракетін жасау, бұзу, мүгедек ету занды бұзған қатыпқысыз ретінде айыпталды. Харрис бір әйелдің мүддесінің үшін тікелей алып, жаракат жасады деп айыпталған болатын. Сот контекст ережесін қолданып, жоғарыдағы Зандымы

Қорытынды

- Бастылық құқықтық мәселелерді зиянды және не қарғыш болып табылған. Басуы де қатты қатал көпшілікте және отпайыра табылуы мүмкін. Қорылым құқықтық мәселелерінің зиян қызықсыздық, оқтануының, жұрмы қызықсыздық және зиян қызықсыздықтары немесе отпайыра деректердің қолметінін табуға болады.
- Жарымы зақымдауының зиян және қысық атауларды бір, қабалдайтын сөздер, ағылшын тарауылары, текті әсерлеулер, болымдер мен болымталар, тараулар, тармақтар және тармақшаларды қамтиды. Сот ісі болымдашыры және қызықсыздық *ratio decidendi* (негізгі табылуы себебі) мен *obiter dicta* (қайырымды айла сау) тұрғын. Зияндылық және зиян де құқықтық мәселелерді түсіндіретінде, сіз *obiter dicta*, *consequencia* және *ratio decidendi* тәсіл сияқты, бөлігі бір және тәсілдері, сондай-ақ, толық сұрақтар сияқты бірнеше тәсіл

Заң аясында

Барлық тарауларда кездесетін танымал мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, этика, саясат пен философияда заңды түсіндіру мен перспективалардың бірқатарын көрсетеді.

Негізгі терминдер

Бірінші рет аталғанда қара түспен жазылады және анықтама беріледі. Барлық негізгі терминдер мен анықтамалардың толық тізімі мен анықтамасын глоссарийден қараңыз.

Сот істері

Өзекті, қызықты және құқықтық мәселелер туралы қысқаша мәлімет береді.

Қорытынды

Тараудағы барлық негізгі құқықтық тұжырымдамалар мен принциптерге шолу жасайды.



Джонни мен Эш

Тараудың басында енгізілген сценарий резолюциясын қамтамасыз етеді.

Бақылау сұрақтары

Тараудың соңында дұрыс жауаптары берілетін әрбір тарауға 20 тандаулы сұрақтар ұсынады.

Жаттығулар

Сізге негізгі ұғымдарды білуге көмектеседі және әр түрлі тапсырмаларды орындауыңызды талап етеді.

Бақылау сұрақтары

1. Құқықтық мәртебе мәніне қатысты дұрыс жауапты таңдаңыз.

(a) мәртебе артық мәртебе (b) мәртебе мәртебе (c) мәртебе мәртебе (d) мәртебе мәртебе

Жаттығулар

2013 жылғы 1 қыркүйектегі *Джонни мен Эш* (Johnnie & Esch) жағдайында, Джонни мен Эш бірлесіп жұмыс істейтін бірлескен компания болды. Компанияның негізгі мақсаты – жергілікті өнімдерді өндіріп, оны нарыққа шығару және оны сату. Компанияның құрылымы Джонни мен Эштің бірлескен компаниясы болды. Компанияның негізгі мақсаты – жергілікті өнімдерді өндіріп, оны нарыққа шығару және оны сату.

2013 жылғы 1 қыркүйектегі *Джонни мен Эш* (Johnnie & Esch) жағдайында, Джонни мен Эш бірлесіп жұмыс істейтін бірлескен компания болды. Компанияның негізгі мақсаты – жергілікті өнімдерді өндіріп, оны нарыққа шығару және оны сату.

АЛҒЫС БІЛДІРЕМІН

Осы оқулықты әзірлеу барысында көптеген әріптестер құнды нұсқаулар және басылымға енгізулер жасады. Мен олардың әрқайсысының пікірін және идеяларын бағалаймын және Риита Верма және Кейт Кендалл (La Trobe университеті), Софи Райли және Джейсон Харрис (Технология университеті, Сидней), Фред Ролло (Сидней университеті), Кетура Уитфорд (Аустралия Ұлттық университеті), Майкл Списто және Дэвид Паркер (Виктория университеті) және Кристи Ричардсонға (Орталық Квинсленд университеті) алғысымды білдіремін. Мен зерттеулер мен қолдау материалдарын дайындауға көмектескен Роберт Купер, Алана Петерс Колин Фонг, Кейт Курноу, Суппия Муругасан және Лиан Гордонға ерекше алғысымды білдіремін.

Мен сонымен қатар оның жобасынсыз бос пайымдаудан әрі аспайтын нәрсе болып қалатын, осы үшінші басылымның аяқталуы мен жариялануын қолға алып, басқарған Даррен Тэйлорға, Уайлидегі Терри Беркитке (Баспа редакторы), Шукла Чакраборти (басқарушы редактор), Кэтрин Спеддинг (мазмұн редакторы), Тара Сиито (Баспа көмекшісі), Белинда Роуз (Авторлық құқық және бейнелеу зерттеушісі), Делиа Салаға (графикалық дизайнер), Джо Хоторнға (Сыртқы құрамын үйлестіруші) өздерінің баға жетпес қолдауы үшін, алғысымды білдіргім келеді.

Сөз соңында, төзімділігі мен қолдауы және шабыты үшін, менің денсаулығымға және осы еңбекті жазуыма жағдай жасаған әйелім Рошельге алғысымды білдіргім келеді. Рахмет, Эш!

Автор мен баспагер осы кітапта авторлық құқық материалдарын пайдалануға рұқсат бергені үшін авторлық құқық иелері, ұйымдар мен жеке тұлғаларға алғысын білдіреді.


Суретті дайындағандар:

Newspix: 7/Cameron Richardson; 19/Jo-Anna Robinson; 236/Ellen Smith. • Shutterstock: 11/© kanvag; 28/© Neale Cousland; 84/© Phillip Minnis; 119/© Andrew Taylor; 173/© David Kocherhans; 234/© file404; 293/© Paul Cowan; 350/© Goodluz; 364/© dotshock; 536/© joyfull; 567/© Sadequl Hussain; 573/© Photobac; 617/© Lichtmeister; 691/© ronfromyork. • iStockphoto: 63, 90/duncan1890; 202/fabphoto; 445/221A. • Alamy Limited: 87/Travelscape Images. • Getty Images: 209/Fredrik Skold; 421/Halfdark. • Australian Made: 387/© Australian Made Campaign Limited. • Domino's Pizza Enterprises Ltd: 540/© Domino's Pizza Enterprises Ltd.

Мәтіндердің дерек көздері:

Australian Government Solicitor: 55, 56/Excerpts from The Australian Constitution reproduced by permission, Commonwealth of Australia, April 2013. • Copyright Agency Limited: 74–5/From 'Queen takes on Bryce in right royal title fight' by Tom Dusevic, *The Australian*, 12/2/10 © News Limited; 102–3/From 'Judicial power requires some creativity', Justice Michael Kirby, *The Australian Financial Review*, 28/11/03 © News Limited; 195/'Classmate sues schoolgirl, 13, over tennis court mishap at private school' by Greg Stolz, *The Courier-Mail*, 23/4/12 © News Limited; 484–5/'Fingerprint scanners concern privacy watchdog' by Helen Davidson, 9/7/10, from www.news.com.au © News Limited; 542/'Australians "clueless about running a franchise"' by Mathew Benns, 8/12/10, from www.news.com.au © News Limited; 616/'Cocaine dealer director of Queensland property companies' by

Liam Walsh, *The Courier Mail*, 22/10/07 © News Limited; **648**/'It's okay to swear at the boss, says Fair Work Australia', *The Daily Telegraph*, 14/6/12 © News Limited; **665–6**/'Judge blasts "unjust" Bendigo Bank loan' by Richard Gluyas, *The Australian*, 13/3/13 © News Limited; **687–8**/'Unsecured creditors lucky with 10c' by Adele Ferguson, *The Australian*, 27/6/08 © News Limited. • Office of Parliamentary Counsel: **120**/Radio Licence Fees Amendment Act 2007 (No. 69, 2007). This legislative material is reproduced by permission, but is not the official or authorised version. It is subject to Commonwealth of Australia copyright; **586, 587**/from the *Insurance Contracts Act 1984*. This legislative material is reproduced by permission, but is not the official or authorised version. It is subject to Commonwealth of Australia copyright. • BAILII: **124–6**/Royal Courts of Justice transcript, England and Wales Court of Appeal (Civil Division), 5 February 1953. Crown Copyright ©. • Copyright Clearance Center: **135**/from 'Statutory Interpretation: An Australian Judicial Perspective' by Mr Justice Bryson, *Statute Law Review*, 1992, Vol. 13, No. 1, pp. 187–208, by permission of Oxford University Press. • Public Domain: **135**/From: *Dawson J Mills v Meeking* (1990) 169 CLR 214, 235; **375**/From: *Annand & Thompson Pty Ltd v TPC* (1979) 25 ALR 91; [1979] FCA 36. • The News Manual: **181–2**/From 'Chapter 70: Defamation — what you CAN do' of 'The News Manual' © David Ingram and the Peter Henshall Estate. Accessed via http://www.thenewsmanual.net/Manuals Volume 3/volume3_70.htm. • AAP — Text. AAP content is owned by or licensed to Australian Associated Press Pty Limited and is copyright protected. AAP content is published on an 'as is' basis for personal use only and must not be copied, republished, rewritten, resold or redistributed, whether by caching, framing or similar means, without AAP's prior written permission. AAP and its licensors are not liable for any loss, through negligence or otherwise, resulting from errors or omissions in or reliance on AAP content. The globe symbol and 'AAP' are registered trade marks.: **219**/© AAP 2009. From 'Fishing skipper wins \$750 000 damages', 25 August; **465–6**/© AAP 2008. From 'Cadbury To Continue Fight For Colour Purple' by K. Foulstone, 11 April; **547**/© AAP 2007. From 'Tina Arena wrests namesake site from cybersquatters' by Sam Holmes, 24 April; **575**/© AAP 2008. From 'Personal fraud costs \$1 billion per year — ABS' by S. Carwell, 27 June; **640–1**/© AAP 2012. 'Coles fined \$170k over worker's fall', 27 December; **690**/© AAP 2012. 'Buy more rocky road: Darrell Lea Workers', 8 December. • The Treasury: **369–88**/Extracts from *The Australian Consumer Law*, January 2011 © Australian Government, The Treasury. • ACCC: **372**/from Media Release 'Comparative advertising causes headaches', ACCC (Australian Competition and Consumer Commission), 2/10/01; **379–80**/from 'Dealing fairly with disadvantaged or vulnerable consumers', © ACCC. Sourced from <http://www.accc.gov.au/content/index.phtml/itemId/705064>; **409–10**/'How to get out of a cartel', © ACCC, sourced from <http://www.accc.gov.au/content/index.phtml/itemId/1010906>; **413**/Media Release 'Court upholds predatory pricing appeal against Boral Besser Masonry Ltd — Important case about misuse of market power', ACCC, 28/2/01; **418–19**/Media Release 'Warning to travel industry on advertising, third line forcing', ACCC, 14/11/96. • CCH Australia Publishing: **405**/'Re QCMA and Defiance Holdings (1976) ATPR 40–012' as reproduced in CCH's 'Australian Trade Practices Reports' © 1978 CCH Australia Limited, p. 17,246; **544**/'NSW Government withdraws bill amending retail trading on public holidays'. © CCH Australia Limited, reproduced with permission. • Reed Business Information Aust: **486–7**/'Google unpunished for privacy breaches' by Leanne Mezrani, 18/6/12 © *Lawyers Weekly*. • Australian Bureau of Statistic: **575**/Australian Bureau of Statistics, Media Release, dated 19/4/12. • Department of the Prime Minister: **626–7**/Licensed from the Commonwealth of Australia under Creative Commons Attribution 3.0 Australia Licence. Material obtained



from the Commonwealth of Australia website is attributed to the Commonwealth of Australia
© Commonwealth of Australia 2013.

Every effort has been made to trace the ownership of copyright material. Information that will enable the publisher to rectify any error or omission in subsequent editions will be welcome. In such cases, please contact the Permissions Section of John Wiley & Sons Australia, Ltd.

ҚЫСҚАРТУЛАР

Сот шешімдерінің қысқартулары

Сот шешімдерінің мынадай тізбелеріне осы оқулықтағы іс дәйексөзіне сілтеме жасайтын ғана сериялары кіреді. Бұл тізімге енгізілмеген басқа да көптеген құқық баяндамалардың сериясы бар.

Қысқарту	Серия атауы	Юрисдикция	Сипаттамасы
AC	Сот шешімдері: апелляциялық істер	Ұлыбритания	1891 жылғы Лордтар палатасының шешімдері
ACTSC	Аустралияның астаналық территориясының Жоғарғы Соты	ААТ	Онлайнда жарияланған ААТ Жоғарғы Сотының шешімдері
ACTLR	Аустралия астаналық территориясы	Аустралия астаналық территориясы	ААТ Апелляциялық сот мен Жоғарғы Сотының 2008 жылғы таңдаулы шешімдері бар
ААТБ	Аустралияның астаналық территориясының баяндамалары	Аустралия астаналық территориясы	1973 жылғы ААТ Жоғарғы Сотының таңдаулы шешімдері
AIPC	Аустралияның өнеркәсіп пен зияткерлік меншік істері	Аустралия	1983 жылғы Аустралиялық зияткерлік меншік соттарының таңдаулы шешімдері
ALJR	Аустралия құқық журналының мақалалары	Аустралия	1973 жылғы Аустралия Жоғарғы Сотының таңдаулы шешімдері
All ER	Бүкіл Англияның Сот шешімдері	Ұлыбритания	1558 жылғы Ұлыбритания Лордтар палатасының, Апелляциялық соттың, Жоғарғы Соттың таңдаулы шешімдері
ALR	Аустралия сот шешімдері	Аустралия	1973 жылғы Жоғарғы Соттың, Аустралия Федералдық Сотының, штат және аймақтық Жоғарғы соттарының таңдаулы шешімдері
АЖЗ сақтандыру істері	Аустралия мен Жаңа Зеландияның сақтандыру жөніндегі істері	Аустралия мен Жаңа Зеландия	1979 жылғы Аустралия және Жаңа Зеландия соттарының таңдаулы сақтандыру істерінің шешімдері
App Cas	Сот шешімдері: апелляциялық істер	Ұлыбритания	1875–1890 жылдардағы Лордтар палатасының шешімдері
ASAL	Аустралия сауда және әділ сауда құқығы	Аустралия	1998 жылғы Аустралияның сағу және әділ сауда істерінің таңдаулы шешімдері
ASC	Аустралия тұтынушыларының сауда мен кредит құқығы туралы істер	Аустралия	1978 жылғы Аустралияның тұтынушылар Сағуы және кредит туралы Аустралия соттарының таңдаулы шешімдері

Қысқарту	Серия атауы	Юрисдикция	Сипаттамасы
ATC	Аустралия салық істері	Аустралия	Аустралия соттары мен әкімшілік апелляциялық трибуналдардың салық ісі туралы таңдаулы шешімдері
ATPR	Аустралия сауда практикасы сот шешімдері	Аустралия	1974 жылғы Жоғарғы Соттың, Аустралия Федералдық Сотының, мемлекет және аймақтық Жоғарғы соттарының таңдаулы шешімдері
Aust Torts Reports	Аустралия деликтік сот шешімдері	Аустралия	1984 жылғы Аустралия соттарының таңдаулы деликтік іс шешімдері-бар
BPR	Butterworths меншік туралы сот шешімдері	Аустралия	1950 жылғы Аустралияның меншік туралы таңдаулы шешімдері
Ch	Сот шешімдері: Кеңсе бөлімі	Ұлыбритания	1891 жылғы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері
Ch D	Сот шешімдері: Кеңсе бөлімі	Ұлыбритания	1875–1890 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері – Кеңсе бөлімі
CLR	Дастастықтың сот шешімдері	Аустралия	1903 жылғы Аустралия Жоғары Соты шешімдерінің уәкілетті баяндамалары-бар
CPR (2d)	Канадалық патент туралы сот шешімдері — екінші сериясы	Канада	1971-1984 жылдар арасындағы канадалық соттардың патенттік іс таңдаулы шешімдері
E&V	Эллис пен Блэкберннің Патшайым стэндтік сот шешімдері	Ұлыбритания	1852–1858 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері — Патшайымның стэндтік бөлімі
EGLR	Estates газетінің сот шешімдері	Ұлыбритания	1985 жылғы ағылшын және валлий соттарының меншік құқығы туралы таңдаулы шешімдері-бар
EngR	Онлайн ағылшын сот шешімдері	Ұлыбритания	Онлайнға жарияланған ағылшын соттарының таңдаулы шешімдері
EOC	Тең мүмкіндік істері	Аустралия	1984 жылғы Аустралия сотының тең мүмкіндік туралы істің таңдаулы шешімдері-бар
ER	Ағылшын сот шешімдері	Ұлыбритания	1220–1867 жылдар арасындағы ағылшын соттарының таңдаулы шешімдері
EWCA	Англия мен Уэльстің апелляциялық соты	Ұлыбритания	Онлайнға жарияланған Апелляциялық Ұлыбритания сотының шешімдері

Қысқарту	Серия атауы	Юрисдикция	Сипаттамасы
EWHC	Англия мен Уэльстің Жоғары Соты	Ұлыбритания	Онлайнға жарияланған Апелляциялық Ұлыбритания сотының шешімдері
FCA	Аустралия Федералдық Соты	Аустралия	Аустралия Федералдық Сотының шешімдері
FCAFC	Аустралия Федералдық Сотының толық соттары	Аустралия	Аустралияның Федералдық Соты толық соттарының шешімдері
FCR	Федералдық сот шешімдері	Аустралия	Аустралияның Федералдық соттарының шешімдері бар
FLR	Федералдық сот шешімдері	Аустралия	1956 жылғы Федералдық Соттан басқа Жоғары Соттарының шешімдері-бар
HCA	Аустралия Жоғары Соты	Аустралия	Онлайнға жарияланған Аустралия Жоғары Соттарының шешімдері
IPR	Зияткерлік меншік сот шешімдері	Аустралия	1982 жылғы Аустралия Соттарының Зияткерлік меншік туралы таңдаулы шешімдері-бар
IR	Ирландық сот шешімдері	Ұлыбритания	1878 жылғы Ирландия жоғары соттарының шешімдері
KB	Сот шешімдері: Монарх стенді	Ұлыбритания	1901-1952 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері – Патшаның стендік бөлімі
LGERA	Аустралияның жергілікті үкіметі мен қоршаған ортаны қорғау сот шешімдері	Аустралия	1988 жылғы Аустралия Жоғары соттарының жергілікті үкімет пен қоршаған ортаны қорғау туралы таңдаулы шешімдері бар
LJ Ex	Заң журналындағы сот шешімдері: Қазына	Ұлыбритания	1832-1846 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары сотының шешімі – Қазына бөлімі
LR CP	Сот шешімдері: жалпы азаматтық құқық туралы	Ұлыбритания	1865-1875 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері – жалпы азаматтық бөлімі
LR Ex	Сот шешімдері: Қазына	Ұлыбритания	1865-1875 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері – Қазына бөлімі
LR (NSW)	Жаңа Оңтүстік Уэльс сот шешімдері	Жаңа Оңтүстік Уэльс	1880-1900 жылдар арасындағы Жаңа Оңтүстік Уэльс Жоғарғы Сотының шешімі
LT	Times сот шешімдері	Ұлыбритания	1859-1947 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары Сотының таңдаулы шешімдері

Қысқарту	Серия атауы	Юрисдикция	Сипаттамасы
NSWADT	Жаңа Оңтүстік Уэльс әкімшілік трибунал шешімдері	ЖОУ	Онлайнға жарияланған Жаңа Оңтүстік Уэльс әкімшілік трибунал шешімдері
NSWCA	ЖОУ Апелляциялық соты	Жаңа Оңтүстік Уэльс	Онлайнға жарияланған ЖОУ Апелляциялық сотының шешімдері
NSW Conv R	Оңтүстік Уэльс сотының мүлік беру ісі	Жаңа Оңтүстік Уэльс	1980 жылғы Жаңа Оңтүстік Уэльс сотының мүлік беру ісі туралы таңдаулы шешімдері – қазіргі
NSWLR	Жаңа Оңтүстік Уэльс сот шешімдері	Жаңа Оңтүстік Уэльс	1971 жылғы ЖОУ сотының шешімдері
NSWR	Жаңа Оңтүстік Уэльс сот шешімдері	Жаңа Оңтүстік Уэльс	1960–1970 жылдар арасындағы Жаңа Оңтүстік Уэльстің Жоғарғы сотының шешімдері
NSWSC	Жаңа Оңтүстік Уэльс Жоғарғы соты	Жаңа Оңтүстік Уэльс	Онлайнға жарияланған Жаңа Оңтүстік Уэльс Жоғарғы сотының шешімдері
NZLR	Жаңа Зеландия сот шешімдері	Жаңа Зеландия	1883 жылғы Жаңа Зеландияның апелляциялық Жоғарғы Сотының шешімдері
QB	Сот шешімдері: Патшайым стенді	Ұлыбритания	1891 жылғы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері – Патшайым стенді бөлімі-бар
QBD	Сот шешімдері, Патшайымның стенд бөлімі	Ұлыбритания	1875–1890 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері – Патшайым стенді бөлімі
QCA	Квинсленд Апелляциялық соты	Квинсленд	Онлайнға жарияланған Квинсленд Жоғары Сотының шешімдері
Qd R	Квинсленд сот шешімдері	Квинсленд	1992 жылғы Квинсленд Жоғары Сотының шешімдері бар
QSC	Квинсленд Жоғары Соты	Клд	Онлайнға жарияланған Квинсленд Жоғары Сотының шешімдері
RPC	Патент, Дизайн, сауда маркасы сот шешімдері	Ұлыбритания	1884 жылғы Ұлыбритания Жоғары Сотының шешімдері
SASC	Оңтүстік Аустралия Жоғарғы Соты	Оңтүстік Аустралия	Онлайнға жарияланған Оңтүстік Аустралия Жоғарғы Сотының шешімдері
SASR	Оңтүстік Аустралия Мемлекеттік сот шешімдері	ОА	1921 жылғы Оңтүстік Аустралия Жоғарғы Сотының шешімдері

Қысқарту	Серия атауы	Юрисдикция	Сипаттамасы
SR (NSW)	Жаңа Оңтүстік Уэльстің мемлекеттік баяндамалары	Жаңа Оңтүстік Уэльс	1901–1970 жылдар арасындағы Жаңа Оңтүстік Уэльс Жоғарғы Сотының шешімдері
TasLR	Тасмания сот шешімдері	Тасмания	Тасмания Жоғарғы Сотының шешімдері
TASSC	Тасмания Жоғарғы Соты	Тасмания	Онлайнға жарияланған Тасмания Жоғарғы Сотының шешімдері
TLR	Times сот шешімдері	Ұлыбритания	1884–1952 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғары Сотының таңдаулы шешімдері
UKHL	Лордтар палатасы	Ұлыбритания	Онлайнға жарияланған лордтар палатасының шешімдері
UKPC	Жасырын кеңес	Ұлыбритания	Онлайнға жарияланған жасырын кеңестің шешімдері
VCAT	Виктория азаматтық және әкімшілік трибуналы	Виктория	1998 жылғы Виктория азаматтық және әкімшілік трибуналының шешімдері бар
VLR	Виктория құқықтық сот шешімдері	Виктория	1956 жылдардан бұрынғы Виктория Жоғары Сотының шешімдері
VLR[E]	Виктория сот шешімдері (меншікті капитал)	Виктория	1875–1884 жылдар арасындағы Виктория Жоғары Соты үлестік бөлімінің шешімдері
VR	Виктория сот шешімдері	Виктория	1957 жылғы Виктория Жоғары Сотының шешімдері
VSCA	Викторияның апелляциялық Жоғары Соты	Виктория	Онлайнға жарияланған Виктория Жоғары Сотының апелляциялық іс шешімдері
WAR	Батыс Аустралия Виктория сот шешімдері	Батыс Аустралия	1960 жылғы Батыс Аустралия Жоғарғы Сотының шешімдері
WASC	Батыс Аустралия Жоғарғы Соты	Батыс Аустралия	Онлайнға жарияланған Батыс Аустралия Жоғарғы Сотының шешімдері
WLR	Апталық сот шешімдері	Ұлыбритания	1953 жылғы Ұлыбритания Жоғарғы Сотының шешімдері
WN	Апталық ескертулер	Ұлыбритания	1900–1952 жылдар арасындағы Ұлыбритания Жоғарғы Сотының шешімдері

Басқа қысқартулар

AAT Әкімшілік Апелляциялық трибунал
 ABS Аустралия статистика бюросы

ACCC	Аустралияның Бәсекелестік пен тұтынушыларды қорғау комиссиясы
ACL	Аустралия тұтынушылар заңы
AGIS	Бас прокурор ақпараттық қызметі
AIRC	Аустралия өндірістік қатынастар комиссиясы
AMCOS	Аустралия Механикалық Авторлық құқық қоғамы
APRA	Аустралия орындаушылық құқықтары қауымдастығы
APRA	Аустралия пруденциалдық реттеу органы
ASIC	Аустралияның Бағалы қағаздар және инвестиция комиссиясы
ASX	Аустралияның бағалы қағаздарды алмастыру комиссиясы
auDA	Аустралия домен атауы әкімшісі
AUSTRAC	Аустралияның мәміле мен талдау орталығы
BCA	Аустралияның іскерлік кеңесі
CAL	Авторлық құқық агенттігі ЖШС
CCA	Бәсекелестік пен тұтынушыларды қорғау заң актісі
EOWA	Жұмыс орнында әйелдер үшін тең мүмкіндік жасау агенттігі
ITSA	Аустралияның дәрменсіздік және қамқорлық жасау қызметі
PPCA	Аустралия фонограмма өнімі компаниясы
TPA	Сауда практикасы заң актісі
TPC	Сауда практикасы комиссиясы (қазір ACCC)
WIPO	Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы

COT ICTEPI

- A & M Records Inc v Napster Inc* 239 F 3d 1004 (9th Cir, 2001) p. 439
- ACCC v Alice Car and Truck Rentals Pty Ltd* (1997) ATPR 41–582 p. 410
- ACCC v Cadbury Schweppes Pty Ltd* (2004) ATPR 42–001 p. 386
- ACCC v Chaste Corp Pty Ltd (in liq)*[2005] FCA 1212 p. 414
- ACCC v Dermalogica Pty Ltd* (2005) 215 ALR 482 p. 414
- ACCC v Jetplace Pty Ltd* [2010] FCA 759 p. 399
- ACCC v Powerballwin.com.au Pty Ltd* [2010] FCA 378 p. 375
- ACCC v Telstra Corporation Limited* (2010) 188 FCR 238 p. 424
- ACCC v Visy Industries Holdings Pty Limited (No 3)* (2007) 244 ALR 673 p. 408
- Adams v Lindsell* (1818) 1 B & Ald 681; 106 ER 250 p. 239
- Adler v George* [1964] 2 QB 7 p. 131
- Agar v Hyde* (2000) 201 CLR 552 p. 201
- Alexander Stenhouse Ltd v Austcan Investments Pty Ltd* (1993) 112 ALR 353 p. 587
- Allcard v Skinner* (1887) 36 Ch D 145 p. 262
- Anderson Ltd v Daniel* [1924] 1 KB 138 p. 271
- Ansett Transport Industries (Operations) Pty Ltd v Wardley* (1984) EOC 92–003 p. 643
- ASIC v Adler* (2002) 168 FLR 253 p. 622
- Associated Newspapers Ltd v Bancks* (1951) 83 CLR 322 p. 314
- Australian Associated Motor Insurers Ltd v Ellis & Ellis* (1990) 54 SASR 61 p. 586
- ACCC v Telstra Corporation Limited* (2007) 244 ALR 470 p. 371
- Australian Provincial Assurance Co Ltd v Coroneo* (1938) 30 SR (NSW) 700 p. 526
- Australian Safeway Stores Pty Ltd v Zaluzna* (1987) 162 CLR 479 p. 204
- Australian Telecommunications Commission v Hart* (1982) 65 FLR 41 p. 634
- Automatic Self-Cleansing Filter Syndicate Co Ltd v Cuninghame* [1906] 2 Ch 34 p. 612
- Balfour v Balfour* [1919] 2 KB 571 p. 242
- Balmain New Ferry Co Ltd v Robertson* (1906) 4 CLR 379 p. 290
- Barton v Armstrong* [1973] 2 NSWLR 598 p. 260
- Battye v Shammall* (2005) 91 SASR 315 p. 606
- Beecham Group plc v Colgate-Palmolive Co* (2001) 58 IPR 161 p. 457
- Bettini v Gye* [1876] 1 QBD 183 p. 314
- Bevan v Webb* [1901] 2 Ch 59 p. 609
- Birtchnell v Equity Trustees, Executors and Agency Co Ltd* (1929) 42 CLR 384 p. 607
- Bisset v Wilkinson* [1927] AC 177 p. 210
- Bjelke-Peterson v Warburton* [1987] 2 Qd R 465 p. 179
- Blomley v Ryan* (1956) 99 CLR 362 p. 263
- Bojczuk v Gregorowicz* [1961] SASR 128 p. 267
- Bolton Partners v Lambert* (1889) 41 Ch D 295 p. 343
- Bolton v Stone* [1951] AC 850 p. 191
- Bourhill v Young* [1943] AC 92 p. 186
- BP plc v Woolworths Ltd* (2004) 212 ALR 79 p. 456
- Brace v Calder* [1895] 2 QB 253 p. 319
- Bree v Lupevo Pty Ltd* [2003] EOC 93–267 p. 634
- Bridgewater v Leahy* (1998) 194 CLR 457 p. 265
- Buckenara v Hawthorn Football Club Ltd* [1988] VR 39 p. 320
- Burger King Corporation v Hungry Jack's Pty Ltd* (2001) 69 NSWLR 558 p. 291
- Canny Gabriel Castle Jackson Advertising Pty Ltd v Volume Sales (Finance) Pty Ltd* (1974) 131 CLR 321 p. 510
- Carlill v Carbolic Smoke Ball Co* [1893] 1 QB 256 pp. 234, 238, 245, 246
- Causar v Browne* [1952] VLR 1 p. 287
- Cehave NV v Bremer Handelsgesellschaft mbH; The Hansa Nord* [1976] QB 44 p. 315
- Central London Property Trust Ltd v High Trees House Ltd* [1947] 1 KB 130 p. 253
- Century Insurance Co Ltd v Northern Ireland Road Transport Board* [1942] AC 509 pp. 167, 353
- Chan v Zacharia* (1984) 154 CLR 178 p. 606
- Chapman v Hearse* (1961) 106 CLR 112 p. 187
- Chaudhry v Prabhakar* [1989] 1 WLR 29 p. 347

- Clarendon Homes (Aust) Pty Ltd v Henley Arch Pty Ltd* (1999) 46 IPR 309 p. 439
- Coca-Cola Co v All-Fect Distributors Ltd* (1999) 96 FCR 107 p. 456
- Codelfa Construction Pty Ltd v State Rail Authority of (NSW)* (1982) 149 CLR 337 pp. 289, 324
- Commercial Bank of Australia v Amadio* (1983) 151 CLR 447 p. 264
- Commonwealth v Tasmania* (1983) 158 CLR 1 p. 57
- Concrete Constructions (NSW) Pty Ltd v Nelson* (1990) 169 CLR 594 p. 373
- Construction Engineering (Aust) Pty Ltd v Hexyl Pty Ltd* (1985) 155 CLR 541 p. 602
- Cook v ACT Racing Club Incorporated and the Australian Jockey Club* [2001] ACTSC 106 p. 198
- Cook v Cook* (1986) 162 CLR 376 p. 194
- Corpe v Overton* (1833) 10 Bing 252; 131 ER 901 p. 268
- Cowan v Scargill* [1984] 2 All ER 750 p. 627
- Cox v Coulson* [1916] 2 KB 177 p. 509
- Cuckmere Brick Co Ltd v Mutual Finance Ltd* [1971] Ch 949 p. 561
- Cuisenaire v Reed* [1963] VR 719 p. 440
- Cundy & Lindsay* (1877–78) LR 3 App Cas 459 p. 258
- Curtis v Chemical Cleaning and Dyeing Co* [1951] 1 KB 805 p. 309
- Cutter v Powell* (1795) 6 Term R 320; 101 ER 573 p. 316
- David Jones Ltd v Willis* (1934) 52 CLR 110 p. 295
- Davis Contractors Ltd v Fareham Urban District Council* [1956] AC 696 p. 324
- Dawson v World Travel Headquarters Pty Ltd* (1981) 53 FLR 455 p. 388
- De Lasalle v Guildford* [1901] 2 KB 215 p. 303
- Deatons Pty Ltd v Flew* (1949) 79 CLR 370 pp. 167, 353
- Degiorgio v Dunn* [2004] NSWSC 767 p. 508
- Derry v Peek* (1889) 14 App Cas 337 p. 304
- Desktop Marketing Systems Pty Ltd v Telstra Corporation Ltd* (2002) 119 FCR 491 p. 441
- Director of Consumer Affairs Victoria v AAPT Limited* [2006] VCAT 1493 pp. 382, 383
- Director of Consumer Affairs Victoria v Trainstation Health Clubs Pty Ltd* [2008] VCAT 2092 p. 382
- Doherty v Traveland Pty Ltd* (1982) 4 ATPR 40–323 p. 384
- Donoghue v Allied Newspapers* [1938] Ch 106 p. 442
- Donoghue v Stevenson* (1932) AC 562 p. 186
- Dougan v Ley* (1946) 71 CLR 142 p. 320
- Dow Jones & Company Inc v Gutnick* (2002) 210 CLR 575 p. 18
- Durant v Greiner* (1990) 21 NSWLR 199 p. 374
- Eastman Photographic Materials Co Ltd v John Griffiths Cycle Corp Ltd* (1898) 15 RPC 105 p. 463
- Ermogenous v Greek Orthodox Community of SA Inc* (2002) 209 CLR 95 p. 244
- Esanda Finance Corporation Ltd v Peat Marwick Hungerfords* (1997) 188 CLR 24 p. 217
- Essington Investments Pty Ltd v Regency Property Pty Ltd* [2004] NSWCA 375 p. 341
- Evans v Federal Commissioner of Taxation* (1989) 89 ATC 4540 p. 507
- Fairfax Media Publications Pty Ltd v Reed International Books Australia Pty Ltd* (2010) 189 FCR 109 p. 438
- Fisher v Bell* [1961] 1 QB 394 p. 130
- Fitzgerald v FJ Leonhardt Pty Ltd* (1997) 189 CLR 215 p. 271
- FNH Investments Pty Ltd v Sullivan* [2003] 59 IPR 121 p. 452
- Foakes v Beer* (1884) 9 App Cas 605 p. 250
- Forster & Sons Ltd v Suggett* (1918) 35 TLR 87 p. 311
- Fraser v Thames Television Ltd* [1984] QB 44 p. 478
- Freeman & Lockyer v Buckhurst Park Properties (Mangal) Ltd* [1964] 2 QB 480 p. 618
- G Scammell & Nephew Ltd v HC & JG Ouston* [1941] AC 251 p. 289
- Gillette Australia Pty Ltd v Energizer Australia Pty Ltd* [2002] 193 ALR 629 p. 371
- Giumelli v Giumelli* (1999) 196 CLR 101 p. 254
- Given v Pryor* (1980) 30 ALR 189 p. 376
- Gold Coast Oil Co Pty Ltd v Lee Properties Pty Ltd* [1985] 1 Qd R 416 p. 313
- Goldberg v Jenkins & Law* (1889) 15 VLR 36 p. 603

- Goldsborough Mort & Co Ltd v Quinn* (1910) 10 CLR 674 p. 233
- Grant v Australian Knitting Mills Ltd* [1936] AC 85 p. 296
- Grant v Commissioner of Patents* (2006) 154 FCR 62 p. 468
- Great Northern Railway Co v Swaffield* (1873–74) LR 9 Exch 132 p. 343
- Hackshaw v Shaw* (1984) 155 CLR 614 p. 205
- Hadley v Baxendale* (1854) 9 Ex 341; 156 ER 145 p. 318
- Hamilton v Lethbridge* (1912) 14 CLR 236 p. 268
- Handbury v Nolan* (1977) 13 ALR 339 p. 302
- Hardoon v Belilos* [1901] AC 118 p. 628
- Hart v O'Connor* [1985] AC 1000 p. 269
- Hartley v Ponsonby* (1857) 7 El & Bl 872; 119 ER 1471 p. 250
- Hartnell v Sharp Corporation of Australia Pty Ltd* (1975) 5 ALR 493 p. 385
- Harvey v Harvey* (1970) 120 CLR 529 p. 611
- Hawke & Sons (London) Ltd v Paramount Film Service Ltd* [1934] Ch 593 p. 448
- Hawker Pacific Pty Ltd v Helicopter Charter Pty Ltd* (1991) 22 NSWLR 298 p. 261
- Hedley Byrne & Co Ltd v Heller & Partners Ltd* [1964] AC 465 pp. 123, 215
- Henderson v Pioneer Homes Pty Ltd (No 2)* (1980) 29 ALR 597 p. 375
- Henjo Investments Pty Ltd v Collins Marrickville Pty Ltd (No 2)* (1989) 40 FCR 76 p. 373
- Hewson v Sydney Stock Exchange Ltd* [1968] 2 NSWLR 224 p. 348
- Hill v Water Resources Commission* (1985) EOC 92–127 p. 644
- Hollis v Vabu Pty Ltd* (2001) 207 CLR 21 pp. 353, 633
- Imbree v McNeilly* (2008) 236 CLR 510 p. 194
- Ingram v Britten* [1994] Aust Torts Reports 81–291 p. 201
- Ipex Software Services Pty Ltd v Hosking* [2000] VSCA 239 p. 249
- John D Wood & Co (Residential & Agricultural) Ltd v Knatchbull* [2002] EWHC 2822 (QB) p. 346
- John Fairfax and Sons Pty Ltd v Australian Consolidated Press Ltd* [1960] SR (NSW) 413 p. 441
- John McCann & Co v Pow* [1974] 1 WLR 1643 p. 346
- Johnson v Buttress* (1936) 56 CLR 113 p. 263
- Joyce v Morrissey* [1998] TLR 707 p. 608
- JT International SA v Commonwealth* [2012] HCA 43 p. 462
- Junior Books Ltd v Veitchi Co Ltd* [1983] 1 AC 520 p. 214
- Kelly v Tucker* (1907) 5 CLR 1 p. 608
- Kelsen v Imperial Tobacco Co* [1957] 2 QB 334 p. 172
- Kendall v Hamilton* (1879) 4 App Cas 504 p. 605
- King v AG Australia Holdings Ltd* [2003] FCA 1420 p. 44
- Kondis v State Transport Authority* (1984) 154 CLR 672 p. 196
- Koompahtoo Local Aboriginal Council v Sampire Pty Ltd* (2007) 233 CLR 115 p. 315
- Koowarta v Bjelke-Petersen* (1982) 153 CLR 168 p. 57
- Koufos v C Czarnikow Ltd; The Heron II* [1969] 1 AC 530 p. 318
- Krell v Henry* [1903] 2 KB 740 p. 323
- L Shaddock & Associates Pty Ltd v Parramatta City Council (No 1)* (1981) 150 CLR 225 p. 216
- L'Estrange v F Graucob Ltd* [1934] 2 KB 394 p. 284
- Latimer v AEC Ltd* [1953] AC 643 p. 193
- Law v Law* [1905] 1 Ch 140 p. 607
- Le Mans Grand Prix Circuits Pty Ltd v Iliadis* [1998] 4 VR 661 p. 286
- Leaf v International Galleries* [1950] 2 KB 86 p. 259
- Lee v Knapp* [1967] 2 QB 442 p. 131
- Lee v Lee's Air Farming Ltd* [1961] AC 12 p. 515
- Lord Bernstein v Skyviews & General Ltd* [1978] 1 QB 479 p. 525
- Louth v Diprose* (1992) 175 CLR 621 p. 265
- Lumley General Insurance Ltd v Delphin* (1990) 6 ANZ Insurance Cas 60–986 p. 587
- Lumley v Wagner* (1852) 1 De G M & G 604; 42 ER 687 p. 212
- Lynch v Stiff* (1943) 68 CLR 428 p. 604
- Mabo v Queensland (No 2)* (1992) CLR 1 p. 38
- Manley v Alexander* (2005) 223 ALR 228 p.

- Masters v Cameron* (1954) 91 CLR 353 p. 245
McHale v Watson (1966) 115 CLR 199 p. 193
McWilliams Wines Pty Ltd v McDonald's System of Australia Pty Ltd (1980) 49 FLR 455 p. 376
Mercantile Credit Co Ltd v Garrod [1962] 3 All ER 1103 p. 603
Mercer v Commissioner for Road Transport and Tramways (NSW) (1936) 56 CLR 580 p. 203
Milpururru v Indofurn Pty Ltd (1994) 54 FCR 240 p. 451
Mirror Newspapers Ltd v Queensland Newspapers Pty Ltd [1982] Qd R 305 p. 438
Modbury Triangle Shopping Centre Pty Ltd v Anzil (2000) 205 CLR 254 p. 204
Moneywood Pty Ltd v Salamon Nominees Pty Ltd (2001) 202 CLR 351 p. 350
Musumeci v Winadell Pty Ltd (1994) 34 NSWLR 723 p. 252
Nagle v Rottnest Island Authority (1993) 177 CLR 423 p. 205
Narich Pty Ltd v Commissioner for Pay-roll Tax (NSW) [1983] 2 NSWLR 597 p. 632
National Commercial Banking Corp of Australia Ltd v Batty (1986) 160 CLR 251 p. 606
Nelson v Nelson (1995) 184 CLR 538 p. 521
Network Ten Pty Ltd v TCN Channel Nine Pty Ltd (2004) 218 CLR 273 p. 440
New South Wales v Commonwealth (1990) 169 CLR 482 p. 58
Newton-John v Scholl-Plough Australia Ltd (1986) 11 FCR 233 p. 211
Nordenfelt v Maxim Nordenfelt Guns and Ammunition Co Ltd [1894] AC 535 p. 312
North Ocean Shipping Co Ltd v Hyundai Construction Co Ltd [1979] QB 705 p. 261
NP Generations Pty Ltd v Feneley (2001) 80 SASR 151 p. 478
NV Philips Gloeilampenfabrieken v Mirabella International Pty Ltd (1995) 183 CLR 655 p. 468
O' Toole v Charles David (1991) 171 CLR 232 p. 102
Orb Holdings Pty Ltd v Lombard General Insurance Co Australian Ltd [1995] 2 Qd R 51 p. 588
Oscar Chess Ltd v Williams [1957] 1 WLR 370 p. 301
Overseas Tankship (UK) Ltd v Morts Dock & Engineering Co Ltd (The Wagon Mound No. 1) [1961] AC 388 p. 199
Pacific Dunlop Ltd v Hogan (1989) 23 FCR 553 p. 211
Panorama Developments (Guildford) Ltd v Fidelis Furnishing Fabrics Ltd [1971] 2 QB 711 p. 340
Papas v Bianca Investments Pty Ltd (2002) 82 SASR 581 p. 258
Paris v Stepney Borough Council [1951] AC 367 p. 192
Perre v Apand Pty Ltd (1999) 198 CLR 180 p. 214
Perri v Coolangatta Investments Pty Ltd (1982) 149 CLR 537 p. 290
Petelin v Cullen (1975) 132 CLR 355 p. 285
Pfizer Overseas Pharmaceuticals v Eli Lilly & Co (2005) 225 ALR 416 p. 471
Phillips v Daly (1988) 15 NSWLR 65 p. 204
Placer Development Ltd v The Commonwealth (1969) 121 CLR 353 p. 248
Plimer v Roberts (1997) 80 FCR 303 p. 374
Powell v Lee (1908) 24 TLR 606 p. 237
Provincial Insurance Australia Pty Ltd v Consolidated Wood Products Pty Ltd (1991) 25 NSWLR 541 p. 346
Public Service Employees Credit Union Co-operative Ltd v Champion (1984) 56 ACTR 39 p. 270
R v Clarke (1927) 40 CLR 227 p. 238
R v Harris (1836) 7 Car & P 446; 173 ER 198 p. 132
R v Wakim; Ex parte McNally (1999) 198 CLR 511 p. 68
Ramsgate Victoria Hotel Co Ltd v Montefiore [1866] LR 1 Ex 109 p. 233
Rank Film Production Ltd v Dodds [1983] 2 NSWLR 553 p. 444
Re HIH Insurance Ltd and HIH Casualty and General Insurance Ltd; ASIC v Adler (2002) 168 FLR 253 p. 622
Re Garwood's Trusts; Garwood v Paynter [1903] 1 Ch 236 p. 610
Re Mineworkers Pension Scheme Trusts; Cowan v Scargill [1985] Ch 270 p. 627
Re Warumungu Land Claim; Ex parte Attorney-General (NT) (1988) 77 ALR 27 p. 138
Rentokil Pty Ltd v Channon (1990) 19

NSWLR 417 p. 215
Reynolds v Turner (1989) ASC 55–922 p. 294
Rixon v Star City Pty Ltd [2001] 53 NSWLR 98 p. 174
Roadshow Films Pty Ltd v iiNet Ltd (No 3) (2010) 263 ALR 215 p. 450
Robinson v Ashton (1875) LR 20 Eq 25 p. 611
Robinson v Graves [1935] 1 KB 579 p. 292
Romeo v Conservation Commission of Northern Territory (1998) 192 CLR 431 p. 206
Rookes v Barnard [No 1] [1964] AC 1129 p. 211
Rootes v Shelton (1967) 116 CLR 383 p. 200
Roscorla v Thomas [1842] 3 QB 234; 114 ER 496 p. 248
Rose and Frank Co v JR Crompton & Bros Ltd [1925] AC 445 p. 445
Rowe v McCartney [1976] 2 NSWLR 72 p. 199
Said v Butt [1920] 3 KB 497 p. 352
Salomon v Salomon & Co Ltd [1897] AC 22 p. 514
Samuel Taylor Pty Ltd v Registrar of Trade Marks (1959) 102 CLR 650 p. 458
Seear v Cohen (1881) 45 LT 589 p. 261
Silservice v Supreme Bread Pty Ltd (1949) 50 SR (NSW) 207 p. 178
Smith v Anderson (1880) 15 Ch D 247 p. 507
Smith v Hughes [1960] 2 All ER 859 p. 133
Smythe v Thomas [2007] 71 NSWLR 537 p. 236
Snow v Eaton Shopping Centre Ltd (1982) 70 CPR (2d) 105 p. 444
Southwark LBC v Williams [1971] Ch 734 p. 176
Springer v Great Western Railway Company [1921] 1 KB 257 p. 343
Spyer v Phillipson [1931] 2 Ch 183 p. 526
Stanley v Powell [1891] 1 QB 86 p. 172
Steele v Tardiani (1946) 72 CLR 386 p. 316
Stilk v Myrick (1809) 2 Camp 317; 170 ER 1168 p. 249
Sullivan v Moody (2001) 207 CLR 562 p. 187
Summers v Solomon (1857) 7 E1 & B1 879; 119 ER 1474 p. 340
Sydney City Council v West (1965) 114 CLR 481 p. 310
Taco Company of Australia Inc v Taco Bell Pty Ltd (1982) 42 ALR 177 p. 374
Tame v New South Wales (2002) 211 CLR 317 p. 188
Tarling v Baxter (1827) 6 B & C 360; 108 ER 484 p. 297
Taylor v Caldwell (1863) 3 B & S 826; 122 ER 309 p. 323
Taylor v Johnson (1983) 151 CLR 422 p. 257
TCN Channel Nine Pty Ltd v Network Ten Pty Ltd (No 2) (2005) 145 FCR 35 p. 449
The People (Director of Public Prosecutions) v Farrell [1978] IR 13 p. 132
Thomas v Thomas (1842) 2 QB 851; 114 ER 330 p. 247
Thompson v London, Midland and Scottish Railway Co [1930] 1 KB 41 p. 287
Thornton v Shoe Lane Parking Ltd [1971] 2 QB 163 p. 286
Tobacco Institute of Australia Ltd v Australian Federation of Consumer Organisations Inc (1992) 38 FCR 1 p. 371
Toll (FGCT) Pty Ltd v Alphapharm Pty Ltd (2004) 219 CLR 165 p. 284
Tooth v Laws (1888) 9 LR (NSW) 154 p. 341
Torpedoes Sportswear Pty Ltd v Thorpedo Enterprises Pty Ltd (2003) 132 FCR 326 p. 459
TPC v Australia Meat Holdings Pty Ltd (1988) 83 ALR 299 p. 406
TPC v Email (1980) 43 FLR 383 p. 411
TPC v JW Bryant Pty Ltd (1978) ATPR 40–075 p. 415
TPC v Massey Ferguson (Australia) Pty Ltd (1983) 67 FLR 364 p. 417
TPC v Sony (Australia) Pty Ltd (1990) ATPR 41–031 p. 414
TPC v TNT Australia Pty Ltd (1995) ATPR 41–375 p. 408
Trident General Insurance Co Ltd v McNiece Bros Pty Ltd (1988) 165 CLR 107 p. 306
Van den Esschert v Chappell [1960] WAR 114 p. 302
Virgin Enterprises Ltd v Klapsas [2002] AIPC 91–760 p. 464
Wakeling v Ripley (1951) 51 SR (NSW) 183 p. 242
Wallis v Downard-Pickford (North Queensland) Pty Ltd (1994) 179 CLR 388 p. 57
Waltons Stores (Interstate) Ltd v Maher (1988) 164 CLR 387 p. 253
Watt v Hertfordshire County Council [1954] 1

WLR 835 p. 193
White v Bluett (1853) 23 LJ Ex 36 p. 248
White v John Warwick & Co Ltd [1953] 1
WLR 1285 p. 309
Whywait Pty Ltd v Davison [1997] 1 Qd R 225
p. 510
Willemstad (1976) 136 CLR 529 p. 213
Wilson v Horne (1999) 8 Tas R 363 p. 221
Windsurfing International Inc v Petit & Borsimex Ltd (1983) 3 IPR 449 p. 470
Woods v Multi-Sport Holdings Pty Ltd (2002)
208 CLR 460 p. 191
Yates v Jones [1990] Aust Torts Rep 81–009
p. 198
Zeccola v Universal City Studios Inc (1982)
67 FLR 225 p. 449
Zuijis v Wirth Bros Pty Ltd (1955) 93 CLR
561 p. 632

НОРМАТИВТІК ЕРЕЖЕЛЕР

Commonwealth

A New Tax System (Goods and Services Tax) Act 1999
Acts Interpretation Act 1901
Administrative Appeals Tribunal Act 1975
Administrative Decisions (Judicial Review) Act 1977
Age Discrimination Act 2004
Anti-Money Laundering and Counter-Terrorism Financing Act 2006
Australia Act 1986
Australian Securities and Investments Commission Act 2001
Bankruptcy Act 1966
Bills of Exchange Act 1909
Cheques Act 1986
Commonwealth Acts Interpretation Act 1901
Commonwealth Volunteers Protection Act 2003
Competition and Consumer Act 2010
Competition Policy Reform Act 1995
Copyright Act 1968
Corporations Act 1989
Corporations Act 2001
Corporations Act 2001
Crimes Act 1914
Criminal Code Act 1995
Designs Act 2003
Disability Discrimination Act 1984
Disability Discrimination Act 1992
Electronic Transactions Act 1999
Euthanasia Laws Act 1997
Fair Work Act 2009
Fair Work Amendment (State Referrals and Other Measures) Act 2009
Family Law Act 1975
Federal Court of Australia Act 1976
Financial Transactions Reports Act 1988
Freedom of Information Act 1982
Health Insurance Act 1973
High Court of Australia Act 1979
Human Rights and Equal Opportunity Commission Act 1986
Income Tax Amendment Act 1936
Income Tax Assessment Act 1936
Independent Contractors Act 2006
Insurance Acquisitions and Takeovers Act 1991

Insurance Act 1973
Insurance Contracts Act 1984
Intellectual Property Laws (Raising the Bar) Act 2012
Judiciary Act 1903
Legislative Instruments Act 2003
Life Insurance Act 1995
Marine Insurance Act 1909
Motor Accidents Compensation Act 1999
National Consumer Credit Protection Act 2009
Patents Act 1990
Personal Property Securities Act 2009
Plant Breeder's Rights Act 1994
Privacy Act 1988
Privacy Amendment (Enhancing Privacy Protection) Act 2012
Privy Council (Appeals from the High Court) Act 1975
Privy Council (Limitation of Appeals) Act 1968
Racial Discrimination Act 1975
Radio Licence Fees Amendment Act 2007
Safety, Rehabilitation and Compensation Act 1988
Sex Discrimination Act 1984
Tax Assessment Act 1936
Telecommunications (Interception and Access) Act 1979
Telecommunications Act 1997
Tobacco Plain Packaging Act 2011
Trade Marks Act 1995
Trade Practices Act 1974
Trade Practices Amendment (Australian Consumer Law) Act (No. 1) 2010
Work Health and Safety Act 2011
Workplace Gender Equality Act 2012
Workplace Relations Act 1996
Workplace Relations Amendment (WorkChoices) Act 2005

Australian Capital Territory

Administrative Decisions (Judicial Review) Act 1989
Crimes Act 1900
Criminal Code 2002
Discrimination Act 1991
Federal Magistrates Court Act 1999
Human Rights Act 2004
Jurisdiction of Courts (Cross-vesting) Act 1987
Legislation Act 2001

Limitation Act 1985
Sale of Goods Act 1954
Work Health and Safety Act 2011
Workers Compensation Act 1951
New South Wales
Anti-Discrimination Act 1977
Contracts Review Act 1980
Crimes Act 1900
Interpretation Act 1987
Limitation Act 1969
Retail Trading Act 2008
Sale of Goods Act 1923
Subordinate Legislation Act 1989
Work Health and Safety Act 2011
Workers Compensation Act 1987
Workplace Injury Management and Workers Compensation Act 1998

Northern Territory

Aboriginal Land Rights (Northern Territory) Act 1976
Anti-Discrimination Act
Criminal Code Act 1983
Information Act 2002
Interpretation Act 1978
Limitation Act 1981
Rights of the Terminally Ill Act 1995
Sale of Goods Act 1923
Sale of Goods Act 1972
Water Act 1992
Work Health and Safety (National Uniform Legislation) Act 2011 (NT)
Workers Rehabilitation and Compensation Act (NT)

Queensland

Acts Interpretation Act 1954
Anti-Discrimination Act 1991
Carriage of Goods by Land (Carrier's Liabilities) Act 1967
Criminal Code 1899
Information Privacy Act 2009
Judicial Review Act 1991
Limitation of Actions Act 1974
Queensland Coast Islands Declaratory Act 1985
Sale of Goods Act 1896
Statutory Instruments Act 1992
Trading (Allowable Hours) Act 1990

Work Health and Safety Act 2011
WorkCover Queensland Act 1996
Workers Compensation and Rehabilitation Act 2003
South Australia
Acts Interpretation Act 1915
Criminal Law Consolidation Act 1935
Equal Opportunity Act 1984
Limitation of Actions Act 1936
Racial Vilification Act 1996
Sale of Goods Act 1895
Shop Trading Hours Act 1977
Subordinate Legislation Act 1978
University of South Australia Act 1990
Work Health and Safety Act 2012 (SA)
WorkCover Corporation Act 1994 (SA)
Workers Rehabilitation and Compensation Act 1986

Tasmania

Acts Interpretation Act 1931
Anti-Discrimination Act 1998
Criminal Code Act 1924
Judicial Review Act 2000
Limitation Act 1974
Personal Information Protection Act 2004
Sale of Goods Act 1896
Shop Trading Hours Act 1984
Subordinate Legislation Act 1992
Work Health and Safety Act 2012
Workers Rehabilitation and Compensation Act 1988

Victoria

Accident Compensation (WorkCover Insurance) Act 1993
Accident Compensation Act 1985
Administrative Law Act 1978
Charter of Human Rights and Responsibilities Act 2006
Crimes Act 1958
Equal Opportunity Act 2010
Goods Act 1958
Information Privacy Act 2000
Interpretation of Legislation Act 1984
Limitation of Actions Act 1958
Occupational Health and Safety Act 2004
Racial and Religious Tolerance Act 2001
Subordinate Legislation Act 1994

Victoria Charter of Human Rights and Responsibilities Act 2006

Western Australia

Criminal Code Act 1913

Equal Opportunity Act 1984

Interpretation Act 1984

Limitation Act 2005

Occupational Safety and Health Act 1984

Retail Trading Hours Act 1987

Sale of Goods Act 1895

Workers Compensation and Injury

Management Act 1981

United Kingdom

Australia Act (Cth) and Australia Act (UK) 1986

Australian Constitutions Act 1850

Australian Courts Act 1828

Colonial Laws Validity Act 1865

Commonwealth of Australia

Constitution Act 1900

Constitution Act (NSW) 1902

Constitution Act (SA) 1856

Constitution Act (Tas) 1855

Constitution Act 1867

Constitution Act Amendment Act (Qld) 1922

Federal Council of Australasia Act 1885

Letters Patent 1787

Letters Patent 1803

Letters Patent 1814

Letters Patent 1836

Letters Patent 1859

New South Wales Act 1823

New South Wales Constitution Act 1842

New South Wales Constitution Act 1855

Offences Against the State Act 1939

Official Secrets Act 1920

Partnership Act 1890

Pharmacy and Poisons Act 1933

Privy Council (Appeals from the High Court)

Act (Cth) 1975

Privy Council (Limitation of Appeals) Act (Cth) 1968

Road Traffic Act 1960

Sale of Goods Act 1893

South Australia Act 1834

Statute of Westminster (Imp) 1931

Statute of Westminster Adoption Act (Cth) 1942

Street Offences Act 1959

Victoria Constitution Act 1855

West Australia Constitution Act 1890

Western Australia Act 1829

- 1-ТАРАУ.** Құқық жүйесімен танысу
- 2-ТАРАУ.** Аустралия құқық жүйесі
- 3-ТАРАУ.** Құқық дағдыларын меңгеру

1-БӨЛІМ

Құқық негіздері

1-ТАРАУ

Құқық жүйесімен танысу

Кіріспе	37	Заңнаманың өзгеруі	53
Құқық пен өмір	37	Әділет, этика және саясат	54
Құқық және жеке өмір	37	Құқық пен әділеттілік	55
Құқық пен кәсіпкерлік	38	Құқық пен этика	59
Бұқаралық ақпарат		Құқық пен саясат	63
құралдары құқығы	39	Аустралия құқық жүйесі	64
Танымал мәдениет құқығы	39	Құқық жүйесінің негізгі	
Құқық табиғаты	40	сипаттамалары	64
Құқық анықтамасы	40	Құқық жүйесінің тарихы	76
Құқықтың мақсаты	44	Қорытынды	86
Заң категориялары (санаттары)	47		



Джонни мен Эш

[25 жастағы Джонни Бристол, үсті-басы лас, көңіл күйі жоқ, жалғыз өзі жақын жердегі бос сыраhanaда сыра ішіп отыр. Ол бардың екінші жағынан бір жас қыз жақындап келіп, өзін шақырған кезде басын көтерді: алдында жақсы киінген және келбетті Редклифф Эшвина тұр]

Эш: Джонни! Сәлем, Джонни!

Джонни: Сәлем, Эш.

Эш: [Ол мұқият ақ шарап құйылған стаканын абайлап үстелге қойып, өзі отырды да, Джонниге қарайды.] Иә, Иә, Иә Джонни Бристол, мен сені мектеп бітіргеннен бері көрген емеспін. Қанша, жеті жыл болды ма? Мен сені Жаңа Зеландияға көшіп кетті деп естідім.

Джонни. – Иә. Мен қайтып келдім. Мен сені заң факультетіне түсті деп естідім.

Эш: Иә, Мен қазір заңгермін. Қаладағы Гибсон & Гейман компаниясында жұмыс істеймін. Жұмысым өзіме ұнайды. Өзің неге қалаға қайтып келдің?

Джонни: Иә, өткен жылы менің әкем ауырып қалды, сондықтан мен анама әкемді күтуге көмектесу үшін және осында кәсіпкерлікпен айналысу үшін қайта оралдым. *Late Duck* мейрамханасын білесіз ғой? Керуак даңғылындағы *Vegan* мейрамханасы ше? Сол жер қазір менің меншігімде.

Эш: О, әкеңнің жағдайы өкінішті екен. Ол жақсы адам ғой. Менің бір танысым өткен аптада ғана *Late Duck* мейрамханасында тамақтанды, ол онда (*tofu Burger*) тофу гамбургер жеді.

Джонни: Солай ма? Ол туралы не деді?

Эш: Шынымды айтсам, нашар деді. Кешірі!

[Екеуі де күлді.] Шамасы, органикалық *Cola* тамаша болған шығар.

Джонни: Оған да шүкір. [Ол кідірді.] Шын мәнінде, бәрі жақсы жүріп жатқан жоқ. Жаңадан кәсіпкерлікті жүргізу маған қиын болып жатыр. Мен жақсы аспазбын деп ойлағанмын, ал бірақ бұрын кәсіпкерлікпен айналысқан емеспін. Менің өздері орындаймыз деп айтқандарын істемейтін өніммен жабдықтаушыларым, егер көрсетсе де, кеш көрсететін қызметкерлерім және менің рецептерімді ұрлаумен болатын бәсекелесім бар.

Эш: Айтуына қарағанда саған сөйлесетін дос қажет сияқты. Ал мен заңгермін.

Джонни: Рахмет. Әрине, маған дос қажет. Мен заңгерге сенімді емеспін. Менің проблемаларымның құқықпен қандай қатысы бар?

Эш: Сен ойнап тұрсың ба? Мұның барлығы құқық туралы ғой! Заңды білмей, қалай кәсіпкерлікпен айналысу мүмкін болады? Ережелерді білмей, ойынды қалай ойнай аласыз? Қараңыз, сізге тағы бір стакан сыра алайын, өзім заң туралы сізге бірекі нәрсені айтайын.

Джонни: Рахмет, Эш, сенің айтқаның дұрыс-ау деп ойлаймын. Мен құқық туралы ештеңе білмеймін. Мүмкін, мәселе сонда шығар. Және (*tofu Burger*) тофу гамбургерді қалай пісіру керектігі туралы да.

Эш: Әрине! Шын мәнінде, сіз қазірдің өзінде құқық туралы қаншалықты билетініңізге таңғалуыңыз мүмкін ...



Бұл тарауда:

- Құқықтың нақты өмірге қай жағынан қатысы бар?
- «Құқық» деген нақты нені білдіреді? Неге ол соншалықты маңызды? Қандай нәрселер заң арқылы реттеледі? Неге заң өзгеріп отырады?
- Заң әділеттілікке, этикаға және саясатқа қызмет ете ала ма?
- Аустралия зай жүйесінің негізгі ерекшеліктері қандай? Қалай Аустралия сияқты салыстырмалы түрде шағын ел осындай күрделі заң жүйесін жасайды?

Кіріспе

Эштың айтқаны дұрыс. Сіз ережелерді білмей және түсінбей, ойын ойнай алмайсыз және мейлі, бизнес иесі, менеджер, кәсіби кеңесші немесе қызметкер болсаңыз да, жоғарыда атап өткендей заңды құқықты білмей және түсінбей бизнеске қатыса алмайсыз. Бұл тарауда біз өте жалпы заңды мағынада қарастырамыз. Біз заңның ережелер мен реттеудің басқа түрлерінен өзгеше екенін және әділдік пен этикаға заңның не істей алатынын, заңның неге өзгеріп отыратыны маңызды екенін түсіндіреміз. Сондай-ақ, 2-тарауда толығырақ қарастырылатын Аустралия құқық жүйесінің негізгі ерекшеліктеріне сипаттама береміз.

Осы тараумен жұмыс істегеннен кейін, сіз заңның айналасындағы мәселелерден хабардар боласыз және заңды жақсы бағалайтын боласыз.

Құқық пен өмір

Джонни ешқашан заңды үйренбеуі немесе заң туралы оқулықтан оқымауы мүмкін, бірақ ол қазірдің өзінде заң туралы бірнәрсе білетініне күмән жоқ. Ол жеке өмірінде, өзінің кәсіпкерлік қызметінде, бұқаралық ақпарат құралдарында және танымал мәдениет саласында заңға бірнеше рет тап болды.

Құқық және жеке өмір

Джоннидің жеке өмірінде тікелей немесе жанама заңмен реттелмейтін аспектілер өте аз. Оның үйі меншік заңдарына сәйкес сатылып алынды және құрылыс заңдарына сәйкес салынды. Оның өзіне таңғы кофе дайындайтын шкафында кофе бар, өйткені, тауар сату жөнінде келісімшартқа отырды; оған шәйнекті қайнату үшін электр қуаты қолжетімді, өйткені оның энергетика компаниясымен тұрақты **келісімшарты** бар. Көлікпен жұмысына бару үшін **тұтынушылар несиесі заңымен** реттелетін жауапкершілігі бар, яғни ол тек жол жүру заңдарына ғана емес, сондай-ақ, деликтік заң жүктеуін қамтамасыз ету үшін жалпы жауапқа тартылады. Смартфоннан тыңдайтын музыкасы рұқсатсыз көшіруден **зияткерлік меншік** туралы заңмен қорғалған, ал ол кешке теледидардан көретін жарнамалар тұтынушылар құқықтарын қорғау заңы арқылы реттеледі.

Сондықтан ол қазірдің өзінде түрлі заңнамалар түрлі жолдармен оның өмірінің түрлі аспектілеріне ықпал ететінін біледі. Кейбір заңдар оған басқаларға қарсы ықпал етуге құқық береді, ал кейбір заңдар белгілі бір нәрселерді немесе іс-әрекеттерді істеуден аулақ болуға міндеттейді. Кейбір заңдар (мысалы, келісімшарт бұзылған кезде) бұзылған кезде зиян шеккен тұлға залал келтірген тұлғаға қарсы (немесе «сотқа арыздану») шығынын өтеу үшін **сотқа шағымдануға** құқығы бар. Егер заң бұзылса, заң бұзушыны қандай да бір жолмен **жазалау** мақсатында полицияға немесе прокуратураға, кейбір басқа да мемлекеттік органға апаратын басқа да бекітілген заңдар (мысалы, жол жүру заңы сияқты) бар.

келісімшарт – екі немесе одан да көп адамдар арасындағы заңмен бекітілген келісім.

тұтынушылар неснесі – кәсіпкерліктің тұтынушыға коммерциялық емес максаттар үшін берілетін және кейінірек үстемемен қайтарылатын ақша немесе несие.

деликтік құқық – құрбандарына мысалы, немқұрайлылық, диффамация (жала жабу) сияқты келтірген зияны үшін өтемақы алуға сотқа шағымдануға құқық беретін шартты бұзудан басқа зиянды әрекет.

зияткерлік меншік – сауда белгісі, жаңа технология немесе дизайн сияқты материалдық емес идеяның түрі.

сотқа шағымдану – бір адамның екінші бір адамды сотқа беру нәтижесінде туындайтын сот процесі.

жазалау – үкімет қылмыс жасап айып тағылған адамның кінәсін табу нәтижесінде сот алдына апаратын құқықтық процесс.

1.1-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Соңғы 24 сағат ішінде өз өміріңізге ықпал еткен бес заңнама түрін көрсетіңіз.

Құқық пен кәсіпкерлік

Джонни **Федералдық** Үкіметке өз кәсіпкерлігі пайдасынан өзінің табыс салығын төлеуге тиіс екенін біледі. Ол жұмыс беруші ретінде **мемлекетке** табыс салығын төлеу керек екенін біледі. Ол жер иесі ретінде **жергілікті органға** жалақы салығын төлеуге тиіс екенін біледі. Джонни, сондай-ақ, кәсіпкер ретінде сақтауға тиіс басқа да көптеген лицензиялау, жарнама, өнеркәсіптік қарым-қатынастарды, жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғау туралы Федералдық, штаттық және жергілікті басқару заңнамаларынан хабардар және түсінеді. Сондықтан ол Аустралияда үкіметтің үш деңгейі бар екенін біледі:

- Ұлттық мәселелерді реттейтін Федералдық Үкімет;
- Штат және аймақтық мәселелерді реттейтін штаттық және аймақтық үкімет;
- Жергілікті мәселелерді реттейтін жергілікті билік.

Ол әрбір үкімет өз заңнамасын жасайтынын және өздерінің талаптары бар екенін біледі.

Құқықтық реттеу заңы кейде кәсіпкерлікпен айналысатын адамдарға көмек беруден гөрі оларға көбірек кедергі жасайтындай болып көрінеді, бірақ заң өте маңызды мақсатқа қызмет етеді. Құқықтық реттеу жүйесінсіз кәсіпкерлік мүмкін болмас еді. Уәделердің сақталуын және келісімдердің орындалуын қамтамасыз ететін заң болып табылады. Заң кәсіпкерлерге өздерінің тауарлары мен қызметтерін жеткізуде, маркетингте не істей алатынын және не істей алмайтынын айта алады. Және кәсіпкерлерге тұтынушылармен, өнім жеткізушілер және бәсекелестермен дауларды шешуді қамтамасыз ететін де заң.

Федерал – Аустралия халқына қатысты Федералдық Парламент немесе Федералдық заңнама. Сондай-ақ, «Достастық» ретінде белгілі.

мемлекет/Мемлекет – (1) егер кіші әріппен жазылса, әдетте, мемлекет, штат. (2) егер үлкен әріппен жазылса, федерация ішіндегі мемлекет дегенді білдіреді, мысалы, Жаңа Оңтүстік Уэльс.

жергілікті билік – мемлекеттік және территориялық үкімет заңнамалық билік жүктеген, қалалық немесе графтық кеңес сияқты жарғылық орган. «Жергілікті билік» ретінде де белгілі.

1.2-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Табысты кәсіпкер үшін заңды түсінудің неге маңызды екендігі жөнінде үш себепті атап көрсетіңіз.

Бұқаралық ақпарат құралдары құқығы

Джонни заң туралы күн сайын жаңа нәрсе естиді. Ол жаңалықтардың көпшілігін теледидардан көреді, газеттен, тіпті болмағанда заңға байланысты онлайннан оқиды. Үкіметтің соңғы өндірістік қатынастар жөніндегі реформалары, көрнекті саясаткерді түрмеге жабу, түнгі клубтың сыртында болған шабуылды тергеу, яғни, осылардың барлығы заң жүйесін қамтиды. Джонни жаңа **заңнама** туралы оң (егер саясаткерлер үкімет мүшесі болған жағдайда) немесе теріс (егер олар оппозиция мүшелері болған жағдайда) әңгімелейтін саясаткерлерді, заңнаманың қайшылықты, даулы жағдайлары туралы заңгерлер мен тараптардың (партиялардың), қылмыстық іздеу туралы полицияның, түрлі бюрократтар мен басқа да адамдардың құқықтық мәселелер, құқықтық ережелер, құқықтық тергеу және құқықтық шешімдер туралы әңгімесінің көптеген мысалдарын көрді.

Жаңалықтар мен ағымдағы мәселелер туралы бағдарламаларды көргеннен кейін Джонни көптеген адамдар мен ұйымдардың: саясаткерлер, судьялар, заңгерлер, полиция, бюрократтар және азаматтар; парламенттер, соттар, полиция күші, мемлекеттік департаменттер мен корпорациялар заң жүйесін қалыптастыратынын біледі.

заңнама – Парламент қабылдаған заң. Сондай-ақ, ол «Жарғы» немесе «Парламент Актісі» ретінде белгілі.

іс жүргізу заңы – Прецедент доктринасына сәйкес соттар жасаған заң. Сондай-ақ, «жалпы заң» ретінде де белгілі.

1.3-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ.

www.news.com.au немесе www.afr.com.au сияқты ақпараттық веб-сайтына кіріңіз және бүгінгі құқыққа байланысты элементтер тізімін жасаңыз.

Танымал мәдениет құқығы

Джонниге ол кез келген аптада түнде теледидарды қосып, заң практикасы мен полиция тергеуімен байланысты драмалар, заңгерлер, заңгерлік фирмалары, прокурорлар мен полиция зерттеуі *Boston Legal*, *Law & Order*, *Underbelly*, *The Bill* туралы

әңгімелер бағдарламасын көретін сияқты болды. Ал *The Lincoln Lawyer*, *Erin Brockovich* and *The Firm* сияқты Аустралия және АҚШ фильмдері және осындай *Lawyer*, қытай фильмдерін қоса алғанда, танымал фильмдердің орасан зор саны заңгерді басты кейіпкер ретінде немесе сотты орталық драмалық құрылғы ретінде бейнелейді.

Фильмдер мен теледидарда бейнеленген заңды көргеннен кейін, Джонни заң дерексіз ережелер мен принциптер жүйесінен әлдеқайда көп нәрсе екенін біледі. Ол – нақты адамдардың өмірін пішіндейтін және қалыптастыратын нәрсе.

1.4-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ. ПЫСЫҚТАУ

Қандай да бір жолмен заңға байланысты теледидар бағдарламасының эпизодын



көріңіз. Қай мағынада заңға, құқықтық жүйеге немесе заңгерлерге тікелей немесе жанама сілтеме жасалады? Заңды бейнелеу тәсілі шынайы деп ойлайсыз ба?

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын, мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

1.1 Сіздің жеке өміріңізге заң қандай жолмен ықпал етеді?

1.2 Кәсіпкерлік қызметіңізге заң қалай ықпал етеді?

1.3 Жаңалықтар мен басқа да БАҚ мәліметтері заң туралы сізге не айта алады?

1.4 Танымал мәдениет заң туралы не айта алады?

Құқық табиғаты

Джонни қазірдің өзінде құқық туралы біраз нәрсе біледі. Бірақ ол әлі күнге дейін заң мен ережелердің басқа түрлері арасындағы айырмашылықты, заң туралы білу неге соншалықты маңызды екенін немесе заңды өзгерту қажеттілігі неге сақталатынын түсінетініне әлі көзі жетпейді.

Құқық анықтамасы

«Құқық деген не?» деген сұраққа жауап беру, біз ойлағаннан гөрі әлдеқайда қиынырақ. Бұл – заң теоретиктері мен философтар жүздеген жылдар бойы пікірталас жасап келе жатқан мәселе. Оның консенсусы салыстырмалы түрде аз.

Құқық туралы көптеген ықтимал анықтамалар мен сипаттамалар бар:

- Құқық – саяси жүйе арқылы заңдастырылған және қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін заңды ережелер жүйесі (*Стэнфорд Философиялық Энциклопедиясы*).
- Құқық – қоғам мен халықаралық қатынастардың екеуінде де тұрақтылық пен тәртіптің маңызды негізі (Дж. Уильям Фулбрайт).
- Құқық: қоғамдастықты сақтайтындар жасаған ортақ игілік үшін себеп қаулысы (Әулие Томас Аквинас)
- Құқық – адамның қолы мен семсері жоқ сөздер мен қағаздар (Джеймс Харрингтон).
- Құқық пен тәртіп әділдік орнату мақсатында өмір сүреді ... және олар осы мақсатты жүзеге асыра алмаса, әлеуметтік (қоғамдық) прогресс ағынына тосқауыл жасайтын қауіпті құрылымдық бөгеттерге айналады. (Мартин Лютер Кинг, Кішісі)
- Оның ғажайыптығы сонда, заң байға да, көпір астында ұйықтайтын кедейге де, көшелерде қайыр сұрайтын бейшараға да, нан ұрлаушыға да бірдей тыйым салады. (Анатоль Франс)
- Заң ... , ақымақ. (Чарльз Диккенс)
- Заң менмін! (Судья Дредд)

«Заң» және «құқық» арасында айырмашылық бар: Белгілі бір құқықтық ережеге қатысты «құқық» (жалпы деген мағынада) терминін «пайдалануға болады және әдетте, жалпы құқық жүйесіне қатысты «заң» (нақты деген мағынада) терминін пайдалануға болады.

Заңның қарапайым және практикалық анықтамасы мынадай: **заң** – мемлекет қабылдаған және қылмысты тергеу немесе сот талқылауы арқылы орындалатын ережелер жиынтығы. Заңның кәсіпкерлік құқыққа сәйкес келетін анықтамасы мемлекет жасаған, прокуратура немесе сот заңдастырған кәсіпкерлік пен іскерлік белсенділікті реттейтін ережелер жиынтығы болып табылады. Бұл анықтамалар әділдік, этика және саясат мәселесін есепке алмайды және құқықтың саяси шығуы мен салдарларын ескер-

мей, оның әділ немесе дұрыс екенін есепке алмай, құқық не деген мәселеге назар аударады. Біз төменде құқық, әділдік, этика және саясат арасындағы қарым-қатынасты егжей-тегжейлі қарастырамыз. Енді, біз өз кезегінде өзіміздің қарапайым анықтамамыздың әрбір элементін тексереміз.

заң – мемлекет қабылдаған және қылмысты тергеу немесе сот талқылауы арқылы орындалатын ережелер жүйесі.

Ережелер жиынтығы

Заңды анықтауға тырысатын адамдардың көпшілігі өздерінің анықтамасының қайбір жерінде «ереже» сөзін пайдаланады. Заң – ереженің бір түрі. Ереже мінез-құлық болжамының есебі болып табылады, ол адамдарға қалай өзін ұстауы немесе ұстамауы тиіс екенін айтады. Ережені ұстанбаудан шығатын салдардың теріс болуы да, болмауы да мүмкін.

Әрине, ережелердің көптеген әр қилы түрі бар, оның ішінде:

- ойын ережелері, мысалы, покер немесе крикет ережелері;
- ұйым ережелері, мысалы, футбол қауымдастығының мүшелік ережелері немесе корпорацияның ішкі басқару ережелері;
- моральдық ережелер, мысалы, сізге өтірік айтуға болмайтын ереже;
- әлеуметтік ережелер, мысалы, бір нәрсе сұраған кезде сыпайы «мархабат» деп сөйлеу ережесі;
- математикалық ережелер, мысалы, көбейту мен бөлу ережелері;
- жол қозғалысын реттейтін ережелер, мысалы, жолдың сол жағымен жүру ережесі.

Осы ережелердің бәрі заң емес. Жол қозғалысы ережесін заңға жатқызуға болады, бірақ крикет ережелері заң бола алмайды. Заңды ережелер мен заңды емес ережелердің арасындағы айырмашылық тек заңды ережелер ғана айыппұл салатындығында емес; сіз ойынның немесе ұйымның ережелерін бұзғанда салынатын айыппұл бар және тіпті, жаза түрі ретінде түсінетін әлеуметтік немесе моральдық ережені бұзудың салдарынан болатын қолдамаушылық бар. Заңды ережелер мен заңды емес ережелердің арасын ажыратып, анықтаудың ең қолайлы жолы – ережелер көзін қарастыру.

Мемлекет қабылдаған заң

Бұл – заңды және заңды емес ережелердің арасындағы бірінші айырмашылық. Үкіметтен басқа адамдар немесе ұйымдар жасаған ережелер заң бола алмайды.

Осы оқулықта «мемлекет» термині пайдаланылды және ол – өте жалпылама заң термині. Егер ол бас әріппен жазылса, федерация ішіндегі мемлекет дегенді білдіреді, мысалы, Жаңа Оңтүстік Уэльс. Біздің заңның қарапайым анықтамасы контекстімізде ол алдыңғы мағынаға ие: үкімет қабылдаған (шығарған) ереже. Аустралия заң жүйесі контекстінде заң – заң шығарушы (парламент) немесе сот (сот жүйесі) жасаған ереже. Мағыналары бір болмаса да, «мемлекет» және «үкімет» деген сөздер жиі өзара ауыстырылып қолданылады. «Үкімет» сөзі заңды шығаратын, басқаратын, түсіндіретін конституциялық өкілеттіктері бар жеке тұлғалар тобы мен мекемелерге қатысты. «Мемлекет» сөзі ұйымдасқан саяси қоғамдастық ретінде үкіметке немесе реттелетін, басқарылатын аумаққа (мысалы, мемлекет немесе ұлт) жатады.

Осыған ұқсас контексте пайдаланылатын тағы бір «соверен» термині бар. Соверен – мемлекеттің жоғарғы билеушісі. Дәстүрлі монархияда король немесе патшайым (немесе «монарх») соверен болып табылады. Қазіргі заманғы либералдық демократиялар, соның ішінде Аустралия сияқты конституциялық монархиялар, соверен ретінде қарастырылатын парламент болып табылады. Демек, «парламенттік суверендік» термині (термин 2-тарауда егжей-тегжейлі түсіндіріледі).

Айыптау немесе сот талқылауы арқылы жүзеге асыру

Бұл заңды және заңды емес ережелердің арасындағы екінші айырмашылық болып табылады. Заң ережелері жаза немесе мәжбүрлеу қаупі арқылы орындалады: Егер адам заңды ережеге бағынбаса, оның салдары болады.

Егер заң ережелері **қылмыстық заң** ережесі болса, онда ережеге қайшы әрекет жасаған тұлғаны белгілі процесс, яғни, ресми түрде қылмыстық іс жүргізетін мемлекет айыптауы мүмкін. Мысалы, егер біреу қылмыстық заңға қайшы келетін, заң тыйым салған әрекет жасап, бейтаныс адамға шабуыл жасаса (мысалы, мұрнына ұрса), онда ол айыпталады және кінәлі деп танылған болса, айыппұл төлеу немесе бас бостандығынан айыру сияқты жаза алуы мүмкін.

Егер заң ережесі дауларды шешу сияқты белгілі бір **азаматтық құқық** ережесіне жататын болса, заңға қайшы әрекет жасаған адамның үстінен жәбірленуші кісі шағым түсіруіне болады. Мысалы, егер олар сату шартына қол қойған автомобильге ақша төлеуді орындамау арқылы келісімшарт заңын бұзса, сатушы олардың үстінен шағым түсіруіне болады. Егер сатушы сот процесінде «жеңсе», онда жауапкер сатушыға ақшалай өтемақы төлеуге міндетті болуы мүмкін.

қылмыстық іс заңы – үкіметке қылмыс жасаған адамды айыптауға мүмкіндік беретін құқықтық ережелер жиынтығы мен заң процедуралары.

азаматтық іс заңы – қоғамдастық мүшелері арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін және дауларды шешуге мүмкіндік беретін нормалардың жиынтығы мен жергілікті құқықтық процедуралар.



ЗАҢ АЯСЫНДА: ҚҰҚЫҚ ПЕН ФИЛОСОФИЯ

Табиғи құқық пен құқықтық позитивизмді салыстыру

Біздің заңды мемлекет жасаған, сот талқылауы арқылы орындалатын ережелер жиынтығы деген анықтамамызда заң қандай болуы тиіс және заңның не екені ескерілмейді. Олай болса, бұл заңның «позитивтік» анықтамасы және оны табиғи құқық теориясы ұсынған анықтамалардың түрлерімен салыстыруға болады. Табиғи құқық теориясы мен құқықтық позитивизм – құқық немесе құқық философиясының немесе **юриспруденцияның** (құқықтанудың) екі негізгі саласы.

юриспруденция (құқықтану) – заңның мағынасы мен сипатын философиялық тұрғыда зерттеу.

Табиғи құқық теориясы

Құқық табиғатын сипаттауды ізденуде, кейбір құқық философтары құқық пен жоғары құндылықтар жинағы арасында тығыз және қажетті қарым-қатынас бар деп көз жеткізеді. Бұл жоғары құндылықтар «Құдайдың заңдары» болуы мүмкін немесе олар мораль (ар-ождан) мен әділеттіліктің әмбебап принциптері (қағидастары) болуы мүмкін. Заң анықтайтын осы тәсіл жиі **табиғи құқық теориясы** деп аталады.

табиғи құқық теориясы – құқықтанудың табиғи заң мен жоғары құндылықтар жинағы арасында тығыз және қажетті қарым-қатынас бар екендігін талап ететін саласы.

Табиғи құқық тәсілін жақтаушылар кейбір нәрселер объективті дұрыс немесе әділетті, кейбір нәрселер объективті теріс немесе әділетсіз екеніне және заң осы объективті стандарттарға сәйкес келетін тәсілмен жасалуы, басқарылуы және түсіндірілуі тиіс деп сендіреді. Кейбіреулер тіпті, одан да әріге кетіп, егер заңды үкімет (позитивті заң) жа-

саса, ол осы объективті стандарттарға (табиғи заңға) сәйкес келмейді, позитивті заңға мойынсұнудың қажеті жоқ.

Табиғи құқық концепциясы ағылшынның жалпы заңын дамытуда өте маңызды болды. Парламент пен монархтың арасындағы күрестерде (2-тарауда сипатталған) парламент жиі белгісіз заманнан бері келе жатқан табиғи құқық принциптерін нақтылау және монархия билігіне шектеу орнату айтылатын «Англияның негізгі заңдары» деп аталатын заңға сілтеме жасайды.

Қазіргі табиғи құқық теориясына әмбебап моралдық құндылықтар жүйесін қалыптастыру жолын іздейтіндер сүйенеді. Осы құндылықтар жүйесіне сәйкес техникалық тұрғыда «құқықтық соғыс қатыгездігі мен басқа да адам құқықтарын бұзу жағдайлары объективті сынға алынады және жауапқа тартылуы мүмкін.

Құқықтық позитивизм

Құқықтық позитивистер заң қандай болуы тиіс дегенге емес, заң не дегенге назар аударуды талап етеді. Болуы да, болмауы да мүмкін мораль мен әділеттіліктің әмбебап стандарттарына сәйкестігі қажет емес. Заң туралы сұрауды қажет ететін бір ғана мәселе, оның заңды немесе заңды еместігі туралы, яғни оның лайықты **конституцияның** талаптарына сәйкес жасалған-жасалмағандығы туралы ғана сұрап білу.

конституция – (а) ұлтты немесе мемлекетті немесе (б) ұйымды қалай реттеуді анықтайтын ережелер жиынтығы.

Табиғи құқық пен позитивтік көзқарас арасындағы практикалық айырмашылықты қарапайым мысалды пайдаланып көрсетуге болады. Мысалы, Джонни 100 шақырымнан аса жолда жылдамдықты сағатына 20 шақырымға шектейтін мотороллер жолымен сағатына 120 шақырым жылдамдықпен келе жатыр делік. Сондай жылдамдықпен сол бағытта оның алдында осы автомагистральдың бойымен келе жатқан тағы үш көлік бар. Төрт көліктің бәрі де жылдамдықты анықтайтын қол камерасы бар полиция қызметкерінің жанынан өтеді. Полиция қызметкері алдыңғы үш көлікті елемейді, бірақ Джонниды тоқтады. Полиция қызметкері Джонниге жылдамдықты шектеуден артық көбейткені үшін айып билетін бергенде, Джонни жағдайдың әділетсіздік екеніне уәж айтады. Оның жылдамдықты көбейткені рас, бірақ басқа автоәуесқойларды босатып, өзін жазалауы әділ емес екеніне дау айтады. Сондықтан ол өзіне жылдамдықты көбейткені үшін айып билеті берілмеуі тиіс деп дауласады. Джонни табиғи құқық ұстанымын айтып жатыр. Ол әділет әмбебап принциптеріне сәйкес жасалған және қолданылуы тиіс, оның ішінде, барлығына тең дәрежеде қолданылуы тиіс заңның принципін тұжырымдап отыр. Алайда, полиция қызметкері неғұрлым позитивтік көзқарасты ұстанатын сияқты және Джонни сағатына 100 шақырым жылдамдықпен жүруге рұқсат етілген шектеу заңын бұзғаны үшін жазалауды талап етеді және әмбебап әділет принциптері бұған ештеңе істей алмайды, яғни іске аспайды.

1.5-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ


Бұл – әділет ханымының мүсіні, заңның және заң жүйесінің маңызды нышаны. Сіз (а) байланған көз, (б) таразы және (с) семсер нені көрсетеді немесе бейнелейді деп ойлайсыз?



Құқықтың мақсаты

Біз құқық анықтамасын қарастырдық. Енді заңның мақсатын қарастырамыз: Заң немен айналысады? Заңның мүмкін боларлық кең ауқымды пайдалануға арналғанын түсіне отырып, сіз заңның маңыздылығын жақсы бағалай аласыз.

Бұл бөлімде біз заңның алты мақсатын түсіндіреміз. (1.1-суретті қараңыз)



1.1-сурет. Заңның мақсаты

Дауларды шешу

Кәсіпкерлік пен жеке өмір жиі шиеленіс, жанжал мен пікір айырмашылықтары арқылы сипатталады. Үй иелері өздерінің меншігі мен көршісінің арасындағы шекара жөнінде келіспеуі мүмкін. Ал, кәсіпкер бәсекелестерінің бірімен өзінің жарнамасына олардың бәсекелесінің атымен сілтеме жасау лайықты/лайықты емес екендігі туралы келіспеуі мүмкін. Екі автоәуесқой жүргізуші автокөлік апатына кім жауапты екені туралы келіспеуі мүмкін.

Заң осындай даулардың шешу жолын қамтамасыз етеді. Дау тараптары тікелей тиісті заң ережелеріне жүгіне алады, ал егер ережелер жеткілікті дәрежеде түсінікті болса,

дауды өздері шешеді. Дауға қатысты тиісті заң ережелерін қолдануды құқықтық ережелерден қарайсыз және содан аласыз. Дауға қатысты ережелерді қолдану анық болмаса, тараптар заң кеңесіне жүгіне алады. Ал, заң кеңесшілері дауды шеше алмаса, тараптар сот талқылауы немесе сот шешімі арқылы шешеді.

Қоғамдық тәртіпті сақтау

Көптеген адамдар заңдар бейбітшілікті сақтау үшін хаос пен анархияның алдын алу үшін қажет дейді. Олар заң қоғамдық тәртіпті сақтайды, өйткені заңсыз, адамдар бір-бірімен үнемі қақтығыста болуы мүмкін. Заң әлеуметтік тәртіпті сақтауды талап етеді. Философ Томас Гоббс, мысалы, заң болмаса, «барлығы барлығына қарсы соғыс ашуға» деп айтар еді деді. Күштілер әлсіздерді қанар еді және қабілеттілер қабілеті аздарға қысым жасар еді. Әрбір адам орындауға тиіс стандарттардың айқын жиынтығын қалыптастыру арқылы заң тәртіп сақтауды қамтамасыз етеді.

Қоғамдастық құндылықтарын нығайту

Заң қоғамдастық құндылықтарын сақтауға және қамтамасыз ету үшін қажет ретінде қарастырылады. Кез келген белгілі бір қоғамдастық мүшелері, әдетте ненің дұрыс немесе теріс екенін, қандай мінез-құлық үйлесімді, қайсысы үйлесімсіз болатынын болжамдайды. Заңның мақсаты осы қоғамдастық құндылықтарын қауымдастықтың барлық мүшелері тең, әділ, құрметпен қолдануын және бұзбауын қамтамасыз етеді. Мысалы, әдетте, тұтынушылармен мәміле жасағанда кәсіпкер адал әрекет етуі, өздерінің жоғары ұжымдық ұстанымын немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланып, тұтынушылардың заңды құқығын бұзбауы тиіс деп саналады, сондықтан кәсіпкерлікті әділ, қандай да бір дәйексіздік және алдау сияқты әрекеттерден аулақ болуға міндеттейтін заңдар бар. Төменде заң, құндылықтар мен этика арасындағы қатынастар толығырақ қарастырылады.

Әлеуметтік жағдайы төмендерге көмектесу

Заңды қауым ішінде ресурстар мен мүмкіндіктерді жеткілікті дәрежеде әділ бөлудің тетігі ретінде көруге болады. Қоғамда физикалық және ақыл-ой мүгедектік, кедейшілік, кәрі, жас, сауатсыздық сияқты бірнеше себептерден олардың басқалар сияқты өздеріне қамқорлық жасауға қабілетсіз көптеген адамдар бар. Заңда олардың әлеуметтік жағдайын төмендетпеу көзделеді. Мысалы, салық заңдары қоғамдастықтың бай мүшелерінің тұрмысы нашар адамдарға қарағанда көбірек салық төлеуін қамтамасыз етеді. Әл-ауқат заңдары әлеуметтік жағдайы төмендердің тиісті көмек алу құқығын қамтамасыз етуге ұмтылады. Кемсітушілікке қарсы заңдар «бөтендерді» әділетсіз кемсітуді болдырмау мақсатын көздейді. Мұндай заңдарсыз, мықтылар әлсіздерге басымдық көрсетеді, бай өзін кедейден артықшылықта ұстайды, сондықтан барлығы үшін әділдікті қамтамасыз ететін заң бар.

Экономиканы тұрақтандыру

Заң экономиканың тұрақтылығы мен өсуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Заңға өзгерістер енгізудің әрдайым экономикалық салдары бар. Мұның айқын мысалы салық заңы: бағаға, инфляция (құнсыздану) мен пайыздық мөлшерлеме әсерін тигізетін жеке табыс салығы қарқынының ұлғаюы аз ақша жұмсайтын қоғамдастық мүшелеріне алып келеді. Айқындығы аз мысал азаматтық жауапкершілікке қатысты: құрбандардың

жеке басына зақым келтіргені үшін өтеу алуға сотқа шағымдануды қиындатуы, сақтандыру сыйақылары төмен болуы, қоғамдастық мүшелерінің көбірек ақша жұмсауын білдіретін, сақтандыру компанияларынан аз өтемақы төлеуді талап етуі, соттың аз өтемақы төлеуге үкім шығаруы т.с.с. жағдайларда заңдар өзгертіледі. Үкімет заңды экономиканың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін пайдаланады. Ал, егер экономикада қиындықтар болса, сол қиындықтарды шешуге бағытталып, заң өзгертіледі.

Билікті теріс мақсатта пайдаланудың алдын алу

Бірізді және транспарентті заң жүйесі үкіметтің қауымдастық мүшелерін езуге жол бермейді.

Либералдық демократия ретінде анықталатын көптеген елдер, оның ішінде Аустралия мен басқа да елдер **заң ережелерін** орындауға тырысады. Бұл үкіметтік орган жазбаша, ашық жарияланған, қабылданған және белгіленген процедураға сәйкес күші бар заңдар арқылы ғана әрекет етеді. Аристотель айтқандай, кез келген азаматтарға қарағанда заң реттеу керектігі өте дұрыс. Заң ережелерімен сәйкес келетін заң жүйесін билік өз бетінше жүзеге асыратын, мысалы, авторитарлық, тоталитарлық немесе анархиялық елдердің жүйесімен салыстыруға болады. Заңның үстемдік етуіне ұмтылатын мемлекеттерде, үкімет өз бетінше билік жүргізе алмайды. Мысалы, полиция анық заң бойынша уәкілетті жағдайда ғана біреуді ұстай алады, өйткені адам уәкілетті жағдайда, заңға сәйкес өздерінің ұсталуын қалайды, олардың жай адамды заңсыз ұстауға мүмкіндігі болмауы тиіс.

заң ережелері – бұл үкімет билігі жазбаша, ашық жарияланған, қабылданған заң ережелері мен белгіленген процедураға сәйкес күші бар және орындалатын заң арқылы ғана әрекет етуге тиіс және үкімет төрелігі мен жеке тұлғаның билік жүргізуінен гөрі үкіметті құрайтын тұлғаларды қоса алғанда барлық азаматтар заң арқылы реттеледі деген принцип.

Бір заң теоретигінің айтуынша,¹ заң ережелеріне сәйкес келетін заң жүйесінің кем дегенде, үш маңызды сипаттамасы бар:

1. Заң әлеуметтік мәртебесі, мәдениеті, дін немесе саяси көзқарастарына қарамастан, барлығына тең дәрежеде қолданылады.
2. Соттар жеке бас бостандығы құқығын қоса алғанда, азаматтардың заңды құқықтарын қорғайды.
3. Бірде-бір тұлға тікелей заңда көрсетілмеген жазаға тартылмайды.

Заң ережелері заңның басқа да маңызды бірқатар принциптерімен байланысты:

- **Билікті бөлу доктринасына** сәйкес заңды жасайтындар (заң шығарушылар), заңды (атқарушылар) басқаратындар және заңды түсіндіретіндер (сот) арасында билік айқын бөлінуі тиіс. Бұл мәселе тарауда кейінірек егжей-тегжейлі сипатталады.
- Адам бір қылмыс үшін екі рет жазаға тартылмау керек деген ұстаным (бір әрекет үшін екі рет айыптамау ретінде белгілі).
- Қамауға алынған адамға өзіне қандай қылмыс үшін айыпталатыны айтылуы тиіс, сот қарауының әділ болу принципі.

билікті бөлу доктринасы – заң шығарушы, атқарушы және сот функционалдық жағынан мүмкіндігінше бөлек калуы тиіс деген принцип.

¹ A V Dicey, *Introduction to the Study of the Law of the Constitution* (10th ed., Macmillan, 1959).



Заң аясында: ТАНЫМАЛ МӘДЕНИЕТ ЗАҢЫ

Double Jeopardy

Томми Ли Джонс пен Эшли Джадд ойнаған *Double Jeopardy* фильмінде әйел күйеуін өлтіргені үшін қамалған. Ол кейінірек күйеуінің әлі тірі екенін және кісі өлтіргендігі туралы өзіне жалған айып тағу мақсатында өз өлімінің қойылымын жасағанын біледі. Ол бірнеше жыл түрмеде отырды, содан кейін күйеуін тауып, одан кек алуға бел бууды шешеді. Түрмедегі бір сотталған тұтқын әйелге ол қазірдің өзінде кісі өлтіргені үшін бір рет сотталғанын және жазасын өтегенін, қос қауіп төндіру доктринасы бойынша бір қылмыс үшін екі рет жазалауға тартылмайтынын, сондықтан оған күйеуін өлтіруге болатынын, полиция бұған ештеңе істей алмайтынын айтып, кеңес берді. (Бұл, шын мәнінде, доктринаны дұрыс түсінбеу фактісі. Екі рет жазаға тартпау жекелеген жағдайда ғана қолданылады. Бұл тек екі жеке жағдайды әлдебіреуден ұрлайтын екі жеке қылмыс болар еді, сондықтан бұл жерде біреуді екі рет өлтіру екі жеке қылмыс болар еді).

1.6-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сіздің өміріңіз заң болмағанда қалай басқаша болар еді? Заңның қажеттілігі туралы сіздің жеке пікіріңіз қандай?

Заң категориялары (санаттары)

Бұрын заң ережелер жүйесі ретінде анықталды. Заң байланыссыздық пен қайшылықтар массасынан әлдеқайда көбірек нәрсе. Бұл бөлімде біз заңдардың төрт жіктелу жолын түсіндіреміз:

- материалдық және процессуалдық заң
- мемлекет және жеке тұлға туралы заң
- азаматтық және қылмыстық заң
- отандық (ішкі) және халықаралық заң

Материалдық және процессуалдық құқық

Материалдық және процессуалдық заң арасындағы айырмашылық заң деген не және заң қалай жұмыс істейді деген мәселе арасындағы айырмашылыққа қатысты қарастырылады.

Материалдық құқық мемлекет пен жеке тұлғалардың міндеттемелері мен құқықтарын баяндайтын заң нормаларының жүйесі. Материалдық заң мысалы, келісім-шарт бар ма, адам қылмыс жасады ма немесе басқа адам оларға жала жапқандықтан, ол адамның өтемақы алуға құқығы бар ма деген мәселелерді анықтайды.

Процессуалдық құқық мемлекет пен жеке тұлғалардың міндеттемелері мен құқықтарын баяндайтын құқықтық нормалар жүйесі болып табылады.

Іс жүргізу заңы, азаматтық талап-арыздарды немесе қылмыстық прокуратура сияқты сот процесін реттейтін заң ережелері жүйесі болып табылады. Процессуалдық құқық мысалы, жауапкердің сотта судьяларға және жоғары сотқа шағымдануға құқылы екенін анықтайды.

материалдық құқық – мемлекет пен жеке тұлғалардың міндеттемелері мен құқықтарын баяндайтын құқықтық нормалар жүйесі.


процессуалдық құқық – мемлекет пен жеке тұлғалардың міндеттемелері мен құқықтарын баяндайтын құқықтық нормалар жүйесі.

Бұқаралық және жеке құқық

Материалдық заң дәстүрлі түрде бұқаралық және жеке құқық болып екі үлкен категорияда ұйымдастырылады. Олардың әрқайсысының жанама категориялары бар (1.2-суретті қараңыз).

Бұқаралық құқық жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынасты қарастырады. Ол жеке тұлға мемлекетпен мәміле жасағанда, жеке тұлғаның және мемлекет жеке тұлғамен мәміле жасағанда, мемлекеттің құқықтары мен міндеттерін негіздейтін заң ережелері жиынтығы болып табылады. Бұқаралық құқықтың жанама категорияларына конституциялық, әкімшілік, қылмыстық және салық құқығы мысал бола алады.

бұқаралық құқық – азамат пен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынас мәселелерін қарастыратын заң категориясы; мемлекеттік заңға конституциялық заң, әкімшілік заңы, қылмыстық заң және салық заңы жатады.



1.2-сурет. Заң категориялары

- *Конституциялық құқық* үкіметтің түрлі құралы арасындағы, үкімет пен оның азаматтары арасындағы қатынастарды, адам құқықтары гранттары, азаматтық еркіндік қатынастарын реттейді. Егер Джонни заңды бұзды деп айыпталса, өзі бұзды деп айыпталған заңды жасауға үкіметтің күші жоқ деп дау айтқысы келсе, ол өзін қорғау үшін конституциялық заңды пайдалана алады. Конституциялық құқық 2-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.
- *Әкімшілік құқық* үкіметтің әкімшілік қызметін реттейді. Ол азаматтарға жергілікті үкімет пен мемлекеттік ведомстволар (мекемелер) сияқты әкімшілік органдардан өз істеріне жауап беруді талап етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ, азаматтарға әкімшілік шешімдерге сот тәртібімен шағымдану құқығын береді. Мысалы, Джонни дамытуға келісім алу үшін жергілікті үкіметке өтініш берді, келісім берілген жоқ. Ол шешімге шағымдану үшін әкімшілік заңды пайдалана алады. Әкімшілік заң 2-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.
- *Қылмыстық құқық* заң бұзушылық жағдайын және заңды бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын белгілейді. Егер Джонни басқа адамға шабуыл жасаса, ол адам (төменнен қараңыз) азаматтық құқық заңнамасына сәйкес Джонниге қарсы іс қозғап қана қоймай, сондай-ақ, Джонниді қылмыс жасағаны үшін мемлекет те айыптай алады және кінәсі мен жазалау дәрежесін анықтау үшін сот ісі процесін тыңдау өткізіледі. Қылмыстық құқық 4-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.
- *Салық құқығы* салық салуды жүргізу мен жинауды реттейтін заң. Кәсіпкер ретінде Джонни табыс салығы, ОТС, жалақы салығы, қосымша жеңілдіктер салығы сияқты бірқатар салықтарды төлеуге міндетті. Салық заңы 11-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.

Жеке құқық қоғамдастық пен жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты реттейді. Адамның өзі немесе басқа жеке тұлғалардың өзара әрекеті кезінде жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін заң ережелері жиынтығы болып табылады. Жеке құқықтың жанама категорияларына деликт, келісімшарт құқығы, мүлік құқығы және компания құқығы мысал бола алады.

жеке құқық – қоғамдастық пен жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас мәселелерін реттейді. Оған келісімшарт құқығы, деликт және мүлік құқығы жатады.

- *Деликт құқығы* адамдар арасындағы басқа біреудің әрекетінен немесе әрекетсіздігінен зиян шегуді қарастырады. Заң бойынша танылған деликт құқығы ауқымына біреудің меншігіне зиян келтіру, абайсызда зақым келтіру, жала жабу, қоғамдық тәртіпті бұзу, кедергілер жасау және алдау жатады. Мысалы, Джонни жаракат алса немесе біреу басқа біреудің немқұрайлылығы нәтижесінде шығынға ұшыраса, деликттік заңды пайдалана алады. Деликттік құқық 4-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.
- *Келісімшарт құқығы* – келісімдер мен уәделерді реттейтін заң. Келісімшарт заңды түрде орындалады. Егер Джонни басқа бір тұлғамен келісімшарт жасаса немесе біреу оған уәде берсе, ал ол адам келісімшартты орындамаса немесе уәдесінде тұрмаса, Джонни келісімшарт құқығын пайдаланып, сотқа жүгіне алады. Келісімшарт құқығы 5 және 6-тарауларда егжей-тегжейлі қарастырылады.
- *Бәсекелестік құқығы* туралы заң кәсіпкерлік ұйымдары нарықтық күшін теріс пайдаланбауы тиіс. Бұл заң тұтынушылардың құқығын әділетсіз кәсіпкерлік ұйымдардың жосықсыз коммерциялық әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ететін заң. Тұтынушылар құқығын қорғауға арналған ережелер жиынтығы болып

табылады. Бәсекелестік пен тұтынушылар құқығы осы кітаптың 8-тарауында егжей-тегжейлі қарастырылады.

- *Жылжымайтын мүлік құқығы* мүліктік заттарды, құқықтарды (жеке меншік) және жер меншігін (жылжымайтын мүлік) реттейді. Жеке құқыққа зияткерлік меншік (авторлық құқық, сауда белгілері, патенттер және т.б.) кіреді. Жылжымайтын мүлік құқығына жер, ипотека, жалдау және лицензияларды реттейтін ережелер жатады. Егер Джонни үй сатып алғысы келсе, мұндай мәмілені тараптардың құқықтары мен міндеттерін жылжымайтын мүлік құқығы (келісімшарт құқығы сияқты) реттейді. Зияткерлік меншік құқығы 9-тарауда егжей-тегжейлі қаралады, ал жылжымайтын мүлік құқығы 10 және 11-тарауларда қаралады.
- *Коммерциялық құқық* агенттік (7-тарау), франшизалар (10-тарау), сактандыру (11-тарау) және банкроттық (13-тарау) сияқты түрлі коммерциялық мәселелерді реттейді.
- *Еңбек құқығы* жұмыс берушілер мен қызметкерлердің арасындағы қарым-қатынастарды реттейді. Егер Джонни өзінің қызметкерлерімен еңбекақы мен жұмыс жағдайы, еңбек шарты туралы келіссөз жасағысы келсе, келіссөздер еңбек құқығымен реттелегін болады. Еңбек құқығы 10-тарауда қарастырылады.
- *Кооперативтік құқық* корпорациялар мен әріптестікті құру, басқару және оларға қатысты мәселелерді шешуді реттейді. Компания мен серіктестік құқығы туралы 10, 11, 12 және 13-бөлімдерден толық мәлімет ала аласыздар.

1.7-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Қандай құқық санаты немесе санаттары мынадай жағдайлардың қайсысында ең өзекті болар еді?

1. Федералдық Парламент жаңа өндірістік қатынастар режимін белгілейтін заң қабылдады. Квинсленд үкіметі Федералдық Парламенттің мұндай заң қабылдауға өкілеттігі жоқ деп мәлімдейді.
2. Журналист Эш туралы шындыққа жатпайтын, жала айыптаулары бар ақпараттық мақала жазды.
3. Көлік департаменті Джоннидің анасына көлік жүргізу куәлігін беруден бас тартты. Джоннидің анасы шешім қабылдаушыға қысым жасалды деп санайды.
4. Эшке дүкеннен зат ұрлады деген айып тағылды.
5. Джоннидің бәсекелестерінің бірі Джоннидің логотипіне өте ұқсас логотипті пайдаланып жүр.
6. Джоннидің тауар жеткізушілерінің бірі жазбаша келісімді бұзып, келісілген күні оның мейрамханасына маңызды өнімді жеткізіп берген жоқ.

Қылмыстық және азаматтық іс жүргізу құқығы

Түрлі заңды санаттаудың тағы бір жолы оның қылмыстық немесе азамат құқыққа қатысты болуына қарай жіктеледі. Халықаралық жария құқығы мен жеке құқық арасындағы айырмашылық әдетте, материалдық құқыққа қолданылатындықтан, қылмыстық және азаматтық іс жүргізу құқығына қатысты қолданылады.

Алдыңғы тарауда түсіндірілгендей, *қылмыстық құқық*, қылмыстық заң бұзушылықты және оларды бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын белгілейді. Қылмыстық сот

талқылауында мемлекеттің атынан айыптаушы мен жеке тұлғаның арасындағы дау қаралады.

Осы тұрғыда, *азаматтық заң* жеке тұлға заңына теңестіріледі. Азаматтық сот талқылауында, екі немесе одан да көп адамдар арасындағы дау қаралады.

Біз қылмыстық және азаматтық құқық арасындағы айырмашылықтарды 2-тарауда толығырақ түсіндіреміз.

Ұлттық және халықаралық құқық

Заңды санаттаудың төртінші жолы – нақты заң ұлттық, отандық немесе халықаралық жария құқығының құрамдас бөлігі болуына қарай бөлінеді.

Ұлттық және халықаралық құқық (немесе муниципалдық құқық) – осындай ұлт немесе мемлекет сияқты белгілі бір құзырет шегінде тұлғаларды реттейтін заң.

ұлттық құқық – белгілі бір құзырет шегінде тұлғаларды реттейтін заң.

Бұл мәтінде қарастырылатын заңның көпшілігі Аустралияның ішкі ұлттық заңы. Заң белгілі бір құзырет шегінде адам құқығын реттейді.

Алайда, қазіргі жаһандану дәуірінде, бұл заң өзі біртіндеп интернационализациялау процесін бастан өткізіп жатқаны ешкімді таңғалдырмауы тиіс. Шын мәнінде, әлемде халықаралық үкімет пен халықаралық жария құқығы жүйесі болудың ауылы әлі алыс, бірақ халықаралық құқық органдары өсіп келе жатыр. Халықаралық құқықтың мемлекеттік халықаралық жария құқығы және халықаралық жеке құқық сияқты екі түрі бар.

Халықаралық жария құқығы – мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін ережелер жиынтығы. Халықаралық үкімет жоқ, сондықтан мемлекеттік халықаралық жария құқығы көздері – мемлекет арасындағы кедендер, келісімшарттар мен конвенциялар. Аустралия дерлік 1000 осындай халықаралық шарттар мен келісімдерге, оның ішінде халықаралық тауар сатуды реттейтін Вена Сауда конвенциясы, халықаралық авторлық құқықты қорғауды реттейтін Берн конвенциясына кірді. Халықаралық шарттар мен конвенциялар автоматты түрде заң емес, қысқаша айтқанда, заңнама түрінде парламент қабылдамаса, олар Аустралияда заң жүзінде орындалмайды. Халықаралық жария құқығын басқаратын институттарға Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық Әділет Соты, халықаралық еңбек ұйымы, Дүниежүзілік сауда ұйымы мен Халықаралық валюта қоры кіреді.

халықаралық жария құқығы – мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін ережелер жиынтығы.

Халықаралық азаматтық құқық (кейде оны «шиеленіс заңы» деп атайды) түрлі мемлекет адамдары арасындағы дауды шешуге қандай халықаралық жария құқығы қолданылуы тиіс екендігін айқындайтын заң ережелері жиынтығы болып табылады. Мұндай мәселелер жалпы практика негізінде немесе тараптар арасындағы келісімшарттар арқылы шешілуі мүмкін. Интернеттің дамуы адамдардың халықаралық операциялармен айналысуын оңайлатуына байланысты, осы заң аса маңызды заң саласына айналып отыр.

халықаралық азаматтық құқық (кейде оны «шиеленіс заңы» деп атайды) – түрлі мемлекет адамдары арасындағы дауды шешуге қандай бұқаралық құқықтың қолданылуы тиіс екендігін айқындайтын заң ережелерінің жиынтығы.

Аустралия соты халықаралық жария құқығына қатысты дауды шешуден бұрын үш мәселені шешіп алуы тиіс.

1. Соттың істі тыңдауға базалық юрисдикциясы бар ма?
2. Қандай заң қолданылуы керек?
3. Дауды шешу үшін сотта ең ыңғайлы және керекті форум барма?

Аустралия сотында халықаралық дау заңын тыңдауға құқылы мынадай негізгі **юрисдикция** бар:

- **талап арыз** қаралатын кезде (қызмет көрсетілгенде) айыпталушы (арыз бойынша жауапкер болатын адам) сот юрисдикциясында болғанда;
- айыпталушы сот юрисдикциясына ұсынылады;
- сот юрисдикциясынан тыс талап арызды қарауға және қызмет көрсетуге сот біреуді уәкілеттік еткенде.

Егер Аустралиялық сот бұл халықаралық дауды тыңдауға негізгі юрисдикция бар деп шешім қабылдаса, ол содан кейін қай заңды, яғни, Аустралия заңын немесе басқа мемлекеттің заңын қолдануға болатынын шешуі тиіс. Бұл мәселе жүзеге асырылатын талаптың түріне сәйкес шешіледі. Шағымдар келісімшарт жөнінде болса, сот келісімшарт тараптары өздерінің келіссөзінде қай мемлекеттің заңы қолданылуы тиіс екенін келіскенде, сот талап арызды қарайды, егер сол елдің заңына келісетін болса, онда әдетте сол заң қолданылады. Тараптар қай заңды қолдануды келісе алмағанда, сот қай заң жүйесі шартқа жақынырақ байланысты екенін қарастырады. Бұл әдетте, келісімшарт (5-тарауды қараңыз) жасалған заң жүйесі болады.

Аустралия сотының істі тыңдаудан бас тартуға немесе оны басқа жерге жіберуге еркіндігі бар. Бұл тандау *forum non conveniens* деп аталады. Аустралияда сот тек осы дискрецияны ғана жүзеге асырады және Аустралиялық сот «анық лайықсыз форум» болғанда, істі қараудан бас тартады, оның орнына істі тыңдайтын мәртебесі бар шетелдік сот бар.²

юрисдикция – парламентке, мемлекеттік органға немесе сотқа жүктелген уәкілеттік пен биліктің көлемі.

талап арыз – азаматтық іс қозғайтын талапкердің талаптарын белгілейтін құжат.

Гутниктің *Dow Jones & Company Inc (2002) 210 575 ЖШС компаниясына қарсы талап арызы*

Гутник, Виктория штатының тұрғыны, АҚШ инвесторларының *Barron* журналына жарияланған мақалада оның атына жасалған сілтемелер жала деп айып тақты. Ол Dow Jones & Company Inc. (АҚШ корпорациясы мен журналының баспагері) компаниясына қарсы жала жабу жөнінде Виктория сотына шағым түсірді. Көптеген Виктория штатының тұрғындары осы журналдың интернет нұсқасына жазылғандықтан, Викторияда өзінің атына кір келді деп дау айтты. Dow Jones & Company Inc. мақала оның веб-сайты сақталған жерде, Нью-Джерсиде, Америка Құрама Штаттарында орналасқан серверлерде жарияланды деп уәж айтты: сотқа (1) істі тыңдауға оның базалық юрисдикциясы бар екендігін; (2) егер бар болса, онда қай заң қолданылуы тиіс екендігін және (3) Викторияның лайықсыз немесе ыңғайсыз форум екенін анықтауды шешуге тура келді. Сот (1) іс жүзінде мақала қашан жүктеліп, қашан оқылмасын, Викторияда «жарияланғандықтан», онда істі тыңдауға негізгі юрисдикция бар; (2) тиісті заң Аустралия заңы, өйткені жала жабу әрекеті Құрама Штаттарға қарағанда Аустралияда орын алған және (3) Виктория істі тыңдауға «анық лайықты форум емес» деп шешті.

² *Voth v Manildra Flour Mills Pty Ltd* (1990) 171 CLR 538, 556.

диффамация – деликтік заң. Біреу ауызша немесе жазбаша түрде, үшінші тарапқа басқа адам туралы мәлімдеме жариялағанда ол адамның беделіне нұқсан келтіргенде қолданылады.

1.8-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сіздің ойыңызша, реттеуді халықаралықтандырудан яғни, юрисдикцияға қарамастан қолданылуы және орындалуы мүмкін ережелер жиынтығын жасап, артықшылыққа ие болатын үш саланы анықтаңыз.

Заңды өзгерту

Заңның кейбір санаттары ғасырлар бойы тұрақты болып қалады, ал басқа санаттары үнемі өзгереді. Заң тірі зат сияқты, өсетін нәрсе, кейде баяу өзгереді, ал кей уақытта өте тез өзгертілуі мүмкін. Нақты заң немесе заң санатының көптеген өзгертілуі себептері бар.

- *Саяси өзгеріс.* Кейде заң үкіметтегі өзгеріске байланысты өзгереді. Әртүрлі саяси партиялардың әрқилы саясаты бар және жаңа саяси партия сайлаудан кейін үкіметті бақылауға алады, олар заңды өзгерту арқылы өздерінің саясатын жүзеге асырады.
- *Белгілеу мәселелері.* Кейде заңдар заң шығарушылардың қалаған жолымен қолданылмайды немесе түсіндірілмейді. Кейде заңгерлер заңнамадан заң ықпалын айналып өтуге мүмкіндік беретін **олқылықтар** табады. Осындай кемшіліктерді жою үшін заң шығарушыларға заңды өзгертуге немесе «өзгерістер, толықтырулар» енгізуге тура келеді.
- *Құндылықтарды өзгерту.* Біз бұрын заң әлеуметтік және моралдық құндылықтарды көрсетуге арналатынын түсіндіргенбіз. Мұндай құндылықтар уақыт өткен сайын өзгереді, сондықтан заң олардан қалыс қалмас үшін өзгертілуі тиіс. Мысалы, бұрынғы бір кездері тұрмыс құрған әйелдерге қатысты заң қазіргі заңнан мүлдем басқаша болатын, тұрмысқа шыққан әйелдердің атында мүлік иелегі болуына рұқсат берілген жоқ және заңда олардың тарапынан қандай да бір келісімшарт жасауда қабілеті танылған жоқ. Бұл сол уақыттағы қоғамдастықтағы үстем құндылықтардың көрінісі болды. Бұл құндылықтар, әрине өзгерді және заңда бүгінде тұрмыс құрған әйелдерге қоғамның барлық мүшелері сияқты қаралады.
- *Ықпалды, қысым жасаушы топтар.* Кейде заң қоғамда белгілі бір топтардың үкіметке қысым жасауы нәтижесінде өзгереді. Мұндай топтарды кейде лобби топтар деп атайды. Оларға жұмыс берушілер, одақтар, студенттер, экологиялық топтар, шіркеулер және қайырымдылық ұйымдары жатады. Қолданыстағы заңдағы теңсіздік немесе әділетсіздік нәтижесінде, **лобби топ** немесе топтар заңның өзгертілуін туғызады.
- *Технологияны өзгерту.* Кейде технологиядағы өзгеріс заңның өзгеруіне алып келеді. Жол жүру заңдары автокөлікті ойлап тапқаннан кейін әлдеқайда күрделене түсті және әуе



козғалысы ережелері ұшақты ойлап тапқаннан кейін дамыды. Қазіргі кезде бұдан 20 жыл бұрын тіпті болмаған заңның анағұрлым қарқынды өзгерген салаларының бірі – Интернет заңы.

Заң үнемі өзгеріп отыратындықтан, ол сізге заң бүгін қандай екенін білу ғана емес, сонымен қатар, егер заң өзгерсе, оны қайдан таба алатыныңызды білу де маңызды нәрсе. 3-тарауда біз заңды табу жолын түсіндіреміз.

олқылықтар – заң ережелері сөзбе-сөз түсіндірілетін, адамдарға заңды айналып өтуге мүмкіндік беретін құқықтағы кемістіктер.

лобби топтар – қоғамдағы заңға реформа жасау үшін заң органдарына қысым жасайтын топ.

Ескерту!

Заң үнемі өзгереді. Заң ережесін іздеген кезде, заңнама немесе іс заңы түрінде болсын, әрқашан заңның өзгеруі ықтимал екенін біліңіз, сондықтан сіздің дереккөзіңіз ең жаңа заң екеніне көз жеткізуіңіз керек.

1.9-тапсырма. Пысықтау

Бұрын аталған материалдық заңның түрлі санаттарын қарастырыңыз.

Заңның қай санаттары жиі өзгереді деп ойлайсыз?

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын, мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

1.5 Осы оқулықтағы қабылданған заңның анықтамасы қандай?

1.6 Заңды ереже мен заңды емес ереженің арасындағы айырмашылық неде?

1.7 Заңның рөлі қандай:

(а) дауды шешуде

(ә) бейбітшілікті сақтауда

(б) қоғамдық құндылықтарды сақтауда

(в) экономиканы тұрақтандыруда

(г) әлеуметтік жағдайы төмендерге көмектесуде

1.8 Заңның ережесі қандай?

1.9 Материалдық заң мен іс жүргізу заңы арасында қандай айырмашылық бар?

1.10 Мемлекеттік заң мен жеке тұлға туралы заң арасындағы айырмашылық неде?

1.11 Қандай мәселелер жеке тұлға туралы заңмен реттеледі?

1.12 Қандай мәселелер қоғамдық заңмен реттеледі?

1.13 Азаматтық заң мен қылмыстық заң арасында қандай айырмашылық бар?

1.14 «Юрисдикция» терминінің мағынасы не?


1.15 «Мемлекеттік халықаралық заң» мен «Халықаралық жеке тұлға туралы заң» арасындағы айырмашылық қандай?

1.16 Қандай жағдайларда Аустралия соты халықаралық заңды дауды тыңдайды?

1.14 Неге заң жиі өзгереді? Бес себебін атап, түсіндіріңіз.

Әділет, этика және саясат

Бұл тараушада (1.3-суретті қараңыз) құқық пен әділет, құқық пен этика, құқық пен саясат арасындағы қарым-қатынастарды зерттейміз.



1.3-сурет. Заң аясында

Құқық пен әділеттілік


Құқық пен әділет арасында қандай байланыс бар? Жоғарыда түсіндірілгендей, кейбір құқық философтары заң әділеттіліктің әмбебап принциптерінің міндетті көрінісі екенін талап етеді, басқалары заңдылық пен әділеттілік мәселелері міндетті түрде байланысты болуы міндетті емес деп ойлайды. Кез келген жағдайда, құқық пен әділеттілік арасындағы қарым-қатынас қажет болмауы мүмкін, ал бұл жөн. Көптеген адамдар құқықтық нормалар мен құқықтық шешімдерді ғана қалар еді. Бір ғалымның айтуынша,³ «әділет әлеуметтік мекемелердің бірінші ізгілігі, шындық ойлау жүйелері. Сонда әділет нақты заңдарды өлшеуге болатын стандартты қамтамасыз етеді. Бірақ әділдік деген не?

Әділетті анықтау

Әділетті көп жағдайда әділ өтемақы, әділ жаза, әділ шешім немесе ресурстарды әділ бөлу сияқты жай ғана әділдік деп түсіндіруге болады. Әділдік ұғымы көптеген жолдармен кәсіпкерлік туралы заңның дамуына әсер етті. 2-тарауда жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп сатып алған кезде Аустралия Конституциясы Федералдық үкіметті «тек өтемақы төлеуге» қалай міндеттейтінін сипаттаймыз. 5 және 6-тарауларда тараптардың бірі әділетсіз болғандықтан, келісімшарттың орындалмауы ықтимал болатын жағдайлар сипатталады. 8-тарауда олар тұтынушыларға немесе бәсекелестеріне әділетсіз болғандықтан, кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салынатын мінез-құлық түрлері анық бар екенін түсіндіріледі. 12-тарауда жұмыс беруші қызметкерді әділетсіз жағдайларда жұмыстан босатқан болса, олар келтірген зиянды қайта қалпына келтіруге немесе қандай да бір басқа түрде қалпына келтіруге құқылы болатыны түсіндіріледі. Бірақ «әділдік деген не? Ненің әділ және ненің әділетсіз екенін кім шешеді? Әділет көзі туралы ойлаудың көптеген түрлі жолдары бар (1.4-суретті қараңыз).

әділет/Әділет (1) Егер кіші әріппен жазылса, қалай заң жүйелері басқарылуы тиіс және жеке тұлғалар қалай әрекет етуі керек, қайсысына қарсы заң төрелік айта алады деген мәселені қарастыратын сыртқы құндылық. (2) Егер үлкен әріппен жазылса, Жоғарғы Сотта, Федералдық сотта, Отбасы соты немесе мемлекеттік Жоғарғы сотының судьясына берілген атақ.

³ John Rawls. *A Theory of Justice* (Oxford University Press, 1999).



1.4-сурет. Әділет деген не?


- *Әділет* – христиан, ислам немесе еврей құдайы сияқты өсиеттің өкілетті бұйрығы. Мысалы, егер адам уәдесін бұзса, сол бұзған уәдесін өтеуге тиіс, өйткені Құранда солай дейді.
- Әділет – табиғи заң ретінде әмбебап және абсолютті тұжырымдама, барлық заңдар мен нормативтік-құқықтық процестері таразыланатын объективті стандарт. Мысалы, егер адам уәдесін бұзса, сол бұзған уәдесін өтеуге тиіс, өйткені уәдені бұзу дұрыс емес және дұрыс әрекет жасамаған адамдар сол теріс әрекетінен келтірген зиянын өтеуге тиіс, дұрыс жол тек осы.
- Әділет позитивті заң ретінде (заң) не айтса да, әділдікті айтады. Мысалы, егер адам уәдесін бұзса, сол бұзған уәдесін өтеуге тиіс, өйткені заңның шарты осыны талап етеді.
- Әділет өзара келісім ретінде қоғамдастық негіз келіссе, сол – әділет. Мысалы, егер адам уәдесін бұзса, сол бұзған уәдесін өтеуге тиіс, өйткені қоғамдастық мүшелері уәдені орындауға және уәдесін бұзған адам оны өтеуге міндетті деп келісті.
- Әділет – консеквенциализм ретінде жалпы әл-ауқат тұрғысынан үздік салдарлары бар шешім немесе әрекет. Бұл әділеттің прагматикалық тұжырымдамасы болып табылады. Мысалы, егер адам уәдесін бұзса, сол бұзған уәдесін өтеуге тиіс, өйткені бұл қоғамдастықтағы басқалардың уәдені бұзуына тойтарыс беріп тежейді, сондай-ақ, бұл бүкіл қоғамға пайдалы болады.

1.10-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Кісі өлтірушіні неге жазалау керек деп ойлайсыз? Жауабыңызды жоғарыдағы бір немесе бірнеше әділет тұжырымдамасына негіздеңіз.

Әділет түрлері

Бұл тараушада әділеттің үш негізгі түрін сипаттаймыз (1.5-суретті қараңыз).



1.5-сурет. Әділет түрлері

Теңдей бөлу әділдігі

Теңдей бөлу әділдігі топ, қауымдастық ішінде байлық, ресурстар мен билік сияқты нәрселерді әділ және дұрыс бөлуді қарастырады. **Бөлу әділдігіне** осы нәрселер әділ және дұрыс бөлінгенде кол жеткізіледі. Заң – осындай әділ және дұрыс бөлуді қамтамасыз ету құралы.

Бірақ қай кезде бөлу «әділ және дұрыс болады? Мұның бірнеше ықтималдықтары бар.

- **Эгалитаризмге** сәйкес, ресурстар топ пен қоғамдастық ішінде, мүмкіндік немесе қорытындылар тұрғысынан тең бөлінуі тиіс. Егер сіз бөлу әділдігінің элитарлық ұғымына сәйкес достарыңызға шоколад тортты бөлсеңіз, онда сіз тортты бәріне бірдей мөлшерде берер едіңіз.
- **Лайықтылық теориясына** (әркімнің қажетіне, еңбегіне қарай бөлу) сәйкес, ресурстар топ немесе қоғамдастық ішіндегі теңдікке емес, мұқтаждық, талант немесе күш жігерге негізделіп, сіңген еңбегіне қарай бөлінуі тиіс. Егер сіз тортты достарыңызға бөлу әділдігінің сіңген еңбегіне қарай бөлу теориясына сәйкес бөлсеңіз, онда қажеттілік негізінде ірі тілімдерді ең аш адамға, ал ең кішкентай бөлігін азырақ аш адамға бересіз т.с.с. Осыған ұқсас, тортты сіз достарыңыздың рейтинг (дәреже) нәтижелерін көрсетуге алып келетін, үлкен бөлікті бірінші болған досыңызға беруді шешетін конкурс (мысалы, жарыс сияқты) өткізу арқылы күш – жігерге қарай бөлесіз.
- **Утилитаризмге** сәйкес ресурстар топ немесе қоғамдастық ішінде жалпы немесе орташа әл-ауқатты жақсартатындай етіп бөлінуге тиіс. Егер сіз тортты достарыңызға бөлу әділдігінің утилитариандық (құралдық) ұғымына сәйкес бөлсеңіз, онда сіз шоколадты өте жақсы көретін адамға ең үлкен бөлігін, аз ұнататын адамға ең кішкентай бөлігін бересіз т.с.с., осылайша достарыңыздың жалпы қуанышын ұлғайтасыз.

бөлу әділдігі – топ, қауымдастық ішінде байлық, ресурстар мен билік сияқты нәрселерді әділ және дұрыс бөлу.

эгалитаризм – ресурстарды топ пен қоғамдастық ішінде әділ және дұрыс бөлу деген ұғым.

лайықтылық теориясы – ресурстар топ пен қоғамдастық ішінде еңбегіне қарай бөлінуі тиіс деген ұғым.

утилитаризм – ресурстар топ немесе қоғамдастық мүшелерінің жалпы немесе орташа әл-ауқатын ұлғайтатындай бөлінуге тиіс деген ұғым.

1.11-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Бөлу әділдігінің қай теориясы қоғамдастық ішінде қаржы байлығын бөлуге ең қолайлы деп саналады? Неге басқа теориялар лайықты емес?

Жазалаушы сот әділдігі

Жазалаушы сот әділдігі – заңсыз әрекетке «әділ, дұрыс» шешім жасау. Жазалаушы әділ сот ісі саласы қылмыстық және басқа да зиянды мінез-құлыққа тиісті жауап қарастырады. Қай кезде қылмыскердің жазасы әділ болады? Тиісті жазаның қай түрі лайықты? Сондай-ақ, осындай сұрақтың басқа да түрлеріне көптеген ықтимал жауап бар.

- Лайықтылық теориясына сәйкес, жаза қылмыскердің кінәсіне сәйкес шешілуі тиіс. Құқық бұзушы жалпы дүниелік нәрсені есептеудің бір бөлігі емес, жеке тұлға ретінде қаралуы тиіс. Қоғамдастық үшін жазаның кез келген артықшылығы жазаның жеке тұлғаға ықпалы мен қылмыскердің нақты жасаған қылмысы мен оның алған жазасы арасындағы тиісті тепе-теңдікке қол жеткізуден маңызды емес.
- Жазалаушы сот әділдігіне құралдық тәсілдерді пайдалануға сәйкес, басқа қылмыскерлерге тойтарыс беру арқылы қоғамдастықтың жалпы жағдайын жақсартқанда, жазасын өтеп, ақталған қылмыскерлерді қайта оңалдыру немесе заңды сақтауды қамтамасыз еткенде, жаза әділ болады. Қоғамдастық үшін жазаның артықшылығынан гөрі жазаның жеке тұлғаға әсері азырақ маңызды.

жазалаушы сот әділдігі – заң бұзған әрекетке әділ және дұрыс жауап беру.

ақ жағалы қылмыскер – артықшылық жағдайын асыра пайдалану арқылы кәсіпкерлік немесе мемлекеттік ұйым адамының жасаған қылмысы.

1.12-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Қылмыс жасаған лауазымды тұлғаға жаза тағайындалғанда, өзіңіз судьяның ескеруі тиіс деп есептейтін факторлардың тізімін жасаңыз. Жоғарыда аталған жазалаушы әділет теорияларына сіздің жауабыңыздың қандай қатысы бар?

Жазалаушы сот **әділдігін қалпына келтіру** әділдігімен салыстыруға болады. Жазалаушы сот әділдігі кінә жасаған адамды қалай әділ жазалаумен айналысса, қалпына келтіру төрелігі жәбірленушіні оңалдыру, қалпына келтіру немесе емдеу және қылмыскердің қоғамға қайта кірігуін қарастырады. Қалпына келтіру төрелігі жәбірленушіге келтірілген зиянды қалпына келтіріп, өңдеуге мүмкіндік беруі сияқты, қылмыскерді өзінің әрекеті зардабынан арылуға және түзеуге, яғни екеуін де қалпына келтіруге мүдделі.

Процессуалдық сот

Процессуалдық сот әділдігі адамның қылмыстық істі әділ тыңдауға немесе істің сот тарапынан әділ қаралуын жүзеге асырады. Егер қылмысы үшін жауапқа тартылған адамды немесе азаматтық соттың тарапына әділ тыңдауды қамтамасыз ететін заңды жүйесінде кепілдіктер жасалса, ол заң жүйесін процессуалды дейді.

Осындай кепілдіктердің мысалдарына мыналар жатады:

- оларға қарсы болжамды мәселелер туралы жауапкерді хабардар ету талабы;
- әр тарапқа өздерінің қарсыластарының дәлелдемелерін кросс-сынақ арқылы тексеруге мүмкіндік беру талабы;

- алқабилердің бұрын сот ісін тыңдау құқығы;
- арыз беруші тарапқа дәлелдеу міндетін жүктеу;
- дәлелдеудің белгілі бір стандартын қанағаттандыратын шағымдар мен тұжырымдар талабы (әдетте «ақылға қонымды күмәннан тыс» қылмыстық сот талқылауында) және «ықтималдықтар тепе-теңдігінде» азаматтық сот талқылауына),
- қылмыстық сот талқылауында алқабилердің бірауыздан қабылдаған шешімін талап ету.

әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру – жәбірленушіні емделу, оңалту немесе қалпына келтіруді, қылмыскердің қоғамға қайта кірігуін қарастыратын қылмыстық сот әділдігінің міндеті.

Жалпы алғанда заң жүйесі осылардан және осыған ұқсас қауіпсіздік шараларынан ауытқиды, жүйені жай ғана процессуалды деп сипаттау мүмкін емес.

Құқық пен этика

Құқық пен **этика** (әдеп) арасын ажырату қажет: заңды нәрсені таңдау этикалық нәрсені таңдау деген емес. Құқықты (заңды) таңдау – заңға сәйкес келетін нәрсе. Этикалық таңдау «жақсы» және «дұрыс» нәрсе.

этика – (1) дұрыс пен теріс нәрсенің арасынан таңдау жасауда, іс-қимылдың ең дұрыс жолын алуға шешім қабылдауда және өздері мен басқалардың іс-әрекеттеріне төрелік жасағанда адамдар басшылыққа алатын қағидаларды зерттеу. (2) Бұлардың өзі қағидалар.

Өзін қалай ұстау керектігі туралы шешім қабылдауда екеуінің де нұсқау ұсынысу жағынан этикалық стандарттар заң ережелеріне ұқсас. Алайда, заң ережелері мен этикалық нормалардың арасында бірнеше маңызды айырмашылықтар бар.

- Егер сіз ненің заңды екенін білгіңіз келсе, онда заңнан кеңес алыңыз, ал этиканың не екенін білгіңіз келсе, өзіңіздің құндылықтарыңызбен, отбасыңызбен, құрбыларыңызбен және қоғамдастықтарыңызбен кеңесіңіз.
- Этиканың заң ережелерінен айырмашылығы, этикалық стандарттар қудалау немесе сот талқылауы арқылы орындалмайды (егер этикалық стандарттар да заң ережелері болмаса). Этикалық стандарттар ұяттан қорқу арқылы кінәлінің ар-ождан, қауымдастықтың қабылдауын немесе мамандығын мойындауды жоғалту қаупі немесе өзін-өзі бағалау, қанағаттандыру және мадақтау тілегі, жақсы адам болып көрінгісі келуі арқылы «жүзеге асады».

Нарықтың теріс мінез-құлық этикасын жазалайды деген алаңдаушылық арқылы әдепті болуға іскерлік ұйымына «қысым жасалуы мүмкін»: тапсырыс берушілер мен қоғамға нақты бір ұйым немесе өндіріс тарапынан этикаға сай келмейтін әрекет туралы мәлім болса, әдетте, олар сол ұйым немесе өнеркәсіпті олардың пайдалануы мен қолдауын қолға алу арқылы хабардарлыққа жауап алады. Қысым, сондай-ақ, банк тәжірибесі кодексі (11-тарауды қараңыз), этикаға сай келмейтін жекелеген нысандарға тыйым салатын заңнама түрінде тұтынушылар құқықтарын қорғау заңнамасы (8-тарауды қараңыз) сияқты ерікті мінез-құлық кодексіні қалыптастыруды және сақтауды қолдау түрінде мемлекет тарапынан жасалуы мүмкін. Этикалық ережелер қайдан шығады? Әділет қағидаттарының шығу тегі туралы сұрақтар сияқты, бұл – ешқандай айқын жауабы жоқ, терең философиялық мәселе. Этикалық ережелер сипаты мен дереккөзін анықтайтын ықтимал тәсілдерді теориялар мен консеквенциализм қамтиды.

- **Деонтологикализм.** Этикалық ережелер, «Құдай жаратқан» немесе табиғатта бар әмбебап ережелер. Олар барлық жерде, барлық уақытта барлығына қолданылады. Адам олардың салдарына қарамастан, осы ережелерді сақтауы тиіс.
- **Консеквенциализм.** Алдыңғы теорияның түрінен айырмашылығы, теорияның бұл түрі мінез-құлық салдарына назар аударады. Консеквенциализмнің ең белгілі мысалы – утилитаризм, егер адамның әрекеті көп адамның жалпы игілігін көбейтетін шешімдер қабылдап, таңдау жасаса, ол этика тұрғысынан дұрыс болады.

деонтологикализм – этиканы қарастыру тәсілі. Осы тәсілге сәйкес, олардың салдарына қарамастан, адамдар сақтауы тиіс этикалық ережелер – әмбебап ережелер.

Консеквенциализм – мінез-құлық, әрекет салдарына назар аударатын этикалық теория, мысалы, утилитаризм.

Мысалы, Джоннидің әкесі Стивен Джонниге кешкі ас дайындайды дейік. Стивен нашар аспаз және кешкі ас – өте дәмсіз болды, бірақ оны жақсы дайындау үшін Стивен бар күшін салып, көп тырысты. Стивен Джонниден ас туралы не ойлайтынын сұрайды. Егер ол дұрыс істегісі келсе, Джонни қалай жауап беруі керек? Джонни этикалық мінез-құлықты анықтауда деонтологиялық тәсілді құптаса, ол өтірік айту әрқашан дұрыс емес деп санауы мүмкін және ол оның салдарына қарамастан, шындықты айтады. Егер Джонни этикалық мінез-құлықты анықтауда консеквенциализм тәсілін немесе утилитарлық тәсілді жақтаса, онда ол өз іс-әрекетінің салдарына алаңдайды және Стивеннің игілігі үшін өтірік айтуды талап ететін, жалпы игілікті ұлғайтатын жауап береді. Этикалық таңдау жасау және оны түсінудің басқа бір ықтимал тәсілдерін ізгілік этикасы мен релятивизм қамтиды. Релятивизмге сәйкес, этикалық құндылықтар, ережелер мен стандарттардың бір кезеңнен екінші кезеңде, бір жерден екінші жерде айырмашылықтары бар; онда дұрыс, теріс деген ешқандай әмбебап стандарттар жоқ және Джонни этикалық дилемманың белгілі бір жағдайларында ықтимал жақсы шешім қабылдауға тиіс. Ізгілік этикасына сәйкес, сізге этикалық таңдау жасау критериіне емес, этикалық адамның тұлғалық, жеке басы қасиеттеріне назар аудару қажет. Жоғарыдағы жағдайда Джонни сұраққа ізгілікті адам жауап беретіндей жауап беруі тиіс.



Заң аясында: Заң тәжірибелері

Қалай әдеби (этикалық) болу керек

Іскерлік әлемінде тек қана төменгі сызыққа назар аудару, заң шеңберінде мүмкіндігінше, көп ақша табуға бар күш-жігерін жұмсау тартымды. Бірақ жоғары стандартқа бағытталған және этикалық тұрғыда кәсіпкерлік жүргізумен байланысты елеулі сыйақылар бар және ол сыйақылардың бәрі қаржылық емес: өз әріптестері мен клиенттерінің құрметі, адал және сенімді іскер тұлға ретінде танылумен келетін жақсы ниет, өзінің дұрыс нәрсе жасағанын түсінумен байланысты өзін-өзі бағалау, қадірлеу.

Этикалық тұлға болу тұтастық, даналық және моральдық батылдық сияқты үш қасиет сипатымен байланысты.

- Тұтастық біртұтастық немесе толықтықты білдіреді. Адам біртұтас өз нанымы мен моральдық құндылықтарына сәйкес әрекет етеді, басқа сөзбен айтқанда, олардың ойлауы, сөзі мен іс-әрекеті арасында керемет үйлесім бар. Олардың сөзі мен ісінің арасында тұтастық бар. Ондай адам адал, құрметті, әрі сенімді және олар қандай уәде берсе де, орындайды, оған сенім артуға болады.

- Даналық дұрыс шешім мен ашық пайымдаулар жасауға қажетті зияткерлік және эмоциялық ресурстарға жатады. Даналыққа ресми және бейресми үйрену арқылы ие болуға болады. Ресми үйрену әдепті адамға этикалық шешім қабылдауға қажетті білім, ақпарат және ойлау дағдыларын қалыптастырады. Бейресми үйрену этикалық мәселелермен байланысты практикалық тәжірибе арқылы, сондай-ақ, басқа әдепті адамдардың үлгісі мен ықпалы, әсері арқылы жинақталады.
- Моральдық батылдық қиын жағдайда таңдау жасау қабілеті мен ерік жігер және басқалар үшін дұрыс әрекет жасау үшін дайын тұру болып табылады. Ылғи солай істеліп келген істі басқаша істеу көп жағдайда қиын болады немесе білдіретін өз көзқарасы көпшіліктің пікірімен қайшы келеді, бірақ егер олар дәстүр немесе жалпы мәні этикалық деп санамаса да, әдепті адам қалай болғанда да солай істейді.

Әдетте, құқықтық ережелер мен этикалық нормалардың арасында жалпы сәйкестік бар, бірақ әрдайым олай бола бермейді. Кейбір әрекет, мінез заң тұрғысында дұрыс, бірақ этикалық тұрғыда дұрыс болмауы мүмкін. Мысалы, Джонни жергілікті үкіметтің қоршаған ортаны қорғау ережелерінен өзіне Ұлттық паркте демпингтік қауіпті улы қалдықтарды заңды түрде тастауға мүмкіндік беретін олқылықтарды сезінуі мүмкін. Егер ол тек заңды ережелерге сәйкес әрекет жасаса, қоқыс қалдықтарын тастайды, бірақ ол этикалық нормаларға сәйкес әрекет жасауға мүдделі болса, оған өзінің әрекеті туралы жақсылап ойлануға тура келеді.

1.13-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

(1) Этикаға жатпайтын мінез-құлық, әрекетке және (2) заңсыз, бірақ этикалық нормаларға сәйкес келетін әрекеттерге мысал келтіріңіз.

Құқық пен этика арасында қажетті қарым-қатынас болуы да, болмауы да мүмкін, бірақ оның болғаны, әрине өте жөн болар еді. Ол мүмкін болғандықтан, заң этикалық құндылықтарды көрсетеді. Этика жаңа заңның дамуын әдетте мәлімдейді. Ал этикалық мінез-құлық көбінесе, заң талаптарын қанағаттандырады.

ЕСКЕРТУ!

Тек нақты бір іс-қимыл түрі заңды болғандықтан ғана солай істеу дұрыс дегенді білдірмейді.



ЗАҢ АЯСЫНДА: ҚҰҚЫҚ ПЕН ЭТИКА

Этикаға жатпайтын корпоративтік әрекет құны

2001 жылдың наурызында Аустралияның екінші ірі сақтандыру компаниясы *НИН* Сақтандыру компаниясы өзін дәрменсіз деп жариялап, 5,3 млрд \$ қарызын алдын ала таратуға барды. Аустралияда апатты корпоратив ыдырауы кезеңінде, *НИН* компаниясының құлдырауы, әдетте өте нашар жағдай ретінде танылады.

НИН корпорациясының ыдырау салдары кең таралды және жойқын болды. Тікелей

зардап шеккендердің қатарында бұл бұдан былай олардың табысын қорғау немесе медициналық сақтандыру полистері бойынша төлемдер ала алмайтын көптеген ауыр халдегі және мүгедек аустралиялықтар болды, сақтандыру полистері бар адамдарға кенеттен қарсы шағымдар жасау керектігі жарияланбағаны анықталды; *НИН* корпорациясының акциялары өздерінің зейнетақы жинақтарын немесе өмірін сақтандыруға инвестиция салған зейнеткерлер мен көптеген қызметкерлер *НИН* корпорациясы ыдырағаннан кейін жұмыс орындарын жоғалтты. Қайырымдылық қоры мен спорт клубтары, соның ішінде көптеген коммерциялық емес ұйымдарға баламалы қоғамдық сақтандыру жауапкершілігі бар ұйымды табу мүмкіндігі болмады. *НИН* корпорациясы Аустралияның ең үлкен ішкі нарықтық сақтандырушылардың бірі еді және оның ыдырауы үй иелерін міндетті кепілдік сақтандырусыз қалдырды, тұрғын үй иелерінің ақаулы құрылыс жұмыстары аяқталмай қалды, құрылысшылар кепілдік сақтандыру алу мүмкін болмағандықтан, жұмыс істей алмады. Құрылыс пен құрылыс саласының құны ауқымды болғаны сонша, мемлекеттік үкімет өндіріс саласының одан әрі құлдырауын болдырмау үшін мемлекеттің миллиондаған доллар ақшасын жұмсауға мәжбүр болды. Сондай-ақ, *НИН* корпорациясының құлдырауы өз кезегінде Аустралида қоғамдық міндетті сақтандыру дағдарысы ретінде белгілі жан-жақты және даулы Аустралиялық деликттік құқық заң реформасына әкелді: зиян келтіруге тосқауыл қоюға сыйақы енгізілді, шектеу кезеңдері жөнінде келісімшарт жасалды және көп зардап шеккен құрбандарға арналған пропорционалды міндеттеме (4-тарауды қараңыз) жүзеге асырылды.

2001 жылдың маусым айында, Аустралияның Премьер-министрі *НИН* корпорациясының құлдырауына қатысты *Royal* комиссиясының тергеу жұмысын жүргізетінін жариялады. *Royal* комиссиясы *НИН* корпорациясының директорлары мен лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері корпорацияның құлдырауына қаншалықты ықпал еткеніне немесе корпоративті басқаруға мүдделі болмау тәжірибесіне назар аударды. *Royal* комиссиясы 2001 жылғы (Дст) корпорациялар туралы заңнаманы 56 бұзу фактісін және одан әрі тергеу Аустралиялық Бағалы қағаздар мен инвестициялар жөніндегі комиссияға (АҒӨК) жатқызылуы тиіс өзге де заңнамаларды бұзу жағдайы бар екенін тапты. Тергеу қорытындысы бойынша, АҒӨК *НИН* корпорациясының бірқатар директорларына қатысты іс қозғалды. 2002 жылдың наурыз айында, сот директорлардың бірі Родней Адлердің корпорациялар жөніндегі заң бойынша бірнеше азаматтық айыппұл салу ережелеріне қайшы әрекет жасағанын анықтады. 2002 жылдың мамыр айында сот Адлерді 20 жыл мерзімге директор болу құқығынан айырды, өзін және оның Адлер корпорациясын *НИН* корпорациясына әрқайсысы 450 млн \$ жиынтық өтемақы төлеуге міндеттеді. Адлер мен оның серіктес директоры және бұрынғы бас атқарушы лауазымды қызметкері Рей Уильямсты *НИН* корпорациясына шамамен 8 млн \$ жиынтық өтемақы төлеуге міндеттеді. Ол материалдық, атап айтқанда жалған болды. *НИН* корпорациясы акцияларын өзге тұлғалардың сатып алуын тездету мақсатында, ең алдымен, білмей ақпарат тарату – екі санақ, жалған ақша алу немесе адастыратын – бір саны: 2005 жылдың ақпан айында Адлерге нақты материалда жалған екенін біле тұра ақпарат таратудың екі фактісі, *НИН* корпорациясы акцияларын өзге тұлғалардың сатып алуын тездетуге жол беру мақсаты, жалған және әдейі адастыратын өтініштер арқылы ақша табудың бір фактісі, мүдделі түрде адал болмау, компанияның ең басты мүддесі үшін *НИН* корпорациясының директоры ретінде өз міндеттерін адал орындамағаны сияқты төрт қылмыстық іс бойынша айып тағылды. (Компания директорларының міндеттері туралы 12-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады). 2005 жылдың сәуір айында Адлер

екі жарым жыл шартты мерзімінен бұрын босатылмайтын бап бойынша төрт жарым жылға сотталды. Адлерге үкім шығарғанда судья Данфорд былай деп мәлімдеді:

Бұл қылмыстар ауыр және коммерциялық моральдың жан түршігерліктей дәрежеде жоқтығын көрсетеді Директорлар өз мүдделерін іске асыру үшін емес, олардың алдында фидуциарлық міндеттемелері бар акционерлерінің мүдделері үшін компанияны басқаруға тағайындалады ... Бұл қылмыстар әділеттік заңын білмегендіктен жіберілген қателер емес, *НИН* корпорациясының директоры ретінде өздерінің фидуциарлық міндеттерін бұза отырып, *НИН* корпорациясына қасақана өтірік, қылмыстық әрекет жасауы.¹

Құқық пен саясат

Құқық жиі саясатпен байланысты, бірақ ол – саясаттан әлдеқайда көбірек нәрсе. Құқық – тарихи даму, дәстүр, мәдени құндылықтар және қоғамдық әділет пен этиканы қабылдау нәтижесі болып табылады. Шын мәнінде, ол жиі билік пен саясат мәселелерінен толығымен бөлек, құқық туралы сұрақтарға жауап беруге тырысады.

Алайда, шындық құқық көп жағдайда саясаттан әлдеқайда көбірек нәрсе болғанда, заңды міндетті түрде билік пен саясат қалыптастырады және оған әсер етеді. Нақты заңдар, әдетте, либералдық, демократиялық, фашисттік немесе коммунисттік болмасын, қандай да бір саяси идеологияны білдіру. Заңнаманы мемлекет саясатын іске асыру мен саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін саясаткерлер жасайды. Іс заңын өздерінің жеке пікірін ысырып қойып, объективті заңды қолданады деп күтілгенмен, саяси пікірлері мен құндылықтары бар судьялар жүзеге асырады.

Осы мәтінде біз әр кезеңде кәсіпкерлік құқықтың дамуына саяси процестер әсер еткен жағдайларды қарастыратын боламыз.



Заң аясында: ҚҰҚЫҚ ПЕН САЯСАТ

Құқық, саясат және билік

Кейбір заңнамалық теоретиктердің айтуынша, құқық сөзсіз саяси болып табылады. Қоғамда, түрлі көзқарастар мен әртүрлі мүдделер үстемдік үшін күреседі. Құқыққа қоғамдастықтың үстем мүшелерінің преференциялары мен көзқарастары әсер етеді және оны өз мүдделерін қорғау үшін пайдаланады, жетілдіреді. Алайда, бұл әрдайым айқын болмайды. Билік пен үстемдікті сақтау үшін заңды пайдаланатындар оны нақты және идеологиялық тұрғыдан гөрі жиі әмбебап және саяси емес ретінде бейнелейді. Олар өздері істеуді қалайтын нәрсе қалыпты жол немесе әрқашан солай болуы керек тәсіл ретінде қоғамдағы басқаларды сендіреді. Заң билік үшін бетперде ретінде пайдаланылады. Мысалы, феминистік құқық теоретиктері көптеген заңдар ерлер басым парламенттер мен соттар арқылы құқықтық мекемелер әзірлейтін фактісін көрсетеді. Құқық сөзсіз, ерлер перспективасы пайдасына қарай икемделеді.

Құқық жөніндегі осы және басқа да осындай көзқарастарды заң жөніндегі неғұрлым дәстүрлі және консервативті перспективалармен салыстыруға болады. Осы көзқарастарға сәйкес, заң билікті жүзеге асырудың бетпердесі емес. Керісінше, бұл оның шеңберінде билік реттелетін немесе шектелетін бейтарап база болып табылады.

1.14-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Онлайн жаңалықтар тақырыптарын шолып шығып, өзіңіз заң мен саясат арасындағы байланысты айқын етеді деп ойлайтын жаңалықтар элементтерін табыңыз.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын, мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 1.18 Әділет дегеніміз не? Құқық пен әділет арасында қандай байланыс бар?
- 1.19 Әділеттің қандай үш түрі бар? Олардың әрқайсысына мысал келтіріп, түсіндіріңіз.
- 1.20 Әділеттің қандай түрлі теориялары бар? Олардың әрқайсысына мысал келтіріп, түсіндіріңіз.
- 1.21 Этика дегеніміз не?
- 1.22 Этиканың қандай төрт негізгі теориялары бар? Олардың әрқайсысын түсіндіріңіз.
- 1.23 Құқық пен этика арасында қандай байланыс бар?
- 1.24 Құқық пен саясат арасында қандай қарым-қатынастар бар?

Аустралияның құқық жүйесі

Шамамен 23 миллион халқы бар Аустралия елінің салыстырмалы түрде шағын, таңқаларлық күрделі құқықтық жүйесі бар. Аустралия Федерал Канберра ұлттық астанасында орналасқан Федералдық немесе Достастық үкімет арқылы басқарылады («Федералдық» және «Достастық» терминдері осы кітапта ауыстырылып қолданылады). Сондай-ақ, Аустралия алты штаттан тұрады: Жаңа Оңтүстік Уэльс, Квинсленд, Оңтүстік Аустралия, Тасмания, Виктория және Батыс Аустралия және екі ірі материктік аймақтар – Аустралияның астаналық территориясы мен Солтүстік территория, олардың әрқайсысының өз үкіметі бар. Әрбір мемлекетте және материктік аймақта түрлі жергілікті үкімет және олардың әрқайсысында өзінің юрисдикциясы (жеке жергілікті билігі жоқ




Аустралияның астаналық территориясын қоспағанда) бар. Кәсіпкерлік құқықтың кейбір аспектілері Федералдық заңмен реттеледі, кейбір аспектілері мемлекеттік заңмен реттеледі, кейбір аспектілері екі аралас заң арқылы реттеледі, кейбір аспектілерді жергілікті билік реттейді. Кейбір (заңнама, жарғы немесе парламент актісі деп аталатын) заңдарды парламент қабылдайды, ал кейбір (іс заңы деп аталатын) заңдарды судьялар жасайды.

Құқық жүйесінің негізгі сипаттамалары

2-тарауда Аустралия заң жүйесінің ерекшеліктеріне саяхат жасамас бұрын, сіз осы тарауда заң жүйесі туралы тұтастай біле аласыз. 1.6-суретте Аустралия құқық жүйесінің алты негізгі сипаттамалары баяндалады.

Либералды демократия

Аустралия – либералды демократия. Бұл – заң жасалатын өкілетті демократия мен атқарушы үкімет өз билігін заң ережелеріне және түрлі федералдық және мемлекеттік конституцияға негіздейтін сайланған өкілдерден тұрады. Бұл – жеке бостандық пен басқа да либералдық құндылықтарды реттеуге назар аударатындықтан, либералдық демократия.



1.6-сурет. Аустралия құқық жүйесінің алты негізгі сипаттамалары

Демократия

Демократия азаматтар өздерінің өміріне ықпал ететін шешімдерге үн қосатын, соның ішінде заңнаманы ұсынуға, дамытуға және қабылдауға қатысатын үкімет нысаны болып табылады. Басқаруға қатысатын (сайлауға дауыс беруді қоса алғанда) демократиялық құқық жалпы халықтың салыстырмалы шағын бөлігіне шектелуі мүмкін немесе әлауқаты, жынысы, нәсіліне қарамастан, барлық ересек азаматтар қамтылуы мүмкін.

демократия – азаматтар өздерінің өміріне ықпал ететін шешімдерге үн қосатын, соның ішінде заңнаманы ұсынуға, дамытуға және қабылдауға қатысатын үкімет нысанының формасы.

Аустралияда қоғамдастықтың барлық дерлік ересек мүшелері саяси үдеріске қатысуға құқығы бар. 18 жастағы кез келген немесе одан да ересек сайлау тізіміне енгізілген Аустралиялық азамат заңды түрде сайлауда дауыс бере алады және сайлаудан алыстатылмайды. Аустралияда дауыс беру құқығынан айырылған адамдарға:

- түрмеде 3 жыл немесе одан көп жазасын өтейтін;
- қауіпті, ақыл-есі ауытқыған адам;
- опасыздық немесе сатқындық жасап сотталған адамдар жатады.

Федералдық, штаттық/аймақтық сайлауда дауыс беру міндетті деп есептеледі.

Өкілдік демократия

Өкілдік демократия – демократияның ықтимал нысандарының бірі. Өкілдік демократияда азаматтар үкіметтің заңнамалық (заң шығарушы) және атқарушы (әкімшілік) аспектілерімен айналысуда ұсынылатын қызметкерлерге дауыс береді. Өкілдік демократияны азаматтар заң қабылдау, оның ішінде үкіметтік процестерге, заң қабылдау, конституцияны өзгерту, лауазымды мемлекеттік шенеуніктердің шешімдерін тежеуге қатысатын **тікелей демократиямен** салыстыруға болады.

Аустралияда түрлі федералдық және мемлекеттік парламент мүшелері және үкіметтік процестерге қатысатын азаматтарды ұсынатын түрлі сайлаушы азаматтар сайлайтын өкілдік демократия жүйесі бар. Аустралия құқық жүйесі, сондай-ақ, демократияның кейбір аспектілерін тікелей қамтиды: Аустралиялық азамат кейде конституцияға түзетулер енгізу керектігін шешетін (мысалы, Аустралияны монархиядан республикаға айналдыру сияқты) немесе маңызды саяси мәселелер жөнінде (мысалы, жазда күн жарығын үнемдеу) қауымдастықтың пікірін білдіру үшін референдумға тікелей дауыс беруге шақырылады.

өкілдік демократия – азаматтар үкіметтің заңнамалық (заң шығарушы) және атқарушы (әкімшілік) аспектілерімен айналысқанда ұсынылатын қызметкерлерге дауыс беретін демократия формаларының бірі.

тікелей демократия – азаматтар заң қабылдау, оның ішінде үкіметтік процестерге, заң қабылдау, конституцияны өзгерту, лауазымды мемлекеттік шенеуніктердің шешімдерін тежеуге қатысатын демократияның формасы.

Либералдық демократия

Либералдық демократия – өкілдік демократияның ықтимал нысандарының бірі. Либералдық демократияда көпшіліктің еркі мен сайланған өкілдердің шешім қабылдау үстемдігі заң ережелері мен азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын Конституция арқылы шектеледі.

либералдық демократия – заңдар жасалатын, сондай-ақ, атқарушы билік өзінің үстемдігін заң мен Конституцияға негіздейтін сайланған өкілдерден тұратын өкілдік демократия.

Диамондтың айтуынша, либералдық демократияның негізгі сипаттамаларына мыналар жатады:⁴

- Азаматтар сайлау нәтижелерін анықтайды, сондай-ақ кез келген топ конституциялық принциптерге сай келетін саяси партияны құрайды және сайлауда дауласуға құқылы.
- Әскери және өзге де демократиялық институттар сайланған өкілдер органына жауапты және оған бағынады.
- Азаматтардың наным, талқылау, көзқарас, сөйлеу, жариялау, жиналу, демонстрацияға шығу және петиция жасауға елеулі бостандығы бар.
- Атқарушы билік тәуелсіз сот пен парламент сияқты мемлекеттік мекемелер арқылы қадағаланады.
- Азаматтық бостандық тиімді түрде шешімдері құрметтелетін және үкіметтің басқа органдары қолданатын (сақтайтын) тәуелсіз және кемсітусіз сот билігі арқылы қорғалады.
- Азаматтар заңға сәйкес саяси тең.
- Азшылық топтарға қысым жасалмайды, қаналмайды.
- Заң ережелері азаматтарды адам құқығын таптаудан, бұзудан қорғайды.
- Конституция жоғары орган болып саналады.

4 Larry Diamond, *Developing Democracy: Toward Consolidation* (Johns Hopkins University Press, 1999) 7–8.

Конституция мемлекетті қалай реттеуді және заң шығару, атқару және сот билігін жүзеге асыратын кім болатынын белгілейтін, анықтайтын ережелер жиынтығы болып табылады. Конституция Аустралия, Канада мен Америка Құрама Штаттарындағы сияқты, жазбаша құжат түрінде болуы мүмкін. Ұлыбритания мен Жаңа Зеландия сияқты басқа мемлекеттерде конституция заңнамадан, іс құқығы мен әдет ғұрыптан тұратын жазылмаған конституция бар.

АҚШ сияқты кейбір мемлекеттердің конституциялары **құқықтық заңды** қамтиды немесе солар арқылы жүреді. Аустралия сияқты басқа елдерде жазбаша құқықтық заң жобасы жоқ, оның орнына конституцияда жанама құқықтар мен азаматтық бостандықты көздейтін соттарға сенім артып, сүйенеді (2-тарауды қараңыз).

құқықтық заң – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын белгілейтін, құжат. Ол конституциялық немесе жарғылық болуы мүмкін.

Англо-саксондық құқықтық жүйе

Жалпы алғанда, құқықтық жүйенің екі негізгі түрі бар: англо-саксондық құқықтық жүйе және **романо-германдық құқықтық жүйе**.

«Англо-саксондық құқықтық жүйе» жүйесіне негізделгендіктен, жалпы заң құқықтық жүйе деп аталады. Англо-саксондық құқықтық жүйе немесе іс құқығы Аустралияда заңның екі негізгі көздерінің бір түрі ретінде танылатын, судьялар жасайтын құқық жүйесі – жалпы заң немесе іс құқығы (заңды парламент жасайды). Англо-саксондық құқықтық жүйеде көптеген танылған заңдарды дауларды шешу және егжей-тегжейлі жазбаша пайымдаулар шығару барысында судьялар қалыптастырады. Бұл процесс 2-тарауда толығырақ сипатталады. Судьялар органының шешімдерін «жалпы заң» деп те атайды, өйткені судьялар қалыптастырған (белгілеген) ережелерге тиісті юрисдикцияға сәйкес дәйекті болады, яғни ол заңнама жағдайға, жерге, адамға қатысты өзгермейді. Англо-саксондық құқықтық жүйесі бар елдердің үлгісі британдық үлгі болып табылады. Аустралия сияқты ағылшындар орналасқан немесе оларға бодан болған елдерде әдетте, англо-саксондық құқықтық жүйе бар.

Романо-германдық құқықтық жүйе – заң жүйесінің ең көп тараған түрі. Романо-германдық құқықтық жүйенің негізгі көзі-кодекстер, жарғылар, конституция түріндегі заңнама. Іс жүргізу құқығы әдетте, жазылмайды және заң көзі ретінде танылмайды. Романо-германдық құқықтық жүйе үлгісі – Рим үлгісі. Орталық Америка мен Оңтүстік-Шығыс Азияның көптеген елдерін қоса алғанда, Батыс Еуропа елдерінде орналасқан немесе солардың боданында болған елдер сияқты Батыс Еуропадағы көптеген елдерде азаматтық заңды құқық жүйесі бар.

англо-саксондық құқықтық жүйе – британдық заң жүйесіне негізделген, конституциялық немесе жарғылық болуы мүмкін заң жүйесінің түрі.

романо-германдық құқықтық жүйе – құқықтың негізгі көзі заңнама болатын, Рим заң жүйесіне негізделген құқықтық жүйенің түрі.

1.1-кесте құқық жүйесінің кез келген түрі бар елдердің тізімдерін береді.

1.1-кесте. Әлемнің құқық жүйесі

Романо-германдық құқықтық жүйе	Англо-саксондық құқықтық жүйе	Діни құқық	Романо-германдық және англо-саксондық құқықтық аралас жүйе	Англо-саксондық және діни аралас құқық	Англо-саксондық және діни аралас құқық
Албания	Американдық Самоа	Бангладеш	Ботсвана	Ауғанстан	Бангладеш
Ангола	Антигуа және Барбуда	Гамбия	Камерун	І Алжир	Бруней
Аргентина	Аустралия	Гана	Кипр	Бахрейн	Гамбия
Андорра	Багам аралдары	Иран	Израиль	Комор аралдары	Малайзия
Армения	Барбадос	Ливия	Джерси	Джибути	Нигерия
Аруба	Белиз	Мавритания	Лесото	Египет	Пәкістан
Аустрия	Бутан	Марокко	Мальта	Эритрея	
Әзірбайжан	Британдық Виргин аралдары	Нигерия	Маврикий	Индонезия	
Беларусь	Канада	Оман	Намибия	Иордания	
Бельгия	Доминика	Сауд Арабиясы	Филиппин	Марокко	
Бенин	Англия	Судан	Сент-Люс	Оман	
Боливия	Фиджи	Ватикан	Шотландия	Катар	
Босния және Герцеговина	Гибралтар	Йемен	Сейшель аралдары	Сирия	
Бразилия	Гана		Оңтүстік Африка	Біріккен Араб Әмірліктері	
Болгария	Гренада		Шри-Ланка		
Буркина-Фасо	Гонконг		Свазиленд		
Бурунди	Үндістан		Таиланд		
Чад	Ирландия		Вануату		
Қытай	Ямайка		Зимбабве		
Конго	Кирибати				
Кот-д'Ивуар	Маршалл				
Камбоджа	аралдар				
Кабо-Верде	Мьянма				
Орталық Африка Республикасы	Науру				
Чили	Жаңа Зеландия				
Колумбия	Солтүстік Ирландия				

Романо-германдық құқықтық жүйе	Англо-саксондық құқықтық жүйе	Діни құқық	Романо-германдық және англо-саксондық құқықтық аралас жүйе	Англо-саксондық және діни аралас құқық	Англо-саксондық және діни аралас құқық
Коста-Рика	Палау				
Хорватия	Пәкістан				
Куба	Сент-Киттс және Невис				
Кипр	Сент-Винсент және Гренадин				
Чех Республикасы	Сингапур				
Конго Демократиялық Республикасы	Тонга				
Дания	Тринидад және Тобаго				
Доминикан республикасы	Тувалу				
Эквадор	Уганда				
Е.И. Сальвадор	АҚШ				
Эстония	Уэльс				
Финляндия					
Франция					
Египет					
Экваториальная Гвинея					
Эфиопия					
Габон					
Гвинея					
Гвинея-Бисау					
Грузия					
Германия					
Грекия					
Гватемала					
Гаити					
Гондурас					
Мажарстан					
Исландия					
Италия					
Жапония					

Романо-германдық құқықтық жүйе	Англо-саксондық құқықтық жүйе	Діни құқық	Романо-германдық және англо-саксондық құқықтық аралас жүйе	Англо-саксондық және діни аралас құқық	Англо-саксондық және діни аралас құқық
Латвия					
Ливан					
Литва					
Люксембург					
Макао					
Мексика					
Моңғолия					
Черногория					
Нидерланды					
Норвегия					
Панама					
Парагвай					
Перу					
Польша					
Португалия					
Румыния					
Ресей					
Сан-Томе және Принсипи					
Сербия					
Словакия					
Словения					
Испания					
Швеция					
Швейцария					
Тайвань					
Түркия					
Украина					
Уругвай					
Өзбекістан					
Вьетнам					

Англо-саксондық құқықтық жүйе мен романо-германдық құқықтық жүйе арасындағы айырмашылық анық емес екені анықталады. Романо-германдық құқықтық жүйесі бар

елдер сот шешімін қабылдау мен міндетті прецедент жүйесі мәніндегі консистенция маңыздылығын мойындайды, ал англо саксондық құқықтық жүйесі бар елдер сот жүйесінің мүшелері енді көп уақытын жарғыны түсіндіру мен қолдануға жұмсау сияқты көбірек заңнама қабылдайды.

1.15-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Аустралия құқық жүйесінің басқа елдердің құқықтық жүйелерінен айырмашылығы неде?

ЕСКЕРТУ!

Жалпы құқық және азаматтық құқық терминдерінің екеуі де өте кереғар, өйткені бұл терминдер контекстке байланысты әр түрлі мағынаға ие болады. «Азаматтық құқық» терминінің бұрын пайдаланылуы Рим заңына негізделген құқықтық жүйенің түріне жатады. Алайда терминді, сондай-ақ, бұрын сипатталған кез келген құқықтық жүйенің шеңберінде екі негізгі санаттардың біріне жатқызуға болады. «Англо-саксондық құқықтық жүйе» термині әлдеқайда қайшылықты, өйткені оның көбірек ықтимал мағыналары бар. Жоғарыда пайдаланылатын термин британдық заңға негізделген құқықтық жүйенің түріне жатады, сондай-ақ термин мынадай мағыналарды:

- тарихи мағынада тек жергілікті қолдану заңдарына қайшы ретінде Англияға тұтастай ортақ заңға жүгіну үшін;
- Англиядағы **әділдік** соттарымен салыстырғанда жалпы құқықтық соттар әзірлеген іс құқығы ережелерін анықтау үшін (бұл 2-тарауда толығырақ түсіндіріледі);
- жалпы іс құқығын түсіндіру үшін пайдаланылады.

Қашан да «Англосаксондық құқықтық жүйе» терминін кездестіргенде, оның нысаналы мәнін анықтау үшін контексті мұқият тексеруіңіз керек.

Конституциялық монархия

Аустралия – **конституциялық монархия**. Аустралия Достастығы мемлекетінің және әртүрлі мемлекеттердің басшысы Англия патшасы немесе патшайымы болып табылады. Олар конституциялық монарх ретінде сипатталады, өйткені олар ол лауазымға қарудың күшімен емес, Аустралия конституциясында белгіленген Аустралия халқының еркіне сай ие болады. (Сондықтан оларды монарх ретінде Аустралия Конституциясына түзету енгізу жолымен алып тастауға болады)

Аустралияда Англия королін немесе патшайымын түрлі **монарх өкілдері** ұсынады: Федералдық үкіметте **генерал-губернатор** және түрлі мемлекеттік басқару органдарында мемлекеттік губернатор (1.2-кестені қараңыз).

әділдік – үлестік әділдік пен әділетке негізделген жалпы заңды толықтыру үшін әзірленген іс құқық ережелері мен қорғау құралдарының санаты.

конституциялық монархия – мемлекет басшысы конституцияға бағынатын, үстемдігі аз немесе нақты билігі жоқ адамдардың келісімімен лауазымға ие, мемлекет басшысы патша немесе патшайым болатын ел.

монарх өкілдері – үкіметтегі монарх өкілі, мысалы, Федералдық үкіметте генерал-губернатор және мемлекеттік үкіметте губернатор.

Генерал-губернатор – Федералдық Үкіметтегі тәж өкілі.

Губернатор – мемлекеттік үкіметтегі монарх өкілі.


1.2-кесте. Монарх өкілдері

Юрисдикция	Монарх өкілдері	Сайттары
Достастық	Генерал-губернатор	www.gg.gov.au
Жаңа Оңтүстік Уэльс	губернатор	www.parliament.nsw.gov.au
Квинсленд	губернатор	www.govhouse.qld.gov.au
Оңтүстік Аустралия	губернатор	www.governor.sa.gov.au
Тасмания	губернатор	www.dpac.tas.gov.au/governor
Виктория	губернатор	www.governor.vic.gov.au
Батыс Аустралия	губернатор	www.govhouse.wa.gov.au

1.16-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

(1) Аустралияның генерал-губернаторын және (2) өз мемлекетіңіздің губернаторын атаңыз және оларды ұсынатын қысқаша өмірбаян дайындаңыз.

Конституциялық монархия – үкіметтің көптеген ықтимал формаларының тек бірі ғана. Үкіметтің негізгі формалары 1.7-суретте баяндалады.



1.7-сурет. Үкімет формалары

- **Монархиялар.** **Монархия** – мемлекет басшысы патша немесе патшайым болатын ел. Монархияның екі түрі бар: конституциялық монархия және абсолютті монархия. Абсолютті монархияда атқарушы билікті тікелей жүзеге асыратын мемлекет басшысы король немесе патшайым болады. Абсолютті монархияның мысалдарына Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы және Бруней елдері жатады. Конституциялық монархияда мемлекет басшысы бұл лауазымға конституцияға бағынатын және халықтың келісімімен ие болады және аз немесе ешқандай нақты саяси билікті атқармайды. Атқарушы билікті әдетте, заң шығару көшбасшысы болып табылатын премьер-министр басқаратын министрлер кеңесі жүргізеді. Конституциялық монархияға Жапония, Малайзия, Камбоджа және әрине, Аустралия елдері мысал бола алады. Достастық елдердің мемлекет басшысы Англияның королі немесе патшайымы болатын конституциялық монархия болып табылады. **Достастық** елдерінің мысалдарына Ұлыбритания, Аустралия және Жаңа Зеландия жатады.

монархия – мемлекет басшысы патша немесе патшайым болатын ел.

Достастық – (1) Достастық Парламент немесе Достастық заңнама сияқты Аустралия халқына қатысты. Сондай-ақ, «Федерал» ретінде де белгілі. (2) Мемлекет басшысы Англияның патшасы немесе патшайымы болатын елдердің Ұлттар достастығына қатысты.

Достастық – (1) Мұндай Достастық Парламент немесе Достастық заңнамасының ретінде Аустралия ұлттың бойынша табыстары. Сондай-ақ, «Федерал» ретінде белгілі. (2) Ұлттар достастығы, мемлекет басшысы Англия королі немесе патшайым болатын елдерге қатысты.

- *Президенттік жүйе.* Президенттік жүйе монархияға қарағанда мемлекет басшысы президент болатын ел. Президенттік жүйенің екі түрі бар: толық президенттік жүйе мен жартылай президенттік жүйе. Толық президенттік жүйеде президент әрі мемлекет басшысы, әрі атқарушы биліктің басшысы болады және ешқандай премьер-министр болмайды. Мысалы, толық президенттік жүйелерге Америка Құрама Штаттары, Индонезия және Филиппин елдері жатады. Жартылай президенттік жүйеде президент мемлекет басшысы болады және кейбір атқарушы билікті жүргізеді, бірақ атқарушы билікті сондай-ақ, заң шығару көшбасшысы болып табылатын премьер-министр басқаратын министрлер кеңесі атқарады. Жартылай президенттік жүйелердің мысалдарына Франция, Ресей мен Пәкістан елдері кіреді.
- *Парламенттік республикалар.* Парламенттік республикада аз немесе мүлдем атқарушы билік атқармайтын мемлекет басшысы президент болады және ең алдымен ол орынбасар тұлға. Оның орнына, атқарушы билікті заң шығарушы белсенді көшбасшы болып табылатын премьер-министр басқаратын министрлер кеңесі атқарады. Парламенттік республикаға Италия, Сингапур және Шығыс Тимор елдері мысал бола алады.
- *Теократиялар.* Теократияда мемлекет басшысы мемлекеттік дін ережелерімен айқындалады. Теократияның мысалдары Иран мен Ватикан елдері.
- *Бір партиялы мемлекеттер.* Бір партиялы мемлекеттерде саяси билікті бір саяси партия жүргізеді. Бір партиялы мемлекеттерге Қытай, Корея Халық-Демократиялық Республикасы (Солтүстік Корея) және Вьетнам кіреді.

Федерация

Аустралия **федерация** болып табылады. Бұл ұлттық үкімет болумен қатар, қосымша Достастық үкімет немесе Федералдық үкімет деп аталуды білдіреді.

Түрлі мемлекеттік басқару органдары бар. Мемлекеттік үкіметтер Федералдық үкіметке бағынбайды. Керісінше, үкіметтің екі деңгейі «серіктестер» болып табылады және билікті Аустралия Конституциясына сәйкес осы үкіметтер бөліседі, яғни билік екеуіне ортақ.

Аустралия Конституция бойынша Федералдық үкіметке белгілі бір өкілеттіктер беріледі және қалған өкілеттіктер мемлекеттік үкіметке жүктеледі. Бұл, мысалы, белгілі бір өкілеттіктер мемлекеттік үкіметке тиесілі болатын канадалық федералдық үлгі сияқты баламалы келісімге қарсы болуы мүмкін және қалған өкілеттік Федералдық үкіметке тиесілі болады. Сондай-ақ, үкіметтің Федералдық жүйесі бір ғана үкімет бүкіл юрисдикцияға (ол өзінің кейбір міндеттерін жергілікті билік органдарына табыстауы мүмкін болғанмен) жауапты болатын үкіметтің унитарлық жүйесіне қайшы болуы мүмкін. Мысалы, Жаңа Зеландияда **үкіметтің унитарлық (біртұтас) жүйесі** бар. Аустралияның федералдық жүйесі 2-тарауда толығырақ сипатталады.

Федерация – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі ұлттық үкімет пен түрлі мемлекеттік немесе аймақтық үкіметтері арасында бөлінеді; «Үкіметтің унитарлық жүйесімен» салыстырыңыз.

үкіметтің унитарлық жүйесі – бір ғана үкімет бүкіл юрисдикцияға (ол өзінің кейбір міндеттерін жергілікті билік органдарына табыстауы мүмкін болғанмен) жауапты болатын үкімет жүйесі; «федерациямен» салыстырыңыз.

Биліктің тармақтарға бөлінуі

Федералдық үкімет пен түрлі мемлекеттік, аймақтық үкіметтер **билікті бөлісу доктринасына** сәйкес жалпы келісілген тәртіппен жұмыс істейді.

Билік айырмашылығы әдетте заң шығаратын, атқарушы және заңнаманы түсіндіретін тараптардың арасында жасалады (1.8-суретті қараңыз).

Заң шығарушы органдар заң жасайтын билік болып табылады. Мұны Аустралияда Федералдық Парламент пен түрлі штаттық және аймақтық парламенттер түріндегі заң шығарушы органдар жүзеге асырады. Парламент азаматтардың атынан заң жасайтын сайланған өкілдер органы болып табылады. Көптеген парламенттер **екі палаталы** болады, яғни олардың әрқайсысы дауыс беру және ол жарамды болуы үшін заң қабылдауы керек екі «палатадан» тұрады. Парламент қабылдаған заң заңнама, жарғы (ережелер) немесе Парламент Актісі деп аталады.

Атқарушы билік заң басқаруды реттейтін билік болып табылады. Бұл билікті Аустралияда премьер-министр мен (федералдық үкімет шеңберінде) басқа министрлерден, премьер және (штаттық үкіметтер шегінде) басқа да министрлерден немесе бас министр мен (аймақтық үкіметтер шегінде) басқа да министрлерден тұратын атқарушы жүзеге асырады. Атқарушы рөлін күнделікті мемлекетті басқару жауапкершілігі ретінде өте жақсы түсінуге болады. Атқарушы билік заң шығарушы қабылдаған заңнаманың көпшілігін ұсынады, басқа және шет мемлекеттермен мемлекеттік қарым-қатынасты басқарады және мемлекеттік әртүрлі департаменттердің қоғамдық қызметін қадағалайды.

Сот билігі заңды түсіндіру органы болып табылады. Оны соттар, яғни, **соттар жүйесі** атқарады. Аустралияда және басқа да жалпы заңды құқықтық жүйелерде сот **прецедент доктринасы** жолымен заң шығаруда неғұрлым белсенді рөл атқарады, ал кейбір елдерде сот билігі заң қабылдаушы шығарған заңнаманы түсіндіруден шектеледі. Көптеген елдерде сот жүйесінің заң шығарушы қабылдаған заңнаманы конституцияға сай емес және жарамсыз деп танытын, жариялайтын күші бар.

билікті бөлісу доктринасына – заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі функционалдық тұрғыда мүмкіндігінше бөлек болуы тиіс деген принцип.

заң шығарушы органдар – ең алдымен заң шығаруға жауапты үкімет құралы. Аустралияда, заң шығарушы мекемелер түрлі парламенттер нысанын қабылдайды.

екі палаталы – екі бөліктен тұрады; парламентке қатысты қолданғанда, парламент екі, яғни жоғарғы және төменгі палатадан тұрады дегенді білдіреді.


атқарушы – құқықтық жүйені басқаруды реттейтін үкіметтің билік құралы; Аустралияда түрлі басшылар тиісті тәж өкіліне кеңес беру үшін жауапты министрлер кеңестері түрінде болады.

сот жүйесі – заңды түсіндіруге жауапты үкімет құралы; Аустралияда сот жүйесі әр түрлі сот жүйелерінің формасын қабылдайды.

прецедент доктринасы – Құқық мәселесін шешкенде сот иерархиясында жоғары соттардың бұрынғы шешімдеріне сәйкес келетін дәйекті шешім жасауы керек деген принцип. Сондай-ақ, бұл бір шешімде тұру ретінде белгілі.

Өкілеттіктерді (билікті) бөлу доктринасы заң шығарушы, атқарушы және сот функционалдық тұрғыда мүмкіндігінше бөлек болуы тиіс деген ұғым. Бұл:

- бір адам үкімет билігінің бір түріне қатыса алады, ал оның басқа тетіктерді бақылауы немесе оның жұмыс істеуіне кедергі жасамауы тиіс;
- үкіметтің бір билік құралы екіншісінің функциясын атқаруға тиіс емес дегенді білдіреді.



1.8-сурет. Үкіметтің үш билік құралы


- Көптеген мемлекеттерде заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі билігі үш дискретті органдар арасында бөлінеді.

Америка Құрама Штаттарында, заң шығарушы (Конгресс), атқарушы үкімет (Президент және мемлекет хатшылары) және сот (Жоғарғы Сот) қатаң түрде жеке болады. Аустралияда, бір жағынан, атқарушы үкімет мүшелері (Премьер-Министр/Премьер/Бас министр мен басқа да министрлер) сондай-ақ, олар заң шығару органдарының мүшелері болып табылады. Бұл заң шығарушы және атқарушы үкімет қатаң түрде оқшауланбайды дегенді білдіреді.

1.17-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Өкілеттікті бөлу қауымдастықты әділетсіздік пен қанау, қысымнан қалай қорғайды?

Жоғарыда сипатталған Аустралияның Федералдық Үкімет жүйесі бойынша «Биліктің тармақтарға бөлінуде» «Билік тармақтары арасындағы тепе теңдік және теже-мелік қағадасын» ескеру маңызды. «Биліктің тармақтарға бөлінуі» Федералдық үкімет пен түрлі мемлекеттік үкімет арасындағы заң шығарушылық билікті бөлуге жатады. «Биліктің тармақтарға бөлінуі» әр деңгейдегі билік шегінде әр түрлі органдар арасында заң шығарушы, атқарушы және сот билігін оқшаулауға жатады (1.9-суретті қараңыз).



1.9-сурет. Биліктің тармақтарға бөлінуін салыстыру

Үкімет міндеті

Аустралияның құқық жүйесі билікті бөлу доктринасын енгізуге ұмтылумен ғана емес, сонымен қатар үкімет міндеті доктринасын қамту тұрғысында да британдық құқық жүйесіне ұқсас.

Үкімет міндеті доктринасына сәйкес үкіметтің атқарушы саласы монархқа қарағанда заң шығарушы мекемелерге жауапты (есепті). Аустралияда, түрлі федералдық, штаттық және аймақтық атқарушы кеңестерден тұратын министрлер тиісті парламент мүшелері, сондай-ақ, парламентке жауапты болатын сайланған өкілдер. Соның нәтижесінде, атқарушы үкімет мүшелері оларды сайлаған азаматтарға жауапты болады; азаматтар, әдетте, атқарушы билікке немесе атқарушы биліктің белгілі бір мүшелерінің қызметіне риза болмаса, келесі сайлауда оларға дауыс бермейді. Алайда, бұл заң шығарушы мекемелер мен атқарушы билік бір-бірінен оқшау емес дегенді білдіреді.

Іс жүзінде атқарушы биліктің заң шығарушы мекемелерге есептілігі бірнеше жолмен көрініс табады:

- Әрбір министр өздерінің атқарушы шешімдері мен бөлімдерінің қызметін орындауы туралы парламентке есеп беруі керек. Бұған («Сұрақ уақыты» кезінде) парламенттің басқа мүшелері, соның ішінде, оппозиция мүшелерінің қызметі туралы сұрақтарға жауап беруі кіреді.
- Министрлерді ресми монарх (немесе генерал-губернатор /штат губернаторы) тағайындағанда, олар өз лауазымына тек парламенттің төменгі палатасының «сеніміне» кіргенде ғана ие болады. Егер төменгі палата министрге «сенімсіздік» танытса, министр қызметінен отставкаға кетуі тиіс.
- Монарх (немесе генерал-губернатор/штат губернаторы) мемлекет басшысы ресми түрде атқарушы биліктің бақылауында болады, олар бұрын түсіндірілгендей, тек заң шығарушы мекемелердің мүшелері болып табылатын министрлер арқылы әрекет ете алады. Мемлекет басшысы министрлердің кеңесі бойынша әрекет етуі керек.

үкімет міндеті доктринасы – монархқа қарағанда үкіметтің атқарушы саласы заң шығарушы мекемелерге жауапты болуы керек деген принцип.

Құқық жүйесінің тарихы

Бұл тараушаны Аустралия құқық жүйесінің тарихи дамуын ескере отырып, оның күрделілігін сараптаудан бастаймыз.

Құқық және байырғы Аустралиялықтар

Аустралияда құқық дамуын бақылағанда, бірнеше ондаған мың жылдар бойы британдық отарлаудан бұрын Аустралияда күрделі және тиімді құқықтық жүйе болғанын білу қажет: Ол байырғы Аустралияның құқықтық жүйесі. Өкінішке орай, британдықтар 1700 жылы келгеннен кейін байырғы Аустралия құқық жүйесін таныған да, мойындаған да жоқ. Британдықтар конституциялардың, соттардың, заң шығарушы мекемелердің және құқықтық құжаттармен құқық жүйесін байланыстыруға қалыптасты және байырғы қоғамда осы нәрселердің жоқтығына тап болып, британдықтар байырғы аустралиялықтарда өркениет болмаған және олар құқықты танымайды деп шешті.

Британдық отар

Жаңа Оңтүстік Уэльс британдық отары 1788 жылы Аустралияның шығыс жағалауында

құрылды. Бірінші губернатор Артур Филипп болды. Аустралия отары құрылған уақытта «бос жер» (**Terra nullius**) деп жарияланды. **Terra nullius** «бос жер» немесе «ешкімге тиесілі жер емес» дегенді білдіреді; байырғы аустралиялықтар сол жерді заңды түрде мекендеушілер ретінде мойындалған жоқ.

terra nullius («бос жер» немесе «ешкімге тиесілі емес жер») – территорияны белгісіз жер, сондықтан ол жерге бейбіт түрде орналасуға болады деп санаттау.

Бұл Аустралияны шарт бойынша жаулап алған немесе сатып алған емес, Ұлыбритания орналасқан, өз жері деп шешілді дегенді білдіреді. Бұл айырмашылықтың маңызды салдары бар. Жаңа аймақ шарт бойынша жаулап немесе сатып алынған кезде, бастапқы тұрғындардың заңдары орнында қалады; отарлау билігінің болашақ өзгертуіне ұшырайды, бірақ, жаңа аймаққа орналасқанда, аймақ бұрын бос жер ретінде есептеледі және сол жерге қоныс аударушылар өздерімен бірге өз елінің заңдарын ала келеді. Сэр Уильям Блэкстоун Англия заңдары туралы өзінің 1765 мәлімдемелерінде былай деп түсіндіреді:

Егер бұрын адам мекендемеген елді ағылшын ашса және мекендесе, онда әрбір ағылшын субъектісін алғашқы деп танитын барлық ағылшын заңының субъектілері дереу күшіне енеді ... ⁵

Бұл Аустралияның байырғы құқықтық жүйесін жоққа шығаруды білдіреді және британдық қоныс аударушылар **қабылдау туралы ілім** ретінде белгілі британдық заңын әкелді деген сөз. Сондықтан Аустралияның бүгінгі заңдары оның байырғы құқықтық жүйесінен гөрі британ құқықтық жүйесінен тарайды.

200 жылдан астам уақыт өткен соң, Мабоның Квинслендке (№ 2) (1992) 175 CLR 1 қарсы талап арызының шешімінде Аустралияның Жоғарғы Соты сайып келгенде, Ұлыбританияның отарлау кезінде Аустралия бос жер болды деген қиялды қабылдаудан бас тартты және бұрын байырғы әдет-ғұрып заңы болғанын мойындады. Бұл Аустралияның **түпкі атауын** тануға алып келді. Алайда, Жоғарғы Соты қабылдау доктринасынан бас тартты. Бұл Аустралияны британдық отарлаудан бұрын елді мекен болғанын және Аустралияның қазіргі заңдары Британ құқықтық жүйесінен тарайтынын дәлелдеді.

қабылдау доктринасы – жаңа жерге қоныс аударушылар өздерімен бірге өз отанының заңын алып келу принципі.

байырғы атауы – жер мен байырғы топ арасындағы жалғасқан дәстүрлі байланысқа негізделген жер атауы.

Мабоның Квинслендке (№ 2) (1992) 175 CLR 1 қарсы талап арызы.

Меризм деген халық Аустралия мен Жаңа Гвинея арасындағы Торрес бұғазындағы Мюррей аралдарында британдықтар орналаспай тұрып мекендеді. 1985 жылы Квинсленд үкіметі Квинсленд жағалауы аралдары туралы декларациялық заңды қолданысқа енгізу арқылы аралдар жөніндегі мемлекеттік меншік туралы түсініксіздікті шешуге ұмтылды. Бұл заң Мюррей Айлендерс арқылы аралдар меншігі жөніндегі кез келген талаптардың күшін жоюға ұмтылды. Аралдың үш тұрғыны, соның ішінде Эдди Мабо да бар, заңның жарамдылығына дауласып, мұның 1975 жылғы (Дст) нәсілдік кемсітушілік туралы заңға қайшы келетініне дау айтып, құқықтық іс қозғады, сондықтан конституцияның 109 тармағы бойынша жарамсыз болды (2-тарауды қараңыз).

⁵ Sir William Blackstone, *Commentaries on the Laws of England* (Strahan, Cadell & Prince, 1783) 77.

Мюррей Айлендерс жеңіп шықты және Квинсленд жағалауы аралдары жөніндегі декларациялық акт кейіннен күшін жойды. Квинсленд үкіметінің әрі қарай әрекеттеріне жол бермеу, Мюррей Айлендерстың кез келген ықтимал атауын алып тастау мақсатында, Мабо Мериэм халқының құқықтарын ресми жариялау үшін Жоғарғы Сотқа екінші құқықтық сот ісін қозғады. Жоғарғы Сот былай деп шешті:

1. Британдықтар қоныс аударғанға дейін Аустралия бос жер болды деген көзқарас теріс;

2. Өздерінің үздіксіз және тұрақты байланысы мен жерді мекендеу нәтижесінде, Мюррей аралдарында британдық мекендеушілерді сақтап қалған Мериэм халқының дәстүрлі атауы болған;

3. Сондай-ақ, Аустралияның байырғы халықтары осыған ұқсас жағдайда олардың ресми танылған жерде дәстүрлі аты болуы мүмкін;

4. Осы мақсатта мұндай меншіктің дәстүрлі құқықтары кез келген уақытта экспресс заңмен алып тасталуы мүмкін;

5. (Азшылықпен) меншіктің дәстүрлі құқықтары заңмен алынып қойылса, ешқандай өтемақы төленбейді;

Өкінішке орай, Жоғарғы Сот шешімі шығарылғанда, Эдди Мабо қайтыс болды.

Отарлық үкімет

Аустралияда орналасқан Жаңа Оңтүстік Уэльс пен басқа да отарларды бастапқыда британ үкіметі отарлық үкіметтің өкілдері ретінде тікелей қатаң бақылады. Үкімет отарлық проблемалар мен дауларға тиісті британдық заңды қолданды. Британдық заңның қайсысын және қалай қолдануды губернатор шешті. Алайда, уақыт өте келе, британдық үкімет заңнамалық актілер сериясына сәйкес, аустралиялық отарлардың тәуелсіздік деңгейін арттыруды қамтамасыз етті (1.3-кестені қараңыз).

1.3-кесте. Федерациядан бұрынғы маңызды заңнама

Мерзімі	Заң	Күші
1787	Патент және бірінші Әділет жарғысы	<ul style="list-style-type: none"> • британ Парламентінің толық бақылауында ЖОУ қылмыстық отары ресми құрылды; • азаматтық және қылмыстық юрисдикциясы шектеулі ЖОУ отарлық соты құрылды.
1803	Патент	<ul style="list-style-type: none"> • Ван Диemen жерінің (кейінірек Тасмания деп аталған) қылмыстық отары ресми құрылды.
1814	Патент және екінші Әділет жарғысы	<ul style="list-style-type: none"> • неғұрлым кеңірек азаматтық және қылмыстық юрисдикциясы бар ЖОУ Жоғарғы Соты құрылды.
1823	Жаңа Оңтүстік Уэльс заңы (Imp) және үшінші Әділет жарғысы	<ul style="list-style-type: none"> • ЖОУ толық отар ретінде құрылды; • ЖОУ-те кешенді сот жүйесі құрылды; • губернатор тағайындаған ЖОУ тұрғындарынан тұратын және Ұлыбританияның заңына сәйкес болатын дәйекті заңдар жасауға уәкілетті (және британдық Парламентке өте бағынышты) заңнамалық кеңес құрылды.
1828	Аустралия заңы (Imp)	<ul style="list-style-type: none"> • Заң кеңесінің көлемі өсті; • губернатордың Заңнамалық кеңеспен ақылдасуы талап етілді;

Мерзімі	Заң	Күші
		<ul style="list-style-type: none"> Егер 1828 жылға дейін барлық британдық жарғы мен жалпы заң ЖОУ пен Тасманияда қолданылса, 1828 жылдан кейінгі қабылданған британдық жарғы ЖОУ ғана қолданылды және Тасмания мұны солай екенін айқын мәлімдеді.
1829	Батыс Аустралия заңы (Imp)	<ul style="list-style-type: none"> өзінің жеке Жоғарғы Соты мен заң кеңесі бар Батыс Аустралия отары құрылды.
1834	Оңтүстік Аустралия заңы (IMP)	<ul style="list-style-type: none"> өзінің Жоғарғы Соты мен заң кеңесі бар Оңтүстік Аустралия провинциясының құрылуына жағдай жасалды.
1836	Патент	<ul style="list-style-type: none"> 1834 жылғы Оңтүстік Аустралия Заңында берілген ережелерді пайдалана отырып, Оңтүстік Аустралия провинциясы құрылды.
1842	Жаңа Оңтүстік Уэльс Конституция актісі (IMP) (Imp)	<ul style="list-style-type: none"> Заңнамалық кеңестердің өлшемі өсті; Заңнамалық кеңестердің үштен екісі сайлануы талап етілді.
1850	Аустралия Конституция актісі (Imp)	<ul style="list-style-type: none"> өзінің Жоғарғы Соты мен заңнамалық Кеңесі бар Виктория отары құрылды; жергілікті парламенттерді құруға дауыс беру, Кеңестерге мүшелікке рұқсат беру құқығын реттейтін, отардың «бейбітшілік, жақсылық және жақсы үкімет» үшін заңдар жасауға әртүрлі заңнамалық кеңестерге билік берілді; отарлық Конституция жасау үшін негізгі жобамен қамтамасыз етті.
1855	Жаңа Оңтүстік Уэльс Конституция актісі (Imp)	<ul style="list-style-type: none"> ЖОУ өзін-өзі реттейтін отарға айналдырылды; ЖОУ Конституциясы жасалды; Монарх өкілі ретінде заңнамалық Ассамблеядан, заң кеңесінен және губернатордан тұратын ЖОУтің екі палаталы Парламенті құрылды.
1855	Виктория Конституция актісі (IMP)	<ul style="list-style-type: none"> Виктория өзін-өзі реттейтін отарға айналды; Викторияның Конституциясы жасалды; Crown өкілі ретінде заңнамалық Ассамблеядан, заң кеңесінен және губернатордан тұратын Викторияның екі палаталы Парламенті құрылды.
1855	Конституция актісі (Tas)	<ul style="list-style-type: none"> Тасмания өзін-өзі реттейтін колонияға айналды; Тасманияның Конституциясы жасалды; Crown өкілі ретінде заңнамалық Ассамблеядан, заң кеңесінен және губернатордан тұратын Викторияның екі палаталы Парламенті құрылды.
1856	Конституция актісі (SA)	<ul style="list-style-type: none"> Оңтүстік Аустралия өзін-өзі реттейтін провинцияға айналды; Оңтүстік Аустралия Конституциясы жасалды; монарх өкілі ретінде заңнамалық Ассамблеядан, заң кеңесінен және губернатордан тұратын Викторияның екі палаталы Парламенті құрылды.
1859	Патент	<ul style="list-style-type: none"> өзінің Жоғарғы Соты мен заңнамалық Кеңесі бар, өзін-өзі реттейтін Квинсленд отары құрылды.

Мерзімі	Заң	Күші
1865	отарлық заңдар жарамдылығы туралы заң (Imp)	<ul style="list-style-type: none"> отарлық парламенттердің өз конституцияларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу өкілеттігі бекітілді; отарлық парламентке колонияға қолданылғандықтан, 1828 жылдан бұрынғы британдық заңдарға өзгерістер енгізу немесе олардың күшін жоюға рұқсат берілді; отарлық парламенттердің отарға тікелей қолданылатын британдық заңдарға қайшы келетін заң қабылдауға өкілеттігі жоқ екені жарияланды (яғни, Британия үкіметі әлі де отарлық заңдарды тежуі мүмкін).
1867	Конституция актісі (Qld)	<ul style="list-style-type: none"> Квинсленд Конституциясы қабылданды; Монарх өкілі ретінде заңнамалық Ассамблеядан, заң кеңесінен және губернатордан тұратын Квинслендтің екі палаталы Парламенті құрылды.
1885	Аустралия Заңы Федералдық Кеңесі (Imp)	<ul style="list-style-type: none"> ортақ мүдделі мәселелер бойынша заң қабылдау үшін әрбір 2 жылда кездесетін Австралия Федералдық кеңесі құрылды.
1890	Батыс Аустралия Конституция актісі (Imp)	<ul style="list-style-type: none"> Батыс Аустралия Конституциясы қабылданды; Монарх өкілі ретінде заңнамалық Ассамблеядан, заң кеңесінен және губернатордан тұратын Батыс Аустралияның екі палаталы Парламенті құрылды.

1.18-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Демократияны құжаттандыру www.foundingdocs.gov.au веб-сайтына кіріңіз және өзіңіздің мемлекетіңіз немесе еліңіздің территориясына қатысты көне құжатты қараңыз. Веб-сайтқа сәйкес, бұл құжаттың маңыздылығы қандай?

Федерация

1800 жылдың аяғында Аустралия құрлығында салыстырмалы түрде өз конституциясы, заң шығарушы және сот жүйесі бар, өзін-өзі басқаратын, тәуелсіз алты отар пайда болды. Олар кеңінен танылды, алты колонияның белгілі бір ұқсастықтары мен ортақ мүдделерін ескере отырып, бірегей құқықтық жүйенің кейбір нысаны белгіленуі тиіс болды.

Бірізділіктің мынадай қысым көздері болды:

- соғыс уақытында континентті қорғауды қабылдаған қажеттілік;
- колония (отар) арасындағы кедендік кедергілерді тудыратын сауда даулары;
- дәйекті және тиімді көші-қон саясатының қажеттілігі.

Сэр Генри Паркстың айтуынша, Аустралиялық саясаткерді жиі 1890 жылғы «Федерацияның атасы» деп атайды:

Қарастыратын үлкен мәселе қазіргі кездегі жергілікті үкіметтерден айырмашылығы бар, басқаша Аустралия үкіметін құратын уақыт жеткендігі болды. Басқаша айтқанда, өзімнің ойымды мүмкіндігінше жай ғана түсінікті ету үшін Аустралияның үш жарым миллион халқы бар; Америка Құрама Штаттарының үлкен достастығын қалыптастырған кезде, олардың саны шамамен сонша болатын. Әрине, американдықтардың соғыс арқылы жасаған әрекеттерін аустралиялықтар туған елімен байланысты бұзбай, сақтай отырып, бейбіт жолмен алып келді. Мен олардың барлық күштері

тұтас бір үлкен Федералдық күшке біріктірілуі тиіс және осы отарлардың қауіпсіздігі мен тұтастығын сақтау үшін бұл маңызды деп есептеймін. Менің осы айтқандарыма сенуге шақырамын. Маған Аустралияның ұлы ұлттық үкіметін құруды бастауға тиіс уақыт жақын қалған сияқты көрінеді.⁶

Ұлттық Аустралия келісімі 1891 жылы Сиднейде өтті. Әрбір отардан сайланған делегаттар Аустралия Достастығы ұсынған Конституция жобасын әзірлеу үшін кездесті. Тағы екі осындай келісім кейіннен Аделаида мен Сиднейде өткізілді және 1898 жылы ұсынылған Конституцияның **заң жобасын** депутаттардың қайта қарауы және жаңартуы үшін төртінші және соңғы келісім Мельбурн қаласында өтті.

заң жобасы – парламент заң жобасының актісі.

Отарлық үкіметті таратып, оларды бір аустралиялық үкіметпен ауыстырудан гөрі федералдық үлгіні қабылдау шешілді. Өздерінің жеке конституциясымен, заң шығарушы және сот жүйелерімен отарлық үкіметтер қалатын болды, бірақ Федерацияда әрбір отар мемлекет болатынын және ұлттық маңызы бар мәселелерге қатысты заңнамалық, атқарушылық және сот билігін жүзеге асыру үшін үкіметтің жаңа Федералдық деңгейі құрылған еді.

1899 жылы референдум өтті және отар мемлекеттердің басым көпшілігі федерацияға дауыс берді. 1900 жылы 5 шілдеде британдық парламент Достастық *Аустралия Конституция актісін* (IMP) қабылдады және 1901 жылы 1 қаңтардан бастап Аустралия Достастығы күшіне енді. Әрбір отар, енді мемлекет болып, жаңа Федералдық үкіметке белгілі бір өкілеттіктер мен құқықтар берді, сонымен бірге өздерінің жеке басын куәландыру және маңызды заң беделін сақтап қалды.

1865 жылғы отарлық заңдар жарамдылығы актісі бастапқыда британдық Парламент әлі Аустралияны реттейтін заң жасауға және аустралиялық парламенттер қабылдаған заңдарды қадағалау билігін қамтамасыз етті. Алайда 1900 жылдан бастап, Аустралия барған сайын тәуелсіз бола бастады (1.4-кестені қараңыз), ал бүгінде Аустралия федералдық, мемлекеттік және аймақтық британдық Парламенттің араласуынан тыс, еркін.

1.4-кесте. Федерациядан кейінгі маңызды заңнама

Мерзімі	Заң	Күші
1900	Достастық Аустралия Конституция актісі (IMP)	<ul style="list-style-type: none"> • Аустралия Достастығы құрылды; • Аустралия Конституциясы қабылданды.
1902	ЖОУ Конституция Заңы	<ul style="list-style-type: none"> • ЖОУ Конституциясы қабылданды.
1922	Конституция Заңына өзгерістер енгізу туралы заң (Клд)	<ul style="list-style-type: none"> • (Ол қазір екі палаталы заң шығарушыға қарағанда бір палаталы болғандықтан) Квинсленд Парламентінің Жоғарғы палатасы таратылды.
1931	Вестминстер Жарғысы (IMP)	<ul style="list-style-type: none"> • Аустралия Федералдық Парламентіне «толық заңнамалық құзыреттілігін» тұжырымдауға және сондай-ақ, Аустралияға қолданылатындықтан, қажет болған жағдайда Ұлыбритания заңдарын мойындамауға рұқсат берілді.
1942	Вестминстер Жарғысын қабылдау актісі (Дст)	<ul style="list-style-type: none"> • Федералдық Парламентке қолданылатындықтан, 1865 жылғы отарлық заңдар жарамдылығы актісі күшін жойды; британдық Парламент бұдан былай федералдық заңдар алып тастауға немесе Аустралияға қолданылатын заңдар жасауға өкілетті емес.

⁶ C Cluff 2007, 'Great rural speeches — Sir Henry Parkes', *ABC Rural*, www.abc.net.au.

Мерзімі	Заң	Күші
1968	Жасырын кеңес (апелляциялық шектеу) актісі (Дст)	<ul style="list-style-type: none"> Федералдық заңға қатысты мәселелер бойынша Аустралияның Жоғарғы Сотынан бастап Лондондағы жасырын кеңеске дейін апелляция жасау жойылды.
1975	Жасырын кеңес (Жоғарғы Соттың апелляциялық) актісі (Дст)	<ul style="list-style-type: none"> барлық мәселелер бойынша Аустралия Жоғарғы Сотынан Лондондағы жасырын кеңеске дейін апелляциялар таратылды.
1986	Аустралия Заң (Дст) және Аустралия актісі (Ұлыбритания)	<ul style="list-style-type: none"> мемлекеттерге қолданылатындықтан 1865 жылғы отарлық заңдар жарамдылығы актісі күшін жойды; Британдық Парламент бұдан былай мемлекеттік заңдарды алып тастауға өкілетті емес; Аустралия Парламенттеріне егер аймақтар арасында жеткілікті байланыс және құқық субъект болса заң шығаруға уәкілеттілік берілді барлық мәселелер бойынша Лондондағы жасырын жұмыс істейтін кеңестің мемлекеттік Жоғарғы сот шағымдары жойылды; Барлық мәселелер бойынша Аустралия Жоғарғы Сотынан бастап Лондондағы жасырын жұмыс істейтін кеңестің шағымдары жойылды.

1.19-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Аустралияның тарихы туралы кейбір онлайн зерттеулерімен байланыс жасап, келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сэр Самуил Гриффит кім және ол Федерацияға дейін қандай рөл атқарды?
- Аустралияның алғашқы генерал-губернаторы кім болды?
- Аустралияның бірінші Премьер-министрі кім болды?

Жергілікті үкімет

Жергілікті билік органдарын қоғамдастыққа және жергілікті қызмет көрсету үшін міндетті жауапкершілікті өз мойнына алуға мемлекеттік және аймақтық үкімет белгілейді. Осылайша олар өзінше жеке бір үкімет деңгейі болудан гөрі мемлекеттік және аймақтық үкіметтің бір саласы болып табылады.

Аустралияда алғашқы жергілікті мемлекет Оңтүстік Аустралияда 1840 жылы қазан айында құрылған Аделаида корпорациясы болды. Соңынан 1842 жылы Сидней және Мельбурн қалаларында құрылды. Қазір Аустралияда басқа барлық мемлекеттер мен аумақтарда 610 жергілікті билік органдары бар (1.5-кестені қараңыз).

1.5-кесте. Жергілікті басқару органдарының саны

Юрисдикция	Жергілікті үкімет саны
Аустралияның астаналық территориясы	—
Жаңа Оңтүстік Уэльс	152
Солтүстік территория	63
Квинсленд	74

Юрисдикция	Жергілікті үкімет саны
Оңтүстік Аустралия	69
Тасмания	29
Виктория	79
Батыс Аустралия	144

Жергілікті үкіметтің заң шығарушы және атқарушы билік органдары бар, бірақ сот жүйесі жоқ. Заң шығарушы органдар мэр басшылығымен сайланған өкілдер кеңесі мен атқарушы орган, негізгі кеңсе қызметкерлерінен құралған ішкі кеңсе жиыны болады.

Жергілікті үкіметтің міндеттерін оларды белгілейтін мемлекеттік немесе аймақтық заңнама айқындайды. Бұл міндеттер әдетте, кітапханалар мен саябақтар, жергілікті жолдарды қадағалау, жоспарлауды реттеу, сондай-ақ, қалдықтарды кәдеге жарату сияқты жергілікті қызмет көрсету қоғамдық нысандарды қамтамасыз етумен шектеледі.

Саяси партиялар

Тікелей кез келген Федералдық немесе мемлекеттік конституцияға жатпаса да, Аустралияда саяси партиялар саяси ландшафтың маңызды ерекшелігі болып табылады.

Әртүрлі парламенттің төменгі және жоғарғы палатасының көпшілік мүшелері, саяси партия мүшелері және олардың жеке көзқарастары мен сипаттамаларына қарай емес, олардың партияға мүшелігі негізінде парламентке сайланады. Аустралияда Либералдар партиясы мен Ұлттық партия (қазіргі кезде Либералдық-Ұлттық коалициясын құрайтын), Аустралия Еңбек партиясы мен Аустралия Жасылдары сияқты басты саяси партиялар бар (1.6-кестені қараңыз).

1.6-кесте. Аустралияның саяси партиялары

Саяси партия	веб-сайты
Аустралия Жасылдары	www.greens.org.au
Аустралия Еңбек партиясы	www.alp.org.au
Аустралия Либералды партиясы	www.liberal.org.au
Аустралия Ұлттық партиясы	www.nationals.org.au

Заңның шамадан көптігі

Соңғы бірнеше онжылдықта ережелер, заңнама қосымша заңдар, конвенциялар мен шарттар, мінез-құлық ережелері және сот шешімдері түрінде заңдар саны қатты өсті. Заң санының осылайша өсуі қазір аустралиялықтар тым қатал қадағаланады деп уәж айтуға итермелейді.



Заң аясында: САЯСАТ ҚҰҚЫҒЫ

«Қызыл сызық шектеуі»

Шамадан тыс реттеудің (немесе «қызыл белдеу»), әсіресе шағын кәсіпкерлік үшін айрықша маңызы бар. Көптеген кәсіпорындар үлкен салық саны, өндірістік қатынастар,

жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен денсаулық сақтау, тұтынушыларды қорғау, корпоративтік басқару және қоршаған ортаны қорғау заңнама талаптарын сақтау үшін күресуде. Олар тым көп уақыт қажетсіз егжей-тегжейлі іс жүргізу және көптеген тұрғын үй формаларын, есептер мен мәліметтерді толтыруға жұмсалатынын, сондай-ақ, заңды нормалар мен ережелердің басым саны әділетсіз және орынсыз, олардың табыс табуына және тұтынушыларға қызмет көрсетуді шектейтініне шағымданады. Аустралия Іскерлік кеңесінің (АІК) қызыл сызық шектеулігі көлемінің мезгіл-мезгіл өсуі аустралиялық кәсіпкерлік пен қауымдастық жұмысын әуре-сарсаңға салатын қиындықтары туралы алаңдайды. 2005 жылдың мамыр айында АІК болашақ өркендеу мақсатында өзінің кәсіпкерлікті реттейтін іс-шаралар жоспарын жариялады. Іс-шаралар жоспары Аустралияда сөзбұйдаға салу, кедергі жасау, шектеу экономикалық өсу деңгейінен үш есе жылдамдықпен өсіп отырғанын мәлімдеді және Аустралия кәсіпкерлігін реттеу ережелері нашар ұйымдастырылды және келісілмеді. 2000 жылдан 2003 жылға дейінгі 4 жылда Достастық Парламент 1901 жылдан 1969 жылдың бүкіл кезеңінде қабылданған заңнамадан да көп беттерден тұратын заңнама қабылдады. 2003 жылы жалғыз ғана Достастық пен мемлекеттік үкіметтің өзі 30000 беттен асатын жаңа заңдар мен нормативтер қабылдады.² Достастық пен штаттық үкімет соңғы жылдары аустралиядағы кәсіпкерлік нормативтік жүктемені азайту жолдарын зерделеп қарастыруда. Олар әр түрлі штат заңдарын үйлестіру жолымен немесе реттеудің бірыңғай жолын жасау үшін мемлекет арқылы билікті Достастыққа «тапсыру» арқылы Аустралияның кәсіпкерлік заң жүйесін жеңілдетуге ұмтылуда.

1.20-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Шағын бизнес үшін артық реттеудің салдары қандай?

Аустралияда тым тез және тым оңай сотқа жүгіну артып отырғаны байқалады деген кеңінен тараған түсінік бар. Бұл мәселе соңғы онжылдықта бірқатар дамудың нәтижесінде пайда болды деп мәлімдейді:

- *Топ әрекеті.* **Топ әрекеті** қазіргі кезде жүздеген немесе тіпті, мыңдаған талапкерлер немесе құрбандардың атынан қозғалатын бір құқықтық іс болуы мүмкін. Топ әрекетінің мысалдары тұтынушылардың ластанған өнімдерге, корпорацияның дұрыс басқарылмауына қатысты акционерлер топтарының құқықтық іс-әрекеттерін қамтиды.
- *Шартты сыйақы келісімдері.* **Шартты сыйақы келісімі** клиент құқықтық іс нәтижесі өзінің пайдасына шешілгенде, адвокатқа құқықтық сыйақы төлейтін заңгер мен клиент арасындағы келісім. Бұл шаралар, сондай-ақ, «сотта жеңбесе, сыйақы да жоқ» деген уағдаластықтар ретінде де белгілі және сотта істің жеңілуінің теріс салдарын азайту арқылы клиенттерді сот дауларымен айналысуға ынталандыру сұранысқа ие.
- *Сот талқылауы мәдениеті.* Құрама Штаттарда ұзақ уақыт бойы тым даулы сот процесі мәдениеті болды және танымал мәдениеттің үстемдігі арқылы АҚШ құндылықтарын тарата отырып, аустралиялықтар Құрама Штаттардың ізімен жүретін сияқты көрінді және барған сайын өткенде басқа құралдар арқылы шешілген немесе толығымен назарға алынбауы мүмкін проблемаларды шешуді бастамаса, қауіп төндіруге өте бейім болды.

Осындай қоғамдастық түсінігі кітаптың 4-тарауында қарастырылатын, зиян шеккен құрбандарға іс қозғауды барынша қиындату үшін заңға реформа жасауға негіздеу үшін қолданылды. Алайда осы негіздемелердің көпшілігі табысты болмады. Мысалы, Аустралия сот статистикасы «сот талқылауы төңкерісіне» дәлелдер жоқ деп көрсетеді. Көптеген даулы қоғамдық идея қылмыс үнемі өсіп отыр деген кеңінен таралған пікірге ұқсас, тіпті статистика біраз уақыт керісінше дәлелдерді көрсеткенмен, адамдардың көбісі оған сенуді жалғастыруда. Заң туралы көптеген осындай аңыздар мен түсініспеушіліктер бар, осы кітаптардан құқық туралы көбірек білу арқылы сіз құқық туралы шындықты және оның қоғамдағы рөлі туралы қауымдастықты тәрбиелеуге қуатты күш-жігермен араласасыз.

топ әрекеті – әрекеттің ұқсас себептері бар көптеген талапкердің атынан жауапкерге қарсы қозғалатын құқықтық іс.

шартты сыйақы келісімі – адвокаттың құқықтық алымдары оның клиенттің мәселесін сәтті шешілуіне байланысты деп мәлімдейтін клиентпен сыйақы келісімі.

Kingmitch AG Australia Holdings Ltd [2003] FCA 1420 компаниясына қарсы талап арызы

Gio компаниясын қарамағына алуға ұмтылғанда компания мен оның директорлары олардың әрбір 5,35\$ акция ұсынысын қабылдамау керек екендігін *Gio* акционерлеріне айтты. Алты айдан кейін, компания 2\$ млрд шығын шекті, ал сату ұсынысы бір акцияға тек 2.75\$ дейін қысқартылғанын анықтады. Компания және оның директорларының шатастыратын және алдамшы немесе ұқыпсыз мәлімдемесі нәтижесінде қаржылай шығынға ұшырады деген *Gio* компаниясы мен оның директорларына қарсы акционерлер тапқа қатысты сот ісін қозғады. Федералдық сот іс процесін қарағанда, төрт жылдан кейін бұл мәселе тараптарда 22000-нан аса акционерлерге 97 млн \$ төлем беру нәтижесінде шешілді.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын, төмендегі сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 1.25 Аустралия үкіметінің үш деңгейі қандай?
- 1.26 Аустралия құқық жүйесінің алты негізгі сипаттамалары қандай?
- 1.27 Демократия дегеніміз не?
- 1.28 Демократия өкілі дегеніміз не?
- 1.29 Либералдық демократия дегеніміз не?
- 1.30 «Жалпы құқық» жүйесі мен «азаматтық құқық» жүйесінің арасындағы айырмашылығы неде?
- 1.31 «Азаматтық құқық» терминінің түрлі мағыналары қандай?
- 1.32 «Жалпы құқық» терминінің түрлі мағыналары қандай?
- 1.33 Конституциялық монархия деген не?
- 1.34 Үкіметтің негізгі формалары қандай? Олардың әрқайсысын және арасындағы айырмашылықтарды түсіндіріңіз.
- 1.35 Федерация деген не және Аустралияда Федералдық үкімет пен мемлекеттік үкіметтің арасындағы қарым-қатынас қандай?
- 1.36 «Заң шығарушы» орган деген не және оның рөлі қандай?
- 1.37 «Атқарушы» орган деген не және оның рөлі қандай?
- 1.38 «Сот» деген не және оның рөлі қандай?

- 1.39 Билікті бөлу доктринасы қандай?
- 1.40 Үкімет міндеті доктринасы не және оның өкілеттіктерді бөлу доктринасына қандай қатысы бар?
- 1.41 Британдықтар байырғы құқық жүйесін қаншалықты мойындайды?
- 1.42 *Terra nullius* деген не?
- 1.43 Қабылдау доктринасы деген не?
- 1.44 1992 жылғы Мабо ісі туралы сот шешімінің маңыздылығы қандай болды?
- 1.45 Федерацияға дейінгі жылдарда Ұлыбританиядан Аустралияның тәуелсіздігін арттырудың қандай елеулі кезеңдері болды?
- 1.46 Аустралиялық отарлар қабылдаған федералдық үлгі қандай болды? Осы үлгіні қысқаша түсіндіріңіз.
- 1.47 Федерациядан кейінгі жылдарда Ұлыбританиядан Аустралияның тәуелсіздігін арттырудың қандай елеулі кезеңдері болды?
- 1.48 Жергілікті үкімет деген не және ол федералдық жүйемен қалай үйлеседі?
- 1.49 Жергілікті биліктің негізгі міндеттері қандай?
- 1.50 Парламентте саяси партиялардың рөлі қандай?
- 1.51 Шағын кәсіпкерлік үшін артық реттеудің салдары қандай?

Қорытынды

- Құқық нақты өмірмен бірнеше жолдар арқылы байланысады, ол сіздің жеке өміріңізге, кәсіпкерлігіңізге ықпал етеді және сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары мен танымал мәдениетке артықшылық береді.
- «Заңды» әртүрлі тәсілдермен анықтауға болады. Осы оқулықта заң мемлекет жасайтын және айыптау немесе сот талқылауы арқылы орындалатын ережелер жиынтығы ретінде анықталады. Заң сіздің келісімдеріңізді, басқалардың алдындағы міндеттеріңізді, меншік құқықтарыңызды, мәмілелерді, сіздің қоғамдық мінез-құлқыңыз бен әрекетіңізді, үкіметпен қарым қатынасыңызды реттейді. Заңдар дауларды шешу, бейбітшілікті сақтау, қоғамдық құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету, экономиканы тұрақтандыру және панасыздарға көмектесу үшін қажет. Заңның негізгі принциптері салыстырмалы түрде тұрақты болып қалғанда, нақты құқықтық нормалар үнемі өзгеріп отырады.
- Құқық, әділдік пен этика арасындағы қарым-қатынас қажет болмауы мүмкін, бірақ болғаны абзал. Заң, саясат және билік тығыз байланысты болғанмен, құқық жай ғана саясаттан көбірек нәрсе.
- Аустралия – либералды демократиялық, конституциялық монархия, жалпы заңды құқықтық жүйе және федерация. Конституциялық жоба билікті бөлу доктринасы мен үкімет міндеті доктринасын теңестіруге тырысады және үкімет міндеті доктринасы британдық құқық жүйесінен мұра болып қалған. Аустралияға алғашқы британдықтар қоныс аударғанда, олар байырғы құқық жүйесімен санаспады, оны мойындамады. Бастапқыда британдық үкімет отарларға қатал бақылау жасады, бірақ бірте-бірте тәуелсіздік деңгейін арттырды. Әрбір отар ақырында бөлек, өзін-өзі реттейтін құқықтық жүйе болды. 1901 жылы колониялар федерация құру үшін бірікті, ал бүгінде Аустралияның құқықтық жүйесі британдық құқықтық жүйеден тиімді түрде бөлек. Соңғы онжылдықта заңнамалық ережелер санының қарқынды өсуі кәсіпкерлікті шектен тыс реттеп отыр деп уәж айтуға итермелейді.

Джонни мен Эш

Джонни: Менің осының барлығын түсінгенімді көрейік. Біріншіден, менің қазірдің өзінде заң туралы білетінім өзекті және маңызды нәрселер: маған және міндеттемелер беретін заңдар бар; үкіметтің түрлі деңгейі бар; құқықтық жүйе заңгерлер, судьялар, саясаткерлер, алқа билер соты және мемлекеттік қызметкер сияқты көптеген және әртүрлі тұлғаларды қамтиды.

Эш: Дұрыс айтасын. Бері қара, теледидардан көрсететіннің бәрі бірдей «қоқыс» емес.

Джонни: Заңнама мен өзге де ережелердің арасындағы айырмашылық, құқықтық нормаларды үкімет жасайды, егер мен оларды бұзсам, оның салдары бар. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаным үшін жауапкершілікке тартылуым мүмкін немесе мен біреуге зиян келтірсем, мені сотқа беруі мүмкін.

Эш: Кейде екеуі де болады.

Джонни: Заң мен сот төрелігі бір нәрсе емес, бірақ заң этикаға сай және қоғамдық құндылықтар көрсететін сияқты әділ болуы тиіс.

Эш: Заңға осы нәрселердің кез келгенін істеудің қажеті жоқ, бірақ олардың істегені жақсы.

Джонни. – Бізде Аустралияда көп нәрсе істемейтін монарх және көп нәрсе істейтін Премьер-министр бар, бірақ өзге елдерде үкімет жүйелері басқаша.

Эш: Және, әрине, әртүрлі заңдар бар. Ұлыбритания мен Канада құқықтық жүйелері сияқты кейбір жүйелер аустралиялық жүйеге өте ұқсас. Жалпы заңды құқықтық жүйеден гөрі азаматтық құқықтық жүйелері басым басқа елдер аз ұқсайды. Кейбір теократиялар немесе бір партиялы мемлекеттерде құқықтық жүйебіздің жүйемізден мүлде басқаша. Түсінбедім!

Джонни: Аустралияда жалпы заңды құқықтық жүйе бар дегенде, британдық құқықтық жүйеге негізделген фактіге сүйенесің, солай ма?

Эш: Дұрыс. Аустралия да либералды демократия, конституциялық монархия және федерация болып табылады. Ол заң нормаларын, билікті бөлу доктринасын және үкімет міндеті доктринасын ұстануға ұмтылады. Аустралиялық құқықтық жүйесі тәртіп сақтап, дауларды шешуге көмектеседі, экономиканы тұрақтандырады және тұрмысы төмендерге көмектеседі.

Джонни: [Кінәсін мойындап, қолын түсіреді.] Жарайды! Мен қол жеткіземін! Заң маңызды! Ал оның жолдары тым көп.

Эш: [Күледі.] Ақырында түсіндің-ау айтуың! Бірақ өзіңнің құқықтық проблемаларыңды шешуге дайын болуға әлі ұзақ жол бар. Мен заң жайлы идеяны тек жалпы мағынада айттым. Енді мен Аустралияда заңның қалай жұмыс істейтіні туралы көбірек айтуым керек

Бақылау сұрақтары

1. Деликтік құқық деген ол:

- (а) Парламент қабылдаған заң.
- (ә) заңды түрде орындалатын келісім.
- (б) құрбандарға өтемақы алу құқығын беретін зиянды әрекет.
- (в) сот жасаған ереже.

2. Егер адам келісімшартты бұзса

- (а) келісімшарттың екінші тарапы өтемақы алу үшін оларды сотқа береді.

(ә) оларды қудалайды.

(б) олар жазаланады.

(в) жоғарыда аталғандардың барлығы болады.

3. Кәсіпкерлік пайдасынан табыс салығы төлемі төленеді:

(а) сотқа

(ә) Федералдық үкіметке

(б) мәміленің басқа тарапына

(в) мемлекетке немесе территориялық үкіметке

4. Әділетсіз заң мойынсұнуға тиіс емес деген бұл талап сәйкес келеді

- (а) заңды позитивизммен
- (ә) сот практикасымен
- (б) табиғи құқық теориясымен
- (в) заң үстемдігімен

5. Заң болмағанда барлығына қарсы барлығы соғыс ашқан «болар еді деп мәлімдеген кім?

- (а) Декарт Рени
- (ә) Джон Локк
- (б) Томас Гоббс
- (в) Томас Аквинас

6. Келесінің қайсысы мемлекеттік заң ретінде санатталады?

- (а) келісімшарт заңы
- (ә) Конституциялық құқық
- (б) Меншік құқығы
- (в) Деликтік құқық

7. «Бас бостандығынан айырудың негізгі мақсаты заң бұзу салдарынан басқа әлеуетті заң бұзушыларды ескерту болып табылады. Бұл мәлімдеме қандай әділет теориясымен дәйекті:

- (а) эгалитаризм
- (ә) лайықтылық теориясы (әркімнің қажетіне, еңбегіне қарай бөлу)
- (б) утилитаризм
- (в) ретрибутивизм

8. Этика деген:

- (а) әрекет ережелері
- (ә) оны мемлекет жасайды
- (б) сот немесе қылмыстық қудалау арқылы орындалады
- (в) жоғарыда аталғандардың барлығы

9. Биліктің атқарушы құралының рөлі:

- (а) заң шығару
- (ә) заңды басқару

(б) заңды түсіндіру

(в) заңға өзгерістер енгізу

10. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы заң ережелеріне қайшы келеді:

- (а) Саяси билік жазбаша, ашық, жария заңдарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс
- (ә) Парламент ретроспективті заң қабылдауды мүмкіндігінше болдырмауы тиіс
- (б) құқықтық жүйе бойынша жеке адамға діни нанымна қарай қаралмауы, қарым қатынас жасалмауы керек
- (в) адам қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылмаса, бірақ жаңа дәлелдер табылса, онда ол екінші рет жазаға тартылады

11. Мына елдердің қайсысында жазбаша конституция жоқ:

- (а) Жаңа Зеландия
- (ә) Аустралия
- (б) Канада
- (в) Америка Құрама Штаттары

12. Мемлекет басшысы президент және атқарушы билікті тек Министрлер Кеңесі жүзеге асырылатын елдер былай деп аталады:

- (а) жартылай президенттік жүйе
- (ә) теократия
- (б) бір партиялы мемлекет
- (в) парламенттік республика

13. «Жалпы құқық» термині білдіреді:

- (а) британдық жүйеге негізделген құқықтық жүйе
- (ә) судьялар жасаған заң
- (б) «жарғылық капиталдан басқаша, іс заңы формасы
- (в) жоғарыда аталғандардың барлығы

14. Төмендегілердің қайсысы «лобби» топ емес:

- (а) Ұлттық үштік Білім одағы
- (ә) Атқарушы үкімет
- (б) Католик шіркеуі
- (в) Тұмса табиғат қоғамы

15. Мына тұжырымдамалардың қайсысы либералды демократия ұғымына сәйкес келмейді:

- (а) Демократиялық тұрғыда есеп бермейтін институттар сайланған өкілдер органына бағынады.
- (ә) Сот пен Парламент атқарушы билікке жауапты.
- (б) Конституция – жоғары орган.
- (в) Азаматтық еркіндікті тәуелсіз және кемсітпейтін сот билігі қорғайды.

16. Үкімет міндеті доктринасына сәйкес

- (а) заң шығарушы және атқарушы функционалды түрде бөлек болуы тиіс.
- (ә) жаңа аймаққа қоныс аударушылар өздерімен бірге өз отанының заңын әкеледі.
- (б) Сот мүшелерін атқарушы орган тағайындамай, олар сайлануы тиіс.
- (в) сонымен қатар атқарушы орган мүшелері заң шығару орган мүшелері болуы тиіс.

17. (№ 2) (1992) 175 ЖШС 1, Аустралия Жоғарғы сотының Мабонның Квинслендке қарсы талап арызы бойынша шешімімен:

- (а) Аустралия *Terra nullius* деген түсінікті қабылдамады.
- (ә) қабылдау доктринасынан бас тартты.
- (б) Аустралиялық заң бұдан былай

британдық заңға негізделмейді деп шешілді.

- (в) жоғарыда аталғандардың барлығы.

18. Отарлық парламенттердің өз конституцияларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қабілетін . . . растады:

- (а) 1850 жылғы Аустралия Конституциясы (ИМР).
- (ә) 1850 жылғы Отаршылық заңдар жарамдылығы актісі (ИМР).
- (б) 1931 жылғы Вестминстер жарғысы (ИМР).
- (в) 1986 жылғы Аустралия актісі (Дст).

19. Аустралияның жергілікті үкіметі:

- (а) Аустралия Конституциясымен реттеледі.
- (ә) жеке, үкіметтің үшінші деңгейі болып табылады.
- (б) Федералдық Парламент жіберген өкілеттіктер жүзеге асырады.
- (в) Тиісті мемлекеттік немесе аймақтық парламент жүктейтін өкілеттіктер жүзеге асырады.

20. Топ іс-әрекеті:

- (а) бір жауапкерге қарсы бірнеше талап қоюшы талап қоятын іс-шаралар.
- (ә) бірнеше жауапкерге қарсы бір талапкер талап қоятын іс-шаралар.
- (б) корпорацияға қарсы акционерлердің іс қозғауы.
- (в) акционерлерге қарсы корпорацияның іс-қимылы.

1.1-жаттығу. Заң сипаттамасы

Жалпы заң, кәсіпкерлік құқығы туралы білім өзіңіз таңдаған кәсіпте табысқа жетуге қалай көмектеседі?

1.2-жаттығу. Заң сипаттамасы

Басқа нәрселермен бірге құқық қоғамдастық құндылықтарды сақтайды дейді. Қоғамдастықта түсік жасау, жезөкшелік, есірткі пайдалану, өлім жазасы, қоршаған ортаны қорғау, салық, қорғаныс және көші-қон сияқты нақты бөлінетін көптеген мәселелер бар. Дегенмен заң, осы мәселелердің әрқайсысының жағдайына кіруі тиіс. Заң белгілі бір құндылықтарға негізделген болса, осы мәселелер негізделген заңдар кімнің құндылықтары болады?

1.3-жаттығу. Әділет, этика және саясат

www.news.com.au сияқты жаңа сайттан заңмен байланысы бар жаңалықтарды жүктеңіз және келесі тапсырмаларды орындаңыз.

(а) тақырыптың/әңгіменің қысқаша мазмұнын жазыңыз.

(ә) осы тарауда айқындалған заң санаттарының бірі немесе бірнешеуінің элементін/тарихын бөліңіз.

(б) элемент/тарих аясында құқық, саясат, әділдік пен этика арасындағы өзара әрекетті сипаттаңыз.

1.4-жаттығу. Заң және құқық

Сот ісін жүргізу тәртібін, дәлелдемелер әсіресе ережелерді қатаң ұстану әдетте, жазықсыз адамды әділетсіз түрмеге отырғызуға қарағанда кінәлі адамның еркіндікте жүргені жақсы деген талап арқылы ақталады. Сіз бұл талаппен келісесіз бе?

1.5-жаттығу. Заң және құқық

Сіздің ойыңызша, әділ немесе шынайы болмайтын заң шешімін немесе жаңа заңды сипаттайтын жаңа элементті табыңыз. Заң шешімі немесе жаңа заң әділетсіз болғандықтан, өз санаттауыңызда «Сот төрелігі» тұжырымдамасының қайсысына сүйенесіз?

1.6-жаттығу. Заң мен этика

Заңды түрде кәсіпкерлікпен айналысу мен этикаға сай кәсіпкерлікпен айналысу арасындағы айырмашылық неде? Осы екеуі міндетті түрде сәйкес келе ме?

1.7-жаттығу. Заң көздері

Мемлекеттік және халықаралық құқық басқару институттарына Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық Әділет Соты, Халықаралық Еңбек ұйымы, Дүниежүзілік Сауда ұйымы мен Халықаралық Валюта қоры кіреді. Осы ұйымдардың әрқайсысының рөліне қысқаша сипаттама беріңіз.

1.8-жаттығу. Аустралия құқық жүйесі

Мабо ісінде сот Бреннанның айтуынша, егер олар қабылдаған заңдар біздің заң органымызға кескін және ішкі келісушілік беретін принцип қаңқасын бөлшектейтін болса, Жоғарғы сот әділеттің қазіргі ұғымдарымен, адам құқықтарымен үйлесетін ережелер қабылдаудан тыс емес еді. Сіз ол бұл арқылы нені білдірді не ойлайсыз?

1.9-жаттығу. Аустралияның құқық жүйесі

Аустралияның құқық реформасы комиссиясы деген не және комиссия жұмысы осы тарауда қарастырылатын мәселелермен қалай байланысады?

1.10-жаттығу. Жергілікті үкімет

Өзіңіз тұратын ауданның жергілікті үкіметінің веб-сайтын тауып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

- (а) Сіздерде жергілікті үкімет қашан құрылды?
- (ә) Сіздерде жергілікті үкімет қала кеңесі, аудандық кеңес, қалашық немесе қандай да бір басқа терминмен атала ма?
- (б) Сіздерде қазіргі әкім кім?
- (в) Сіздерде жергілікті үкімет қандай қызмет көрсетеді?

Бақылау сұрақтарының жауаптары

1.б 2.а 3.ә 4.б 5.б 6.ә 7.б 8.а 9.ә 10.в 11.а 12.в 13.в 14.ә 15.ә 16.в 17.а 18.ә 19.в 20.а

2-ТАРАУ

Аустралия құқық жүйесі

Кіріспе	94	Атқарушы билік	119
Аустралия Конституциясы	94	Генерал-губернатор мен	
Конституция құрылымы	95	штат губернаторлары	120
Конституция конвенциялары	97	Атқарушы Кеңес пен Кабинет	123
Федералдық және штаттық		Атқарушы үкіметке шағым жасау	124
қарым-қатынастар	97	Өкілетті заңнама	127
Территорияны реттеу	104	Сот	130
Конституцияны өзгерту	104	Аустралияның сот жүйесі	130
Заң шығарушы билік	106	Сот процестері	142
Парламент сипаттамасы	107	Прецедент доктринасы	155
Парламент жұмысы	111	Жалпы құқық пен әділеттілік	159
		Дауларды баламалы шешу	161
		Қорытынды	162



Джонни мен Эш

[Джонни мен Эш әлі сыраhanaда отыр. Уақыт өткен сайын сыраhanaда дауыстар қаттырақ шығып және келушілер де масаңдай бастады. Эш пен Джонни сыраhanаның арт жағындағы тыныштау жердегі үстелге көшті].

Эш: Сонымен, сен Аустралияның құқық жүйесі туралы не білесің?

Джонни: – [Ол сенімді жауап береді]. Мен жеткілікті білемін. Менің ойымша, бұл шатасып жатқан ретсіздік. Заң ережелері тым көп екенін білемін, бірақ олардың қайда немесе нені білдіретінін ешкім білмейді. Егер менен сұрасаныз, бізде көптеген саясаткерлер, Премьер-министр, премьерлер мен министрлер бар екенін білемін. Менің ойымша, сотқа біреуді алып бару өте қымбатқа түседі, ал егер басқа біреу сіздің үстіңізден сотқа шағым берсе, сіз, бәлкім, бар ақшыңыздан айрылуыңыз мүмкін. Бұдан артық не білуім қажет?

Эш: Жарайды, енді қарапайым бес сұраққа қалай жауап беретініңізді көрейік. Жауапты кім?

Джонни: – Бұл оңай. Премьер. Жоқ, тоқтай тұр, сіз осы штатта немесе бүкіл елде жауапты дегіңіз келді ме? Егер сіз бүкіл ел дегіңіз келсе, онда Премьер-министр болар еді, солай ғой? Немесе король ма? Генерал-губернатор ма? Президент пе? Жоқ, бұл дұрыс емес.

Эш: Жарайды, қоя тұр. Мына мәселеге

келейік. Федералдық үкімет пен түрлі штаттық үкіметтер арасындағы қарым-қатынас қандай?

Джонни: Мен білмеймін. Штаттық үкіметтер тек қана Федералдық үкіметтің айтқанын орындамай ма? Штаттық үкіметтер Федералдық үкіметтің жергілікті салаларының бір түрі ме?

Эш: Дұрыс. Үшінші сұрақ. Парламент не істейді?

Джонни: [Ол түсінбегендей көрінді] Парламент? Ол үкіметпен бірдей нәрсе ме? Мен теледидардан парламенттің бір-бірімен атысқанын, үлкен бөлме толған адамдардың бір-бірімен дауласып, айқайлағанын көргенмін. Олар не істейді? Шамасы, көп дауласады. Егер біреу сөз алғысы келсе, оған жеккөрінішпен қарап, дауыс көтереді. Шынымен, мен олар бірдеңе істейтін шығар деп ойлаймын. Олар заң шығара ма?

Эш: Заң кітаптарын ба?

Джонни: Иә, заң кітаптарын. Заң туралы үлкен кітаптар жазылып жатқанын білесіз бе? Үлкен, ескі, шаң басқан кітаптар ... Мм, келесі сұрақ.

Эш: Мм, жарайды, соңғы сұрақ. Сіз біреуді қалай сотқа бере аласыз?

Джонни: Оңай. Адвокат аламын. Сонымен мен заңнан қалай екенмін?

Эш: Тағы бір қайтара сусын сатып алыңыз. Сөйлесетін нәрсе көп.



Бұл тарауда

- Аустралия Конституциясы федералдық үкімет пен түрлі штаттық және территориялық үкіметтердің арасындағы қарым-қатынасты қалай реттейді?
- Парламенттер не істеу керек және олар заңды қалай жасайды?
- Атқарушы билік рөлі қандай?
- Аустралияның сот жүйесі қалай жұмыс істейді және заңды дамытуда судьялар қандай рөл атқарады?

Кіріспе

Бұл тарауда Аустралияның құқықтық жүйесі кешенді сипатталады. Бүгінгі Аустралиядағы кәсіпкерлікті реттейтін нақты заңдарды қарап шықпас бұрын сол заңдардың жұмыс істеуін реттейтін орта туралы білген өте маңызды. Джонни сияқты, сіз де Аустралия Конституциясы қалай құрылғанын, федералдық жүйе қалай жұмыс істеуі тиіс екенін, заң шығарушы, атқарушы және сот сияқты, үкіметтің үш құралының әрқайсысының маңызды рөл атқаратынын түсіну қажет.

Осы тараумен танысқаннан кейін, сіз Аустралияның құқықтық жүйесін түсініп қана қоймай, сондай-ақ, парламент, саясаткерлер мен судьялардың қызметі мен мәлімдемесі туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып, көргендеріңізді жақсы бағалап, түсіне аласыз.

Аустралия Конституциясы

1-тарауда Аустралияның құқық жүйесі:

- либералды демократия;
- конституциялық монархия;
- жалпы құқықтық заң жүйесі;
- федералдық құқық жүйесі;
- өкілеттікті оқшаулау;
- үкімет міндетімен сипатталады деп түсіндірдік.

Сондай-ақ, Аустралия штаттары тәуелсіз Ұлыбритания отары ретінде қалай бастағанын, Аустралия Конституциясы аясында отарлардың бір ұлтқа бірігуге қалай келіскені және Аустралия құқықтық жүйесі қалай бірте-бірте Ұлыбританиядан тәуелсіздікке қол жеткізгені туралы сипаттадық.

Осы тараушада біз Федералдық, түрлі штаттық және территориялық үкіметтер арасындағы қарым-қатынасты реттеу тәсіліне назар аудара отырып, Аустралия **Конституциясын** тығыз зерделейтін боламыз. Осы қарым-қатынастарды түсіну Аустралияның кәсіпкерлік заңын түсіну үшін өте маңызды. 1-тараудан білгеніміздей, кәсіпкерліктің кейбір аспектілері Федералдық заңмен реттеледі және кәсіпкерліктің басқа да аспектілері штаттық немесе территориялық заңмен реттеледі және осы екеуінің арасындағы қарым-қатынасты түсіну маңызды болып табылады.

конституция – (а) халық, штат немесе (б) корпорация сияқты ұйымның қалай реттелетінін анықтайтын ережелер жиынтығы.

2.1-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

www.comlaw.gov.au сайтынан Аустралия Конституциясының көшірмесін жүктеп, келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Федералдық Парламент отырысы қаншалықты жиі болу керек?
2. Сенатор мерзімі деген не және ол қашан басталады?
3. Өкілдер палатасы мүшелерінің саны қанша болу керек?
4. Кім өкілдер палатасының мүшесі бола алады?
5. Достастықтың теңіз және әскери күштерінің Бас қолбасшысы кім?
6. Жоғарғы сот судьясы қашан зейнетке кетуге тиіс?
7. Конституция территориялық үкіметті қалай қамтамасыз етеді?

Конституция құрылымы

Аустралия Конституциясы 1900 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енді Аустралиялық Конституциясы іс жүзінде 1900 жылғы *Достастық Аустралия Конституциясы Заңының* 9 тармағында және 1900 жылы заңға айналған британдық парламентінің заңы қамтылды. (Қазір Аустралияда 9 шілде «Конституция күні» ретінде атап өтіледі, бірақ ол штаттық мереке емес, сондықтан сіз ол туралы естімеуіңіз мүмкін). Британдық заңда қамтылғанына қарамастан, 1986 жылы Аустралия мен британдық парламенттер қабылдаған Аустралия заңы нәтижесінде британдық Парламенттің бұдан былай Аустралия Конституциясына өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.

Аустралия Конституциясы сегіз тарау және 128 тараушадан тұрады (2.1-кестені қараңыз).

2.1-кесте. Аустралияның Конституция құрылымы

Тарау	Рубрика	Мазмұны
I-тарау	Парламент	<ul style="list-style-type: none">• I-заң тармағы Федералдық Парламент заңнамалық билікке кепілдік береді.• II-заң тармағы. Федералдық Парламенттің жоғарғы палатасы, Сенатпен айналысады.• III-заң тармағы. Федералдық Парламенттің төменгі палатасы Өкілдер палатасымен айналысады.• IV-заң тармағы. Парламентке дауыс беру және сайлау құқығымен айналысады, парламенттік жеңілдіктер, парламент қағидалары және солармен байланысты мәселелерді қарастырады• V-заң тармағында Парламенттің эксклюзивті және параллель заң шығару өкілеттігін белгілейді(төменде егжей-тегжейлі сипатталған).
II-тарау	Атқарушы үкімет	<ul style="list-style-type: none">• 61-62-заң тармақтары. Атқарушы билік, сондай-ақ, Парламент депутаттары болуы керек: Штат министрлерден құралған Федералдық Атқарушының кеңесі бойынша әрекет ететін генерал-губернаторға билікке кепілдік береді.

Тарау	Рубрика	Мазмұны
III-тарау	Заң шығару	<ul style="list-style-type: none"> • 71-заң тармағында Аустралияның Жоғарғы Сот Федералдық сот билігіне және басқа да федералдық соттарға кепілдіктер береді. • 73 және 75-78-тараушаларда Жоғарғы соттың бастапқы және апелляциялық юрисдикциясы баяндалады. • 80-заң тармағы. Достастыққа қарсы айыптау актісі құқық бұзушылық үшін қазылар алқасы кепілдіктер берген сот процесі.
IV-тарау	Қаржы және сауда	<ul style="list-style-type: none"> • 90-заң тармағында Федералдық Парламентке кедендік және акциздік алымдар үстінен айрықша билік беріледі. • 92-заң тармағында штаттар арасындағы «сауда, коммерция және қарым-қатынас қамтамасыз етіледі «Мүлдем тегін болуы тиіс (Осы тараушаның нақты мағынасы туралы айтарлықтай тартыс болды). • 96-заң тармағында Достастыққа Парламент дұрыс деп санайтын «шарттар мен жағдайлар» жөнінде штаттарға қаржылық гранттар беруге өкілеттілік береді.
V-тарау	Штаттар	<ul style="list-style-type: none"> • 106-108-заң тармағында Штаттық конституцияларды, Штаттық парламенттер өкілеттіктерін және штаттық заңдарды сақтайды. • 109-заң тармағында федералдық және штаттық заңдар арасындағы сәйкессіздіктерді шешеді. • 111-заң тармағында Достастыққа штат тарапының бөлігін беруге мүмкіндік береді. (Бұл мысалы, Оңтүстік Аустралия Солтүстік территория болған құрлықтың бөлігін Достастыққа тапсырған кезде пайда болды). • 114-заң тармағында әскери күшті арттырудан штаттарға тыйым салады. • 115-заң тармағында штаттарға ақша жасауға тыйым салады. • 116-заң тармағында Достастыққа дінді құру үшін кез келген заң қабылдау, кез келген діннің сақталуын таңу, Достастық кеңсесіне дін жаттығуға немесе діни тест жасауға тыйым салады
VI-тарау	Жаңа штаттар	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл заң тармақтарында Достастыққа қосылатын жаңа штаттар қарастырылады (Федерациядан бері жаңа штаттар құрылған жоқ). • 122-тармағында территорияларға қатысты заңдар жасауға Федералдық Парламентке өкілеттілік белгілейді
VII-тарау	Әртүрлі мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> • 126-тармағында Достастық үкіметінің орны (яғни, Ұлттық астана, Канберра) Сиднейден 100 мильден алыс орналаспауы тиіс). • 127-тармағында негізінен байырғы(жергілікті) тұрғындар Достастық немесе штаттық санақта есептелмеуі тиіс деп көзделген. Бұл заң тармағы 1967 жылы күшін жойды.
VIII-тарау	Конституцияға түзетулер енгізу	<ul style="list-style-type: none"> • 128-тармағында Конституцияны қалай өзгерту мүмкін екендігі қарастырылады.

Конституция конвенциялары

Аустралия Конституциясының экспресс баптары **конституциялық конвенциялар** арқылы толықтырылады.

Жылдаған дәстүрлерге негізделген, іс жүзінде Конституция қалай түсіндірілуі және қалай жұмыс істеуі керектігін талап ететін жазылмаған ережелер бар. Бұл конституциялық конвенция, мысалы, төменгі палатада ең көп орын алатын саяси партияның көшбасшысы Премьер-министр, министрлер Кабинетінің басшысы және елдің саяси көшбасшысы болуы тиіс екенін талап етеді. Шын мәнінде, Премьер-министр лауазымы Аустралия Конституциясына мүлдем жатпайды. Генерал-губернаторды атқарушы қызметін атқарғанда Премьер-министрдің ұсынысы бойынша әрекет етуге міндеттейтін де конституциялық конвенция.

Конституциялық келісім жазылмағандықтан, олардың нақты мазмұны мен көлемі айтарлықтай пікірталас тудырады. Жалпы келісілген немесе үйлесімді келісім болмайтын, келісім жұмысы түсініксіз жағдайлар да болуы мүмкін. Мұндай жағдай 1975 жылы Генерал-губернатор сэр Джон Керр Премьер-министр Гоф Уитлэмді қызметінен босатқанда, (атқарушы билік бақыламайтын) Сенат қамсыздандыру шотын жапқаннан Уитлэм үкіметін басқаруға қажетті қаржыдан айыруға тырысқанда туындады. (Қамсыздандыру заң бабы белгілі бір уақыт кезеңінде үкімет жүргізетін шараларға қаражат жұмсауға рұқсат беретін заң жобасы). Сенаттың әрекеті өкілдер палатасын бақылайтын, партия бақылау жасамайтын Сенат қамсыздандыруға тосқауыл қоюға тиіс емес деген келісіммен сәйкес келмеді. Генерал-губернатордың Премьер-министрді қызметінен босатуына қатысты, Генерал-губернатордың танылған өкілеттілігінің бірі болып табылатын кейбіреулер Джон Керрдің әрекетін дұрыс, өйткені қамсыздандыру ала алмайтын Премьер-министр жалпы сайлауға түсуі немесе отставкаға кетуі керек дейтін конвенциямен сәйкес келеді деп мәлімдейді. Басқалары Уитлэмнің қызметінен босатылуы Уитлэм сияқты өкілдер палатасының көпшілігі қолдайтын адам Премьер-министр болып қалуға құқылы деген конвенцияға сәйкес келмейтінін мәлімдейді.

конституциялық конвенция – Конституция іс жүзінде қалай түсіндірілуі және қалай жұмыс істеуі керектігін талап ететін, дәстүрге негізделген жазылмаған ережелер.


Федералдық және штаттық қарым-қатынастар

Аустралия Конституциясы Федералдық Парламент пен түрлі штаттық парламенттер арасында заң шығарушы билікті қалай бөлуді белгілейді (2.1-суретті қараңыз). Тек Федералдық Парламент қана заң жасай алатындығына қатысты кейбір мәселелер бар, бұл Федералдық Парламенттің **эксклюзивті өкілеттігі** деп аталады. Тек штаттық парламенттер заң жасай алатындығына қатысты екінші мәселе бар, бұл штаттық парламенттердің **қалдық өкілеттіктері** деп аталады. Және де федералдық және штаттық парламенттердің екеуі де заңдар жасай алатындығына қатысты жан-жақты мәселелер тізімі бар, бұл параллель өкілеттіктер деп аталады. Федералдық және штаттық парламенттер арасындағы дауларды Конституцияның 76-бабына сәйкес Аустралияның Жоғарғы соты шешеді.

эксклюзивті өкілеттік – тек Федералдық Парламент жүргізуге қабілетті заңнамалық өкілеттілік.

қалдық өкілеттік – штаттық парламент жүргізуге қабілетті заңнамалық өкілеттік.

параллель өкілеттік – Федералдық Парламент пен штаттық парламент екеуі де жүргізуге қабілетті заңнамалық өкілеттік.



2.1-сурет. Заң шығару билігін бөлу

ЕСКЕРТУ!

Штаттық билік органдары Федералдық үкіметке жауапты емес. Керісінше, Аустралияда Федералдық және штаттық үкімет заң жасауға, басқаруға және оны интерпретациялауда әріптестікте бірге жұмыс істейді.

Эксклюзивті өкілеттік

Эксклюзивті (айрықша) өкілеттік тек Федералдық Парламент жүзеге асыруға қабілетті билік. Аустралия Конституциясында эксклюзивті (айрықша) өкілеттік тізімі салыстырмалы түрде қысқа және мыналарды қамтиды:

- Достастық үкіметінде орын санын белгілеу және Достастықтың штаттық қызметін қадағалау;¹
- кедендік салық салу және акциздер алымы;²
- кез келген теңіз немесе әскери күшті арттыру және сақтау;³
- ақша шығару;⁴
- территориялық үкімет.⁵

Балама өкілеттіктер

Конституцияға сәйкес Федералды Парламентке берілген өкілеттіктердің көпшілігі параллель өкілеттіктер. Балама өкілеттіктерді Федералдық және Штаттық үкімет екеуі де жүргізуге қабілетті. Конституция қабылданған уақытта, Федералдық реттеу тиісті дейтін барлық аймақтарға бақылау жүргізуді өз мойнына алу жаңа Федералдық Парламентке мүмкін емес еді, сондықтан оларды балама өкілеттік ретінде анықтау туралы шешім қабылданды. Соған орай, Федералдық Парламент бақылауды өз мойнына алу жағдайында болғандықтан, штаттар сол уақытқа дейін бақылау өкілеттігін өздерінде қалдыра алды.

Аустралия Конституциясының 51-тармағы 40 балама «билік басшылары» туралы баяндайды:

Парламенттің Конституция ережелерін ескере отырып, бейбітшілік, тәртіп және Достастықтың жақсы үкіметі үшін мынадай мәселелерге қатысты заңдар жасауға өкілеттігі бар:

1 Australian Constitution s 52.

2 Australian Constitution s 90.

3 Australian Constitution s 114.

4 Australian Constitution s 115.

5 Australian Constitution s 122.

- (i) Басқа елдермен, сондай-ақ штаттар арасындағы сауда мен коммерция;
- (ii) салық салу, бірақ штаттар немесе штаттар бөліктері арасында кемсітушілік болмайтындай түрде;
- (iii) тауарлар өндіру немесе экспортқа шығару жомарттығы, бірақ мұндай жомарттық Достастықта біркелкі болуы тиіс;
- (iv) Достастықтың штаттық кредитіне қарызға ақша беру;
- (v) пошта, телеграф, телефон тағы басқа сол сияқты қызметтер;
- (vi) Достастықтың пен бірнеше штаттардың теңіз және әскери қорғанысы, Достастық заңдарын орындайтын және сақтайтын күштерді бақылау;
- (vii) шамшырақтар, маяктар және бакендер;
- (viii) астрономиялық және метеорологиялық бақылаулар;
- (ix) карантин;
- (x) Территориялық шектеуден тыс басқа Аустралия суларында балық аулау;
- (xi) Халық санағы және статистика;
- (xii) Валюта, оның сынамсы мен заңды тендер;
- (xiii) Штаттық банктен тыс басқа банк жұмысы, сондай-ақ, штат мүддесі шектеуінен тыс басқа штаттық банкті кеңейту, банктерді енгізу, қағаз ақша шығару;
- (xiv) Штаттық сақтандырудан басқа сақтандыру, тиісті штат мүддесі шектеуінен тысқары штаттық сақтандыру;
- (xv) Салмақтар мен өлшемдер;
- (xvi) Айырбастау және вексельдер;
- (xvii) Банкроттық және қаржылай дәрменсіздік;
- (xviii) Авторлық құқықтар, өнертапқыштық және конструкциялық патенттер, сауда белгілері;
- (xix) Натурализация және бөгде адамдар;
- (xx) Шетелдік корпорациялар, сондай-ақ сауда-саттық немесе Достастық аясында қалыптасқан қаржылық корпорациялар;
- (xxi) Неке;
- (xxii) Ажырасу және отбасылық істер; ата-ана құқықтары мен нәрестелерге қамқорлық және оларды қорғау;
- (xxiiiA) Декреттік жәрдемақыны қамтамасыз ету, жесір әйелдер, балалар (эндоументі (жәрдемақысы), жұмыссыздық, фармацевтика, ауру және аурухана жәрдемақысы, медициналық және стоматологиялық қызметтер (бірақ азаматтық шақырудың кез келген нысанына рұқсат ету), студенттер мен отбасы жәрдемақысы;
- (xxiv) Достастықтағы азаматтық және қылмыстық процесте қызмет көрсету және орындау, штаттар соттарының сот үкімдері;
- (xxv) Достастық заңдарын, штаттық актілерді, қаулыларды, штаттардың сот процестерін тану, мойындау;
- (xxvi) Кез келген нәсіл үшін ерекше заңдар қабылдау қажетті болып саналады;
- (xxvii) Иммиграция және эмиграция;
- (xxviii) Қылмыстық істер;
- (xxix) Сыртқы істер;
- (xxx) Достастықтың Тынық мұхит аралдарымен қарым-қатынастары;
- (xxxi) Парламенттің оған қатысты заңдар жасауға күші бар кез келген мақсатта кез келген штат пен тұлғадан шарттар бойынша мүлікті сатып алу;
- (xxxii) Достастықтың теңіз және әскери мақсаттар үшін тасымалдауға қатысты темір жолды бақылауы;
- (xxxiii) Достастық мен штат арасындағы ұйымдастырылған шарттар бойынша штаттың келісімімен штаттың кез келген темір жолын сатып алу;

- (xxiv) Штаттың келісімімен кез келген штатта темір жол құрылысын салу және кеңейту;
- (xxv) кез келген бір штаттің шектеуінен тысқары ұзаққа созылатын өнеркәсіптік даулардың алдын алу және реттеу үшін келісім және төрелік жасау;
- (xxvi) парламентте көзделмеген, Конституцияда көзделген мәселелерге қатысты;
- (xxxvii) парламент немесе кез келген штаттар парламенттерінің Достастық Парламентіне қатысты мәселелері, бірақ заң қай парламенттің мәселесіне қатысты болса, сол штаттарға ғана қолданылады немесе кейіннен заң қабылданады;
- (xxxviii) Достастықта тікелей мүдделі барлық штаттар парламенттерінің келісімі немесе өтініші бойынша, кез келген билік шеңберінде, Конституция жүктеген кез келген билікті Ұлыбритания Парламенті немесе Австралазия Федералдық кеңесі жүзеге асыруы мүмкін;
- (xxxix) парламентте немесе оның палатасына, Достастық үкімет немесе Федералдық заң құрылымына, Достастықтың кез келген бөліміне немесе лауазымды қызметкеріне осы Конституция жүктеген кез келген орындалатын мәселелер.

Іс жүзіндегі биліктің ең негізгі басшылары:

- 51 (i) т – штатаралық және халықаралық сауда мен коммерция;
- 51 (ii) т – салық салу;
- 51 (xx) т – корпорациялар;
- 51 (xx) т – сыртқы істер, яғни, Аустралия мен басқа да елдердің арасындағы қарым-қатынас.

Егер 51-заң тармағында Федералдық Парламент санамаланбаған кез келген мәселелерге қатысты заңнама болмаса, онда ол мәселе штаттардың нормативтік өкілеттігінде қалады. Егер Штаттық парламент осы мәселелердің біріне қатысты заң жасаса және Федералдық Парламент сол мәселеге байланысты заң шығарса, онда Аустралия Конституциясының 109-тармағы қамтамасыз етеді:

Штаттың заңы Достастық заңдарына қайшы болған кезде, соңғысы басымдылықта болады және алдыңғысы (версиясы) үйлесімсіз болғандықтан, жарамсыз деп табылады.

Егер Федералдық Парламент өз заңы «мәселені қамтиды» деп тапқан жағдайда, ол штаттық заңды алып тастайды. Жоғарғы соттың бір судьясы осы тарауша операциясын былай түсіндірді:

Егер Федералдық заң штаттық заңға қосымша немесе жиынтық болуды көздесе, онда ешқандай сәйкессіздік, қайшылық ұсынылмайды Қайшылық түбегейлі түрде, толығымен, қатар мойынсұнуға сезімтал екі заңның жай ғана қатар өмір сүруінде жатқан жоқ. Ол бірінші кезектегі заң шығарушының бірдей мінез-құлық немесе мәселені реттеуге бағытталатын өзінің түбегейлі түрде, толығымен, заңнамасын қолданысқа енгізу арқылы білдіретін ниетіне байланысты. Федералдық заң осындай ниетін ашып көрсеткенде, бірдей мінез-құлық немесе мәселені реттейтін штаттық заңнамаға қайшы келеді.⁶

Уоллистің Даунард-Пикфорд (Солтүстік Квинсленд) Pty Ltd (1994) 179 388 ЖШС компаниясына қарсы талап-арызы

Уоллис тауарларын тасу үшін тауар тасымалдаушы Downard-Pickford (DP) компаниясымен жұмыс істеді. DP компаниясы тауарларға зақым келтірген кезде,

⁶ *Ex parte McLean* (1930) 43 CLR 472 at 483; (Dixon J).

Уоллис өтемақы талап етті. Уоллис Федералдық заңнамаға, 1974 жылы шыққан (Сth) Сауда тәжірибелері (Тасымалдаушы міндеттемелері) заң актісіне сүйеніп, барлығы 1663,00\$ өтемақы алуға құқылы болды. DP өзінің жауапкершілігін 200.00\$ төлемақыға шектейтін 1967 жылы шыққан Тауарларды жер арқылы тасымалдау Заңына (Клд), Квинсленд заңнамасына жүгінді. Жоғарғы сот Квинсленд заң актісі Федералдық Заңға қайшы келетіндіктен, Аустралия Конституциясының 109-бабы бойынша Квинсленд актісін жарамсыз деп шешті. Уоллис толық өтемақы алуға құқылы болды.

Аустралия Конституциясының 51-тармағы редакциясын түсіндіруде Аустралия Жоғарғы соты жиі, кейде таңғаларлық жолдармен, Федералдық заңнаманы жарамды деп жариялау арқылы оны құптады.

Куувартаның Vjelke-Petersen (1982) 153 168 ЖШС компаниясына қарсы талап арызы

1982 жылы Квинсленд үкіметі Аустралия Конституциясының 51-заң тармағында санамаланбаған өкілеттіктің бірі емес екенін дауласып, 1975 жылғы Нәсілдік Кемсітушілік туралы Заңның (Дст) Конституциялық жарамдылығына дау айтты. Жоғарғы сот заң актісі Аустралия Конституциясының 51-тармағында (xxx) «сыртқы істер» билігіне енген деп шешті. Аустралия нәсілдік кемсітушілікке тыйым салған халықаралық шарттың тарабы болып саналады, сондықтан шарттың мақсаттарын жүзеге асыратын заң – сыртқы істер билігін байласатын заң.

Достастықтың Тасмания (1983) 158 ЖШС компаниясына қарсы талап-арызы

1980 жылы Федералдық үкімет Тасмания үкіметіне Тасманиядағы Гордон мен Франклин өзендерінде гидроэлектр бөгеті құрылысын салдырмауға ұмтылды. Федералдық Парламент жобаға тыйым салатын заң қабылдады, Тасмания бұл заңнаманың конституциялық жарамдылығына дау айтты. Жоғарғы сот Конституцияның 51-заң тармағындағы сыртқы істер билігіне сәйкес Федералдық заңнама Конституция бойынша жарамды деп тағы бір рет шешім қабылдады. Аустралия 1974 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы ЮНЕСКО-ның Конвенцияны, экологиялық шартты ратификациялаған болатын және Федералдық Парламентке қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша заңдар шығаруға рұқсат берді.

2.2-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Аустралия Конституциясында баяндалған федералдық және штат үкіметтері арасындағы билік бөлудің жоғарыдағы жағдайларында Жоғарғы соттың пайымдау салдары нені көрсетеді?

Сондай-ақ, екінші жағынан, Жоғарғы сот 51-заң тармағын жеткілікті қатаң түсіндірген жағдай да бар.

Достастықтың Жаңа Оңтүстік Уэльс (1990) 169 482 ЖШС компаниясына қарсы талап-арызы

1989 жылы Федералдық Парламент, корпорациялар туралы заң актісін (1989) қабылдады. Штаттар Жоғарғы сотқа заңнама жөнінде шағым жасады. Федералдық үкімет бұл заңнама 51(хх) заң тармағына сәйкес, келетіндіктен, жарамды екенін дәлелдеді. Жоғарғы Сот Федералды Парламентке (хх) заң тармағы бұрын құрылған компанияларға қатысты заңдар жасауға рұқсат береді деп шешті. Бұл Федералды Парламентке компаниялардағы бастапқы құрылтайшылықты реттейтін ережелер жасауға рұқсат бермеді. Сондықтан сот Федералдық заңнама Конституцияға қайшы және жарамсыз деп шешті. [содан бері Штаттар өз еркімен Федералдық Парламент реттейтін корпорацияларды реттеу өкілеттігі туралы 51(хххvii) заң тармағына сәйкес Федералдық Парламентке ауысты (10-12-тарауларды қараңыз).

Жалпы айтқанда, Жоғарғы соттың 51-заң тармағында баяндалған өкілеттіктерін түсіндіруге көзқарасы Федерациядан бері штаттардың есебінен Федералдық үкімет органын кеңейткенін көрді.

Федералдық үкімет те Конституцияның 96-тармағында баяндалған заң арқылы өздерінің заң шығарушы билік аясын кеңейте алатын еді. Заңның 96-тармағына, Федералдық Парламент дұрыс деп санайтын «шарттар мен жағдайлар үшін» кез келген штатқа ақша беруге билігі бар. Бұл Федералдық үкіметке техникалық жағынан Федералдық Үкіметтің заң шығарушы билік саласынан тыс жерлерде федералдық үкімет саясатымен ынтымақтасатын штаттарға шартты «белгіленген (мақсатты) *грант-тар*» ретінде белгілі қаржылық гранттар беруге мүмкіндік береді. Мысалы, бұл соңғы жылдары Федералдық Үкіметке екеуі де Штаттардың қалдық өкілеттіктері болған штаттық ауруханалар мен мектептерді штаттық реттеуде ықпал етуге мүмкіндік берді.

Қосалқы өкілеттіктер

Аустралия Конституциясында эксклюзивті немесе балама, анық билік ретінде айқын анықталмаған кез келген нәрселер штаттардың қосалқы өкілеттігі болады. Сондықтан штаттардың қосалқы өкілеттігі мынадай мәселелерге қатысты заңдар шығару өкілеттігін қамтиды:

- білім беру;
- денсаулық сақтау;
- қылмыстық құқық;
- келісімшарт пен құқық бұзушылық;
- көлік;
- меншік және жер;
- жергілікті үкімет.

Бұл мысалы, білім беруді штаттар реттейтіндіктен, әрбір штатқа неге сәл басқаша мектеп жүйесі бар екендігін түсіндіреді. Сол сияқты, жол-көлік ережелерін штаттар реттейтіндіктен, бір штат пен екінші бір штатта сәл өзгеше жол-көлік ережелері бар.

2.3-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Неге қорғаныс, сыртқы істер және неке сияқты мәселелер Федералдық Парламент

құзыретіне берілуі, ал білім және қылмыс сияқты мәселелер штаттық парламент құзыретінде қалдырылуы тиіс?

Шектеулер

Аустралия Конституциясы Достастық өкілеттігіне бірқатар маңызды шектеулер қояды. Достастық:

- салық салуға қатысты басқа бір штатқа өкілеттік жүргізе алмайды;⁷
- өтемақысыз мүлікті сатып алмайды;⁸
- Достастық заңнамасына сәйкес қылмыс және құқық бұзушылықпен айыпталған адамды сол қылмыс жасалған штатта қазылар алқасы сот талқылауын жүргізуі тиіс;⁹
- штаттар арасындағы еркін сауданы шектей алмайды;¹⁰
- сауда, коммерция немесе табысқа қатысты басқа бір штатқа өкілеттігі жоқ;¹¹
- кез келген дінді құратын, жүктейтін немесе тыйым салатын қандай да бір заң шығара алмайды;¹²
- басқа штаттарға қарсы штат тұрғындарын кемсітушілікке жол бермеуі тиіс;¹³
- басқыншылыққа қарсы әрбір штатты қорғауға тиіс;¹⁴

Аустралия Конституциясы сондай-ақ, штаттар өкілеттігіне маңызды бірқатар шектеулер қояды. Штаттар:

- кедендік және акциздік алымдар өндіріп алмайды;¹⁵
- штаттар арасындағы сауда тегін болуын қамтамасыз етуі тиіс;¹⁶
- әскери күштерді арттыра алмайды;¹⁷
- ақша шығара алмайды;¹⁸

Аустралияның Жоғарғы соты, сондай-ақ Аустралия Конституциясы Достастық өкілеттігіне бірқатар түспалданатын шектеулер бар екенін мәлімдеді. Достастық:

- штаттар кемсітушілік немесе олардың үздіксіз өмір сүруін төмендететін заң шығара алмайды;¹⁹
- Конституцияда белгіленген басқару жүйесінің нәтижесінде Конституцияда көрсетілген саяси, штаттық және қоғамдық істер туралы байланыс бостандығына қайшы болып табылатын заң шығара алмайды.²⁰

7 Australian Constitution s 52.

8 Australian Constitution s 90.

9 Australian Constitution s 114

10 Australian Constitution s 115.

11 Australian Constitution s 122.

12 Australian Constitution s 99.

13 Australian Constitution s 116.

14 Australian Constitution s 117.

15 Australian Constitution s 119.

16 Australian Constitution s 92.

17 Australian Constitution s 109.

18 Australian Constitution s 115.

19 *Koowarta v Bjelke-Petersen* (1982) 153 CLR 168.

20 *Australian Capital Television Pty Ltd & New South Wales v Commonwealth* (1992) 177 CLR 106; *Nationwide News Pty Ltd v Wills* (1992) 177 CLR 1.

Территорияны реттеу

Аустралия Конституциясы штаттар «тапсырған» немесе басқаша Достастық арқылы алынған территорияларға қатысты Федералдық Парламентке заң шығаруға өкілеттік береді.²¹

Аустралияның екі ірі – астаналық (АСТ) мен Солтүстік территориясымен қатар басқа да сегіз территория бар:

- Ашмор және Картиер аралдары;
- Крисмас аралы;
- Кокос (Keeling) аралдары;
- Корал Си аралдары;
- Джервис Бей территориясы;
- Норфолк аралы;
- Херд аралы және МакДональд аралдары территориясы;
- Аустралиялық Антарктика территориясы.

Осы он аумаққа қатысты, Федералдық Парламент кез келген мәселе бойынша заңдар шығара алады. Аустралияның қалған бөлігіне қатысты болғандықтан, Федералдық Парламент штаттық парламенттермен заң шығару билігін бөліспейді. Федералдық Парламент екі ірі территорияда және Солтүстік территория мен Норфолк аралында өзін-өзі басқарудың үлкен дәрежесі мәртебесін алды. Көп жағдайларды осы территориялар штаттар ретінде жұмыс істейді, бірақ Федералдық Парламент олардың парламенттерінің кез келген заңнамасын қайта қарай алады. Мысалы, *1995 жылы Солтүстік территория Парламенті* 1995 жылы Жазылмайтын ауру құқығы туралы Заң (СТ) қабылдаған территорияда эвтаназияны заңдастырды. 1997 жылдың наурыз айында Достастық Эвтаназия заң актісін 1997 (Дст) қабылдады. Бұл заң Солтүстік территорияның эвтаназия туралы заңнама қабылдау құзыретін алып тастады (басқа да өзін-өзі басқаратын территориялармен бірге). Бұл бұдан былай Солтүстік территория заңнамалық Ассамблеясының заңды біліктілігі жоқ болғандықтан, оның заң жүйесін тиімсіз деп көрсетуге алып келді. Басқа жеті территорияны әдетте **администратор** (әкімші) арқылы тікелей Федералдық үкімет реттейді.

администратор – федералдық үкімет атынан территорияны басқаруға жауапты қызметкер.

Конституцияны өзгерту

Конституция конституцияны қалай толықтырылуы мүмкін екендігін белгілейді.²²¹

Конституцияны өзгерту Парламенттің қарапайым Заңынан да көп нәрсені талап етеді, әйтпесе, кез келген үкіметтің бүкіл құқықтық жүйені қайта құрылымдау мүмкіндігі болар еді. Ұсынылған түзетулер төмендегідей болуы тиіс:

1. парламенттің екі палатасының абсолютті көпшілік даусымен қабылдануы тиіс
2. Аустралия сайлаушыларына **референдум** түрінде өткізілуі және сайлаушылардың, штаттардың көпшілік даусымен қабылдануы тиіс
3. **келісім** алынады.

референдум – сайлаушылардың мәселе немесе сұрақ бойынша дауыс беруі.

келісім – монах өкілі ресми түрде жаңа заңды бекітетін заңнама қабылдаудың соңғы кезеңі. Сондай-ақ, бұл «Король келісімі» ретінде де белгілі.

²¹ Australian Constitution s 122.

²² Австралия Конституциясы s 128

Егер ұсынылған түзету, Парламенттің бір палатасы қабылдаса, екінші палата одан бас тартып, қабылдамаса, үш айдан кейін бірінші палата қайтадан қабылдайды, ал екінші палата екінші рет қабылдамаса, генерал-губернатор ұсынылған түзетуді Аустралия сайлаушыларына дауысқа салуды таңдауына болады. Федерациядан бері Аустралия Конституциясына қырық төрт түзету ұсынылды, бірақ олардың тек сегізі ғана референдумда табысты қабылданды:

- 1906 – 13-заң тармағына өкілеттік сенаторлар қызметінің мерзімін өзгерту туралы түзетулер енгізілді.
- 1910 – 105-заң тармағына кез келген уақытта борыштары штаттан бұрын алынған қарыздардан штат алған қарыздарға дейін қабылдау үшін Достастық өкілеттігін ұзарту туралы түзетулер енгізілді.
- 1928 – 105А-заң тармағына 1927 жылы Достастық пен штаттық үкіметтер арасында қол жеткізілген қаржылық келісімнің конституциялық жарамдылығын қамтамасыз ету үшін түзетулер енгізілді.
- 1946 – 51(ххiiiА)-заң тармағына арнаулы әлеуметтік қызметтер ауқымына Достастық Үкіметінің өкілеттігін ұзарту үшін түзетулер енгізілді.
- 1967 – 51(ххvi)-заң тармағына адамдардың кез келген нәсіліне заң аборигендерге Достастық үкімет өкілеттігін ұзарту үшін түзетулер енгізілді және (аборигендер кез келген Достастық немесе штаттық санақта есептелмейтін) 127-заң тармағы күшін жойды.
- 1977 – Бұл түзету егер Сенатта, тиісті штаттық парламентте кездейсоқ бос орын болса, ол бос орынға таңдалатын болса, кеткен сенатордың орнына ол партия әлі бар болса, сол саяси партиядан таңдалуы керек деген конвенцияны рәсімдейді.
- 1977 – 128-заң тармағына территория тұрғындарына референдумға қатысуға мүмкіндік беру үшін ұлттық жалпы саны есептеліндігі туралы түзетулер енгізілді
- 1977 – 72-заң тармағына Федералдық соттарда судьялардың 70 жаста зейнетке шығуы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Аустралия Конституциялық өзгерістер енгізудің ең соңғы әрекеті 1999 жылы 6 қарашада болды. Аустралия **республика** болуы тиіс пе деген мәселені шешу Аустралия сайлаушыларынан сұралды. Корольды штат басшысы болудан алып тастау, Генерал-губернаторды Федералдық Парламенттің үштен екі көпшілік даусымен тағайындалған президенттің ауыстыруы ұсынылды. Бұл әрекет сәтсіз болды.

Республика – штат басшысы монарх болып табылмайтын үкімет жүйесі.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 2.1 Аустралия Конституциясы заң актісінің Достастығы неге британдық парламенттің заң актісі болып табылады?
- 2.2 Аустралия Конституциясы қалай құрылымдалған?
- 2.3 «Конституциялық конвенциялар (келісімдер) деген не?
- 2.4 Эксклюзивті, параллель, қалдық және бір мезгілдік өкілеттіктер арасындағы айырмашылықтар қандай?
- 2.5 Федералдық Парламенттің эксклюзивті өкілеттігі қандай?
- 2.6 Аустралия Конституциясында айтылған параллель өкілеттік деген не?
- 2.7 Федералдық заң мен штаттық заң қайшылықты болса не болады?

- 2.8 51-заң тармағында Федералдық Парламент өкілеттігін кеңейту үшін сыртқы қарым-қатынастар өкілеттігі қалай қолданылған?
- 2.9 Штаттардың қалдық өкілеттігіне қандай мәселелер кіреді?
- 2.10 Аустралия Конституциясы
 - (а) Федералдық Парламентке
 - (б) штаттық Парламентке қандай шектеулер қояды?
- 2.11 Территориялар қалай реттеледі?
- 2.12 Аустралия Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар қалай енгізілуі мүмкін?

Заң шығарушы билік

Заң шығарушы билік – заң шығару құзіреті және оны Аустралияда түрлі парламенттер жүзеге асырады. Мысалы, Аустралия Конституциясына сәйкес:

Достастықтың заңнамалық өкілеттігі корольым, бір Сенат пен палата өкілдерінен тұратын және осы құжатта кейін «Парламент» немесе Достастық Парламенті» деп аталатын Федералдық Парламент құзыретіне жатады.²³

Сол сияқты, штаттық парламенттерде әртүрлі штаттық конституциялар (2.2-кестені қараңыз) заң күшіне кепілдік болады. Бірақ нақты **парламент** деген не және ол қалай жұмыс істейді?

парламент – жаңа заң туралы пікірталас жасайтын әдетте, екі палаталы сайланған өкілдердің жиналуы.

2.2-кесте. Аустралия парламенті

Юрисдикция	Парламент веб сайты
Достастық	www.aph.gov.au
Аустралияның астаналық территориясы	www.legassembly.act.gov.au
Жаңа Оңтүстік Уэльс	www.parliament.nsw.gov.au
Солтүстік территория	www.nt.gov.au/lant
Квинсленд	www.parliament.qld.gov.au
Оңтүстік Аустралия	www.parliament.sa.gov.au
Тасмания	www.parliament.tas.gov.au
Виктория	www.parliament.vic.gov.au
Батыс Аустралия	www.parliament.wa.gov.au

2.4-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

1. Федералдық Парламенттің негізгі парақшасына кіріңіз және келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

- (а) «Хансард» дегеніміз не?

²³ Австралия Конституциясы, s 1

(ә) Сіз Премьер-Министрге, Сенатор және Өкілдер палатасы мүшесіне қалай дұрыс шыға аласыз?

(б) «Сұрақ уақыты» деген не?

2. Өз штатыңыздың немесе территорияңыздың Парламенті парақшасына кіріңіз және келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

(а) Премьер немесе Бас Министр кім?

(ә) Премьер-министрдің орынбасары кім?

(б) Қазынашысы кім?

(в) Оппозиция жетекшісі кім?

Парламент сипаттамасы

Бұл тараушада біз Ұлыбритания мен Аустралия парламенттерінің тарихы мен құрылымын сипаттаймыз.

Парламент тарихы

Аустралияда және басқа да либералдық демократиялар аясында «егеменді заң шығарушы» ретінде Парламенттің үстемдігі шеңберінде деп ағылшын монархы мен ағылшын парламенті арасындағы ұзақ күрес нәтижесі болып табылады.

Оны жалпы Ұлыбританиядағы қазіргі құқық жүйесі күні ретінде 1066 жыл деп анықтауға болады. Бұл Норман басқыншылығы күні болды, Уильям басқыншы өзін король Уильям I деп белгіледі. Алайда, парламенттің шығуы тіпті, одан әріден бастау алады. Олар корольдың епископ ассамблеялары, Аббат және маңызды мәселелерді талқылау және корольға кеңес беру үшін талқылау кездесетін басқа көшбасшылар болатын англо-саксон Англияның Ұлы кеңестеріне қайта із салуы мүмкін. Норман монархы Кюри Регис немесе корольдың кеңесі ретінде белгілі болған Ұлы кеңесті жалғастырды және әлеуметті жер иелерін мүшелікке алу үшін оны кеңейтті.

Бірінші монарх абсолютті билік жүргізді, бірақ 1215 жылы король Джон Хартиясының белгілерін қуаттап, монарх билігі белгілі бір заң, оның ішінде салық заңын шығарудан бұрын кеңесті қабылдау және кеңес беру талаптарымен шектелген болатын.

Магна Хартияның 14-бабына сәйкес:

Корольдың ортақ кеңесін алу, жәрдемді (Жоғарыда айтылған үш жағдайды қоспағанда) немесе әскери міндеттен босату төлемін бағалауға қатысты бізге Архиепископтарды, монастырь, дін қызметкерлерін, үлкен барондарды бірнеше рет хат жіберу арқылы шақыртуға тура келеді, сонымен қатар, шериф және сот орындаушылары және басқалар арқылы бізді басқаратындар белгіленген күнге, атап айтқанда, кем дегенде қырық күн өткен соң және тұрақты орында, әдетте, барлық осындай шақыру хаттарында шақыру себебін дәл анықтаймыз. Осылайша, шақыру жіберілген кезде, осындай кеңеске сәйкес, шақырылғандар түгел келмесе де, тағайындалған күні іскерлік процесі өтеді.

1200 жылдардың соңында кеңестің осы кездесулері «parliamentum» деп атала бастады және әрбір парламенттегі екі граф өкілі, әрбір қала мен елді мекеннің екі азаматы кіретін болды. 1332 жылы граф өкілі мен азаматтар барондар мен дін қызметкерлерінен бөлек кездесе бастады. Бұл, сайып келгенде, бүгінде бар (**екі палатадан** тұратын) қос палаталы британдық парламентке алып келді.

екі палаталы – парламентке қатысты қолданғанда екі бөліктен тұрады, парламент Жоғарғы және Төменгі екі палатадан тұрады дегенді білдіреді.

Парламент бастапқыда монархқа бағынышты болды, бірақ жылдар өте келе билік балансы (тепе-теңдігі) ауысты. Азаматтық соғыс Англияда монархқа және парламентке адал адамдар арасын бұзды. Монарх корольдік артықшылық арқасында заң шығару құқығы туралы өтініш берді және парламент монарх тек оның келісімімен заң шығара алатынын мәлімдеді. 1600 жылдары, 1 Чарльз король билік етуге Құдайдың құқығын мәлімдеді және парламентті таратып жіберді. Алайда, Парламент таратылудан бас тартты және көтеріліс жасады. Чарльз сотқа тартылды және опасыздық жасағаны үшін дарға асылды. Бұл ондаған жылдарға созылған қақтығыс, оның ішінде азаматтық соғыс болды және 1658 жылы Оливер Кромвелл қайтыс болғанға дейін оның республикалық диктатурасы болды. Сайып келгенде, монарх қайта оралды, бірақ ол, әдетте, заң шығару еркіндігі бар монарх емес. Абсолюттік монархия жүйесі конституциялық монархияға айналды.



Парламент суверендігі ұғымы британдық парламенттің кез келген заң шығаратын, шығармайтын құқығы ретінде сипатталған болатын және одан әрі, заң бойынша Парламент заңдарын бұзатын немесе алып тастайтын ешқандай тұлға немесе орган танылған жоқ.²⁴ Бұл ұғымның үш маңызды салдары бар.

1. Парламент қабылдаған заңдар мораль, халықаралық құқық немесе жалпы құқық принциптері сияқты кез келген «жоғары заңға» (судьялар әзірлеген заң) бағынышты емес.

2. Парламент болашақ парламенттерге байланысты заң жасай алмайды, яғни, парламент өз заңдарын өзгертуге әрдайым ерікті болады.

3. Ешбір тұлғаның, тіпті судья немесе атқарушы билік мүшесінің, парламент қабылдаған жарамды заңды бұзу, ескермеу немесе мойынсұнбау мүмкіндігі жоқ.

Алайда, Аустралияда осы абсолютті егемендік ұғымына қарама-қайшы, парламент өкілеттігіне маңызды шектеу бар: олар тиісті Конституция талаптарына сәйкес өздерінің заң шығару билігін жүргізу керек және егер өздерінің конституциялық құзіретінен асатын заң шығаруға әрекет жасаса, ол заңдар соттар арқылы олар конституцияға сай емес және жарамсыз деп жариялануы мүмкін.

Парламент құрылымы

Англияда, Кури Реджис Жоғарғы және Төменгі палатадан тұратын екі палаталы парламентке айналды. Жоғарғы Палата (бастапқыда Тұрғындар Басшысы және дін үйі деп аталды) қазір **Лордтар палатасы** деп аталады және Төменгі Палата (бастапқыда сайланған граф өкілдері мен азаматтар үйі деп аталды) қазір **қауымдастар палатасы** деп аталады.

лордтар палатасы – британдық парламенттің жоғарғы палатасы.

қауымдастар палатасы – Ұлыбритания парламентінің палатасы.

²⁴ A V Dicey, *Introduction to the Study of the Law of the Constitution* (Macmillan, 10th ed., 1959).

Аустралия Парламенті құрылымының көпшілігі британдық Парламент құрылымын ұқсас (2.3-кестені қараңыз). Түпкілікті заңға айналу үшін заң жобасы деп аталатын заңнаманы парламенттің Төменгі және Жоғарғы палатасы екеуі де (көпшілік мақұлдаған) қабылдауы тиіс. Бұл Вестминстер жүйесі ретінде белгілі. Вестминстер жүйесі Лондонда орналасқан.

2.3-кесте. Парламент құрылымы

	Британ Парламент	Федералдық Парламент	Штаттық Парламенттер	Территория Парламенті
Жоғарғы үкімет (Монарх үкіметі)	Король	генерал-губернатор	губернатор	Администратор (әкімші)
Жоғарғы палата	Лордтар палатасы	Сенат	заңнамалық кеңес	—
Төменгі палата	қауымдастар палатасы	өкілдер палатасы	заңнамалық Ассамблея	заңнамалық Ассамблея

заң жобасы – парламенттің заң актісі.

Вестминстер жүйесі – үкіметтің британдық жүйесіне негізделген палаталы парламент жүйесі.

Басқа штаттар парламенттерінен айырмашылығы Квинсленд Парламенті бір палаталы, яғни онда бір ғана палата бар. 1922 жылы Квинсленд Конституция Заңына өзгерістер енгізу туралы заң (Qld) қабылдап, Жоғарғы палата таратылды. Сол кездегі Еңбек партиясының саясаты олар Жоғарғы палаталар таратылуы тиіс, өйткені олардың сол мүшелері сайланғаннан гөрі тағайындалғандықтан, демократиялық емес болды. Еңбек партиясы сайлауда жеңгеннен кейін өз саясатын жүргізді. (Референдум қажет болған жоқ, Аустралия Конституциясынан айырмашылығы, Квинсленд Конституциясы заңнамасына заң шығару арқылы түзетулер енгізілуі мүмкін болды). Аустралияның астаналық территориясы (ААТ) мен Солтүстік территория парламенттері де бір палаталы болып табылады.

Федералдық Парламент

Федералдық Парламентте Төменгі палата, **Өкілдер палатасы** және **Сенат** деп аталатын Жоғарғы палата бар. Өкілдер палатасының әр мүшесі белгілі бір **электораттарды** немесе географиялық аймақтың өкілдігін білдіру үшін сайланады. Бұл Төменгі палатада Аустралия азаматтарының өкілі тең болуын қамтамасыз етеді. Аустралия Конституциясына сәйкес, Өкілдер палатасы мүшелерінің саны шамамен Сенаторлардың жалпы санынан екі есе көп болуы керек. Қазір Өкілдер палатасының 150 мүшесі бар. Өкілдер палатасына сайланған мүшелер ең ұзақ дегенде үш жылға тағайындалады. Содан кейін олар қайта сайлануы тиіс. Өкілдер палатасы мүшелерінің көпшілігі болатын саяси партиялар коалициясы немесе саяси партия атқарушы үкіметті құрайды. Премьер-министр дәстүрлі түрде Өкілдер палатасының мүшесі болады. Сол сияқты, штаттық парламенттерде Премьер дәстүрлі түрде Төменгі палатаның мүшесі болады.

Федералдық Парламентте Жоғарғы палата – Сенат. Сенат штат палатасы ретінде белгілі. Әрбір штаттың Сенатта тең өкілдері бар, жалпы саны 76 болатын, әр штаттан 12 сенатор және әр территориядан екі сенатор болады. Сенаттың жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланғанмен, әрбір сенатор алты жылға тағайындалады. Төменгі палата өкілдері халықтың орналасуына негізделетіндіктен, Төменгі палатаның ең көп

мүшелері ең тығыз қоныстанған Штаттардан, Жаңа Оңтүстік Уэльс пен Викториядан тағайындалғандар. Конституция құрылтайшылары (негізін салушылар) Төменгі палата сол штаттардың пайдасына шешеді және Жоғарғы палатаның құрамы басқа штаттарға кез келген заңнамаға қарсы болу мүмкіндігін беру тәуекеліне бағытталған деген қауіпті түсінді.

Сенат, сондай-ақ шолу палатасы ретінде белгілі. Атқарушы үкімет, билік міндетті түрде Төменгі палатаны бақылайды, бірақ міндетті түрде Жоғарғы палатаны бақыламайды, атқарушы үкімет ұсынған заңды Төменгі палатада автоматты түрде қабылдаса, Жоғарғы палатаның қабылдауы міндетті емес. Төменгі палатада атқарушы үкімет ұсынған кез келген заңға тиімді вето (шешімді немесе ұсынысты қабылдамау немесе одан бас тарту құқығы) қоюға құзіреті бар.

өкілдер палатасы – Жоғарғы және Төменгі палата.

сенат – Федералдық парламенттің жоғарғы палатасы.

электорат – (1) юрисдикцияға сәйкес сайлауға дауыс беруге құқылы немесе міндетті тұрғындар. (2) парламентте өз мүдделерін білдіру үшін тұрғындары бір немесе бірнеше өкілдер жіберуге құқылы белгілі бір географиялық аймақ.

вето – (1) шешімді немесе ұсынысты қабылдамау немесе одан бас тарту құқығы. (2) осындай құқықты жүзеге асыру.

Бір кездері атақты Сенатор (Дон Чипп, Аустралия Демократтар партиясының негізін қалаушы) Сенаттың рөлі «адал жексұрындарды сақтау» болып табылады деген болатын. Штат парламенттерінің жоғарғы палатасы осыған ұқсас рөл атқарады.

2.5-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ.

Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Төменгі палата қашан және қанша уақытқа сайланады?
2. «Спикердің» рөлі қандай?
3. Қазіргі спикер кім ?
3. Сіздің сайлаушыларыңыздың өкілі кім?
4. Сенатор қанша уақытқа сайланады?
5. «Президенттің» рөлі қандай?
6. Қазіргі президент кім?
7. Сіздің штатыңыздан немесе аумағыңыздан сайланған сенаторлар кімдер?

Штаттық Парламент

Штаттық парламенттерде Төменгі палата (әдетте, ол Тасмания және Оңтүстік Аустралияда Ассамблея үйі деп аталады) **заңнамалық Ассамблея** ретінде белгілі және Жоғарғы палата **заң кеңесі** ретінде белгілі.

2.4-кестеде түрлі штат пен территорияның әрбір палатадағы өкілдер саны көрсетіледі

2.4-кесте. Парламент өкілдерінің саны

Юрисдикция	Төменгі палата	Жоғарғы палата
Аустралияның астаналық территориясы	17	—

Юрисдикция	Төменгі палата	Жоғарғы палата
Жаңа Оңтүстік Уэльс	93	42
Солтүстік территория	25	—
Квинсленд	89	—
Оңтүстік Аустралия	22	47
Тасмания	25	15
Victoria	88	44
Батыс Аустралия	57	34

заңнамалық Ассамблея – штаттың Төменгі палата немесе территориялық парламент (ААТ, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Солтүстік территория, Квинсленд, Батыс Аустралия, Виктория).

заң Кеңесі – штаттық Парламенттің Жоғарғы палатасы (Жаңа Оңтүстік Уэльс, Оңтүстік Аустралия, Тасмания, Батыс Аустралия, Виктория).

Монарх (Король) өкілі

Монархты Федералдық Парламентте **Генерал-губернатор**, штаттық парламенттерде түрлі штаттық губернаторлар ұсынады. Осы **Монарх өкілдері** заң шығарушы өкілдердің бір бөлігі болып табылады, заң жобасы тиісті Монарх өкілінің келісімін алғанға дейін заңға айналмайды. Бұл процесс Келісім деп аталады. Монарх өкілінің министрлер кеңесі бойынша әрекет ететіні көзделгендіктен, Монарх өкілі материалдық рөлге қарағанда символикалық рөл атқарады. Монарх өкілінің өкілеттігі кейінірек осы тарауда толығырақ талқыланады.

ЕСКЕРТУ!

Жинақты заң болу үшін заң жобасын Төменгі және Жоғарғы палаталар қабылдауы және олардың келісімін алуы тиіс.

Генерал-губернатор – Федералдық Парламенттегі Монарх өкілі


Монарх өкілі – үкіметтегі Монарх өкілі, мысалы, Генерал-губернатор Федералдық Парламентте, губернатор штаттық үкіметте.

Парламент жұмысы

Бұл тараушада біз Парламенттің қалай жұмыс істейтінін: заң жобасы қалай заңнамаға айналатыны және екі палатаның арасында келіспеушілік болса не болатынын сипаттаймыз.

Заңның шығарылу жолдары

Заңнамаға айналу үшін заң жобасы парламенттің екі Палатасының әрқайсысында заң жобасы талқылануы керек, содан кейін король келісімін алуы тиіс (2.2-суретті қараңыз).




2.2-сурет. Парламенттік процесс

1-қадам. Ұсыныс

Ең жаңа заңдарды атқарушы билік атынан парламентке министр таныстырады.

Жаңа заң шығару немесе заңды өзгертуге итермелейтін атқарушы билікке қысым жасау бірқатар ықтимал көздерден шығуы мүмкін (2.3-суретті қараңыз). Атқарушы биліктің заңнама түрінде жүзеге асыруға ниет жасайтын өз саясаты болады. Одақтар, қызметкер топтары, студенттер немесе қоршаған ортаны қорғау топтары сияқты қоғамдастықтағы лобби топтар заңды реформалауға шақыруы мүмкін. Штаттық қызмет департаменттері қолданыстағы заң мен оның өзгертілуін қажет ететін қандай мәселе туындағанын анықтап алуы мүмкін. Қысым заңды реформалау органдары тарапынан, бұқаралық ақпарат құралдарынан немесе сот шешімінің қолданыстағы заңды сынға алуынан туындауы мүмкін.



2.3-сурет. Заңды өзгертуге қысым көрсету

Барлық заң жобасын (заң баптарын) атқарушы үкімет ұсынбайды. Сондай-ақ, парламенттің өзге мүшелерінің де Заң жобасын енгізуге құқығы бар. Мұндай ұсыныс жеке мүшенің заң жобасы деп аталады. Алайда атқарушы үкімет (билік) немесе парламент мүшелері заң жобасын қолдамаса, партия заң жобасына өздерінің партиясы бағыттарынан гөрі ар-ожданына сәйкес дауыс беруге рұқсат етіледі. Заң жобасының табысқа жетуі екіталай. Шын мәнінде, Парламентте заңды талқылау тәртібін атқарушы

билік бақылайтындықтан, жеке мүшенің заң жобасы тіпті, баяндалмауы да мүмкін. Егер заң жобасын атқарушы үкімет енгізсе, атқарушы үкімет анықтама бойынша сол палатадағы көпшілігі партия мүшелері болғандықтан, оны түгелдей Төменгі палата сөзсіз қабылдайды. Бұл тек қана егер көпшілік партия мүшелері «бір палатадан екінші палатаға өтуді» таңдағанда және Төменгі палатада қабылданбаған үкімет заң жобасына қарсы дауыс берген жағдайда да болады. Бұл – өте сирек болатын құбылыс.

2.6-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Федералдық Парламенттің негізгі парақшасына кіріңіз. «Петиция» дегеніміз не және адам парламентке баяндау үшін қалай петиция ұйымдастырады?

2-қадам. Заң жобасын жасау


Ұсынылған жаңа заң талқылануы мен оған Парламент дауыс беруі үшін, ол бап түрінде болуы керек. Заң үкіметтің заң жобасын әзірлеуге маманданған заңгерлер командасы **Парламенттік кеңестің** басқармасында дайындалады. Сондай-ақ, Парламенттік кеңестің басқармасы жаңа заңды қорытындылау және әрбір қамтамасыз ету әсерін түсіндіру жаңа заңды қорытындылау және әрбір ереженің тиімділігін түсіндіретін **түсіндірме меморандум** дайындауы мүмкін.

парламенттік кеңестің басқармасы – заң жобасын әзірлеуге маманданған үкімет (адвокаттар) заңгерлері.

түсіндірме меморандум – жаңа жарғыны қорытындылайтын және әрбір ереженің тиімділігін түсіндіретін құжат.

3-қадам. Төменгі палата

Заң жобасының (заң баптары) көпшілігі алдымен Төменгі палатаға ұсынылады. Бірақ бұл сирек кездеседі. Федералдық Парламентке қатысты, Аустралия Конституциясының 53-заң тармағы «Тиісті кірістер, ақша немесе салық салу» заңы жобасы алдымен Төменгі палатаға ұсынылуы тиіс деп қарастырады. Төменгі палатада қабылданатын заң жобасы «оқылудың» үш кезеңінен сәтті өтуі тиіс (2.4-суретті қараңыз).



2.4-сурет. Заң жобасының талқылануы

Бірінші оқылымы – палата қызметкерінің заң жобасының атауларын жай ғана ресми оқуы. Бұл кезде ешқандай пікір-сайыс болмайды. Заң жобасының көшірмелері жасалады, палата мүшелеріне таратылады және екінші оқылымның күні белгіленеді. Екінші оқылым – тиісті министрдің заң жобасының мазмұны мен міндеттері туралы баяндайтын сөзінен басталуы. Осы сөз соңында әдетте, палата мүшелеріне заң жобасын

талқылап, қарастыруға уақыт қалдырылады. Оларға заң жобасын түсінуге көмектесу үшін түсіндірме меморандум беріледі. Мәжіліс үстінде палата мүшелері заң жобасын талқылайды. Келесі кезең комитет кезеңі. Заң жобасының барлық ережелеріне егжей-тегжейлі сараптама жүргізу үшін оның Палата мүшелерінің барлығынан тұратын «Бүкіл Комитетке» ұсынылуы мүмкін. Саяси партияның көпшілігі комитетті бақылағанмен, заң жобасын баламалы түрде Палатаның кейбір мүшелерінің таңдаулы немесе тұрақты комитеті қарауы мүмкін. Мұндай комитеттер әдетте, ірі саяси партиялардың әрқайсысының өкіл мүшелерінен тұрады. Комитеттің төрағасы содан кейін заң жобасы туралы Палатаға кеңес береді.

Оқылудың үшінші сатысында пікірсайыс шектеледі. Үшінші рет оқылған заң жобасын Палата қабылдаған болса, Палата қызметкері қайтадан заң жобасының атауларын оқиды және заң жобасының осы үшінші оқылу кезеңі сәтті аяқталады.

2.7-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Аустралия Парламенті Өкілдер Палатасының негізгі парақшасына кіріңіз. «Кәсіпкерлікті реттеу палатасының» көшірмесін табыңыз. Шамамен (1) Үкімет кәсіпкерлігі және (2) жеке тұлға кәсіпкерлігін қарастыруға апта сайын қанша уақыт беріледі?

4-қадам. Жоғарғы палата

Төменгі Палата қабылдаған заң жобасы Жоғарғы Палатаға ұсынылады және сол үш сатылы процестен өтеді. Егер Жоғарғы палата заң жобасына түзетулер енгізуді талап етсе, ол төменгі палатаға кері қайтарылады. Егер заң жобасы Жоғарғы Палатада үшінші оқылым кезеңін сәтті аяқтаса, онда оны Парламент Палаталарының екеуі де қабылдайды.

5-қадам. Келісім

Екі Палата сәтті қабылдаған заң жобасы немесе Король келісімін алғанға дейін заңнама болмайды. Бұл қадам кейде «ресми келісім» немесе «Король келісімі» ретінде белгілі. Мысалы, Аустралия Конституциясының 58-заң тармағына сәйкес:

Екі Палата қабылдаған Заң жобасы Парламент Палаталарының шығарған ұсынылған заң Королінің келісімін алу үшін Генерал-губернаторға ұсынылған кезде, ол өзінің қарауына сәйкес, Корольым атынан келісетін, қалыс қалатын, Корольымның қалауы үшін заңды қалдыратынын жариялайды, бірақ Конституцияға бағынады.

Штаттарда, келісімді губернатор береді және Солтүстік территория келісімін Администратор (Әкімші) береді. Монарх өкілі жоқ Аустралияның астаналық территориясында келісім Территория Жаршысы хабарламасымен ауыстырылады. Дәстүр бойынша, Монарх өкілі атқарушы үкімет кеңесі бойынша әрекет етеді. Бұл Монарх өкілінің Парламент Палаталары заң жобасын қабылдағаннан кейін келісімді ұстап қалуы екіталай.

6-қадам. Бастамасы

Нақты бір мінез-құлықтың жаңа заңнамамен реттелегіні туралы сұрақтар болуы мүмкін болғандықтан, жаңа заңнаманың дәл қашан күшіне енуін (бастамасын) білу

маңызды. Кейде заңнаманың күшіне ену күні айқын баяндалады. Мысалы, жаңа Салық жүйесі туралы 1999 жылғы (Дст) (Тауарлар мен қызметтер салығы) Заңнаманың 1.2-заң тармағы беріледі:

(1) Бұл Заң актісі 2000 жылдың 1- шілдесінде күшіне енеді.

Заң жобасының күшіне ену күні келісімнен кейін әдетте нақты күнді белгілейді, бірақ заңнаманың **ретроспективті** болуы анықталуы мүмкін: яғни, келісімнен бұрын тіпті, парламентке ұсынудан бұрын күшіне ену күні анықталады. Мысалы, өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң, әсіресе, егер бір немесе бірнеше себептерге байланысты заң ережелері жарамсыз немесе заңнамаға сай емес деп табылғанда, бастапқы заңнамаға түзетулер енгізілген күннен бастап күшіне енетінін мәлімдейді. Немесе ретроспективті актісі нақты сот шешімі кең болуы салдарынан кері қайтару үшін қабылдануы мүмкін. Мысалы, *Wakim; Ex Parte McNally* (1999) 198 511 ЖШС компаниясына қарсы Р-дың талап арызында Жоғарғы сот Федералдық және отбасы соттарына штаттық юрисдикцияны жүзеге асыруға мүмкіндік беруге арналған Федералдық «кросс-өкілеттік беретін» заңнамасын конституцияға жатпайды деп тапты (төменді қараңыз). Бұл қайшылықты шешім болды, өйткені Федералдық және отбасылық соттар бірнеше жыл бойы штаттық юрисдикцияны жүргізіп келеді және осы кезең ішінде Федералдық және отбасылық соттардың жасаған көптеген шешімдерінің заңдылығына Жоғарғы сот күмән келтіреді. Федералдық Парламент сол шешімдерді ретроспективті түрде жарамды ететін заңнама қабылдау арқылы аландаушылық білдірді.

Кейде заңнаманың жай ғана «жариялау арқылы белгіленген күні күшіне енетіні көзделеді, бұл дегеніміз, атқарушы билік жаңа заңның күшіне ену керектігін кейінірек шешеді және оны Үкімет Жаршысына (газетіне) жариялайды.

Егер заңнамада оның күшіне ену күні туралы мүлдем ештеңе айтылмаса, оның әдеттегі басталу күні юрисдикцияға байланысты (2.5-кестені қараңыз).

2.5-кесте. Заңнаманың әдепкі күшіне ену күні

Юрисдикция	Бастамасы (күшіне ену)	Құзіреті
Дастастық	Келісімнен соң 28 күн өткеннен кейін	Заңдар Түсіндірме актісі 1901 (Cth) s 1901 (Дст) s 3A
Аустралияның Астаналық территориясы	Территория Жаршысына (газетіне) жарияланған күннен кейін	Заңнама актісі 2001 (ААТ) s 73
Жаңа Оңтүстік Уэльс	Келісімнен кейін 28 күн өткен соң	Түсіндірме актісі 1901 (Cth) s 1987 (ЖОУ) s 23
Солтүстік территория	Келісім күні	Түсіндірме актісі (СТ) s 6
Квинсленд	Келісім күні	Заңдар Түсіндірме актісі 1954 (Клд) s 15A
Оңтүстік Аустралия	Келісім күні	Заңдар Түсіндірме актісі 1915 (SA) s 7
Тасмания	Келісімнен соң 14 күн өткен соң	Заңдар Түсіндірме актісі 1931 (Тас) s 9

Юрисдикция	Бастамасы (күшіне ену)	Қүзіреті
Виктория	Келісім күні	Заңнаманы Түсіндіру актісі 1984 (Вик) s 11
Батыс Аустралия	Келісімнен кейін 28 күн өткен соң	Түсіндірме актісі 1984 (БА) s 20

Заңнамада нақты жарамдылық ережелері жоқ болса, ол заң ретінде жарамсыз деп танылғанға дейін, яғни, парламент оның **күшін жоюға** немесе жаңа заңмен ауыстыруға шешім қабылдағанға дейін қалады.

күшін жою – заңнаманың күшін жою немесе алып тастау.

Палаталар арасындағы келіспеушілікті шешу

Егер заң жобасын бір палата қабылдаса, ал екінші палата қабылдаудан бас тартса, не болады? Федералдық Парламентке қатысты, бұл проблема Аустралия Конституциясының 57-заң тармағында баяндалған. Бұл заң тармағында Төменгі Палата қабылдаған заңды Жоғарғы палата қабылдасаса, Заң жобасын Төменгі Палата үш айдан кейін қайта қабылдайды, Жоғарғы палатаның одан бас тартқан жағдайда, Генерал-губернатор екі Палатаны таратуға құқылы. Бұл қос тарату ретінде белгілі. Барлық Парламент мүшелері қызметтен босатылады және сайлау өткізіледі. Жаңа парламент тағайындалғаннан кейін шиеленісті мәселе қайта орын алса, Генерал-губернатор Палаталардың бірлескен отырысын шақырады. Осындай жағдай болғанда заң жобасының қабылдануы өте ықтимал сияқты, өйткені Төменгі Палата мүшелері Жоғарғы Палата мүшелерінен екі есе көп.

Қос тарату салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Үкіметте немесе оппозицияда болсын, саяси партиялар сайлауға дайындалу үшін уақыт болуын жөн көреді, сондай-ақ олар тосын сайлаудың қалай сирек болатынын біледі. Ең қарапайым нәрсе қос тарату қаупі болып табылады. Төменгі Палата қабылдаған, Жоғарғы Палата қабылдамаған заң жобасын Төменгі Палата қайта қабылдайды, осы тұста екі Палата мүшелері ақырғы қадамды және қос таратуды болдырмау үшін келіссөзді бастайды.

қос тарату – монарх өкілінің қос Палатаны таратуы.



Заң аясында: ҚҰҚЫҚ ПЕН САЯСАТ

Қос тарату

Қос тарату Федерациядан бері алты рет орын алды. Екі қос тарату (1914 және 1983жылдар) үкіметтің өзгеруіне алып келді. Бір үкіметті қайта сайлау (1951, 1974 және 1987 жылдар) үш рет болды. 1975 жылғы қос тарату ерекше болды: Сенат өзге де үш ақша туралы заң жобасын, соның ішінде негізгі бөлу заңын «кейінге қалдырған кезде» 20-дан астам қос тарату заң жобасы қордаланып қалған еді. Сайып келгенде, Генерал-губернатор (Сэр Джон Керр) Еңбек Премьер-министрін (Гоф Уитлэм мырзаны) жұмыстан босатты және егер сондай жағдай туа қалса, оппозицияның Либерал партия

көшбасшысын (Малкольм Фрейзер мырза) Премьер-Министр қызметін атқарып, қос Палатаны таратып, сайлау өткізуге Генерал-губернаторға кеңес беруін сұрады. Фрейзер солай істеді де, сайлауда Либерал партия жеңіске жетті.

Палаталардың бірлескен мәжілісінде қабылдағаннан кейін қолданысқа енген даулы заңнаманың бір ғана жағдайы 1974 жылы болды. Палаталар арасындағы тығырыққа тірелген мәселелерді шешудің осындай механизмін Жаңа Оңтүстік Уэльс, Оңтүстік Аустралия және Виктория конституциясынан табуға болады. Батыс Аустралия мен Тасмания конституцияларында мұндай ережелер жоқ және ымыраға келу мүмкін болмаса, заң жобасы жай ғана заңнама болмайды. Заң ережелерінің қиындыққа тап болуы Квинсленд, Солтүстік территория немесе Аустралияның Астаналық территориясында қажетті емес.

Нормативтік құқықтық актілердің түрлері

Жалпы алғанда, заңнаманың бес түрі бар:

- Негізгі (түпнұсқа) заң актілері
- Заңнаманы түзету актілері
- Заңнаманың күшін жою актілері
- Біріктірілген немесе қайта басылған заң актілері
- Жаңартатын нормативтік актілер

Негізгі заң актісі

Негізгі заң актісі – алғаш рет белгілі бір мәселеге қатысты қабылданған заң, мысалы: Әділ Жұмыс Заңы 2009 (Дст). Негізгі (түпнұсқа) іс құқығы заңымен реттелген салаларды реттеуді тұжырымдайтын болуы мүмкін немесе ол алдыңғы заң актісін мүлдем ауыстыруы мүмкін. Мысалы, Жұмыс орны қатынастары заң актісі 1996 (Дст) 2009 жылы Әділ Еңбек Заңымен ауыстырылды.

негізгі (түпнұсқа) заң актісі – алғаш рет белгілі бір мәселеге қатысты қабылданған заң.

Заң актілеріне түзетулер енгізу

Бұл – жиі заң шығарушы органның негізгі түпнұсқа заңға өзгерістер енгізуге тиіс болатын жағдайы. Бұл өзгерістер бірнеше сөздерді кірістіру, алып тастау немесе бүкіл тараулар мен тараушаларды кірістіру, алып тастау, ауыстырумен шектелуі мүмкін. Заң шығарушы орган негізгі заң актісінің күтпеген салдары бар екенін анықтағандықтан немесе қателер, болмаса қалып кеткен нәрселерді тапқандықтан, өзгерістер енгізу қажет болуы мүмкін. Мысалы, заң шығарушы органдар Табыс салығы Заңына өзгерістер енгізу туралы заң 1936 (Дст), 1973 жылдан бері 500-ге жуық рет өзгертілді.

Қолданыстағы заң Актісін **өзгерту түзету заң актісі** деп аталады. Түзетілген Заңнамада оның атауында жиі негізгі заң актісінің атауы мен «Түзетулер» деген қосымша сөз болады. Мысалы, Әділ Еңбек актісі 2009 (Сth) кейіннен Әділ Еңбек заңына Түзетулер (Штат бағыттары мен өзге де шаралар) заң актісі 2009 (Дст) деген түзетулер енгізілді.

заң актілеріне түзетулер енгізу – қолданыстағы заңнаманы өзгерту актісі.

Сондай-ақ, түзетулер негізгі заңнамада, басқа да негізгі заңнамада немесе бір мезгілде бірнеше заң актілеріне өзгерістер енгізетін біріккен түзетулер заң актілерінде болуы мүмкін. Құқықтық зерттеулер жүргізгенде, өзіңіз зерттейтін кез келген заңнамаға ең соңғы енгізілген түзетулерді анықтау және ескеру маңызды. (3-тарауды қараңыз).

Алып тастау актілері

Алып тастау актілері – қолданыстағы заңнаманың күшін жоятын заң Актісі.

Заңның күші жойылғанда, ол басқа заңмен алмастырылады (ауыстырылады), күшін жоятын ережелердің ауыстырылатын заң Актісіне енгізілуі көп тараған. Мысалы, Жұмыс орны қатынастары туралы Заңның 1996 (Дст), негізінен (бірақ толық емес) Әділ Еңбек заңының (Өтпелі ережелер және кейінгі түзетулер) актісімен 2009 (Дст) күші жойылды.

Кейде заң Актісінің күшін жою тікелей түрге қарағанда жанама түрде жүргізіледі. Егер алдыңғы және кейінгі заңнаманың арасында сәйкессіздік болса, сол сәйкессіздікке байланысты алдыңғы заңның күші жойылды деп есептеледі (Бұл ережені интерпретациялау 3-тарауда толығырақ түсіндіріледі).

алып тастау заң актілері – қолданыстағы заңнаманың күшін жою заң Актісі.

Біріктіруші және қайта басылатын заң Актілері

Біріктіруші заң актісі – бір нақты саладағы барлық жарғы заңды бір Актіге біріктіреді немесе ол кейіннен түзетулер енгізу заң актілері бар барлық негізгі заң Актісін біріктіретін заң актісі. Парламент негізгі түпнұсқа заң Актісі немесе заң Актілері мен түзетулердің күшін жояды және біріктіруші заң Актісін қабылдайды.

біріктіруші заң актісі – бір нақты саладағы барлық жарғы заңды бір заң Актісіне біріктіретін немесе ол кейіннен түзетулер енгізу заң Актілері бар барлық негізгі заң Актісін біріктіретін заң актісі.

Қазіргі кезде парламенттің біріктіруші заң Актісін қабылдауға уақыт бөлуі және оған күш-жігерін жұмсауы салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Заң басып шығарушы үкіметтің барлық түзетулерді енгізу үшін заң Актісін «қайта басып шығаруы» әлдеқайда кең тараған.

2.8-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

www.comlaw.gov.au сайтынан Әділ Еңбек заң Актісінің 2009 (Дст) соңғы нұсқасын табыңыз. Заң соңғы рет қашан қайта басылып шықты және қайта басылымға қандай өзгерістер енгізілді?

Жаңартылатын заң Актілері

Жаңартылатын (қайта жандандыру) **заң Актілері** – бұдан былай ағымда жоқ заң Актісін жандандыратын немесе қалпына келтіретін заң Актісі. Қайта жаңартылатын, жандандырылатын заң Актісінің күшін заң шығарушы орган жойған болуы мүмкін немесе онда «күні өткен», яғни заңның мерзіміне шектеулер беретін ережелердің қолданысын енді заң шығарушы орган ұзартуды ниет етеді.

2.9-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Неге заң шығарушы орган заңнамаға «күні өткен» ережелерді енгізеді?

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бера алатын болыңыз.

2.13 Заң шығарушы органның рөлі қандай?

- 2.14 Кюриа Реджис кім және қазір біз мойындайтын парламентте нені қамтыды?
- 2.15 Парламент қалай «суверенді заң шығарушыға» айналады?
- 2.16 «Вестминстер жүйесі» дегеніміз не?
- 2.17 (а) Британдық Парламенттің (ә) Аустралия Федералдық Парламентінің
(б) Өзіңіздің еліңіздің, штатыңыздың немесе өлкеңіздің парламент құрылымы қандай?
- 2.18 Өкілдер палатасы мүшелері қалай тағайындалады?
- 2.19 Сенат мүшелері қалай тағайындалады?
- 2.20 Сенаттың рөлі қандай?
- 2.21 Парламентте Монарх өкілінің рөлі қандай?
- 2.22 Парламент жаңа заңды қалай жасайды?
- 2.23 Жаңа заңға қысым жасаудың әртүрлі көздері қандай?
- 2.24 «Жеке мүше заң жобасы» қандай?
- 2.25 Парламент кеңесшісі басқармасы нені істейді?
- 2.26 Төменгі Палата заң жобасын қалай қабылдайды?
- 2.27 Федералдық Парламент қабылдаған заң Актісі қашан күшіне енеді?
- 2.28 Төменгі Палата қабылдаған заңнан Жоғарғы Палата бас тартса, не болады?
- 2.29 Заң Актісін атаңыз және оның бес түрін сипаттаңыз.

Атқарушы билік

Атқарушы билік – заңды жүзеге асыратын, үкімет кәсіпкерлігін жүргізетін, сондай-ақ, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күш. Ол – салық жинайтын, жәрдемақы төлейтін, ауруханалар мен мектептер жұмысын жүргізетін, жолдарды қадағалайтын, қалаларды жоспарлайтын билік. Дәлірек айтқанда, үкіметтің атқарушы құралы штаттық қызметтің әртүрлі бөлімдерінде жұмыс істейтін мыңдаған қызметкерлерді қамтуға арналған. Іс жүзінде, «атқарушы билік» термині әдетте штаттық қызметтің осы бөлімдерін қадағалайтын жауапты министрлерге жатады немесе тіпті, «Кабинет» ретінде белгілі осы министрлердің жиынтығына жатады (төменді қараңыз). Конституциялық тұрғыда, атқарушы билікке мүмкіндік беретін монарх немесе олардың өкілі болып табылады. Мысалы, Аустралия Конституциясының 61-тармағына сәйкес:

Дастастықтың атқарушы билігі Корольымға тиесілі болады (жүктеледі) және оны Корольымның өкілі ретінде Генерал-губернатор орындай алады және осы Конституция мен Достастық заңдарын орындау, техникалық қызмет көрсетуге дейін кеңейтіледі.

Алайда, Монарх Министрлер кеңесі бойынша әрекет етуге міндетті. Аустралия Конституциясының 61-тармағына сәйкес, Генерал-губернатор түрлі **министрлерден** құралған Федералдық Атқарушы Кеңестің ұсынысы бойынша әрекет етеді:

Дастастық үкіметінде Генерал-губернаторға кеңес беретін Федералдық Атқарушы Кеңес болады және Кеңес мүшелерін Генерал-губернатор таңдайды, шақырады және атқарушы Кеңесшілер ретінде ант береді, өздерінің белгіленген мерзімі кезінде қызмет атқаруы тиіс. Бұл министрлер – Федералдық штаттық қызметтің әртүрлі департаменттерін басқару үшін Премьер-министрдің ұсынысы бойынша Генерал-губернатор тағайындаған Парламент мүшелері.

Сол сияқты, әртүрлі штаттық конституциялар атқарушы билікті Премьер мен министрлерден құралған атқарушы кеңес ұсынатын Губернаторға жүктейді. Бас министр мен басқа да министрлерден тұратын Атқарушы кеңестің ұсынуымен Солтүстік Аумақ

атқарушы билік администраторға (әкімшіге) тиесілі болады. Аустралияның Астаналық территориясы бойынша атқарушы билік Атқарушы кеңеске тікелей жүктеледі.

Конституциялық конвенция Монарх өкілін Атқарушы Кеңес ұсынып қана қоймайды, сонымен қатар ол сол ұсыныс бойынша әрекет етуін талап етеді. Осылайша, атқарушы билік ресми түрде Монарх өкіліне берілуі мүмкін, бірақ іс жүзінде билікті Атқарушы Кеңес пен штаттық қызмет жүзеге асырады. Бұл жауапты билік. Күнделікті мәселелер бойынша заңды орындауға үкіметтің жауапты атқарушы саласы ғана жауапты емес, әдетте парламенттер өзінің маңызды заң шығару билігін атқарушы үкіметке береді (осы тарауда кейінірек талқыланады).

1-тарауда түсіндірілгендей, **жауапты үкімет доктринасына** сәйкес, атқарушы үкімет мүшелері парламент мүшелері мен парламентке жауапты болады. Алайда, партияның саяси жүйесі атқарушы үкімет мүшелерінің парламентте, кем дегенде Төменгі Палатаға айтарлықтай ықпал етуін қамтамасыз етеді. Демек, **билікті бөлу доктринасына** қайшы, Аустралияның атқарушы және заң шығарушы органдары арасындағы тиімділігі аз билік бөлу құбылысы бар.

Атқарушы билік – атқарушы билікті жүргізуге қатысты Монарх өкіліне Кеңес беруге жауапты Министрлер Кеңесі.

Министр – арнайы мәселелерге немесе үкімет департаментіне жауапты Атқарушы Кеңестің мүшесі. **жауапты үкімет доктринасы** – атқарушы билік Монархқа қарағанда заң шығарушы органға есеп беруі тиіс деген принцип.

билікті бөлу доктринасы – заң шығарушы, атқарушы және сот мүмкіндігінше, функционалды жағынан жеке, оқшау қалуы тиіс деген принцип.

Генерал-губернатор мен штат губернаторлары

Аустралия мен әр түрлі штаттық Конституцияларға сәйкес, Аустралияда атқарушы билік ресми монархқа тиесілі және Монарх өкілдері, Генерал-губернатор мен әртүрлі штаттық басқарушылар жүргізеді. Іс жүзінде Генерал-губернатор мен штаттық губернатор (әкімдер) саяси процеске қатыспайды.

Генерал-губернатор мен түрлі губернаторлар Премьер-министрдің немесе тиісті премьердің кеңесі бойынша тағайындалады және қызметінен босатылады (әдетте Премьер-министр немесе премьер таңдаған Монарх өкілі екі жетекші саяси партияларға қолайлы болуын қамтамасыз ету үшін оппозиция көшбасшысына өкілеттік береді). Генерал-губернатордың немесе штаттық губернатордың ешқандай айқын біліктілігі жоқ болғанда, көптеген тағайындаулар заң немесе саяси алғышарттарға сәйкес жасалады.

Монарх өкілі белгілі мерзімге тағайындалмайды, керісінше, олар «корольымның қалауы бойынша» кеңсе ісін жүргізеді. Көпшілігі шамамен бес жыл қызмет етеді.

Монарх өкілі екі маңызды рөл атқарады. Бірінші рөлі салтанатқа қатысты: олар маңызды шараларда ұлтты немесе штатты көрсетеді, парламенттік және сауда делегациясының басшысы ретінде сапарға, маңызды ғимараттардың ашылуына, маңызды қоғамдастық оқиғаларына, марапаттау наградаларын беру және декларация жасауға т.б. қатысады.

2.10-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Генерал-губернатордың рөлі туралы www.gg.gov.au сайтынан оқыңыз. Генерал-губернатор қандай салтанатты міндеттерді орындайды?

Екіншісі рөлі заңға қатысты: олар парламент сессиясын ашу және жабу, барлық жаңа заңнамаға монарх келісімін беру, аға судьялар мен басқа да лауазымды тұлғаларды

тағайындауды бекітеді және Генерал-губернатор жағдайында, Аустралия қарулы күштерінің ресми Бас қолбасшысы болып табылады.

Түрлі Монарх өкілдерінің конституциялық өкілеттігін:

- ресми өкілеттік;
- резервтік өкілеттік деп бөлуге болады.

Генерал-губернатор мен штаттық губернаторларға (басқарушыларға) сайлау өткізу, министрлер мен судьяларды тағайындау, парламентті шақыру немесе тарату, қылмыскерлерге кешірім жасау тағы сол сияқты **ресми өкілеттік** қатаң түрде тиісті конституция немесе заңнама арқылы беріледі. Аустралия Конституциясы Генерал-губернаторға елеулі атқарушы өкілеттіктерді береді. Түрлі штаттық конституцияларда штаттық губернаторлардың (басқарушылардың) ресми өкілеттік дәрежесі айқын емес және әлдеқайда аз дәйектелген.

ресми өкілеттік – қатаң түрде тиісті конституция немесе заңнама арқылы берілетін Монарх өкілдерінің өкілеттігі; «резервтік өкілеттікті» салыстырыңыз.

2.11-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Штат Конституциясында баяндалған сіздің еліңізде штаттық әкімнің ресми өкілеттігі қандай?

Жоғарыда атап өткендей, конституциялық Конвенцияға сәйкес, Генерал-губернатор мен штаттық басқарушылар өздерінің ресми өкілеттік әрекеттерін тиісті Атқарушы Кеңестің ұсынысы бойынша ғана жүргізеді.

Резервтік өкілеттіктер Генерал-губернатор мен штаттық губернаторлар Атқарушы кеңестен дербес әрекет етуі мүмкін. Бұл өкілеттіктер Конституцияда анықталмаған және Конвенцияның нәтижесінде әрекет етеді. Резервтік өкілеттік жазылмағандықтан, олардың сипаты мен дәрежесі туралы көп келіспеушіліктер бар.

резервтік өкілеттіктер – атқарушы кеңестен дербес әрекет етуі мүмкін атқарушы билік кеңес жүзеге асырылуы мүмкін, Монарх өкілдерінің «Ресми өкілеттікті» салыстырыңыз.

Генерал-губернатордың резервтік өкілеттігі төмендегідей әрекеттерді қамтиды:

- Премьер-министрді тағайындауға құқылы;
- Премьер-министрді қызметінен босату өкілеттігі;
- Премьер-министр ұсынғанда парламентті таратудан бас тарту өкілеттігі.

Сонымен қатар, негізгі өкілеттіктен айырмашылығы резервтік өкілеттіктер кезектен тыс жағдайлардан басқа кезде сирек жүзеге асырылуы. Өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде, Генерал-губернатор мен штаттық басқарушылар конституциялық конвенцияға сәйкес әрекет етуі қарастырылады. Мысалы, премьер-министрді тағайындағанда, Генерал-губернатор Өкілдер Палатасында көпшілік орынға ие партия коалициясы немесе партияның парламент көшбасшысын тағайындауы керек. Бұл талап Аустралия Конституциясында баяндалмаған, бірақ Генерал-губернатордың басқаша әрекет етуі іс жүзінде мүмкін болмас еді.

2.12-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

www.gg.gov.au. сайтындағы Генерал-губернатордың рөлі туралы оқыңыз. Генерал-губернатордың орындайтын салтанатты міндеті қандай?



Заң аясында: БАҚ заңы

Монарх корольдік атақ құқығына күресте Брайсты қабылдайды.

Әлеуетті болашақ корольдің келесі Аустралия салтанатты турынан соң, патшайым шілде айында БҰҰ-на хабарламасында өзінің «штат басшысы» деген атағын пайдаланып, оның талабын растады. Радд үкіметі Генерал-губернатор Квентин Брайсты «Аустралияның штат басшысы» деген атақпен өткен жылы Африкаға жібергеніне қарамастан,, кеше Кевин Раддтың спикері патшайым осы позицияны ұстанады деп мойындады. Атақ үшін күрес, яғни екі әйелді – соверен мен оның өкілін көшбасшы қою бір мезгілде бұдан он жылдан аса уақыт бұрын республика референдумы айналасында өрбіген бетпе-бет пікірталасты қайта жандандырды. Алаңдаушылықтың себебі шілде айында Букингем сарайының БҰҰ Бас Ассамблеясына мәртебелі патшайым II Елизаветаны Аустралияның «штат басшысы» деп жариялауы болды. Бұл мәлімдеме Канберра дипломаттары, лауазымды адамдар мен конституциялық әскери күші үшін күтпеген оқиға болды.

Соңғы жылдары, әсіресе 1999 жылғы республика жөніндегі пікірталастар мен референдумнан кейін, жергілікті Конвенция Генерал-губернатор Аустралияның штат басшысы, ал Елизавета II біздің совереніміз екенін тануға мәжбүр болды. Енді 2008 жылдың қыркүйек айында Иарралумлада өзінің қызметін бастаған Генерал-губернаторға саяси көшбасшылар мен Букингем сарайының оның ресми мәртебесіне қатысты екіұшты түсіндіруі мен қайшылықты мәлімдемесі арқылы қарсылық білдірілді.

Өткен наурызда, Брайстың тоғыз Африка еліне штаттық және ресми сапары сериясын жариялағанда Премьер-министр былай деді: «Аустралия штат басшысының осы ауқымдағы Африкаға сапары жоғары саяси және дипломатиялық қызмет бабы жөнінде Аустралияның міндеттемесінің маңыздылығын және континентті тұтас алғанда Африка елдерімен екі жақты қарым-қатынас орнатуды білдіреді. Бұл тағайындау соның ішінде оппозиция жетекшісі Тони Эбботты қоса алғанда, монархия жақтастары үшін қызық нәрсе болды. Ол – Генерал-губернатордың рөлін қамтитын, Аустралияда штаттың өзінің жергілікті басшысы бар, сондықтан республика болуға мұқтаж емес деп дау айтатын басқа да көрнекті конституциялық монархистер сияқты тартыс арқылы қазіргі тағайындауды тежеудің жақтаушысы. Сондықтан Республиканың күшті жақтаушысы болған, оппозиция көшбасшысының орынбасары епископ Джули да өзінің көшбасшысына қарама-қарсы Брайс мырзаны Аустралияның штат басшысы ретінде сипаттады. Бірақ өзін республикалық деп сипаттайтын 2008 және өткен жылы БҰҰ-на жолдау жасаған Радд мырза енді патшайым Аустралияның штат басшысы дейді. Аустралия газеті оның БҰҰ-на алдағы жолдауы, Аустралияны енгізу туралы сұрақтарға жауап беруін сұрағанда, Радд мырзаның спикері былай деді: «Аустралияның штат басшысы Генерал-губернатор Квентин Брайс ұсынған жоғары мәртебелі Елизавета II. Үкімет Біріккен Ұлттар Ұйымына Патшайым жөнінде жолдау жасайтын жоспарын біледі. Патшайымның сөзі Патшайым үшін маңызды, ал Аустралиядағы көзқарасты Патшайымның сөйлеген сөзінен бұрын білетінін Аустралия қамтамасыз етеді.

Атқарушы Кеңес пен Кабинет

Монарх өкілінің рөлі негізінен символикалық екендігін ескере отырып, іс жүзінде атқарушы билікті Атқарушы Кеңестер жүзеге асырады. Түрлі Атқарушы Кеңестердің әр министрі нақты **қызметке** және штаттық департаментке жауапты. Маңыздырақ **портфельге** (лауазымды қызметтерге) жауапты министрлер **Аға Министрлер** деп аталады, маңызы аздау қызметтерге жауапты министрлер **Кіші министрлер** деп аталады. Министр Парламент палатасының біреуіне мүше бола алады. Министрлік лауазымы жоқ, көпшілік саяси партияның мүшелері **артқы орындық иелері** ретінде белгілі.

портфель – нақты министр әкімшілік ететін қызмет саласы, мысалы, сыртқы істер портфелі.


Аға министр – аса маңызды бір немесе бірнеше портфельдерге жауапты Министр.

Кіші министр – маңыздығы аздау қызметтерге жауапты Министр. Министрлік лауазымы жоқ саяси партияның көпшілік мүшелері артқы орындық иелері ретінде белгілі.

артқы орындық иелері – министр емес көпшілік саяси партияның мүшелері.

Кабинет – Аға министрлерден құралған атқарушы кеңестің ішкі жиыны.

Төменгі палатада көп орынға ие саяси партия оппозиция ретінде белгілі. Оппозицияның жетекшісі атқарушы биліктің шешімдері мен іс-әрекеттерін мұқият қарау және пайымдау үшін көлеңкелі Кабинет құратын оппозициялық партия ішіндегі көлеңкелі министрлерді тағайындайды. Күнделікті мәселелерде, атқарушы билікті бүкіл Атқарушы кеңес/кеңес губернаторы жүргізбейді, оны Кабинет деп аталатын, аға министрлерден құралған сол кеңестің ішкі жиыны жүргізеді (2.5-суретті қараңыз). Үкімет саясатын тұжырымдау үшін үнемі кездесіп жиын өткізіп тұратын Кабинет. Кабинет мүшелері емес министрлер министрден тыс ретінде сипатталады.



2.5-сурет. Атқарушы үкімет

2.13-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

www.directory.gov.au сайтындағы Аустралия үкіметі анықтамалығына кіріп, (а) Кабинет тегі және (ә) Тыс министрліктегі Федералдық министрлердің тізімін дайындаңыз.

Атқарушы Кеңес/Кеңес губернаторының, Кабинеттің саясаты мен шешімдерін федералдық, штаттық немесе территориялық қызметтің әртүрлі департаменттері мен агенттіктері іске асырады. Штаттық қызмет кәсіпкері тікелей өзара іс-қимыл жасауы ықтимал Атқарушы үкіметтің саласы.

Атқарушы үкіметке шағым жасау

Егер адам штаттық департамент немесе агенттігінің жасаған шешіміне риза болмаса, не істей алады? Келіспейтін шешімге шағым түсірудің бірнеше жолдары бар.

Уәкіл

«Уәкіл» сөзі адамдардың өкілі немесе агенті дегенді білдіреді. **Уәкіл** – азаматтар мен үкімет бюрократиясы арасын байланыстырушы буын. Олар штаттық ведомстволар, жарғылық органдар, жергілікті билік және кейбір коммерциялық ұйымдар жасаған әкімшілік іс-әрекеттер мен шешімдер туралы шағымдарды зерттейді.

уәкіл – үкімет пен ұйымдар туралы шағымдарды зерттейтін штаттық қызметкер.

Достастық уәкілі штат пен Достастық бюрократиясы арасында уәкілдік жасайды. Әр штат пен территорияның өз уәкілі бар.

2.6-кесте. Достастық және штаттық территорияның уәкілдері

Юрисдикция	Уәкіл вебсайты
Достастық	www.ombudsman.gov.au
Аустралияның астаналық территориясы	www.ombudsman.act.gov.au
Жаңа Оңтүстік Уэльс	www.ombo.nsw.gov.au
Солтүстік территория	www.ombudsman.nt.gov.au
Квинсленд	www.ombudsman.qld.gov.au
Оңтүстік Аустралия	www.ombudsman.sa.gov.au
Тасмания	www.ombudsman.tas.gov.au
Виктория	www.ombudsman.vic.gov.au
Батыс Аустралия	www.ombudsman.wa.gov.au

Басқа уәкілдер нақты өнеркәсіпке жауапты (2.7-кестені қараңыз).

2.7-кесте. Өнеркәсіп уәкілдері

Уәкіл	Вебсайты
Кредит қызметі адам құқықтары жөніндегі Уәкіл	www.cosl.com.au
Әділ Еңбек адам құқықтары жөніндегі Уәкіл	www.fairwork.gov.au
Қаржы адам құқықтары жөніндегі Уәкіл	www.fos.org.au
Медициналық сақтандыру Уәкілі	www.phio.org.au
Телекоммуникация, Индустрия саласындағы Уәкіл	www.tio.com.au

2.14-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

(а) Достастық уәкілі; (ә) Сіздің штатыңыз немесе территорияңыздың уәкілі; (с) өнеркәсіптің бір саласындағы уәкілдің вебсайтына кіріңіз және олардың әрқайсысы ұсынатын қызметтердің қысқаша мазмұнын дайындаңыз.

Ақпарат бостандығы

Ақпарат бостандығы туралы заң 1982 (Дст) жеке тұлғаларға қандай да бір Федералдық департамент немесе агенттіктің олар туралы құжаттары мен ақпараттарына қол жеткізу құқығын береді. Көптеген Аустралия штаттары мен территориялары ақпарат бостандығы туралы (АБ) ұқсас заңнама қабылдады және АБ веб-сайттары бар (2.8-кестені қараңыз).

2.8-кесте. Ақпарат бостандығы сайттары

Юрисдикция	Ақпарат бостандығы веб-сайты
Достастық	www.ipc.gov.au
Аустралияның астаналық территориясы	www.justice.act.gov.au/protection_of_rights/freedom_of_information
Жаңа Оңтүстік Уэльс	www.oic.nsw.gov.au
Солтүстік территория	www.foi.nt.gov.au
Квинсленд	www.rti.qld.gov.au
Оңтүстік Аустралия	www.archives.sa.gov.au/foi
Тасмания	http://www.justice.tas.gov.au/legislationreview/righttoinformation
Виктория	www.foi.vic.gov.au
Батыс Аустралия	www.foi.wa.gov.au

Әкімшілік апелляциялық Трибуналы

Әкімшілік (Административтік) Апелляциялық Трибуналын (ӘАТ) Әкімшілік апелляциялық Трибунал Заңы 1975 (Дст) құрды. Әкімшілік Апелляциялық Трибуналы Федералдық үкімет министрлер, лауазымды тұлғалар мен органдардың шешімдерін тыңдайды. Алайда, Әкімшілік Апелляциялық Трибуналы сот емес. Ол атқарушы биліктің бір бөлігі болып табылады және керісінше, сот билігіне қарағанда әкімшілік өкілеттіктерді жүргізеді. Шешімді қарағанда Әкімшілік Апелляциялық Трибуналы бастапқы шешімді өз шешімімен ауыстырады.

Аустралияның Астаналық территориясы, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Квинсленд, Виктория және Батыс Аустралияда баламалы аралық соттар бар. Оңтүстік Аустралия мен Тасмания Трибунал функцияларын соттар жүзеге асырады (2.9-кестені қараңыз).

2.9-кесте. Әкімшілік апелляциялар

Юрисдикция	Органы	Веб-сайттары
Достастық	Әкімшілік апелляциялық Трибуналы	www.aat.gov.au
Аустралияның астаналық территориясы	ААТ Азаматтық және әкімшілік трибуналы	www.acat.act.gov.au
Жаңа Оңтүстік Уэльс	Әкімшілік апелляциялық Трибуналы	www.adt.lawlink.nsw.gov.au
Солтүстік территория	—	—
Квинсленд	Квинсленд Азаматтық және әкімшілік трибуналы	www.qcat.qld.gov.au
Оңтүстік Аустралия	Аудандық сот	www.courts.sa.gov.au/OurCourts/DistrictCourt/Pages/Appeals-and-Tribunals.aspx

Юрисдикция	Органы	Веб-сайттары
Тасмания	Магистратура Соты	www.magistratescourt.tas.gov.au/divisions/administrative_appeals_division
Виктория	Виктория Азаматтық және әкімшілік трибуналы	www.vcat.vic.gov.au
Батыс Аустралия	Штаттық әкімшілік трибуналы	www.sat.justice.wa.gov.au

Сот шолуы

Жалпы заң (құқық) дәстүрлі түрде қате әкімшілік шешімі нәтижесінде зиян шеккендерге көмек ұсынды. Бұл көмек әкімшілік қызметкерге немесе трибуналға нақты жолмен әрекет етуге немесе белгілі бір түрде әрекет жасаудан тартынуға **прерогативті** сот үкімін шығаруға арналған құрал болып табылады. Прерогативті сот бұйрығының төрт түрі бар:

жалпы құқық (1) прецедент доктринасына сәйкес соттар заң жасайды. Сондай-ақ, «іс заңы» ретінде де белгілі. (2) Ұлыбританияда жалпы құқық соттары әзірлеген іс құқық ережелерінің санаты.

прерогативті сот бұйрығы әкімшілік қызметкерге немесе трибуналға нақты жолмен әрекет етуге немесе белгілі бір әрекет түрін жасауға тежеуді бұйыратын сот үкімі

- **habeus корпусы** (бір адам екінші адамды түрмеге отырғызғанда сот алдына сол адамды алып келуге бағытталады)
- **mandamus** (жауапты адамдарға өздерінің әкімшілік міндеттерін орындауға бұйрық беретін сот үкімі)
- **істі талап ету** (әкімшілік шешімі туралы жазба жүргізуді талап ететін сот бұйрықтары)
- **тыйым салу** (сот әкімшілік қызметкеріне немесе трибуналға өз өкілеттігін асыра пайдалануға тыйым салады).

habeus корпусы – штаттық лауазымды адамдарға ұсталған адамды сотта әкелуге бағытталатын прерогативті сот үкімі.

mandamus – жауапты адамдарға өздерінің әкімшілік міндеттерін орындауға бұйрық беретін прерогативті сот бұйрығы.

істі талап ету – әкімшілік шешімі туралы жазба жүргізуді талап ететін прерогативті сот бұйрығы.

тыйым салу – сот әкімшілік қызметкеріне немесе трибуналға өз өкілеттігін асыра пайдалануға тыйым салатын прерогативті сот бұйрығы.

Соттарға Әкімшілік шешімі туралы Заң 1977 (Дст) Федералдық штаттық органдардың шешімін қарау үшін (Сот шолуы) қосымша өкілеттіктер беріледі. Аустралияның астаналық территориясы Квинсленд, Тасмания және Викторида тиісті штаттық немесе территориялық заңнамаға сәйкес әкімшілік шешімдерге қатысты тең өкілеттік беріледі. (2.10-кестені қараңыз).

2.10-кесте. Нормативтік сот шолуы

Юрисдикция	Заңнама
Достастық	Әкімшілік шешімдер (Сот шолу) актісі 1989 (ACT)
Аустралияның астаналық территориясы	Әкімшілік шешімдер (Сот шолу) актісі 1989 (ACT)
Квинсленд	Сот шолу актісі 1991 (Qld)

Юрисдикция	Заңнама
Тасмания	Сот шолу актісі 2000 (Tas)
Тасмания	Әкімшілік құқық актісі 1978 (Vic)

Осы заңнамаға сәйкес, сот төмендегі жағдайлар орын алғанда әкімшілік шешімді қарап шыға алады:

- шешім қабылдауға байланысты **табиғи әділет** ережелерін бұзу орын алғанда;
- Заң талап ететін, шешім қабылдауға байланысты сақталуы тиіс процедуралар сақталмаған жағдайда;
- шешім қабылдауы-мыс адамның солай істеуге юрисдикциясы жоқ болғанда;
- орындалған-мыс шешім қабылдауға заңнама рұқсат етпегенде;
- шешім қабылдау заңнама жүктеген билікті дұрыс жүргізбегенде;
- шешімде заң қатесі болғанда;
- шешімде алаяқтық болғанда немесе оған ықпал етіп, қысым көрсетілгенде;
- шешім қабылдауды растайтын ешқандай дәлел немесе өзге де материал жоқ болғанда;
- шешім заңға қайшы келгенде.²⁵

табиғи әділет – процессуалдық әділдіктің қосымша-құқықтық принциптері.

Өкілетті заңнама

Қазіргі кезде іскерлік пен жеке өмірді реттейтін көптеген құқықтық ережелерді федералдық және штаттық/территориялық парламенттер жасамайды. Оның орнына парламент нақты нормативтік схеманың принциптері мен мақсаттарын белгілейтін «Түпнұсқа заңнамасын», содан кейін егжей-тегжейлі ережелері мен реттеуі бар өкілетті заңнама немесе «заң шығару құралдарын» жасау үшін өкілеттікті:

- генерал-губернатор/губернаторға;
- атқарушы кеңеске;
- жеке министрге;
- жергілікті өкімет органына;
- штаттық департаментке;
- штаттық агенттікке тапсырады.

(Сондай-ақ, Парламенттер сот рәсімдерін реттейтін өз ережелерін жасау үшін соттарға өкілеттік береді).

Өкілетті заңнама жасау

Өкілетті заңнама жасауға болатын процесс:

- бастапқы (түпнұсқа) заңнаманың өзі
- өкілетті заңнаманы жасауды реттейтін тиісті парламент қабылдаған заңнама (2.11-кестені қараңыз).

2.11-кесте. Өкілетті заңнама жасауды реттейтін заңнама

Юрисдикция	Заңнама
Дастастық	Заң шығару құралдары Заң 2003 (Дст)

25 Әкімшілік шешімдер (Сот шолуы) актісі 1977 (Дст) s 5.

Юрисдикция	Заңнама
Аустралияның астаналық территориясы	Заңнама актісі 2001 (ААТ)
Жаңа Оңтүстік Уэльс	Құқықтық кесімдер актісі 1989 (ЖОУ)
Солтүстік Территория	Түсіндірме актісі 1978 (СТ)
Квинсленд	Нормативтік құжаттар актісі 1992 (КЛД)
Оңтүстік Аустралия	Құқықтық кесімдер актісі 1978 (ОА)
Тасмания	Құқықтық кесімдер актісі 1992 (ТАС)
Виктория	Құқықтық кесімдер актісі 1994 (ВИК)
Батыс Аустралия	Түсіндірме актісі 1984 (БА)

Өкілетті заңнаманың ең көп тараған түрі – **нормативтік ережелер**. Әдетте, өкілеттік берілген атқарушы және басқа да оның бөлімі нормативтік құқық актілерінің нақты мазмұнын айқындағанда, олардың парламентте баяндалуы талап етіледі. Бұл кем дегенде, теория жүзінде өкілетті заңнаманың жасалуын заң шығарушы орган қатал бақылауға алады дегенді білдіреді. Егер Парламент ережелерге тыйым салынуы тиіс деп шешсе, олар міндетті түрде алынып тасталады және заңға айналмайды.

Аустралияның көпшілік юрисдикциясында заңнамалар белгілі бір өкілетті заңнаманы жасау процесіне ықпалды мәлімдеме мен жұртшылықпен кеңесу жөнінде нормативтік ережелерді дайындауды талап етеді.²⁶

нормативтік ережелер – көбінесе бастапқы заңнама неғұрлым жалпы жағдайларда реттелетін мәселелердің процессуалдық аспектілерін белгілейтін өкілетті заңнама нысаны.

Достастықтың өкілетті заңнамасы заңнама құралдары тізбесіне тіркелген күннен кейін күшіне енеді.²⁷ Штаттық және территориялық өкілетті заңнама әдетте, нормативтік ережелерде көрсетілген күні немесе Үкімет Жарғысы газетіне жарияланған күннен бастап күшіне енеді.²⁸

Көпшілік юрисдикцияда өкілетті заңнамасы белгіленген жүзеге асырылатын мерзім өткен соң автоматты түрде жарамсыз деп танылады. Осындай автоматты түрде жойылатын «мезгілі өткен» заңнама атқарушыны нормативтік ережелердің әрі қарай күшінде қалуын жалғастыруы дәлелді екенін үнемі қадағалауға мәжбүрлеу арқылы қажетсіз жасалатын нормативтік ережелерге жол бермеуді көздейді.²⁹

26 Әкімшілік шешімдер (Сот шолуы) актісі 1977 (Дет) s 16.

27 *Legislative Instruments Act 2003* (Cth) pt 3; *Legislation Act 2001* (ACT) ch 5; *Subordinate Legislation Act 1989* (NSW) pt 2; *Statutory Instruments Act 1992* (Qld) pt 5; *Subordinate Legislation Act 1992* (Tas) ss 5, 6; *Subordinate Legislation Act 1994* (Vic) pt 2.

28 *Legislative Instruments Act 2003* (Cth) s 12.

29 *Legislation Act 2001* (ACT) ss 61, 62; *Interpretation Act 1987* (NSW) s 39; *Interpretation Act 1978* (NT) s 63; *Statutory Instruments Act 1992* (Qld) ss 32–34; *Subordinate Legislation Act 1978* (SA) ss 10, 10AA; *Subordinate Legislation Act 1992* (Tas) ss 9, 38, 47; *Subordinate Legislation Act 1994* (Vic) pt 3; *Interpretation Act 1984* (WA) s 41.

Өкілетті заңнаманы бағалау

Өкілетті заңнаманың қажеттілігі сөзсіз сияқты. Парламенттің барынша күрделі қоғамда ережелер мен нормативтік ережелерді талқылау мен оларға дауыс беруге, сараптама жасауға уақыты жоқ және қажеті де жоқ. Кешенді және техникалық ережелер мен нормаларды саясаткерлер емес, тиісті білікті сарапшылар жақсы жүргізеді. Үкімет департаменттері, соттар мен жергілікті билік органдары, әдетте, жаңа заңнамалар жасауға қажеттілік туындататын проблемаға жақын болады, демек, шешім жасауға жақсы мүмкіндігі бар. Ережелер, нысандар мен процедуралар (рәсімдер) жиі өзгертуді немесе түзетуді талап етеді, ал заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талқылау және келісу үшін парламентке қарағанда атқарушы органға әлдеқайда оңай және жылдам.

Алайда, өкілетті заңнаманың табиғаты туралы кейбір маңызды деген алаңдаушылық (қауіп) бар. Олардың бірі – бұл процестің демократияға жатпайтын табиғаты. Либералдық демократия аясында, заңдарды қоғамдық бақылауды ашық жолмен жүргізуді сайланған өкілдер атқарушы тиіс, бірақ парламент атқарушы билікке заң шығару өкілеттігін берген кезде, заңдар жиі жабық есік артында және сайланбаған лауазымды тұлғалар штат мүшелерімен кеңеспей жасалады. Негізгі заңнаманың өзіне түзетулер енгізуге өкілетті органға рұқсат беретін заңнама баптары, әсіресе «Генрих VIII ережелері» қиындық тудырады. Әдетте, өкілетті заңнама заңнама құралдарындағы нақты ережелер негізгі заңнамадағы неғұрлым жалпы ережелерге сәйкес болуы керек деген мағынада қолданысқа енгізілетін заңнамаға бағынады. Алайда, негізгі заңнама өкілетті заңнамада оны түрлендіретін ережелер болу мүмкіндігін қатаң қамтамасыз етуі мүмкін. Сондай-ақ, өкілетті заңнаманы атқарушы органға беру процесі көп ережелер мен нормаларды қабылдауды жеңілдетеді және 1-тарауда сипатталған кәсіпкерлік пен қоғамдастықты тұтастай алғанда оларды шектен тыс қадағалау сияқты нәрселерге ықпал етеді.



Заң аясында: Құқық пен сын

Атқарушы орган диктатура ма?

Жауапты үкімет принципіне сәйкес, штаттық атқарушы билік заң шығарушы органға есеп береді. Алайда, партиялық саяси жүйе мен саяси шындық нәтижесінде, парламент жиі атқарушы биліктің қызметшісі болып шығады. Өзіңіз көргендей, Төменгі Палатада көпшілік орынға ие саяси партия атқарушы үкіметті құрайды. Бұл іс жүзінде атқарушы үкімет мүшелері парламентті бақылауға өздерінің саяси көпшілігін пайдалануға қабілетті екенін білдіреді.

Бір комментатордың айтуынша:

Аустралияда [Вестминстер жүйесі] өздерінің жақтастары арқылы «парламенттік демократия» және «жауапты үкімет» деп таңбаланады. Бірақ демократияға мүдделі болғандықтан, үлкен кемшіліктер бар. Теория жүзінде, Парламент басшы, ал атқарушы орган оның қызметшісі болуы тиіс. Бұл жүйе бұдан былай ұзақ уақыт бойы әрі қарай жұмыс істей алмайды. Шындығында, қазіргі кезде Премьер-министрлерге нұсқау бере алмайтын премьерлер мен олардың Кабинет тері енді кең ауқымды және жиі тексерілмейтін атқарушы билік диктатурасының бір түрін құрайды.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 2.30 Биліктің атқарушы құралының рөлі қандай?
- 2.31 Атқарушы кеңес деген не?
- 2.32 Атқарушы үкіметте Монарх өкілінің рөлі қандай?
- 2.33 Генерал-губернатордың резервтік өкілеттігі қандай?
- 2.34 Кабинет деген не?
- 2.35 Штаттық қызмет дегеніміз не?
- 2.36 Адамдар штаттық департаменттің немесе агенттіктің шешіміне шағым айта ала ма?
- 2.37 Өкілетті заңнама дегеніміз не? Оның артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

Сот

Сот билігі – заңнаманы түсіндіру үшін және нақты бір дауларды шешуге қолданылатын өкілеттік.

Аустралия Конституциясының 71-бабына сәйкес:

Достастықтың сот билігі Аустралияның Жоғарғы Соты деп аталатын Федералдық Жоғарғы сотқа жүктеледі және басқа да осындай федералдық соттарда Парламент ұсынғандай жүргізіледі, басқа соттарда Федералдық юрисдикцияға жүктеледі, Парламент бұйрық бергендей, Жоғарғы Сот бас судьядан және кемінде екі немесе басқа да көптеген судьялардан тұруы тиіс.

Сол сияқты, штаттық және территориялық деңгейде, сот билігін штаттық және территориялық соттар жүзеге асырады.

Іс құқығының көзі соттар болып табылады. **Іс құқығы** судьялардың жазылған шешімдерінен тұрады. Ол көбінесе, «жалпы құқық» деп аталады. Әдетте судьялардың төменгі соттардан басқаша шешімдері жазылады және жарияланады, прецедент доктринасына сәйкес, бұл шешімдер басқа да судьяларға жіберіледі және олар шешімдерді қарайды. Ғасырлар бойы осы судьялар жасаған заң «заң органын» құруға алып келді. Барлық іс құқығы тең емес. Шешім шығаратын сот неғұрлым жоғары болған сайын соғұрлым лайықты иерархияда орын алады және шешімі беделді болады. Ал, төменде көрсетілгендей, сот шешімі сот иерархиясында тек басқа төменгі соттардың шешіміне «міндетті» болады. Дегенмен, басқа юрисдикциядағы соттарға міндетті емес соттардың шешімі нанымды болуы мүмкін.

Қазіргі кезде көптеген заң салалары толықтай дерлік заңнамадан (парламенттер жасаған заңнама) тұрғанда, ең алдымен іс құқығынан тұратын маңызды заң бағыттары әлі де бар. Келісімшарт заңы – осы саланың үлгісі.

іс құқығы – прецедент доктринасына сәйкес судьялар жасаған заң. Сондай-ақ, «жалпы заң» ретінде белгілі.

Аустралияның сот жүйесі

Аустралияда алты штаттың әрқайсысында және екі материктік территорияның өздерінің соты және Федералдық сот жүйесі бар. Осы тоғыз сот жүйесі сот иерархиясына ұйымдастырылған.

Иерархиялық сот құрылымы бірқатар себептерге байланысты тиімді.

- Иерархиялық сот **шағымдану жолы** арқылы соттарға байланысуға рұқсат береді.

Нақты сот талқылауы қорытындыларына риза болмаған тарап иерархиядағы жоғарырақ сотқа шағымдана алады.

- Иерархиялық құрылым нақты соттарды сот талқылауы түрлеріне мамандануды жеңілдетеді, сондай-ақ, заңды ресурстарды тиімді бөлуге көмектеседі. Төменірек дәрежедегі соттар аз ақша сомасын қамтитын немесе онша ауыр емес қылмыстық іс-әрекеттерге қатысты мәселелерді шешеді. Неғұрлым жоғарырақ соттар өздерінің көп тәжірибелі сот кадрларымен үлкен ақша сомасын немесе неғұрлым ауыр қылмыстық іс-әрекеттерге қатысты неғұрлым күрделі немесе неғұрлым ауыр мәселелерді шешетін болады. Төменгі сатының тұрған сот шешімін қайта қарауға Жоғарғы сотқа шағымдануға болады.
- Иерархиялық құрылым төменде егжей-тегжейлі сипатталған **прецедент доктринасының** жұмысын жеңілдетеді. Жай ғана іс фактілеріне ұқсас, Жоғарғы соттардың шешімдерін төменгі соттардың сақтауы, басшылыққа алуы тиіс екенін алып көріңіз. Басқаша айтқанда, жоғары тұрған соттар прецедент құрады, төменгі соттар оны ұстануы тиіс.

прецедент доктринасы – заң мәселесін шешкенде сот иерархиясындағы Жоғарғы соттардың бұрын қабылдаған шешімдерін сот дәйекті істеуі керек деген принцип. Сондай-ақ, «Шешімде қалу» ретінде де белгілі.

прецедент – (1) сәйкестік болу үшін осы жағдайларды ұстануы тиіс құқық мәселесі бойынша судьяның бұрын қабылданған шешімі (2) жаңа құжаттарды әзірлеу үшін негіз ретінде адвокаттар пайдаланылатын стандартты құжаттар.

Юрисдикция

Бұл жерде юрисдикция термині сот құзыреттілігінің ауқымын білдіреді.

Басты сот талқылауы және апелляциялық сот ісін жүргізу

Көпшілік соттар **Басты сот талқылауы** және апелляциялық сот ісін жүргізудің екеуін де жүзеге асырады. Алғаш рет шешілетін және тыңдалатын дауды тыңдағанда және шешкенде оның бастапқы, түпнұсқа юрисдикциясын жүзеге асырады. **Басты сот талқылауын** жүзеге асыратын сот «бірінші сатыдағы сот» ретінде сипатталады.

Апелляциялық юрисдикцияны жүзеге асыратын сот сатыдағы соттың қарауына иерархиядағы төменірек сот өтініштерін тыңдағанда және шешкенде сот апелляциялық юрисдикцияны жүзеге асырады. Өтініштер төменгі деңгейдегі соттардан жоғары шенді соттарға беріледі. Аустралияда адамдар шағымдана алатын сот – Аустралияның Жоғарғы Соты.

басты сот талқылауы – алғаш рет шешілетін және тыңдалатын дауды шешетін сот юрисдикциясы.

апелляциялық сот ісін жүргізу – иерархиядағы төменірек сот өтініштерін тыңдайтын сот юрисдикциясы.

Қылмыстық және азаматтық юрисдикция

Аустралиядағы соттардың көпшілігінде қылмыстық және азаматтық юрисдикцияның екеуі де бар, яғни, қылмыстық және азаматтық сот талқылауының екеуін де тыңдайтын өкілеттігі бар. Азаматтық құқық пен қылмыстық құқықтың арасындағы айырмашылық қысқаша 1-тарауда сипатталған болатын.

Қылмыстық сот талқылауы – қылмыстық заңды бұзған адамдарды қылмыстық жазаға тарту. Қылмыстық заң **жиынтық құқық бұзушылықтан** (көлік жүргізу ережесін

бұзу, ұсақ ұрлық және вандализм сияқты ұсақ қылмыстар) бастап, ауыр қылмыстарға (сот талқылауына әкелу құқығын қамтитын кісі өлтіру, қатты шабуыл жасау, зорлау, адам ұрлау және қарулы қарақшылық сияқты қылмыстар) дейінгі барлық қылмысты қамтиды. **Жауапкерге** қарсы қылмыстық іс процесін Монарх бастайды.

Азаматтық сот талқылауы азаматтық құқық бойынша бір-бірін сотқа беретін тұлғаларға қатысты. Азаматтық құқыққа келісімшарт заңы, мүліктік құқық және деликтік құқық жатады. **Талапкер** айыпталушының іс-әрекетінен жоғалту немесе зиян келтіруден зардап шеккені туралы сотқа шағым жасап, жауапкерді сотқа әкеледі, егер талапкер сотта жеңсе, сот тиісті жеңілдік, мысалы, жауапкерден талапкерге өтемақы төлету сияқты шығынды өтеуге үкім шығарады.

қылмыстық сот талқылауы – қылмыстық заңды бұзды деп айыпталған адамды қудалауға қатысты сот талқылауы.

азаматтық сот талқылауы – қылмыстық заңға қайшы деп айыпталған адамды қудалауға қатысты сот талқылауы.

жиынтық құқық бұзушылық – жол-көлік жүргізу ережесін бұзу, жай шабуыл жасау, мас болу және тәртіп бұзушылық сияқты магистратур алдында сот талқылауы болатын ұсақ, ауыр емес құқық бұзушылық.

ауыр қылмыс – кісі өлтіру, қатты шабуыл жасау, зорлау, адам ұрлау және қарулы қарақшылық сияқты судья мен алкабилер алдында сот талқылауы болатын ауыр қылмыстық іс.

жауапкер – оған қарсы азаматтық немесе қылмыстық іс қозғалатын тұлға.

талапкер – басқа тұлғаға қарсы азаматтық іс қозғайтын тұлға.

Осындай және басқа да азаматтық және қылмыстық сот талқылауы арасындағы маңызды айырмашылықтар 2.12-кестеде баяндалған. Төменде біз азаматтық және қылмыстық процесті түсіндіргенде осы айырмашылықтар толығырақ қаралады.

2.12-кесте. Азаматтық және қылмыстық сот талқылауы арасындағы айырмашылықтар

	Азаматтық	Қылмыстық
Тараптар	Талапкер мен жауапкер	Монарх және жауапкер
Дәлел ауыртпалығы	Талапкер	Монарх
Дәлел стандарты	Ықтималдық тепе-теңдігі	Негізделген күмән болмағанда
Қазылар	Кейде	Тек қана айыптау актісі
Нәтиже	Дәлелденді/Дәлелденген жоқ	Айыпты/айыпты емес
Қорытынды	Шешімі	Жаза

Федералдық сот жүйесі


Федералдық соты иерархиясы 2.6-суретте көрсетілген.

Федералдық сот веб-сайттары 2.13-кестеде берілген.

2.13-кесте. Федералдық сот веб-сайттары

Сот	веб-сайты
Аустралия Жоғарғы соты	www.hcourt.gov.au
Аустралия Федералдық соты	www.fedcourt.gov.au

Сот	веб-сайты
Аустралияның отбасы соты	www.familycourt.gov.au
Федералдық Магистраттар соты	www.fmc.gov.au



2.6-сурет. Федералдық сот иерархиясы

Аустралия Жоғарғы Соты

Аустралия Жоғарғы соты Аустралия Конституциясының 71-бабында құрылды. Конституцияның деректемелері мен оның жұмысы кейінірек 1979 жылы *Аустралия Жоғарғы Сотымен ауыстырылған 1903 (Дст) Заң* Актісінде баяндалған.

Жоғарғы сот Премьер-министрдің ұсынысы бойынша Генерал-губернатор тағайындаған жеті судьядан тұрады. Жеті судьяның біреуі Жоғарғы соттың бас судьясы болып тағайындалады.

Жоғарғы сот кейде өзге де ірі қалаларда қылмыстық істерді тыңдағанмен, Канберра қаласында тұрақты орналасқан. Жоғарғы сот алқабилер сот талқылауларын тыңдамайды.

Өзінің түпнұсқа (бастапқы) юрисдикциясында Жоғарғы Сот Федералдық сот (қазіргі кезде Аустралия Федералдық соты құрылғаннан бері салыстырмалы түрде сирек (төменде қараңыз)) дауларды тыңдағанда бір судья сот талқылауы отырысын жасайды және Аустралия Конституциясын түсіндіруге, Федералдық заңнаманың конституциялық



жарамдылығына қатысты дауларды қарағанда бестен жетіге дейін судьялар алқасы отырыс жасайды. Ол сондай-ақ, Достастық (немесе Достастық атынан бір тұлға) немесе Достастыққа талап қоятын шағым мәселелері мен штаттар арасындағы даулар туралы сот талқылауын қарайды (тыңдайды).

Апелляциялық юрисдикцияда Жоғарғы сот үш, бес немесе жеті судьялар алқасынан тұратын отырыс жүргізеді және штаттық, территориялық, Федералдық сот пен

отбасы Соты және түпнұсқа (бастапқы) юрисдикцияны жүзеге асыратын кез келген Жоғарғы Сот судьяларының шешімдерінен түскен апелляцияны тыңдайды.

2.15-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

www.hcourt.gov.au Аустралия Жоғарғы Соты веб-сайтына кіріңіз.

1. Қазіргі жеті Жоғарғы Сот судьяларын атаңыз.
2. Қазіргі бас судья кім?
3. Сотта судьялар ұжымдық немесе жеке шешімдер шығара ма?

Аустралияның Федералдық соты

Аустралияның Федералдық соты 1976 жылғы (Дст) Аустралия Федералдық соты туралы Заң Актісімен құрылды. Ол Аустралияның барлық ірі қалаларында қажет болған жағдайда, басқа жерлерде де отырыс жасайды.

Өзінің бастапқы юрисдикциясында Федералдық заңнамаға сәйкес туындайтын тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселелерін (8-тарауды қараңыз), бәсекелестікті реттеу мәселелері, зияткерлік меншік дауларын (9-тарауды қараңыз) және банкроттық мәселелерді қарағанда сотта бір судья отырыс жасайды.

Аустралияның Отбасы соты

Аустралияның Отбасы соты 1975 жылғы (Дст) Отбасы құқығы Заңымен құрылды.

Өзінің бастапқы юрисдикциясында Отбасылық сотта бір судья отырыс жасайды және ажырасу процесіне, мүліктік елді мекендерге, балаларды қамау және қорғауға қатысты мәселелерді тыңдайды.

Өзінің апелляциялық юрисдикциясында, Отбасылық сотта саны толық судьялар отырыс жасайды және Федералдық Магистраттар сотынан және отбасылық құқық юрисдикциясын жүзеге асыратын штаттық және территориялық магистраттар сотынан түскен апелляцияны тыңдайды (Отбасы заң актісі балаларды қамау мен оларға техникалық қызмет көрсетуге қатысты мәселелерді қарауда штаттық және территориялық төменгі соттарға юрисдикция береді).

Федералдық Магистраттар соты

Федералдық Магистраттар соты 1999 жылғы (Дст) Федералдық Магистраттар сот

Юрисдикция	Соттар веб-сайттары
Виктория	www.courts.vic.gov.au
Виктория	www.courts.dotag.wa.gov.au

Аустралия Жоғарғы Соты

Аустралия Жоғарғы соты кез келген штаттық немесе территориялық Апелляциялық сот шешімінің ақырғы соты болып табылады. Сондықтан ол – техникалық жағынан әр штаттық немесе территориялық сот жүйесінің бір бөлігі.

Көптеген соттарда, дауларға шағымдану құқығын автоматты түрде беріледі, бірақ Жоғарғы сотқа апелляция жасау **арнайы демалысты** талап етеді, Даудың маңыздылығын белгілейтін өтініш жасалуы тиіс. Жоғарғы сот іс мүддесін әрі қарай дамыту мен реформалау процесін мақұлдағанда ғана апелляция жалғасады. Аустралия Жоғарғы соты ылғи да, Аустралияның ең жоғарғы апелляциялық соты болған жоқ. Бұл сот Лондонда болатын және Лордтар палатасы мүшелерінен тұратын Жасырын кеңес болып қалыптасқан. Жасырын кеңес Федералдық мәселелер бойынша Аустралия Жоғарғы Сотынан Жасырын кеңеске апелляциялар жасауды 1968 жылғы (Дст) Жасырын Кеңестің (Апелляциялық шектеу) заң Актісімен шектеген және Аустралия Жоғарғы Сотының Жасырын кеңеске жіберетін барлық апелляциясын Жасырын Кеңес (Жоғарғы соттың апелляциясы) 1975 жылғы (Дст) Жасырын Кеңестің Заң Актісімен жойды.

арнайы демалыс – сотқа апелляция жасауға рұқсат алу үшін Жоғарғы сотқа өтініш беру

Жоғарғы сот

Әрбір штаттық немесе территориялық ең жоғарғы сот – Жоғарғы Сот.

Өзінің бастапқы юрисдикциясында Жоғарғы Сотта азаматтық іске қатысты мәселелерді бір судья төрт, алты немесе он екі қосымша судьялар алқасымен және даулы қылмыстық іске қатысты мәселелерді он екі міндетті судьялар алқасымен отырыс өткізіп, қарайды. Жоғарғы Сот іс жүзінде тек төменде сипатталған, аралық және төменгі соттардың юрисдикциясы шегінен тыс мәселелерді тыңдағанмен, штат немесе территориялық штат пен территория ішінде шексіз азаматтық және қылмыстық юрисдикцияға ие.

Өзінің апелляциялық юрисдикциясында Жоғарғы Сот әдетте, үш судьядан құралады. Ол сол штат немесе территорияда сот иерархиясында басқа өздерінен төменгі соттардың заң тұрғысында төменгі, аралық соттардың барлық мәселелер бойынша апелляциясын тыңдайды. Апелляцияны тыңдағанда, Жоғарғы сот юрисдикцияға байланысты түрлі атаулармен аталады: ААТ, Квинсленд, Виктория және Батыс Аустралияда ол Апелляциялық сот деп аталады. Жаңа Оңтүстік Уэльс және Солтүстік территорияда азаматтық іс апелляциясын тыңдағанда, Апелляциялық сот деп аталады және қылмыстық іс апелляциясын тыңдағанда, Қылмыстық Апелляциялық сот деп аталады. Оңтүстік Аустралия мен Тасманияда азаматтық іс апелляциясын тыңдағанда, ол толық Сот деп аталады, қылмыстық іс апелляциясын тыңдағанда, Қылмыстық Апелляциялық сот деп аталады.

Аралық соттар

Аралық соттар Жаңа Оңтүстік Уэльсте, Квинсленд, Оңтүстік Аустралия, Батыс Аустралияда Аудандық соттар деп және Викторияда Округтық Соттар деп аталады. Тасмания, Аустралияның астаналық территориясы мен Солтүстік территорияда Аралық

соттар жоқ. Аралық соттарда судья азаматтық істер бойынша төрт немесе алты қосымша судьялар алқасымен бірге және дау қылмыстық істері бойынша он екі міндетті (басқа Батыс Аустралия қарағанда) судьялар алқасымен бірге судья төрағалық етеді.

Өзінің бастапқы (түпнұсқа) юрисдикциясында аралық сот азаматтық істерді тиісті қаржы шектеуімен (2.15-кестені қараңыз), сондай-ақ, Жоғарғы Сот қарайтын кісі өлтіру сияқты ең ауыр қылмыстардан басқа ауыр айыптауларды қамтитын азаматтық мәселелерді қарап, тыңдайды.

2.15-кесте. Аралық соттар: азаматтық істер бойынша қаржы шектеулері

Юрисдикция	Азаматтық істер бойынша қаржы лимиттері
Жаңа Оңтүстік Уэльс	750 000 \$-ға дейін
Квинсленд	750 000 \$-ға дейін
Оңтүстік Аустралия	Шектелмеген
Виктория	Шектелмеген
Батыс Аустралия	750 000 \$-ға дейін және шектелмеген адам жарақаты және автокөлік оқиғасы

Өзінің апелляциялық юрисдикциясында аралық сот кейде жаза мен сұрақ фактілеріне қатысты мәселелер бойынша қылмыстық істерде төменгі соттардың апелляциясын тыңдайды (Құқық мәселелері бойынша төменгі соттардың апелляциясы тікелей Жоғарғы Сотқа барады).

Төменгі соттар

Төменгі соттар Жаңа Оңтүстік Уэльсте Төменгі соттар деп, басқа штаттар мен территорияларда Жергілікті соттар және Магистрат соттар деп аталады.

Төменгі сот – Аустралияда соттың ең көп тараған түрі. Барлық ірі және көптеген шағын қалаларда төменгі сот бар. Егер біреу өмірінде бір кезде сотта болса, оның төменгі сот болғанында жақсы мүмкіндік бар.

Төменгі соттар азаматтық істерді тиісті қаржылай шектеуге қарай (2.16-кестені қараңыз) және дүкендерде ұрлық жасау, жол ережесін бұзу сияқты ұсақ құқық бұзушылық айыптауларды қамтитын азаматтық мәселелерді тыңдайды. Олар кейде Тергеуші соттар, балалар соттары, кәмелетке толмағандар соты (Солтүстік аумағында) немесе Жастар соты (Оңтүстік Аустралияда) ретінде жұмыс істейді. Сондай-ақ, олар мынадай сот талқылауын тыңдайды:

- **жұмысшыларға (қызметкерлерге) өтемақы** төлеу туралы талаптар;
- жүргізушілер лицензияларын қалпына келтіру, жою немесе жарамдылық мерзімін тоқтату туралы өтініштер;
- **кепіл** өтініштер.



2.16-кесте. Төменгі соттар: азаматтық істер бойынша қаржы шегі

Юрисдикция	Азаматтық істер бойынша қаржы лимиттері
Аустралияның астаналық территориясы	50 000 \$ дейін
Жаңа Оңтүстік Уэльс	60 000 \$ дейін
Солтүстік территориясы	100 000 \$ дейін
Квинсленд	150 000 \$ дейін
Оңтүстік Аустралия	40 000 \$ (жол-көлік оқиғалары 80 000 \$ дейін) дейін
Тасмания	20 000 \$ дейін
Виктория	100 000 \$ дейін
Батыс Аустралия дейін	75000 \$ дейін

Сондай-ақ, Төменгі соттар **міндеттейтін сот** ісімен айналысады. Бұл Магистрат судья айыпталушының сот талқылауына бару-бармау керектігі туралы шешім қабылдайтын, ауыр қылмыстарға қатысты сот талқылауын тыңдайды. Қылмыстық сот талқылаулары ұзақ және қымбат процесс болуы мүмкін болғандықтан, міндеттейтін сот ісі дәйекті дәлелдер бар екенін және іс жүзінде сот талқылауы басталғанға дейін соттау ықтимал екенін қамтамасыз етеді.

жұмысшылар өтемақысы – жұмысқа байланысты жарақат алған жағдайда жұмыс берушіні өтемақы төлеуге міндеттейтін негізгі міндетті сақтандыру нысаны.

кепілдік – адамды сотқа дейін полицияның қамауға алуынан босатуды қамтамасыз ету үшін ақша төлеу.

міндеттейтін сот – қылмыстық істі толық ақтау үшін жеткілікті дәлелдемелер бар – жоқтығын анықтау үшін төменгі сотта өтетін алдын ала сот талқылауы.

2.16-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Аустралия Жоғарғы Соты веб-сайтына кіріңіз.

1. Қазіргі жеті Жоғарғы Сот судьяларын атаңыз.
2. Қазіргі бас судья кім?
3. Сотта судьялар ұжымдық немесе жеке шешімдер шығара ма?

Өзіңіздің штатыңыздың немесе территорияңыздың соты веб-сайтына кіріңіз. (а) Жоғарғы Сот, (ә) Аудандық немесе Округтық сот туралы қандай пайдалы ақпарат бар? (б) Осы сайттан Магистратура соты немесе Жергілікті сотқа кіруге бола ма?

2.17-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Қандай соттардың мына істерді тыңдауға юрисдикциясы бар?

1. Эштің анасы мен әкесі ажырасқысы келеді және олар өз мүлкін қалай бөлу туралы дауласып жатыр.
2. Эш дүкен ұрлығымен ұсталды және оған ұры деген айып тағылды.
3. Эш авторлық құқық туралы заңды, Федералдық Парламент заң Актісін бұзғаны үшін басқа адамды сотқа бергісі келеді.
4. Эшке кісі өлтірді деген айып тағылды.
5. Эш 100000 \$ қарызын өндіріп алу үшін біреуді сотқа бергісі келеді.

Кросс (қима) құқық беру

1987 жылы Федералдық Парламент соттар юрисдикциясы (Кросс құқық беру) заң Актісін қабылдады. Әрбір штаттың парламенттері Айна заңнаманы қабылдады. Осы заңнаманың маңызы штаттық соттарға федералдық мәселелерді, Федералдық соттарға штаттық мәселелерді қарауға юрисдикция беру болды. Бұл федералдық және штаттық заңның екеуін де қамтитын заңды даулар туындағанда, юрисдикциялық проблемаларды шешу үшін жасалды, екі бөлек заңды іс-әрекеттерді екі бөлек соттарда қараудың орнына дауларды бір ғана Федералдық немесе штаттық сотта тыңдау мәселе болуы мүмкін.

Р-дың Wakim (1999) 198 511 ЖШС компаниясына қарсы талап арызы туралы Жоғарғы сот штаттық юрисдикциясын жүзеге асыруға федералдық соттарға берілген уәкілеттілік, заңнама конституцияға қайшы болды деп шешті, өйткені Аустралия Конституциясы федералдық соттарға тек Федералдық юрисдикцияны жүзеге асыруға рұқсат берді. Бұл шешім 1987 жылдан бастап түрлі Федералдық соттардың көптеген шешімдеріне күмән келтіреді және Федералдық Парламент сол шешімдерді жедел ретроспективті жарамды ететін заң қабылдады. 1999 жылдан бастап Федералдық соттар штаттық юрисдикцияны жүзеге асыра алмады, бірақ штаттық соттар федералдық юрисдикцияны жүзеге асыруды жалғастыруда.

Мамандандырылған соттар, трибуналдар мен шешім қабылдайтын органдар

Федералдық, штаттық, территориялық үкіметтер даудың жекелеген түрлерін, сондай-ақ, түрлі трибуналдар және құқықтық емес өкілеттігі бар басқа да шешім қабылдайтын органдарды тыңдау үшін түрлі мамандандырылған соттар құрды (2.17-кестені қараңыз). Мамандандырылған соттардың әртүрлі сот иерархиясында жалпы соттарға қарағанда юрисдикциясы әлдеқайда тар. Апелляция мамандандырылған соттан жалпы соттардың біріне, әдетте, штаттық Жоғарғы Сотына жасалуы мүмкін.

Трибуналдар сот органдарына қарағанда административтік (әкімшілік) дәрежеде және олар өздерін құрған заңнаманы пайдалануды қамтитын шешімдер қабылдай алады, ал бірақ бұл сот функциясы болғандықтан, ол заңнаманың жарамдылығы туралы шешім қабылдай алмайды.

2.17-кесте. Мамандандырылған соттар мен трибуналдар

Юрисдикция	Мамандандырылған соттар	Трибуналдар мен басқа да органдардың Соттары
Дастастық		Әкімшілік апелляциялық трибунал. Аустралияның бәсекелестік трибуналы. Аустралияның бәсекелестікті қорғау және тұтынушылар комиссиясы. Аустралияның Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы. Аустралияның авторлық трибуналы. Қорғаныс күштері Пәні апелляциялық трибуналы. Қорғаныс күштерінің Сыйақы трибуналы. Әділ Жұмыс трибуналы. Аустралия Көші-қонды шолу трибуналы. Ұлттық жергілікті атау трибуналы.

Юрисдикция	Мамандандырылған соттар	Трибуналдар мен басқа да органдардың Соттары
		<p>Фармацевтикалық Сыйақы жәрдемақылар трибуналы</p> <p>Босқындарды шолу трибуналы</p> <p>Сыйақы трибуналы</p> <p>Әлеуметтік қауіпсіздік апелляциялық трибуналы</p> <p>Зейнетақымен қамсыздандыру шағымдары Трибуналы</p> <p>Сіңісу (панелі) тақтасы</p> <p>Ардагерлерді шолу кеңесі</p>
Аустралияның астаналық территориясы	<p>Балалар соты</p> <p>Тергеуші сот</p> <p>Ngambra Circle сот үкімі</p>	ААТ Азаматтық және әкімшілік трибуналы
Жаңа Оңтүстік Уэльс	<p>Бас индустриялық Магистратура соты</p> <p>Балалар соты</p> <p>Өтемақы соты</p> <p>Тергеуші соты</p> <p>Есірткі соты</p> <p>Жер мен қоршаған ортаны қорғау соты</p> <p>Жастар Есірткісі және алкоголь жөніндегі сот</p>	<p>Әкімшілік шешімдер трибуналы. Тұтынушылар, Сауда және тұрғын үй жалдау трибуналы</p> <p>Тәртіптік трибунал</p> <p>Шаң аурулары Трибуналы</p> <p>Жергілікті үкіметтің ақшалай үстемақысы мен дисциплинарлық трибуналы</p> <p>Жұмысшыларға өтемақы төлеу комиссиясы</p> <p>Психикалық денсаулықты шолу трибуналы</p> <p>Көлік апелляциялық органдар Құрбандарға өтемақы төлеу трибуналы Жұмысшыларға өтемақы төлеу комиссиясы</p> <p>Үкіметі мен оған жататын қызметкерлердің апелляциялық трибуналы</p> <p>Қамқоршылық трибуналы</p> <p>Жемқорлыққа қарсы тәуелсіз комиссиясы</p> <p>Өндірістік қатынастар комиссиясы</p> <p>ЖОУ-дың Сот комиссиясы</p>
Солтүстік территория	<p>Қоғамдастық соты</p> <p>Отбасы мәселелері жөніндегі сот</p> <p>Жұмыс Денсаулық соты</p> <p>Жастар судьялар соты</p>	<p>Кемсітуге қарсы комиссия</p> <p>Жерлер, жоспарлау және тау-кен Трибуналы</p> <p>Психикалық денсаулықты шолу Трибуналы</p>
Квинсленд	<p>Балалар соты</p> <p>Квинсленд балалар соты</p> <p>Тергеуші сот</p> <p>Есірткі жөніндегі сот</p> <p>Жер жөніндегі сот</p> <p>Психикалық денсаулық соты</p> <p>Murri соты</p> <p>Жоспарлау және қоршаған ортаны қорғау соты</p>	<p>Органдар корпоративі мен қауымдастықты басқару комиссары</p> <p>Квинсленд Азаматтық және әкімшілік трибуналы</p>

Юрисдикция	Мамандандырылған соттар	Трибуналдар мен басқа да органдардың Соттары
Оңтүстік Аустралия	Тергеуші сот Есірткі жөніндегі сот Қоршаған орта ресурстары мен даму жөніндегі сот Отбасындағы зорлық жөніндегі сот Өндірістік қатынастар соты Warden соты Жастар жөніндегі сот	Тең мүмкіндіктері трибуналы Өндірістік қатынастар комиссиясы Сыйақы жөніндегі трибунал Тұрғын үйді жалға беру жөніндегі трибунал Қызметкерлерге өтемақы беру жөніндегі трибунал
Тасмания		Кемсітуге қарсы трибунал Психикалық денсаулық трибуналы Тау-кен трибуналы Автокөлік апаттарында өтемақы төлеу трибуналы Ресурстарды басқару және жоспарлау Апелляциялық трибуналы Жұмысшыларды оңалту және өтемақы төлеу трибуналы
Виктория	Балалар Соты Тергеуші Соты Отбасындағы зорлық-зомбылық жөніндегі Сот Қури Соты Көршілік Әділет орталығы	Қалалық сайлау трибуналы Қылмыс құрбандарына көмек трибуналы Виктоияның Азаматтық және әкімшілік трибуналы
Солтүстік Аустралия	Байырғы Қоғамдастық Соты Балалар соты Дәрі-дәрмек жөніндегі Сот Отбасылық Соты Отбасындағы зорлық-зомбылық жөніндегі Сот	Жалақы мен жәрдемақы жөніндегі трибунал Штаттық әкімшілік трибуналы

Дауды соттан гөрі трибуналға (төрелік сотқа) жіберудің артықшылықтары бар: трибуналдың тындауы сотқа барғанға қарағанда жылдам, арзан, жекеше және аз стрессті (күйзелісті) болады, іс жүргізудің сотқа қарағанда құқықтық рәсімдері аз. Әрбір штатта және территорияда тиісті қаржы шегінен төмен азаматтық дауларды шешудің арзан, жылдамырақ және аз ресми жолын қамтамасыз ететін «шағын талаптар» соты немесе трибунал бар (2.18-кестені қараңыз). Сот, әдетте, жергілікті соттың бөлімшесі, ал трибунал әдетте, азаматтық және әкімшілік трибуналы болып табылады.

2.18-кесте. Шағын шағымдар соттары мен трибуналдар: қаржы шектеулігі

Юрисдикция	Сот/Трибунал	Қаржы шектеулігі
Аустралияның астаналық территориясы	ААТ Азаматтық және әкімшілік сот алқасы	10 000\$

Юрисдикция	Сот/Трибунал	Қаржы шектеулігі
Жаңа Оңтүстік Уэльс	Шағын шағымдар Жергілікті сот бөлімі	10 000\$
Солтүстік территориясы	Магистратура сотындағы шағын шағымдар	10 000\$
Квинсленд	Квинсленд азаматтық және әкімшілік сот алқасы	25 000\$
Оңтүстік Аустралия	Магистратура сотындағы шағын талаптар	6 000\$
Тасмания	Магистратура сотындағы кіші азаматтық талап	5 000\$
Виктория	Виктория азаматтық және әкімшілік сот алқасы	No limit
Батыс Аустралия	Магистратура сотындағы кіші істер	10 000\$

Сот процестері

Бұл тараушада біз іс жүзінде сотқа баратын істерді, оның ішінде Аустралия соттарында пайдаланылатын дауларды шешу жүйесін, сот жүйесіне тартылған адамдар, сондай-ақ, азаматтық талап арыз беруді қамтитын қадамдарды сипаттаймыз.



Дауларды шешудің көптеген жолдары бар. Орта ғасырларда сот талқылауы ұрыс дауларын шешудің түрі ретінде танылды. Әрбір тарапқа қару берілді және бейтарап төреші жеңімпазды жариялағанға дейін немесе сарбаздың бірі мерт болғанға дейін басқа тараппен күресуге ынталандырылды Дауларды шешудің мұндай жолы қазір таңғаларлықтай көрінеді. Неге жақсы күресе білу қабілеті бар адам шындықты айтқанын немесе оларда жақсы жағдай бар екенін білдіруі керек?

Дегенмен, қазіргі заманғы Аустралия соттарында қолданылатын дауларды шешу нысанының ұрыс сотымен көптеген ұқсастықтары бар. Тараптар олардың бірін судья ретінде бейтарап төреші жеңімпаз деп жариялағанға дейін күресе береді. Әрбір тарапқа қарудың орнына адвокат (қорғаушы) беріледі, бірақ принцип әлі бірдей: байқаудың жеңімпазы даудың жеңімпазы болады. Жалпы заңды құқықтық жүйелердегі соттарда пайдаланылатын дауларды шешу жүйесі **жарыспалылық** (айыптау) **жүйесі** деп аталады.

Сот ісінің айыптау жүйесі тараптар өздерінің ісін конкурстық тәсілмен жүргізуді талап етеді. Егер олар сот талқылауын жүргізудің және дәлелдемелердің ережелерін қатаң

Жарыспалылық жүйесі

Соттар ең алдымен, дауларды шешудің механизмі болып табылады. Соттар адамдар арасындағы мынадай дауларды шешеді:

- Монарх пен жауапкердің кінәлі немесе кінәлі емес екендігіне қатысты (қылмыстық сот талқылауы)
- жауапкер мен талапкерге қатысты жауапкердің талапкер шеккен зиянына жауапты ма, жоқ па деген мәселеге қатысты (азаматтық сот талқылауы).

сақтағанда, тараптар сотқа ұсынылатын дәлелдер туралы шешімдерді қоса алғанда, сот талқылауын жүргізуге толық жауапкершілікте болады және оны бақылайды.

Судья бейтарап төреші тарапын қабылдайды: олар сот талқылауын бақылайды, тыңдайды, сот рәсімдерінің ережелері мен дәлелдемелер әділ және дәйекті қолданылуын қамтамасыз етеді, екі тарапты тыңдауға мүмкіндік береді, егер алқабилер болмаса, іс бойынша шешім қабылдайды. Жарыспалылық жүйені азаматтық-құқықтық елдердің соттарында қолданылатын инквизициялық жүйемен салыстыруға болады. Жарыспалылық жүйесі тараптар арасындағы байқау болса, ал инквизициялық жүйе шындық іздеу болып табылады. Судья – заңгер практик қатарындағы заңгерлерден тағайындалған біреуге қарағанда штаттық лауазымды тұлға. Олар сот ісін жүргізудің барлық сатыларында белсенді қатысушы болады және шындықты шығаратын фактілерді зерттеуді (тергеуді) қамтиды. Сондай-ақ, олар іс жүргізілуі тиіс тәсілді анықтайды. Судьяның қатысуы өте белсендірек болғандықтан, тараптар іс жүргізуді аз бақылай алады.

Аустралияда инквизициялық жүйе корольдік комиссиялар сияқты судья тергеуі жок кезде тергеу соты сияқты, кейбір соттарда қолданылады.

Инквизициялық жүйе – Судья қатысушы және шындық іздейтін рөл атқаратын азаматтық-құқықтық жүйелердегі соттарда қолданылатын сот талқылауы жүйесі.

2.18-тапсырма. Пысықтау

Сізге кісі өлтірді деген қате айып тағылса, жарыспалылық сотты әлде инквизициялық сот процесін қалайсыз ба? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Сот қызметкерлері

Аустралияда сот қызметкерлері сот алқабилері, заңгерлер, қорғаушылар және басқа да заң қызметкерлері сияқты заң мамандарының кең ауқымды жүйесін қамтиды.

Судьялар

Аустралияда бұрын түсіндірілгендей, магистраттар төрағалық ететін төменгі соттарды қоспағанда, басқа соттарда **судьялар** төрағалық етеді. Судьялар сот шешімдерін шығаруда тәуелсіз, бейтарап және әділ әрекет етуге міндетті. Сот кезінде судья:

- қолданылуы тиісті заңдарды анықтайды;
- дәлелдемелер мен тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді;
- егер алқабилер болса, олардың міндеттері туралы нұсқау береді;
- заңның кез келген мәселелерін, алқабилер болмағанда, қылмыстық сотта фактінің кез келген сұрақтарын, оның ішінде айыпталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігін шешеді;
- азаматтық сотта келтірілген зиянның деңгейін, қылмыстық сотта үкімді шешеді.

Судьяларды әдетте, тиісті **Бас прокурордың** кеңесі бойынша әрекет ететін Монарх өкілі тағайындайды. Бірнеше жағдайды қоспағанда, судьялар практик адвокаттардың қатарынан тағайындалады. Судьялар сотқа байланысты, әртүрлі кезеңдерде қызмет атқарады. Мысалы, Жоғарғы сот судьялары 70 жаста, ал отбасылық сот судьялары 65 жаста зейнетке шығуы керек.

Судьялар өздерін тағайындайтын атқарушы билікке тәуелсіз. Атқарушы билік істерді қалай шешуде судьяларға нұсқау бере алмайды және олардың жалақысын төмендете алмайды. Судьялар – судья ретінде әрекет еткенде, олардың айтуы, істеуі мүмкін кез келген нәрседен туындайтын жауапкершіліктің иммуны. Судьяларды зейнетке шығудан

басқа белгілі бір жағдайларда ғана судья қызметінен босатылады. Мысалы, Аустралия Конституциясының 72-бабында Жоғарғы соттың және басқа Федералдық судьялардың «дәлелденген жат қылықтары немесе қабілетсіздігі» негізінде Парламенттің екі Палатасының мақұлдауымен қызметтен босату қарастырылған. Іс жүзінде, қызметтен шеттету сирек кездеседі.

судья – сот шешімдерін шығаруға, соның ішінде дәлелдемелер мен тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз ету, заңның кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдау және (казылар болмағанда) фактінің кез келген сұрақтарын шешуге, сот қарауына жауапты адам.

Бас прокурор – құқықтық жүйені және атқарушы үкіметте заң кеңесі ережелерін қадағалауға жауапты Кабинет мүшесі.

2.19-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Судьялардың өздерін тағайындайтын атқарушы билікке «тәуелсіз» болуы соншалықты неге маңызды?

Өртүрлі судьялардың түрлі атақтары болады. Жоғарғы сот, Федералдық сот, Отбасылық немесе штаттық Жоғарғы сот судьяларын «Жоғарғы сот Судьясы» деп атайды. Аты мысалы, жазбаша «Смит С» (немесе көпше түрде «Смит және Ли СС»), «Судья Смит» деп оқылады. Аудандық сот сияқты аралық сотта судья «Төреші» деп аталады. Аты мысалы, жазбаша «Смит АСС» және «Судья Смит» деп оқылады. Төменгі соттарда магистраттар төрағалық етеді.

Алқабилер

Кинолар мен теледидарда көпшілік сот талқылауына **алқабилер** тартылады, бірақ бүгінгі шындық – сот талқылауына алқабилер өте аз тартылады. Аралық соттар мен Жоғарғы сот сияқты белгілі бір соттарда ғана сот алқабилеріне қол жетімді. Олар төменгі соттар немесе апелляциялық істерде қол жетімді емес.

Алқабилерді пайдалану сот нәтижесін жауапкердің құрдастар тобы анықтауын қамтамасыз етуге арналған. Алқабилер **сайлау тізімінен** кездейсоқ іріктеледі. Алқабилердің басты міндеті: адам ресми сұрау салуды алғаннан кейін алқабилер алқасының отырысы туралы есебін бермесе, қылмыс болады. Алайда, белгілі бір адамдар алқабилер міндетінен босатылады:

- сотталған қылмыскерлер;
- орындалмаған банкрот;
- ағылшынша оқу, сөйлеу немесе жазу қиынға түсетін адамдар;
- интеллектуалды мүгедектер;
- заңгерлер;
- өрт және жедел жәрдем қызметкерлері сияқты маңызды қызмет қызметкерлері;
- соттан белгілі бір қашықтықта алыста тұратын тұрғындар;
- бухгалтерлер мен дәрігерлер сияқты ұзақ уақыт бойы жұмысын қалдырып кете алмайтын мамандар;
- ауру, жүкті немесе егде жастағы адамдар;
- штатаралық немесе шетелдік саяхатқа кеткен адамдар;
- емтихандағы студенттер.

Әдетте, азаматтық сот талқылауында алқабилер мүшелерінің саны – алты, ал қылмыстық сотта – он екі.

Алқабилер міндеті берілгендердің бәрі алқаби болмайды. Алқабилер міндеті берілген адам алқабилер сот мәжілісі күні келгенде, алқабилер тізіміне енгізіледі. Сот талқылауы тараптарының бірі әрбір әлеуетті алқабиге талап қоюы мүмкін. Әрбір тарапта **апелляциясыз талаптардың** (себепсіз шағымдардың) саны шектеулі және **себепті талаптардың** (судьяға қолайлы себепті талаптар) шексіз саны бар.

сайлау тізімі – юрисдикция шегінде дауыс беруге міндетті тұрғындардың ресми жазбасы.

алқабилер – азаматтық не қылмыстық процесс барысында факт сұрақтары бойынша шешім қабылдайтын маман емес қазылар алқасы тобы.

императивтік дау (талап) – алқабилер мүшесі ретінде белгілі бір адамды таңдауға жасалған себепсіз дау.

себепті дау – алқабилер мүшесі ретінде белгілі бір адамның таңдалуына жасалған себепті дау.

алқабилерді жұмылдыру – сот талқылауы басталғанға дейін судьяның алқабилерге олардың сот мәжілісі кезіндегі рөлінің сипатын түсіндіруі.

Сот талқылауы басталғанға дейін судья алқабилерге олардың сот мәжілісі кезіндегі рөлінің сипатын түсіндіреді. Бұл **алқабилерді жұмылдыру** ретінде белгілі.

Сот талқылауы барысында, алқабилер дәлелдер мен дәлелдемелерді тыңдайды. Сот талқылауы соңында алқабилер талқылауға кетеді. Алқабилер ұсынылған дәлелдемелерді қарайды және үкімі туралы шешім қабылдайды. Алқабилер талқылауы құпия болады, олардан өз шешімінің себептерін ұсыну талап етілмейді. Қылмыстық істер сотында, егер олар прокуратураның барлық ақылға қонымды күмән тудыратын істі дәлелдеуін құптаса, алқабилер тек сотталушыны кінәлі деп таба алады. Азаматтық істер сот талқылауында алқабилер фактінің кез келген сұрақтарын ықтималдықтар балансында шешеді.

Алқабилер сотының тиімділігіне көптеген дәлелдер бар.

- Алқабилер маман емес тәуелсіз трибунал ретінде бейтарап ықпал жасайды.
- Шешім қабылдау жауапкершілігін бірден көп адам алады.
- Алқабилер қоғамдастықтың кросс секциясынан тұрады және оның мүшелерінде түрлі стандарттар мен ұстанымдар бар.
- Алқабилер сот өкілеттігін асыра пайдаланушылыққа қарсы қорғау.
- Дәлелдемелер түрлі көзқарастары бар адамдардың санына қарай жасалатын ықпал арқылы сыналады.
- Алқабилер сотына қарсы көптеген дәлелдер де бар.
- Алқабилер жүйесінің жұмыс істеуі қымбатқа түседі және істі тыңдау көп уақыт алады.
- Алқабилер қызметі әділетсіз экономикалық және психикалық ауыртпалық жүктейді.
- Алқабилер алқасына дәлелдемелерді түсіну мен бағалау, ашық ойда болу, зер салу, сәйкессіздіктерді анықтау және құқықтық дәлелдерді ұстану жиі қиынға түседі.
- Алқабилер алқасына құқық қағидаттары жөнінде судьяның бағыттарын түсіну қиынға түсуі мүмкін.
- Алқабилер барлық талқылауды құпия ұстайды және өздері қабылдаған шешімдердің себептерін түсіндіруі қажет емес.
- Алқабилерді адвокаттардың сендіруі арқылы онай айтқандарына көндіруге болады.
- Алқабилер шын мәнінде қоғамдастықтың кросс секциясы емес. Көптеген адамдар босатылуға немесе рұқсат алуға құқылы.

Азаматтық істер сотында алқабилер алқасының шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Қылмыстық істер сотында алқабилер шешімі дәстүрлі бірауыздан болуы

қажет, бірақ қазір көптеген штаттар мен территорияларда көпшіліктің үкімдері белгілі бір құқық бұзушылыққа қатысты қолайлы болып табылады.

Адвокаттар

Аустралияда заң мамандығының екі саласы бар: **адвокаттар** мен **заңгерлер**.

- *Адвокаттар* (кейде кеңесші деп те атайды) сот алдында қорғауға маманданған. Егер біреу құқықтық сотқа талап арыз бергісі келсе немесе қорғағысы келсе, адвокат олардың мүдделерін білдіреді және сотта олардың атынан дау айтады. Адвокаттар аға және кіші болып екіге бөлінеді. Аға адвокаттар штат немесе территорияға байланысты корольйымның кеңесшісі немесе аға кеңесші ретінде белгілі. Олар шеберлігі жоғары деңгейдегі және заңнаманың белгілі бір саласында сараптама жасайтын көрнекті адвокаттар бар. Олар сотқа жиі сот құжаттарын дайындау және әзірлеу сияқты көптеген көп жоспарлы міндеттерді орындайтын кіші кеңесшімен келеді.
- *Заңгерлер* қоғам мүшелерімен тікелей айналысады. Егер біреу үй сатып алғысы келсе, жаңа кәсіпкерлікті бастаса, мұрагерлік жасауға, келісімшарт жобасын жасау, дауға немесе өзге де құқық мәселесіне қатысты құқықтық кеңес алғысы келсе, заңгерлерге барады. Заңгерлер заң компанияларында жұмыс істей алады немесе үкімет немесе іскерлік ұйымына жұмысқа қабылданады. Егер адамның соттар шешетін құқықтық мәселесі болса, әдетте олардың заңгері олардың атынан сотқа баратын адвокат алады.

Жана Оңтүстік Уэльс пен Квинслендте құқық практиктері заңгер немесе адвокат болуы керек.

адвокат – сот пен трибунал алдында клиенттердің өкілі болуға мамандандырылған, сондай-ақ мамандандырылған заң консультациялары ережелерін ұсынатын адвокаттың бір түрі.

заңгер – қоғам мүшелеріне заң консультацияларын және өкілдігін қамтамасыз ететін адвокаттың бір түрі.

Әрбір штатта адвокаттарды реттеу мен тәртіпке шақыратын жауапты тәуелсіз орган бар (2.19-кестені қараңыз). Аустралияның астаналық территориясы және Солтүстік территорияда адвокаттар олардың тиісті құқықтық қоғамдары арқылы реттеледі.

2.19-кесте. Адвокаттық тәртіптік органдар

Юрисдикция	Нормативтік орган
ААТ	• ААТ Заң Қоғамы актісі www.actlawsociety.asn.au
Жаңа Оңтүстік Уэльс	• Заң қызметтері комиссары www.lawlink.nsw.gov.au/olsc
Солтүстік территория	• Солтүстік территория Заң Қоғамы www.lawsocietynt.asn.au
Квинсленд	• Заң қызметтері комиссиясы www.lsc.qld.gov.au
Оңтүстік Аустралия	• Заңгер практиктер жүргізетін кеңес www.legalcomplaints.com.au
Тасмания	• адвокатура кеңесі www.lpbt.com.au

Юрисдикция	Нормативтік орган
Виктория	<ul style="list-style-type: none"> • Заң қызметтері кеңесі www.lsb.vic.gov.au • Заң қызметтері комиссары www.lsc.vic.gov.au
Батыс Аустралия	<ul style="list-style-type: none"> • Құқықтық практика кеңесі www.lpbwa.org.au

2.20-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Өзіңіздің штатыңыз немесе территорияңыздың реттеуші органының веб-сайтына кіріңіз. Адвокат туралы шағым тіркеу процесі қандай?

Басқа сот қызметкерлері

Басқа сот қызметкерлеріне тіркеуші, шериф, сот орындаушылары, сот тілшілері мен судья серіктері жатады.

Тіркеуші – сот тіркеуін басқаруға жауапты қызметкер. Тізбе күнге дейін сот файлдары мен есебін жүргізеді және құқық практиктерімен дауларды шешуге өздерінің атынан шағым берушілердің құжаттарын қабылдайды.

тіркеуші – сот тіркеуін немесе басқа штаттық кеңсені басқаруға жауапты қызметкер.

Шериф алқабилер мәселелерін өңдеу, қамауға санкция беру, талап арызға қызмет көрсету және басқару, сот талқылауы мен үкім шығару үшін сот алдына әкелген тұлғаларды дайындауды жүргізеді.

Сот орындаушысы сот талқылауы ұйымдасқан түрде өтуіне жауапты қызметкер. Оның басқа міндеттері алқабилер қажеттіліктері мен алқабилер алқасы және куәлардың антына қатысу және ресми сотты ашу, жабуды қамтиды.

Сот тілшісі әдетте, компьютерде немесе аудио жабдықта сот талқылауы жазбасын сөзбе сөз жазады.

Судья көмекшісі – әкімшілік жұмыс пен құқықтық зерттеулер жөнінде судьяға көмектесетін судьяның жеке көмекшісі.

шериф – алқабилер мәселелерін өңдеу, қамауға санкция беру, талап арызға қызмет көрсету және басқару, сот талқылауы мен үкім шығару үшін сот алдына әкелген тұлғаларды өңдеуді жүргізуге жауапты сот қызметкері.

сот орындаушысы – сот талқылауы ұйымдасқан түрде өтуіне жауапты қызметкер.

сот тілшісі – сот талқылауын жазуға жауапты сот қызметкері.

судья көмекшісі – судьяның әкімшілік және ғылыми көмекшісі ретінде қызмет ететін, жақында оқу бітірген құқық университетінің түлегі.

Азаматтық және қылмыстық істердің жүргізілуі

Келесі тараушада сот талқылауын қоса алғанда, азаматтық талап-арыздар мен қылмыстық тергеу процестеріне сипаттама беріледі.

Бастапқы пункт

Азаматтық даудың бастапқы нүктесі – соттасуға талапкердің шешім қабылдауы. Біреуді сотқа беру арыз беруші талапкер үшін де, құқықтық жауапқа тартылатын жауапкер үшін де қиын тәжірибе. Сотқа шағым түсірмес бұрын адам бірқатар факторларды ойластырған жөн.

- *дәлелдер*: олар сол тараптың мәлімдемесін дәлелдеуге қабілетті бола ма? Егер сотта жеңіп шығу ықтималдығы өте төмен болса, онда сотқа бармау ең дұрыс шешім болуы мүмкін. Егер сотта жеңу (табысқа жету) ықтималдығы әбден мүмкін немесе тіпті, теңдестірілген болса, онда олар сәтсіз нәтижеге және одан әрі өтініштердің құны қымбатқа түсу қажеттілігі мүмкіндігіне дайын болуы тиіс.
- *құны*: шағым шығындары сот деңгейі мен істің күрделілігіне байланысты, өте жоғары болуы мүмкін.
- *уақыт*: сот істерін жүргізуде әдетте кешіктіру кездеседі. Кейде Жоғарғы соттарда күрделі мәселелерді аяқтау үшін, бір ай, кейде жылдар кетуі мүмкін.
- *стресс*: сот талқылауының жеке адамға әсері өте зиянды болуы мүмкін. кәсіпкерлік пен жеке қарым-қатынастарға елеулі нұқсан келуі, тіпті бұзылуы мүмкін.

Сотқа бару тек соңғы шара ретінде пайдаланылуы тиіс және дауларды шешудің баламалы әдістері (төменде қараңыз) сот талқылауы басталар алдында зерттелуі тиіс. Алайда, егер бір немесе екі тараптың екеуі де ынтымақтастықтан бас тартса, сот талқылауы сөзсіз болуы мүмкін. Егер адам сотқа баруға бел байласа, олар қорғаушымен кездесіп, ресми құқықтық кеңес алуы тиіс. Қорғаушы сотқа берілетін адамға ресми сұраныс, **талап хат** береді, егер бұған келіспесе, сот талқылауы басталады.

талап хат – белгіленген уақытта берешек қарызды төлеуді немесе қойылған міндеттеменің орындалуын талап ететін хат.

Қылмыстық істердің бастапқы нүктесі – қылмыс жасады деп айыпталған адамды қамауға алу. Егер айыпталушы қылмыс үстінде немесе тұтқындалудан құтылып кетуге тырысқан кезінде ұсталғанда, олар тұтқынға алынады. Айыппұл төлемеу сияқты ұсақ қылмыстық істерде қамауға алу аз ықтимал және айыпталушыға жай ғана айып тағылады.

Егер айыпталушы қамауға алынса және қамауда жатқан болса, онда оларға кепілдікті қолдану құқығы берілуі мүмкін. Бұл жағдайда судья (кейбір жағдайларда полиция бөлімшесіндегі жауапты қызметкер) айыпталушыны күзетте ұстаудан босатуға келіседі. Айыпталушының сотқа келуін қамтамасыз ету үшін облигация немесе кепілгерлік төлеуге және жеке куәлігін тапсыруға міндетті болуы мүмкін. Егер айыпталушы кепілдік бермесе, олар сот басталғанға дейін қамауда болады.

2.21-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Өзіңіздің штатыңыз немесе территорияңыздағы жергілікті соттың веб-сайтына кіріңіз. Сотқа беру туралы қандай ақпарат қамтылады?

Сот талқылауын бастау

Азаматтық сот істері **талап арызды** жариялаудан басталады сот шақыру немесе бұйрық ретінде белгілі. Бұл талапкердің өзінің талабының мазмұнын баяндайтын құжат болып табылады. Талап арыздың көшірмесі тиісті сотта тігіледі, осылайша сотқа хабарлай отырып, заңды іс-шаралар басталады. Талап арыздың тағы бір көшірмесі оларды сот талқылауының нысанасы екендігінен хабардар ететін жауапкерге беріледі.

Қызмет жай талап арызды жіберуден әлдеқайда көп нәрсені қамтиды. Соттың сайып келгенде, сотталушы құжаттың көшірмесін алғандығына шын мәнінде көз жеткізуі керек. Қызмет – қызметтің осындай жолмен кейінірек сотқа дәлелденуі мүмкін құжаттың көшірмесін жауапкерге жеткізудің ресми процесі.

талап арыз – талапкердің азаматтық іс қозғайтын талап қоюшының талаптарын белгілейтін құжат
қызмет – құжатты немесе хабарламаны ресми жеткізу.

Жауапкер қорғаныс дайындау және жасау арқылы талап арызға жауап береді. Егер осы мәселелерді қамтыған болса, қорғаныс көшірмесі талапкерге жеткізіледі және басқа көшірмесі сотқа беріледі. Сондай-ақ, сотталушы талап қоюшы тарапына кейбір айып тағуы мүмкін. Мұндай жағдайда олар қарсы талап арызды дайындайды және сотқа береді.

Адамға сот талқылауында тиісті жауап беріледі.

Екінші жағынан, айыпталушы адам арнайы құқық бұзушылықпен немесе бірнеше құқық бұзушылықпен айыпталғанда, қылмыстық істер сот талқылауы ресми басталады. Жауапкер, енді айыпталушы әрбір құқық бұзушылық үшін «кінәлі» немесе «кінәлі емес» екенін жеткізеді. Егер жауапкер «кінәлі емес» екенін жеткізсе, тиісті сот құқық бұзушылыққа кінәлі екендігін анықтауды қарастырады. Егер жауапкер «кінәлі» екенін жеткізсе және солай болса, сот жазалауды қарастырады.

Азаматтық істер сотында Прокуратура директоры атынан адвокат – прокурор деп аталатын Монархты ұсынады.

Егер жауапкердің қорғаныс файлы (дәлелдері) сәтсіз болса, талапкер сотқа жүгінеді және әдепкі үкімге ұмтылады және талапкер автоматты түрде әдепкі сот процесінде жеңеді.

2.22-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Өзіңіздің штатыңыз немесе территорияңыздағы прокурордың директоры кім?

Сотқа дейін

Істі сот талқылауына дайындау кезінде, әр тарап басқа тараптың не айтуды және істеуді жоспарлап жатқанын білуге құқылы. Әр тарап екінші тарапқа сұрақтар қоюға құқылы. Әрбір тарап екінші тарапқа алдын ала басқа тараптың антқа жауап беруі керектігін білдіретін **сауалнама** ретінде белгілі сұрақтар қоюға құқылы. Әрбір тарап **табу** ретінде белгілі процес, екінші тараптың иелігіндегі тиісті құжаттардың көшірмелерін алуға құқылы.

Тараптар сондай-ақ, соттан **аралық бұйрықтар** беруді сұрауға құқылы. Мұндай тәртіпке сот бір тарап екінші тараптың сауалнама немесе табу процесімен келіспегенде жүгінуі мүмкін. Немесе соттан белгілі бір жағдайда, мысалы, сот аяқталғанша мүлікті сату немесе елден кету сияқты тараптардың әрекетін тежейтін **аралық нұсқама** беру сұралуы мүмкін.

Сот талқылауын жүргізуге барлық қажетті ақпаратты алған соң, әр тарап сот талқылауына кірісуге, өз ісін ұсынуға **дайын болу куәлігін** береді. Осы кезде іс қаралатын күн белгіленеді.

Азаматтық істердің көпшілігі осы сотқа дейінгі процесс кезінде шешіледі. Істі **алдын ала тыңдау конференциясы** көбінесе сот талқылауы басталғанға дейін тараптарды дауды сотқа қоюға реттеуге көмектесу үшін өткізіледі.

Қылмыстық дауларда дауды тез шешу үшін прокурор сотталушыны бастапқыда тағылған айыпқа қарағанда азырақ құқық бұзушылық кінәсін мойындауға көндіруге тырысуы мүмкін. Бұл процесс **процессуалдық келісім** ретінде белгілі.

Егер сотталушыға ауыр қылмыс жасады деген айып тағылса, нақты сотқа дейін алдын ала сот ісін тыңдау өткізіледі. Істі тыңдау Магистрат/жергілікті сотта өтеді және прокуратура талқылауы істің толық сот талқылауына анық жеткілікті екендігін анықтайды. Егер магистрат прокуратура ісі жеткілікті көз жеткізерлік болмаса, іс тоқтатылады және жауапкер қамаудан босатылады.

сауалнама – соттан бұрын бір тараптың екінші тараптың ант жауап беруге тиіс екендігін білдіруге бағытталған сұрақтар.

табу – соттағы бір тараптың екінші тараптың иелігіндегі құжаттардың көшірмелерін алу процесі.

аралық бұйрықтар – соттан бұрын бір тараптың екінші тараптың сауалнама немесе табу процесіне келіспегенде жүгінетін сот процесі.

аралық нұсқама – соттан белгілі бір жағдайда, мысалы, сот аяқталғанша мүлікті сату немесе елден кету сияқты тараптардың әрекетін тежейтін сот бұйрығы.


дайын болу қуәлігі – дау тараптарының сот талқылауына кірісуге дайын екендігін ресми мәлімдеуі.

алдын ала тыңдау конференциясы – соттан бұрын тараптарды дауды сотқа қоюға реттеуге көмектесу үшін өткізілетін тараптардың кездесуі.

процессуалдық келісім – қылмыстық дауларда дауды тез шешу үшін прокурор сотталушыны бастапқыда тағылған айыпқа қарағанда жеңіл құқық бұзушылық кінәсін мойындауға көндіруге тырысуы.

Сот процесі

Сот процесі туралы қысқаша ақпарат 2.8-суретте баяндалады.



2.8-сурет. Сот процесі

Сот процесінде тараптардың бірінің мәлімдеме жасады ма, жоқ па деген сияқты белгілі бір фактілер бойынша тараптар келісімге келмесе, бұл **іс фактілері** деп аталады. Талапкер немесе Монарх үшін жауапкерге қарсы табысты әрекет сол, олардың басты іс фактілерінің нұсқасы шындықты дәлелдеуге тиіс. Бұл талап **дәлелдеу маңыздылығы** (салмағы) ретінде белгілі. Олардың іс фактілерінің нұсқасы шындықты дәлелдеудің ең төменгі дәрежесі **дәлелдеу стандарты** ретінде белгілі, дәлелдеудің заңды маңыздылығын қанағаттандыру мақсатында дәлелденуі тиіс.

Азаматтық сот істерінде сотты талапкер тарапы бастайды, ал қылмыстық істер сотын салмақты дәлелдеуі бар Монарх бастайды.

Талапкер немесе Монархтың фактілер нұсқасы шындықты дәлелдей алмаса, онда олардың жауапкерге қарсы заңды әрекеті сәтсіз болады. Алайда, жауапкер нақты мәселелер көтерсе, оларды дәлелдеу салмағы оларға ауысатынын ескеріңіз.

Азаматтық істер сотында – дәлелдеу стандарты ықтималдық тепе-теңдігінде. Бұл фактілерді талапкердің дәлелдер нұсқасының шындығы дәлелденбегенге қарағанда неғұрлым ықтимал екенін сот табуға тиіс дегенді білдіреді. Қылмыстық істер сотында дәлелдеу стандарты ақылға қонымды күмән туғызбайды. Сот Монархтың фактілер нұсқасы шындығының дәлелденетініне өте жоғары ықтималдық бар екенін және іс жүзінде айыпталушының кінәсіз болуымен сәйкес оқиғалардың ақылға қонымды түсініктемесі жоқ екенін табуға тиіс. Дәлелдеудің қылмыстық стандарты азаматтық істерді дәлелдеу стандартынан әлдеқайда жоғары.

іс фактілері – сот процесінде тараптардың дауласу фактісі.

дәлелдеу маңыздылығы – өз тарапының дәлелдемелерін анықтауға жеткілікті куәлік жасау үшін тараптардың бірінің міндеттемесі.

дәлелдеу стандарты – азаматтық істер сотында немесе қылмыстық істер сотында талап етілетін талапкердің немесе Монархтың жауапкершіліктен босату үшін талап етілетін дәлелдеу маңыздылығының көлемі.

Куәлік

Сот – шын мәнінде әрбір тарап адвокатының өз клиентінің ісін қолдауда ұсынған дәлелдер сериясы. Әрбір адвокат кіріспе мәлімдемесін жасаудан, содан кейін клиентінің мәселе фактілері нұсқасын қолдау үшін куәлік ұсынудан бастайды. Куәліктің көптеген түрлері бар.

- **Айғақ** соттағы ауызша мәлімдеме/лер. Жалпы ереже ретінде, айғақтар куәгердің нақты физикалық қабылдауы немесе бақылаулары туралы (арқылы) болуы тиіс. Тек шектеулі жағдайларда ғана куәгерге пікірді мәлімдеу немесе негізгі фактілерден қорытынды жасауға рұқсат етіледі.
- Құжатқа қол қойған немесе қандай да бір басқа жолмен оны қабылдаған адамның сөздері дұрыс болғандықтан, дәлелдемелерге құжаттың қабылдануы мүмкін. Әдетте құжаттың мазмұны куәгер берген айғақтарда тіркеледі.
- **Нақты дәлел** соттан анықтауды сұрайтын объектілерден тұрады. Әдетте нақты дәлелдемелер объектісі сот алдына куәгер берген айғақтарда анықталғаннан кейін қойылады. Сондай-ақ, тікелей және жанама дәлелдемелер арасында айырмашылық бар.
- **Тікелей дәлелдеме** істің кез келген фактісі туралы көзбен көргендердің (көз айғақ) есебінен тұрады. Сондай-ақ, бұл пікірге рұқсат етілетін жағдайларда куәгердің пікірін қамтуы мүмкін.
- **Жанама дәлелдеме** (немесе жанама дәлел) істегі фактілер дәлелдемесі емес, соттың істегі факті дәлелдемесін қорытындылауы мүмкін басқа фактілердің дәлелдемесі. Ерте ме, кеш пе жанама дәлелдемелерден тұратын іс сотқа фактілердің бар екендігіне қорытынды жасауға рұқсат беретін жеткілікті дәлелдемеге айналады.

Дәлелдемені қабылдау оның өзектілігі, ыңғайлылығы мен салмағына байланысты болады (2.9-суретті қараңыз).


айғақ – соттағы куәгердің тұжырымы.

нақты дәлел – соттан анықтауды сұрайтын объектілер түріндегі дәлелдеме.

айғақтар – соттағы куәгердің тұжырымы.

тікелей дәлел – сот алдындағы істің кез келген фактісі туралы көзбен көргендердің есебі.

жанама дәлелдеме – іс фактілерінің дәлелдемесі емес, соттың істегі факті дәлелдемесін қорытындылауы мүмкін басқа фактілердің дәлелдемесі.



2.9-сурет. Дәлелдемені қабылдау

- *Үйлесімділігі, өзектілігі:* Жалпы ереже іс фактісіне қатысты барлық өзекті дәлелдемелер қабылданады және маңызы жоқ дәлелдемелер қабылданбайды. Дәлелдемелер заңының көпшілігі үйлесімділіктен тыс ережелерден тұрады, яғни біріне үйлесімді болатын кейбір дәлелдер өзге себептерден екіншісіне үйлесімсіз болады. Алайда ереженің екінші аспектісінде үйлесімділіктен тыс ережелер болмайды: дәлелі сәйкессіз болса, оны қабылдау мүмкін емес.
- *Жарамдылығы:* Қолданылуы мүмкін кез келген техникалық ережелерде нұқсан болмаса, сонда ғана дәлелдемелерге рұқсат етіледі. Осы оқулықта сипаттаудан тым көп техникалық ережелер саны бар.
- *Салмағы:* Бұл бір рет қабылданған дәлелдер, іс фактілері бойынша шешім қабылдағанда ескерілуі тиіс дәрежеге дейін болады. Дәлелдер салмағын бағалауда екі негізгі элемент қарастырылады.
 - (а) *Сенімділік* дәлелдемелерге сену керек пе деген мәселеге қатысты. Бұл айғақ беретін куәгердің адал болмауының кейбір себептері бар, өтірік айтуының себептері жоқ немесе жай ғана қателесу ықтималдығын бағалауды талап етеді.
 - (ә) *Дәлелдеу маңызы* іс фактілерінің қай нұсқасы шешім қабылдауда пайдалы болу дәрежесіне дейінгі ауқымы болып табылады.

Қарсы тұру жүйесінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – куәгердің айғақтары арқылы ауызша берілетін дәлелді жалпы талап ету. Жалпы ереже бойынша, тараптар мен олардың адвокаттары қай әлеуетті куәгерді шақыру және қайсысын шақырудан

бастартуды тандауға тура келеді. Егер нақты бір куәгер сотқа келгісі келмесе, құлықсыз болса, оларды сотқа қатысуға шақыру қағазы арқылы мәжбүрлейді. Шақыру қағазына мойынсұнбағаны үшін салынған айыппұл сотқа құрметсіздік жазасы болып есептеледі.

Тараптар мен оның адвокаттары сотқа өз ісін барынша жақсы ұсыну үшін әр тараптың куәгерлерін шақыру тәртібін шешеді.

Егер жауапкердің қорғаныс файлы сәтсіз болса, талапкер сотқа жүгінеді және әдепкі үкімге ұмтылады және талапкер автоматты түрде әдепкі сот процесінде женеді.

Тараптар мен олардың адвокаттары өз тарапының ісін ең жақсы жолмен ұсыну үшін әрбір тараптың куәгерлерін шақыру тәртібін шешеді.

Талапкердің/Монархтың куәгерлері бірінші шақырылады. Әрбір куәгерден үш кезеңде жауап алынады.

- 1 Бірінші кезең **негізгі жауап алу** деп аталады. Бұл талапкер адвокатының/прокурордың куәгерден жауап алуы. Адвокат куәгер ұсынған тиісті дәлелдемелерге мұқият назар аударады. Алайда, адвокатқа жауапты ұсынатын немесе болжайтын жетекші сұрақтар қоюға жол берілмейді. Мысалы, адвокат «Сіз қайда тұрасыз?» деп сұрай алады, бірақ: «Сіз Брисбенде тұрасыз ба?» деп сұрауға болмайды.
- 2 Екінші кезең **қима (кросс) жауап алу** деп аталады. Сотталушының адвокатынан талап етіледі, олардың талаптарына күмән келтіреді және жиі сенімді куәгер деген олардың сенімділігіне күмән туғызуға ұмтылады.
- 3 Үшінші кезең **қайта жауап алу** деп аталады. Бұл талапкердің адвокаты/прокурордың қима (кросс) жауап алудан кейін куәгердің дәлелдемелерін нақтылауға мүмкіндігі болуы. Үшінші кезең жанама, қосымша кезең және қажет болмауы мүмкін.

Талапкердің/Монархтың барлық куәгерлері айғақтар бергеннен кейін жауапкердің куәгерлері шақырылады. Олардың әрқайсысы осы үш саты процесінен өтеді. Жауапкердің адвокаты куәгерден негізгі жауап алады, талапкердің адвокаты/прокурор куәгерден қима жауап алады, жауапкердің адвокаты қайта жауап алады.

Сот талапкер адвокатының/прокурордың және айыпталушы адвокатының қорытынды мәлімдемесімен аяқталады.

сотқа шақыру – біреуді куәгер ретінде немесе құжат жасау үшін сотқа шақыратын соттың бұйрығы.

сотты құрметтемеу – соттың қаулысын немесе судьяның нұсқауын орындамау.

негізгі жауап алу – дәлелдемелер жасау үшін тарап шақырған куәгерден алғашқы жауап алу.

жетек(ші сұрақ) – жауапты ұсынатын немесе болжайтын сұрақ.

қима (кросс) жауап алу – сот кезінде куәгерден басқа тарап адвокатының жауап алуы.

қайта жауап алу – негізгі жауап алуды жүргізетін адвокаттың қима (кросс) жауап алудан кейін куәгердің дәлелдемелерін нақтылау мүмкіндігі болуы.

Шешім шығару

Іс алқабилер алдында өтсе, судья алқабилерге дәлелдемелерді қорытындылайды. Сондай-ақ, судья алқабилерге сот ісіндегі олардың рөлін кез келген тиісті құқықтық мәселелерді, сондай-ақ, дәлелдеу стандартын түсіндіреді. Алқабилер содан кейін шешім қабылдауға кетеді.

Егер алқабилер болмаса, судья әрбір адвокаттың аргументтерінің қорытындысы бойынша шешім қабылдайды. Бірақ судья істі қарауға байланысты шешім шығаруды біраз уақыт кейінге қалдырады.

Азаматтық сотта егер талапкер жеңсе, сот оларға өтемақы (компенсациялар), келтірілген зиянға, нұсқама немесе нақты орындалатын нәрселерге қаулы етуі мүмкін.

(Бұл қаражаттар кейінгі тарауларда толығырақ қарастырылады). Берілуі мүмкін өтемақының (компенсациялар) мөлшері белгілі бір дәрежеде талапкердің талап арызында көздеген өтемақы мөлшеріне байланысты.

Қылмыстық істер сотында егер Монарх сотта жеңсе, айыпталушыға тиісті жаза беруге шешім, үкім шығарады. Жаза, айыппұл, қауымдастық қызмет тәртібі, мүлікті тәркілеу, бас бостандығынан айыру немесе жазаның басқа да кейбір нысаны болуы мүмкін.

Азаматтық сотта әдетте сот шығындарын төлеуге сот үкім шығарады, яғни талапкер мен жауапкер өздерінің заңды шығындарын төлеуге тиіс пе немесе бір тарап екінші тарап үшін де сот шығынын төлеу керектігін шешеді. Көп жағдайларда, сотта жеңілген тарап екі жақтың заңды шығындарын төлеуге міндеттеледі.

залал – ақшалай өтемақы, азаматтық шығындарды қалпына келтірудің өтемақы түрі.

нұсқама – құқық ережелерін немесе басқа біреудің заңды құқықтарын бұзатын нақты мінез-құлықпен айналысуға тыйым салатын сот қаулысы.

нақты орындалатын нәрсе – тарапқа өздерінің шарт міндеттемелерін орындауға бағытталатын сот қаулысы.

сот шығындарын төлеу – әр тарап өзінің құқықтық шығындарын төлеуге тиіс пе немесе бір тарап екінші тарап үшін де төлеу керектігін анықтайтын сот қаулысы.

Апелляция

Егер тарапты соттың қорытындысы қанағаттандырмаса, олар сот иерархиясында Жоғарғы сотқа сот шешіміне шағым түсіруі мүмкін. Көп жағдайларда, шын мәнінде апелляциялық сот факті туралы жауап алудан гөрі қайта жауап алумен шектеледі. Апелляцияға шағым беретін тарап **апелляциялық шағым беруші (арызданушы)** деп аталады, ал екінші тарап **жауапкер** деп аталады.

Жоғарғы сот төменгі соттың бұрынғы шешімімен келіскен жағдайда, төменгі сот шешімін күшінде қалдырады деуге болады, оны төменгі соттың шешімін **күшінде қалдыру** деп атайды. Егер Жоғарғы сот бұрынғы шешіммен келіспесе, басқа тараптың пайдасына жаңа **үкім** шығарады, бұл төменгі соттың **шешімін жою** деп аталады.

Әдетте, арыздарды (апелляцияны) бірнеше судья тыңдайды.

Кейде екі немесе одан да көп судьялар **бірлескен үкім** шығару үшін бірге жұмыс істей алады, бірақ әр судья әдетте, өз жеке үкімін шығарады. Егер барлық судьялар ұқсас дәлелдер арқылы бір шешімге келсе, олар бірауыздан қабылданған шешім деп аталады, егер судьялар шешімі әртүрлі болып бөлінсе, **көпшілік дауыспен шығарылған шешім** деп және азшылықтың шешімі азшылық дауыспен қабылданған шешім немесе ерекше сот шешімі деп аталады.

(Әдетте сотта істі тақ санды судьялар тыңдайды, сондықтан тең бөлінген сот өте сирек болады.)

апелляциялық шағым беруші (арызданушы) – соттың шешіміне шағым беретін (бірақ әрдайым олай емес), бастапқы сот процесінде жеңілген тұлға.

жауапкер – сот шешімімен сотта жеңген тұлға (бірақ әрдайым олай емес), бастапқы сот процесінде жеңген тұлға.

күшінде қалдыру – Жоғарғы сот растаған немесе келіскен төменгі сот қаулысының сипаттамасы.

шешімді жою – Жоғарғы сот келіспеген төменгі сот қаулысының сипаттамасы.

үкім – сот қорытындыларына қатысты судьяның шешімі.

бірлескен үкім – екі немесе одан да көп судьялар бірге шығарған шешім.

көпшілік дауыспен шығарылған шешім – төрағалық ететін судьялардың жартысынан астамы келіскен сот қорытындыларына қатысты шешім.

азшылық дауыспен қабылданған шешім – төрағалық ететін судьялардың жартысынан азы келіскен сот қорытындыларына қатысты шешім. Сондай-ақ, «ерекше сот шешімі» ретінде белгілі.

stare decisis («**шешім шығарған нәрселерде тұру**») – құқық мәселелерін шешкенде сот иерархиясындағы Жоғарғы соттардың бұрынғы қабылдаған шешімдерімен үйлесімді, дәйекті етуі керек деген принцип. Сондай-ақ, «прецедент доктринасы» ретінде де белгілі.

2.23-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Судьялардың бірауыздан бірлескен үкім шығаруға мәжбүрленуі тиіс пе? Неге тиіс? Неге тиіс емес?

Прецедент доктринасы

Дауларды шешкенде судьялар Парламент қабылдаған заңды түсіндіру және қолданудан да көбірек жұмыс атқарады. Әр уақытта олар судьялар жасаған заңнаманың дамуына үлес қосатын іс немесе жалпы құқық ретінде белгілі заң ережелерін білдіреді.

Судьялар заң шығару құзіретіне ие ме?

Бұрын түсіндірілген билікті бөлу доктринасына сәйкес, тек заң шығарушы ғана заң жасайды. Сот өкілеттілігінің рөлі заң шығарушы жасаған заңды түсіндіру және оны тиісті жағдайларда қолданумен шектеледі. Алайда, іс жүзінде, судьялар жиі тиісті заңнама жоқ құқық мәселелеріне тап болады. Судьялар, мұндай жағдайларда не істеу керек? Олар жай ғана өздерінің көрегендігін, саналылығын пайдалана ма? Егер әрбір судья кез келген тәсілмен лайықты деген құқықтық мәселелерді еркін шешкен болса, онда заң дамымайтын еді немесе кез келген үйлесімдісі (консистенциясы) қолданылатын еді. Іс құқығында үйлесімділік дәрежесіне қол жеткізудің аса маңызды тетіктерінің бірі – кейде латын атауымен *Stare decisis* деп аталатын прецедент доктринасы. Басқаша айтқанда, доктрина заң мәселесін шешуге тиіс және бұрын сотта әлдеқашан мәселенің қаралғандығын білетін судья бұрын жасалған тәсілмен құқық мәселелерін шешу қажеттілігін талап етеді. Сондай-ақ, үйлесімділікті қамтамасыз ету сияқты, бұл тәжірибе салыстырмалы түрде заңды болжамды етеді. Ол ұқсас жағдайларда ұқсас шешімдер жасалуын және ұқсас проблемалар ұқсас нәтижелерге ие болуы тиіс екенін талап ететін әділдік пен әділет ұғымына негізделеді.

Мысалы, Джонни қомақты қарыз ақшаны өндіріп алу мақсатында Кейтке қарсы азаматтық іс қозғады делік. Кейттің адвокаты Кейт Джонниге қарыз ақшаны қайтаруға міндетті емес, өйткені Джонни қарызды (кешіруге) бас тартуға ауызша уәде берді-міс дейді. Джоннидің адвокаты қарызды кешіру уәдесі заңды түрде бекітілмеген, Кейт Джонниге қайтарымға ештеңе бермегендіктен, Джонни уәдесін бұза алады және Кейт бұған ештеңе істей алмайды деп дау айтады. Бұл жерде мынадай құқық мәселесі туындайды, егер уәденің орнына ештеңе берілмесе, қарызды кешіру уәдесі заңды түрде бекітілген бе? Бұл сұраққа жауап беретін заңнама жоқ, сондықтан судья бұрын мұндай мәселені басқа судьялардың қалай шешкенін қарастырады (Сіз жауаптың жоқ екенін 5 тараудан білесіз).

Прецедент

Құқық мәселесі туралы бұрынғы судьяның шешімі «прецедент» деп аталады. Тек жоғары және аралық соттар ғана байластыру (міндеттейтін) прецеденттер құра алады. Төменгі соттардың шешімдері байластыру прецеденті емес.

Байластыру (міндеттейтін) және нанымды прецедент

Прецедент доктринасы судьялардың барлық жерде, барлық судьялардың бұрын қабылдаған шешімдерінен хабардар болуын талап етпейді. Доктрина оған қарағанда сәл артығырақ дәлдікте болады және байластыру мен нанымды прецедент арасындағы айырмашылықты ажыратады.

Байластыру прецеденті судья ұстануға тиіс құқық мәселесі туралы бұрынғы қабылданған шешім.

Судья сол сот иерархиясындағы Жоғарғы сот судьялары қабылдаған шешімдерді орындауға ғана міндетті. Бұл мысалы, Виктория аудандық сотының судьясы Виктория Жоғарғы Сотының жасаған шешімін ұстануға міндетті, бірақ олар Виктория Магистрат соты шығарған шешімді немесе Жаңа Оңтүстік Уэльс Жоғарғы соты жасаған шешімді ұстануға міндетті емес дегенді білдіреді. Барлық Аустралия судьялары Аустралия Жоғарғы сот қабылдаған шешімдерді орындауға бағынады.

Соттар, әдетте, өздері қабылдаған шешімдерін ұстануға міндетті емес. Ерекше жағдай, егер бұрынғы шешімді Толық сот шығарса және қазіргі істі сол соттың бір судьясы тыңдаса, бір судья бұрынғы қабылданған шешімді ұстануға міндетті. Толық Сот ол Толық Сот немесе жалғыз судья болсын, сол соттың бұрынғы қабылдаған шешімін ұстануға міндетті емес және бір судья сол соттың бір судьясы бұрын қабылдаған шешімді ұстануға міндетті емес. Іс жүзінде, консистенция мен әділдік үшін, әдетте, сот осы соттың бұрынғы қабылдаған шешімдерін ұстануды жөн көреді.

байластыру прецеденті – судья ұстануға тиіс құқық мәселесі туралы бұрынғы қабылданған шешім.

бұрын қабылданған сот шешімі – судья ұстануға міндетті емес, бірақ соған қарамастан ұстанатын құқық мәселесі туралы бұрынғы қабылданған шешім.

Бұрын қабылданған сот шешімі – судьяның орындауы мүмкін құқық мәселесі туралы бұрынғы шешімі, бірақ ұстану міндетті емес. Кейбір прецеденттер басқаларына қарағанда көбірек дәлелді болады. Прецедент сот мәртебесі, судьяның құқықтық жүйесі мен басқа да құқықтық жүйе арасындағы ұқсастықтар дәрежесіне байланысты. Мысалы, Виктория аудандық сотының судьясы Жаңа Оңтүстік Уэльс Жоғарғы Сотының прецедентін ұстануға міндетті емес, бірақ Жаңа Оңтүстік Уэльс және Виктория құқықтық жүйелері ұқсас болғандықтан, Жаңа Оңтүстік Уэльс Жоғарғы Сотының прецедентінің дәрежесі жоғарғы. Сондай-ақ, Аустралия мен Ұлыбритания құқықтық жүйелері өте ұқсас, демек, Ұлыбритания Жоғарғы соты шешімін ұстануға болады. Аустралия мен АҚШ құқықтық жүйелерінің арасында аз ұқсастық бар, яғни, АҚШ соттары прецедентін ұстану міндетті емес. Аустралия мен Қытай құқықтық жүйесі арасындағы ұқсастықтар өте аз, соған орай, Қытай соттары прецедентін ұстану да міндетті емес.

Толық соттың шешімі бір судьяның шешімінен көбірек дәлелді. Бірлескен сот шешімінің дәрежесі жеке сот шешімінен әлдеқайда жоғарғы, беделді, көпшілік сот шешімі ерекше сот шешіміне қарағанда көбірек беделді көрінеді және бірауыздан қабылданған сот шешімі ең дәйекті прецедент.

Ескерту!

Прецедент доктринасы судьяны барлық судьялардың бұрын қабылдаған шешімдерін ұстануға емес, тек сол соттың иерархиясындағы жоғары судьяларының бұрынғы қабылдаған шешімдерін ұстануға міндеттейді. Беделді, мәртебесі жоғары болуы мүмкін болғанмен, басқа судьялардың шешімдері міндеттелмейді.

2.24-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Мынадай прецеденттердің әрқайсысын қарастырыңыз. Олардың әрқайсысы Жаңа Оңтүстік Уэльс аудандық сотының судьясына міндеттелетін сот шешімінің беделді, мәртебесі жоғары немесе мәртебесі төмен, сенімділігі аз екендігін шешіңіз.

1. Оңтүстік Аустралия Жоғарғы соты шығарған шешім;
 2. Жоғарғы Сот жасаған шешім;
 3. Британдық Лордтар палатасы жасаған шешім;
 4. АҚШ-тың Жоғарғы соты шығарған шешім;
 5. Жаңа Оңтүстік Уэльс аудандық соты шығарған шешім;
 6. Аустралия Жоғарғы соты қабылдаған шешім;
 7. Жаңа Оңтүстік Уэльс жергілікті соты шығарған шешім.
-

Ажыратылымды және бас тарту прецеденті

Алдыңғы істің материалдық фактілері бірдей немесе сот алдындағы істің материалдық фактілеріне ұқсас болған жағдайда ғана судья құқық мәселесі туралы алдыңғы шешімді ұстануға міндетті. Бұл әрине, дәл осындай жағдай екінші рет орын алуы өте екіталай болғандықтан және мәселе осы іс пен алдыңғы істің арасындағы айырмашылықтар прецеденттен ауытқуды ақтайтындай жеткілікті маңызды болуында. Егер судья бұл прецеденттен ауытқу тиіс деп шешсе, бұл **ажыратылымды** прецедент ретінде белгілі.

Белгілі бір сот талқылауы барысында, әр тарап өздерінің дәлелдерін міндеттейтін немесе нанымды прецедент ретінде ұсынуы ең дұрыс ұстаным болады және екінші тарапты қорғайтын прецеденттер анықталуы тиіс.

Мысалы, төленбеген қарызды өндіріп алу туралы талап қоятын Джоннидің Кейтке арыздануы туралы алдыңғы мысалды қарасақ, Кейттің адвокаты сот егер тіпті, қарызды кешіру үшін уәденің орнына ештеңе берілмесе де, уәде берген адам ештеңеге қарамастан уәдесінде тұруы керек деген бұрынғы Жоғарғы сот шешіміне сілтеме жасауы мүмкін. Алайда, Джоннидің адвокаты алдыңғы істегі уәдеге сүйенді және осылайша, ақшаның оңай қайтарылуы мүмкін емес болатындай пайдаланылғанын көрсетеді. Қазіргі істе Кейтте Джонниге қайтарылмаған ақша әлі бар. Судья Джоннидің ісі мен алдыңғы істің материалдық фактілері арасындағы айырмашылықтарға сүйенеді, судья бұдан былай прецедентті ұстануға міндетті емес және басқаша шешім қабылдауға ерікті.

Жалпы құқықты дамытуға және өзгертуге мүмкіндік беретін прецедентті ажырату судьяның қабілеті болып табылады. Қазіргі заманғы соттарға тиімді құқықтық ережелерді кең ауқымды жағдайларға қолдануға болады, бұдан былай заманауи жағдайларға үйлеспейтін құқықтық ережелердің нақты жағдайларда ажырату практикасын қатаң қолдану арқылы шектелуі мүмкін.

Сондай-ақ, судьялардың егер тиісті сот иерархиясындағы сондай немесе төменгі деңгейдегі соттар белгілеген прецедент болса, құқық мәселелері туралы бұрын қабылданған шешімдерді ұстанбауға, бас тартуға немесе **қабылдамауға** мүмкіндігі бар. Егер бұрынғы сот шешімдері, бәлкім, одан кейінгі сот пайымдауымен келіспегендіктен қабылданбаса, бұрынғы шешім нақты дау тараптары үшін міндетті болып табылады, бірақ басқа соттарға міндетті болып есептелетін бұрынғы шешім бұдан былай прецедент емес.

ажыратылымды – бұрынғы іс құрған прецедентті ұстанатын бас тартуды негіздеу үшін алдыңғы іс пен қазіргі істің материалдық фактілері арасындағы айырмашылықтарға назар аудару.

кабылдамау – соттың басқа сот құрған прецедентті ұстанудан бас тартуы немесе «прецеденттен бас тарту» ретінде белгілі.



Заң аясында: ЮРИСПРУДЕНЦИЯ ЖӘНЕ САЯСАТ

Сот қызметі

Егер тиісті заңнама мен ешқандай тиісті прецедент жоқ болса, не болар еді? Онда судья құқық мәселелерін қалай шешеді? Олар жаңа құқықтық ереже жасай ма? Дәстүр бойынша, судьялар заңнама жасамағанын алға тартты, олар жай ғана нақты жағдайларда қолданыстағы заңды қолданды және білдірді. Судьялардан олар тиісті заңдар немесе прецедент болмағанда қай заңды қолданғанын сұрағанда, олар құқықты анықтауда қоғамдастыққа және өзінің іс-тәжірибесі мен дәстүрлеріне қарағанын түсіндірер еді. Басқаша айтқанда, судьялар жай ғана оны анықтады және қолданды.

Қазіргі заманғы судьялар көптеген жағдайларда, Жоғарғы соттарда судьялар заң жасайтынын мойындау неғұрлым ықтимал. Тиісті заңнамалар немесе прецеденттер болмаған жағдайда судьялар жаңа заң ережесін жасайды. Тіпті, жай ғана нақты құқықтық ережені түсіндіру үшін немесе прецедент белгілеген заңды нормаларды жаңа жағдайға қолданудың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған кезде, судьялар қоғамдастық шеңберіндегі заңнаманың дамуына ықпал етеді. О’Туленің Чарльз Дэвидке (1991) 267 171 ЖШС 232) қарсы талап арызында Бреннан Дж. мәлімдегендей:

Қазіргі уақытта судьялардың жай ғана заңды жариялайтынын ешкім мойындамайды (қабылдамайды), өздерінің құзыреті аясында және заң шығару субъектісінде судьялар заңнама жасайтынын біледі. Өздерінің нақты бір шектеуінде, қазіргі заман жағдайында, қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес, әділеттіліктің тиімді құралын жасауға ұмтылады. Сондықтан заңнамалар, әсіресе, жоғарғы апелляциялық сот судьялары қабылдаған шешім арқылы өзгертіледі.

Алайда, қазіргі заманғы кейбір соттар тым алысқа кетіп, **сот қызметі** деп аталатын нәрсемен айналысқаны мәлімделген болатын. Мысалы, Мабоның сот ісінде (1-тарауда сипатталған) Аустралия Жоғарғы соты британдық мекен болғанға дейін Аустралияны *Terra nullius* (бос жатқан жер) ретінде санаттауды қайта қалпына келтіріп, Аустралияның о баста атауы болғаны танылғанда, бұл қолданыстағы заңнама немесе белгіленген прецедент негізінде емес, ол халықаралық үрдістер мен қазіргі заманғы құндылықтар және әділет стандарттары қабылдаған негізде жасалды. Шешімнің көптеген сыншылары Жоғарғы Соты дұрыс жаңа заң жасаған жоқ, бұл демократиялық жолмен сайланған заң шығарушы тарапынан атқарылған жағдайда ғана үйлесімді болуы мүмкін заңнама деп мәлімдеді:

сот қызметі – сот немесе соттар жасаған айқын заң.

Заң қабылдау демократиялық тұрғыда алынған билік провинциясы, бұл саяси билік болып табылады және сол заң шығарушыларды оңай босату мүмкін емес деген ақылға сыймайтын болуы тиіс. Демек, философ корольдарға, қайраткерге, сайланбағандарға, ұсынылмағандарға, заң жасайтын судьяларға орын болмауы тиіс. Заң қабылдау даулы

мәселе, бірақ ол Парламентте ұзақ тұратындықтан, адамдар жеткілікті дәрежеде болма-са да, өз даусымен қорғалады.

Екінші жағынан, басқалар соттарды прецедент доктринасы мен белгіленген заң принциптері шектегенде, олар сонымен қатар, заңнаманың қазіргі заманғы стандарттар мен құндылықтарды көрсетуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады деп түсіндіріп, осындай сот шешімдерін қорғады:

Заңды қарсы реформалау жүргізілуде. Оны «сот қызметі» ретінде уақыт сыйлаған рөлінің күшін жоятын киберкеңістік ғасырына, геном мен жаһандық адам құқықтарына бейімдейтін және реттейтін судьялар жасайды. Бұл қарсы реформалаудың табысқа жетуіне рұқсат етілмеуі керек. Олай болса, біз Америка Құрама Штаттарында орын алған сияқты өзіміздің сот мыстанын аулау масқара инцидентімізді тоқтатуымыз керек. Балама ретінде, әділетті қорғауда заңды шығармашылық рөлін жоққа шығаратын инертті сотты қалайтын дар халықтан саяси тартыс төндіруді болдырмайтындай етіп, олардың қызметтерін орындауда адалдықтан ауытқуды мәжбүрлеуге тырысуда біз судьяларды қорлауды көре аламыз.

Сот мінбесінен өз саяси идеяларын жүргізетін, толық механикалық та емес, шамадан тыс шығармашыл да емес судьялар спектрі арасында заң әрпіне қарамастан, қатал формалистер мадақтайтын, реалистікке жанаспайтын механизм, өз міндеттерін орындайтын нағыз судьялардың орнында отырып алдайтындар бар.

2.25-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сот қызметі туралы сіздің пікіріңіз қандай? Судьялар заңнаманы түсіндіру мен қолдануда және прецедентте өздерін шектеуі керек пе немесе судьялар инновациялары мен реформаларына орын бар ма?

Жалпы құқық пен әділеттілік

Соңғы бірнеше ғасырлар бойы өте үлкен ауқымды әзірленген іс құқығының екі маңызды санатын жалпы құқық және әділеттілікті анықтауға болады.

Үлестік әділеттілік пен негізделген іс құқық ережелері мен қорғау құралдарына жалпы заң толықтыру әзірленді.

Жалпы құқық ережелері мен әділеттілік нормалары арасындағы айырмашылықтарды көрсету қорғау құралдарына қатысты көзделген. Жалпы құқықта қолжетімді негізгі құқық қорғау тәсілі ақшалай өтемақы, залалдарды қалпына келтіру құралы болып табылады. Алайда, әділеттілік ақшалай өтемақы әрқашан тиісті құқықтық қорғау құралы емес екенін мойындайды және баламалы қорғау құралдарын, соның ішінде нұсқама мен нақты орындауды ұсынады. Бұл қаражаттар дискрециялық, яғни егер сот жалпы құқық қорғау құралдары тиісті немесе тең емес деп санаса, тек сонда ғана оларға берілетін болады.



Жалпы құқық пен әділеттілік

Жалпы құқық пен әділеттілік (теңдік) арасындағы айырмашылықты Ұлыбританиядағы соты туралы заңның даму тарихын қысқаша қарастыру арқылы жақсы түсінуге болады. 1066 жылғы Норман басқыншылығына дейін Англия заңы жалпы заңнан тұрды. Бұл заң жергілікті соттарда қолданылып, жергілікті әдет-ғұрыптарға сәйкес түсіндірілді. Халықтың географиялық әртүрлілігі мен соттардың арасындағы қарым-қатынастың, байланыстың жоқтығы заң бір жерден екінші жерде айтарлықтай өзгеше болды дегенді білдіреді.

1100 жылдары Генрих II патшалық сот төрелігін жүргізу үшін ел арасына судьяларды жіберу тәжірибесін бастады. Бастапқыда судьялар өз шешімдерін жергілікті дәстүрге негіздеп жасады. Дегенмен төрешілердің бұрынғы шешімдерінің прецедент доктринасына сәйкес келуіне қол жеткізуге ұмтылу тәжірибесі 1300 жылдары ұлттық қағидалар мен қағидалардың дәйекті және беделді жиынтығы пайда бола бастағанын білдіреді. Бұл ереже мен қағидалар жиынтығы жалпы құқық ретінде, ал оны басқаратын соттар жалпы сот ретінде белгілі болды.

Өкінішке орай, жалпы құқықтың өсуі мен кеңеюі процедуралық мәселелермен шектелді. Егер сот процесі тарапының іс-әрекеті жалпы соттар мойындаған «іс-қимыл нысандарының» шектеулі санына жататын болса, олар тек шағымдану құралына ғана ие болды. Жалпы құқық соттары іс-қимылдың жаңа түріне рұқсат бергісі келмеді, себебі бұл соттардың емес, монархтың қызметі сияқты нәрселер, заң шығарушылық нысаны ретінде қарастырылуы мүмкін. Тұтастай алғанда, жалпы құқық қатал және икемсіз болды және көптеген құқықтық мәселелерді шеше алмады.

Қарапайым соттарға шағымдана алмайтын азаматтар монархқа тікелей шағымданып, патшалық әділеттілікті іздеді. Лорд-Канцлерге, монархтың басты кеңесшісіне және «Корольдің ар-ұжданын» қорғаушыға осындай талап-арыздарды тыңдауға жауапкершілік берді. Лорд Канцлер дауды тыңдады және жалпы құқық пен қағидаларға емес, теңдік пен әділеттілік туралы өз идеяларына негізделген шешім қабылдады. Лорд Канцлері 1300 жылдарға қарай «әділеттілік пен ар-ұжданға» негізделген шешімдер қабылдайтын өз сотын құрды; бұл сот Канцлер соты ретінде белгілі болды. Канцлер сотының судьялары өздерінің бұрынғы шешімдеріне назар аудара бастады, және уақыт өте келе әділетті деп танылған ережелер мен принциптердің күрделі органы қалыптасты. Әділеттілік қалыптасқан қағидалар мен принциптердің тәуелсіз органы бола алмады; ол жалпы құқықты толықтырып және іс жүзінде оның бар екендігін тұжырымдады. 1620 жылы Король Джеймс I теңдік пен жалпы құқық арасындағы қайшылық болған жағдайда, әділеттілік қағидасы басымдылықта болады деп шешті.

1800 жылдары Англияда екі функционалдық жағынан бір бірінен бөлек екі сот жүйесі қатар жұмыс істеді. Екі түрлі сот жүйесінің болуы көптеген практикалық және процедуралық қиындықтар тудырғаны таңқаларлық емес. Бұл қиындықтар 1873 жылғы заң актілерін қабылдау арқылы шешілді. Заң актілері жекелеген сот жүйелерін алып тастады және жалпы құқық пен теңдікпен әділеттілікті басқаруға қабілетті Жоғарғы Сот құрды.

Іс құқығының екі тармағы біріктірілмегені немесе олардың бір біріне енгізілмегенін түсіну маңызды нәрсе. Бүгінгі күні Ұлыбритания мен Аустралияда жалпы құқық пен әділеттілік іс құқығы саласының жеке салалары ретінде өмір сүреді, бірақ көптеген судьялар белгілі бір жағдайларда жалпы заңды, әділ ережені немесе принципті қолдануды таңдай алады. Әділеттілік барлық азаматтық дауларға және қылмыстық заңдарға қолданылмайды.

Дауларды баламалы шешу

Сотқа бару дауды шешудің жалғыз жолы емес, бұрын түсіндірілгендей, іс жүзінде, бұл соңғы шешім болуы тиіс.

Дауларды шешуде қолданылатын келіссөздер, делдалдық, татуласу және арбитраж сияқты басқа әдістері де болады. Бұл әдістердің барлығы топтастырылып, **дауларды баламалы шешу** немесе **ДБШ** деп аталады.

дауларды баламалы шешу – медиация, арбитраж және татуласуды қоса алғанда, дауларды шешудің даулы емес әдістері ауқымы.

Дауларды баламалы шешудің (ДБШ) Аустралия мен басқа да елдерде кең тарауының себебі:

- ол әдетте, сотқа баруға қарағанда арзан, жылдам, жеке және аз стресті;
- коммерциялық жағдайларда, ол жиі сот талқылауына қарағанда үздіксіз іскерлік қарым-қатынастарды аз бұзады;
- ол қысымды тежейді және соған орай, сот жүйесін жүргізу шығындарын азайтады;
- кейде сот өзі істі сот тыңдамас бұрын тараптардан өздерінің проблемаларын шешудің басқа жолдарын іздестіруді талап етеді.

Келіссөздер дауды өзара қолайлы шешудің кейбір нысанын табу мақсатында тікелей айналысатын тараптарды немесе олардың заңды өкілдерін тартады. Келіссөздер, әдетте, екі тараптың кейбір ымыраға келуін талап етеді.

келіссөздер – дауды шешу, түсіну немесе келісімге қол жеткізу мақсатындағы диалог.

Медиация дауласушы тараптардың барлығына қолайлы келісімге келуге көмектесу үшін тәуелсіз үшінші тарапты (делдал) тартуды талап етеді. Мұндай келісімдер заң тұрғысында міндетті емес. Медиатордың рөлі шешім шығару емес, бірақ оларға қол жетімді параметрлерді зерттеуде тараптарға көмектесу болып табылады. Кейбір Штаттарда үкімет тарапынан отбасы және көршілік дауларға көмек көрсету үшін медиация орталықтары құрылды.

Келісім медиацияға ұқсас. Тараптар делдал деп аталатын бейтарап үшінші тұлға алдында кездеседі. Делдал әдетте дау саласында, мысалы, өнеркәсіптік қатынастары саласында білікті болады. Олар тараптардың қарым-қатынасы туралы пікірді білдіру мен оларға ықтимал шешімдерді ұсынуда медиаторға қарағанда белсендірек. Медиация сияқты, тараптар арасында қол жеткізілген кез келген келісімнің заңды күші жоқ.

келісім – тәуелсіз және сараптамалық үшінші тарап (делдал) дауды шешетін дауларды шешу нысаны.

медиация – үшінші тарап (медиатор) дауларды шешуге көмектесетін дауларды шешу процесі.

Арбитраж (Төрелік) сотқа баруға ұқсас. Тараптар әрбір нақты жағдайда істің тиімді жағын қарайтын және содан кейін екі жақ үшін міндетті болып табылатын шешім қабылдайтын арбитр деп аталатын тәуелсіз үшінші тұлға алдына барады (жүгінеді). Ол көбінесе, өнеркәсіптік қарым-қатынастар мен құрылыс дауларында қолданылады.

арбитраж – тәуелсіз және сараптамалық үшінші тарап (арбитр) дауды шешетін дауларды шешу нысаны.

2.26-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

www.iama.org.au кезінде арбитр және делдалдар институтының веб-сайтына кіріңіз, содан кейін келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

Сайт (а) медиация (б) келісу және (с) арбитражды қалай анықтайды?
Сайтқа сәйкес дауларды баламалы шешудің әрбір формасын қай кезде қарастырған жөн?

Қайталау сұрақтары

- Келесі тақырыпты бастамас бұрын сіз мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.
- 2.38 Сот билігінің рөлі қандай?
 - 2.39 Неге соттар иерархияға (сот сатылылығы) ұйымдастырылады?
 - 2.40 Бастапқы юрисдикция мен апелляциялық юрисдикция арасында қандай айырмашылық бар?
 - 2.41 Азаматтық юрисдикция мен қылмыстық юрисдикция арасында қандай айырмашылық бар?
 - 2.42 (а) Федералдық Сот пен (б) өз штатыңыз немесе территорияңыздағы соттардың иерархиялары қандай? Осы иерархиялардың әрқайсысын қысқаша сипаттаңыз.
 - 2.43 Сот талқылауының бәсекелестік және инквизициялық жүйелері арасындағы айырмашылық неде? Олардың әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
 - 2.44 Сотта (а) судьяның, (б) алқабилердің және (с) адвокаттың рөлі қандай? Қысқаша осы рөлдердің әрқайсысын айқындап, сипаттаңыз.
 - 2.45 Алқабилер қалай таңдалады?
 - 2.46 Алқабилер жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
 - 2.47 Азаматтық істер сотын бастар алдында қандай факторларды қарастырған жөн?
 - 2.48 Азаматтық іс соты қалай басталды?
 - 2.49 Азаматтық іс сотының басталуы мен сот талқылауы арасында не болады?
 - 2.50 Сот процесі деген не?
 - 2.51 (а) Дәлелдеу салмағы және (б) дәлелдеу стандарты деген не?
 - 2.52 Дәлелдемелердің түрлері қандай?
 - 2.53 Сот дәлелді қандай жағдайда қабылдайды?
 - 2.54 Куәгерден жауап алу процесі қандай?
 - 2.55 Прецедент доктринасы және ол қалай жұмыс жасайды?
 - 2.56 Міндетті прецедент пен нанымды прецедент арасындағы айырмашылық неде?
 - 2.57 Прецедентті «ажырату» деген нені білдіреді? Мысалды пайдалана отырып, жауапты мысалмен түсіндіріңіз.
 - 2.58 «Сот қызметі» деген не?
 - 2.59 Жалпы заңнама мен әділдік арасындағы айырмашылық неде және ол айырмашылық неге маңызды?
 - 2.60 Дауларды шешу әдістері қандай? Осы әдістерді атаңыз және өзіңіздің жауабыңызда оларды салыстырыңыз және салғастырыңыз.
 - 2.61 Дауларды шешуде неге баламалы тәсіл танымал болып табылады?

Қорытынды

- Аустралия Конституциясы Аустралия үкіметінің федералдық жүйесі жұмысын

белгілейді. Билік Федералдық үкімет пен түрлі штаттық және территориялық үкіметтер арасында бөлінеді.

- Үкіметтің әр деңгейінде, заңнамалар Парламент түрінде заң шығару органдары арқылы жүзеге асырылады. Заңнама болу үшін заң жобасы Парламенттің әр Палатасында үш рет оқылудан өтуге тиіс, содан кейін Монарх өкілінен Корольдық келісім алады.
- Штаттық, территориялық және Достастық құқықтық жүйелерін атқарушы үкімет басқарады. Түрлі конституцияға сәйкес, атқарушы үкімет Монарх өкіліне кеңес беретін министрлер кеңесінен тұрады. Атқарушы билік еркін штаттық қызметті жүзеге асырады.
- Сот жүйесі түріндегі сот органы заңды түсіндіреді және оны нақты жағдайларға қолданады. Аустралиядағы әрбір құқықтық жүйенің өз сот иерархиясы бар. Азаматтық істер соты әдетте талап арыз беруден бастап жүргізіледі, ал қылмыстық істер, әдетте, қылмыс жасады деп айып тағылған айыпталушыдан басталады. Сот өзі әр тарапқа өз дәлелін ұсынуға мүмкіндік береді. Соңғы шешімді судья мен алқабилер немесе жалғыз әрекет ететін судья шығарады. Шешімге қол жеткізу үшін, сот иерархиясындағы басқа Жоғарғы соттардың қабылдаған шешімдеріне, прецедент доктринасына сәйкес дәйекті кез келген құқық мәселелерін шешеді. Сот талқылауы азаматтық құқық дауларды шешудің жалғыз әдісі емес, балама әдістерге келіссөздер, делдалдық, татуласу және арбитраж жатады.

Джонни мен Эш

[Джонни мен Эш Эштің пәтеріне таксимен қайтып бара жатыр.]

Джонни: Бұл мен ойлағаннан да сорақы екен! Мен бұрын құқық күрделі деп ойлаушы едім. Бірақ, мен білмейтін нәрселер өте көп екен.

Эш: Сен біздің әңгімемізден кейін біраз нәрсе үйренген болуың керек. Сен қазір, кем дегенде бес сұраққа жауап бере аласың ба? Бірінші сұрақ есінде ме: кім жауапты?

Джонни: Иә, бұл сұрақтың жай жауабы жоқ. Федералдық, штаттық және территориялық үкіметте билік заң шығарушы, атқарушы және сот арасында бөлінеді. Заң шығарушы орган – Парламент және Парламент заң қабылдайды. Атқарушы – атқарушы үкімет, Премьер-министр, премьер, бас министр немесе министрлер және олар штатты, территорияны немесе елді басқарады. Ал сот, сот жүйесі, заңды түсіндіреді. Сондықтан мен сен олардың барлығы жауапты екенін айтпақсың ғой деп ойлаймын.

Эш: Жақсы жауап. Жарайды, сонымен екінші сұрақ: Федералдық үкімет пен түрлі штаттық үкіметтері арасындағы қарым-қатынас қандай?

Джонни: Иә, бұл барлық Аустралиялық Конституцияда баяндалған. Тек федералдық үкімет жасай алатын, тек штаттық үкімет жасай алатын және олар екеуі де жасай алатын кейбір нәрселер бар, бірақ, егер де федералдық және штаттық заң арасында қайшылық болса, федералдық заң басымдылық күшке ие болады.

Эш: Жақсы. Ал үшінші сұрақ: Парламент не істейді?

Джонни: Парламент заңнама деп аталатын заң жүйесін жасайды. Жаңа заңнама жасау ұсынысы заң жобасында әзірленеді, содан кейін заң жобасы талқыланады және парламенттің екі Палатасы оған дауыс береді. Егер заң жобасын парламенттің екі Палатасы

қабылдаса және келісім берсе, онда ол заңнамаға айналады.

Эш: Сен шынымен жақсы білесің. Ал осы сырадан кейін өте жақсы болады. Төртінші сұрақ: судьялар заң жасай ма?

Джонни: Иә, кейде олар заң жасайды. Бірақ, әдетте олар мұны мұқият және біртіндеп жасайды. Сот қызметі ретінде мұны сынға алғанмен, Жарғыдағы ережелер қалай түсіндірілуі керек екенін шешкенде және Жоғарғы соттардың бірі мүлдем жаңа ереже жасайтын уақыт жетті деп шешкенде, жаңа жағдайға ескі ережені қолданғанда олар жаңа заң жасайды.

Эш: Өте жақсы. Соңғы сұрақ: сен біреуді қалай сотқа бересің?

Джонни: [Күледі.] Жауап бұрынғыдай: адвокат жалдау арқылы. Әрине, талап арызды сотқа өзіңіз ұсынсаңыз да болады. Сіз сотқа талап арыз беруден бастар едіңіз.

Эш: Шын мәнінде, алдымен бірінші келіссөз жасау жақсы идея болуы мүмкін және дауларды шешудің баламалы нысанын іздеу керек.

Джонни: Әрине, бірақ ештеңе көмектеспесе, сіз басқа тарапқа өзіңіздің талап арызыңызды бересіз, сотқа көшірмесін бересіз және бұл домалайтын доптай болады. Кез келген сәттілікте сіз дауды сот талқылауы басталғанға дейін шешесіз, бірақ сотқа барса, екі тарапқа да дәлелдерін ұсынуға мүмкіндік беріледі және судья шешім қабылдайды. Егер сізге шешім ұнамаса және сіздің уақытыңыз бен ақшаңыз болса, сіз сот иерархиясындағы Жоғарғы сотқа шағымдана аласыз.

Эш: Оу, сіз шынымен-ақ жақсы жасадыңыз. Сіз жақсы назар аударған болуыңыз керек.

Джонни: Иә, өзім таңғаламын! Бірақ мен осылардың кез келгенін таңертең есіме түсіре аламын ба?

1. Аустралия Конституциясына сәйкес Федералдық Парламент жүзеге асыра алады:

- (а) эксклюзивті өкілеттіктер;
- (ә) бір мезгілдік билік;
- (б) қалдық өкілеттіктер;
- (в) эксклюзивті және бір мезгілдік өкілеттіктер;
- (г) бір мезгілдік және қалдық өкілеттіктер;

2. Аустралиялық Конституциясының 109-бабы бойынша, Федералдық заң мен штат заң қайшы болған жағдайда:

- (а) бірінші қабылданған заң басым күшке ие болады.
- (ә) ең соңғы заң басым күшке ие болады.
- (б) Федералдық заң басым күшке ие болады.
- (в) штаттық заң басым күшке ие болады.

3. Аустралия Конституциясына түзетулер енгізу үшін, түзетулерді қабылдауы тиіс:

- (а) қос Палатаның кем дегенде 75% мүшесі.
- (ә) Аустралия сайлаушыларының кем дегенде 75%-ы.
- (б) штаттардың кем дегенде 75%-ы.
- (в) Жоғары да аталғандардың барлығы.
- (г) Жоғары да аталғандардың ешқайсысы.

4. Аустралия Конституциясына сәйкес заң жасау өкілеттігін жүзеге асырады:

- (а) Парламент
- (ә) Кабинет
- (б) Генерал-губернатор
- (в) Аустралия Жоғарғы соты

5. Сенатта қанша Сенаторлар бар:

- (а) әрбір электораттың бірі
- (ә) Өкілдер Палатасы мүшелерінің тең жартысы
- (б) әр штат пен территориядан бір бірден өкіл
- (в) әр штаттан он екі және әр территориядан екіден өкіл

6. Парламентке ұсынылған заң жобасын:

- (а) бірінші Төменгі палатаға ұсынылады
- (ә) Жеке мүшенің заңдары
- (б) Парламенттік кеңес басқармасы әзірлемеген
- (в) Шоғырландыру заңдары

7. Екі келісім, шешім міндетті:

- (а) референдумның
- (ә) Парламенттің екі Палатасының бірлескен мәжілісі
- (б) сайлаудың
- (в) Король келісімі

8. Федералдық Атқарушы кеңеске кірмейді:

- (а) Премьер-министр
- (ә) Кіші министрлер
- (б) Кабинет
- (в) Генерал-губернатор

9. Генерал-губернатор Атқарушы кеңестің кеңесінен дербес әрекет ете алмайды:

- (а) Премьер-министрді қызметке тағайындау.
- (ә) Премьер-министрді қызметтен босату.
- (б) Парламентті таратуға мәжбүрлеу, ықпал ету.
- (в) Жоғарыда аталғандардың барлығы.
- (г) Жоғарыда аталғандардың ешқайсысы.

10. Министрлік қызмет атқармайтын саяси партия мүшелерінің көпшілігі ретінде белгілі:

- (а) көлеңкелі Кабинет
- (ә) артқы орындықтағылар
- (б) тысқары министр
- (в) оппозиция

11. Уәкіл мынадай шағымдарды қарайды:

- (а) штаттық департаменттер туралы
- (ә) жергілікті билік органдары туралы
- (б) коммерциялық ұйымдар туралы
- (в) Жоғары да аталғандардың барлығы
- (г) Жоғары да аталғандардың ешқайсысы

12. Азаматтық сот істерін талқылау:

- (а) сотты бастайтын тарап талапкер деп аталады.
- (ә) дәлелдеу салмағы Монархта.
- (б) дәлелдеу стандарты барлық ақылға қонымды ықтималдықтан тыс.
- (в) сотталушының кінәлі екені анықталған жағдайда, ол жазаға тартылады.

13. Кәсіпкерлік, авторлық құқық туралы заң Актісін 1968 (Дст) бұзды деген талап арызды ең алдымен тыңдайды:

- (а) Аустралия Жоғарғы соты
- (ә) Авторлық құқық соты
- (б) Федералдық Парламент
- (в) Аустралия Федералдық соты

14. Сот процесінің бәсекелестік жүйесіне сәйкес:

- (а) тараптар өз істерін жүргізуге толық жауапты болады.
- (ә) тараптар сот алдында қандай дәлелдер қойылуы тиіс екенін шешеді.
- (б) судья бейтарап төреші алады.
- (в) Жоғарыда аталғандардың барлығы.
- (г) Жоғарыда аталғандардың ешқайсысы.

15. «Табу»:

- (а) сот талқылауы бір тарап басқа тараптың иелігіндегі құжаттардың көшірмелерін алуға құқылы болатын процесс.
- (ә) бір тараптың басқа тараптың антқа жауап керектігіне бағытталған сұрақтар сериясы.
- (б) сот тәртібі бір тараптың жауап алу процесімен келіспегенде соттың шығаратын үкімі.
- (в) сот аяқталғанға дейін, мысалы, мүлікті сату немесе елден кетпеу сияқты белгілі бір жолмен тараптардың бірінің әрекетін тежейтін соттың үкімі.

16. Қылмыстық істер соты кезінде көз айғақ куәгер берген жауапта шабуыл туралы көз айғақ куәгердің есебі:

- (а) тура дәлелдеме
- (ә) жанама дәлелдеме
- (б) нақты дәлелдер
- (в) сарапшы дәлелі

17. Соттың шешіміне шағым жасалған кезде, бастапқы сот талқылауындағы талапкер:

- (а) сотталушы
- (ә) арызданушы (апеллянт)
- (б) жауапкер
- (в) бұл қай тараптың апелляцияға бергеніне байланысты

18. Оңтүстік Аустралия аудандық сотының судьясы белгіленген прецедентті ұстануға міндетті:

- (а) Оңтүстік Аустралия Жергілікті сотының судьясы
- (ә) Аустралия Жоғарғы сотының судьясы
- (б) Квинсленд Жоғарғы сотының судьясы
- (в) Аустралия Отбасы сотының судьясы

19. «Жалпы құқық» термині . . . жатады:

- (а) британдық құқықтық жүйеге негізделген құқықтық жүйенің түріне
- (ә) судьялар жасаған заңнамаларға.
- (б) іс құқығы санатына
- (в) Жоғары да аталғандардың барлығына

20. Әрбір істің маңыздылығын қарайтын және содан кейін шешім шығаратын тәуелсіз үшінші тұлғаның дауларды шешуін пайдалану . . . деп аталады

- (а) келіссөздер
- (ә) медиация
- (б) келісім
- (в) арбитраж (төрелік)

Жаттығулар

2.1-жаттығу. Аустралия Конституциясы

Федералдық, штаттық және жергілікті басқару органдары үкімет билігін қалай бөліседі? Егер үкіметтің бір деңгейінің күшін жою тиіс болған жағдайда, сіз олардың қайсысын таратар едіңіз және неге?

2.2-жаттығу. Аустралия Конституциясы

Неге Федерациядан бері саяси билік Достастықтан штаттарға ауысты?

2.3-жаттығу. Аустралия Конституциясы

Көптеген сайттар республика мәселелеріне арналған. Аустралия республикалық қозғалысы сияқты сайттар (www.republic.org.au) Аустралияның республика болуын қолдайды, сондай-ақ, осындай конституциялық монархияны қолдайтын Аустралиялықтар сияқты сайттар (www.pogerepublic.com.au) мұндай қадамға қарсы. Осы және басқа да осындай веб-сайттарды оқыңыз және сұраққа теңдестірілген жауап дайындаңыз: Аустралия республика болуы тиіс пе?

2.4-жаттығу. Заң шығарушы

Екі Парламент Палатасының әрқайсысының рөлін түсіндіріңіз. Бір палаталы парламенттің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

2.5-жаттығу. Заң шығарушы

Аустралияның заң шығару процесіне партия саясаты қалай әсер етеді? Сіз бұл жүйені қалай жетілдірер едіңіз?

2.6-жаттығу. Атқарушы үкімет

«Атқарушы диктатура» деген не? ол Вестминстер жүйесі мен жауапты штаттың сөзсіз салдары ма?

2.7-жаттығу. Сот өкілеттігі

Азаматтық істер сотында алқабилердің рөлі қандай? Азаматтық істер соты процестерінде алқабилерді сотта пайдалану толығымен жойылуға тиіс пе? Неге?

2.8-жаттығу. Сот өкілеттігі

Аустралияда судьялар қалай тағайындалады? Судьяларды тағайындауда саясаткерлер сияқты көпшілік сайлауы керек пе? Неге?

2.9-жаттығу. Сот өкілеттігі

Сот даулары мен дауларды шешудің баламалы, оның ішінде дауларды шешудің әрбір әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсететін кестені дайындаңыз.

2.10-жаттығу. Сот өкілеттігі

Прецедент доктринасы деген не және ол Аустралияда қалай жұмыс істейді? Прецедент доктринасының артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

Бақылау сұрақтарының жауаптары

1.в 2.б 3.е 4.а 5.в 6.а 7.в 8.в 9.в 10.ә 11.в 12.а 13.в 14.в 15.а 16.а 17.в 18.ә 19.в 20.в

3-ТАРАУ

Құқық дағдыларын меңгеру

Кіріспе	171	Құқықтық логика	207
Нормативтік құқықтың реттелуі	171	Индуктивті және дедуктивті негіздер	208
Құқықты зерттеу	172	Құқықтық мәселені қалай шешу керек?	209
Негізгі құқықтық материалдар	173	Заңгерше жазу	214
Маңыздылығына қарай істің бөлінуі	174	Құқық жазу	214
Құқықты оқу	178	Хат әзірлеу	215
Тиісті элементтер	178	Қарапайым келісімшарт жобасын жасау	217
Құқықты түсіндіру	188	Қорытынды	220



Джонни мен Эш

Джонни мен Эш өзеннің маңындағы кафеде жексенбілік таңғы астарын өте кеш ішіп отыр. Тапсырыстарын әкелгенше олар сөйлеспеді. Джонни Эшке қарады. Джонни тыныштықты бұзғанға дейін Эш суға үнсіз қарап отырды.

Джонни: Білесіз бе, барлық заңгерлер – ұры.

Эш: [Ол бірден жауап бермей, оның сұрағын жауапсыз қалдырды. Джонни оған әлі қарап отыр. Эш салқын жымиып, ақыр соңында жауап берді.] Иә, бұл, әрине, қызықты шағымдар. Дегенмен мен бұлардың зерттелмей қалатынына сенімді емеспін. Мен сондай-ақ, кейбір заңгерлердің ұры екенін елестете аламын. Шын мәнінде, мен солардың біразын кездестірдім. Бірақ сіз барлық заңгерлер ұры деп мәлімдеп отырсыз. Бұл олай емес екеніне Сенімдімін, өйткені, мен өзім заңгермін, ұры емеспін. Мүмкін сіз мәлімдемеңізді сәл нақтылап, қайталарсыз?

Джонни: Заң біздің бәрімізге көмектесуге арналған, солай ғой? Ол біздің барлығымызға қатысты қолданылады және біз өзіміздің барлық құқықтарымызды қорғау үшін құқықтық жүйені пайдалануымызға болады. Яғни, «заң ережелері барлығы туралы» болуы тиіс, солай емес пе? Сондықтан шын мәнінде, бізге заңгерлердің мүлде қажеті жоқ. Біз қай заң өзімізге қатысты екенін таба алатын және өзіміздің заңды құқықтарымызды жүзеге асыратын, сондай-ақ, сотқа ұсына алатын болуымыз керек. Ал адвокаттардың бізді осы аталған өзімізге қатысты құқықтық мәселелерді өзіміз шеше алмайды және біздің орнымызға осы мәселелердің бәрін адвокаттар істеу үшін оларға ірі сомалы ақша төлеуіміз тиіс деген ойға

қалдыратын фактісі ... Иә, сендердің барлығың ұрысыңдар деп санаймын.

Эш: [Ол күрсінді.] Біздің бәріміз ұры емеспіз, Джонни. Өмір мен құқық өте күрделі нәрсе және адамдардың көпшілігінің күрделі құқықтық мәселелерді шешуге уақыты, білімі не дағдылары жоқ. Ешкім сізді өзіңізге жеке үй салуға, өз машинаңызды жөндеуге немесе өз қосымшаңды алып тастауға мүмкіндігі бар деп ойламайды. Адвокатқа бару кез келген маманға бару секілді: Сенің ісінді дұрыс атқарғаны үшін қосымша ақша төлейсің. [Ол кідіріп қалды.] Алайда, осының бәрін айта отырып, мен сіздің шағымыңыздың (сөзіңіздің) бәрі болмаса да, бір бөлігінің растығына келісемін.

Джонни: ha:::!! [Ол өзіне-өзі риза болғандай көрінді.]

Эш: [Ол тандана қарады.] Кейбір өте маңызды шешім қабылдар алдында адамдарды мазалайтын негізгі құқықты білу мен кейбір негізгі құқықтық дағдылардан тәжірибесі болуды қажет ететін, жиі туындайтын және оларды болдырмауға болатын, көптеген құқықтық мәселелер бар. Мен жұртшылықты, әсіресе іскер адамдардың заңмен танысуын және өздеріне қатысты құқықтық жүйені жақсы меңгеруін қалаймын. Әрине, мен олар күрделі құқықтық проблемаға немесе маңызды құқықтық мәселеге тап болғанда, заңгерге баруға болмайды дегелі жатқаным жоқ. Сіз салауатты тамақтанып, үнемі жаттығу жасайтын болсаңыз, дәрігерге барудың қажеті аз ғой, сол сияқты, егер сіз кейбір негізгі құқықтық дағдыларды үйренсен, адвокатқа барудың қажеттілігі екіталай.

Джонни: [Оның шын жүректен қызығушылық танытқаны байқалды.] Қандай дағдылар?



Бұл тарауда

- Сіз заңды қалай табасыз? Сіз іс құқығы, заң жүйесі және заңның басқа да көздері қайда екенін қалай білесіз?
- Сіз заңнаманы тапқаннан кейін оны қалай оқисыз? Істің тарихы немесе Парламент Актісінің қандай бөліктері маңызды? Сіз құқық мәтінін қалай түсіндіресіз?
- Сіз құқықты қалай қолданасыз? Сіз заңгерше қалай ойлайсыз және неге бұлай ойлау пайдалы? Сіз құқықтық проблемаларды қалай шешесіз?
- Сіз заңгерше қалай жазасыз? Сіз заңды хат немесе келісімшарттың жобасын қалай жазасыз?

Кіріспе

XXI ғасырда Аустралияда өмір күрделі және қарқынды болды. Адамдар ұзағырақ және өзгермелі өмір сүреді. Олар жиі үйлерін, жұмыс орындарын, мансабы мен серік-тестерін өзгертеді. Олар жиі және алысқа саяхат жасайды. Интернеттің арқасында олар үнемі басқа қалалар, мемлекеттер мен елдердегі басқа адамдармен және ұйымдармен жаңа коммерциялық және жеке қатынастарға түседі. Және олар өздерінің кәсіпкерлігі мен жеке өміріне тікелей әсер ететін ұшы қиыры жоқ жаңа заңдар мен нормативтік актілердің шексіз ағынына тап болады.

Қазір Джоннидің де, көптеген басқа адамдар сияқты, тиімді заңды, құқықтық жүйені пайдалануға білім тереңдігі, дағдысы мен сенімі жетіспейді. Егер ол үлкен құқықтық мәселелерге тап болмағанда, заңға көңіл аудармас еді және сайып келгенде, заңмен тай-таласпас еді. Бұл тым кеш, не болмаса нашар шешім қабылдауды тоқтатады.

Джонни не істей алады? Ол әрқашан адвокаттарға сүйене алмайды.

Оған өзінің құқықтық проблемаларын әрқашан шешетін адвокаттарға сенім артуға болар еді, бірақ олардың қызметі қымбат болуы мүмкін. Ол бірінші кезекте туындайтын күрделі құқықтық проблемаларды болдырмайтын жолмен өзінің кәсіпкерлігін және жеке өмірін ұйымдастыра алса, жақсы болмас па еді? Сәл күш жұмсаса, Джонни заңды, сыни тұрғыда қарай алады және қарапайым, тиімді құқықтық мәтіндер жаза алады. Әш, егер адам тиісті заң мен құқықтық рәсімдермен танысуға күш-жігерін салса және кейбір негізгі құқықтық дағдыларды меңгерсе, көптеген құқықтық мәселелерді болдырмауға болады деп санайды. Бұл тарауда біз төрт негізгі құқық дағдыларын: қажетті құқықты зерттеулер дағдыларын, құқықты оқу дағдыларын мен құқықтық ойлау қабілетін және заңды жазу дағдыларын түсіндіреміз. Осы тараудың соңында сіз Аустралия құқық саласын зерттеуге жақсы қаруланып, дайын боласыз.

Нормативтік құқықтың реттелуі

Құқықтық мәселелерді шешуде заңды пайдалану үшін, сізге заңды қайдан табуға болатынын білу қажет. Осы тараушада біз **іс құқығы мен заңнама** сияқты **негізгі (бастапқы) құқықтық материалдардың** және журнал мақалалары мен құқықтық энциклопедиялар сияқты **қосымша (қайталама) құқықтық материалдардың** орналасу процесін сипаттаймыз.



МакЛибел

МакЛибел Фрэнни Армстронг пен Кен Лоуч қойған 1998 жылғы деректі фильм. Ол екі экологияны қорғау белсенділері және диффамация үшін фаст-фуд алыбын сотқа берген МакДональдсқа қарсы науқаншылары Хелен Стиил мен Дэви Морристың сот талқылауын жүргізуге шешім қабылдау тарихы туралы әңгімелейді. Өздерінің құқықтық сараптама жасауға және заңнан тәжірибесі жоқтығына қарамастан, олар өз қорғанысын дайындады және сотта МакДональдстың «үлкен кәсіби адвокаттар командасына қарсы» өз талаптарын өздері ұсынды. Бұл – Ұлыбритания тарихындағы ең ұзақ жүргізілген сот болды. Бұл деректі фильм бірқатар себептерден жоғары сұраныстағы фильм болды: корпорациялар билігін сынау, қызықты драма және сотқа өзін-өзі өкілдікке ұсынумен байланысты қиындықтар мен мүмкіндіктерді өткір бейнелеу.

негізгі құқықтық материалдар – заңның тікелей көздері: іс құқығы мен заңнама

іс құқығы – прецедент доктринасына сәйкес соттар жасаған заңнама. Сондай-ақ, «жалпы құқық» ретінде де белгілі.

заңнама – Парламент қабылдаған заңнама. Сондай-ақ, «жарлық» немесе «Парламент заңнама актісі» ретінде де белгілі.

қосымша құқықтық материалдар – заңның өзін құрамайтын, бірақ оның орнына бастапқы нормативтік материалдарды түсіндіретін және кеңейтетін құқықтық материалдар.

Құқықты зерттеу


Заңнама көп, бірақ оны қалай табасыз? Сізге қажетті алғашқы дағдылар жиынтығы құқықты зерттеу дағдысы болып табылады: заңды іздеу, табу қабілеті, мүмкіндігі. Осы қабілеттің көмегімен сіз құқықтық мәселелерді шешу жолында заңды жақсы қолдана аласыз. Бақытымызға орай, интернет тек құқық мамандары үшін емес, сондай-ақ, заңгер емес адамдарға да, құқықты зерттеу процесін әлдеқайда жылдам және қарапайым етеді.

Құқықтық зерттеулер жүргізгенде, сіз алдымен өзіңіз тап болатын құқық мәселелесі мен қиындықтардың сипатын анық және дәл анықтауыңыз керек.

Мәселені анықтау процесі кейінірек осы тарауда «Заңгерше ойлау» деген тақырыпта толығырақ талқыланады. Құқықтық мәселелені анықтап алғаннан кейін, келісімшарт құқығы, абайсыздық, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң немесе компания құқығы сияқты тиісті құқық саласын анықтау үшін Аустралия құқығы жөніндегі өзіңіздің базалық біліміңізді пайдалана аласыз және нақты құқықтық нормалар мен құқықтық процедураларды анықтау үшін әрі қарай құқықтық зерттеу жүргізесіз.

Құқықтық зерттеу жүргізгенде, негізгі және қосымша құқықтық материалдарды пайдалана аласыз (3.1-суретті қараңыз).

Негізгі құқықтық материалдар деп тікелей заң материалдары көзін айтады, яғни, заңнама (парламенттер қабылдаған заң) және іс құқығы (судьялар жасаған заң). Бұл материалдар жай ғана заң сипаттамасы немесе ол туралы пікірден гөрі заңның өзін қамтиды. Негізгі құқықтық материалдарды сізге қайдан табу, қалай оқуды білу өте маңызды.



3.1-сурет. Негізгі және қосымша құқықтық материалдар

Қосымша құқықтық материалдар заңның өзін емес, оны түсіндіретін және негізгі нормативтік материалдарды кеңейтуді қамтиды. Мұндай қосымша құқықтық материалдар заңды міндеттейтін емес, нанымды, сендіруші болуы мүмкін. Қосымша құқықтық материалдар мысалдарына:

- құқық жөніндегі оқулықтар;
- заң журналы мақалалары;
- құқықтық сөздіктер;
- заң энциклопедиялары жатады.

Негізгі құқықтық материалдар

Негізгі құқықтық материалдар – заңнама және іс құқығы, олардың екеуі де онлайнда оңай қолжетімді.

Заңнаманы табу

Заңнама – Парламент қабылдаған заң. Ол, сондай-ақ, заңнама немесе Парламент Актісі деп аталады. Заңнама заңның негізгі көзі болып табылады: заң ережелері мен іс құқығы ережелері арасында қайшылық болған жағдайда заң ережелері басымдыққа ие болады. Кейінгі тарауларда көрсетілетіндей, заңның кейбір салалары толықтай заңнамалық және іс құқығы белгілі бір жағдайларда заңның қолдануына қарағанда сәл артығырақ қолданылады.

Тұтынушылардың несие алу құқығы құқықтың осындай саласына мысал бола алады (13-тарауды қараңыз). Құқықтың басқа салалары негізінен заңнамалық, бірақ Аустралия тұтынушылар заңының 18-тармақшасы сияқты, соттар заң ережелерін түсіндірген, кеңейткен және жалпы тұжырымдаған бірқатар маңызды істер бар (8-тарауды қараңыз).

Парламент заң актісіне, әдетте, оның қысқа атауы жатады; мысалы, Авторлық құқық заң Актісі 1968 (Дст). Заң атауындағы көрсетілген күн заңнама қабылданған жыл және жақша ішіндегі әріптер заңнаманы қай парламент қабылдағанын көрсетеді. «Дст» «Достастық» деген сөздің қысқартылуы. Егер заңнаманы Жаңа Оңтүстік Уэльс Парламенті қабылдаған болса, оның атауынан кейін жақшада «ЖОУ» әріптері болады. Заңнаманы іздегенде, ол заңға кейіннен **түзетулер** енгізілгенін, өзгертілгенін немесе оның **күші жойылғанын** тексеру маңызды. Парламент мезгіл-мезгіл кейінгі түзетулерді қамтитын заңнаманың өңделген, жинақталған нұсқаларын шығарады, бірақ әлі күнге дейін ең соңғы шығарылған уақыттан бері басқа түзетулер болғанын немесе болмағанын анықтап алуға назар аудару керек.

түзету – құжатты түзету немесе оған өзгерту енгізу. Мысалы, келісімшарт немесе жарғы.
күшін жою – заңнаманың күшін жою немесе оны алып тастау.

Заңнаманың орналасуын дәстүрлі қарастыру дегеніміз – заң кітапханасынан, мемлекеттік кітапханадан немесе заң оқулықтары кітапханасынан табуға болатын тиісті сот шешімі көшірмесін табу. Бүгінде, заңнаманы желіге енгізу оны табудың әлдеқайда оңай және қарапайым жолы болып отыр. Мемлекеттік немесе (аумақтық және Достастық парламенттері барлық заңнамаларды желіде қолжетімді етеді (3.1-кестені қараңыз).

3.1-кесте. Нормативтік-құқықтық актілер жарияланатын веб-сайттар

Юрисдикция	Сайт
Достастық (Дст)	www.comlaw.gov.au
Аустралияның астаналық аумағы территориясы(ААТ)	www.legislation.act.gov.au
Жаңа Оңтүстік Уэльс (ЖОУ)	www.legislation.nsw.gov.au
Солтүстік территория (СТ)	www.nt.gov.au/lant/parliamentary-business/legislation.shtml
Квинсленд (Клд)	www.legislation.qld.gov.au/
Оңтүстік Аустралия (ОА)	www.legislation.sa.gov.au/
Тасмания (Тас)	www.thelaw.tas.gov.au/
Виктория (Вик)	www.legislation.vic.gov.au
Батыс Аустралия (БА)	www.slp.wa.gov.au/

3.1-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Мынадай заң Актілері көшірмелерін табыңыз және жүктеңіз (кейінгі тапсырмаларда осы заңнама нормаларына сілтеме жасайсыз).

1. *Заңдарды түсіндірмелеу заң Актілері* 1901 (Дст)
2. Сіздің мемлекетіңіздің немесе аумағыңыздың заң актілерінің түсіндірмесі (134-бетте, 5-тармақтағы ескертпеде санамаланған).

Маңыздылығына қарай істің бөлінуі

Сот шешіміне (кейде «жалпы құқық» деп те аталады) судьялардың ұжымдық жазылған шешімдері жатады. Төменгі соттардан басқа соттардағы судьялардың шешімдері әдетте

прецедент доктринасына сәйкес жазылады және жарияланады, бұл шешімдерге судьялар жасаған заңнаманы құруға апаратын басқа судьялар сілтеме жасайды және оны ұстанады. Заңның кейбір салалары ғана толығымен дерлік заңнамалық, басқа салалары толықтай сот шешімінен тұрады. Келісімшарт заңы осындай салаға мысал бола алады (5 және 6-бөлімді қараңыз).

Прецедент доктринасы – шешім қабылдаған кезде сот иерархиясындағы Жоғарғы Соттардың бұрын қабылдаған шешімдерімен дәйекті үйлесімділікпен жасалуы керек деген принцип. Сондай-ақ, «Stare decisis» ретінде белгілі.

Сот шешімі көшірмесінің мұқабасы

Судьялардың шешімдері **сот шешімі** деп аталатын томдарда беріледі және жарияланады. Көптеген заң баяндамалар сериялары Аустралияда және басқа да елдерде жарияланады: осы кітаптың басында аталған «қысқартылған сот шешімдерінің» тармағын қараңыз. Кейбір аса маңызды істер шешімдері бірден аса сот шешімдері серияларында жариялануы мүмкін. Кейбір сот шешімдерінің сериялары нақты сот уәкілеттігі сериясы болып табылады, басқаларын коммерциялық баспагерлер жариялайды және заңның нақты бір саласын қарастыратын жағдайда, іс шешімдерін салыстырады. Сот шешімдері серияларын кітапханадан табуға болады.

сот шешімі – сот шешімдерінің жарияланған жинағы.

3.2-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Неге төменгі сот судьяларының шешімдері әдетте тіркелмейді және жарияланбайды?

Нақты істі табу үшін, іс дәйексөзін қараңыз. Төменде іс дәйексөз үлгісі беріледі:

Донохьюдың Стивенсонға [1932] АС 562 қарсы талап арызы

«Донохью» және «Стивенсон» – сот талқылауы тараптарының есімдері. Егер іс алғаш рет тыңдалып жатқан болса, талапкердің әкесінің аты және жауапкердің (екінші аты) өз аты аталады. Егер іс апелляциялық сотта тыңдалып жатса, арызданушының әкесінің аты және жауапкердің өз аты аталады. «v» қысқаша қарсы дегенді білдіреді, бірақ азаматтық істерге қатысты «және» деп айтылады.

«Донохью» мен «Стивенсон» деп жеке тұлғалардың есімдерімен аталу фактісі бұл қылмыстық іс емес, азаматтық сот талқылауының баяндамасы екенін білдіреді. Егер қылмыстық процесс болса, тараптардың бірінің аты «Король, (Монарх)», әдетте қысқартылып, «R» деп беріледі (егер сол кезде король болған болса, Rex деп, ал егер ханшайым болған болса, Regina (Регина) деп беріледі). Қылмыстық істер сотында іс дәйексөзі төмендегідей болады:

R-дың Кларкке (1927) 40 CLR 227 қарсы талап арызы

Қылмыстық іс дәйексөзі «R» «Монарх» және «v» «қарсы» деп оқылады.

Бірден аса талапкер және/немесе бірнеше жауапкер болуы мүмкін. Егер дәйексөздегі атауы, мысалы, «Smith et al» немесе Smith & Ors» болса, бұл тараптар Смит және басқа да көптеген адамдар дегенді білдіреді.

Тараптардың аттарынан кейін келетін істің шешілген жылы, одан кейінгі әріптер

шешім жарияланған сот шешімі серияларының аббревиатурасы (қысқартылған түрі). Егер аббревиатура бірінші дәйексөз сияқты шаршы жақша (тік жақша) ішінде берілсе, бұл сот шешімі сериялары жылмен жинақталғанын білдіреді. Егер күні жақшада (дөңгелек жақшада) болса, екінші дәйексөз сияқты, сот шешімі сериялары том санымен ұйымдастырылғанын білдіреді және бұл сан тікелей күннен кейін қойылады. Әрбір дәйексөздегі соңғы сан – томдағы нақты сот шешімі жазылған беттің нөмірі.

Қорытындылау. Донохьюдың Стивенсонға қарсы талап арызы туралы («Донохью және Стивенсон деп оқылады») сот талқылауы баяндамасын құқық кітапханасына «апелляциялық істер» құқық баяндамалар сериялары деп енгізу арқылы, яғни сол сериялардың «1932» томының 562 бетінен табуға болады. Р-дың Кларкке қарсы талап арызы («Монарх Кларкке қарсы») деп оқылады) туралы сот талқылауы баяндамасын құқық кітапханасына «Достастық құқық баяндамалары» сериясын енгізіп, сол сериялардың 40-томының 227-бетінен табуға болады.

Іс жүргізу құқығы бойынша нормативтік актілерді ресми веб-сайттарда жариялау

Аустралия мен басқа елдердегі көптеген соттар өздерінің ресми шешімдерін сайттарында жариялайды. Мысалы, Квинсленд Жоғарғы Сотының шешімдерін www.courts.qld.gov.au сайтынан алуға болады. Соттар өз шешімдерін жариялағанда, олар жиі ***Whitehead v Griffith University [2002] QSC 153*** деген сияқты оңайлатылған дәйексөз жүйесін пайдаланады.

Whitehead v Griffith University [2002] QSC 153

«*Whitehead and Griffith University*» (Уайтхед және Гриффит университеті) деген тараптардың аттары; «2002» сот талқылауының жылы; «КЖС» Квинсленд Жоғарғы Сотында тыңдалды дегенді білдіреді және «153» дәйексөз нөмірі, бұл сан нақты жылдағы нақты істі анықтайды.

Алайда, сот веб-сайтындағы сот шешімдерінің дерекқоры жиі толық болмайды. Мысалы, Квинсленд соттар сайтында тек 2000 жылдың қаңтар айындағы Жоғарғы Сот (Сот талқылауы бөлімі) шешімдері енгізілген. Бұрынғы шешімдерді табу үшін кеңінен іздеу қажет болуы мүмкін. Бақытымызға орай, сот ісі баяндамалары жиі өте пайдалы, жан-жақты және тегін жалпы құқық сайттарының біріне енгізілуі мүмкін. Заң қозғалысының еркін бөлігі ретінде берілген. Бұл іс құқығы мен заңнаманың, оның ішінде құқықтық ресурстарға тегін қол жеткізуді қамтамасыз етуге ұмтылатын бірнеше юрисдикциялардағы заң жобаларының ұжымына берілген жалпы атауы болып табылады. Осындай жобалардың көпшілігі «Құқықтық ақпарат институты» деп юрисдикция атын пайдаланады (3.2-кестені қараңыз).

3.2-кесте. Құқықтық ақпарат институттары

Институт	Сайты
Азиялық Құқықтық ақпарат институты	www.asianlii.org
Аустралия Құқықтық ақпарат институты	www.austlii.edu.au
Британия мен Ирландия Құқықтық ақпарат институты	www.bailii.org
Канада Құқықтық ақпарат институты	www.canlii.org
Достастық Құқықтық ақпарат институты	www.commonlii.org
Кипр Құқықтық ақпарат көзі	www.cylaw.org

Институт	Сайты
Францияның Құқықтық ақпарат институты	www.droit.org
Гонконг Құқықтық ақпарат институты	www.hklii.hk
Құқықтық ақпарат институты (Америка Құрама Штаттары)	www.law.cornell.edu
Жаңа Зеландия Құқықтық ақпарат институты	www.nzlii.org
Тынық мұхит аралдары	www.paclii.org
Африка Оңтүстік Құқықтық ақпарат институты	www.saflii.org
Дүниежүзілік Құқықтық ақпарат институты	www.worldlii.org
Ирландия Құқықтық ақпарат институты	www.ucc.ie/law/irlii
Италия Құқықтық ақпарат институты	www.ittig.cnr.it
Джерси Құқықтық ақпарат органы	www.jerseylaw.je
Филиппини Заңдар және заңтану деректері	www.lawphil.net
Уганда Құқықтық ақпарат институты	www.ulii.org

3.3-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Мына сот шешімінің әрқайсысының толық атауын және мекенжайын беріңіз.

1. *Donoghue v Stevenson* [1932] AC 562
2. *R v Clarke* (1927) 40 CLR 227
3. *Whitehead v Griffith University* [2002] QSC 153
4. Абайсызда жасалған қылмыс бойынша Лордтар Палатасының 1951 жылғы шешімі
5. Құпиялық тақырыбы бойынша Аустралия Жоғарғы Сотының 2001 жылғы шешімі.

Қосымша құқықтық материалдар

Қосымша құқықтық материалдарға:

- құқық жөніндегі оқулықтар
- заң журналы мақалалары
- құқықтық сөздіктер және
- заң энциклопедиялары жатады.

Қосымша құқықтық материалдарды табу

Заң оқулықтары құқық кітапханаларында және көптеген құқықтық емес кітапханаларда қолжетімді. Заң журналдары, құқықтық сөздіктер, энциклопедиялар заң кітапханаларында табылады. Осы материалдарды табу үшін сіз жай ғана кітапхананың каталог (тізбе) жүйесін пайдаланасыз.



Нақты құқықтық тақырып бойынша материалды табу үшін, университет кітапханасының сайты арқылы, әдетте, қолжетімді көптеген құқықтық дерекқорлардың бірін пайдалануға болады. Осындай дерекқордың бірі – Прокурордың Бас ақпараттық қызметі (ПБАҚ) сайты www.informit.com.au немесе кітапхана сайты, Аустралия, Жаңа Зеландия және Азия-Тынық мұхиты аймағының құқық журналдар дерекқоры.

3.4-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Прокурордың Бас ақпараттық қызмет веб-сайтын пайдаланып, құпия ақпарат тақырыбы бойынша 2007 жылғы журнал мақаласын табыңыз.

3.4-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Аустралия заңы туралы ақпарат көзі ретінде Уикипедия қандай дәрежеде пайдаланылуы тиіс? Жарамды қосымша құқықтық материал ретінде Уикипедияға байланысты қандай проблемаларды білесіз?

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын сіз мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 3.1 Неге кәсіпкер адамның заңға зерттеулер жүргізуге қабілеті болуы маңызды?
- 3.2 Негізгі құқықтық материалдар деген не?
- 3.3 Қосымша құқықтық материалдар деген не?
- 3.4 Заңнама деген не?
- 3.5 Заңнаманың қатты көшірмесін қалай және қайдан таба аласыз?
- 3.6 Заңнама онлайн қалай және қайдан табасыз?
- 3.7 Іс құқығы деген не?
- 3.8 «Іс құқығы баяндамалары сериялары» деген не?
- 3.9 «Іс дәйексөзі» дегеніміз не? Заңнаманың қатты көшірмесін табу үшін ол қалай пайданылады?
- 3.10 Іс құқығы баяндамалары онлайн қалай және қайдан табасыз?
- 3.11 АвстрҚАИ деген не?
- 3.12 Қосымша құқықтық материалдарды қалай және қайдан табасыз?

Құқықты оқу

Сіз құқықты оқи білу қажет екенін түсінгенде, оның сізге жай нәрсе сияқты көрінгенмен, оңай емес екенін түсінесіз. Көп жағдайда құқықты оқу, түсіну қиын. Алайда, бақытымызға орай, нұсқаулықтар қолжетімді.

Тиісті элементтер

Құқықты оқып үйренудің бастапқы нүктесі заңнама мен сот ісі баяндамаларының тиісті элементтерін түсінуге әкеледі.

Заң шығару

Әдетте, бірдей элементтерден тұратын және өте ұқсас форматтарда баяндалған әртүрлі жарғылар арасында елеулі ұқсастықтар болады.

Парламенттің толық (және ерекше қысқаша) нормативтік заң актілері,

Радио Лицензиялық алымдарына өзгерістер енгізу туралы заң Актісі 2007 (Дст)
3.2-суретте көрсетілген.

РАДИО ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ АЛЫМДАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢ АКТІСІ 2007 (NO 69, 2007).

Радио Лицензиялық алымдарына өзгерістер енгізу және осыған байланысты мақсаттар туралы заң Актісі 1964

[2007 жылы 28 мамырда келісілген]

Аустралия Парламенті қаулы етеді

1 қысқаша атауы

Бұл заң Актісінің Радио Лицензиялық алымдарына өзгерістер енгізу деп аталуы мүмкін.

2. Бастамасы (Күшіне ену уақыты)

Бұл заң Актісі Монарх келісімін алғаннан кейін күшіне енеді.

3. Кесте (лер)

Осы кестеге қатысты қолданылатын элементтерде баяндалғандай, осы заң Актісі кестесінде көрсетілген әрбір заң Актісі күшін жояды немесе өзгертіледі және оның шарттарына сәйкес, осы заң Актісі кестесіндегі кез келген басқа элементтің күші бар.

1-кесте. Түзетулер

Радио Лицензиялық алымдары (тарифтері) туралы заң Актісі 1964

1-тармақша 4 (1) (жалпы пайданы анықтау)

«Қызметтен» кейін «немесе қызметтер» енгізіңіз.

[Министрдің заң жобасын екінші рет оқуы 2007 жылы 9- мамырда Өкілдер Палатасында өтті.

2007 жылы 28 наурызда Сенатта өтті]

3.2-сурет. Парламент заң Актісінің мысалы

Нөмірі

Заң Актісінің нөмірі «69, 2007». Бұл Заң 2007 жылы Достастық Парламент қабылдаған 69-заң Актісі дегенді білдіреді.

Атауы мен мақсаты

Заңның ұзақ атауы «1964 жылғы Радио лицензиялық алымдар заң Актісіне және осыған байланысты мақсаттары». Түзетулер енгізу заң Актісі, Ұзақ атауы, әдетте заңның мақсатын белгілейді. Қазіргі кезде көптеген заң Актілерінде бірдей нақты «мақсатты баяндау» немесе «нысанды баяндау» бар.

Заңның 1-тармағына сәйкес, оның қысқаша атауы 2007 жылғы Радио лицензиялық алымдар заң Актісіне түзетулер енгізу заң Актісі. Бұл әдетте заң Актісі белгілі болатын және сілтеме жасалатын атауы.

Күшіне ену туралы айтылуы формальды және қажетті емес.

Келісім күні

Осы заң Актісі 2007 жылғы 28-мамырда келісілді. Бұл Генерал губернатордан келісім алған күн. Келісім алған күн (5-тарауды қараңыз) мен заң Актісінің күшіне енетін күні бірдей емес (5-тарауды қараңыз).

Қаулы ету формасы

«Аустралия Парламенті қаулы етеді» деген заңнама қолданысқа енгізіледі деген сөз. Қаулы ету формальды және заңнаманың жарамдылығына қажетті емес.

Достастық заңнамасын қабылдайтын қаулысы соңғы жылдары оңайлатылды. Бұрын заң Актісін күшіне енгізу былайша берілетін:

Бұл заң Актісін Ең Жоғары Мәртебелі ханшайым, Сенат және Аустралияның өкілдер Палатасы күшіне енгізсін.

Достастықтағы *Аустралияның Конституциялық заң Актісін 1900* (Imp) күшіне енгізу былайша берілетін.

Сондықтан бұл заңды Ең Жоғары Мәртебелі ханшайым, Лордтардың рухани, уақытша және қауымдастық кеңесі мен келісімі және қазіргі сайланған Парламенттің қауымдар Палатасы және сол өкілеттік былайша күшіне енгізсін:

Бастамасы (Заң Актісінің күшіне енуі)

Заңнаманың 2-тарауына сәйкес, заң Актісі Король келісімін алған күннен кейін, 2007 жылы 29-мамырда күшіне енеді; 5-тарауда түсіндірілгендей, әрбір заң Актісінің нақты күшіне ену күні белгіленбейді.

Бөлімдер, бөлімшелер және тармақтар

Көптеген Актілер әдетте, қолайлы болу үшін нөмірленген бөлікке бөлінеді. Бөлімдер ретімен нөмірленеді.

Егер заң Актісіне кейіннен қосымша бөлімді енгізу сияқты түзетулер енгізілсе, онда барлық тарауды қайта нөмірлеуден гөрі, жаңа тарау санын үлкен әріппен енгізеді. Мысалы екі жаңа тарау заңның 14 және 15-бөлім арасына енгізілсе, жаңа тараулар «14А» және «14Б» деп нөмірленеді, егер жаңа тарау кейіннен 14А және 14Б тараулар арасына енгізілсе, онда ол «14АА» деп нөмірленеді (Ең тұрақты түзетулер енгізілген Актілердің бірі Табыс салығын бағалау заң Актісінің 1936 (Дст) іс жүзінде «159GZZZZE» нөмірі бар).

Белгілі бір заңнама тарауына сілтеме жасаған кезде, «тарау» сөзінің қысқартылып «т», бөлімдер «бб» деп берілуі қарапайым тәжірибе. Мысалы, Заңның 2-тарауын «2-т» деп аталуы мүмкін және Заңның 3-тен 7-ге дейінгі тараулары «3-7 тт» деп аталады.

Үлкен тараулар әдетте тараушалар мен тармақтарға бөлінеді. Тараушалар нөмірі әдетте жақша ішінде беріледі. Мысалы, «тарауша 4 (1)». Тармақтар әдетте, әліпбилік ретте, кіші әріппен беріледі, мысалы, «4(1) (а) тармақ. Тармақшалар әдетте кіші Рим сандарымен жазылады: мысалы, «4 (1) (а) (ii) тармақша».

Бөлімдер мен бөлімшелер

Үлкенірек заң актілері әдетте, бөлімдер мен бөлімшелерге бөлінеді. Бір бөлім бірнеше бөлімшелерден тұруы мүмкін және бөлімшеде бірнеше тараулар болуы мүмкін.

Шекті ескертулер

Ертеректегі актілерде жиі шекті ескертулер енгізілген. Беттегі тараумен қатар шекте шағын ескертулер болды. Олар қысқаша тараудың мазмұнын сипаттаған.

Шекті ескертулерді заң Актісіне парламент емес, үкімет енгізеді және ол заң Актісінің «ресми» бөлігі болмағандықтан, заңды түсіндіруде пайдаланылмайды.

Тараулар анықтамалары

Көптеген заң Актілерінде анықтамалар бөлімі бар. Бұл жиі глоссарийге ұқсас Заңнамада пайдаланылатын терминдер анықтамалары баяндалатын заңнаманың алдыңғы бөлімінде болады. Егер заңнаманы оқыған кезде терминнің мағынасына сенімсіз болсаңыз, онда алдымен анықтамалар бөлімінен тексеруіңіз керек.

Үлкен заң актілерінде белгілі бір бөлімдер мен бөлімшелердің басында анықтама бөлімі болуы мүмкін. Мұндай анықтамалар сол бөлімдер мен бөлімшелерде анықталатын терминдер кездескенде ғана қолданылады. Заң анықтамалары кешенді немесе инклюзивті болуы мүмкін. Кешенді анықтау әдетте, «X У-ды білдіреді» деген формада болады, бұл жағдайда «У» сипаттамасы толық және «X» қанағаттандыра алмайтын нәрсе «У» болмайды. Мысалы, «корпорация» Бәсекелестік және Тұтынушы Заң Актісінде 2010 (Дст) былай анықталады:

корпорация корпоративтік орган дегенді білдіреді:

(а) шетелдік корпорация;

(ә) Аустралия шегінде құрылған сауда корпорациясы немесе осылайша қалыптасқан қаржылық корпорация;

(б) аумақта тіркелген;

(в) (а) (ә) немесе (б) тармағында аталған түрдегі холдинг компаниясы.

(а), (ә) тармақтарындағы сипаттаманың бірін қанағаттандыра алмайтын корпоративтік орган заң мағынасында корпорация емес.

Инклюзивті анықтау әдетте, «X-қа У жатады» деген форманы қабылдайды, бұл жағдайда, «У» сипаттамасы «X» үлгісі, мысалы, бірақ «X» анықтамасы ашық қалады және «У» қанағаттандыра алмайтын нәрсе «X» болуы мүмкін. Мысалы, «тауарлар» Бәсекелестік және Тұтынушы құқығы заң Актісінде 2010 (Дст) былай анықталады:

тауарларға:

(а) сү, әуе кемелері мен басқа да көлік құралдары;

(ә) жануарлар, балықтар;

(б) жер асты, жердегі немесе жердегі емес пайдалы қазбалар, ағаштар мен дақылдар,

(в) газ және электр қуаты жатады.

(а), (ә), (б) немесе (в) тармақтарындағы сипаттаманың кез келгенін қанағаттандырмайтын нәрселер заң мағынасында «тауарлар» болуы мүмкін.

Кестелер

Заңнама мазмұны көбінесе күрделі және заң Актілері орналасуын жеңілдету мақсатында парламенттің заң жобалаушысы алымдар мен төлемдер нысандарын, техникалық сипаттамалар мен тізімдер сияқты заң Актілері кестесіне рәсімдік ережелер енгізуі мүмкін.

3.6-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Бәсекелестік пен *Тұтынушы құқығы Актісінде 2010* (Дст) көшірмесін жүктеп, мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Заң нөмірі деген не?
 2. Ұзақ атауы деген не?
 3. Заң объектісі деген не?
 4. Басталу күні деген не?
 5. Заңның V бөлімінің тақырыбы қандай?
 6. Заңның V бөлімінің қанша бөліктері бар?
 7. Қай бөлім анықтамалар бөлімі?
 8. Заң мақсаттары үшін «сайыс» сөзі қалай анықталады? Бұл кешенді анықтама ма немесе инклюзивті анықтама ма?
-

Сот шешімі

Сот шешімі көлемі қанша судьяның өз пікірін білдіретініне және істің күрделілігіне байланысты жарты беттен 500-ден астам беттерге дейін болуы мүмкін. Судьялар шешім шығарғанда, олар жай ғана шешімді беріп қана қоймайды, сондай-ақ олар өз шешіміне қалай келгенін түсіндіру үшін уақыт алады. Олар қай дәлелдеменің қабылданғаны және неге оның қабылданғаны, қай дәлелдеме қабылданбағаны және неліктен одан бас тартылғаны және неліктен шешімге келу үшін қай құқықтық принциптерге сүйенгенін және неліктен оларға сүйенгенін, тараптардың заңгерлері (адвокаттары) құқықтық принциптерді көтергенмен, оларға сүйенбегенін және неге сүйенбегенін, түсіндіреді. Егер бірден артық судья болса, әрбір судья пайымдаудың түрлі процесі арқылы өздерінің түпкілікті шешіміне келуі мүмкін және кейде судьялар бірлескен шешім қабылдамағанмен, олардың әрқайсысы өзінің жеке шешімін жасауы ықтимал.

Барлық жазбаша шешім заңға міндетті емес. Міндетті прецедент болатын судьяның жазбаша шешімінің тек бір бөлігі – құқықтың негізгі мәселе туралы шешім қабылдаудың нақты себебі, яғни, соттың соңғы шешімі негізделген құқық принципі. Бұл *ratio decidenti* (**шешім қабылдау себебі**) немесе жай ғана «коэффициент» ретінде белгілі. Бұл тек сөйлем немесе параграф болуы мүмкін. Жазбаша шешімнің көпшілігін құрайтын жазбаша шешім балансы, *obiter dicta* немесе жай ғана айта салу «obiter» ретінде белгілі. *Obiter*-дің (жай ғана айта салу) басқа судьялар үшін міндетті күші жоқ, бірақ нанымды болуы мүмкін, бірақ кейінгі соттар қабылдаса және оны ұстанса, тіпті міндетті прецедент болуы мүмкін.

ratio decidenti («шешім қабылдау себебі») – соңғы шешім негізделген құқық принципін белгілейтін судья шешімінің бір бөлігі.

obiter dicta («айтпақшы былай») – соңғы шешім негізделген құқық принципінен басқа судья шешімінің бір бөлігі.

Hedly Byrne & Co Ltd компаниясының Хеллер & Partners Ltd [1964] AC 465 компаниясына қарсы талап арызы

Жарнама агенттігі *Hedly Byrne & Co Ltd (HB)* компаниясы *Easipower* компаниясымен келісімшарт жасамас бұрын ол компанияның қаржылық жағдайын тексергісі келді. (*HB*) компаниясы *Easipower* компаниясының банкі *Heller & Partners Ltd (H&P)* банкімен байланыс жасап, олардың пікірін сұрады. *H&P* банкі «Құпия. Өзіңіз жеке пайдалану үшін және банктің тарапынан жауапкершілік жоқ» деген айдармен хат арқылы жауап берді. Хатта *Easipower* компаниясы қаржылық тиімді екенін мәлімдеді. *HB* компаниясы осы анықтамалыққа сүйенді. *Easipower* компаниясының қаржысы жоқ болғандықтан, *HB* компаниясы ақшасын жоғалтты. *HB* компаниясы абайсызда құқық бұзылуы туралы *H&P* компаниясын сотқа берді. Сот кеңес хатының басындағы жауапкершіліктен бас тартатына сүйене отырып, *H&P* компаниясы жауапты емес екенін шешті. Алайда сот мұндай бас тарту болмаған жағдайда, белгілі бір жағдайларда кеңес беретін адамның кеңеске сүйенген адамға көмек беруге міндетті деп жалғастырды.

HB компаниясына қатысты қабылданған шешім туралы маңызды нәрсе – кеңесшілердің әлеуетті жауаптылығы туралы мәлімдеме, жай айта салғанмен, оның басқа соттарға міндетті күші болмаса да, шын мәнінде, басқа соттар оны қабылдады және содан бері ол құқыққа айналды.

Іс құқығы баяндамаларын оқудың міндеті, шешім коэффициентін (арақатынасты) анықтау болып табылады. Судьялардың коэффициентті айқын анықтауы өте сирек кездесетін жағдай. Бүкіл жазбаша шешімді мұқият оқу қажет. Бақытымызға орай, Сіздің орныңызға судьялардың кейінгі жағдайларда арақатынасты анықтау мүмкін ықтималдығы көмектеседі. Ал, осы сияқты іс қорытындыларын ұсынатын оқулық әдетте оқырман атынан коэффициентті анықтайды.

Салыстырмалы түрде қысқаша іс құқығы баяндамаларының мысалын 3.3-суреттен қараңыз

ВАІІІ дәйексөз нөмірі: [1953] EWCA CIV 6
Англияның Жоғарғы сот жүйесі
Апелляциялық сот
Корольдік Әділет соттар
5 ақпан 1953
Бұрын:
Лорд-судья Сомервелл,
Лорд-судья Виркет,
және
Лорд-судья Ромер.
THE PHARMACEUTICAL SOCIETY OF GREAT BRITAIN
және
BOOTS CASH CHEMISTS (SOUTHERN) LTD.
арасында

(Ресми стенограммистер қауымдастығы стенограммасының транскрипті, 392-кеңсе, Әділет Корольдік соттары, Жаңа алаң, 2, Линкольн Инн, Лондон, W.C.2.)

Х. В. Ллойд-Джонс, К.С. және Х. Томас Дьюар (Mr A.C. Касл мырзаның нұсқауымен) мырзалар шағымданушы тарап (талапкерлер) атынан кеңесші ретінде қатысты. Г. Г. Бейкер, К.С. және Г. Д. Эверингтон (Мэссис Масонс мырзаның нұсқауымен) мырзалар жауапкердің (айыпталушылар) атынан кеңесші ретінде қатысты.

Сот шешімінің нұсқасы

Монарх Авторлық құқығы ©

Лорд-судья Сомервелл: Бұл 1933 жылғы Фармацевтика және Улы заттар туралы заңның 18 (1) (a) (iii) бабы бойынша мәселе көтеретін фактілердің келісілген мәлімет жөнінде баяндалған іс бойынша Әділет Бас Лордының апелляциялық шағымы. Талапкер – Король Жарғысымен тіркелген Фармацевтикалық Қоғамы. Олардың міндеттерінің бірі заң ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық ойға қонымды шараларды жасау болып табылады. Қаралатын ережелер:

Заңның осы бабының ережелерін ескере отырып, ... (iii) заң тармағы бойынша, егер тіркелген фармацевтің қадағалауымен сатылмаса, улы заттар тізімінің I бөлігіне жататын кез келген улы заттарды сату заңсыз болып табылады.

Айыпталушылар, *Messrs Boots Cash Chemists (Southern) Ltd* компаниясы жақында өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі деп аталатын өздерінің бір немесе бірнеше дүкендерін таныстырды. Бізде көптеген фотосуреттер бар, одан дәретхана бұйымдарын, тежеуіштер, жақпа және тониктер сияқты заттар түрін, әдетте *Messrs Boots* «дүкендерінің сөрелерінен көруге болады. Клиент келгенде сөмкені береді, содан кейін клиент қарап жүріп керек затын өзі таңдай алады. Ол содан кейін бөлменің соңындағы екі үстелдің біріне барады, сол жерде өзінің міндеті болғандықтан, алған заттарды көрсеткен жеріңізге дейін алып баратын, тіркелген фармацевт бар. Егер тұтынушыға қызмет көрсететін көмекші немесе тұтынушы оған сұрақ қоюды талап етпесе, оның мәмілесі жайлы ештеңе білмейтін және тіркелген фармацевт ешқандай күмәнсіз сол жерде болғанда, кісі дәріханаға келіп, тіркелмеген фармацевт жас әйелден тізімдегі заттарды сұрап, сауда жасап, ақшасын төлесе, бұл жүйе басымдылықта болмайтыны, құпталмайтыны даулы емес. Рас, мен бұл қауіпті препараттар емес деген Бас Әділет Лордтың сөзін құптаймын. Олар құрамында улы заттың өте шағын пропорциялары бар және олардың көпшілігі қанша дозада қабылдануы керек екендігі туралы ескертулері бар препараттың түрі деп ойлаймын. Олар дәрігердің тағайындауынсыз, заңнамаға сәйкес алуға болатын дәрілер.

Талапкердің ойы былай, егер және қашан тұтынушы дүкенді аралап жүріп, алған заттарын сөмкеге салғанда, төлем аяқталады деп айтылды, сондықтан егер тұтынушы дәріхананы аралап болып, кассаға келгенде, егер сондай пікір болса, тіркелген фармацевтің «Бұл дәрілерді клиентке сатуға болмайды» деуге хақысы жоқ деген дұрыс. Бірақ оның қандай жағдайларда күші бар екенін бізге

сұратудың қажеті жоқ еді. Әрине, тек келісімшарт аяқталған уақытта қадағалау жүзеге асырылуы мүмкін екендігінде айырмашылық бар екенін көруге болады.

Мен Бас Әділет Лордтың айтқандарының барлығымен келісемін, бірақ мен оны өз сөзіммен қысқаша айтайын. Мұның дұрыс көзқарас екендігі осы форматтың құқықтық салдары қандай екендігіне, клиентті шақыруға байланысты. Орындалған ұсыныс екі тарап та заттарды сөмкеге салған кезде байланысатынын немесе көптеген дүкендердің тәжірибесіндегідей және кітап дүкені ең жақсы мысал болатын, яғни дүкенде тұтынушыларға әртүрлі заттарды қарап, еркін көру қолжетімді, сайып келгенде, олар сатып алғысы келген затын таңдап алып, сатушыға «мен мынаны алғым келеді?» деуге көмектесетін неғұрлым ұйымдасқан тәсіл ретінде қарастыру керек пе? Сатушы 1000 жағдайдың 999-ында жарайды дейді, ақша төленіп, мәміле аяқталады. Мен Бас Әділет Лордтың айтқандары мен қарапайым дүкендегі жағдайда, тауарлар көрсетіліп қойылатын, клиенттің өзі қалағанын таңдаумен мәміле бітпейді, өзіне қажет заттарды көрсетіп, сатушы немесе оның атынан басқа біреу ұсынысты қабылдайды. Содан кейін мәміле, келісімшарт аяқталады. Мен осы формат нәтижесінде кез келген түрлі салдар жасауға, анық қалыпты ұстаным болғанда, мүлдем негіз көре алмаймын. Менің ойымша, Бас Әділет Лордтың оны атап көрсеткенде, ұсыныс жолымен ең үлкен қиындықтардың бірін білдірді, егер талапкер дұрыс болса, бірінші зат сөмкеге салынғанда, тұтынушы өзі шек болады және ол алған затының ақшасын төлемей, кейінірек көрген, бәлкім қалаған дәл сондай затқа алмастыруға құқысы жоқ. Мұнда Бас Әділет Лорд анықтамасынан басқа айыпталушылар сілтеме жасаған, осы келісімнен туындайтын ешқандай себепті көре алмаймын, атап айтқанда, ол жерде не бар екенін көріп, таңдап алуға мүмкіндік беретін, алған затын қайта орнына қойып, оны өзі қалаған басқа затпен алмастыратын, содан кейін кассирге барып, әзірге таңдап алған заттарын сатып алуға ұсыну тұтынушыларға ыңғайлы әдіс болып табылады. Сол шешім бойынша іс жеңіледі, өйткені заң мен уақыттың тиісті сәті талап ететін бақылау болғанын мойындайды. Менің ойымша, осы себептерге байланысты, апелляциялық шағым қанағаттандырылмауы тиіс.

Лорд-судья Виркетт: Мен де сол пікірдемін. Біз қарастыруға тиісті фактілердің келісілген мәлідемесінде өте анық көрсетіледі. Сол фактілердің дәлелдерін мырза Ллойд-Джонс өте анық мәлімдеді. Мен бәрінен де айқын болған, өзім келісетін Бас Әділет Лордтың шешімі болды деп ойлаймын. Дәлелдемелер беріліп жатқанда мен айтқан нәрсені ескере отырып, 1933 жылғы Фармацевтика және Улы заттар туралы заңның 25-бабы бойынша бұл тексеру құралдары мен басқа да тәсілдер арқылы тіркелген фармацевтің мәртебесіне қатысты осы Заңның I-тарауындағы ережелердің орындалуын қамтамасыз етуге және II-бөлімде егер (i) ол улы заттар сататын уәкілетті сатушы болмаса; және (iii) «тіркелген фармацевтің» бақылауымен жүзеге асырылмаса, «Улы заттар» туралы заңның 18 (1) (a) (iii) тармағына сәйкес, егер тіркелген фармацевтің қадағалауымен сатылмаса, улы заттар тізімінің I бөлігіне жататын кез келген улы заттарды заңсыз сатуға шара қолдану Ұлыбритания Фармацевтикалық қоғамының парызы екенін қоса айтқым келеді.

Бұл істі жарғыны оларға жүктелген міндетті орындауда фармацевтикалық қоғам әкелді және дәл пункт мен оқыған заң тармақшасында баяндалған.

Мәселенің қысқаша мазмұны қай уақытта осы нақты *Edgware* дүкенінде сатылды? Менің Лордым 1951 жылы наурыз айында сол дүкенге енгізілген жүйені (және содан бастап басқа да дүкендерге енгізілуі мүмкін) түсіндірді. Осы істе сол дүкенге барған екі ханым Мисс Мейнверинг және Мисс Маррэбл әрқайсысы белгілі бір сөреден улы заты бар пакет алды, оларды себетке салып, шығатын есікке келіп, ақшасын төледі. Бұл бір жағынан тұтынушы пакетті улы заттар бөлімінен алып, себетке салған кезде және одан кейін сату орын алады. Екінші жағынан, тұтынушы пакетті себетке салып, шығатын есікке келгенше, сату орын алған жоқ делінген.

Бас Әділет Лорды бұл мәселені осы жолмен қарады. Мен мынаны айтқым келеді: «Сондықтан, менің ойымша, мәміленің осы түріне қарапайым мағынаны қолданғанда, өзіне-өзі қызмет көрсету жарнамаланатындықтан, ешқандай айырмашылық жоқ. Шын мәнінде, бұл дүкеннің қалыпты мәміледен ешқандай айырмашылығы жоқ. Менің ойымша, сатушылар дүкенге келушілерге кез келген тауарды сатып алуға ұсыныс жасауы, келушілердің «Сіздің ұсынысыңызды қабылдаймын» деп тұруы дұрыс болмайтынын әбден құптаймын.

Содан кейін кітап дүкенінің иллюстрациясын әрі қарай қарастырып, былай деп жалғастырады: «Сондықтан, менің ойымша, бұл жағдайда тұтынушының сөрелерден медицина бөтелкесін алу фактісі сатып алу ұсынысын қабылдау емес. Бұл сатып алушының сатып алу ұсынысын көрсетеді. Мен бұл істің үлкен маңызы бар мәселенің бірі екені қанағаттанарлық деп ойлаймын. Бұл Фармацевтикалық қоғам әкелетін өте дұрыс іс, бірақ мен бұл жағдайда сату фармацевтің жетекшілігімен жасалды деп айтуға мәжбүрмін деп ойлаймын. «Сату тіркелген фармацевтің бақылауымен жүзеге асады» деген сөздерді пайдалану, менің ойымша сатуды фармацевт емес, басқа біреу арқылы жүзеге асуы мүмкін сияқты көрінеді. Егер сату фармацевтің бақылауымен болса, фармацевт: «Саған оны алуға болмайды, онда улы зат бар» деуі мүмкін. Бұл жағдайда мен бірінші затты сатып алушы ешқандай сатуды жүзеге асырмайды деп шешім қабылдаймын. Сатып алушының сатып алу ұсынысы ақшаны қабылдағанға дейін ешқандай сауда болмайды және ол фармацевт бақылауымен орын алады. Ал кез келген жағдайда, менің ойымша, ұсыныс қабылданғанда сауда орын алады деген пікірім тіпті дұрыс болмаса, сату «фармацевт арқылы немесе соның бақылауымен болады».

Мен өзімнің осы апелляциялық шағым қанағаттандырылуы керек деген келісіммен келісемін.

Лорд-судья Ромер: Мен де келісемін. Егер тұтынушы бір затты алса, ол ешқашан ол затты қайтадан орнына қойып, алмаймын деп ойын өзгерте алмайтынын байқады. Сатушы: «Жоқ, мүлікті алдыңыз, енді төлеуге тиіссіз» деп айтар еді. Бұл осы дүкеннің және осыған ұқсас дүкендердің ұстанымы болса және бұл ұстаным жалпы жұртшылыққа белгілі болса, мен сол дүкендердің танымалдығы жақсы мәмілені жоғалтатынын елестетуім керек. Шын мәнінде, мен бұл ұстаным емес екеніне қанағаттанамын, тауарлар бағаланып, осы сияқты дүкендерге қойылғанмен, олардың сатылуы белгісіз, сатушылар сатып алуға ұсыныс жасаймайды. Мен Бас Әділет Лорд келген қорытындының себептерімен келісемін және інім Биркетт сілтеме жасағандарға және сол бақылауларға менің жеке қосарым жоқ. Мен апелляцияның қабылданбауына келісемін

(Апелляция шығындардан босатылды: Апелляциядан бас тартылды)

3.3-сурет. Сот шешімдерінің үлгісі: Ұлыбритания Фармацевтикалық қоғамының *Boots Cash Chemists (Southern) Ltd*¹ компаниясына қарсы талап арызы

¹ British and Irish Legal Information Institute, *The Pharmaceutical Society of Great Britain v Boots Cash Chemists (Southern) Ltd*. [1953] 1 All ER 482; [1953] EWCA Civ 6, www.bailii.org.

Сот шешімі мынадай ақпараттарды анықтаудан басталады.

- Сот ісі Апелляциялық сотта, Англияның Жоғарғы сотында тыңдалды. Бұл Ұлыбритания соты.
- Сот шешімі 1953 жылы 5 ақпан күні қабылданды.
- Іс лорд-судья Сомервелл, лорд-судья Биркетт және лорд-судья Ромердің алдында тыңдалды.
- Тараптардың атаулары Ұлыбритания Фармацевтикалық қоғамы (апеллянт және бастапқы талапкер) және Boots Cash Chemists (Southern) Ltd компаниясы (жауапкер және бастапқы айыпталушы)

Үш судьяның әрқайсысы бөлек үкім шығарды. Алайда, барлығы апелляциялық шағымдар қанағаттандырылмауы тиіс деп түпкілікті шешім жасаумен келісті және әрбір шешімнің себептері негізінен бірдей болды.

Шешім қабылдау себептерін қалай әзірлей алар едіңіз, *the ratio decidendi* қатынасымен бе? Сіз материалдық фактілері мен құқықтық мәселені немесе заңның негізгі мәселесін анықтаудан бастай алар едіңіз. Материалдық фактілер – егер «тіркелген уәкілетті фармацевтің бақылауымен жүзеге асырылмаса, 1933 жылғы Фармацевтика және Улы заттар туралы заң Актісі улы заттар белгілі бір түрлерін сатуға тыйым салады. *Boots Cash Chemists (Southern) Ltd* компаниясы дүкендерінде тауарлар тұтынушылар сөрелерден өздері таңдап алып, кассаға төлейтіндей етіп қойылған. Құқықтық мәселе – дүкен мен тұтынушы арасында келісімшарт жасалғандығы және сатудың қай кезде, яғни, егер сату тұтынушы тауарларды таңдаған кезде болса, онда сату фармацевтің бақылауынсыз болады және бұл 1933 жылғы Фармацевтика және Улы заттар туралы заң Актісіне қайшы келеді. Ал егер сату тұтынушы тауардың ақшасын төлеген кезде орын алса, онда бұл заң Актісі бұзылмайды.

Әр судья заңға қайшы келмейді деп шешті, сондай-ақ олардың шешім қабылдау себебі – дециденди қатынасына (*ratio decidendi*) негізделді, бұл:

(I) Қарапайым дүкен жағдайында, тауарлар тұтынушылар өздері сөрелерден таңдап алатындай етіп қойылады және ол тұтынушы өзіне қажет тауарды көрсеткеннен кейін барып, сатушы немесе оның атынан басқа біреу ұсынысты қабылдағанға дейін келісімшарт аяқталмайды.

Әр судьяның қалған шешімі олардың шешім салдарының түсініктемелері мен тұтынушы сөреден тауарларды алған мезетте келісімшарт жасалады деген шешімнің ықтимал салдарлары *obiter dicta*.

ЕСКЕРТУ!

Соттың барлық жазбаша шешімі заңға байластырылмайды, міндетті емес. Тек шешімнің себебі немесе дециденди қатынасына (*ratio decidendi*) басқа соттарға міндетті болады. Қалған жазбаша шешімдер нанымды болуы мүмкін, бірақ ол міндетті емес.

3.7-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Донохью мен Стивенсон [1932] AC 562 ісін жүктеңіз және мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Іс қай сотта тыңдалды?
2. Үкім қай күні болды?

3. Істі тыңдаған судьялардың есімдері кім?
 4. Тараптардың толық есімдері кім? Арызда кім жауапкер және кім талапкер болды?
 6. Негізгі құқықтық мәселе не болды?
 7. Сот шешімі қандай болды?
 8. Лорд Атकिनнің шешіміне назар аударыңыз, дециденди қатынасы (*ratio decidendi*) қандай болды?
-

Құқықты түсіндіру

Сіз заңнаманың немесе сот шешімінің маңызды элементтерін қалай табуды үйрендіңіз. Енді сіз оқығандарыңызды түсінетін және түсіндіре алатын болуыңыз керек.

Түсіндірудің қажеттілігі

Неге заң «түсіндіруді» қажет етеді?

Құқық жазбаларын оқып, түсіну өте қиын. Нормативтік құжаттар – әсіресе, көне мәтіндер көбінесе ұзақ, күрделі, қайталанатын, нашар құрылған, ұйымдастырылған, қажетсіз күрделі және шатастыратын жазбалар. Мысалы, жалға беруші жалға алушыға берілген мүлікке жақсы жөндеу жүргізу жауапкершілігін жүктей алады. Үй-жай егер «жалға алушы жөндейтін болса» ғана жалға беріледі. Заң бойынша бұл жеткілікті болар еді. «Үй-жайлар» деген сөз жалға берудің басқа бір жерінде басқаша анықталады және бұл сөздің мағынасы көптеген сот шешімдерінде түсіндірілген қарапайым ағылшын сөзі болғандықтан, «жөндеу» терминін анықтаудың қажеті жоқ. Дегенмен Дэвстоунның *Ravensft Properties Ltd (Holdings) Ltd* [1980] *Q.B. 12 at 15* компаниясына қарсы талап арызы бойынша ағылшын соты ісіндегі жалға беруде кездесетін редакцияны қарастырайық:

Жол төсеуін бұзылудан сақтау, үйге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және үй-жайларды, олардың әрбір бөлігін сақтау, бос құймасын тазарту . . . және барлық қабаттың қабырғалары, бағандары, аспалар, лифтілер мен эскалаторлар шатырларын, біліктер, сорғылар және су мен басқа да қандай да барлық қажетті санитарлық аппараттарды, барлық қажетті түзетулер жасау, дренаж коллекторлар арналарын, құбырлар, сымдар, кабельдер, науадағы топырақ және басқа да құбырлар резервуарларын, цистерналар, қоршаулар, тротуарлар, баспалдақтарды [жалға алушы] қашан, қайда және көп жағдайда жақсы және жеткілікті жөндеуге, қалпына келтіруге, жаңартуға міндетті . . .

Сот шешімдерінде судьялардың пайдаланылатын тілі жиі түсінікті, өте формалды және заң терминологиясына толы болады. Әсіресе, олардың ескірген лексикасы бар бұрынғы шешімдерін түсіну қиын болуы мүмкін. Ал, судьялар және маман емес адамдар бірдей көптеген жылдар бойы заңнамада пайдаланылатын тілмен күресіп келеді. 1936 (Дст) Табыс салығын бағалау заң Актісінің келесі үзіндісін қарастырайық:

Бірінші автокөлік екінші көліктің, екінші көлік үшінші автокөліктің және алғашқы аталған автокөлік үшінші автокөліктің ізашары болып табылатын жағдайда, соның ішінде үшінші автомобильдің (басқа қолданыста алғашқы аталған автокөлік үшінші автокөліктің ізашары немесе осы тармақтағы қолданысты қоса алғанда²).

² *Income Tax Assessment Act 1936* (Cth) s 82KTJ (2)(b) (subsequently repealed).

Төменде Дэвидің *Leeds Corporation [1964] 1 WLR 1218 at 1224–5* компаниясына қарсы талап арызындағыдай заңнаманы түсіндіру күресі алуан түрде әсірелеп сипатталады:

Осы мәселе бойынша қорытындыға келу үшін сотқа заңнама тіліндегі аяқ алып жүргісіз батпақтармен, тастан-тасқа соғыла, әр жаққа апаратын жол сызықтары бар кестелер орманы, батпақты газ жұтуды елемей жол табуға тура келеді. Мен оны бір рет қарастырдым, ақыр соңында, тауы шағылған адамдай, ол арқылы сот өз аяғын өзі ешқашан сүйрей алмайтынын мойындауым керек. Бірақ мен батпақ доңғалақтарының бірінен екіншісіне шамам жеткенше секіре отырып, қажыған, шаршаған күйде басқа жағына да жеттім.

Жалпы құқықтық мәтіндерде, атап айтқанда, заңнама тілінің оқылуы неге қиын екендігінің көптеген себептері бар.

- Заңнама жобасы әзірленгенде, оны мүмкіндігінше егжей-тегжейлі тәртіппен судьялар мен азаматтарға Парламент мүддесін интерпретациялауды қиындатып жасайды. Тіл өзінің табиғатынан дәл емес және ықтимал түсініспеушілік пен дұрыс түсіндірмеуді болдырмас үшін заңнама жиі анық құрбандыққа алып келетін дәлдікпен әзірленеді.

3.8-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Бір АҚШ судьясының сөзінде «бірнеше сөздер математикалық символдар³ дәлдігіне ие. Осы мәлімдеме жарғылық түсіндіру тұрғысында нені білдіреді?

-
- Заңгерлер мүлдем жаңа құжаттарды әзірлеуді мүмкіндігінше болдырмайды және оның орнына нақты жағдайларға сәйкес тиісті өзгерту жасап, стандартты құжаттарды немесе «прецеденттерді» пайдалануды қалайды.
 - Кең ауқымды ықтимал сценарийлерді қамтитын өте егжей-тегжейлі прецеденттерді пайдалану заңгерлерге бұл процесті жеңілдетеді, бірақ жиі қажетсіз ұзақ құқықтық құжаттар жасауға әкеледі.
 - Заңгерлер тарихи құжат неғұрлым ұзағырақ болса, соғұрлым заңгерге пайдалырақ деп өздерінің клиенттеріне ұзақ заңнама құжаты негізінде жүк салады. Бұл ешқандай жалпы тәжірибе болмағанмен, осы тәжірибе ортақ болған уақыт ішінде көптеген прецеденттер дамыды және әлі де пайдаланылуда.
 - Заңнама жазбасында *ratio decidendi* сияқты көптеген латын терминдері бар. Өйткені латын тілі бір кездері «оқыту тілі» болды және осы уақыт ішінде дамыған көптеген терминдер сақталып қалды. Сондай-ақ, *tort*, *chose* сияқты көптеген француз терминдері де бар.
 - Заң тілінде күнделікті мағынасынан мүлде басқаша мағынасы бар көптеген ағылшын терминдері қолданылады. Мұндай сөздерге мысалы, «*consideration*» (басқа адамның уәдесі үшін төленетін баға), «*frustration*» (келісімшартты аяқтауға әкелетін күтпеген оқиға) және «*assault*» (зиянның өзінен гөрі физикалық зиян қаупі) терминдері жатады.

Соңғы жылдары көптеген осындай дәстүрлі проблемаларды шешуге ұмтылатын заң жазбасында «кәдімгі тіл қозғалысы» болды. Қазір заңгерлер мен парламенттік заңнама әзірлеушілерге оқырман оның мағынасын түсінуге уақыт кетірмей, құжатты тез және оңай түсіне алатындай тілді айқын және тікелей қарапайым қолдану ұсынылады. Бірқатар елдерде құқық реформасы комиссиясы заң жобасын қарапайым тілдік стильде

³ *Boyce Motor Lines, Inc. v. United States* [1952] 342 US 337; (1952) 72 SCt 329.

жасауға шақыратын баяндамалар шығарды. Қазіргі кезде Аустралия юрисдикциясында Парламенттік Кеңестер саналы түрде қарапайым тілдік стильді қабылдайды. Ал көптеген юрисдикция жарғылары қазір белгілі бір құжаттардың кәдімгі, қарапайым тілде болуын талап етеді, мысалы, Тұтынушы несиесі туралы заңнама кредиторлардан несие шарттары мен ескертулерінің «онай заңды» және «анық білдіруін» талап етеді.

3.9-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ


Келісімшарттар мен заңнаманы құқықтық дайындауда қарапайым тілдік тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

Жарғылық түсіндіру

Құқық мәтіндерін оқу және түсіндіруге қатысты жалпы және нақты ережелердің бірқатары **жарғылық түсіндіру** тұрғысында әзірленді (3.4-суретті қараңыз). Жарғылық түсіндіру – заңнама нақты фактілер жиынтығына немесе нақты нормативтік ережеге қайшы келгенде қолдану, қолданбауды шешу тапсырылғанда жасайтын заңнама соттарының түсіндірмесі. Осы ережелер мен принциптердің көпшілігі жарғылық түсіндіруге ғана қолданылмайды, сонымен қатар, мысалы, келісімшарттар сияқты басқа заңнама мәтіндерін оқу және түсіндіру үшін қолданылады.

жарғылық түсіндіру – заңнама нақты фактілер жиынтығына немесе нақты нормативтік ережеге қайшы келгенде қолдану, қолданбауды шешу тапсырылғанда жасайтын заңнама соттарының түсіндірмесі.

Жарғылық түсіндіру мен құқықтық істі талдауды екі бөлек әрекет деп қарастыруға болмайды. Құқықтық іс заңнамалық нормаларды түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Қашан болмасын, Жоғарғы Сот судьясы нақты заңнамалық норма қалай түсіндірілуі тиіс екенін шешкенде, сол интерпретация прецедент болады, демек, Жоғарғы Сот реттеп тұрған кезде, барлық төменгі соттар үшін ол міндетті болады.



3.4-сурет. Жарғылық түсіндіру ережесі

Сөзбе-сөз түсіндірме жасау тәсілі

Заңнама мағынасын түсіндірудің дәстүрлі тәсілі, егер әріптік түсіндіру (сөзбе-сөз түсіндіру) анық мағынасыз немесе қалған жарғымен («басты ережемен») қайшы болмаса, заңнамада пайдаланылған нақты сөздерге және оларды сөзбе-сөз түсіндіруге («әріптік ереже») назар аударылады.

Сөзбе-сөз түсіндіру ережесі

Сөзбе-сөз түсіндіру ережесіне сәйкес, сот жарғыны оқығанда, оны жарғыдағы сөздер мен сөз тіркестерінің қарапайым және табиғи мағыналарын беріп, сөзбе-сөз түсіндіру керек. Жарғыдағы сөздер немесе сөз тіркестерінің сөзбе-сөз мағынасын анықтауға тырысуда соттың Маккери немесе Оксфорд ағылшын сөздігі сияқты сөздікке жүгінуі таңғаларлық емес.

Бір нәрсені сөзбе-сөз оқу деген сіз әдеттегі мәтінді оқитын тәсілден мүлде басқаша. Егер сіз кітап немесе газет мақалалары тәрізді нәрселерді оқығанда әдетте сіз автордың мүддесі не немесе олардың не айтқысы келгеніне үңілуге тырысасыз. Мәтінді сөзбе-сөз оқығанда, сіз автордың нені меңзейтініне емес, оның орнына пайдаланылған нақты сөздерге баса назар аударасыз. Сіз өзіңізден «бұл сөз нені білдіреді» және әрбір сөзді және әрбір сөз тіркесін түсіндіргенде, олардың қарапайым, табиғи мағынасын бересіз. Мысалы, мына сөйлемді алып қарастырайық: «Рейдің қолдары мұздай суық болды. Сіз әдетте мұны Рейдің қолдарының қатты суық екенін білдіріп түсіндіресіз, бірақ нағыз мұздататын суық емес, бұл автордың айтқысы келгені. Егер сіз сөйлемді сөзбе-сөз түсіндірсеңіз, Рейдің қолдарының температурасы нөлден төмен екенін білдіреді, яғни бұл, мұздатылған қатты затқа жатады.

Кейде жарғыны сөзбе-сөз оқу арқылы сот заңнамада не айтылғаны анық емес түсіндірмелерден арылады. Мұның оңайлатылған үлгісі бар. Жарғы төмендегіні ұсынады:

Автомобилист сағатына 1-ден 10 шақырым аралығында тыйым салынған жылдамдық шегін асырса 100\$ айыппұл, сағатына 10 және 20 шақырым арасында жылдамдық шегін асырса, 200\$ айыппұл салынады.

Мәтінді сөзбе-сөз оқығанда, сағатына 10 шақырым жылдамдық шегін асыратын автомобилистке мүлде айыппұл салынбайды.

сөзбе-сөз түсіндіру ережесі – заңгерлер мен судьялар пайдаланылатын мәтіндерді түсіндірудің дәстүрлі тәсілі. Заңгерлер заңнамадан қалып кеткен, яғни, олқылықты іздеу туралы айтқанда, олар заң мәтінін сөзбе-сөз оқу практикасына жүгінеді және осындай сөзбе-сөз оқылымда заң қолданылатын немерсе мүлдем қолданылмайтын жағдайларды іздейді.

олқылық – заң ережесі сөзбе-сөз түсіндірілгенде, адамды заңдағы көзделген ережені айналып өтуге мүмкіндік беретін заң ережесіндегі «олқылық».

Фишердің Беллге қарсы талап арызы [1961] 1 QB 394

Ағылшын жарғысында «қылмыс жасаған кез келген адамға үшкір пышақ берген, сатқан немесе несиеге берген кез келген тұлға да қылмыс жасайды» делінген. Белл өз дүкенінің терезесінен бағасы жазылған пышақты көрсетіп қойған. Сот «Белл қылмыс жасаған жоқ» деп шешті. Бұл Жарғыны сөзбе-сөз түсіндірді және Белл іс жүзінде пышақты сатқан жоқ деп қабылдады.

Ескерту!

Заңнаманы немесе өзге де заң жазбаларын оқығанда, мәтінді мүмкіндігінше сөзбе-сөз оқудан бастауды еске ұстаңыз.

Заңгерлер мен судьялар ол мәтінді мұқият әзірлеуде жарғы авторының жауапкершілігі екенін дәлелдеу арқылы сөзбе-сөз оқу тәсілін қорғайды және егер сөзбе-сөз оқығанда заңнамада кемшіліктер анықталса, немесе автордың айтпақ ойынан керісінше нәтижеге әкелетін болса, бұл аудармашының емес, автордың кінәсі. *Amalgamated Society of Engineers компаниясының Adelaide Steamship Co Ltd* 129 (1920) 28 CLR компаниясына қарсы талап арызындағы Дж.Хиггинстің пікірі:

Түсіндірудің негізгі ережесі . . . жарғыны жасаған парламенттің мүддесіне сәйкес баяндалуы тиіс және оның осы ниетін тұтастай алғанда жарғыда пайдаланылған тілді сараптама жасау арқылы табуға болатындай болуы керек. Мәселе тіл нені білдіретінінде. Біз тілдің қарапайым және табиғи мағынасында нені білдіретінін тапқан кезде, оның мағынасы ыңғайсыз, сәйкес емес, дәрекі немесе екіталай деп ойласақ та, сол мағынаға мойынсұнуымыз қажет.

Алайда кейде сөзбе-сөз оқу анық түсініксіздікке әкелетін немесе мәтіннің мағынасын мүлде нақтыламайтын жағдайлар да бар. «Тұруға болмайды» деген сөздер жазылған жол белгісін сөзбе-сөз түсіндіргенде, белгінің жанында тұрған адамдарға тыйым салып, көлікті қоюға тыйым салмайды деп түсінуге болар еді. Мұндай жағдайларда сіз алтын ережеге (Аустралияда «Алтын ереже» деп аталатын негізгі ереже бар) жүгінесіз.

Негізгі ереже

Негізгі ережеге сәйкес егер мәтінді сөзбе-сөз оқу анық мағынасыздыққа, түсініксіздікке әкелетін болса, сот мағынасыздықты болдырмау үшін сөзбе-сөз мағынаны өзгертуі тиіс. Басқаша айтқанда, заңнаманы түсіндіргенде сот тым сөзбе-сөз мағынаны алмауы керек. Грейдің Пирсонға қарсы талап арызындағы (1857) 6 HLCas 61, 106; 10 ER 1216, 1234 (Lord Wensleydale) лорд Венслейдейлдің пікірі:

Мағынасыздық пен сәйкессіздікті болдырмау үшін сөздердің грамматикалық және қарапайым мағынасы өзгертілуі мүмкін жағдайда келіспеушілікке, мағынасыздыққа, оның қалған бөлігімен сәйкессіздікке, жеккөрініш тудыруға әкелмесе сөздердің грамматикалық және қарапайым мағынасын ұстану керек, бірақ ешқандай басқа жағдайда емес.

алтын ереже – жарғылық түсіндіру ережесі: заңнаманы түсіндіру мағынасыздық пен сәйкессіздікті болдырмау үшін сөзбе-сөз түсіндіруді өзгертілуі тиіс болатын мағынасыздыққа немесе құжаттың қалған бөлігімен сәйкес келмейтін нәтижеге әкелмесе, заңнама сөзбе-сөз түсіндірілуі тиіс.

Адлердің Джорджға қарсы талап арызы [1964] 2 QB 7

Қызметтік құпия туралы 1920 жылғы заңның 3-тарауында 75 с 10 & 11 Geo 5 (Ұлыбритания актісі) Кез келген «тыйым салынған орын маңында», Ұлы Мәртебелі билігінің мүшесіне кедергі келтірген кез келген адам қылмыс жасады деп айыпталады. Адлер заң мағынасы бойынша тыйым салынған жерде, күзетшілердің біріне қарсылық көрсетіп, RAF станциясына кірді. Ол заңның 3-тарауын бұзды деп айыпталды. Адлер «тыйым салынған жерде» күзетшіге қарсылық көрсеткендіктен, «тыйым салынған жердің маңында» күзетшіге қарсылық көрсеткенін дәлелдеді. Сот алтын ереже қолданылған мұндай сөзбе-сөз мағынадағы тәсілді қабылдамады және заңның 3-тарауын «тыйым салынған орында немесе маңында» деп түсіндірді.

Мысалы, егер сіз жаяу жүргіншілер өткелінде жолды кесіп өткелі жатсаңыз және «жаяу жүрмеңіз» деген белгі жанып тұрса, бұл сізге жолда жүгіруге немесе секіруге болады дегенді білдіре ме? Бұл жағдайда сөзбе-сөз мағынасында «Сізге жаяу жүруге болмайды» дегенді білдіреді. Бұл тым сөзбе-сөздіктің мысалы. «Жаяу жүрмеңіз» деген белгі бұл жағдайда сөзбе-сөз мағынасында «жаяу жүрмеңіз» дегенді емес, «жолды кесіп өтпеңіз» дегенді білдіреді.

Лидің Наппқа қарсы талап арызы [1967] 2 QB 442

1960 жылғы Жол қозғалысы туралы заңның 77-бабында 8 9-*Eliz 2, B c16* (Ұлыбритания Заңы) «кез келген жағдайда, жолда автокөліктің қатысуымен апат болса ... оған сәйкес бұл автокөліктен басқа көлікке залал келтірілсе, автомобиль жүргізушісі тоқтауы тиіс» делінген. . . . Кнапп көлік апаты орнынан кеткеннен кейін заңның 77-бабын бұзғаны үшін айыпталды. Напп тоқтадым деп уәж айтты: ол басқа көлікпен соқтығысқан сәтке тоқтаған. Сот заңның бұл тармағының осындай сөзбе-сөз мағынадағы түсіндірілуін қабылдамады және «тоқтау» сөзі апат болған жерде байланыс алмасу және апатқа қатысты басқа адамдардан қажетті ақпарат алғанға дейін жүргізуші тоқтауы тиіс деп түсіндірілуі керек деп шешті.

Мәтінде айқын қате немесе олқылық болған кезде алтын ереже жиі пайдаланылады.

Контекстуальды тәсіл

Заңнаманы әріптік тәсілмен түсіндіру үнемі тиімді бола бермейді. Ағылшын тілінде бірден астам мағынасы бар көптеген сөздер мен сөз тіркестері бар. Мысалы, мынадай нормативтік ережені қарастырып көрейік:

Теннис матчына көрермендерге өздерімен стакан алып баруға рұқсат етілмейді.

«*Glasses*» сөзі көзілдірік немесе сусын ішетін стакан деген мағынада ма? Бұл заң тармағын сөзбе-сөз мағынасында түсіндірудің еш пайдасы жоқ, өйткені «*glasses*» сөзі осы екі мағынаны да білдіреді. Бұл жерде нормативтік ереженің контексін қарастыру пайдалы болар еді. Егер сіз теннис матчы кезінде сусын көзілдірікте берілуі керек дегенді білдіретін нормативтік ережеге жақынын үйренсеңіз, сіз контекстен жоғарыдағы ережелердегі «*glasses*» сөзі сусын ішетін стаканды білдіретінін білер едіңіз.

Соңғы жылдары соттар нормативтік ережелерді түсіндіру үшін мәнмәтіндік тәсілге артықшылық беруге тырысты. Осы тәсілге сәйкес, заңда пайдаланылатын сөздерді жеке-жеке және бір-бірінен оқшаулап түсіндіруден гөрі, сот осы сөздердің әртүрлі контексіне назар аударуы тиіс. Жоғарғы Соттың көпшілігі *Project Blue Sky Inc компаниясының Australian Broadcasting Authority компаниясына қарсы талап арызында (1998) 194 CLR 355, 381* түсіндіргендей, «сот процесінің құрылымы әрқашан қарастырылатын нормативтік ереже контексін зерделеуден басталуы керек». Келесі тараушаларда біз жарғыда пайдаланылатын сөздерді түсіндіргенде қарастырылуы тиіс бес контексті сипаттаймыз:

- тікелей контекст;
- заңды тұтастай алу;
- басқа заңнама;

- алдыңғы заңнама;
- қалпына келтірілетін «олқылық»;

Тікелей контекст

Жарғыдағы сөзді немесе сөз тіркесін түсіндіргенде бірінші қарастырылатын тікелей контекст: бұл заңнаманың сол тармағында немесе оның айналасындағы тармақтарында пайдаланылатын сөздер мен сөз тіркестері.

Әдетте **контекст ережесі** ретінде белгілі түсіндіру ережесіне сәйкес (кейде оны Латын тіліндегі атауымен *noscitur a sociis* деп те атайды), сөздер немесе сөз тіркестерінің мағынасы контекстен алынуы керек. Борнның *Norwich Crematorium Ltd [1967] 2 All ER 576, Stamp J компаниясына* қарсы талап арызы туралы ағылшын сотында ереже төмендегідей түсіндірілді:

Ағылшын сөздері өздерін қоршап тұрған сөздерден мағыналық реңк алады. Сөйлем тек сөйлемнен алынған, сөздікке сілтеме жасап, жеке анықталған, шешілген істер және сөйлем немесе сөз тіркесі ретінде ағылшын тілін бұрмалаусыз мағынаға ие бола алмайтын, кейін жеке сөздер ретінде өзіңіз белгілеген мағынамен оларды сөйлем ішіне қайта енгізілген сөздер жиынтығы емес.

контекст ережесі (*noscitur a sociis*) – жарғылық түсіндірудің ережесі: сөздер немесе сөз тіркестерінің мағынасы оның контексінен алынуы керек.

P-дың Харриске қарсы талап арызы (1836) 7 Car & P 446; 173 ER 198

Харрис егер кез келген адам кез келген басқа адамды жеребе тастау арқылы немесе кез келген басқаша жолмен, кез келген адамға оқталған қарудан оқ атуға тырысу, зақымдайтын соққы беру, жаралау, кесу, қастандық жасау, қандай да бір басқа ауыр дене жарақатын жасау, бұзу, мүгедек ету заңды бұзған қылмыскер ретінде айыпталады. Харрис бір әйелдің мұрнының ұшын тістеп алып, жарақат жасады деп айыпталған болатын. Сот контекст ережесін қолданып, жоғарыдағы Заңдағы «жарақат» сөзі сөзбе-сөз жарақат дегенді білдірмейді, жарақаттау контексінде ол «қол немесе тіспен емес, кейбір құралмен келтірген» деп шектеледі деген ұстанымды алды.

Тағы бір сөздің тікелей контексінің маңыздылығына назар аударатын түсіндіру ережесі – **топтау ережесі**. Топтау ережесіне (сондай-ақ, ол латын тіліндегі *ejusdem generis* атауымен белгілі) сәйкес екі немесе одан да көп нақты сөздер жалпы сөздерден кейін келеді, жалпы сөздер нақты сөздер құрайтын топқа сәйкес түсіндіріледі. Мысалы, егер сіз «сыра, шарап, ішімдік, алкоголь және тағы басқа сұйықтықтарды» сияқты сөз тіркесін жарғы құжатында көрсеңіз, сізге «сұйықтар» сөзін сөзбе-сөз түсіндіруге болмайды, оны алдыңғы «сыра, шарап, ішімдік» деген нақты сөздер белгіленген топқа шектелген, яғни алкогольді ішімдіктер деп түсіндіресіз.

топтау ережесі (*ejusdem generis*) – жарғылық түсіндіру ережесі: екі немесе одан көп нақты сөздер жалпы сөздерден кейін келгенде, жалпы сөздер нақты сөздер құрайтын топқа сәйкес түсіндірілуі тиіс.

Адамдардың (Мемлекеттік прокурордың директоры) Фарреллге қарсы талап арызы [1978] IR 13

1939 жылғы Мемлекетке қарсы құқық бұзушылық заңының (Ирландия) 30-бабында күдіктіден жауап алу үшін «*Garda Síochána* станциясында, түрмеде, полицияда немесе қандай да бір басқа ыңғайлы орында» бірнеше сағат ұсталуы мүмкін делінген. Фаррелл бірнеше сағат бойы полиция көлігінде ұсталды. Сот топтау ережесін қолданып және «басқа да бірқатар ыңғайлы орын» дегенді ғимараттың кейбір түрімен шектелген дегенді ұстанып, полиция көлігін бұлардың қатарына жатқызбады.

Біртұтас акті

Жарғылық (нормативтік ереже) заң контексінде орын алған жерінде түсіндірілуі тиіс. Хиггинс Дж. ұсынған (жоғарыдан қараңыз) *Amalgamated Society of Engineers компаниясының Adelaide Steamship Co Ltd (1920) 28 CLR 129, 161-2 (emphasis added) компаниясына* қарсы талап арызындағы әріптік ереженің түсініктемесін естеріңізге сала кетейік.

Түсіндірудің негізгі ережесі . . . жарғыны жасаған парламенттің мүддесіне сәйкес баяндалуы тиіс және оның осы ниетін тұтастай алғанда жарғыда пайдаланылған тілді сараптама жасау арқылы табуға болатындай болуы керек.

Мысалы, егер, сот Оңтүстік Аустралия университеті Заңындағы *1990 (OA)* «студенттер» туралы бабында «студент» сөзін оқығанда оны сөзбе-сөз кез келген студент түріне жататын деп түсіндіруге болмайды, оны заң контексінде тұтастай алып, Оңтүстік Аустралия университеті студенттері ретінде түсіндірілуі керек. Заң тұрғысында тұтастай алып жарғылық (нормативтік) ережелерді түсіндіргенде, сот заңның түрлі элементтеріне назар аударып, соның ішінде ұзын және қысқа атауларды, кіріспе, нысан сөйлем, анықтамалар бөлімі, заңның өзге де бөлімдеріне, заң кестелерін және т.б. ескереді.

Басқа заңнама

Егер сөз немесе сөз тіркесі бір жарғыда белгілі бір тәсілмен анықталса немесе түсіндірілсе, басқа жарғыда бірдей мағынасында бар ретінде түсіндірілуі міндетті емес. Алайда, Парламент барлығы бірдей немесе ұқсас мәселеге қатысты жарғылар сериясын қабылдағанда, сот барлық жарғыға ортақ сөз тіркестерін бірдей тәсілмен түсіндіруі мүмкін. Сөздерді ұқсас жолмен *Commissioner of Stamp Duties компаниясының Permanent Trustee Co Ltd (1987) 9 NSWLR 719, 724 компаниясына* қарсы талап арызында П. Кирби түсіндіргендей, «Біз Парламент өз заңнамасын ұтымды, тиімді және әділ бірге жұмыс істеуге пайдалануға арнап жасайтынын ойлауымыз керек».

Алдыңғы заңнама

Соттар кейде нақты нормативтік ережелерді түсіндіргенде, қабылданған жарғыдан бұрын қолданыстағы, алдыңғы заңнаманы назарға алады (ескереді). Бұл жалпы құқық ережелерін алмастыру үшін жарғы қабылданған жағдайда неғұрлым ықтимал, сот нақты нормативтік ережелердің мағынасына қатысты белгісіздік жағдайда нұсқаулық үшін ортақ, жалпы ережелерге қайта жүгінуі мүмкін.

Олқылықты қалпына келтіру

Олқылық ережесіне сәйкес, нормативтік ережелер екіұшты, түсініксіз болған жағдайда, сот мәселенің немесе «екіұштылықтың» жарғыда неге бағдарланғанын қарастыруы керек. Олқылық ережесі бірінші рет Хейдонның ісінде (1584) *3 Co Rep 7a, 7b; 76 ER 637, 638* көрсетілді:

Жалпы барлық жарғыны [F] немесе анық және шынайы түсіндіру (олар қылмыстық, атқару, пайдалы немесе жалпы құқықты кеңейту, шектеу болсын) төрт нәрсені түсіндіру және қарастыру керек:

1. Заң қабылданғанға дейін қандай жалпы заңнама болды.
2. Жалпы заңнамада қарастырылмаған қандай олқылықтар мен ақаулар болды.
3. Парламент (Достастықтағы) олқылықтарды түзетуге қандай шешім қабылдады және оған нені қолдануды белгіледі.
4. Шағымның нақты себебін анықтау, содан кейін барлық судьялар кеңсесі үнемі олқылықтың жолын кесу, сондай-ақ, қорғаныс құралын жақсарту және олқылықтың әрі қарай жалғасуын болдырмау үшін өнертапқыштықты пайдалану және жолын кесу сияқты құрылымдар жасауы тиіс . . . және заң жасаушылардың шынайы мүддесіне сәйкес олқылықтарды қалпына келтіру мен түзетуге бар күш жігерін жұмсауы керек. . . .

олқылықты түзету ережесі – жарғыны түсіндіру ережесі: Жарғыда «екіұштылық» болған жағдайда, сот жарғы нені шешуге арналған мәселе немесе «олқылық» екенін қарастыру керек.

Смиттің Хьюгеске қарсы талап арызы [1960] 2 ALL ER 859

Көше бұзақылығы туралы Заңнамаға 1959, 7 және 8-Eliz 2, C57 (Ұлыбритания Заңы) сәйкес, «жезөкшелік мақсатында көшеде назар аударту немесе сұрату» жезөкшелер үшін қылмыс болады. Айыпталушылар көшеде балкондардан, терезелерден ер кісілерді шақырады.

Олар өздерін «көшеде» болған жоқпыз, сондықтан кінәлі емеспіз деп мәлімдеді. Сот олқылық ережесін қолданды және заңның мүддесі жезөкшелікті қудалау туралы заңдағы олқылықты түзетіп, оларды кінәлі деп шешті.

Соттардың сөзбе-сөз түсіндіру тәсіліне назар аудару өсіп отырғанда олқылықты түзету ережесі қолданыстан шығып қалды, бірақ қазір мақсатты тәсіл түрінде қолдану қайта жанданып келеді.

Мақсатты тәсіл

Үшінші жалпы тәсіл **мақсатты тәсіл** ретінде белгілі: нормативтік ережелерді түсіндіргенде сот парламент жарғыны қабылдағанда олардың көздеген айқын мақсаттарына назар аударуы тиіс.

Алғашқы екі сөзбе-сөз түсіндіру мен контекстуалды тәсіл – жалпы құқық ережелері, яғни, оларды судьялар әзірлейді. Үшінші тәсілді заңнама жасады және оған ықпал етті. Аустралиядағы әр парламент заңнаманы түсіндіруге қатысты көптеген ережелері бар Түсіндірме заңнамасын қабылдайды (3.3-кестені қараңыз). Достастық заңнамасын түсіндіргенде, сіз Достастық Түсіндірме заңын қарайсыз, Тасмания заңнамасын түсіндіргенде, Тасмания Түсіндірме заңын қарауыңыз қажет т.б..

мақсатты тәсіл – жарғы оның мақсаты мен міндетін қолдайтындай етіп түсіндірілуі тиіс жарғылық түсіндіру тәсілі.

3.3-кесте. Түсіндірме заңнамасы

Юрисдикция	Заңнама
Достастық	Заңнамаларды Түсіндіру заң Актісі 1901 (Дст)
Аустралияның астаналық аумағы	Заңнама Актісі 2001 (ААТ)
Жаңа Оңтүстік Уэльс	Түсіндірме заң Актісі 1987 (ЖОУ)
Солтүстік Аумақ	Түсіндірме актісі 1978 (СА)
Квинсленд	Заңнаманы Түсіндіру заң Актісі 1954 (Клд)
Оңтүстік Аустралия	Заңнамаларды Түсіндіру заң Актісі 1915 (ОА)
Тасмания	Заңнамаларды Түсіндіру заң Актісі 1931 (Тас)
Виктория	Заңнаманы Түсіндіру заң Актісі 1984 (Вик)
Батыс Аустралия	Түсіндірме заң Актісі 1984 (WA)

Осы түсіндірме заң актілері туралы толығырақ кейінірек айтылады, ал қазір мақсатты тәсілге қатысты ережелер қарастырылады. Мына заң 1901 (Дст) *15АА т. Достастық заңнамаларын түсіндіру* заңы:

Заңның нормативтік ережелерін түсіндіргенде, заңның мақсаты мен міндетін көрсетуге қол жеткізетін түсіндірме (мақсаты немесе нысаны бар ма, жоқ па, ол заңда айқын көрсетіледі) бір-бірінің түсіндірмесіне сілтеме жасалу болып табылады.

Ұқсас ережелер мемлекеттік және аумақтық Түсіндірме актілерінің әрқайсысында бар.⁴

3.10-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Өзіңіздің мемлекетіңіздің немесе аумақтарыңыздың түсіндірме актісін қараңыз және 15АА т. баламасын табыңыз. Ол заңнаманың тарауы Достастық заңнама тарауынан ерекшелене ме? Егер солай болса, қалай ерекшеленеді?

Нормативтік ережелердің мақсатты тәсілі заңнаманы түсіндіруге, әсіресе салық заңнамасын түсіндіруде сөзбе-сөз түсіндіру тәсілін орынсыз қолданатындығы байқалып, соттарды қоғамдық сынға алғаннан кейін, 1980 жылы түрлі Түсіндірме заңнамасында қабылданды.

Мақсатты тәсілді пайдалану

Мақсатты тәсілді заңнаманы түсіндіруде соттың рөлін нұқсан келтіру үшін үйлесімсіз және конституцияға қайшы (яғни, билікті бөлу доктринасына қайшы) келетін тәсіл ретінде заң шығарушылар сынға алуы мүмкін. Дегенмен қазіргі кезде соттар анық заңнаманы түсіндіргенде заң шығарушылардың мүддесіне қарауға дайын. Кейбір соттар мақсатты тәсілді мәтінінде белгісіздік немесе түсінбеушіліктерді шешу үшін ғана пайдаланылуы тиіс және мәтін сөздері түсінікті, анық және айқын болғанда соттар оларды сөзбе-сөз

⁴ Legislation Act 2001 (ACT) s 139; Interpretation Act 1987 (NSW) s 33; Interpretation Act 1978 (NT) s 62a; Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 14a; Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 22; Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 8a; Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 35(a); Interpretation Act 1984 (WA) s 18.

түсіндіру тәсілін пайдалануды жалғастыруы қажет деп талап қояды. *Re Bolton; Ex Parte Beane* (1987) 162 CLR 514 Жоғарғы соты былай деді:

Парламенттің айқын ниеті мен мүддесін қадағаламау немесе байқамаудың нәтижесінде заңның мәтіні дұрыс аударылмауы ылғи да ықтимал. Алайда, өкінішке орай, осындай жағдай болғанда, сот міндеті айқын болып қалады. Соттың міндеті – заңда көрсетілген Парламенттің мүддесін білдіру.

Басқалары мақсатты тәсіл сөзбе-сөз түсіндіру тәсілін (әріптік тәсіл) ығыстырды және тіпті, ешқандай белгісіздік немесе екіұштылық болмағанда да, пайдаланылуы тиіс деп талап етеді. Миллстың Микингке қарсы талап арызында (1990) 169 214 ЖШС, 235 15AA тарауы Виктория заңнамасының баламасына сілтеме жасайтын Жоғарғы сот жазбасы Дж.Доусонның пікірінше:

Конструкцияның әріптік тәсілі ол білдіретін қандай біліктілік болмасын, заңнама мақсатын білдірмейтін тәсілге қарағанда оны баяндайтын әсіресе, мақсаты заңда баяндалған тәсілді қуаттайтын нормативтік нұсқамаға жол беруі тиіс. Меніңше, Заңнаманы Түсіндіру Актісінің 35-тарауы ПТ 5 Жол қауіпсіздігі туралы заң Актісінде баяндалған мақсаттар сол бөлімнің ережелерін, олардың беттерінде бір құрылымға қарағанда көбірек құрылымды ұсыну ғана емес, бірден аса құрылымды анықтау ескерілуі тиіс ... Алайда, егер нормативтік ережелердің сөзбе-сөз мағынасы заңнаманың мақсатына сәйкес өзгертілуі тиіс болса, бұл өзгерту заң құрылымдаушы қабылдаған редакцияға сәйкес болуы тиіс. 35-тарау соттан оның мақсаттары аясында, қайта жазуды емес, тиісті актіні интерпретациялауды талап етеді.

Судья Джон Брайсонның пікірінше, ЖОУ заңының 15AA-тарауының баламасына сілтеме жасайтын 1992 жылғы жазбада:

Мақсатты тәсіл қазір сол заңнаманы түсіндіретіндердің ойында дайын тұр. Бірақ бұл соттар егер оларды іздеу керек болса, сөзбе-сөз мағынасына, мәтінге және дәлдікті іздеуге қатысты, өздерінде бұрын болған, әрқашан болатын алаңдаушылық мүлде жоқ және алаңдаудың қажеті жоқ деген емес. Мақсатты тәсіл анық немесе дайын шешімдер дәуіріне, пікір алшақтығына, келіспеушіліктің жалғасуына әкеліп соқтырған жоқ. Мақсатты тәсіл туралы кеңестер талқылауы болғанда, әдетте оларға керегі – шағын қайта жазу немесе аз өзгертулер, жеткіліксіз, ыңғайсыз, толық болмағанда мәтінді бедерлейтін бірнеше қосымша сөздер енгізу. Әдетте, олар заңды жаппай өзгертуді сұрамайды және олардың олай істеуі де екі талай. Соттардың жауабы жарғыға өте жақын және оның мәтіні мұқият тексеріледі. Бұл механикалық процесс емес, әрқашан болатын адами процесс. 15AA-тарауы әріптері өшірілетін және соттар заң рухын түсіндіретін ғасырға алып келген жоқ.⁵

Әріптік, контекстуалдық және мақсатты тәсілдер арасындағы ұсынылған қарым-қатынас 3.5-суретте баяндалады.


Егер заң шығарушылар заңды (1) жарғылық ережелердің сөзбе-сөз мағынасын ережелердің контекстімен үйлесімді; (2) заңнама мақсаттарына сәйкес әзірлей алса, заңнаманы түсіндіруге әртүрлі жалпы тәсілдерді қолданудағы қиындықтарды болдырмауға болады. Бақытымызға орай, бұл жиі болатын жағдай.

Жарғы мақсатын белгілеу

Сот мақсатты тәсіл талап ететін «Заңды көрсететін нысанды немесе мақсаттарды» қалай анықтай алады?

Жоғарыда түсіндірілгендей, кейде заңнаманың өзінде мақсаттар мен міндеттерді білдіретін сөйлемдер болады. Мысалы, 2010 жылғы (Дст) Бәсекелестік пен Тұтынушылар туралы заңның нысаны туралы сөйлем төмендегідей:

⁵ Justice John Bryson, 'Statutory Interpretation: An Australian Judicial Perspective' (1992) 13 Statute Law Review 187, 195.



3.5-сурет. Нормативтік ережелерді түсіндіру тәсілдері

Осы Заңның объектісі бәсекелестік пен әділ сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғайтын нормативтік ережелер арқылы аустралиялықтардың әл-ауқатын арттыру болып табылады.⁶

Бұрынғы заңнамада «кіріспе» болуы мүмкін болатын, яғни бұл қабылданатын заңның мән-жайы, жағдайлары мен мақсаттарын баяндайтын қысқаша түсінік. Төменде 1900 жылғы 63 & 64 (Викт) 12-т. Аустралия Конституциясы заңы Достастығына кіріспе:

Жаңа Оңтүстік Уэльс, Виктория, Оңтүстік Аустралия, Квинсленд, және Тасмания халқы кішіпейілділікпен Құдіреті шексіз Құдайдың жарылқауына сүйене отырып, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Ирландия қол астында біртұтас Федералдық Достастыққа бірігуге келістік. Сондай-ақ Конституция бекітеді:

Басқа Аустралия отарлары мен патшайым иелігі Достастығына қабылдауды қамтамасыз еткені орынды.

Егер заң мақсаты немесе кіріспе жеткілікті нақты болмаса, не істеу керек? Егер заңда оның мақсаты немесе кіріспе мүлде болмаса, не істеу керек? Мұндай жағдайда Парламенттің нақты нормативтік ережелерді қабылдауда қандай мүддесі болғанын

⁶ Competition and Consumer Act 2010 (Cth) s 2.

анықтау үшін Парламенттегі министрдің заңның екінші оқылымы баяндамасы сияқты нәрселерді қарау пайдалы болуы мүмкін. Заңның екінші оқылымы баяндамасы қосымша материалдардың (құжаттар) мысалы, жарғыны түсіндіруге жәрдемдесетін, заңның өзіне қатысты **қосымша материалдар** болып табылады.

қосымша материалдар – жарғыны түсіндіруге жәрдемдесетін, заңның өзіне қатысты сыртқы материалдар.

Дәстүр бойынша, соттар заңнаманы түсіндіруде заңнаманың мағынасы заңның өзінен табылуы тиіс деп, қосымша материалдарға жүгінуден бас тартады. Алайда 1970 және 1980 жылдары кейбір соттар қосымша сыртқы материалдарға кеңес беруге дайын екенін көрсете бастады. 1983 жылы Федералдық Парламент заң Актілері 1901 жылғы (Дст) 15AB т. Түсіндірме заңын күшіне енгізетін заңнаманы түсіндіргенде, қосымша материалдарды пайдалануды нақтылауға ұмтылды. Бұл тарау төмендегіні баяндайды:

1. (3) тараушаға жататын заң ережелерін түсіндіргенде, кез келген заң бөлігін құрамайтын, заң ережелері мағынасын анықтауға көмектесуде қабілетті мынадай материал қаралуы мүмкін:

(а) ережелер мағынасы заң контексін ескере отырып, ережелер мәтіні беретін қарапайым мағынасы екенін және заң негізінде жатқан міндетті немесе мақсатты растайтын;

(ә) мынадай жағдайларда ережелер мағынасын анықтайтын:

(i) ережелер мағынасы екіұшты немесе түсініксіз болғанда;

(ii) заңдағы оның контексін ескере отырып, ережелер мәтіні беретін қарапайым мағынасы және заң негізіндегі міндет немесе мақсат мағынасыздыққа немесе негізсіздікке әкелгенде;

2. (1) тарауша жалпыламалығын шектемей, заң ережелерін түсіндіруде осы тараушаға сәйкес қаралуы мүмкін материалдарға жататындар:

(а) заң бөлігін құрамайтын, үкімет басып шығарған заңның мәтіні бар құжатта көрсетілген барлық мәселелер;

(ә) заң ережелері қабылданып, күшіне енген уақытқа дейін Парламенттің екі Палатасына ұсынылатын Монарх комиссиясы, Құқықтық реформа комиссиясы, Сұрау салу комиссиясы, басқа да осыған ұқсас органдардың тиісті баяндамалары;

(б) заң ережелері күшіне енгенге дейін Парламентте немесе Парламент Палатасында Парламент комитетінің немесе

(в) заңда аталатын кез келген шарт немесе басқа да халықаралық келісімдер;

(г) заң ережелері күшіне енгенге дейін ережелері бар заңнамаға қатысты түсіндірме меморандумы немесе министрдің Парламенттің екі палатасына немесе мүшелеріне жолдаған және ұсынған кез келген басқа да тиісті құжат;

(д) ережелері бар заңнаманың екінші рет оқылуын ұсынуға қатысты министрдің Парламент Палатасында жасаған баяндамасы (министрдің сөзі);

(е) осы тараудың мақсаттары үшін тиісті құжат болып табылады деп заң жариялаған кез келген құжат (алдыңғы тармақ қолданылатын немесе қолданылмайтын құжат болса да);


(ж) Сенат журналдарындағы кез келген тиісті материалдар, Өкілдер Палатасының дауыс беру немесе мәжіліс хаттамасы, Парламент немесе Парламент Палатасындағы пікірталастардың кез келген ресми жазбасы;

3. (1) тараушаға сәйкес кез келген материалды қарастыруды анықтауда немесе кез келген осындай материалға берілетін салмақты қарастыруға қосымша кез келген басқа да тиісті мәселелер ескерілуі тиіс:

(а) ережелер мағынасы заң контексін ескере отырып, ережелер мәтіні беретін қарапайым мағынасына және заң негізінде жатқан міндетті немесе мақсаттарына адамдардың сүйене алуды қалауы;

(ә) артықшылығы жоқ өзге де іс-әрекеттердің күшін заңды ұзартуды болдырмаудың қажеттігі.

Ұқсас нормативтік ережелері бар мемлекеттер мен аумақтардың (Оңтүстік Аустралиядан басқа) заң актілерін интерпретациялау.⁷



3.6-сурет. Қосымша материалдарды пайдалану

Соттар қазір екіұштылық, түсініксіздік болған жағдайларда қосымша материалдарға жүгінуді қалайды, бірақ олар тек көмек ретінде пайдаланылады. Егер мәтінде ешқандай түсініксіздік болмаса, соттар қосымша материалдарды енгізуге мәтіннің анық мағынасына қайшы келмейтін мағынаны растауға ғана мүмкіндік береді.

Re Varunmungu жер шағымы; Ex Parte Бас прокуроры (NT) (1988) 77 ALR 27

1980 жылдары Варунмунгу Байырғы Кеңесі Байырғы Жер құқықтары (Солтүстік Аумақ) Заңы 1976 (Дст) бойынша жер шағымын жасады. Заңда шағым талаптар жол үстіне жасалуы мүмкін емес деген шарт баяндалған. Шағым субъектісі болған жайылым жер, яғни малшылардың қой, ірі қара малдарын айдайтын жері, жайылым жер «жол» болды ма?

Сот заңнамада жайылым жерге «жол» термині жататыны анық емес және Парламент мақсатын қосымша материалдарға жүгіну арқылы анықтаған дұрыс деп шешті. Мемлекеттің құқығы бар жолдардан жер талаптарын алып тастауы (қоспауы) керек деген министрдің заңды екінші оқылымындағы сөзінде аталады. Сот бұл жол жүйесіне жатады және жайылым жер бұған жатпайды деп шешті.

⁷ Legislation Act 2001 (ACT) ss 141–143; Interpretation Act 1987 (NSW) s 34; Interpretation Act 1978 (NT) s 62 b ; Acts Interpretation Act 1954(Qld) s 14 b ; Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 8 b ; Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 35(b); Interpretation Act 1984 (WA) s 19.

Жалпы құқық алғышарттары

Нормативтік ережелерді түсіндіргенде, әдетте соттар жасаған белгілі бір алғышарттар бар. Бұл тарауда біз осындай он бес алғышартты қарастырамыз:

1. Сөздердің заманауи мағынасы болады.
2. Сөздердің техникалық мағынасы болады.
3. Сөздер дәйекті мағынаға ие болады.
4. Ешқандай мағынасыз артық нәрсе жоқ.
5. Нормативтік ережелер конституцияға сәйкес болады.
6. Нормативтік ережелер халықаралық құқыққа сәйкес болады.
7. Нормативтік ережелер аумақтан тыс қолданылмайды.
8. Нормативтік ережелер ретроспективті емес.
9. Нормативтік ережелер белгіленген құқықтарға қайшы келмейді.
10. Нормативтік ережелер Монархқа бағынышты емес.
11. Айыппұл салудың шектеулігі бар.
12. Құқық бұзушылық пен оған салынатын айыппұлдар сәйкес келеді.
13. Енгізілмеген нәрселер алынып тасталады.
14. Нақты ережелер Жалпы ережелерді алмастырады.
15. Кейінгі ережелер бұрынғы ережелерді алмастырады.

Осы алғышарттар заңнамадағы қайшылықтарды нақты мүдде арқылы жоққа шығаруы мүмкін.

1. Сөздердің заманауи мағынасы бар

Нақты бір сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасы уақыт өткен сайын өзгерсе, онда сот оның заң шығарушы орган білдірген мағынасы жарғылық ереже әзірленген уақытта қолданылатын мағынасына қарағанда, қазіргі заманғы мағынасы деп тұжырымдайды.

Мысалы, Аустралия Конституциясының 51 (v)-тармағына сәйкес, Федералдық Парламенттің заң шығарушы билігі « пошта телеграф, телефон және басқа да осы сияқты қызметтерді » реттеу өкілеттігін қамтиды. Осы ереже 19 ғасырдың соңында әзірленген кезде, теледидар әлі жоқ болатын, бірақ *Джонстың Достастыққа* (№ 2) (1965) 112 206 ЖШС қарсы талап арызында Жоғарғы сот телевизиялық хабар тарату заңының 51 (v)-тармағын қолдану аясына кіреді деп шешті.

2. Сөздердің техникалық мағынасы бар

Үйлесімді жерінде нормативтік ережелерде сөздер мен сөз тіркестері қарапайым мағынаға қарағанда техникалық мағынаға ие болады деп тұжырымдалады. Сот егер жарғы өнеркәсіп, мамандық, сауда немесе әрекет саласын реттеуге бағытталса, жарғыда пайдаланылатын сөздер мен сөз тіркестері өнеркәсіп, мамандық, сауда немесе әрекет саласында нақты мағынаға ие болады деп пайымдайды.

3. Сөздер дәйекті мағынаға ие

Соттар Жарғыда бір сөз немесе сөз тіркесі бірнеше рет пайдаланылған жағдайда, заң шығарушы сөз немесе сөз тіркесін олардың барлығында бір мағынада қолданатынын тұжырымдайды. Керісінше, басқа сөз немесе сөз тіркесі пайдаланылғанда, әр түрлі мағынаны білдіреді. (Достастық, Аустралияның астаналық аумағы және Квинслендтің интерпретациялау заң актілері бұл міндетті емес деп шешеді)⁸.

⁸ Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 15ac; Legislation Act 2001 (ACT) s 147; Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 14c.

4. Ешқандай мағынасыз артық сөз жоқ

Сот нормативтік ережелерде Парламент бір сөзді бірнеше мағынада қолданады деп тұжырымдайды. Басқаша айтқанда, сот нормативтік ережелердегі кез келген сөзді мағынасыз берілмейтін нормативтік ережелердің түсіндірмесін құптайды.

5. Нормативтік ережелер Конституцияға сәйкес болады

Жарғыда нормативтік ереженің екі түсіндірмесі ықтимал болса, олардың біреуі Конституцияға сәйкес, екіншісі нормативтік ережені Конституцияға сәйкес емес етеді. Сот нормативтік ережені Конституцияға сәйкес ететін түсіндірме парламент жасаған деп есептейді.

6. Нормативтік ереже халықаралық құқыққа сәйкес болады

Егер Аустралия келісімшарт, конвенция сияқты халықаралық келісімге қол қойса және халықаралық келісімді жүзеге асыратын ұлттық заңнаманы күшіне енгізген болса, ұлттық заңнамада екіұштылық болса, сот мұндай түсініксіздікті халықаралық келісімге сілтеме жасау арқылы және ұлттық (отандық) заңнама халықаралық келісімшарттарға сәйкес болуды көздейді деп шеше алады.

7. Нормативтік ережелер аумақтан тыс қолданылмайды

Сот нормативтік ережелер тиісті юрисдикциядан тыс қолдануға арналмаған деп тұжырымдайды. Бұл жалпы құқық тұжырымдамасы қазір Оңтүстік Аустралия және Батыс Аустралиядан басқа аустралия юрисдикциясының әрқайсысының Түсіндірме заңнамасында қамтылған⁹.

8. Нормативтік ережелер ретроспективті емес

2-тарауда заң шығарушы органдарға ретроспективті заңнама қабылдау өкілеттігі беріледі деп түсіндіргенбіз, яғни заңнама оны қабылдаудан бұрын туындаған жағдайларға қолданылады. Алайда, егер, заң шығарушы орган ретроспективті заңнама қабылдауды қаласа, онда ол оның мүддесін айқын көрсетуі тиіс. Керісінше, оны білдіретін сөздер болмаған жағдайда, сот нормативтік ереже заңнама қабылданғаннан бұрын орын алған оқиғаларға қолдануға арналмаған деп шешеді.

Ретроспективтілікке қарсы жалпы құқықтық тұжырымдама жарғылық болатын Аустралияның астаналық аумағынан басқа, барлық аустралиялық юрисдикцияларында жұмыс істейді¹⁰.

9. Нормативтік ережелер белгіленген құқықтарға қайшы келмейді

Керісінше, айқын заңнамалық мүдде болмағанда, сот нормативтік ереже белгіленген жалпы құқықтық заңға қысым жасауға арналмаған деп мәлімдейді.

Аустралияның астаналық аумағы мен Викторияда (құқықтық заң бабы бар бір ғана аустралиялық юрисдикция) құқықтық заң бабы нормативтік ережелердің мақсатымен сәйкес болғандықтан, ол адам құқықтарына үйлесімді етіп түсіндірілуі тиіс екендігі көзделіп жасалады¹¹.

10. Нормативтік ережелер Монархқа міндетті (бағынышты) емес

Сот керісінше, айқын мүдде болмағанда, нормативтік ережелер Монархқа міндетті болу (бағынышты болуы) көзделмегенін мәлімдейді.

⁹ Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 21(1)(b); Legislation Act 2001 (ACT) s 122; Interpretation Act 1987 (NSW) s 12; Interpretation Act 1978 (NT) s 38; Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 35; Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 27; Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 48.

¹⁰ Legislation Act 2001 (Cth) s 75b(1)

¹¹ Human Rights Act 2004 (ACT) s 30; Charter of Human Rights and Responsibilities Act 2006 (Vic) s 32.

Іс жүзінде, заңнамада Монархты міндеттеуге байланысты заң ережелерінің болуы сирек емес.

11. Айыппұл салудың шектеулігі бар

Қылмыстық жауапкершілік, яғни, осындай айыппұл немесе бас бостандығынан айыру сияқты адамға жаза қолдану туралы нақты және түсінікті сөздермен айтылмаған жағдайда, соттардың үкім шығаруы мүмкін емес.

Жарғыда анық басқаша көрсетілмесе, сот айыппұл салатын нормативтік ереженің тар мағынадағы түсіндірмесін пайдаланады. Басқаша айтқанда, екі түрлі интерпретациялау мүмкін болған жағдайда, сот айыппұл салудың аз ықтимал немесе аз адамдарға тағайындалатын түсіндірмесін құптайды.

Тиімді нормативтік ереже, яғни айыппұл салудан гөрі жәрдем ақы берілетін адамның пайдасына кеңінен түсіндірілуі тиіс ереже бар деген тұжырым бар.

12. Құқық бұзушылық пен оған салынатын айыппұлдар сәйкес келеді

Reddendo singula singulis (әрқайсысын әрқайсысына беріңдер) деген ережеге сәйкес, екі қылмысқа екі айыппұл салынса, бірінші жаза алғашқы құқық бұзушылыққа және екінші жаза екінші құқық бұзушылыққа қолданылады деп саналады.

reddendo singula singulis (әрқайсысын әрқайсысына беріңдер) – жарғылық түсіндіру ереже: екі қылмысқа екі айыппұл салынса, бірінші жаза алғашқы құқық бұзушылыққа және екінші жаза екінші құқық бұзушылыққа қолданылады деп саналады.

Мысалы, мынадай нормативтік ережені қарастырайық:

Үй жануарларын өлтіргені немесе жәбірлегені үшін айыпталған кез келген адамға 2000 \$ немесе 1000 \$ аспайтын айыппұл салынуы керек.

Бірінші айыппұл үй жануарларын өлтірді деп кінә тағылған адамға, екіншісі үй жануарларын жәбірлегені үшін кінәлі болған адамға салынады.

13. Енгізілмеген нәрселер алынып тасталады

Expressio unius est exclusio alterius («ескертілген бір нәрсе екіншісін алып тастауды білдіреді») деген нормативтік ережеге сәйкес, егер жарғылық ережеге сәйкес айқын, белгілі бір нақты заттарға қолдану мәлімделсе, онда тікелей енгізілмеген (көрсетілмеген) нәрселер алынып тасталады деп саналады.

expressio unius est exclusio alterius («ескертілген бір нәрсе екіншісін алып тастауды білдіреді») – жарғыны түсіндіру ережесі: егер жарғылық ережеде сәйкес айқын, белгілі бір нақты заттарға қолдану мәлімделсе, онда тікелей енгізілмеген нәрселер алынып тасталады деп саналады.

Мысалы, егер жол белгісінде тұраққа таңғы сағат 7.00 мен кешкі 7.00-ге дейін рұқсат берілмейді деп көрсетілсе, онда бұл тұрақты пайдалануға кешкі сағат 7.00 мен таңғы 7.00 арасында рұқсат етіледі дегенді білдіреді.

14. Нақты ережелер жалпы ережелерді алмастырады

generalia specialibus non derogant leges («Жалпы нәрсе арнайы нәрсені алып тастамайды») деген нормативтік ережеге сәйкес, егер екі қайшы нормативтік ережелер болса және бірі жалпы және екіншісі нақты болса, нақты ереже жалпы ережені алмастырады деп саналады.

generalia specialibus non derogant leges («Жалпы нәрсе арнайы нәрсені алып тастамайды») – жарғыны түсіндіру ережесі: егер екі қайшы нормативтік ережелер болса, және бірі жалпы және екіншісі нақты болса, нақты ереже жалпы ережені алмастырады деп саналады.

Мысалы, егер бір ереже автокөлік иелеріне қайшы, екінші ереже 4WDs иелеріне қатысты болса, сөзбе сөз оқылғанда, олардың екеуі де 4WDs иелеріне қолданылады, бірақ жалпы және арнайы ережеге сәйкес, 4WDs иелеріне тек соңғысын қолдануға болады.

15. Кейінгі ережелер бұрынғы ережелерді алмастырады

leges posteriores priores contrarias abrogant («кейінгі ережелер бұрынғы қайшы ережелерден басымдылықта болады») деген нормативтік ережеге сәйкес, сол тақырып бойынша бұрынғы заңдағы қандай да бір сәйкессіздікті жаңа нормативтік ережелер алмастырады және автоматты түрде жойылады.

leges posteriores priores contrarias abrogant («кейінгі (соңғы ережелер) бұрынғы қайшы ережелерден басымдылықта болады») – жарғыны түсіндіру ережесі: сол тақырып бойынша бұрынғы заңдағы қандай да бір сәйкессіздікті жаңа нормативтік ережелер алмастырады және ол автоматты түрде жойылады.

Бұл ережеден тыс маңызды нәрсе бар және ол жалпы және нақты ережелерге қайшы келеді. Егер бұрынғы заңнама соңғыға қарағанда неғұрлым нақты болса, бұрынғы заңнама қалады, ал соңғы жалпы заңнаманы бұрынғы нақты заңнама қамтыған мән-жайлардан тыс ретінде түсіндіреді.

Нормативті ережелер

Біз Достастық, мемлекеттік және аумақтық Түсіндірме заңнамасы парламент мақсаттарына және сыртқы қосымша материалдарға сәйкес келетін жағдайларды бастауы және нақтылауы тиіс екендігін нақтылайтынын бұрын түсіндірдік.

Әртүрлі Түсіндірме заң актісінде Түсіндірме заңнамасын қарапайым, әрі түсінікті ететін ережелер қамтылады. Олардың көпшілігі анықтамалар мен жалпы мағынадағы ережелер. Мысалы, *Түсіндірме заң Актісі 1901* (Дст) 18А т., егер жарғыда сөз немесе сөз тіркесіне нақты мағына берілсе, ол сөздің немесе сөз тіркесінің басқа грамматикалық формалары тиісті мағынаға ие болады. Осы Заңның 36 (2)-тармағында жарғыда көзделген атқарылатын әрекеттің кез келген кезеңінің соңғы күні сенбі, жексенбі, мереке күні немесе банктің демалыс күніне түссе, ол нәрсе келесі сенбі, жексенбі, мереке күні немесе банктің демалыс күні болмайтын күні орындалуы мүмкін.

«Болады» және «міндетті». Нормативтік ережеде «болады» деген сөз қолданылғанда, ереже дискрециялық болады¹². Мысалы, нормативтік ережеде егер адамға жазбаша хабарлама беруге болады делінсе, ол адам жазбаша немесе ауызша сияқты, кейбір басқа форматты таңдай алады. Егер нормативтік ережеде «міндетті» деген сөз қолданылғанда, нормативтік ереже «міндетті» болады¹³. Мысалы, егер нормативтік ережеде жазбаша түрде ғана хабарлама беруге «міндетті» делінсе, адамның таңдауы жоқ және жазбаша түрде ғана хабарлама бере алады.

Тегі мен нөмірі. Барлық Түсіндірме заң актілері егер жарғыдағы сөздер текке қатысты болса, олар басқа текті де қамтитындай етіп түсіндірілуі тиіс, егер терминдер жеке түрде болса, олар көпше түрді де қамтитындай етіп түсіндірілуі тиіс және керісінше¹⁴. Бұл,

12 Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 33(2a); Legislation Act 2001 (ACT) s 146(1); Interpretation Act 1987 (NSW) s 9(1); Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 32ca(1); Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 34; Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 10a(1)(c); Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 45(1); Interpretation Act 1984 (WA) s 56(1).

13 Legislation Act 2001 (ACT) s 146(2); Interpretation Act 1987 (NSW) s 9(2); Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 32ca(2); Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 34; Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 10a(1)(a); Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 45(2); Interpretation Act 1984 (WA) s 56(2).

14 Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 23; Legislation Act 2001 (ACT) s 145; Interpretation Act 1987 (NSW) s 8; Interpretation Act 1978 (NT) s 24; Acts Interpretation Act 1954 (Qld) ss 32b, 32c; Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 26; Acts Interpretation Act 1931 (Tas) ss 24, 24a; Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 37; Interpretation Act 1984 (WA) s 10.

мысалы, «ол» деген сөз кез келген заңда әйелге немесе ер адамға қатысты, «тұлға» сөзі «тұлғалар» деп түсіндірілуі тиіс дегенді білдіреді.

Тақырыптар. Барлық Түсіндірме заң актілері бөлім, бөлімше, тақырыптары жарғының бөлігі болып табылады және жарғыны түсіндіргенде сілтеме жасалуы мүмкін¹⁵. Аустралияның астаналық территориясы, Солтүстік территориясы, Квинсленд және Виктория түсіндірме заң актілеріне сәйкес, бөлім атаулары да жарғының бөлігі болып есептеледі, бірақ Достастық, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Оңтүстік Аустралия, Тасмания және Батыс Аустралияда олар емес¹⁶.

Шекті ескертулер. Достастықтың, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Оңтүстік Аустралия, Тасмания және Батыс Аустралия түсіндірме заң актілеріне сәйкес, шекті ескертулер жарғының бөлігі емес¹⁷.

Сілтемелер мен соңғы түсіндірмелер. Барлық Түсіндірме заң актілерінде сілтемелер мен соңғы түсіндірмелер жарғының бөлігі болып табылмайды және жарғыны түсіндіргенде сілтеме жасалынбайды делінеді¹⁸.

Кестелер. Барлық Түсіндірме заң актілерінде кестелер заңның бөлігі болып табылады және заңды түсіндіргенде пайдаланылуы мүмкін екені көрсетіледі¹⁹.

Тыныс белгілері (Пунктуация). Аустралияның астаналық территориясы мен Квинсленд Түсіндірме заң актілерінде тыныс белгілері жарғының бөлігі болады деп Оңтүстік Аустралия мен Виктория Түсіндірме заң актілерінде заңды түсіндіргенде тыныс белгілері ескерілуі мүмкін делінеді²⁰.

3.11-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Өзіңіздің мемлекетіңіз немесе аумағыңыздың Түсіндірме заң актісін оқыңыз. Заңнамада қандай өзге де пайдалы түсіндірме ережелері қарастырылады?

Барлық жарғылық ережелер түсіндірмесі Түсіндірме заң актілерінде берілмеген. Мысалы, көптеген нормативтік құқықтық актілерді «айыппұл бірлігі» тұрғысынан ақшалай айыппұл көрсетілген. «Айыппұл бірлігі» не екенін білу үшін, айыппұл бірлігі 110\$ делінген Қылмыс туралы 1914 жылғы (Дст) 4АА т. заң актісін қарау қажет болады.

15 Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 13(1); Legislation Act 2001 (ACT) s 126(1); Interpretation Act 1987 (NSW) s 35(1) (a); Interpretation Act 1978 (NT) s 55(1); Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 14(1); Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 19(1); Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 6(2); Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 36(1); Interpretation Act 1984 (WA) s 32(1).

16 Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 13(3); Legislation Act 2001 (ACT) s 126(2); Interpretation Act 1987 (NSW) s 35(2); Interpretation Act 1978 (NT) s 55(2); Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 14(2); Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 19(2); Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 6(4); Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 36(2a); Interpretation Act 1984 (WA) s 32(2).

17 Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 13(3); Interpretation Act 1987 (NSW) s 35(2); Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 19(2); Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 6(4); Interpretation Act 1984 (WA) s 32(2).

18 Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 13(3); Legislation Act 2001 (ACT) s 127(1); Interpretation Act 1987 (NSW) s 35(2); Interpretation Act 1978 (NT) s 55(6); Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 14(7); Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 19(2); Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 6(4); Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 36(3); Interpretation Act 1984 (WA) s 32(2).

19 Acts Interpretation Act 1901 (Cth) s 13(2); Legislation Act 2001 (ACT) s 126(5); Interpretation Act 1987 (NSW) s 35(1) (b); Interpretation Act 1978 (NT) s 55(5); Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 14(5); Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 19(1); Acts Interpretation Act 1931 (Tas) s 6(3); Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 36(2); Interpretation Act 1984 (WA) s 31(2).

20 Legislation Act 2001 (ACT) s 126(6); Acts Interpretation Act 1954 (Qld) s 14(6); Acts Interpretation Act 1915 (SA) s 19(1)(d); Interpretation of Legislation Act 1984 (Vic) s 35(b)(i).

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 3.13. Заңның әр түрлі элементтері қандай?
- 3.14. Заң актісі қашан басталады (күшіне енеді)?
- 3.15. Кешенді анықтау мен инклюзивті анықтаудың арасындағы айырмашылық неде?
- 3.16. Сот шешіміне әдетте, қандай мәселелер енгізіледі?
- 3.17. *Ratio decidendi* (шешім қабылдау себебі) *obiter dicta* (жай ғана айта салу) арасында қандай айырмашылық бар?
- 3.18. Сіз *ratio decidendi* (шешім қабылдау себебі) қалай анықтайсыз?
- 3.19. Құқықтық жазуды оқу неге қиын?
- 3.20. Қарапайым тілдік қозғалыстың мақсаты қандай?
- 3.21. «Жарғыны түсіндіру» дегеніміз не?
- 3.22. Нормативтік ережені сөзбе-сөз түсіндіру (әріптік ереже) тәсілі деген не және неге оған соттар дәстүрлі түрде артықшылық береді?
- 3.23. (а) әріптік ереже, (б) алтын ережелер қандай? Олардың өзара әрекеті қалай?
- 3.24. Нормативтік ережені түсіндірудің контекстуальды тәсілі қандай? Нормативтік ережені түсіндіргенде қандай мәнмәтіндер қарастырылуы керек?
- 3.25. (а) Контекст ережесі, (б) топтық ереже және (с) оққылықтар қандай?
- 3.26. Жарғыны түсіндірудің мақсатты тәсілі дегеніміз не?
- 3.27. Мақсатты тәсіл билікті бөлу доктринасына сәйкес келе ме?
- 3.28. Мақсатты тәсіл әріптік және контекстуальды тәсілмен қалай өзара әрекет етеді?
- 3.29. Қосымша (сыртқы) материалдар деген не және оларды жарғыны түсіндіруде қашан пайдалануға болады?
- 3.30. Заңнаманы түсіндіргенде соттар жасаған түрлі алғышарттарды атаңыз.
- 3.31. Жарғыны түсіндіруде түрлі түсіндірме заң актілері қалай көмектесе алады?

Құқықтық логика

Құқықтық негіздеме құқықтық мәселелерді шешу заң дәлелдерін құру немесе нақты жағдайдың құқықтық салдары туралы кеңес дайындауда заңгерлер пайдаланатын ойлау тәсілі. Атап айтқанда, ол көптеген жағдайлар жиынтығына қатысты туындаған нақты құқықтық мәселеге қатысты құқықтық нормаларды анықтау, жағдайларға осы ережелерді қалай қолдануды шешу және нанымды қорытындыға қол жеткізу процесі болып табылады. Жақсы құқықтық негіздемемен айналысу үшін сіз жағдайға өзіңіздің интуитивті немесе эмоционалды жауабыңызды ысырып қойып, болып жатқан нәрселердің құқықтық салдары туралы анық және логикалық тұрғыда ойлауға қабілетті болуыңыз керек. «Заңгерше ойлау» басыңыз ашық, өзіңіз орнықты, ыждағатты және ойыңыздың айқын болуы және айналаңыздағылар үрейленіп немесе асыра әрекет жасап жатқанда, өзіңізді қалай ұстауды біліп, ұтымды сөйлеу дегенді білдіреді.

Қандай да бір мағынада, құқықтық ойлау жақсы пікірлердің кез келген басқа түрімен, нысанымен бірдей. Шағымдар немесе басқаша маңызды фактілерге сенімді дәлелдермен қолдау көрсетілуі тиіс. Дәлел құрастыруда сүйенетін алғышарттар ақылға қонымды болуы тиіс, сондай-ақ, дәлелдермен негізделген қорытынды қисынды және жарамды түрде алғышарттардан шығуы керек.

Екінші жағынан, құқық пәні мен тәжірибесіне тән құқықтық негіздеменің ерекшелік-

тері бар. Мысалы, дәлелді қолдауға сүйенетін фактілерді нақты, белгілі деп түсінуге болмайды, оның орнына «ықтималдықтар тепе теңдігінде» (дәлелдеудің азаматтық стандарты) немесе «негізделген күмән болмайтын» (дәлелдеудің қылмыстық стандарты) жағдайда белгіленуі мүмкін.

құқықтық негіздеме – құқықтық мәселелерді шешу заң дәлелдерін құру немесе нақты жағдайдың құқықтық салдары туралы кеңес дайындауда заңгерлер пайдаланылатын ойлау тәсілі.

Дәлелдің алғышарттары құқықтың белгілі бір пунктісіне қатысты қайшы прецеденттар болатын жағдайлары сияқты қайшылықты болуы мүмкін. Ал қорытынды бір ғана мүмкін қорытынды немесе тіпті ең ықтимал жақсы қорытынды болуы міндетті емес, оның орнына істі жеңу үшін қажетті немесе қалайтын қорытынды болуы мүмкін.

3.12-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

«Заңгерше ойлаудың» «бухгалтерше ойлау» немесе «маман емес адамдардың ойлауынан» айырмашылығы қалай?

Индуктивті және дедуктивті негіздеме

Құқықтық негіздеме индуктивті және дедуктивті негіздемені пайдалануға мүмкіндік береді. Жалпы ережелердің немесе принциптердің болуын тұжырымдау үшін белгілі бір тәжірибелер сериясын пайдалану процесі **индуктивті негіздеме** деп аталады. Индуктивті негіздеме әдетте төмендегідей формада болады:

- Бұл «X», «Y» болып табылады.
- Бұл «X», «Y» болып табылады.
- Сондықтан барлық «X».
- «Y» болып табылады.

Мысалы, егер сіз соңғы бес ретте дәмі сізге ұнамаған нақты арзан кофе маркасын ішкен фактісін көрсететін және сізге ұсынылатын арзан кофе маркасының бір стаканы ұнамайтынын пайымдайтын болсаңыз, индуктивті негіздемеге қатысты боласыз.

Әдетте судьялар мен заң ғалымдары белгілі бір істің шешімдер сериясынан заң ережелері немесе принципінің болуын пайымдауда индуктивті негіздемені (пайымдауды) пайдаланады.

индуктивті негіздеме – жалпы ережелер немесе принциптерді тұжырымдау немесе жаңа тәжірибені болжап, пайымдауға нақты тәжірибелер сериясын пайдаланатын процес.

Мысалы, Стивенсонның Донохьюге қарсы талап арызы бойынша атақты абайсыздықта жасалған қылмыстық сот ісі туралы [1932] АС 562 сот барлығы абайсыздық салдарынан бір адамның екінші адамға өтеуге міндетті екенін қамтитын және өздерінің әрекетін немесе әрекетсіздігін ақылға қонымды пайымдай алатындарға қамқорлық жасауға міндетті деген жалпы құқықтық принциптің болуын қамтитын бұрынғы сот шешімдерінің бірқатар сериясына шолу жасады.

Екінші жағынан, **дедуктивті негіздеме** – нақты болған жайды болжау немесе қорытынды жасауда бір немесе бірнеше жалпы ережелер немесе принциптерді пайдалану процесі. Егер негіздеме шынайы болса, дедуктивті негіздемені (пайымдауды) пайдаланып жасалған қорытынды әрқашан шынайы болады.

дедуктивті негіздеме – жалпы ережелер немесе принциптерді тұжырымдау немесе нақты тәжірибені болжап, пайымдауға бір немесе бірнеше жалпы ережелер сериясын пайдаланатын процес.

Дедуктивті негіздеме әдетте, төмендегідей формада болады:

- Ереже: барлық «X», «Y» болады.
- Бұл «Z», «X» болады.
- Сондықтан бұл «Z», «Y» болады.
- Мысалы, келесі деректерді қарастырайық:
- 1910 және 1956 жылдар арасында Аделаида салынған барлық үйлерде асбест бар.
- Сіздің Аделаидағы үйіңіз 1948 жылы салынған.

Осы фактілерден сіздің мынадай логикалық қорытындыға келуіңіз (немесе тұжырым жасау) қарапайым процесс:

Сіздің үйіңізде асбест бар.


Соттар мен адвокаттар белгілі бір заңды проблеманы шешу үшін жалпы құқықтық ережелер мен принциптерді (қағидаттарды) қолданғанда дедуктивті негіздемені пайдаланады. Бұл пайымдаудың бір түрі, біз оны келесі бөлімде қарастырамыз.

3.13-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

(а) Индуктивті негіздемеге, (б) дедуктивті негіздемеге заңды контекстен басқа контекске практикалық мысал келтіріңіз.

Құқықтық мәселені қалай шешу керек?

Нақты құқықтық мәселені шешуде дедуктивті негіздемені пайдаланудың негізгі төрт қадамы 3.7-суретте баяндалады.



3.7-сурет. Құқықтық негіздеме

1-қадам: Құқықтық мәселені анықтау

Құқықтық мәселені шешудің алғашқы қадамы – жауап беруді қажет ететін құқықтық мәселені анық және жан-жақты тұжырымдау.

Бұл қадамның маңызды аспектісі материалдық фактілер құру болып табылады. Егер тараптар материалдық фактілермен келісетін болса, даудың қарары әлдеқайда қарапайым жасалады. Алайда, іс жүзінде, материалдық фактілермен келісу сирек кездеседі. Көптеген сот тыңдауларында сот ең алдымен **мәселе фактілерін** анықтауды қарастырады және тиісті заңды қолдану салыстырмалы түрде қарапайым болады. Әрбір тарап фактілердің өз нұсқасын ұсынуы мүмкін және ол содан кейін соттың рөлі – қай фактілердің дәлелденгенін шешу. Қай фактілерді қабылдауды шешкенде сот 2-тарауда қысқаша сипатталған дәлелдемелер (көбінесе өте күрделі) ережелерін қолданады. Құқықтық мәселені шешу мәселесі туындағанда, мәселені анықтау процесі біршама қарапайым болады. Сізге әдетте, даусыз фактілер жиынтығы беріледі, содан кейін тиісті фактілерді анықтау, сондай-ақ, нақты және қысқаша дәріптеу сұралады.

мәселе фактілері – сот талқылауында тараптардың даулы фактілері.

Мысалы, төменде сізден шешуді сұрауы мүмкін құқықтық мәселе беріледі:

Гая – университет студенті. Бір дауылды кеште университеттен пароммен үйіне бара жатқанда, паром терминалындағы ағаш бағананың біріне соқтығысқанда, паром кенеттен тоқтап қалды. Гаяның орындығының қасында тұрған жирен шашты, өте көп және қатты ішкен мас ер адам оның үстіне құлап, оның бір қабырғасын сындырды және ұялы телефонын зақымдады. Бұл Гаяны қатты қиналтты және телефонына зақым келгені қатты қынжылтты, ол кісіге қатты сөздер айтты. Кейінірек, оның қаһары жирен шашты адамнан паром экипажына ауысты. Ол егер экипаж тоқтағанға дейін жолаушылардан орнында отыруы талап етілгенде, паром аядамаларындағы жазатайым оқиға болмас еді деп санайды. Алайда, ол кейінірек паром экипажының әрекеті туралы паром компаниясына шағымданғанда, олар Гаяға паром экипаждары паром қозғалысы кезінде жолаушыларға орнынан тұруға, тіпті кабинада әрлі-берлі жүруге рұқсат беруі қарапайым тәжірибе екенін мәлімдеді. Гаяның паром компаниясына қарсы шағым түсіруге құқығы бар ма?

Фактілер даусыз болады. Материалдық фактілер төмендегідей:

- Гая паромда жолаушы болды.
- Ауа райы дауылды болды.
- Паром паром терминалымен соқтығысты.
- Паром экипажы паром қозғалысы кезінде жолаушыларға орнынан тұруға, тіпті кабинада әрлі-берлі жүруге рұқсат береді.
- Ірі денелі, мас ер адам Гаяның үстіне құлады.
- Гая физикалық жарақат алды және оның ұялы телефоны зақымданды.
- Паром экипажы жалпы практика ретінде паром қозғалысы кезінде жолаушыларға орнынан тұруға, тіпті кабинада әрлі-берлі жүруге рұқсат береді.

Мынадай фактілер маңызды емес:

- Гая университеттен үйіне қайтып бара жатты.
- Гаяның үстіне құлаған ер адам жирен шашты болды.
- Гая апаттан кейін ренжіді және ер кісіге қатты сөздер айтты.

Ауа райы дауылды болғанда, жолаушыларға орындарынан тұруға рұқсат бергені үшін, паром экипажы болған апатқа заңды түрде белгіленген тәртіп бойынша жауапты екендігі. Қосымша мәселелерге паром экипажының іс-әрекеттеріне паром компаниясының жауапты екендігі және паром қозғалысы кезінде жолаушыларға орнынан тұруға рұқсат беруі жалпы тәжірибе болуы тиіс немесе жоқ екендігі негізгі құқықтық мәселені қамтиды.

3.14-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Қарапайым құқықтық мәселе:

Сенбі күні таңертең азық-түлік сатып алуға жергілікті супермаркетке барғанда Кэтрин авокадоның әрқайсысы 1.00\$-дан сатылатынын көреді. Ол сәреден авокадо таңдайды және оларды ақырын басып көріп, піскеніне көзі жетіп, қанағаттанғанда, себетке салады. Бірнеше минуттан кейін ол үйінде тоңазытқышта үш авокадо бар екені есіне түсіп, авокадоны қайта орнына қояды. Осыдан кейін, дүкен менеджері Росс оны тоқтатады да, заң бойынша, ол дәл қазір авокадоны сатып алуға міндетті, өйткені авокадоны қайтаруға болмайтынын айтады.

Осындай жағдайда құқықтық мәселені анықтауға көмектесетін келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қандай фактілер өзекті болып табылады?
2. Қандай фактілер маңызды емес?
3. Құқықтық мәселе деген не?

2-қадам: Тиісті құқықтық ережелерді анықтау

Екінші қадам – бірінші қадамда анықталған шешуді қажет ететін тиісті құқықтық ережелерді анықтау болып табылады.

Егер құқықтық мәселені сот шешіп жатқан болса, әрбір тараптың адвокаттары заңнама нормаларына және іс құқық прецедентіне сүйеніп, құқықтық дәлел түрінде тиісті құқықтық ережелерді сотқа ұсынады. Егер істің фактілері міндетті прецедент фактілеріне барлық тиісті жағынан ұқсас, немесе анық заңнама құзыретіне жататын болса, олар тіпті құқық ережелерімен келіспеген жағдайда да, судья сол прецедентті немесе жарғылық ережелерді ұстануға міндетті. Бірақ сот іс прецеденті немесе тиісті нормативтік ережелер жоқ болса, судьяға көп еркіндік беріледі және осы еркіндікті жүзеге асыру кез келген сендіруші органдарды бақылайды (2-тараушаны қараңыз).

Егер сіз құқықтық мәселені шешетін болсаңыз, тиісті құқықтық нормаларды табу үшін, құқықтық зерттеулер жүргізесіз. Ең қолайлы негізгі дерек көздері – іс құқығы және/немесе заңнаманы табу үшін оқулық немесе журнал сияқты қосымша дерек көздерін пайдалануға болады. Сіз алдымен келісімшарт құқығы, деликт немесе тұтынушыларды қорғау сияқты, кең заңнама санаттарының қайсысы лайықты екенін анықтауға ұмтыласыз. Мысалы, жоғарыдағы паром мәселесін шешуге, сіздің негізгі құқықтық біліміңіз құқықтық әрекеттің дұрыс нысаны абайсыздықта заң бұзу ісі болады деп күдіктенуге әкелуі мүмкін. Содан кейін сіз тиісті құқықтық ережелерді анықтау арқылы тиісті заңның сипаттамасының ауқымын тарылтуыңыз мүмкін. Мысалы, сіз кейбір құқықтық зерттеулер жүргізуіңіз мүмкін және сіздің кәсіпкерлік құқық оқулығын, сондай-ақ, кейбір қосымша онлайн құқықтық зерттеулерді пайдаланып, тиісті заң туралы мынадай түйіндеме дайындайсыз:

Басқа біреуден зиян шегуді болдырмау үшін ақылға қонымды шаралар қабылдай алмағанда, олар абайсызда заңды бұзғаны үшін жауапты болуы мүмкін.

1. Көмек көрсету міндеті. Егер тараптардың арасындағы көмек қарым-қатынастары заңнамада белгіленген санаттар ауқымында жүзеге асырылмаса, жауапкер талапкерге көмек көрсетуге (қамқорлыққа алуға) міндетті. Қонысшы (мекен-жай иесі) өздеріне (Залузнаның Аустралия *Safeway* дүкендеріне қарсы талап арызы) келген тұлғаларға қамқорлық жасауға міндетті.

2. Жауапкершілікті бұзу. Егер айыпталушы өзінің әрекеті салдарына қатысты тиісті атқаратын істерін орындамағанда, айыпталушы қамқорлық жасау жауапкершілігін (міндетін) бұзған болады (азаматтық құқықтық жауапкершілік заңнамасы).

3. Жауапкершілікті бұздан келтірілген зиян. (1) Зиян келтіру заңды бұзудың қажетті шарты болған жағдайда; (2) келтірілген зиян көлеміне жауапты адамның заңды бұзу көлемі сәйкес болғанда ғана сотталушы келтірілген зиянға жауапты болады (азаматтық құқықтық жауапкершілік заңнамасы).

Жұмыс берушілер өздерінің қызметкерлері міндеттерін атқару кезінде жасаған құқық бұзушылыққа жауапты болады (Холлистың *Vabu Pty Ltd* компаниясына қарсы талап арызы).

Әдетке, стандартты практика немесе практиканың тиісті кодексіне сәйкестік – сотталушы міндетті түрде абайсызда жасады және сәйкессіздік – жауапкер міндетті түрде абайсызда жасаған жоқ дегенді білдірмейді (Меркердің Жол көлігі және трамвай комиссарына қарсы талап арызы (ЖОУ)).

Заңның әрбір ережесі заңнаманың бастапқы дереккөзіне анықтама жасалу арқылы құпталуы керек екенін ескеріңіз. сіз әр анықтаманың тиісті дерек көзіне жататынына

көз жеткізіңіз, мысалы, іс Батыс Аустралияда орын алса, сіз басқа юрисдикцияның заңнамасын емес, Батыс Аустралия немесе Федералдық заңнамаға қарауыңыз керек, сондай-ақ, әр анықтама ағымдағы, қолданыстағы дерек көзі болуын қамтамасыз етуіңіз керек, яғни, іс құқығы заңы кейіннен алып тасталмаған, кері қайтарылмаған немесе кейіннен өзгертілмеген немесе күшін жоймаған болуы тиіс.

Бұл сатыда проблеманың өзіне анықтама жасалмайтынын ескеріңіз, сіз жай ғана тиісті құқықтық ережелерді қорытындылайсыз.

3.15-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

3.14-тапсырманы және 3.3-суретті қара (Ұлыбританияның Фармацевтикалық қоғамының *Boots Cash Chemists (Southern) Ltd*) компаниясына қарсы талап арызын, сондай-ақ, тиісті құқықтық ережені түсіндіріңіз.

3-қадам. Құқықтық ережелерді фактілерге қолдан

Үшінші қадам – мәселе фактілеріне тиісті құқықтық ережелерді қолдану.

Сот талқылауында сот іс фактілеріне заңды қалай қолдануды шешеді.

Сол сияқты, құқықтық мәселені шешуде алдыңғы қадамда анықталған құқықтық ережелердің әрқайсысын алдыңыздағы сот ісі мәселесінің фактілеріне қалай қолдануды қарастырасыз. Мысалы, сіз былай деп жазуыңыз мүмкін:

1. Көмек көрсету міндеті. Паром компаниясы паромның «қонысшысы» болып табылады. Сондықтан паром компаниясы жолаушыларға, соның ішінде Гаяға қамқорлық жасауға міндетті.

2. Жауапкершілікті бұзу, орындамау. Ауа райы дауылды болғанын ескерсек, дұрыс паром экипажы паром әлі жүріп бара жатқанда жолаушылардың орындарында отыруын талап етер еді. Сондықтан паром компаниясы Гаяға қамқорлық жасау міндетін орындамай, жауапкершілікті бұзды.

3. Жауапкершілікті бұздан келтірілген зиян. Гаяның жарақаттары мен телефонға келтірілген зиян өз кезегінде мас ер адамның құлауынан және паром экипажының ұқыпсыздығы салдарынан туындаған болатын. Гаяның жарақаты мен телефонының зақымдануы паром экипажының ұқыпсыздығының негізді болжамды салдары болып табылады: осындай салдардың көлемі паром компаниясының жауаптылық көлеміне сәйкес келеді.

Барлық осы үш элемент қанағаттандырылған болса, бұл паром компаниясы абайсыз-да жасаған заң бұзушылық болады.

Паром компаниясы өз қызметкерлерінің, яғни паром экипажының іс-әрекеттеріне тікелей жауапты.

Паром қозғалысы кезінде жолаушыларға орнынан тұруға рұқсат беру – жалпы тәжірибе болу фактісінің жауапкершілік мәселесіне қатысы жоқ.

3.16-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

3.15-тапсырманың жауабын (тиісті құқықтық ереже) 3.14-тапсырма фактілеріне (авокадо мәселесі) қолданыңыз.

4-қадам. Қорытындыға келу

Соңғы қадам – қорытындыға келу. Сотта бұл айыпталушының кінәлі немесе кінәлі емес екендігін (қылмыстық сотта), талапкер немесе жауапкердің істі сотта жеңгенін

жөнінде соттың шешімі болады (азаматтық сотта). Сот шешіміне, сондай-ақ, жауапкерге жаза тағайындау (қылмыстық сотта) немесе талапкерге кез келген зиянды қалпына келтіруге өтеақы өндіріп алу (азаматтық сотта) құқығы туралы шешімді қамтиды.

Құқықтық мәселені шешкенде, сіз заңды мәселені анықтаған кезде өзіңіздің құқықтық сұраққа жауабыңызды нақты және қысқаша дәріптей отырып, қорытынды жасайсыз. Содан кейін сіз қысқаша жауап салдарын айқындайсыз. Паром мәселесіне жауап бергенде, сіз былай қорытынды жасауыңыз мүмкін:

Паром компаниясы өз қызметкерлері – паром экипажының іс-әрекеттеріне тікелей жауапты. Ауа райы дауылды болған кезде паром экипажы жолаушыларға жүруге рұқсат берді, сондықтан паром компаниясы Гаяға қамқорлық жасау міндетін орындамай, жауапкершілікті бұзды және орын алған апатқа заңда белгіленген тәртіппен жауапты. Гая паром компаниясынан алған жарақаты мен ұялы телефонына келтірген зиян үшін өтемақы өндіріп алуға құқылы.

Соңында, сізден университетте шешуді сұраған көптеген құқықтық мәселелерге ешқандай «дұрыс» жауап жоқ екенін ескеріңіз. Сіздің жауабыңызды бағалайтын адам сіздің белгілі бір нақты қорытындыға келгеніңнен гөрі сіздің құқықтық ойлау дағдыларыңыздың сапасын бағалауға көбірек қарауы әбден мүмкін.

3.17-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

3.14-тапсырмада баяндалған мәселеге қатысты сіздің қорытындыңыз қандай?

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Келесі төрт қадамның барлығын орындаңыз:

- Құқықтық тақырыпты анықтаңыз.
- Тиісті құқықтық ережелерді анықтаңыз.
- Фактілерге ережелерді қолданыз.
- Нақты және айқын қорытындыға келіңіз.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын сіз мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 3.32. Заңгерше ойлай алу неге маңызды?
- 3.33. Индуктивті және дедуктивті негіздеме арасындағы айырмашылық қандай және олардың әрқайсысы құқықпен қалай байланысады?
- 3.34. Құқықтық мәселені қалай шешесің? Келесі қадамдардың әрқайсысын түсіндір:
 - (а) Құқықтық мәселені анықтау.
 - (ә) Тиісті құқықтық нормаларды анықтау.
 - (б) Фактілерге құқықтық ережелерді қолдану.
 - (в) Қорытындыға келу.

Заңгерше жазу

Сіз меңгеруге тиіс соңғы дағды өзіңнің түсінігінді дәйекті жеткізу біліктілігі болып табылады.

Құқық жазу

Университетте құқықты оқығанда сізден құқық жазудың кейбір формалары талап етілуі мүмкін. Сізден, мысалы, эссе, ғылыми-зерттеу жұмыс, құқықтық мәселеге жауап, дәлелдеме, кеңес меморандумын немесе іс мысалын жазу қажет болуы мүмкін. Және кәсіпкерлік жүргізу немесе маман ретінде жұмыс істеуде, мысалы, ресми хат жазу немесе тіпті, қарапайым келісімшарт әзірлеу сияқты құқық жазудың басқа да нысандарын жасау талап етілуі мүмкін. Бұл тараушада жақсы құқық жазудың кейбір ерекшеліктерін сипаттаймыз.

Ресмилік пен дәлдік

Құқық жазу әңгімелесуді жазудан гөрі ресми болып табылады. Жазу мәнері салмақты, сыпайы және ізгілікті болады. Сізге мына сияқты бейресми терминдерді пайдалануға болмайды:

- мысалы, «мүмкін емес» немесе «... емес еді»;
- жаргон немесе ауыз екі сөйлесу тілі;
- күш көрсету терминдері.

Төмендегі мысалдар ресми, стандартты және бейресми жазуды көрсетеді:

Ресми	«Кешегі талқылауда Федералдық Кабинет жұмысшыларға өтемақы төлеу туралы заңнамаға түзетулер енгізуді тұжырымдауға назар аударды»
Стандартты	Кеше Кабинет министрлері жұмысшыларға өтемақы төлеу туралы заңнаманы құрастыруды талқылады.
Бейресми	«Кеше Канберра сайлаушылары жұмысшылар өтемақысы туралы жаңа заңнаманы өңдеді».

Құқықтық жазу ресми болуы тиіс. Құқықтық жазуда оқырманға түсінуге сәл қиындау соғатын күрделі лексика мен грамматика пайдаланылады, бірақ ол нақтырақ.

Анықтық

Екінші жағынан, құқықтық жазу айқын болуы тиіс. Соңғы кездегі «қарапайым тіл қозғалысы» осы тарауда бұрын сипатталған болатын. Заң мәтінін қарапайым тілде жазғанда, сіз оның құрылымы туралы ойлауыңыз керек:

- байланысты материалды бірге топтаңыз
- қажет болған жағдайда, ақпараттың иерархиясын көрсететін нөмірлеу жүйесін пайдаланыңыз.
- Әр сөйлемнің мазмұны мен тармақтарының мазмұны туралы ойлау керек:
 - әрбір тармақты бір идеяға шектеу;
 - қысқа, түсінікті сөйлемдерді пайдаланыңыз;
 - идеяларды байланыстырыңыз;
 - тармақтардың қысқа болуын қадағалаңыз.
- Өзіңіз пайдаланатын тіл туралы ойлау керек:
 - «ырықсыз» етістен («Хабарлама жеткізілуі тиіс...») гөрі «өздік» етісті («Сіз хабарлама жеткізуге тиіссіз ...») пайдаланыңыз;

- белгісіздік, екіұштылықты болдырмаңыз;
- бір нәрсе міндетті болғанда «керек, тиіс» сөзін, егер жай рұқсат етілген болса «shall» «can (... алады)» сөзінің орнына «may (...болады)» сөзін пайдаланған жөн.
- Сөздерді таңдау туралы ойлауыңыз керек:
 - текті бейтарап тілде пайдаланыңыз;
 - күнделікті қолданылатын сөздерді мүмкіндігі болған кезде пайдаланыңыз;
 - қажетсіз сөздерді алып тастаңыз;
 - жаргон, техникалық сөздерді немесе «құқықтық» сөз тіркестерін (қажетті болғаннан басқа кезде) пайдаланбаңыз;
 - техникалық сөздердің анықтамасын беріңіз;
 - қысқартуларды оқырмандар олардың нені білдіретінін білетін жағдайда ғана түсінеді.
- Соңында, құжат дайындау кезінде оқырмандарға қалай көмектесуді ойластырыңыз:
 - маңызды ақпаратты оңай табуды жеңілдету (тақырыптар мен қосалқы тақырыптарды пайдалану);
 - оңай оқылатын қаріпті (немесе қолжазба) пайдаланыңыз.

3.18-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Мәтіннің айқындығын арттыратын, кем дегенде, үш басқа жазу практикасын ойластырыңыз.

Хат әзірлеу

Егер біреу сізге ақша қарыз болса және оны қайтармаса немесе олар келісімшарттың кейбір міндеттемелерін орындамаған болса, сіз алдымен мәселені: кездесу, телефон немесе электрондық пошта арқылы бейресми шешуге әрекет етуіңіз мүмкін. Бірақ бұдан ештеңе шықпаса, сіз олардың заңды міндеттемесін орындататын, ресми талап жазуды таңдай аласыз. Бұл құқық жазудың нысаны болып табылады. Күрделі мәселелерде сіз заңды кәсіби жобаны аласыз және сұраныс хатты жібересеңіз, бірақ қарапайым мәселелерде хатты өзіңіз жазуға шешім қабылдай аласыз. Осы кітаптың аясынан тыс, іскерлік хаттар әзірлеуге арналған әдеттегі нұсқаулармен қатар, сіз мынадай элементтерді де қарастыруыңыз керек.

Тақырып жолы

Сәлемдесуден кейін хат тақырыбын баяндайтын хаттың қысқаша тақырып жолы қамтылады. Мысалы:

- | | |
|-----------------------|---|
| 1-тақырып жолы | Жеткізілген смартфондардың сан мөлшері дұрыс емес |
| 2-тақырып жолы | [Компанияның аты] қаржылық жағдайы |
| 3-тақырып жолы | 1000.00\$ сомаға төленбеген шот-фактура |

Туындау себебі

Бірінші абзацта қысқаша мәселенің шығу себебі баяндалады. Мысалы:

- | | |
|----------------|---|
| 1-себеп | Мен бұл хатты сіздің компанияңыздың біз тапсырыс берген тауарларды дұрыс жеткізбегендігі туралы сіздерге хабарлау үшін жазып отырмын. |
| 2-себеп | Мен сіздің компанияның акционерімін, компанияның қаржылық жағдайы туралы соңғы газет хабарламаларына қатысты қатты алаңдаймын. |
| 3-себеп | Мен 1000.00\$ сомасына, 2013 жылғы 1 қаңтардағы біздің 1000.00\$ сомаға |

төленбеген шот-фактураға қатысты жазып отырмын. Шот-фактураның көшірмесі қоса беріледі.

Мәселе

Екінші абзацта мәселе толығырақ баяндалады. Мысалы:

- 1-мәселе** 2013 жылғы 1 қаңтарда біз сіздің фирмаңызға 1000 смартфонға тапсырыс бергенбіз. Тауар партиясы кеше келді, бірақ онда тек 100 смартфон бар. Біз өзіміздің клиенттер алдында барлық міндеттемелерімізді орындай алмағандықтан, бұл қателік бізді қиын жағдайға қалдырды.
- 2-мәселе** 2013 жылғы 1 қаңтардағы *My Town Daily* газетіндегі мақалада компания соңғы бірнеше апта бойы қаржылық дәрменсіздікте болды, бірақ ол сауданы жалғастырғаны айтылды. Бұл, әрине, корпорациялар туралы заң бойынша директорларды өз міндеттемелерін бұзатын жағдайға қалдырды.
- 3-мәселе** Біздің шот-фактураның төлемі 18 қаңтарға дейін талап етілген болатын, бірақ ол күні төлем түскен жоқ.

Шешім

Үшінші абзацта мәселенің ұсынылған шешімі баяндалады. Мысалы:

- 1-шешім** Мен бұл хатты сізден қанша жетіспейтінін сұрау үшін және сізге мұндай қателердің енді қайталанбайтынын жеткізу үшін жазып отырмын.
- 2-шешім** Мен сізден осы мәселелерді қарауыңызды және маған қайта хабарласуыңызды сұраймын.
- 3-шешім** Жұма, 25 қаңтарда сағат 5.00-тен кешіктірмей, толық төлем жасауыңызды сұраймыз. Сізге шот-фактураны біздің шотымызға ақшаны тікелей аудару арқылы төлеуге болады. Шот деректемелері шот-фактурада бар.

Ескерту

Егер сіз жедел жауап талап етсеңіз, бейресми тырысу сәтсіз болады, сыпайы ескерту жасау жақсы идея. Мысалы:

- 1-ескерту** Сіздерден жедел жауап алмаған жағдайда, біз смартфондар жеткізуді басқа жерден іздеуді қарастырамыз.
- 2-ескерту** Мен сіздерден қанағаттанарлық жауап ала алмаған жағдайда, маған Аустралиялық бағалы қағаздар мен инвестициялар комиссиясына хабарлауға тура келеді.
- 3-ескерту** Біз осы күні толық төлем алмаған жағдайда, алашақ соманы өндіріп алу туралы сот ісін бастауға өзіміздің адвокаттарға нұсқау береміз.

Аяқтау

Сұраныс хаттың соңы қорытынды жасаумен аяқталуы тиіс. Мысалы:

- 1-аяқталуы** Мен мұндай әрекет қажет болмайды деп үміттенемін.
- 2-аяқталуы** Мен сіздерден жақынарада асыға жауап күтемін.
- 3-аяқталуы** Мен сіздің төлеміңізді алуды асыға күтемін.

Сұраныс хаттың мысалы 3.8-суретте баяндалады.

Organicola Pty Ltd
Мартенс көшесі, 14
Up Town 1111
2013 жыл 18-Қаңтар
Боб Реколситрант
999 Stubborn Street Стаборн көшесі
Difficult 9999
Құрметті мырза Реколситрант

\$ 1000.00 мөлшерінде төленбеген шот-фактура

Мен 2013 жылғы 1 қаңтарда \$ 1000.00 мөлшерінде төленбеген шот-фактураға қатысты жазып отырмын. Шот-фактураның көшірмесі қоса беріледі.

Біздің шот-фактураның төлемі 18 қаңтарға дейін талап етілген болатын, бірақ ол күні төлем түскен жоқ. Жұма, 25 қаңтарда сағат 5.00 кешіктірмей, толық төлем жасауыңызды сұраймыз. Саған шот-фактураны біздің шотымызға ақшаны тікелей аудару арқылы төлеуге болады. Шот деректемелері шот-фактурада бар.

Біз осы күні толық төлем алмаған жағдайда, алашақ соманы өндіріп алу туралы сот ісін бастауға өзіміздің адвокаттарға нұсқау береміз. Мен мұндай іс-әрекет қажет болмайды деп үміттенемін.

Зор ықыласпен
Есеп менеджері
Organicola Pty Ltd

3.8-сурет. Сұраныс хат үлгісі

3.19-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Қоғамдық жұмыстар 8.00-ден ерте басталмауын талап ететін жергілікті заңға қайшы кеңес жұмысшылары өткен аптада күн сайын таңертеңгі сағат 6.00-дан біздің көшеде қатты шу шығаратын жол-жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Біз жергілікті менеджерге шағымдандық, бірақ ештеңе өзгерген жоқ. Жергілікті органға мәселені баяндайтын және тиісті шешімді талап ететін қарапайым хат дайындаңыз.

Қарапайым келісімшарт жобасын жасау

Келісімшарт құқығы осы кітаптың 5 және 6-тарауларында егжей-тегжейлі сипатталады. Бұл тарауда қарапайым келісімшарт жазу жобасын әзірлеу процесін сипаттаймыз.

Келісімшарт – екі немесе одан көп тараптардың арасындағы заңды түрде орындалатын келісім. Сату, іскерлік мәміле немесе коммерциялық келіссөздер жүргізгенде, келіссөздер процесі әдетте тараптарды міндеттейтін (байланыстырушы) келісімшарт жасаумен аяқталады. Келісімшартта тараптардың әрқайсысы берген уәдесі болады. Егер бір тарап өз уәдесін орындамаған жағдайда, онда олар келісімшартты «бұзады» және әдетте «залал келтірген» ретінде белгілі, басқа тарапқа өтемақы төлеуге жауапты болуы мүмкін.

келісімшарт – заңды түрде орындалатын келісім.


Келісімшарттың көпшілігі жазбаша түрде заңмен талап етілмейді, бірақ тараптар қол қоятын жазбаша келісімшартты мұқият дайындау әдетте жақсы идея. Бұл тараптардың келісім міндеттемелерінен хабардар болуын қамтамасыз етеді, тараптар келісімнің

маңызды екенін саналы түрде түсінеді, тараптарға өз келісімшарттарын орындау жеңіл болады.

Мысалы, Джонни кешке барып, Кейтпен кездеседі. Кейт Джонниден үлкен мөлшердегі өнімді сатып алғысы келеді. Сайып келгенде, Джонни жеңілдік бағамен өнімнің 1000 бірлігін Кейтке беруге келісіп, қол алысады. Джонни мен Кейт ауызша белгілі келісімшарт жасады. Кейт өнімге тапсырыс беруге уәде берді және Джонни жеңілдік бағамен оларды жеткізуге уәде етті. Бірақ келісім орындала ма? Көптеген мемлекеттерде келісім техникалық жағынан орындалады, бірақ практикалық қиындықтар болады. Джонни 10 пайыз, Кейт 20 пайыз жеңілдікпен келісім деп талап қойса қалай болады? Джонни мен Кейт келіспеушілікті шеше алмаса, Кейт Джоннидан өнімді жеңілдік бағамен беруді талап етсе қалай болады? Дауды сот мәжілісі арқылы шешу қажет болуы мүмкін.

Джонни мен Кейт қарапайым жазбаша келісімшартқа қол қойған болса, бұл мәселені болдырмауға болар еді. Неғұрлым келісім маңызды болса, соғұрлым жазбаша дәлел болуына кеңес беріледі. Кешенді келісімшарттарды заң мамандары әзірлегені жөн, бірақ қарапайым келісімшарттарды маман емес адамдар әзірлеуге болады.

Қарапайым жазбаша келісімшарт жобасын әзірлеуге ұсынылатын қадамдар (кеңестер) 3.9-суретте баяндалады.



3.9-сурет. Қарапайым келісімшарт жасау

1-қадам: Келісімшарт құрылымын дайындаңыз

Келісімшартқа енгізілетін тақырыптар тізімін жасаңыз, содан кейін логикалық жүйелі ретпен әртүрлі тақырыптарды сұрыптау керек. Мысалы, Сіз өзіңіздің және басқа тараптың барлық міндеттемелерінің тізімін, содан кейін өзіңіздің құқықтарыңыз бен өтемақыңыз және басқа тараптың құқықтары мен тиесілі өтемақы тізімін жасауыңыз мүмкін. Келісімшарттың құрылымын нақтылау үшін тақырып, тақырыпшалар және келісімшартты нөмірлеуді пайдаланыңыз.

2-қадам: Келісімшарт жобасын әзірлеңіз

Сіз логикалық ретпен тақырыптар тізімін жасағаннан кейін, әр тақырыпты негізгі сөйлемге айналдырыңыз. Әр сөйлемді құрастырғанда, бұрынғы жасалған заң жобалары туралы әзірленген пункттерді, ресмилік пен айқындық арасындағы тепе-теңдікті есте ұстаңыз. Қысқа, түсінікті сөйлемдерді пайдаланыңыз. Әр сөйлемде бір идеяны қамтыңыз. Ырықсыз етіске қарағанда өздік етісті пайдаланып, осы шақта жазыңыз.

3-қадам: Келісімшартты тексеріңіз және қайта қараңыз

Бұл ең маңызды қадамдардың бірі. Әрбір туындауы ықтимал мәселені, келіспеушілікті, келісімшарттың шарттарында қалай берілгенін, мәселені шешуді қарастыра отырып, келісімшартты тексеріңіз. Егер сіз келісімшартта көрсетілмей қалуы мүмкін кездейсоқ жағдайды ескеруді ойласаңыз, кездейсоқ жағдайды қамтитын жаңа тармақ енгізіңіз.

4-қадам: Келісімшартқа қол қойыңыз

Құқықтық мәселе кейінірек туындаған жағдайда, келісімшарттың нақты тұжырымы өмірлік маңызды болмақ және заңды істің нәтижесі нақты тармақты редакциялауға байланысты болуы мүмкін. Сондықтан келісімшартты мұқият жөндеуіңіз керек.

5-қадам: Келісімшартты бекітіңіз

Келісімшарт өз мүдденізді қорғайтынына сенімді болып, көңіліңізден шығатындай болған кезде, басқа тарапқа өз енгізулерін жасау үшін шарт жобасын жіберіңіз. Мұның мақсаты – әділ және теңгерімді келісімшарт жасау. Келісімшартқа одан әрі өзгерістер енгізу қажет болуы мүмкін.

6-қадам: Келісімшартқа қол қойыңыз

Барлық тараптар келісімшарт шарттарымен келісіп, қанағаттанғанда, олар келісімшартқа қол қоюы тиіс. Әрбір тарап қол қойылған келісімшарттың түпнұсқасын бірнеше көшірмелер дайындау және орындауға қажет болатындықтан, сақтауы тиіс. Қарапайым жазбаша келісімшарттың үлгісін 3.10-суреттен қараңыз.

Тауар сату келісім-шарты

Осы тауарларды сату туралы келісімшарт [күні] [сатушының аты] [сатушының мекен-жайы] («Сатушы») мен [сатып алушының аты] [сатып алушының мекен-жайы] («Сатып алушы») арасында жасалды.

1. Тауар сату

Сатушы сатып алушыға [күні] немесе оған дейін мынадай тауарларды сатуы және жеткізіп беруі тиіс: [тауарларды сипаттау] («Тауарлар»)

2. Жеткізу

Сатушы сатып алушыға тауарларды [жеткізу мекен-жайы] жеткізу керек.

3. Сату бағасы

Сатып алушы тауарды қабылдайды және тауарларға \$ [бағасы] ақша төлеуі тиіс.

4. Төлеу

Сатып алушы сатушы тауарларды жеткізген уақытта, жерде тауарды қабылдайды және ақысын төлеуі тиіс.

5. Жоғалу тәуекелі

Тауарлардың жоғалу тәуекелі, себептерге қарамастан, сатып алушыға жеткізіп, қабылдағанға дейін сатушының жауапкершілігінде болады.

6. Тауарды тексеру құқығы

Сатып алушы тауар жеткізілгеннен кейін [күндер саны] жұмыс күні ішінде, тексеруге құқысы бар, сатып алушы сатушыға тауардың сапасына қатысты бүлінуі туралы кез келген талапты жазбаша хабарлама арқылы беруге тиіс.

Тараптар [жасалған орны] [күні] осы келісім-шартты жасады.

Сатып алушы: _____ [қолы]

Сатушы: _____ қолы]

3.10-сурет. Қарапайым жазбаша келісімшарт үлгісі

3.20-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Алғаш рет жасалатын екі адам арасындағы келісімді құжаттауға қарапайым жазбаша келісімшарт әзірлеңіз.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 3.35 Заңгерше жаза білу неге маңызды?
- 3.36 Құқық жазу (а) ресми, нақты және (б) түсінікті болуы тиіс деген нені білдіреді?
- 3.37 Қандай жағдайда сізден құқық хат жазу қажет болуы мүмкін?
- 3.38 Сіз сұраныс хаттың элементтерін қалай құрылымдайсыз? Сұраныс хат жазғанда мынадай элементтердің әрқайсысын түсіндіріңіз:
 - (а) Тақырып жолы
 - (ә) Туындау себебі
 - (б) Мәселе
 - (в) Шешім
 - (г) Ескерту
- 3.39 Келісімшарт деген не және қандай жағдайда сізге келісімшарт жазу қажет болуы мүмкін?
- 3.40 Жазбаша келісімшарттың қандай артықшылығы (пайдасы) бар?
- 3.41 Келісімшартты қалай құрылымдайсыз? Келісімшарт жасағанда келесі қадамдардың әрқайсысын түсіндіріңіз:
 - (а) келісімшарт құрылымды дайындау
 - (ә) келісімшарт жасау
 - (б) келісімшартты тексеру және оны қайта қарау
 - (в) келісімшартты түзету
 - (г) келісімшартты аяқтау
 - (д) келісімшартқа қол қою

Қорытынды

- Бастапқы құқықтық материалдар заңнама және іс құқығы болып табылады. Екеуі де қатты қағаз көшірмесінде және онлайнда табылуы мүмкін. Қосымша құқықтық материалдарды заң кітапханасынан, оқулықтардан, журнал мақалалары мен заң энциклопедиялары немесе онлайн құқықтық деректердің көмегімен табуға болады.
- Жарғы элементтерінің ұзын және қысқа атаулары бар, қабылдайтын сөздер, анықтама тараушалары, шекті ескертулер, бөлімдер мен бөлімшелер, тараулар, тармақтар және тармақшаларды қамтиды. Сот ісі баяндамалары заңға міндеттейтін *ratio decidendi* (шешім қабылдау себебі) мен нанымды болып табылатын *obiter dicta*-дан (жай ғана айта салу) тұрады. Заңнаманы және өзге де құқықтық мәтіндерді түсіндіргенде, сіз сөзбе-сөз, контекстуальды және мақсатты тәсіл сияқты, белгілі бір жалпы тәсілдерді, сондай-ақ, топтық ережелер сияқты бірнеше нақты

ережелерді басшылыққа аласыз. Түсіндірме процесінде көмектесетін Достастық пен әрбір мемлекеттің Түсіндірме заң Актісі бар.

- Заңгерше ойлағанда, сіз әдетте, дедуктивті негіздемені қамтисыз. Құқықтық мәселені шешкенде, алдымен, құқық тақырыбы, содан кейін тиісті құқықтық ережелерді анықтайсыз, мәселе фактілеріне ережелерді қолданысың содан кейін нақты қорытындыға келесіз.
- Заңгерше жазғанда, сіз ресмилік пен дәлдікті айқындықпен теңгеруге ұмтылуыңыз керек.

Джонни мен Эш

[Эш құқықтық дағдыларды түсіндіруді аяқтағанда, Джонни екеуі тағамдарын жеп болып, сәске күннің шуағына рахаттанып, езеннің бойымен бірге келе жатты.]

Джонни: Мен әлі бізге заңгерлердің қажет екенін толық түсінбеймін. Сіз түсіндірген кейбір нәрселер күрделі сияқты, бірақ уақыт және күш жігер жұмсап, түсіне алмайтындай күрделі емес.

Эш: Иә, бұл менің бұрын айтқаным сияқты. Біраз күш жігермен, мүмкін, біраз курстық сабақтың көмегімен сіз өз құқықтық мәселенізді қолға алуға жеткілікті білікті бола аласыз. Сіз көлік алу туралы да осыны

айтуыңыз мүмкін: уақыт өткен сайын және өзіңіздің күш – жігеріңізбен көлігіңізді жөндеп және қызмет көрсетуге жеткілікті білікті бола аласыз, бірақ шынын айтқанда, оған кімнің уақыты бар? Көпшілігіміз мүмкіндігінше ықтимал күрделі проблемаларды болдырмау үшін өзіміздің машинамызды жеткілікті білеміз, негізінен күтеміз, бірақ шындап бұзылса, біз маманға апарамыз.

Джонни: Дегенмен, мен құқық туралы көбірек білген сайын, құқықтық қиындықтарға аз түсетін және адвокаттың қажеттілігі аз болатын сияқтымын, дұрыс па? Сондықтан маған кәсіпкерлік құқық туралы көбірек айтсаңыз . . .

Бақылау сұрақтары

1. Құқықтық зерттеу жүргізгенде алғашқы қадам:

- (a) тиісті құқық тақырыбы немесе құқық мәселесі.
- (ә) тиісті заңнаманы табыңыз.
- (б) тиісті юрисдикцияны анықтаңыз.
- (в) құқық дерекқорымен кеңесіңіз.

2. Мыналардың қайсысы бастапқы құқықтық материалдар:

- (a) Аустралия заң журналы
- (ә) Заң сөздігі
- (б) Agis
- (в) Донохьюдің Стивенсонға қарсы талап арызы [1932] AC 562

3. Парламент бұрынғы жарғыға қосымша тарауға енгізілген жарғы қабылдаса, сол бұрынғы жарғыны не дейді:

- (a) түзетулер енгізілді
- (ә) күші жойылды деп танылсын
- (б) шоғырландырылған
- (в) ерекшеленген

4. Куктың Кукқа (1986) 162 ЖШС, қарсы талап арызы (1986) 162 ЖШС, туралы сот ісі дәйексөзіндегі «76» саны:

- (a) дәйексөз саны
- (ә) іс баянамасы (есебі) жарияланған, Достастық заң баянамасының томы
- (б) іс баянамасы (есебі) басталатын Достастық құқық баянамасы, 162 томының бет саны
- (в) 1986 жылы Аустралия Жоғарғы сотында тыңдалған 76-іс дегенді білдіреді.

5. Куктың Кукқа (1986) 162 ЖШС 76, қарсы талап арызы туралы сот ісі дәйексөзіндегі «v» ... оқылады:

- (a) «vee»
- (ә) «қарсы»
- (б) «салыстырғанда»
- (в) «және»

6. AustLIИ дерекқорында Аустралияның қай штатының заңы жоқ:

- (a) Квинсленд.

- (ә) Виктория
- (б) Жаңа Оңтүстік Уэльс
- (в) жоғарыда аталғандардың ешқайсысы.

7. Достастық актісінде нақты басталу күні жоқ болса, оның басталуы ... деп есептеледі:

- (а) ол Монарх келісiмiн алған күн
- (ә) Монарх келісiмiн алғасын 28 күннен кейін
- (б) жариялаған күні
- (в) Монарх келісiмiн алған күннен кейін бірінші қаңтардан бастап

8. *Obiter dicta*:

- (а) әдетте, соттың жазбаша шешімінің басым көпшілігін құрайды.
- (ә) «шешім қабылдау негізі» дегенді білдіреді.
- (б) сол соттың иерархиясындағы төменгі және басқа да соттар міндетті болып табылады.
- (в) жоғарыда аталғандардың барлығы.

9. Жарғыны түсіндірудің алтын ережесіне сәйкес, заң актісі сөзбе-сөз түсіндірілуге тиіс:

- (а) барлық уақытта
- (ә) егер сөзбе-сөз түсіндіру мағынасыздыққа немесе сәйкессіздікке әкелсе.
- (б) сөзбе-сөз түсіндірме заңның мақсатымен сыйыспайтын жағдайларда
- (в) егер сөзбе-сөз түсіндіру орынсыз нәтижеге әкелсе.

10. Жарғылық түсіндірмеге мақсатты тәсілді қолдану:

- (а) әріптік ережені пайдалану ауыстырылды.
- (ә) судьялар құптады.
- (б) бұдан былай кеңінен тараған.
- (в) қосымша сыртқы материалдарға сілтеме жасауды талап етуі мүмкін.

11. Төмендегілердің қайсысы заң актісін түсіндіруде сот сілтеме жасай алатын қосымша (сыртқы) материалдар емес:

- (а) Шекті жазбалар
- (ә) Министрдің екінші оқылымындағы сөзі
- (б) Шарттар
- (в) Жоғарыда аталғандардың ешқайсысы емес

12. Құқықтық құжаттар жобасындағы «прецедент» сөзі нені білдіреді:

- (а) Нақты жағдайларға сәйкес келу үшін модификацияланған жалпы қолданылатын стандартты құжаты.
- (ә) Бірдей иерархияда Жоғарғы Соттың бұрынғы қабылдаған шешімі.
- (б) Қазіргі фактілердің жиынтығына ұқсас фактілердің ертеректегі жиынтығы.
- (в) Бір идеяны білдіретін қысқа, түсінікті жол.

13. Индуктивті негіздеме ... шығатын процесс:

- (а) нақты қорытындыларға жалпы қағидаттар
- (ә) нақты тәжірибеге жалпы тәжірибе.
- (в) жалпы қағидаттарға нақты бақылау.
- (г) жалпы ақпаратқа нақты ақпарат.

14. Дедуктивті негіздеме ...шығатын процес:

- (а) нақты қорытындыларға жалпы қағидаттар
- (ә) нақты тәжірибеге жалпы тәжірибелер
- (б) жалпы қағидаттарға нақты бақылау
- (г) жалпы ақпаратқа нақты ақпарат

15. Шешім қабылдау үшін, сот алдымен қай фактілерді пайдаланады:

- (а) дәлелдемелер ережелері
- (ә) прецедент доктринасы

- (б) сот қалауы
- (в) жалпы мағына

16. Құқық мәселесін шешу қадамдарының дұрыс реттілік тәртібі:

- (а) тиісті құқықтық ережелер, құқықтық мәселе, фактілерге қолдану, қорытынды.
- (ә) тиісті құқықтық ережелер, фактілерге қолдану, құқықтық мәселе, қорытынды.
- (б) құқықтық мәселе, фактілерге қолдану, тиісті құқықтық ережелер, қорытынды.
- (в) құқықтық мәселе, тиісті құқықтық ережелер, фактілерге қолдану, қорытынды.

17. Төмендегілердің ең ресми (формальды) сөйлем нұсқасы:

- (а) Бір сот жүйесіндегі басқа Жоғарғы Сот судьялары шешімдеріне сәйкес шешімдер қабылдауға тиіс.
- (ә) Басқа судьялардың шешімдерін ұстануға тәуелді.
- (б) Сот жүйесі мүшелері сол сот иерархиясындағы басқа да Жоғарғы Соттардың бұрын қабылдаған шешімдеріне сәйкес дәйекті шешім қабылдауға міндетті.
- (в) Басқа судьялармен бірдей шешімге келеді.

18. Төмендегі сөйлемдердің қайсысы «өздік етісте» жазылған:

- (а) Мүлік жөнделуі тиіс.
- (ә) Мүлікті жалға алушы жөндеу керек.
- (б) Мүлікті жөндеу қолға алынуы тиіс.
- (в) Мүлік жедел жөнделуі тиіс.

19. Төмендегілердің қайсысы сұраныс хат тармақтарының ұсынылған тәртібі:

- (а) Себеп, мәселе, шешім, ескерту.
- (ә) Мәселе, себеп, шешім, ескерту.
- (б) Ескерту, себеп, мәселе, шешу.
- (в) Ескерту, мәселе, себеп, шешу.

20. Төмендегілердің қайсысы жазбаша келісімшарт дайындаудың жақсы идея екендігі себептерінің бірі емес:

- (а) Жазбаша келісімшарт тараптардың міндеттемелерін түсіндіреді.
- (ә) Ауызша келісімшарттардың көбісі заңды бекітілген емес.
- (б) Егер келісімшарттар жазбаша болса, түсінбеушіліктің болуы екіталай.
- (в) Жазбаша келісімшарт ауызша келісімшартқа қарағанда байыпты сияқты.

Жаттығулар

2013 жылдың ақпан айында, Аустралия Федералдық Парламенті кибербуллингтің (ұялы телефон арқылы бұзақылық жасау) мәселесін қарау үшін арнайы комитет тағайындады: бастауыш мектеп балаларының ұялы телефондарды пайдаланып, өздерінің сыныптастарын жәбірлейтін мәтіндік хабарламалар жіберуі туралы. Мұқият тергеу айла-рынан кейін, комитет Парламентке өз баяндамасын ұсынды. Баяндамадан үзінді:

Біз көптеген дәлелдемелерді тыңдадық және бастауыш мектеп балаларының ұялы телефондарды пайдаланып, өздерінің сыныптастарының жәбірлеуінен (кибербуллинг) Аустралиялық мектеп балаларын қорғау үшін қатаң заңнаманың қажеттілігі бар екенін қолдаймыз. Ұсынылып отырған жаңа заң мектеп ауласында ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салады және абайсыз және жауапсыз ата-аналарға бағытталады. Ұсынылып отырған жаңа заңның бірде-бір ережесі мектеп маңынан тыс жердегі балаларға қолданылмайды.

2013 жылдың тамыз айында, Федералдық Парламент Ұялы телефон арқылы бұзақылық жасау туралы (балаларды қорғау) заң актісін (Дст) қабылдады (3.11-суретті қараңыз). (Ескерту: Бұл ойдан шығарылған заң актісі).

Ұялы телефон арқылы бұзақылық жасау туралы (Балаларды қорғау) заң актісі 2013

№ 28, 2013

Ұялы телефондарды пайдалану арқылы бұзақылық жасаудан бастауыш мектеп балаларын қорғау заң Актісі

[2013 жылдың 28 тамызында келісілген]

Аустралия Парламенті қаулы етеді:

1. Қысқаша атауы

Осы заң 2013 жылғы Ұялы телефон арқылы жәбірлеу (Балаларды қорғау) заң Актісі деп аталуы мүмкін.

2. Сату немесе ұялы телефондарға келісім беру ережесі

Алдымен баланың ата-анасының немесе қамқоршысының жазбаша келісімін алмай, он үш жасқа толмаған балаға телефон сататын немесе беретін кез келген сатушыға, бөлшек сауда немесе көтерме сауда сатушысына құқық бұзу деп айып тағылады.

3. Балаларға жауапсыздықпен қарау

Баланың мұғалімі, ата-анасы немесе қамқоршысы қасақана немесе абайсызда балаға рұқсат берсе:

(а) мектепте телефонды пайдалануға;

(ә) телефонды пайдаланып, басқа баланы қорқытатын, қорлайтын немесе жәбірлейтін мәтіндік хабар жібергені үшін, ол құқық бұзушы ретінде кінәлі болады.

4. Айыппұлдар

Осы Заңның 2 және 3-бабына сәйкес, құқық бұзғаны үшін айып тағылған адамдарға жүз доллардан аспайтын немесе мың доллардан аспайтын айыппұл салынады.

3.11-сурет. Ұялы телефон арқылы қорқыту (Балаларды қорғау) заң Актісі 2013

3.1-жаттығу. Негізгі құқық материалдары

2013 жылғы Ұялы телефон арқылы қорқыту туралы заңның (Дст) көшірмесін табу процесін сипаттаңыз.

3.2-жаттығу. Тиісті элементтер

2013 жылғы Ұялы телефон арқылы қорқыту туралы заңы (Дст) элементтерінің әрқайсысын түсіндіріңіз.

3.3-жаттығу. Заңды түсіндіру

Телефон термині заңда айқындалған жоқ. Термин қалай анықталуы тиіс? Өзіңіздің жауабыңызды жарғылық түсіндірме ережелеріне негіздеңіз.

3.4-жаттығу. Заңды түсіндіру

Ертеректе жазылған заңның 3-тарауының құқықтық салдары қандай?

Мына мән-жайларда 2013 жылғы Ұялы телефон телефон арқылы қорқыту туралы заңның (Дст) бұзылғанын қарастырыңыз. Осы тарауда талқыланған құқық мәселесін шешу әдістерімен бірге жарғылық түсіндірме ережелерін түсіндіріңіз.

3.5-жаттығу. Заңды түсіндіру

Спиро ұялы телефон сататын дүкенде жұмыс істейді. Он екі жасар Ричард өзінің жалғыз басты анасына сыйлық ретінде туған күніне ұялы телефон сатып алғысы келді. Спиро ата-анасы немесе қамқоршысының жазбаша келісімінсіз Ричардқа телефон сатудан бас тартты. Ричард анасының атынан өзі хат жазды және Спиро оған телефонды сатты.

3.6-жаттығу. Заңды түсіндіру

Джерридің шағын ыңғайлы дүкені бар. 2013 жылдың 1 қазан айында, Джерри өзінің 10 жастағы жиені Сараны оның ата-анасы қала сыртына кеткенде, қарап жүрді. Джерри Сараны жергілікті сауда орталығына алып барады және олар бір-бірінен көз жазып қалған жағдайда хабарласу үшін Сараға өзінің ұялы телефондарының бірін береді. Сара телефонды үш сағат ұстап, пайдаланбай, оны Джерриге қайтарады. Джерриде Сараның ата-анасының жазбаша рұқсаты жоқ.

3.7-жаттығу. Заңды түсіндіру

Селма Уидвилл – бастауыш мектебінде мұғалім. 2013 жылдың 9-қазан айында сағат 5-те Селма мектептен кетіп бара жатқанда, мектеп қақпасының ішінде 10 жасар Лизаның қатты ренжіп тұрғанын көрді. Селма Лизадан не болғанын сұрағанда, Лиза анасы 4.30 сағатта оны алып кетуге тиіс болғанын, бірақ келмегенін түсіндіреді. Селма Лизаға анасын қоңырау шалу үшін ұялы телефонын береді.

3.8-жаттығу. Заңды түсіндіру

Джордж Уидвилл университетінің кәсіпкерлік құқық курсының бірінші курсына сабақ береді. 2013 жылдың 15-қазан айында Джордж дәріс беріп жатқанда, артқы қатарда үш жас студент күліп және ұялы телефонмен ойнап отырғанын білді. Джордж оларды елемеді. Студенттердің бірі Космо 17 жаста. Дәріс кезінде Космо өзінің 15 жастағы ағасы Ньюмэнге қорлайтын хабарлама жіберді.

3.9-жаттығу. Заңды түсіндіру

2013 жылы 20-қарашада Элейннің 12 жастағы ұлы Мортон Элейн оны мектептен алып бара жатқанда, ол көлігінің артқы орындығында отырған. Мортон өзінің сыныптастарының бірінен өзінің ұялы телефонына оның жаңа шаш қиғаны туралы жәбірлейтін мәтіндік хабарлама алады. Мортон ол мәтінді 12 жастағы ең жақсы досы Дерекке жіберді.

3.10-жаттығу. Заңды түсіндіру фактілерін қараңыз

3.9-жаттығуды қараңыз, содан кейін, Элейннің атынан, Мортонға ренжітетін мәтіндік хабар жіберген сыныптасының ата- аналарынан кешірім сұрайтын талап хат жазыңыз.

Бақылау сұрақтарының жауаптары

1. а 2. в 3. а 4. б 5. в 6. в 7. ә 8. а 9. ә 10. в 11. в 12. а 14. а 13. б 15. а 16. в 17. б 18. ә 19. а 20. ә.

- 4-ТАРАУ.** Зиян келтіру
- 5-ТАРАУ.** Мәміле жасау
- 6-ТАРАУ.** Мәміленің орындалуы
- 7-ТАРАУ.** Агентпен жұмыс істеу

2-БӨЛІМ

Құқықтық салдар

4-ТАРАУ

Зиян келтіру

Кіріспе	231	Әдейі қаржылық зиян келтіру	284
Зиян келтіру	231	Қылмыстық жауапкершілік	284
Қылмыстық жауапкершілік	231	Алдау деликтік құқық бұзушылық	286
Деликт жауапкершілігі	233	Бұрмалау деликтік құқық бұзушылығы	287
Келісімшарт жауапкершілігі	234	Жәбірлеу деликтік құқық бұзушылық	288
Нормативтік құқық жауапкершілігі	234	Шарттық қатынастарға араласу, кедергі жасау деликтік құқық бұзу	289
Субсидиярлық (жанама) жауапкершілік	235	Абайсызда қаржылық зиян келтіру	290
Біреуге немесе оның мүлкіне әдейі, қасақана зиян келтіру	236	Үшінші тараптағы адамның жеке басына немесе оның мүлкіне зиян келтіру	291
Қылмыстық жауапкершілік	236	Ақаулы өнімдер	292
Біреудің құқығына қол сұғу құқық бұзушылығы	240	Ұқыпсыз бұрыс кеңес беру	293
Жағымсыз деликт	246	Зиян келтірудің салдары	297
Диффамация (жала жабу) деликті	249	Қылмыстық салдар	297
Абайсызда адамға немесе оның мүлкіне зиян келтіру	254	Азаматтық салдары	298
Абайсызда жасалған деликтік құқық бұзушылық	255	Қорытынды	302

Джонни мен Эш

[Эш пен Джонни әлі езеннің жағасында жүр. Джонни қоңырау шалуды аяқтады да, ұялы телефонын джинсиінің қалтасына қайта салып қойды. Ол ашулы сияқты.]

Джонни: Мен бұған сенбеймін! Өткен түн бірнеше айдан бері мен демалыс алған бірінші сенбі түні болды. Мен мейрамханаға Кэтиді жауапты етіп қалдырдым. Кэти - менің көмекші менеджерім. Оның аздап мінезі бар, бірақ ол көп жұмыс істейді және не істеп жатқанын біледі. Қалай болғанда да, шамасы, кейбір балалар үстелдердің біріне сусынын төгіп алады. Ештеңе етпейді, ол әдеттегі жағдай ғой. Бірақ жарты сағаттан соң тағы бір үстелде отырған кәрі әйел дәретханаға барғалы орнынан тұрғанда, еденге төгілген сусынға тайып құлап, басын еденге ұрып алды. Ол есінен танып қалды.

Эш: Ой, жоқ! Бұл жан түршігерлік қой!

Джонни: Сәл сабыр сақтаныз, жақсы болады. Жедел жәрдемді күтіп тұрғанда, кәрі әйелдің ұлы Кэтиге сөйлей бастады. Ол төгілген суды тазалау оның жауапкершілігі екенін және тағы бірдеңелерді айтып Кэтиге айқайлап жатыр. Ұлы аздап мас, Кэтиді балағаттап, итеріп жатыр. Сондықтан Кэти жігітті жағынан ұрды.

Эш: Не дедіңіз? Сіздің көмекші менеджеріңіз клиентті соқты ма?

Джонни: Жас жігіттің есін тандырып жіберді. Мен Кэтидің мінезі бар екенін айттым ғой. Қалай болғанда да, енді екі адам қатар еденде есінен танып жатыр. Жедел жәрдем екеуін де алып кетті, содан кейін полиция келіп, менің мейрамханамды екі даяшы мен екі

аспаздың қолына қалдырып, Кэтиді алып кетті. Олардың ешқайсысы мейрамхана жұмысын жүргізуді білмейді. Мен өткен түнде телефонымды ешіріп тастағым келді. Қалай болғанда да, енді маған бәрін реттеу үшін, барып жұмыс істеуге тура келеді. Маған өткен түннің шоттарын ғана емес, менің барлық ақша әлі сонда бар екеніне көз жекізуім керек, бірақ шамасы, мені сотқа шағымдануға қауіп төндіретін екі заңгердің телефон қоңырауларына жауап қайтаруым керек (менде іс жүзінде ақша бардай). Мен мұны түсінбеймін. Мен тіпті, онда болған жоқпын. Олардың кез келгені маған істеуі керек?

Эш: Жарайды, бұл сіздің мейрамханаңыз.

Джонни: Білемін. Бірақ мен онда өткен түнде болған жоқпын, мен сусын төккен жоқпын және мен жігіттің жағынан ұрған жоқпын. Мен ойлап қарасам, адам тайып құласа, аяғының астына қарамаған ол өзінің кінәсі, адамның жағына ұрса, бәлкім, алысуға дайын тұрған өзінің кінәсі. Мен түсінбеймін. Неге олар менің ізіме түседі?

Эш: Иә, заңда адам зардап шеккен зияны үшін бізді жауапты ететін көптеген жағдайлар бар. Және бұл тек біз әдейі және тікелей зиян келтіргенде ғана емес. Егер жанама зиян келтіргенде немесе зиян біздің немқұрайлы, абайсыздығымыздың салдарынан болған жағдайда да біз жауапты боламыз.

Джонни: Неге бұл менің кінәм екенін әлі түсінбеймін.

Эш: Жарайды, мен түсіндірейін . . .



Бұл тарауда

- Әдейі немесе абайсызда біреуге зиян келтірудің заңды салдары қандай? Қылмыстық жауаптылық, деликт құқықтық жауапкершілік, келісімшарт міндеттемесі және жарғылық жауапкершілік арасындағы айырмашылықтар қандай?
- Басқа адамға немесе оның мүлкіне әдейі зиян келтірген адам қай кезде заң тұрғысында жауапты болады?
- Абайсызда басқа адамға немесе оның мүлкіне зиян келтіргені үшін қай кезде заңды түрде жауапты болады?
- Басқа адамға әдейі қаржылық зиян келтірген адам қай кезде заң тұрғысында жауапты болады?
- Абайсызда басқа адамға қаржылық зиян келтіргені үшін қай кезде заң тұрғысында жауапты болады?
- Біреудің зиян келтіргені анықталғанда, оның азаматтық салдары қандай? Қылмыстық салдары қандай?

Кіріспе

Бұл тарауда біреуге әдейі немесе абайсызда зиян келтірудің құқықтық салдарын қарастырамыз. Бір адамның басқа адамға зиян келтіруінің көптеген түрлері бар. Олар басқа адамға физикалық шабуыл жасауы (мысалы, жағына ұру), жеке мүлкін зақымдауы, үйінде оларға кедергі жасап, мазасын алу немесе олардың абыройына нұқсан келетін жағымсыз нәрселерді айтуы мүмкін. Олар абайсызда (мысалы адам көп мейрамханада төгілген сусынды еденде қалдыру) басқа адамға шығын келтіру немесе залал шегуді тудыруы мүмкін. Олар басқа адамға ұрлау, оларды немесе олар туралы алдау, қорқыту, пайдасыз кеңес беру, ақаулы өнімді сату арқылы қаржылық шығынға ұшыратуы мүмкін. Осы жағдайлардың әрқайсысы зиянды әрекеттен жәбірленушінің қылмыстық қудалау және/немесе азаматтық іс қозғауға әкелуі мүмкін.

Зиян келтіру

Бір адамның әрекеті басқа адамға зиян келтіргенде, ол әрекет заң бойынша ақталмаса немесе кешірілмесе, онда ол құқық салдары болады. Бұл тараушада біз қылмыстық жауапкершілік, келісімшарт міндеттемесі, деликт жауапкершілігі, тікелей жауапкершілік, жарғылық міндеттеме және субсидиярлық жауапкершілік сияқты құқықтық жауапкершіліктің бес түрін қысқаша қарастырамыз (4.1-суретті қараңыз).

ЕСКЕРТУ!

Бір зиянды әрекет жауапкершіліктің бірнеше түрін тудыруы мүмкін. Мысалы, шартты бұзу, азаматтық құқық бұзу және қылмыс болуы мүмкін.

Қылмыстық жауапкершілік

Егер біреу басқа біреуге зиян келтірсе және ол зиянды әрекет қылмыс болса, онда ол қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. **Қылмыс** мемлекет **жауапқа тартатын**, қудалайтын, ақыр соңында, құқық бұзушыны жазалауға әкеп соғатын зиянды әрекет.

Барлық зиянды әрекет қылмыс емес, салыстырмалы түрде ауыр зардаптары бар әрекеттер ғана қылмыс болып табылады. Басқа біреуге берген уәдені бұзу құқықтық салдары бар зиянды әрекет, бірақ ол әдетте қылмыс емес.

қылмыс – мемлекетті қылмыстық іс қозғауға және қылмыскерді жазалауға ұмтылуға алып келетін зиянды әрекет немесе әрекетсіздік.

сот ісі – қылмыс жасаған деп айыпталған адамға қатысты мемлекет тарапынан жүргізілетін сот. Сондай-ақ, бұл «қылмыстық іс» ретінде де белгілі.

Әрбір Аустралия юрисдикциясында өзінің қылмыстық заңнамасы бар 4.1-кестені қараңыз). Төрт юрисдикцияда – Аустралияның астаналық аумағы, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Оңтүстік Аустралия және Викторияда қылмыстық құқық қылмыстық заңнама мен жалпы құқықтық принциптердің жинағынан тұрады. Аустралияның басқа төрт юрисдикциясында Квинсленд, Батыс Аустралия, Тасмания және Солтүстік аумақта парламенттер қылмыстық құқықты кодификациялаған, яғни, олар ортақ заңды алмастыратын кешенді заңнама қабылдады (дегенмен Тасмания заңнамасында кейбір жалпы құқық принциптері қалды).



4.1-сурет. Құқықтық жауапкершілік нысандары

1995 жылғы (Дст) қылмыстық кодексте Аустралия қылмыстық заңын үйлестіруге қол жеткізу мақсатында, мемлекеттер мен аумақтар қабылдауға арналған үлгі қылмыстық кодексі бар. Мұның әлі қалыптасуы қажет.

4.1-кесте. Қылмыстық құқықтың қайнар көздері

Юрисдикция	Қылмыстық құқық көздері
Достастық	Қылмыстық кодекс актісі 1914 (Дст) + Қылмыстық кодекс актісі 1995 (Дст)
Аустралияның астаналық территориясы	Қылмыстық заңы актісі 1900 (ААТ) + Қылмыстық кодекс 2002 (ААТ) + жалпы құқық
Қылмыстық кодекс	Қылмыс заңы 1900 (NSW) + жалпы құқық
Солтүстік Аумақ	Қылмыстық кодекс актісі 1983 (СТ)
Квинсленд	Қылмыстық кодекс 1899 (Клд)
Оңтүстік Аустралия	Қылмыстық заңды шоғырландыру актісі 1935 (ОА) + жалпы құқық
Тасмания	Қылмыстық кодекс актісі 1924 (Тас) + жалпы құқық
Виктория	Қылмыс Заңы 1958 (Вик) + жалпы құқық
Батыс Аустралия	Қылмыстық кодекс актісі 1913 (БА)

Кез келген нақты Аустралияның юрисдикциясы шегінде, қылмыстық жазалау ережелері көбінесе, бірнеше түрлі баптардан тұрады. Мысалы, әрбір юрисдикцияда тұтынушылар құқықтарын қорғау заңнамасында қылмыстық жаза қамтылады (8-тарауды қараңыз). Көптеген юрисдикцияларда құқық бұзушылық туралы жеке жиынтық заң бабы бар.¹

Қылмыстық жауапкершілік осы тарауда кейінірек толығырақ қарастырылады.

Деликт жауапкершілігі

Зиянды әрекет **деликт** (құқық бұзушылық) болуы мүмкін. Деликт сөзі «дұрыс» немесе «қисық (қайшы)» дегенді білдіреді, ол латынның «tortus» сөзінен шыққан. Деликт азаматтық теріс (дұрыс емес) әрекет, яғни бұл басқа адамға зиян келтіретін әрекет және бұл зиян шеккен адамға оның өзін қалпына келтіру немесе қандай да бір басқа азаматтық шығынды қалпына келтіру үшін өтемақы алу мақсатында **сотқа шағымдануға** құқық беретін заң болып табылады. Қылмыстық құқық айыптыны жазалаумен айналысады. Деликт (құқық бұзушылық) жәбірленушінің зиянды әрекет салдарын қалпына келтіру үшін өтемақы алуын қарастырады. Деликт пен қылмыстың арасында сот ісін қалай бастау, дәлелдеу стандарты және сот ісін жүргізудің қорытындыларына қатысты басқа да маңызды айырмашылықтар бар (4.2-кестені қараңыз).

4.2-кесте. Деликт жауапкершілігі мен қылмыстық жауапкершілік арасындағы айырмашылықтар

	Деликт жауапкершілігі	Қылмыстық жауапкершілік
Мақсаты	Қалпына келтіру	Жаза
Сот ісін бастайды	Талапкер (жәбірленуші)	Монарх
Дәлел стандарты	Ықтималдық (балансы) тепе теңдігі	Барлық ақылға қонымды күмәннан тыс
Нәтижесі	Сотта жеңу немесе жеңілу	Кінәлі немесе кінәлі емес

Бір зиянды әрекет қылмыс және деликтік құқық бұзушылық болуы мүмкін. Мысалы, егер Джонни әдейі басқа біреуге физикалық жарақат жасаса, шабуыл жасау қылмысы

¹ Summary Offences Act 1988 (NSW); Summary Offences Act 1923 (NT); Summary Offences Act 2005 (Qld); Summary Offences Act 1953 (SA); Summary Offences Act 1966 (Vic).

болады және мемлекет тарапынан қудаланады, ол сондай-ақ, деликт, яғни құқық бұзады және оның зиянды әрекеті салдарынан жәбірленуші Джонниға азаматтық іс қозғай алады. Деликт ең алдымен, жүздеген жылдар бойы соттар әзірлеген іс құқығы. Алайда, соңғы жылдары іс құқығы принциптеріне, әсіресе абайсыздық пен диффамация салаларында бірнеше маңызды заңнама баптары енгізілді, өзгертілді және жойылды. Деликт осы тарауда толығырақ қарастырылады.

деликт – мысалы, шартты бұздан басқа, немқұрайлылық, абайламау, диффамация, кедергі сияқты жәбірленушіге сотқа беру құқығын беретін зиянды әрекет.

дау соты – қоғамдастықтың бір мүшесінің басқа біреуге қарсы қозғаған сот талқылауы.

Келісімшарт жауапкершілігі

Келісімшарт – орындалуы заңды бекітілген келісім. Егер адам зиянды әрекетке қатысты болса, зияннан зардап шеккен адаммен шарттық қатынастары болады, онда зиянды әрекет Келісімшарт жауапкершілігін (міндеттемелерін) тудыруы мүмкін. Мысалы, егер Джоннидың тарапынан жасалған абайсыздық әрекет оның клиенттерінің біріне зиян келтірсе, онда ол тек абайсызда заңды бұзып қана емес, сондай-ақ деликт пен келісімшарт жауапкершілігін туғызатын тұтынушымен жасалған келісімшартты бұзады.

Деликт сияқты, келісімшарт құқығы жәбірленушіге зиянды әрекет салдарынан шеккен шығынды қалпына келтіруді қарастырады. Алайда, келісімшарт жауапкершілігі мен деликт жауапкершілігі арасында маңызды айырмашылықтар бар. Деликт жауапкершілігі келісімшартсыз, тіпті тараптар толық бейтаныс адамдар болған жағдайда туындауы мүмкін, ал келісімшарт жауапкершілігі талапкер және жауапкердің арасында келісімшарт болғанда ғана туындайды. Джонни көптеген отбасы мүшелерінің, көршілердің, таныстары, бейтаныс, сенімдегі жүргізушілер, жаяу жүргіншілердің және қоғамдастықтың басқа мүшелерінің кең ауқымына деликт жауапкершілігіне міндетті, бірақ ол тек қызметкерлердің, клиенттердің және жеткізушілердің шектеулі санына ғана келісімшарт жауапкершілігіне міндетті.

Келісімшарт жауапкершілігі 5 және 6-тарауларда толығырақ қарастырылады.

келісімшарт – орындалуы заңды бекітілген, екі немесе одан да көп адамдар арасындағы келісім.

Нормативтік құқық жауапкершілігі

Зиянды әрекет қылмыс болумен қатар, деликт және/немесе келісімшартты бұзу сияқты нормативтік құқық жауапкершілігіне әкеп соғатын бір немесе бірнеше **ережелерге** қайшы келуі мүмкін. Көптеген жарғылар құқықтық жауапкершілікті жүктейді. Мысалы, Джонни абайсызда ақаулы өнімді сатса, ол заңды тек абайсызда және сатып алушымен келісімшартты ғана бұзып қойған жоқ, ол сондай-ақ **Аустралияның Тұтынушылар Заңына** да (АТЗ) қайшы әрекет жасады.

Келісімшарт заңы мен деликт алдымен іс құқығы, әдетте өтірік пен абайсыздық сияқты зиянды әрекеттің жалпы түрлеріне тыйым салады. Нормативтік құқық, екінші жағынан, парламент қабылдаған және мұндай пирамидалық саудамен айналысу (8-тарауды қараңыз) немесе төлеуге қабілетсіз сауданы болдырмау міндетін бұзу сияқты зиянды әрекеттің нақты түрлеріне тыйым салады, авторлық құқық бұзған (9-тарауды қараңыз) болып табылады (12-тарауды қараңыз).

Көптеген жағдайларда нормативтік жауапкершілікті бұзу тиісті нормативтік органдардың қылмыстың ізіне түсуге, тергеуге немесе сот талқылауына әкеледі. Кейбір жағдайларда заң белгілеген міндеттерді бұздан зардап шеккен жеке тұлғалар жеке азаматтық талап қоюға құқылы болуы мүмкін.

Нормативтік құқық жауапкершілігі осы кітаптың басқа тарауларында егжей-тегжейлі қарастырылады.

нормативтік ережелер – Парламент қабылдаған заң, сондай-ақ, «заңнама» немесе «Парламент Заңы» ретінде белгілі.

Аустралияның Тұтынушылар Заңы (АТЗ) – Аустралия тұтынушылары құқықтарын қорғауды реттейтін заң; Бәсекелестік пен Тұтынушылар туралы Заңның 2010 (Дст) кестесі.

4.1-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Қылмыстық, деликт жауапкершілігі, келісімшарт міндеттемесі және нормативтік міндеттемелердің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтардың жиынтық кестесін дайындаңыз.

Субсидиярлық (жанама) жауапкершілік

Кейбір жағдайларда адам басқа біреу келтірген зиян үшін жауапты болады. Бұл **субсидиярлық (жанама) жауапкершілік** ретінде белгілі. Ол жиі жұмыс беруші мен қызметкердің өзара қарым-қатынас аясында туындайды, мысалы, Джонни өзінің қызметкерлерінің мейрамханада міндеттерін атқару кезінде жасаған кез келген зиянды әрекетіне жауапты болады.

Егер қызметкерлер рұқсат етілген жұмысты рұқсат етілмеген немесе заңсыз тәртіппен атқаратын болса, жұмыс беруші олардың әрекетіне субсидиярлық жауапты болады.

субсидиярлық (жанама) жауапкершілік – басқа біреудің әрекетіне жауапты болу.

Century Insurance Co Ltd компаниясына қарсы Northern Ireland Road Transport Board компаниясының талап арызы [1942] AC 509

Жанармай тасымалдайтын көліктің жүргізушісі жерасты резервуарына жанармай құйып жатқанда темекі тұтатты. Темекі отынан өрт шықты. Сотқа жүргізушінің жұмыс берушісі залалға жауапты екендігіне шешім қабылдауға тура келді. Жұмыс беруші жанармай құйғанда жүргізушіге темекі шегуге рұқсат етілмейді деп дау айтты. Сот бәрі бір жүргізушінің уәкілетті тапсырманы орындап жатқан уақытта құқық бұзуына жұмыс беруші жауапты деп шешті.

Алайда, қызметкердің өз жұмысынан тыс жерде жасаған әрекетіне жұмыс беруші субсидиярлық жауапты болмайды.

Флюдің Deatons Pty Ltd қонақ үйіне қарсы талап арызы (1949) 79 CLR 370

Қонақ үйдегі барға келуші тұтынушымен керісіп қалды. Флю жаман сөздерді айтуды жалғастырды. Барға келуші Флюдің бетіне бір стақан сыраны шашып жіберді. Флю *Deatons Pty Ltd* қонақ үйі барға келушілердің әрекеттері үшін субсидиярлық жауапты екеніне уәж айтты. *Deatons Pty Ltd* қонақ үй иесінің үстінен сотқа шағым түсірді. Сот оқыс оқиға кезінде барға келуші өз қызметін атқарып жатқан жоқ, сондықтан *Deatons Pty Ltd* қонақ үйі барға келушінің іс-әрекетіне субсидиярлық жауапты емес деп шешті.

Көптеген субсидиялық жауапкершілік қызметкердің абайсызда жасаған заң бұзу әрекетіне жұмыс берушінің жауапкершілігін қарастырады. Алайда, соттар тіпті қызметкердің теріс қылықтары жұмыс берушінің кәсібіне қауіп туғызумен байланысты болғанда да қызметкердің қасақана жасаған зиянды қылмыстары үшін жұмыс берушінің жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін растады.²

Жұмыс берушінің қызметкерге **тәуелсіз мердігер** әрекетіне субсидиялық жауапты емес екенін ескеріңіз (12-тарауды қараңыз).³

Субсидиялық жауапкершілік, сондай-ақ, басқа контексте туындайды, оның ішінде:

- өздерінің агентінің іс-әрекеттері үшін басшысының жауапкершілігі (7-тарауды қараңыз).
- басқа әріптестердің іс-әрекеттері үшін бір серіктестің жауаптылығы (12-тарауды қараңыз).

тәуелсіз мердігер – қызмет көрсету үшін келісімшарт жасаған, бірақ қызметкер емес.

4.2-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Осы тараудың басындағы «Джонни мен Эш» тақырыбына қараңыз.

Джонни Кэтидің әрекетіне жауапты ма?

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 4.1 Қылмыстық жауапкершілік деген не?
- 4.2 Деликт жауапкершілігі деген не?
- 4.3 Шарттық міндеттеме деген не?
- 4.4 Нормативтік құқық жауапкершілігі деген не?
- 4.5 Құқықтық жауапкершіліктің осы төрт нысанының арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қандай?
- 4.6 Жұмыс беруші қызметкердің әрекетіне қай кезде жауапты болады?

Біреуге немесе оның мүлкіне әдейі, қасақана зиян келтіру

Бұл тарауда біз біреуге немесе оның мүлкіне әдейі, қасақана зиян келтірудің заңды салдарын қарастырамыз. Кейінгі тараушаларда біреуге немесе оның мүлкіне абайсызда зиян келтіру немесе әдейі, қасақана қаржылық зиян келтіру салдарын қарастырамыз (4.2-суретті қараңыз). Біреуге немесе оның мүлкіне әдейі, қасақана зиян келтірудің қылмыстық жауаптылықты және/немесе деликт міндеттемелерін тудыруы мүмкін.

Қылмыстық жауапкершілік

Кейбір (бірақ барлығы емес) зиянды әрекет нысандары қылмыстық жауаптылыққа әкеледі. Бұл тараушада біз бұл кәсіпкерлік құқық мәтіні болғандықтан, қылмыстық заңға қарағанда азаматтық қылмыс пен қорғаныс заңнама ауқымын тек қысқаша ғана қарастырамыз.


² *Hollis v Vabu Pty Ltd (2001) 207 CLR 21.*

³ *Lloyd v Grace, Smith and Co [1912] AC 716.*

Қылмыстық құқық бұзушылық

Қылмыстық құқық бұзушылыққа:

- адам өлтіру, пышақтау, шабуыл жасау, зорлау құқық бұзушылығы мен ұрлық сияқты адамға қатысты құқық бұзушылықтарды;
- тонау, ұрлық жасау, жалған және корпоративтік қылмыс, ұрлық сияқты меншікке қарсы қылмыстар;
- мемлекетке опасыздық жасау мен бүлік шығару сияқты қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар;
- дәлелді, сот төрелігін жою сияқты мемлекеттік және қоғамдық органдарға қарсы қылмыстар.



4.2-сурет. Зиян келтіру салдары

4.3-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Өзіңіздің мемлекетіңіздің немесе аумақтың қылмыстық заңнамасынан (1) шабуыл жасау, (2) тонау, (3) бүлік шығару және (4) жалған куәлік, айғақ берудің анықтамасын жүктеңіз (4.1-кестені қараңыз).

Сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықты құқық бұзушылық айыптау актісі немесе жиынтық құқық бұзушылық ретінде жіктеуге болады.

Айыптау актісі құқық бұзушылығы кісі өлтіру, пышақтау, зорлау немесе тонау сияқты ауыр қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. Егер адамға айыптау актісі қылмысын жасаған деген айып тағылған болса, **сот талқылауы** алдымен қылмыстық істі толық дәлелдеу үшін, жеткілікті дәлелдемелердің бар немесе жоқтығын анықтау үшін төменгі сотта өтеді. Егер магистрат қылмыстық істің толық орын алғанына жеткілікті дәлелдемелер бар деп шешсе, қылмыстық сот талқылауы судья мен алқабилер алдында жоғары сотта жалғасады.

айыптау актісі – кісі өлтіру, өлтіргені, зорлау немесе қарақшылық жасау сияқты ауыр қылмыстық сот судьяға және алқабилер алқасы алдында өтеді.

сот талқылауы – толық қылмыстық істі дәлелдеу үшін жеткілікті дәлелдемелердің бар немесе жоқтығын анықтау үшін төменгі сотта өтетін алдын ала сот талқылауы.

Жиынтық құқық бұзушылық жалпы шабуыл жасау, жол-көлік ережесін бұзу, мас болу және тәртіп бұзу сияқты онша ауыр емес, ұсақ қылмыстық іс болып табылады. Егер адамға жиынтық қылмыс жасаған деген айып тағылған болса, сот талқылауы магистрат алдында төменгі сотта өтеді. Кейбір айыптау актісі жинақтық түрінде, яғни төменгі сотта өтеді. Бұл сот, әдетте, мүлікке зиян келтіруден бастап, белгілі бір ақшалай құн шығындары жағдайларына дейін қамтиды. Жалпы ереже бойынша, жауапкер мәселені (істі) жинақтап тыңдауға келісуі керек.

жиынтық қылмыс – жалпы шабуыл, жол-көлік құқық бұзушылық немесе мас болу, тәртіп бұзу сияқты ұсақ, елеулі маңызы болмайтын, ауыр қылмыстық емес қылмыстық іс төменгі сотта, магистрат алдында өткізіледі.

Қылмыстық кінә

Жалпы құқыққа сәйкес, екі нәрсе анықталмаса, адам қылмысқа кінәлі деп табылмайды:

1. теріс әрекет (**actus reus**);
2. теріс, кінәлі ой, пиғыл, яғни ниеті, көздегені, білуі немесе оның заңға қайшы екенінен хабардар болуы (**mens rea**).

Алайда егер қылмысты жалпы құқыққа қарағанда заңнама құрса, заңнама жауапкерді кінәлі деп табу үшін теріс ниет (*mens rea*) құруды талап ете алмайды. Бұл «қатаң жауапкершілік» немесе «абсолюттік міндеттеме» құқық бұзушылығы ретінде белгілі. Мысалы, егер сотталушыға көлік айдағанда жылдамдықты шектеуден арттырды деген айып тағылса, оның әдейі жасағанын белгілеу қажет емес; жауапкер теріс әрекет (*actus reus*) жасады деп белгілеу жеткілікті болады. Сондықтан оны әдейі жасады деп анықтау қажет емес; жауапкердің теріс әрекет (*actus reus*) жасағанын белгілеу жеткілікті болады.

actus reus («теріс әрекет») – қылмыстық физикалық әрекет.

mens rea («теріс ниет») – қылмыс жасауға ниеттену.

Қылмыстық қорғаныс

Егер адам қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылса, олар алдымен Монарх ақылға қонымды күмәннен тыс, айыпты дәлелдеуі тиіс фактіге сүйенуге құқылы. **Дәлелдеу ауыртпалығы** Монархта болады және солай жасау дұрыс болғанмен, жауапкерге кез келген қорғаныс жасау қажет емес.

Дәлелдеу ауыртпалығы – дәлел олардың жағына құрылу үшін жеткілікті дәлелдемелер шығаратын сот талқылауы тараптарының бірінің міндеті.

Қылмыстық іс-әрекеттен жауапкердің бас тартуы қамтылмағанмен, қылмыстық кінәнің қажетті элементтерінің бірі немесе одан да көбі жоқ болатынын бекіту қамтылатын бірнеше қорғаныс бар.

- *Өзін-өзі қорғау.* Тиісті жағдайларда, өзін-өзі қорғау үшін немесе басқа тұлғаны немесе оның мүлкін қорғау күш қолдануды пайдалануға болады. Өзін-өзі қорғауда күш қолдану ақылға қонымды және шамадан тыс болмауы тиіс. Қауіп төну кеткен соң немесе өзін-өзі қорғаудан гөрі олар кек алу мүддесі болса, жауапкердің әрекеті әдетте, қорғаныс емес.
- *Есі ауысқандық.* Жауапкер психикалық аурудың кейбір нысаны қажетті қылмыстық ниет алғышарттарын жасай алмайтынын білдіреді деп дауласа алады. Алайда егер олар психикалық аурудың белгілері салдарынан кінәлі деп табылмаса, психиатриялық мекемеде қамауда ұсталуы мүмкін. Әдетте егер психикалық ауруы жоқ немесе оларды ұстау талап етілмейді деп тапса, олар босатылуы мүмкін. Осы себепті басқа қорғаныстарға сүйену жиі қолайлы болады.
- *Азайтылған, кемітілген жауапкершілік.* Ереже Жаңа Оңтүстік Уэльс, Квинсленд және жауапкершілігі ішінара шектеулі қорғаныс Аустралияның астаналық аумағында бар. Егер жауапкердің тиісті уақытта ақыл-есі ауытқыған немесе жақсы мен жаманды айыра алмайтын, оқиғаларды қабылдау, өз іс-әрекеттерін бақылау қабілеті нашар адамдардан зардап шеккені көрсетілген болса, қорғаныс беріледі. Қорғаныс тек кісі өлтіру сотының кісі өлтіру контексінде болуы мүмкін және кісі өлтіруден пышақтауға дейін жауапкершілікті төмендетуге ықпал етеді.
- *Мәжбүрлеу.* Қылмыс жасалған уақытта жауапкердің мүддесі аса күш қолдану немесе басқаның еркін мәжбүрлеу арқылы «бағындырылса», онда оларға мәжбүрлеу қорғанысына сүйенуге болады.
- *Автоматизм.* Автоматизм – саналы еріксіз әрекет. Қылмыс жасаған уақытта айыпталушы өзінің іс-әрекеттеріне саналы бақылау жасай алмаған болса, олардың ақталуға құқығы бар. Жалпы құқықта автоматизм интоксикацияның нәтижесі болуы мүмкін, көпшілік юрисдикцияда заңнама мұны алып тастады.
- *Кәмелетке толмаған балалар.* Жалпы заңда 7 жасқа толмаған балалар қылмыстық ниеттегі іс-әрекетке қабілетсіз болып табылады және 7 және 14 жас арасындағы балалар қылмыстық ниетке қабілетсіз деген (теріске шығарылатын) болжам бар. 14 жастан асқан балалар ересектер сияқты қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Әр юрисдикциядағы нормативтік түзетулер қылмыстықтық жауапкершілікке тартуды 7-ден 10-жасқа дейін көтерді.⁴
- *Қажеттілік.* Бұл жалпы қорғаныс заңы елеулі салдарды болдырмау үшін қылмыстық әрекет қажет болғанда туындауы мүмкін және әрекет тиісті қауіп ауырлығына пропорцияда болуы тиіс.

4.4-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Осы тараушаның басындағы «Джонни мен Эш» тақырыбына шолу жасаңыз. Кэти қандай қылмыс жасады? Кэти қандай қорғанысқа сүйенуі мүмкін?

⁴ *Criminal Code 1995 (Cth) s 7.1; Criminal Code 2002 (ACT) s 25; Children (Criminal Proceedings) Act 1987 (NSW) s 5; Criminal Code 1983 (NT) s 38(1); Criminal Code 1899 (Qld) s 29(1); Young Offenders Act 1993 (SA) s 5; Criminal Code 1924 (Tas) s 18(1); Children, Youth and Families Act 2005 (Vic) s 344; Criminal Code Act 1913 (WA) s 29 para 1.*


Бұл тарашаның қалған бөлігінде біз қасақана зиян келтірудің азаматтық салдарын қарастырамыз.

Біреудің құқығына қол сұғу құқық бұзушылығы

Егер қасақана немесе абайсызда талапкердің жеке басына немесе мүлкіне тікелей араласса, айыпталушы **біреудің құқығына қол сұғу** қылмысын жасайды. Біреудің құқығына қол сұғудың үш негізгі түрі бар (4.3-суретті қараңыз):

1. біреудің жеріне қол сұғу;
2. біреудің тауарына қол сұғу;
3. адамға кедергі келтіру.

біреудің құқығына қол сұғу – біреудің басқа біреуге немесе оның мүлкіне (жылжымайтын немесе жеке мүлкіне) тікелей араласқанда жасалатын құқық бұзушылық.



4.3-сурет. Біреудің құқығына қол сұғудың түрлері

Зиян келтірілген талапкерге біреуге қарсы азаматтық іс қозғау үшін нақты шығындар немесе залалды дәлелдеудің қажеті жоқ, іс қозғауға ол әрекеттің өзінен-ақ құқық бұзушылық белгілі. Алайда, оның қасақана немесе абайсызда жасалғанын дәлелдеу қажет. Егер ол кездейсоқ болса, құқық бұзу жасалған жоқ деп саналады.

Стэнлидің Пауэллге қарсы талап арызы [1891] 1 QB 86

Стэнли мен Пауэлл бірге аң аулап жүрген. Пауэлл құсты атты, бірақ оқ оған ти-мей, ағашқа тиіп, рикошетпен Стэнлиге тиді. Стэнли адамға зиян келтіріп, деликт құқық бұзды деп айыптап, Пауэллді сотқа берді. Сот зиян келтіру қасақана немесе ұқыпсыздықтан болған жоқ, кездейсоқ болды деп шешті.

Жер теліміне нұқсан келтіру

Адамдардың көпшілігі басқа біреудің меншігіндегі **жер теліміне зиян келтіру** туралы тағылатын айыппен таныс. Құқық бұзудың бұл түрі егер жауапкер қасақана немесе абайсызда талапкердің келісімінсіз, рұқсатынсыз немесе басқа да себептермен оның тиісті иелігіндегі жер теліміне тікелей қол сұғып, кедергі жасаған кезде туындайды. Мысалы, Джонни егер:

- Саймонның рұқсатынсыз оның үйіне кірсе;
- Жеткілікті уақыт ішінде оның кетуін сұрағанда, Саймонның үйінен кетуден бас тартса⁵;
- Саймонның мүлкіне қоқыстар немесе басқа заттарды тастаса,⁶ деликтік құқық бұзады.

per se – егер іс-әрекеттің өзінен-ақ құқық бұзушылық белгілі болса, іс қозғау үшін нақты келтірілген зиянды, шығындарды немесе залалды дәлелдеудің қажеті жоқ.

жерге зиян келтіру – егер біреу басқа біреудің тиісті иелігіндегі жер теліміне тікелей қол сұғып, кедергі жасаған кезде деликтік құқық бұзу жасалады.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда, біреудің жер теліміне қол сұғылды деп саналады:

- X Y-тің айрықша иелігіндегі жер теліміне кедергі жасап, араласса.
- X-тің араласуы тікелей болса.
- X араласуы қасақана немесе абайсызда жасалған болса.
- Y-тің кедергі жасауына ешқандай заңды келісім немесе негіздеме жоқ болса

Басқа біреуге тиісті жер телімімен физикалық байланыс болмауы керек, жер телімі үстіндегі әуе кеңістігіне араласу деликтік құқық бұзу болып табылады.

Келсеннің Imperial Tobacco Co компаниясына қарсы талап арызы [1957] 2 QB 334

Imperial Tobacco Co компаниясы қойған жарнама белгісі көршілес Келсеннің иелігіндегі дүкеннің жоғарғы әуе кеңістігіне түсіп тұрады. Сот белгі біреудің жер телімі меншік құқығын бұзды деп шешті.

Тек қана жер телімі меншік иесінің басқаларды сотқа шағымдануға құқығы бар емес. Егер жалға беруші жалға алушының иелігіндегі жер теліміне рұқсатсыз немесе заңды себепсіз кірсе, жалгердің оны сотқа шағымдануға құқығы бар⁷.

Алдын ала меншікке шақырылмаған адам жер телімі меншігі құқығын бұзушы емес. Егер ғимараттың кіреберіс қақпасына апаратын жүргінші немесе көлік жүретін жол

5 *Cowell v Rosehill Racecourse Co Ltd* (1937) 56 CLR 605.

6 *Bathurst City Council v Saban* (1985) 2 NSWLR 704.

7 *Gifford v Dent* [1926] WN 336.

кедергісіз болса, кіреберіс қақпа ашық болса және келушілерге кіруге тыйым салатын ешқандай белгі немесе басқа белгілер жоқ болса, меншік иесінің жүргінші жолды немесе кірме жолды ғимараттағы адамдармен қарым-қатынас, байланыс жасауға немесе бірнәрсе жеткізуге жұртшылықтың пайдалануына рұқсат етілсе, бұл жер телімі меншік құқығын бұзу емес⁸.



4.5-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Деликтік құқық бұзушыларды «қудалауға» бола ма?

Тауарға қол сұғу

Тауарларға араласуға қатысты үш түрлі деликтік құқық бұзушылық бар:

1. тауарға нұқсан келтіру;
2. айырбастау;
3. біреудің мүлкін заңсыз иелену.

Бұлар бөлек және бір-бірінен айырмашылығы бар деликт болғанмен, осы үш нысанның арасында ішінара сәйкестік бар.

Тауарға нұқсан келтіру, қол сұғу құқық бұзушылығы – талапкердің келісімінсіз оның тауарларына жауапкердің тікелей және қасақана немесе абайсызда жасалған кедергілері болып табылады. Мысалы, егер Джонни Саймонның рұқсатынсыз оның меншігіндегі нәрселерді алса, пайдаланса, ол тауарға қол сұғу құқық бұзушылығын жасайды.⁹ Қандай да бір жолмен тауарлардың бүлінгенін дәлелдеу міндетті емес.

тауарға кедергі келтіру, қол сұғу – біреудің жеке мүлкіне тікелей араласқанда деликтік құқық бұзушылық жасалады.

Айырбастау (тек абайсызда ғана емес) меншік пен тауарларды тиісті иелену құқығына қайшы жолмен талапкерге тиесілі тауарларға қасақана қол сұғу болып табылады. Мұндай жағдай егер жауапкер заңсыз оларды сақтау ниетімен талапкерге тиесілі тауарларды алғанда орын алады. Сондай-ақ, жауапкер шын мәнісінде талапкердің тауарларын иемденуге құқығы бар, бірақ талапкердің рұқсатынсыз ол тауарлармен еш нәрсе істеуге құқығы жоқ жағдайда да орын алады. Мысалы, Джонни оның рұқсатымен Саймонның автокөлігін сұрап алса, бірақ ол:

- автокөлікті бұзса;¹⁰
- Саймон уәкілеттік бермеген жолмен автокөлікті пайдаланса;¹¹
- Саймон одан автокөлікті қайтаруды талап еткенде, ол бас тартса;¹²

⁸ *Halliday v Nevill* (1984) 155 CLR 1

⁹ *Penfolds Wines Pty Ltd v Elliott* (1946) 74 CLR 204.

¹⁰ *Halliday v Nevill* (1984) 155 CLR 1.

¹¹ *Penfolds Wines Pty Ltd v Elliott* (1946) 74 CLR 204.

¹² *Flowfill Packaging Machines Pty Ltd v Fytore Pty Ltd* (1993) Aust Torts Reports 81–244.

- Саймонның келісімінсіз басқа тұлғаға автокөлігін берсе, сатса;¹³

айырбастау – меншік және иелену құқығына қайшы жолмен басқа біреудің тауарларына қол сұғу деликтік құқық бұзушылық болады.

Басқа адамның тауарларын алу **заңсыз біреудің тауарына қол сұғу** деп аталады. Бұл егер жауапкер талапкердің тауарларын иемденуге құқығы бар, бірақ талапкер тауарларды қайтаруды талап еткенде, жауапкер негізсіз бас тартқан жағдайда орын алады. Мұның айырбастаудан айырмашылығы бар, яғни бұған тауарларды қасақана ұстау мен немқұрайлылық жатады. Осылайша, егер Джонни Саймонның автокөлігін сұрап алса, содан кейін оны абайсызда жоғалтса және Саймонға сұраған кезде машинаны қайтармаса, бұл біреудің тауарына заңсыз қол сұғу болады.¹⁴

заңсыз біреудің тауарына қол сұғу – басқа біреудің тауарын заңсыз алу деликтік құқық бұзушылық болады.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда, тауарға қол сұғу құқық бұзушылығы деп саналады:

- X Y-тің меншігіндегі тауарларға нұқсан келтірсе;
- X-тің нұқсан келтіруі тікелей болса;
- X нұқсан келтіруі қасақана немесе абайсызда жасалған болса;
- Y-тің рұқсатсыз немесе заңды себепсіз қол сұқса, тауарларға қол сұғу құқық бұзушылығы деп саналады;

Адамға кедергі келтіру

Адамға кедергі келтіру талапкерге (яғни тұлғаға) тікелей және қасақана немесе абайсызда жасалған кедергілер болып табылады. Адамға кедергі келтіру кінәсінің үш түрі бар:

1. Жәбірлеу, балағаттау;
2. Шабуыл жасау;
3. Жалған бас бостандығынан айыру.

Жәбірлеу тікелей олардың келісімінсіз немесе заңды негізсіз талапкердің денесіне қасақана немесе абайсызда жасалған зиян, нұқсан болып табылады. Егер жауапкер талапкерді соқса, ұрса, итерсе, оларды тілдесе немесе атса, олар деликтік құқық бұзады. Кейде тіпті жағымсыз құшақтау немесе сую сияқты аз ғана сенсорлық жақындау жәбірлеу болуы мүмкін. Алайда соттар талапкердің өзіне ешкімнің ешқашан тиіспеуін талап етуге құқылы екенін және белгілі бір ең төменгі деңгейдегі физикалық байланыс болдырмауға болмайтын күнделікті өмірдің ажырамас элементі екенін анықтады.¹⁵

адамға кедергі келтіру – біреуге басқа біреудің тікелей кедергі келтіргенде деликтік құқықты бұзады.
жәбірлеу – бір адам заңсыз басқа адамға күш қолданғанда деликтік құқықты бұзады.

13 *Perpetual Trustees and National Executors of Tasmania Ltd v Perkins (1989) Aust Torts Reports 80–295.*

14 *John F Goulding Pty Ltd v Victorian Railway Commissioners (1932) 48 CLR 157.*

15 *Collins v Wilcock [1984] 1 WLR 1172.*

Риксон ойнауға тыйым салынғаннан кейін *Star City* казиносында рулетка ойнауды жалғастырды. *Star City* казино қызметкері Риксонға қарсы келіп, полиция келгенше оны ұстап тұрды. Риксонға қарсы келгенде, казино қызметкері оның назарын аудартқызу үшін оның иығына қолын қойды. Риксон жәбірлеу құқық бұзушылық деп айып тағып, *Star City* казиносын сотқа берді. Сот физикалық байланыс оның назарын аудартқызу үшін жасалды және бұл «күнделікті өмірдегі жалпы қабылданған қарапайым мінез-құлық» деп шешті. *Star City* казиносы жауапты болған жоқ.

Физикалық байланыс болатын спортқа қатысатын адамдармен ойын ережелері аясында физикалық жақындау келісілген деп саналады.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда:

- X Y-тің денесіне физикалық нұқсан келтірсе;
- X-тің әрекеті тікелей болса;
- X-тің әрекеті қасақана немесе абайсызда жасалған болса;
- Y-тің әрекетінің Y-тің ешқандай келісімінсіз немесе заңды себебі жоқ болса, жәбірлеу деликтік құқық бұзылды деп саналады.

Шабуыл жасау талапкерге тікелей сөзсіз және зиянды немесе жәбірлейтін адаммен байланысқа қатысуынан туындайтын қауіп болып табылады. Егер жауапкердің талапкерді жәбірлеуге ұшыратқандығын ақылға қонымды сендіретін болса, жауапкер деликтік құқық бұзушылық жасайды. Мұндай құқық бұзушылықтың орын алуына физикалық байланыс болудың қажеттілігі жоқ, оның өзі физикалық байланыс қауіп болып табылады. Мысалы, егер Джонни Саймонға оқ ату қауіпін төндірсе немесе Саймонға қауіп төндіру мәнерінде жұдырығын көрсетсе, ол шабуыл жасау құқық бұзушылығын жасайды.¹⁶

шабуыл жасау – біреудің заңсыз екінші адамға сөзсіз физикалық нұқсан келтіру қауіп болғанда жасалатын деликтік құқық бұзушылық.

Егер жауапкердің қорқыту мәнері талапкерге қауіп жоқ екені анық түрде сөздермен бірге жасалса, мысалы, Джонни Саймонға жұдырығын түйіп: «Мен қатыгез болған болсам, сені соққыға жығар едім» десе, бұл деликтік құқық бұзушылық болмайды.¹⁷ Алайда, егер айыпталушының талабы бойынша шартты қауіп жасалатын болса, мысалы, егер Джонни Саймонға мейрамханадан кетпесең, ұрамын деп қауіп төндірсе, бұл деликтік құқық бұзушылық болады.¹⁸

16 *Stephens v Myers* (1830) 4 Car & P 349; 172 ER 735.

17 *Tuberville v Savage* (1669) 1 Mod 3; 86 ER 684.

18 *Rozsa v Samuels* [1969] SASR 205

Жауапкердің іс жүзінде қатерді жүзеге асыруға қабілетті болуы қажетті емес; мәселе талапкердің өзіне физикалық шабуыл жасайды деп есептеуінде. Джонни оқталмаған тапаншамен Саймонды атамын деп қорқытса, бірақ Саймон тапаншада оқ жоқ екенін білмесе, Джонни шабуыл жасау құқық бұзушылығын жасайды. Сол сияқты, жауапкердің іс жүзінде қауіпті жүзеге асыру ниеті болуы қажетті емес, алайда, талапкердің айыпталушының қауіп төндіруді жүзеге асыратын ниетіне сенгені қажет.¹⁹

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда:

- X сөзсіз физикалық байланысты ақылға қонымды Y-ке қауіп туғызуды дамытады.
- X-тың әрекеті тікелей болғанда.
- X ның әрекеті қасақана немесе абайсызда жасалған болса.
- Y-тің әрекетінің Y-тің ешқандай келісімінсіз немесе заңды себебі жоқ болса, жәбірлеу деликтік құқық бұзылды деп саналады.

4.6-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Шабуыл жасау деликт құқық бұзушылықтың шабуыл жасау қылмысынан айырмашылығы неде?

Жалған бас бостандығынан айыру талапкерді оның келісімінсіз немесе заңды негіздемесі жоқ қозғалыс бостандығынан жалпы айыру болып табылады. Тікелей физикалық кедергінің болуы қажетті емес. Алайда, ешқандай ақылға қонымды себепсіз құтылу болуы мүмкін.²⁰ Егер Джонни Саймонды еріксіз бөлмеге қамап қойса, Джонни жалған бас бостандығынан айыру құқық бұзушылығын жасайды, егер Саймон Джоннидің көлігінде жолаушы болса және ол машинаны тоқтатып, өзін түсіруді талап етсе, ал Джонни салыстырмалы түрде жоғары жылдамдықпен жүруді жалғастыра берсе, автокөліктің есіктері құлыпталмаған жағдайда да, Джонни жалған бас бостандығынан айыру азаматтық құқық бұзушылығын жасаған болады. Адамды қамап ұстаудың физикалық түрде болуы міндетті емес, ол психологиялық түрде де болуы мүмкін. Егер Джонни Саймонды заңды түрде ұстауға уәжілетті екенін және Саймонның Джоннидің қамауында отырудан басқа ешқандай баламасы жоқ деп Саймонды сендірсе де, Джонни азаматтық құқық бұзушылық жасайды.²¹

Егер талапкер қамауға келіскен жағдайда, бұл жалған бас бостандығынан айыруға жатпайды.

жалған бас бостандығынан айыру – біреудің заңсыз екінші адамға оның келісімінсіз қозғалыс бостандығынан айырғанда жасалатын деликтік құқық бұзушылық.

¹⁹ *Hall v Foncea* [1983] WAR 309.

²⁰ *Burton v Davies* [1953] St R Qd 26.

²¹ *Symes v Mahon* [1922] SASR 447.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда:

- Х Ү-ті толық қамауда ұстаса.
- Х-тың әрекеті тікелей болған жағдайда.
- Х ның әрекеті қасақана немесе абайсызда жасалған болса.
- Ү-тің әрекеті Ү-тің ешқандай келісімінсіз немесе заңды себебі жоқ болса, жалған бас бостандығынан айыру азаматтық құқық бұзушылық болады.

Қорғаныс

Деликтік құқық бұзуға мыналар жатады:

- *Жазатайым оқиға* – кедергі, нұқсан келтіру қасақана немесе немқұрайлылыққа жататын құқық бұзушылық емес.²²
- *Келісім* – талапкердің қамауда ұстауға өз еркімен келісімін білдіреді.²³
- *Қажеттілік* – қамауда ұстау сөзсіз және нақты зияннан өмірді, жер телімін немесе тауарларды қорғауға қажет болды.²⁴

Уильямстың *Southwark LBC компаниясына қарсы талап арызы* [1971] Ch 734

Уильямс Борофтың меншігіндегі үйге өз бетімен кіріп алған баспанасыз адам. Кедергі келтіру жөнінде сотқа бергенде, ол қажетті қорғанысқа сүйенуге ұмтылды. Қорғаныс сәтсіз аяқталды. Сот түсіндіргендей, үйсіз адамның кедергі келтіруі қажетті қорғаныс деп танылатын болса, «бірде-бір үй қауіпсіз болмас еді».

- *Өзін-өзі қорғау* – (әдетте адамға) айыпталушыны немесе басқа бір адамды талапкер тарапынан болатын сөзсіз физикалық агрессиядан қорғау үшін қажетті және қауіп пропорционалды болды.²⁵
- *Меншікті қорғау* – (әдетте адамға) айыпталушының жер телімін немесе тауарларын талапкер тарапынан болатын сөзсіз агрессиядан қорғау үшін қажетті және қауіпке пропорционалды болды.²⁶

Жағымсыз деликт

Жағымсыз деликтік құқық бұзу жеке немесе мемлекеттік жер телімін талапкердің пайдалануы мен игілігіне жаратуына жауапкердің жанама кедергі жасау әрекеті болып табылады. Оның екі түрі бар:

1. жеке адамға жағымсыз кедергі жасау әрекеті;
2. қоғамдық кедергі.

Жағымсыз кедергі жасау мен жер теліміне қол сұғу кінәсі арасында маңызды айырмашылық бар: Қол сұғу кінәсі талапкердің меншігіндегі жер теліміне тікелей арала-

²² *Stanley v Powell* [1891] 1 QB 86.

²³ *McNamara v Duncan* (1971) 26 ALR 584

²⁴ *Wilson v Pringle* [1987] QB 237; *Cope v Sharpe (No 2)* [1912] 1 KB 496.

²⁵ *Fontin v Katapodis* (1962) 108 CLR 177.

²⁶ *Norton v Hoare* (1913) 17 CLR 310.

су, ал жағымсыз кедергі жасау талапкердің жер телімін пайдалануына және игілігіне жаратуына жанама араласу болып табылады. Егер Джонни өзінің Саймонның рұқсатынсыз оның үйіне кірсе, меншікке қол сұғу кінәсі, ал егер Джонни оның мейрамханасында шулы музыка ойнатып, оның көршілерінің мазасын алса, онда ол жағымсыз азаматтық құқық бұзған болып саналады.

жағымсыз деликт – жеке немесе мемлекеттік жер телімін талапкердің пайдалануы мен игілігіне жаратуына жауапкердің жанама кедергі жасалатын құқық бұзушылық.

Жеке тұлғаға қатысты жағымсыз деликт

Жеке тұлғаға қатысты жағымсыз деликт талапкердің *жеке* жер телімін пайдалануы мен игілігіне жаратуына жауапкердің жанама кедергі келтіру әрекеті болып табылады. Кедергі жасау әрекеті сотталушының жерінен жасалуы қажетті емес; ол көшеде немесе жер телімі үстіндегі әуе кеңістігінде жасалған болуы мүмкін.

жеке тұлғаға қатысты жағымсыз деликтік құқық бұзу – бір адам басқа бір адамның жеке жер телімін пайдалануы мен игілігіне жаратуына жауапкердің жанама кедергі жасағанда орын алатын жағымсыз деликтік құқық бұзу.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда:

- X Y-тің жеке жер телімін пайдалануы мен игілігіне жаратуына жанама кедергі жасаса;
- Y сол жерге қызығушылық (мысалы, олар жер телімінің иесі немесе жалға алушы болса) танытса;
- Y нақты зиян немесе залал шексе;
- X-тің кедергі жасауы жанама болса;
- X-тің кедергі жасауы қасақана немесе абайсызда болса;
- X-тің кедергі жасауы тұрақты және негізсіз болғанда жеке азаматтық құқық бұзушылық болады.

Жеке жағымсыз деликтік құқық бұзу ауқымына жататын әрекеттердің мысалдары:

- зиянды бу шығару арқылы талапкердің өсімдіктерін жою;²⁷
- талапкердің меншігін суаратын су жолын бұғаттау;²⁸
- жауапкердің шамадан тыс шу шығаруы;²⁹
- жауапкердің үй-жайларын жезөкшелікпен айналысуға пайдалану;³⁰
- сотталушының ауласындағы прожекторлар;³¹
- сотталушының зауытынан салдарынан талапкердің үйінде дірілдің пайда болуы.³²

27 *St Helens Smelting Co v Tipping* (1865) 11 HLCas 642; 11 ER 1483

28 *Thorpes Ltd v Grant Pastoral Co Pty Ltd* (1955) 92 CLR 317.

29 *Andrae v Selfridge and Co Ltd* [1938] Ch 1.

30 *Thompson-Schwab v Costaki* [1956] 1 WLR 335.

31 *Raciti v Hughes* (1995) 7 BPR 14,837.

32 *Sturges v Bridgman* (1879) 11 Ch D 852.

Заң біреудің оларды ешқашан мазаламауын талап етуге мүмкіндік бермейді, оның орнына қауымдастық мүшелерінің өз көршілерінің кейбір кедергілерімен келісуге дайын болуы тиіс екенін мойындайды. Тек жағымсыз кедергілер негізсіз болғанда деликтік құқық бұзу орын алады. Заң кедергі тудыратын жауапкердің әрекет ету құқығы мен талапкердің жеке мүлкін үзіліссіз пайдалану құқығымен теңестіруге тырысады. Араласу, кедергінің негізсіздігін бағалауда сот мыналарды ескереді:

- араласудың, кедергінің ауырлығы;³³
- араласудың ұзақтығы мен күндік уақыты;³⁴
- талапкер мүлкінің орналасуын (мысалы, ол тұрғын үй алабында немесе өнеркәсіп аймағында орналасқан ба?);³⁵
- талапкердің сезімталдығы дұрыс па;³⁶
- кедергілер қасақана және зиянды ма;³⁷
- жауапкер кедергіні азайту мақсатында сақтық шараларын жасады ма.³⁸

Қоғамға жағымсыз кедергі келтіру

Қоғамдық жағымсыз кедергі келтіру талапкердің жеке жер телімін пайдалануы мен игілігіне жаратуына жауапкердің жанама кедергі келтіретін әрекет болып табылады. Мысалы, егер Джонни өзінің мейрамханасының алдындағы тротуарға (жүргінші жолына) жеткізілген жаңа жиһазды қалдырса, ол қоғамдық жағымсыз азаматтық құқықты бұзған болып есептелуі мүмкін.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда:

- X Y-тің қоғамдық жер телімін пайдалануы мен игілігіне жаратуына кедергі келтірсе;
- Y қоғам мүшелеріне жер үсті және оның жоғары жағынан туындатқан залалдан нақты зиян немесе залал шексе;
- X-тің кедергі жасауы жанама болса;
- X-тің кедергі жасауы қасақана немесе абайсызда болса;
- X-тің кедергі жасауы тұрақты және негізсіз болғанда қоғамдық жағымсыз кедергі келтіру құқық бұзушылығы болады.

Егер олар қоғам мүшелеріне жер үсті және оның жоғары жағынан (әуе кеңістігінен) туындатқан залалдың барлық шығындарын көрсете алса, нақты жеке тұлға ғана қоғам мүшелеріне туындаған залал үшін жауапкерге қарсы құқықтық іс қозғауға құқылы.³⁹ Қоғамдық жағымсыз кедергі келтіруді қауымдастық атынан бас прокурор қылмыстық қудалауға, мәжбүрлеуге немесе сот процесіне әкелуі мүмкін.

33 *Andrae v Selfridge and Co Ltd* [1938] Ch 1.

34 *Wherry v KB Hutcherson Pty Ltd* (1987) Aust Torts Reports 80–107.

35 *Sturges v Bridgman* (1879) 11 Ch D 852.

36 *Robinson v Kilvert* (1889) 41 Ch D 88.

37 *Hollywood Silver Fox Farm Ltd v Emmett* [1936] 2 KB 468.

38 *Painter v Reed* [1930] SASR 295.

39 *Walsh v Ervin* [1952] VLR 361.

Supreme Bread дүкенінен нан сатып алатын адамдардың кезек қатары көрші *Silservice* дүкеніне баратын жолды бұзғаттады. *Silservice* дүкені қоғамдық жағымсыз зиян келтіру арқылы заң бұзғаны үшін *Supreme Bread* дүкенін сотқа берді. Сот кедергілер негізсіз, сондықтан *Supreme Bread* дүкені жауапты емес, бірақ сот олардың кәсіпкерлігіне қажет емес жауапкердің әрекеті жұртшылықты тартатын болса немесе айыпталушының кәсіпкерлік үй-жайлары жұртты ұстап тұруға немесе бақылауға жеткіліксіз немесе қолайлы болмаса; немесе жауапкер талапкерге зиянды азайту немесе болдырмаудың кейбір тиімді жолдарын пайдалана алмаса, жауапкер жауапты болатынын әрі қарай түсіндірді.

4.7-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Төмендегілердің әрқайсысына мысал келтіріңіз:

1. Жеке жағымсыз кедергі келтіруді құрайтын зиянды әрекет, мінез-құлық.
2. Қоғамдық жағымсыз кедергі келтіруді құрайтын зиянды мінез-құлық.
3. Жеке немесе қоғамдық жағымсыз кедергі келтіру ретінде жіктелуі мүмкін емес және төзуге тиіс зиянды әрекет, мінез-құлық.

Қорғаныс

Жағымсыз азаматтық қорғану құқығы мыналарды қамтиды:

- *Талапкердің келісімі* – талапкер тікелей немесе жанама жағымсыз кедергі келтіруге келіседі.⁴⁰
- *Нормативтік орган* – жауапкерге зиянды іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін заңнама бар.⁴¹
- *Ықпалды немқұрайдылық* – талапкер шеккен зиян кем дегенде жартылай талапкердің өз немқұрайдылығы нәтижесінен туындауы.

Диффамация (жала жабу) деликті

Диффамация үшінші тарапқа, жауапкердің ауызша немесе жазбаша түрде талапкердің беделіне нұқсан келетін мәлімдеме жариялауы болып табылады.

Жалпы құқықта диффамацияның (жала жабудың) екі түрінің арасындағы айырмашылық қамтылған: жазбаша диффамация (жала) немесе фильм түріндегі тұрақты диффамация. Өтпелі диффамация ауыз екі сөйлесу түріндегі ауызша диффамация. Аустралия заңнамасында диффамацияның осы екі нысаны ажыратылмайды.

Осы уақытқа дейін, әрбір мемлекет пен аумақтың диффамация туралы өз заңнамасы болды немесе ол жалпы құқық принциптеріне сүйенді. 2005 және 2006 жылдары әр юрисдикция диффамация үлгісі туралы заңнама қабылдады.⁴²

диффамация – бір адам ауызша немесе жазбаша түрде басқа тұлға туралы үшінші тарапқа адамның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін мәлімдеме жариялағанда, диффамация деликтік құқық бұзушылық орын алады.

40 *Kiddle v City Business Properties Ltd* [1942] 1 KB 269.

41 *Cohen v City of Perth* (2000) 112 Lgera 234.

42 Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT); Defamation Act 2005 (NSW); Defamation Act 2006 (NT); Defamation Act 2005 (Qld); Defamation Act 2005 (SA); Defamation Act 2005 (Tas); Defamation Act 2005 (Vic); Defamation Act 2005 (WA).

Диффамация элементтері

Талапкер негізді диффамацияға қатысты жауапкерге қарсы іс қозғау үшін үш нәрсені дәлелдеуі қажет:⁴³

1. Талапкер туралы сотталушының мәлімдемесі жала екені.
2. Сотталушының мәлімдемесі талапкерді анықтайтындығы.
3. Сотталушы мәлімдемесінің үшінші тарапқа жарияланғандығы.

Сонымен қатар, тек қана тірі талапкер ғана диффамация үшін сотқа жүгіне алады, қайтыс болған адам іс қозғай алмайды.

Корпорация мынадай жағдайда ғана диффамация туралы сотқа бере алады:

- коммерциялық емес ұйым болғанда немесе
- оннан аз қызметкерлері бар.

1-қойылатын талап: мәлімдеменің жала болуы

«Жала туралы мәлімдеменің» нақты мағынасы диффамация заңнамасында баяндалмайды, бірақ әдетте соттар мәлімдеменің мағынасын былай түсіндіреді:

- қарапайым адамдарды талапкер туралы аз ойландыртады,
- адамдардың талапкердің денесін немесе әрекетін мазақ етуін тудырады
- талапкердің қоғамнан аластатылуын тудырады.

4.8-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Қандай мәлімдеме жала болып есептеледі:

1. кәсіпкер адам туралы;
2. университет студенті туралы;
3. бухгалтер туралы;
4. белгілі актер туралы.

Диффамациялық мәлімдемеде анық көрсетілуі немесе жанамалап білдірілуі мүмкін.

Бджелке Питерсонның Уорбуртонға қарсы талап арызы [1987] 2 Qd R 465

Квинсленд оппозициясының көшбасшысы белгілі үкімет министрлері «... дейін өз қолдарында» ұстады деп мәлімдеді. Сот министрлер жемқор дегенді жанамалап білдіретін мәлімдеме, сондықтан бұл жала деп шешті.

Сотталушының көздеген мақсаты маңызды емес. Сот қалай болғанда да, бұл оның қарапайым және табиғи мазмұнына (заң мәселесі) сәйкес диффамацияға саяды, содан кейін осы жағдайларда (шын мәнінде мәселе) іс жүзінде бұл диффамация деп шешеді.

2-талап: Сотталушының жала жабу мәлімдемесінің талапкерге қатысты екенін анықтау

Сотталушының мәлімдемесі талапкерге қатысты екені анықталуы керек. Талапкердің аты аталуы қажет емес. Шын мәнінде оның талапкерге қатысты екені ақылға қонымды түрде анықталатын ұзақ мәлімдеме болуы мүмкін.

Диффамация тұтас адамдар табына нұқсан келтірсе, мысалы, барлық адвокаттар ұры дейтін мәлімдеме сияқты, онда жалпы айтқанда, тап мүшесі болып табылатын жеке тұлға диффамациялық мәлімдеме жасаған адамды сотқа бере алмайды, алайда шектеулі

43 Consolidated Trust Co Ltd v Browne (1948) 49 SR (NSW) 86.

мүшелігі бар тап болса, олар мәлімдеме негізді таптағы жеке тұлғалардың әрқайсысына қатысты екенін түсінуге болатынын көрсете алса, сотқа беруі мүмкін. Мысалы, егер біреу «заң фирмасының заңгерлерінің бәрі ұры» деп мәлімдеме жасаса, фирма заңгерлерінің бірі диффамация әрекетін сотқа беруі мүмкін. Неғұрлым тап үлкен болған сайын соғұрлым тап мүшесінің диффамация үшін сотқа беруі мүмкіндігі кем ықтимал болады.

3-талап: мәлімдеме жарияланған болуы керек

Осы тұрғыда «жарияланым» жай ғана талапкердің басқа біреумен байланысы дегенді білдіреді. Бұл нәрселер әдетте, жарияланым ретінде жіктелгенмен, оның газетте, кітапта немесе журналда жарияланғанын білдіруі қажетті емес. «Жарияланым» электрондық поштамен немесе мәтінді хабар жіберуді, телевизиялық хабар бағдарламасы; дәріс кезінде хабарландыру жасау, тіпті досына айтқанын да қамтиды.

ЕСКЕРТУ!

Диффамациялық мәлімдеменің «жарияланған» болу талабы бұл кітапта, газетте немесе журналда болуы тиіс дегенді білдірмейді. Осы тұрғыда «жарияланған» деген осы контексте жай ғана басқа тұлғаның қатысуымен жасалған кез келген ауызша немесе жазбаша мәлімдемені білдіреді.

Мысалы, Джонни Эштің қатысуымен Саймон туралы тікелей мәлімдеме жасайтындықтан, Эштің Саймон туралы Джонниға тікелей диффамациялық мәлімдеме жасауы «жарияланым» болып табылады.

Диффамациялық сот талқылауы бастапқы баспагерге ғана қарсы емес, сонымен қатар диффамациялық материалды жариялайтын немесе қайта жариялайтын кез келген адамға қарсы арыз беруіне болады.⁴⁴

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда:

- X-тің Y туралы жасаған мәлімдемесі диффамация болды;
- мәлімдеме Y-ті анықтайды;
- мәлімдеме Y-тен басқа біреуге жарияланғанда диффамациялық деликтік құқық бұзылады.

Қорғаныс

Диффамация туралы заңнамада (42-ескертуді қараңыз) диффамациялық азаматтық құқықтың бірқатар ықтимал қорғаныстары белгіленеді.

- *Негіздеу* – талапкер туралы мәлімдеме айтарлықтай рас болуы.⁴⁵
- *Контекстуальдық шындық* – талапкер шағымданған диффамациялық мағына туралы берілген қосымша диффамациялық мәлімдемеге айтарлықтай шынайы бір немесе бірнеше басқа мағынасы және сол басқа мағынасы елеулі шындық болғандықтан, талапкердің беделіне кез келген қосымша зиян келтірмеді.⁴⁶

44 *John Fairfax Publications Ltd v Rivkin* (2003) 201 ALR 77; [2003] HCA 50.

45 *Civil Law (Wrongs) Act 2002* (ACT) s 135; *Defamation Act 2005* (NSW) s 25; *Defamation Act 2006* (NT) s 22; *Defamation Act 2005* (Qld) s 25; *Defamation Act 2005* (SA) s 23; *Defamation Act 2005* (Tas) s 25; *Defamation Act 2005* (Vic) s 25; *Defamation Act 2005* (WA) s 25.

46 *Civil Law (Wrongs) Act 2002* (ACT) s 136; *Defamation Act 2005* (NSW) s 26; *Defamation Act 2006* (NT) s 23; *Defamation Act 2005* (Qld) s 26; *Defamation Act 2005* (SA) s 24; *Defamation Act 2005* (Tas) s 26; *Defamation Act 2005* (Vic) s 26; *Defamation Act 2005* (WA) s 26.

- *Абсолютті артықшылықтар* – олардың дәлелдеріне қарамастан, мәлімдеме парламенттік немесе сот талқылауы барысында жасалды.⁴⁷
- *Қоғамдық құжаттарды жариялау* – диффамациялық материал қоғамдық құжатта немесе әділ қысқаша мазмұнда немесе қоғамдық құжаттың үзіндісінде қамтылған.⁴⁸ Қоғамдық құжаттар парламент баяндамалар, сот ісі басқа да қолжетімді материал ретінде анықталады.
- *Қоғамға қатысты мәселелердің әділ баяндалуы* – диффамациялық материал парламент комитеттері, анықтау комиссиялары, құқықтық реформалау органдары, жергілікті кеңестер және бірқатар корпоративтік, кәсіби, спорттық ойын-сауық орталықтарын қоса алғанда мемлекеттік концерннің кез келген талқылауының әділ баяндамаларында қамтылған.⁴⁹
- *Білікті мәртебе, артықшылық* – мәлімдеме ызадан, ашудан дәлелденбеген және жауапкер оны алуға тиісті адамға мәлімдеме жасауға қызығушылық танытуы немесе міндетті болған жоқ.⁵⁰ Мысалы, Саймон Джоннидің бұрынғы қызметкері болды, Джоннидан Саймонды жаңа лауазымға ұсынатындығын сұрағанда ол Саймонның сенімділігі туралы диффамациялық айыптаулар жасаса және Джонни айыптаудың шындық екеніне адал сенгенде, ол білікті артықшылық қорғанысына сенім арта алар еді.
- *Адал көзқарас (әділ қатынас)* – мәлімдеме:
 - факт мәлімдемесінен гөрі пікірін білдіру;
 - қоғамдық мүдделер мәселесіне байланысты жасалды;
 - айтарлықтай шынайы материалға негізделген;
 - әділ жасалған.⁵¹
- *Нұқсан келтірмейтін тарату* – жауапкер диффамациялық материалды букинист немесе кітапханашы сияқты бағынысты дистрибьютор ретінде жариялады, олар диффамациялық материалды білмеді, білуі тиіс те емес, сондай-ақ олардың білмеуі абайсыздықтан емес.⁵²
- *Тривиальдық* – жарияланымның мән-жайлары талап қоюшының одан қандай да бір зиян шегуі екіталай болды.⁵³

47 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 137; Defamation Act 2005 (NSW) s 27; Defamation Act 2006 (NT) s 24; Defamation Act 2005 (Qld) s 27; Defamation Act 2005 (SA) s 25; Defamation Act 2005 (Tas) s 27.*

48 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 138; Defamation Act 2005 (NSW) s 28; Defamation Act 2006 (NT) s 25; Defamation Act 2005 (Qld) s 28; Defamation Act 2005 (SA) s 26; Defamation Act 2005 (Tas) s 28; Defamation Act 2005 (Vic) s 28; Defamation Act 2005 (WA) s 28.*

49 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 139; Defamation Act 2005 (NSW) s 29; Defamation Act 2006 (NT) s 26; Defamation Act 2005 (Qld) s 29; Defamation Act 2005 (SA) s 27; Defamation Act 2005 (Tas) s 29; Defamation Act 2005 (Vic) s 29; Defamation Act 2005 (WA) s 29.*

50 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 139A; Defamation Act 2005 (NSW) s 30; Defamation Act 2006 (NT) s 27; Defamation Act 2005 (Qld) s 30; Defamation Act 2005 (SA) s 28; Defamation Act 2005 (Tas) s 30; Defamation Act 2005 (Vic) s 30; Defamation Act 2005 (WA) s 30.*

51 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 139B; Defamation Act 2005 (NSW) s 31; Defamation Act 2006 (NT) s 28; Defamation Act 2005 (Qld) s 31; Defamation Act 2005 (SA) s 29; Defamation Act 2005 (Tas) s 31; Defamation Act 2005 (Vic) s 31; Defamation Act 2005 (WA) s 31.*

52 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 139C; Defamation Act 2005 (NSW) s 32; Defamation Act 2006 (NT) s 29; Defamation Act 2005 (Qld) s 32; Defamation Act 2005 (SA) s 30; Defamation Act 2005 (Tas) s 32; Defamation Act 2005 (Vic) s 32; Defamation Act 2005 (WA) s 32.*

53 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 139D; Defamation Act 2005 (NSW) s 33; Defamation Act 2006 (NT) s 30; Defamation Act 2005 (Qld) s 33; Defamation Act 2005 (SA) s 31; Defamation Act 2005 (Tas) s 33; Defamation Act 2005 (Vic) s 33; Defamation Act 2005 (WA) s 33.*



Журналистер мен диффамация

Ақиқат

Ақиқат (сондай-ақ, негіздеу деп те аталады) бәлкім, ең жиі журналистердің адамдар туралы жағымсыз нәрселерді жазудан аулақ болуының ең жиі себебі болар. Шағымданған сөздердің растығы қорғаныс болып табылады. Егер сіз сөзіңіздің шындық екенін мәлімдесеңіз, сіздің қорғанысыңыз сәтсіз болмайды, өйткені аңгіменің кейбір жерлеріндегі белгілі бір сөздерде қателер болады. Алайда, қорғанысты дәлелдеу үшін шағым жасалған нақты сөздер дәл болуы керек. Журналистер үшін өздері жазған нәрселердің шындық екенін дәлелдеу мәселе болады. Куәгерлер қайтыс болуы немесе сізді қорғауға сотқа келмеуі мүмкін, әсіресе, егер олар сізге сенімді ақпарат берсе, оның жазбасы болмайды. Сонымен қатар, егер істі сотқа шағымдануға ұзақ уақыт кететін болса, естеліктер сенімді болмайды.

Негіздемені қорғанысқа пайдалануға тырысудың қауіптілігі егер сіз сотта жеңілсеңіз, судья немесе алқабилер алқасы сіз бірден өзіңіздің қатеңізді мойындамай, мәселені қиындатып жібердіңіз деп шешім қабылдауы мүмкін. Егер оның қате екені анықталған жағдайда сіз диффамациялық мәлімдемені ұзағырақ қолдасаңыз, жаза қатаңырақ болады.

Әділ мәлімдеме

Сөз бен пікір, көзқарас бостандығы бар елдерде, адамның нәрселер туралы әділ мәлімдеме жасау құқығы қабылданады. Журналистер жиі әділ мәлімдеме қорғанысына сүйенеді.

Мұндай жағдайда, сіз өз мәлімдемеңіздің шындық екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Кейбір жағдайларда, әсіресе, пікір емес, факт болғанда, бұл мүмкін емес. Сізге тек өз пікіріңіздің шындық және бұл сізге қол жетімді фактілерге негізделген ақылға қонымды мәлімдеме екеніне судьяны немесе алқабилер алқасын сендіру қажет. Сіздің сөздеріңіз ауыр немесе асыра сілтейтіндей болуы мүмкін, бірақ олар тұрасын, әділін айтатын әрбір адамның сол фактілерге негізделген пікірі сияқты сіздің мәлімдемеңіздің де шындық, әділ екені судья немесе алқабилер алқасын қанағаттандыруы тиіс.

Әділ мәлімдеме қорғанысын адамдар көбінесе кейбір мәселені немесе оқиғаны талдауда пайдаланады. Мұның ауқымы саяси немесе экономикалық талдаудан бастап, пьесалар, фильмдер, кітаптар немесе музыкалық шолуға дейін қамтуы мүмкін.

Мәлімдеменің дәлелденетін факті болуы тиіс емес, бірақ ол дәлелденетін фактілерге негізделуі тиіс. Мысалы, мейрамхана шолушысының қызмет «нашар» деп сипаттауы мүмкін. Бұл сөз түрлі адамдарға түрлі нәрселерді білдіреді. Бұл факт емес, пікір болып табылады, сондықтан шолушы бұл мәлімдемеге ақиқат қорғанысты пайдалана алмайды. Алайда егер шолушы келеңсіз тәртіп болатын даяшылар тапсырыс алуға жарты сағат, содан кейін тамақты әкелуге тағы бір сағат алды деп жазса, бұл дәлелденетін фактілер болып табылады. Осы фактілерден кез-келген саналы адам қызметті «нашар» деп сипаттар еді.⁵⁴

⁵⁴ David Ingram and Peter Henshall, Chapter 70: Defamation — What You CAN Do (2008) The News Manual, <<http://www.thenewsmanual.net>>.

4.9-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Белгілі саясаткерді күлкі ететін сықақшы адал пікір қорғанысқа қандай жағдайларда сүйене алады?

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын сіз мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 4.7 Қандай әрекет түрлері қылмыстық ретінде жіктеледі?
- 4.8 Қылмыстық құқық бұзушылық қалай қаралады?
- 4.9 Айыптау актісі құқық бұзушылығы мен жиынтық құқық бұзушылықтың арасындағы айырмашылық неде?
- 4.10 Сот талқылауы деген не?
- 4.11 Адам қай кезде қылмыстық іске кінәлі деп табылады?
- 4.12 Қылмыс жасады деп айып тағылған адамға қолжетімді қорғаныс қандай?
- 4.13 Меншікке қол сұғу деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.14 Жер теліміне кедергі келтіру деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.15 Жер теліміне кедергі келтіру күнәсі үшін кім сотқа шағымдануға құқылы?
- 4.16 Кез келген шақырусыз келген адам жер теліміне кедергі келтіру қылмысын жасай ма?
- 4.17 Тауарларға кедергі келтіру кінәсі деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.18 Айырбастау деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.19 Адамды қамауда ұстау деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.20 Жәбірлеу деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.21 Шабуыл жасау деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.22 Жалған бас бостандығынан айыру деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.23 Кедергі келтіру іс-әрекеті үшін айыпталушыға қолжетімді қандай қорғаныс бар?
- 4.24 Жағымсыз кедергі келтіру деген не?
- 4.25 Жағымсыз кедергі келтіру мен жер теліміне жағымсыз кедергі келтірудің арасында қандай айырмашылық бар?
- 4.26 Жеке адамға жағымсыз кедергі келтіру деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.27 Қоғамдық жағымсыз кедергі келтіру деген не? Мысал келтіріңіз.
- 4.28 Жағымсыз кедергі келтірген айыпталушының іс-әрекетіне қандай қорғаныс бар?
- 4.29 Диффамация не?
- 4.30 Аустралияда диффамация заңының көзі не болып табылады?
- 4.31 Диффамация деликтік құқық бұзуды сотқа беру сәтті болу үшін қандай талапкер нені анықтауы қажет?
- 4.32 Диффамациялық құқық бұзу әрекетіне қолжетімді қандай қорғаныс бар?

Абайсызда адамға немесе оның мүлкіне зиян келтіру

Сотталушының зиянды әрекеті қасақана болса ше? Олар жауапты бола ма? Бұл тараушада біз абайсызда деликтік құқық бұзуды егжей-тегжейлі қарастырамыз.



Сақтандыру дағдарысы

Көптеген жеке тұлғалар мен іскерлік сақтандыру атап айтқанда, **қоғамдық жауапкершілік сақтандыруын** алу арқылы немқұрайлылық сот дауларының нысаны болып табылатын тәуекелдерге тап болады. Бұл сақтанушының немқұрайлылық әрекеттерінен үшінші тұлғаларға келтірілген жарақат немесе мүліктік зиян туындайтын талаптарға қарсы қорғанысты қамтамасыз ететін сақтандыру болып табылады.

қоғамдық жауапкершілік сақтандыруы –сақтанушының іс-әрекеттері нәтижесінде зардап шеккен үшінші тараптың сотқа беру қаупіне қарсы қоғамдық жауапкершілік сақтандыруы.

XXI ғасырдың басы, әдетте, жалпы сақтандыру сыйақыларының, атап айтқанда қоғамдық жауапкершілік сақтандыру сыйақыларының өсуіне куә болды. Сақтандыру қатты қымбаттады, дәрігерлер, сондай-ақ қызмет провайдерлері сияқты көптеген қайырымдылық және қоғамдық ұйымдардың бұған қолы жетпеді және соған орай, оларға өз қызметін шектеуге тура келді. Көпшілігі сақтандыру дағдарысының құқықтық жүйесін, сақтандыру сыйлықақыларының өсуі, сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдерін өсіруінің сөзсіз нәтижесі деп мәлімдеді және бұл төлемдер өз кезегінде заңгерлердің клиенттерді жарақат алу, келтірген елеулі залалға өтемақы талап етуге, қудалауға, сот ісін қозғауға белсенді, орынсыз ынталандыру нәтижесі, талапкерге елеулі шығындарға өтемақы беру соттардың үрдісін және талапкерлерге өтемақы алуды тым жеңілдететін абайсызда құқық бұзу заңнамасындағы басты олқылықтарды айыптады. Басқалары оларға қолжетімді барлық заңды жерде өздерінің клиенттеріне жақсы қалыптасқан қағидаттарына (кейінірек сипатталады) сәйкес соттар келтірген залалға өтемақы тағайындайтынына және талапкерге жеке жарақат алған жағдайларда соттар қандай да болмасын арнайы өтемақы бермейтініне кеңес беруге міндетті. Сондай-ақ, олар сақтандыру сыйақылары дүлей апаттар салдарынан, корпоративтердің күйреп, террористік инциденттер мен экономикадағы жаһандық дағдарыстың нәтижесінде соңғы жылдары сақтандыру компаниялары пайдасының төмендеуінен көтерілгені неғұрлым ықтимал екенін атап өтті. Дегенмен 2002 жылы сақтандыру дағдарысына жауапта Достастық және мемлекеттік Бас прокуратура судья Ипптің төрағалығымен абайсызда құқық бұзу заңы шолуын пайдалануға берді. Судья Ипптің есебі заңға кейбір өзгерістер ұсынды және мемлекеттік және аумақтық үкімет соған сәйкес деликтік құқық бұзушылыққа, әсіресе немқұрайлылық заңына жалпы реформа жасаған заң қабылдады.⁵⁵ Осы реформалардың көпшілігі келесі беттерде сипатталады. Олардың жалпы мүддесі талапкердің жауапкерден шығынды қалпына келтіруге өтемақы алуды қиындату болып табылады. Реформалар іс-қимыл деликтік құқық, шарттық немесе заңда белгіленген міндеттер жөніндегі заңның қайсысын бұзғанына қарамастан бәріне қолданылады.

Абайсызда жасалған деликтік құқық бұзушылық

Егер адамның абайсыздық әрекеті басқа біреуге зиян келтіретін болса, ол адам **абай-**

55 Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT); Civil Liability Act 2002 (NSW); Personal Injuries (Liabilities and Damages) Act 2003 (NT); Civil Liability Act 2003 (Qld); Civil Liability Act 1936 (SA); Civil Liability Act 2002 (Tas); Wrongs Act 1958 (Vic); Civil Liability Act 2002 (WA).

сызда деликтік құқық бұзады. Абайсыздық ең көп тараған деликтік құқық бұзушылық болып табылады: басқа адамдарға зиян келтіру әрекеттерінің көпшілігі ниетті болудан гөрі абайсыздықтың нәтижесінде болады. Мысалы, жол апатының көпшілігі және басқа да жеке жаракаттар, абайсыздықтың салдарынан болады.

Абайсыздық туралы заң дәстүрлі түрде ең алдымен іс құқық ережелерінен тұрды. «Сақтандыру дағдарысын» басшылыққа алатын Азаматтық-құқықтық жауапкершілік реформаларынан (төменде қараңыз) бастап, абайсызда құқық бұзу қазір іс заңы мен нормативтік ережелердің қосындысы болып табылады.

абайсызда деликтік құқық бұзу – бір адам ақылға сиымды абайсыз әрекет жасап, басқа біреуге зиян келтіргенде абайсызда деликтік құқықты бұзады.

Абайсызда құқық бұзу іс-әрекеті бойынша сотта жеңу үшін талапкер ықтималдық ба-лансына үш нәрсені: (1) жауапкер талапкерді тиісті қамқорлыққа алуы міндетті, (2) сот-талушы осы міндетті бұзғандығы, сондай-ақ (3) жауапкердің міндетті бұзуы талапкерге зиян шегуге алып келгенін дәлелдеуі керек. Тіпті, барлық осы үш талап та сақталған, қанағаттандырылған жағдайда да жауапкер нақты қорғаныс құра алатын болса, ол өзінің жауаптылығын азайта алады немесе тіпті жауапкершілікті толық болдырмауға мүмкіндігі болуы мүмкін.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда:

- X Y-ке тиісті көмек көрсетуге міндетті;
- X осы міндетті бұзады;
- X міндетті бұзуы Y-ке болжанбайтын зиян шегуді тудырғанда абайсызда құқық бұзу жасалады.

Біз енді кезекпен осы талаптардың әрқайсысын қарастырамыз.

1-талап: көмек көрсету міндеті

Көмек көрсету міндетін құру ауыртпалығы талапкерде болады. Көп жағдайларда егер тараптар арасындағы қарым-қатынастар белгіленген көмек көрсету санаттарының аясында болса, көмек көрсету міндетін құру салыстырмалы түрде қарапайым болады. Ол мынадай жағдайларда жақсы құрылады:

- автоэуескойлар басқа жол пайдаланушыларға көмек көрсетуге міндетті;⁵⁶
- дәрігерлер науқастарға көмек көрсетуге міндетті;⁵⁷
- заңгерлер өз клиенттеріне көмек көрсетуге міндетті;⁵⁸
- өндірушілер олардың өнімдерін пайдаланушыларға қамқорлық жасауға міндетті;⁵⁹
- жалгерлер олардың үй-жайларын жалдайтын адамдарға қамқорлық жасауға міндетті;⁶⁰

⁵⁶ *Imbree v McNeilly* (2008) 236 CLR 510.

⁵⁷ *Rogers v Whitaker* (1992) 175 CLR 479.


⁵⁸ *Hawkins v Clayton* (1988) 164 CLR 539.

⁵⁹ *Donoghue v Stevenson* [1932] AC 562.

⁶⁰ *Australian Safeway Stores Pty Ltd v Zaluzna* (1987) 162 CLR 479.

- сәулетшілер өздері жобалаған ғимараттарды алған адамдарға қамқорлық жасауға міндетті;⁶¹
- агенттер өздерінің басшыларына міндетті (7-тарауды қараңыз);
- директорлар компаниясына қамқорлық жасауға міндетті (12-тарауды қараңыз);
- жұмыс берушілер өз қызметкерлеріне қамқорлық жасауға міндетті (12-тарауды қараңыз).

Егер тараптар арасындағы қарым-қатынастар белгіленген көмек көрсету ауқымына жатпаса, онда талапкер екі нәрсені: (а) ол жауапкердің әрекеті немесе әрекетсіздігі, талапкердің орнындағы кез келген адамға болжамды зиян келтіретінін және (ә) іске тән белгілер көмек беру міндетіне сәйкес екенін көрсетуі керек (4.4-суретті қараңыз).



4.4-сурет. Қамқорлық көрсету міндетіне қойылатын талаптар

Себеппі болжам

Қамқорлық жасау міндетінің болуын бекіту үшін оқыс оқиға кезінде жауапкердің әрекеті талапкердің орнындағы кез келген адамға зиян келтіретіні ойға қонымды болжамды екенін көрсетуі тиіс. Донохьюдің Стивенсонға [1932] AC 562, 580 қарсы талап арызындағы Лорд Аткиннің пікіріне сәйкес:

Сіз көршіңізді жарақаттауы ықтимал, алдын ала болжай алатын әрекеттер немесе әрекетсіздікті болдырмау үшін ақылға сыйымды қамқорлық көрсетуіңіз керек. Кім заң бойынша менің көршім? Мұның жауабы былай болар еді: мен қамқорлық көрсетуім тиіс,

⁶¹ *Voli v Inglewood Shire Council* (1963) 110 CLR 74.

жауапты деп аталатын менің ойымдағы әрекетім немесе әрекетсіздігімнің салдарынан зардап шегу сияқты, менің әрекетіммен тығыз байланысты және тікелей зардап шеккен адам.

Лорд Аткиннің пікіріне сәйкес, «көрші принципі» адам бір істі істегенде өзінің әрекеті басқа біреуге әсер етуі ықтимал екендігін ақылға сиымды болжамды болғанда көмек көрсетуге міндетті болады. Көлік жүргізуші өзінің көлік жүргізуі болжамды қауіп туғызуы ықтимал болатын көлікте отырған адамдарға, жолдағы басқа автоәуесқойларға, жүргіншілер мен велосипедшілерге көмек көрсетуге міндетті. Мейрамхананың иесі ретінде Джонни мейрамханаға келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Жергілікті билік жұртшылықтың қоғамдық орындардағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Мектеп басшылары өздерінің оқушылары мектеп бақылауында болған кезде қамқорлық көрсетуге міндетті.

Донохьюдің Стивенсонға қарсы талап арызы [1932] АС 562, 580

Мэй кафеде досымен кездесті. Досы тапсырыс беріп, Донохьюға бір шөлмек зімбір сырасын алып беріп, оның ақшасын төледі. Бөтелкені әкелгенде, даяшы шыны стаканға оның бір бөлігін құйды. Донохью оны ішті. Донохью бөтелкенің қалған бөлігін құйған кезде, ішінен жартылай ыдыраған ұлудың қалдықтары түсті. Зімбір сырасы жабық шөлмекке құйылған болатын, сондықтан ұлудың болуы Донохьюға немесе кафе қызметкерлеріне айқын емес еді. Донохьюдың ұлуларды көргеннен жүрегі айнып, зардап шекті. Ол сондай-ақ зімбір сырасын ішудің нәтижесінде ауыр гастроэнтериттен зардап шекті. Ол зімбір сыра өндірушісі Дэвид Стивенсонды сотқа берді. Оның шеккен залалы 500 £ болды. Егер олардың арасында ешқандай Келісімшарт және ешқандай алаяқтық болмаса да Дэвид Стивенсон көмек көрсетуге міндетті ме? Сот өндіруші кез келген ақауды болдырмас үшін азық-түлік, дәрі-дәрмек немесе соған ұқсас заттарды сатқанда тексеру арқылы ақауларын тауып, дистрибьютор немесе түпкі сатып алушы немесе тұтынушының денсаулығына залалын тигізетін кез келген ақаудың болмауын қамтамасыз етуге, тиісті заңды қамқорлық көрсетуге міндетті деп шешті.

Осы шешімнің нәтижесінде қазір барлық өндірушілер өз өнімдерін пайдаланатын тұтынушыларға қамқорлық көрсетуге міндетті деп қабылданды. Сондай-ақ, Аустралия тұтынушылар заңы абайсыздық анықтамасынсыз сапасыз тауардан туындайтын

Бурхильдың Иангқа қарсы талап арызы [1943] АС 92

Мотоциклистің абайсыз жүруі нәтижесінде автокөлікке соқтығысты. Талапкер тоқтап тұрған трамвайдың арғы жағында оқиға болған жерден шамамен 10 метрдей алыста тұрды. Ол апатты көре алмады, бірақ апатты естіді және оның зардаптарын көрді. Сол оқиға жүйкесіне тигендіктен, талапкер зардап шекті және абайсызда құқық бұзған мотоциклисті сотқа берді. Сот жауапкердің әрекеті талапкердің орнындағы кез келген адамға зиян келтіретіні ойға сиымды болжамды емес екенін, сондықтан, жауапкер талапкерге қамқорлық көрсетуге міндетті емес деп шешті.

шығындар бойынша нормативтік өнім міндеттемесін жасады. Бұл нормативтік ережелер кітаптың 8-тарауында қаралады.

Егер талапкердің орнындағы адамның зиян шегуі болжамды болмағанда, онда жауапкер талапкерге қамқорлық көрсетуге міндетті болмайды.

Жауапкер өзінің әрекеті іс жүзінде талапкерге зиян келтіретінін алдын ала болжағанын көрсету қажетті емес. Ол тек сотталушының жағдайындағы адам зиян шегу мүмкіндігін алдын ала болжағанын көрсетуі қажет. Ал шын мәнінде, талапкер шеккен зиян алдын ала болжанатынын көрсетудің қажеті жоқ, бұл тек талапкердің орнында басқа біреуге жауапкердің әрекеті қандай да бір зиян шегуді туындатуы мүмкін екенін көрсету қажет.

Чэпменнің Хэрске қарсы талап арызы (1961) 106 CLR 112

Чэпмен көлікті абайламай жүргізу нәтижесінде автокөлік апатынан жарақат алды. Черри оған көмек көрсету үшін тоқтады. Жолда Чэпменнің жарақатына көмек көрсетіп жатқанда, оны Хэрс жүргізіп келе жатқан автомашина соғып, ол қаза тапты. Черридің мұрагері абайсыздық салдарынан болған шығындарға өтемақы алу үшін Хэрсті сотқа берді. Хэрс Чэпмен де абайсызда құқық бұзды, Черридің өліміне ол да ішінара жауапты деп мәлімдеді. Сотта жеңу үшін Чэпмен Черриге қамқорлық көрсетуге міндетті екенін анықтау қажет болды, яғни жүргізуші жазатайым жол оқиғасы болғанда, оларға көмектесу үшін тоқтатуы мүмкін адамдарға қамқорлық көрсетуге міндетті. Сот Черридің өліміне алып келетін оқиғалардың дәл тізбегі алдын ала болжамды болғанда да, егер Чэпмен автокөлік апатына қатысты болғанда біреу оны көмек көрсету үшін тоқтатуы мүмкін және ол адам жарақат алуы немесе қаза табуы ақылға сыйымды алдын ала болжамды болды. Сондықтан, Чэпмен Черриге қамқорлық көрсетуге міндетті деп шешті.

Іске тән ерекшеліктер

Сотталушының әрекеті талапкерге зиян тигізуі мүмкін екені негізді болжамды екенін көрсету жеткіліксіз. Сондай-ақ, талапкер іске тән ерекшеліктер қамқорлық көрсету міндеттемесімен сәйкес екенін көрсету керек. Бұл сот тараптардың арасындағы қарым-қатынасты және істің басқа ерекшеліктерін қарастырады, содан кейін істің ерекшеліктері мен қамқорлық көрсету міндеті анықталған басқа істің (яғни тиісті) ерекшеліктерін салыстырады дегенді білдіреді.

Осы жоғарыдағы істе, көмек көрсету міндеті бар немесе жоқ екенін шешкенде, сот назарға мынадай маңызды мүмкіндіктерді алды:

- ***Заңдағы байланыс қажеттілігі:*** абайсызда құқық бұзу заңы басқалардың талапкер туралы теріс ақпарат беруіне жол бермеу үшін пайдаланылуы мүмкін болса, ол жала заңнамасына қайшы келеді.
- ***Көмек көрсету міндеттерінің қайшылықтары:*** Егер дәрігер науқастың ата-анасына қамқорлық көрсетуге міндетті болса, онда ол дәрігердің науқастың алдындағы бірінші кезектегі көмек көрсету міндеттеріне қайшы келуі мүмкін. Егер баланың игілігі үшін қамқорлық көрсетуге міндетті жауапты мемлекеттік орган баланы жәбірлейтін болжамды қылмыскерге қамқорлық көрсетуге міндетті болса, ол баланы қорғау міндетімен ымыраға келеді.

Салливанның Муддиге қарсы талап арызы (2001) 207 CLR 562

Талапкерге әйелі баласына жыныстық зорлық жасады деп айып таққан болатын. Баланы Қауымдастық қорғау департаментіне зорлық туралы күдігін хабарлаған дәрігер тексерді. Қауымдастық қорғау департаменті талапкерге қарсы айыптауларды зерттеді және арыздың дәлелденуі мүмкін емес деген қорытындыға келді. Талапкер дәрігердің арызы мен Қоғамдастық қорғау департаментінің тергеуі нәтижесінде өзінің күйзеліске түскенін және психиатриялық зияннан зардап шеккенін айтып, екеуін де сотқа берді. Талапкерге (1) дәрігер және (2) қоғамның әл-ауқат департаменті қамқорлық көрсетуге міндетті ме? Басқаша айтқанда, дәрігер науқас баланың ата-анасына қамқорлық көрсетуге міндетті және нормативтік орган баланы жәбірлеуші қылмыскерге қамқорлық көрсетуге міндетті ме? Іске тән ерекшеліктерді назарға ала отырып, сот талапкерге дәрігер немесе Қоғамдастық әл-ауқат департаменті де қамқорлық көрсетуге міндетті емес деген қорытындыға келді.

- *Анықталмаған міндеттеменің мүмкіндігі:* Қоғамдастық әл-ауқат департаментінің көмек көрсету міндеттері ата-ананы да қамтиды, ол сондай-ақ басқа да отбасы мүшелерін, мұғалімдер немесе балаларды жәбірлеуге қатысты кез келген айыпталушыға дейін қамтуы мүмкін. Сот ескеруі мүмкін істің басқа белгілеріне мыналар жатады:
- жағдайды жауапкер бақылауы және талапкердің салыстырмалы түрде осалдығы;⁶²
- тараптардың салыстырмалы білімі мен тәжірибесі;
- талапкер шеккен зардап түрі және кез келген тиісті моральдық немесе этикалық мәселелер;⁶³
- адамдардың өз іс-әрекетіне жеке жауапкершілігін өз мойнына алу қажеттілігі.⁶⁴

ЕСКЕРТУ!

Ұқыпсыздық, абайсыздық проблемасын шешу және қамқорлық көрсету міндеті болуын анықтауға тырысқанда, егер тараптардың арасындағы қарым-қатынастар танылған қамқорлық көрсету міндеті категорияларының біріне жататын болса, сізге тек «ақылға қонымды болжамдылық» және «істің белгілерін» қарастыру қажет. Егер қарым-қатынастар танылған қамқорлық көрсету міндеті категорияларының біріне жататын болса, мысалы, автомобилист және жолаушылар қамқорлық көрсету міндетін белгілеу үшін тиісті іс заңы құзіретін келтіру ғана қажет.

Талапкер үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын жауапкер мен талапкер арасында қарым-қатынастың болуы қамқорлық көрсету міндетін туындатуы мүмкін.

Теймнің Жаңа Оңтүстік Уэльске қарсы талап арызы (2002) 211 CLR 317

Аннетс мырза мен ханымның 16 жасар ұлы отбасын тастап Батыс Аустралиядағы мал станциясында жұмыс істеу үшін *Australian Stations Pty Ltd (AS)* компаниясына жұмысшы ретінде жаңадан келді. Аннетс ханым ұлы үйден кетпес бұрын *AS* компаниясына телефон шалғанда, олар оның ұлы тұрақты бақылауда жұмыс істейді

⁶² *Modbury Triangle Shopping Centre Pty Ltd v Anzil* (2000) 205 CLR 254.

⁶³ *Harriton v Stephens* (2006) 226 CLR 52.

⁶⁴ *Cole v South Tweed Heads Rugby League Football Club Ltd* (2004) 217 CLR 469

және оған жақсы қамқорлық көрсетіледі деп сендірді. AS компаниясы оның ұлын алыстағы станцияға бақташы ретінде жалғыз жұмыс істеуге жіберді. 1986 жылдың желтоқсанында полиция офицері Аннетске телефон соғып, олардың ұлы жоғалып кеткенін хабарлады. 1987 жылы сәуір айында Аннетс олардың ұлы жүргізген механикалық көлік шөл басқан далада табылғанын хабарлады. Кейінірек сол күннен кейін оның денесі табылды. Аннетстер өздерінің ұлы AS компаниясының абайсыздық әрекеті нәтижесінде қайтыс болғанын және соның салдарынан олар «созылмалы психиатриялық күйзелістен» зардап шеккенін мәлімдеп, AS компаниясын сотқа берді. Сот Аннетстер мен AS компаниясының арасында қамқорлық көрсету міндеті сипатындағы байланыс болуын шешті.



Заң аясында: БАҚ құқығы

*Жоғарғы Сот үкімінде ішімдік ішетіндер айыпталады*⁶⁵

2009 жылдың қараша айында Жоғарғы Сот бар иелері ішкілік салдарынан меценаттарға жалпы қамқорлық көрсетуге міндетті емес деп тапты, демек мас меценаттардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті «ішімдікті сатушыдан ішімдік ішетіндерге» ауыстыруды басшылыққа алды. Жоғарғы Сот бірауыздан жол апатынан қаза болған мас меценатқа мотоцикл кілтін берген бар иесі қамқорлық көрсету міндетін бұзды деген Тасмания Жоғарғы Соты шешімінің күшін жою туралы қаулы шығарды. Жақын маңайда полиция алкоголь ішкендерді анықтау үшін демді сынамайды деген қауесетті естігенде, Скотт мырза барда ішімдік ішіп отыр еді. Бір әріптесі қонақ үй қоймасына мотоциклін құлыптап қоюды ұсынды. Бар иесі Майкл Киркпатрик келісті және Скотт мырза оған велосипед кілтін берді. Жеті-сегіз қалбыр *Jack Daniels* және кола ішкеннен кейін Скотт мырза мотоциклдің кілтін сұрады. Мырза Киркпатрик Скотт мырза «жақсы» жүргізе аламын деп көндіргеннен кейін ол велосипедті берді. Бардан кеткеннен кейін шамамен 10 минут өткен соң Скотт мырза жол апатынан жазатайым қаза тапты. Ол қанындағы 0.253 грамм спирттен қайтыс болды. Скотт мырзаның әйелі және автомобиль жол оқиғасының жазатайым жағдайларынан сақтандыру кеңесі Киркпатрик мырза Скоттқа тым көп алкоголь бергені және оған мотоциклге отыруды тоқтатпағаны үшін ұқыпсыздық жасады деп дауласты.

Жоғарғы Сот ерекше жағдайлардан тыс, қонақ үй иелері мен лицензиаттар жалпы құқықта клиенттерге көмек көрсетуге, оларға ішімдік ішуді азайтуға, ішімдік ішпеуді (талап етуге), олар өздері таңдаған ішімдік салдарынан тұтынушыларды қорғауға міндетті емес деп үкім шығарды. Бұл қорытынды дұрыс, өйткені, қарама-қарсы көзқарас клиенттердің еркіндігі мен құқықтық нормаларына қайшы болуына қатысты үлкен қиындықтар туғызуы мүмкін еді. «Интоксикация», «мас болу» және «маскүнемдік» сияқты сөздерді анықтау және қолдану қиын. Заңның бар иелеріне мас клиенттерге қызмет көрсетпеуге мәжбүрлейтін фактісі кез келген жұмсалымды немесе тартымды тіркестерге сілтеме жасау арқылы айқындалатын азаматтық көмек көрсету міндетін енгіздірмейді.

Аустралия қонақ үй қауымдастығы ішімдік ішкендер өз әрекеттері үшін жауап-

⁶⁵ CAL No 14 Pty Ltd v Motor Accidents Insurance Board (2009) 239 CLR 390

кершілікті өз мойнына алатыны туралы қатты ескерту жіберуді басшылыққа алуды құптады және лицензияланған алаңдарда үкімді «жақсылап ішуге» жасыл жол ретінде түсінетін меценаттарды ескертті. Аустралия ұлттық университетінің профессоры Джим Дэвис Жоғары сот немқұрайлылық сот ісін өз әрекеттері үшін жеке жауапкершілікті ынталандыруға ауыстыру бағытында істі жалғастырды деді.⁶⁶

4.10-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Донохьюдың Стивенсонға қарсы сот ісінде судьяның айтуынша, көмек көрсету міндетін белгілеу тиісті болжамды сынақтау болды. Кейінірек соттар істің ерекше белгілері қамқорлық көрсету міндетімен сәйкес болуын талап ететін, қосымша талаптарды енгізді. Сіз осы қосымша талаптар неге енгізілді деп ойлайсыз?

2-талап: көмек көрсету міндетін бұзу

Жауапкердің талапкерге қамқорлық көрсету міндеті жауапкер талап қоюшының шығындарына жауапты дегенді білдірмейді. Бұл шын мәнінде, жауапкердің абайсыздық әрекеті деп белгіленуі тиіс, олар жауапкердің талапкерге қамқорлық көрсету міндетін бұзғаны, яғни жауапкер міндетті болады. Егер жауапкерге зиян келтіру қаупі болжамды және маңызды болса, сондай жағдайларда саналы адам істей алмайтын қамқорлық көрсету міндетін бұзатын болады.

Қамқорлық көрсету міндеті стандарты судья белгілеген заң мәселесі болып табылады. Сотталушының қамқорлық көрсету міндеті стандартын бұзуы – факт мәселесі.

Қамқорлық көрсету міндетін бұзуды анықтау

Жалпы құқықта егер кез келген адам сондай жағдайларда дәл солай (айыпталушы жасамаған әрекетті) жасай алмайтын болса, айыпталушы қамқорлық көрсету міндетін бұзбайды. Бұл тиісті адам сынағы ретінде белгілі. Тиісті адам сынағын қолданғанда сот жауапкердің әрекетін жай, қарапайым, әрі мұқият «көшедегі адамның» әрекетімен немесе бір судья оны ашық жария еткендей «бәрін үлгіретін адаммен» салыстырады. Егер жауапкердің әрекеті саналы адамның стандартынан төмен болса, онда сотталушы қамқорлық көрсету міндетін бұзады. Барлық юрисдикцияда (Солтүстік аумақты қоспағанда) қазіргі азаматтық құқық жауапкершілік заңнамасында зиян тәуекеліне қарсы сақтық шараларын қабылдағанда адам қамқорлық көрсету міндетін бұзбайды, егер:


- (а) қауіп болжамды болса (яғни адам білетін немесе негізінен білуі тиіс қауіп);
- (ә) қауіп жай емес, қатты қауіп төндіретін болғанда;
- (б) сондай жағдайларда кез келген саналы адам сол сақтық шараларын қолдануы мүмкін болуын ұсынады.⁶⁷

Саналы адамның қауіпке қарсы сақтық шараларын қолдануы, қолданбауы туралы шешім қабылдағанда, Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасы сотты мынадай жағдайларды қарастыруға міндеттейді (4.5-суретті қараңыз):

- (а) егер сақтық шаралары қолданылмаса қауіптің орын алу ықтималдығы;
- (ә) зиянның ықтимал маңыздылығы;

66 Matthew Denholm and Nicola Berkovic, 'Blame Falls on Drinkers — High Court Rules for Responsibility', The Australian (Sydney), 11 November 2009, 1.

67 Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 43(1); Civil Liability Act 2002 (NSW) s 5B(1); Civil Liability Act 2003 (Qld) s 9(1); Civil Liability Act 1936 (SA) s 32(1); Civil Liability Act 2002 (Tas) s 11(1); Wrongs Act 1958 (Vic) s 48(1); Civil Liability Act 2002 (WA) s 5B(1).



4.5-сурет. Міндетті бұзуды белгілейтін талаптар

- (б) зиян қауіпін болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдаудың ауыртпалығын;
 (в) зиян қауіпін құрайтын әрекеттің әлеуметтік тиімділігі.⁶⁸

Қауіп болжамды болды – қамқорлық көрсету міндетін белгілеу үшін талапкерге (немесе солар сияқты басқа біреу) зиян келтіретін жауапкердің әрекеті болжамды екенін көрсету қажет. Қамқорлық көрсету міндетінің бұзылғанын анықтау үшін қауіптің орын алуы болжамды екенін көрсету қажет.

Қауіп тәуекелі күрделі болған жоқ – егер тәуекел айтарлықтай болмаған жағдайда, сақтық шараларын қолданбау арқылы жауапкер қамқорлық көрсету міндетін бұзбайды.

Айыпталушы сондай жағдайларда саналы адам істеуі мүмкін әрекетті істемеді – айыпталушының әрекетін басқа бір кез келген саналы адамның әрекетімен (саналы адамды тестілеу арқылы белгіленген) салыстыруда сот зиян ықтималдығын, зиянның ықтимал маңыздылығын, сақтық шаралары ауыртпалығын және жауапкердің әрекетінің әлеуметтік утилитасын (тиімділігін) ескеруі керек.

- *Зиянның ықтималдығы* – кез келген саналы адам ештеңе істемейтіндей жарақат алу қаупі өте аз болғанда, айыпталушы қамқорлық көрсету міндетін бұзбайды.

⁶⁸ *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 43(2); Civil Liability Act 2002 (NSW) s 5B(2); Civil Liability Act 2003 (Qld) s 9(2); Civil Liability Act 1936 (SA) s 32(2); Civil Liability Act 2002 (Tas) s 11(2); Wrongs Act 1958 (Vic) s 48(2); Civil Liability Act 2002 (WA) s 5B(2).*

Стоунның Болтонга қарсы талап арызы [1951] AC 850

Стоун *Cheetham Cricket Ground (CCC)* крикет клубымен іргелес үйде тұрды. CCC клубында крикет ойнап жатқанда, доп алаңнан шығып кетті. Өз үйінің жанында тұрған Стоунге доп тиді. Матч кезінде доптың қақпадан шығып кетуі өте сирек болатын: Мұндай жағдай 37 жыл ішінде бес-алты рет қана болды. Комитет пен CCC крикет клубының мүшелері болған жағдайдан хабардар болды. Бұрын алаңнан шығып кеткен бірде-бір крикет добы ешқашан ешкімге тиген емес және Стоун тұратын көшеде көп көлік жүрмейтін. Стоун крикет добы соққаннан болған жарақат шығынын өндіріп алу үшін Комитет пен CCC крикет клубының мүшелерін сотқа берді. Ол қоршауды бірнеше қадам жылжыту немесе биіктету сияқты, доптың алаңнан шығып кету қаупін болдырмау үшін шаралар қабылдамағандықтан және олардың немқұрайлылық, абайсыздық әрекеті салдарынан зиян шектім деп айып тақты. Сот іргелес жолда алаңнан шығып кеткен доптың адамға соғуы көз жетерлік деп шешті. Алайда, ол крикет клубы Стоунге қатысты қамқорлық көрсету міндетін бұзған жоқ деп шешті, себебі негізділік алаңнан шығып кеткен крикет добының біреуді соғуына қарсы өте аз тәуекел қолданылатын сақтық шараларын талап етпейді, яғни кез келген саналы адамның жарақат алуының өте төмен тәуекелі бар кез келген қосымша сақтық шараларын қолданбас еді.

Кейбір жағдайларда, сондай-ақ, қамқорлық көрсету міндеті бұзылған, бұзылмағанын шешу үшін сот тәуекел анықтығын ескеруі керек: егер талапкер қатысты болған әрекет анық қауіпті болса, жауапкердің қауіпті болдырмау үшін шаралар қабылдамау арқылы қамқорлық көрсету міндетін бұзған деп табылуы екіталай.

Вудстың *Multi-Sport Holdings Pty Ltd* компаниясына қарсы талап арызы (2002) 208 CLR 460

Жабық алаңда крикет матчында допты ұрып жатқанда, Вудстың оң көзіне доп тиді. Жарақаттан оның көзі көрмей қалды. Жабық алаңдағы крикет матчы *Multi-Sport Holdings Pty Ltd (MSH)* клубы ұйымдастырған болатын және матч *MSH* клубына тиесілі және солар пайдаланатын объектіде өтті. *MSH* клубы ойыншыларды (лапта, доптар және протекторлармен) кейбір жабдықтармен қамтамасыз етті, бірақ бет қорғаныш немесе дулыға берген жоқ. *MSH* клубы ауыр көз жарақат алу қаупі мүмкіндігін ескертетін белгілер қойған жоқ. Вудс *MSH* клубын қамқорлық көрсету міндетін бұзғанынан зиян шеккен шығындары үшін *MSH* клубын сотқа берді және клуб: (1) Вудсқа бет қорғаныш бермеуі (2) жарақат алу қаупі тәуекелін ескертпеуі арқылы қамқорлық көрсету міндетін бұзғаны үшін өзіне қарыздар екенін айтты. Сот кез келген саналы адам қорғаныш шлемімен қамтамасыз етілмейді немесе Вудсты көз жарақаты алу қаупі туралы ескертпейді деп шешті. Жабық алаңдағы крикет шапшаң және шектелген кеңістікте ойналады, сондықтан ойыншылар арасында және кез келген ойыншыға (доп ұрушы, *боулер* немесе алаң ойыншысы) доп соққысына ұшырауының айқын қаупі бар. *MSH* клубы ойыншыларға айқын қауіп тәуекелін ескертуге немесе оларды доп соққысынан қорғаумен қамтамасыз етуге міндетті емес деп шешті.

Сондай-ақ, қауіп тәуекелінің анықтық мәселесі, талапкердің өз еркімен қауіп тәуекелі туралы ойлануы немесе ойланбауына байланысты. Төменде қорғаныс толығырақ қарастырылады.

• *Зиян ауырлығы ықтималдығы* – абайсыздық әрекетінен туындайтын ықтимал зиян елеусіз болса, онда жауапкер қамқорлық көрсетудің төмен стандартына міндетті болады, егер ықтимал зиян өте елеулі болса, онда жауапкер қамқорлық көрсетудің жоғары стандартына міндетті болады.

Паристің Stepney Borough Council компаниясына қарсы талап арызы [1951] AC 367

Парис *MBS* Тазарту департаментінің гаражында серіктес слесарь ретінде *Stepney Borough Council* метрополитенінде (*MBS*) жұмыс істеді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі әуе шабуылы нәтижесінде қатты жарақат алғанына байланысты оның сол жақ көзі көрмей қалған. *MBS* бұл туралы хабардар болды. Парис вагонды тасымалдау құралының астында техникалық қызмет көрсету жұмыстары кезінде болат балғаны пайдаланып, тот басқан болтты алып тастағалы жатқанда, металл бөлігі ұшып кетіп, оның оң көзіне тиді, соның салдарынан оң көзі де көрмей қалды. *MBS* компаниясы Парис жарақат алған уақытта, ол атқаратын жұмыс түрін істегенде, болтты алып тастап жатқанда жұмысшылардың көзіне лас тозаң, кейде метал түйіршектері ұшып кетуі мүмкін екенін білетін. Алайда, жұмыс берушілерде гаражда жұмыс істейтін және осындай жұмыс түрлерін атқаратын адамдарды көзілдіріктермен қамтамасыз ету әдеті болмаған. Париж абайсыздығы үшін *MBS* компаниясын сотқа берді. *MBS* компаниясына (1) ол айналысатын жұмыстарды атқарғанда, көзін қорғау үшін жарамды көзілдіріктермен қамтамасыз етпеуі (2) оның көзілдірік киюін талап етпеу нәтижесінде қамқорлық көрсету міндетін бұзды деп айып тақты. Сот қалыпты жұмыс беруші қызметкерлерінің түрлі ықтимал жарақат алу қаупіне қарсы түрлі сақтық шараларын жасайды деп мәлімдеді. Сонымен қатар, ол нақты бір қызметкердің жарақат алу салдарының ауырлығы жұмыс берушіден жарақат алуға қарсы тиісті сақтық шараларын сақтауды талап етуді анықтауда тиісті қарастыру болады деп мәлімдеді. Бұл жағдайда Париске келтірілетін ықтимал зиян екі көзі көретін басқа жұмысшыға келетін зиянға қарағанда анағұрлым ауыр, өйткені Париске қамқорлық көрсету міндетінің стандарты әдеттегіден жоғары. Кеңесші орнындағы қалыпты, саналы адам Паристен қорғаныс көзілдірікті киюді талап еткен болар еді. Кеңес саналы адам осындай жағдайда не істеуі керек екенін талап етпеген, сондықтан қамқорлық көрсету міндетін бұзды.

- *Сақтық шараларын қолдану ауыртпалығы.* Егер жауапкер салыстырмалы түрде кейбір қарапайым сақтық шараларын қолдану арқылы жарақат алу қаупін болдырмайтын болса, ал сол сақтық шараларын қолданбаған жағдайда ол қамқорлық көрсету міндетін бұзған болып есептелуі мүмкін. Алайда егер жауапкер сақтық шараларын қолдану маңызды, қымбат және өтеулі сақтық болса, онда сол сақтықтарды орындамауы оның қамқорлық көрсету борышын бұзғандығы аз ықтимал болады.
- *Әрекеттің әлеуметтік тиімділігі.* Жауапкердің әрекеті талапкерге зиян келтірген уақытта жауапкер әлеуметтік тұрғыда пайдалы болатын бірнәрсе істеп жатты ма? Егер солай болса, онда оны өзінің көмек көрсету міндетін бұзды деп табу ықтималдығы аз болады. Мысалы, жедел жәрдем көлік жүргізушісі ауруханаға

Латимердің *AEC Ltd* зауытына қарсы талап арызы [1953] AC 643

AEC Ltd компаниясына тиесілі зауытты су басып, еден тайғақ болды. Латимер дымқыл еденде тайып құлады және бұған өтемақы талап етіп *AEC Ltd* зауытын сотқа берді. *AEC Ltd* зауыты өзінің көмек көрсету міндетін бұзды ма? *AEC Ltd* зауыты еден ылғал болғанда зауытты жабуына болар еді, бірақ бұл сақтық шарасы оларға маңызды және қымбатқа түсер еді және кез келген саналы адам мұндай жағдайда сақтық шарасын қолданбаған болар еді. *AEC Ltd* зауыты көмек көрсету міндетін бұзған жоқ.

науқасты алып бара жатқанда, көлік апатына ұшыраса, оның әлеуметтік пайдалы іспен айналысуы себепті оның көмек көрсету міндетін бұзды деп танылуы екіталай.

Уаттың *Hertfordshire County Council* өрт сөндіру станциясына қарсы талап арызы [1954] 1 WLR 835

Уат өртке қарсы қызмет көрсететін *Hertfordshire County Council (HCC)* станциясында өрт сөндіруші болып жұмыс істеді. Оны жұмысы Уатфорд өрт сөндіру станциясында болды. Уатфорд өрт станциясы үлкен емес және онда тек бірнеше ғана көлік құралдары болды. Оның жабдықтары Лондон көлік басқару мекемесінен несиеге алған домкрат еді. Оны тек сирек жағдайларда ғана қолданатын. Станциядағы көлік құралдарының тек біреуі ғана домкратты алып жүруге арнайы орнатылған болатын. Өрт сөндіру станциясына бір әйелдің ауыр көлік құралының астында қалып қойғаны туралы төтенше қоңырау келіп түсті. Домкрат қажет болды, бірақ домкратты алып жүруге арнайы жабдықталған көлік құралы бос емес еді. Демек, жауапты қызметкер домкратты орнататын құралы жоқ басқа көлік құралына қоюды бұйырды. Домкрат көлік құралының ішінде қозғалыста болғанда, көлік Уаттың аяғына соғып, жарақаттады. Уат абайсызда келтірген залалға өтемақы талап етіп, *HCC* өрт сөндіру станциясын сотқа берді. Сот (1) домкратты алып жүруге арнайы орнатылған көлік құралының барлық уақытта қол жетімділігін қамтамасыз етуге *HCC* өрт сөндіру станциясы ешқандай міндетті емес және (2) бекітілмеген домкратты алып жүретін көліктің қауіп тәуекелі әдетте өрт сөндіруші тап болатын қауіпке сәйкес келеді және бұл төтенше жағдай шектен үлкен емес деп шешті.

Көмек көрсетудің аз міндеттілігі

Сот жауапкердің көмек көрсетуге аз міндетті (көмек көрсету міндетінің бұзылғаны кем ықтимал) деп шешім қабылдауы мүмкін, себебі:

- олардың кәмелетке толмауы;
- олардың тәжірибесіз болуы.

МсХейлдің Уатсонға қарсы талап арызы (1966) 115 CLR 199

12 жасар ер бала мен 9 жастағы қыз бірге ойнап жүрді. Бала ағаш бағанаға садақ атты. Садақ бағанадан қисық кетіп, қыздың көзіне тиді. Баланың ата-анасы баласының абайсызда жасаған әрекеті үшін жауапты немесе жауапты емес екеніне шешім қабылдағанда, сотқа баланың көмек көрсету міндетін бұзғандығы туралы шешім

қабылдауға тура келді. Сот басшылыққа алып, қолданатын көмек көрсету міндетінің стандарты кез келген саналы адамның осындай жағдайда жасайтын әрекетімен салыстырылмайды, мұны көмек көрсету міндетінің төменгі стандартына жататын, яғни, осы жастағы кез келген қарапайым баладан күтуге болатын стандартпен салыстыруға болады деп шешті.

Алайда, Аустралия Жоғары соты 2008 жылы Куктің Кукке қарсы талап арызы бойынша сот шешімінің күшін жойды.

Куктің Кукке қарсы талап арызы (1986) 162 CLR 376

Маргарет Куктің ешқашан көлік жүргізуші куәлігі немесе үйренуші рұқсаты болған жоқ және ол жүргізуші ретінде тәжірибесі де жоқ еді. Мұны оның бір туысы Ирэн Кук жақсы білетін. Отбасы жиналып отырғанда, Маргарет пен Ирэн жергілікті дүкенге көлікпен барды. Көлікпен кетіп бара жатқанда, Маргарет Ирэннің үйренуші рұқсатын алуға келесі күні өтініш беретінін айтқанда Ирэн көлікті тоқтатып, Маргаретке былай деп жауап берді: «Егер машина айдамақшы болсаң, қазірден бастасаң болады. Маргарет қарсы болғанмен, Ирэн оны көндіргеннен кейін көлікті айдай бастады. Көшенің қиылысынан өтіп бара жатқан кезде, Маргарет әдейі жылдамдықты арттырып, тоқтап тұрған автомобильге соқпай, оны айналып өту үшін көлігін жолдан шығуға бұрғанда цемент электр бағанасына соқты. Ирэн жарақат алды. Ирэннің абайсызда жасаған әрекеті салдарынан шеккен зияны үшін Маргарет оны сотқа берді. Тіпті егер жүргізуші де, жолаушы да көлік жүргізушінің біліксіз және тәжірибесі жоқ екенін білсе, осындай жағдайда тәжірибелі және білікті жүргізушіден күтуге болатын шеберлік дәрежесі мен жолаушыға жүргізушінің алдында көмек көрсету міндеті талап етіле ме? Сот Маргарет абайсыз әрекет нәтижесінде заң бұзды деп шешті. Арнайы және ерекше жағдайларда жүргізушінің жолаушы алдында көмек көрсету міндеті тәжірибелі және жеткілікті білікті жүргізушіден күтуге болатын шеберлік дәрежесі стандартынан өзгертілген болуы мүмкін деп түсіндірілді. Мысалы, (1) Маргарет Ирэннің өте тәжірибесіз және тіпті үйренуші рұқсатын да алмағанын білді, (2) Ирэн немқұрайлы жолаушы болған жоқ және Маргаретті көлік айдауға итермеледі (3) жол-көлік оқиғасы кезінде Маргарет пен Ирэннің қатынасы нұсқаушы мен үйренушіге ұқсас болды, көмек көрсету міндетінің төменгі стандартына әкелетін арнайы және ерекше жағдайлар болды. Яғни, Маргареттің тәжірибесіз және біліксіз жүргізушіден күтілетін стандартқа сәйкес айыпталуы тиіс. Ал, осы орын алған жағдай автокөлік тұрағында тұрған көлікке соғуды болдырмау үшін жолдан жедел шығуы қарапайым тәжірибесіз жүргізушіден күтуге болатын, азды-көпті Маргареттің ұқыпсыздық әрекеті.

Қазіргі заң бойынша тәжірибесі немесе лицензиясы жоқ жүргізушінің басқаларға көмек көрсету міндеті стандарты (олардың жетекшісін қоса алғанда) лицензиясы бар жүргізушінің міндеті стандартымен бірдей қарастырылады.

Имбрийдің МакНеллиге қарсы талап арызы (2008) 236 CLR 510

Паул Имбрий мен Джесс МакНелли басқа адамдармен бірге Солтүстік аумақта 4WD көлігімен сапарда болды. МакНеллидің жасы 16,5 болатын, оның көлік жүргізу

тәжірибесі аз, жүргізуші куәлігі немесе үйренуші рұқсаты болмады, ал Имбрий бұл туралы хабардар еді, сапар барысында әр түрлі уақытта, Имбрий МакНеллиге 30 минуттан 40 минутқа дейін *4WD* көлігін жүргізуге рұқсат берді. Имбрий алдыңғы жолаушы орындығында МакНеллидің жанында отырды. Біраз уақыт жүргеннен кейін МакНелли мен Имбрий жолда доңғалақтың бөлігін көрді. МакНелли оңға бұрылып, доңғалақты айналып өтуге тырысты. Имбрий МакНеллиден тежегішті басуын сұрады, бірақ ол олай істеген жоқ. Көлік жолдың оң жағына шыққан кезде, МакНелли көлікті күрт солға бұрып, жылдамдықты арттырды. Көлік аударылып, Имбрий көлік апатынан жұлын жарақатын алды және оған тетраплегия диагнозы қойылды. Имбрий абайсызда құқық бұзғаны үшін МакНеллиді сотқа берді. Жоғары Соттың көпшілігі (1) МакНеллидің Имбрийге көмек көрсету міндетінің стандарты қарапайым жүргізушіден күтілетін көмек көрсету міндеті стандарты және ол тәжірибелі немесе лицензиясы бар жүргізушіден талап етілетін басқаша түрде өзгертілген жоқ, (2) МакНеллидің тәжірибесі жоқ екенін Имбрийдің білуі көмек көрсету міндетінің төменгі стандартын қолдануға кепілдік беруге жеткіліксіз болды. Өз шешімін жасауда Жоғарғы Сот алдыңғы Куктің Кукке қарсы талап арызы бойынша қабылдаған шешімін қабылдамады.



Заң аясында: БАҚ заңы

Сыныптасының 13-жастағы оқушы қызға қарсы жеке меншік мектептің теннис кортында болған бақытсыз оқиға бойынша талап арызы

Квинсленд үздік жекеменшік мектептерінің біріндегі теннис кортында болған бақытсыз оқиғаға қатысты сыныптасы 13 жастағы оқушы қызды сотқа беріп жатыр. Баланың зақымданған көзіне қатысты құқықтық шағымға қатысты ата-аналардың ақылға сыймайтын дауы сақтандыру шығындарын төлеуге мәжбүрлеу арқылы спорт мектебінің болашағына қауіп төндіреді деген алаңдаушылық туғызды. Сондай-ақ, бұл ата-аналарды өздерінің балаларын жазатайым жағдайлардан үшінші тарапта сақтандыруға мәжбүрлеуі мүмкін. Бірнеше Квинсленд мектептерінде қазірдің өзінде жарақат алу қаупінен қорқып, велосипед, арба доңғалақтарымен ойнау сияқты қызмет түріне тыйым салынды.

Заңды жағдайға жетекші Gold Coast кардиологы мен сәулетшінің қыздары және беделді Сомерсет колледжі тап болды. Кардиолог Гай Райт-Смит өзінің 13 жасар қызына тағылған зақым келтіру туралы шағымды жұма күні өзінің бөлмесінде алды. Шағым өткен жылдың қазан айында Mudgeeraba мектебінде теннис сабағы кезінде Джулия лақтырған теннис шары сыныптасы Финли Энрайт Бернстің көзіне тигенін мәлімдеді. Бұл оқиға Джулия артқы сызықтан теннис шарын Финлиге кері лақтырып жатқанда болғанын айтты. Финли ауруханаға барған жоқ, бірақ медициналық емді қажет ететін көз жарақатын алғаны болжамданды. Шағым арыз Финлидің атынан оның сәулетші әкесі Паул Бернс, жауапкерлер ретінде Сомерсет колледжі мен оның Джей Диакон теннис мектебіне қарсы берілді.

Кеше Доктор Райт-Смит *Courier-Mail* газетіне «Бұл біртүрлі . . . сенімнен тыс», – деп мәлімдеді. Шағымда «теннис мектебі тиісті қадағалауды немесе ойыншыларды қорғаныш көзәйнекпен қамтамасыз ете алмады және Джулия мен Финлидің бір-біріне тым жақын тұруына және Джулияға екі шарды бірден бірге ұруға рұқсат етілді» дейді. Сонымен қатар, шағымда Сомерсет колледжі көмек көрсету міндетін бұзды деп мәлімдейді. Зақымдану анықталған жоқ, бірақ Райт-Смитке 30 күн ішінде жауап беру талап етіледі.

Кеше Доктор Райт-Смит «Мен өзімнің 13 жасар қызымның атына келген осы заңды хатты ашқан кезде, мен оған сене алмадым», деп мәлімдеді. Доктор Райт-Смит Джулия мен Финли дос болатын және шағым «насырға шауып кетті», «Мен тездетіп заңгерімді шақырамын», – деді ол.

Доктор Райт-Смиттің атынан әрекет ететін заңгер Билл Поттс, мұндай талап сақтандыру шығындарын төлеуді мәжбүрлеу арқылы спорт мектебінің болашағына қауіп төндіреді деді. «Қыздың жарақаты өкінішті жағдай болып отырғанда, осы шағым талаппен біз тым алысқа кетсек, АҚШ сияқты ақылға сыймайтын даулы қоғамға айналамыз», – деді ол. «Біз балаларымызды жұмсақ мақтаға орап қоя алмаймыз. Олар ағашқа өрмелеп шықпаса, допты теуіп ойнамаса бала болудан қала бастамай ма? Егер осы сияқты талап арыздар сотта табысты бола берсе, бұл үлкен Аустралиялық ойындарға қауіп төндіреді».

Поттс мырза Жоғарғы Сот жақында «ақылға сыймайтын талаптарды» кері қайтаруға әрекет жасады» деді. «Жоғарғы Сот адам өз іс-әрекетіне үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіс деп мәлімдеді», «Адамдардың абай болуы керек деген жалпы танылған жауапкершіліктен басқа кінәлау мәдениеті де болды.⁶⁹

Көмек көрсетудің жоғары стандарты

Егер адам сарапшы немесе маман ретінде әрекет етсе, онда олардың көмек көрсету міндеті жоғары стандартты болады. Медициналық мамандардың көмек көрсету міндеті стандарты, мысалы, ақылға қонымды «көшедегі адамның» көмек көрсету міндетімен бірдей емес.⁷⁰

Кейбір жағдайларда адам тиісті ақылға қонымды көмек көрсету шараларын орындауға міндетті болмай, барлық ақылға қонымды қамқорлықтың қамтамасыз етілуіне міндетті болады. Осындай көмек көрсету міндетінің жоғары стандарты **берілмеген** (басқа біреуге жүктелмейтін) **көмек көрсету міндеті** ретінде белгілі.

берілмеген (басқа біреуге жүктелмейтін) **көмек көрсету міндеті** – басқа біреуге беруге немесе тапсыруға болмайтын көмек көрсету міндеті.

Мысалы, жұмыс беруші өз қызметкерлеріне (басқа біреуге жүктелмейтін) берілмеген көмек көрсетуге міндетті болады.

Кондисің Мемлекеттік Көлік органына қарсы талап арызы (State Transport Authority (1984) 154 CLR 672

Кондис Мемлекеттік Көлік органына (МКО) жұмысқа қабылданды. Тәуелсіз мердігер жұмыс істеп жатқан кран бөлігі құлап, ол жұмыста жарақат алды. Кондис абайсызда заң бұзу әрекеті бойынша Мемлекеттік Көлік органын сотқа берді. МКО тәуелсіз мердігердің әрекетіне жауапты емес екенін айтып дауласты. Сот МКО тәуелсіз мердігердің әрекеті үшін субсидиярлық жауапты емес еді, ал ол өз қызметкерлерінің барлығына жауапты жұмыс орнын қауіпсіздікпен қамтамасыз ететін берілмеген көмек көрсету міндетін бұзды деп шешті. Бұл міндет тәуелсіз мердігерге (ауыстырылмайды) берілмейді.

69 Greg Stolz, 'School Sports Legal Shock', The Courier-Mail (Brisbane), 23 April 2012.

70 Rogers v Whitaker [1992] 175 CLR 479

Жұмыс берушілердің жұмыс орнын қауіпсіздікпен қамтамасыз ету міндеті 12-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.

Берілмеген көмек көрсету міндетінің басқа мысалдарына мыналар жатады:

- ауруханаға өз науқастарына көмек көрсетуге міндетті,⁷¹
- мектеп оқушыларға көмек көрсетуге міндетті,⁷²
- меншік иелерінің басқаларға зиян келтіруі мүмкін мүлікке және олардың бақылауындағы заттарға қатысты жауапкершілікте болуы тиіс.⁷³

Қамқорлық көрсету міндеті басқалардың тек абайсыздық әрекетінде ғана қолданылады, ал қасақана, әдейі жасалған зиянды әрекетке қолданылмайды.

Әрекетсіздікке жауаптылық

Жалпы айтқанда, әрекетсіздік нәтижесінде туындайтын физикалық залал немесе зиян қамқорлық көрсету міндетін бұзу емес. Хэйменнің *Council of the Shire of Sutherland Neuman* [1985] HCA 41 сот ісіндегі Брэнненнің пікіріне сәйкес:

Суға түсіп жүрген адамның ағып кетуі мүмкін екенін алдын ала болжай алатын жағажайдағы адамның теңізге түсіп көмек көрсетуі заңды түрде көмек көрсету міндетімен байланысты емес.

Жауапкершіліктің алдыңғы қатынастары болмаған жағдайда, мұқтаждарға көмек көрсету немесе оларды құтқаруға көмекке келуде ешқандай заңды міндеттеме жоқ. Алайда этикалық міндеттеме болуы мүмкін.

4.11-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сіз мына үш жағдайдың әрқайсысында көмек көрсетудің этикалық міндеттемесі бар немесе жоқ екеніне түсініктеме беріңіз.

1. Курстасы сабақта есінен танып қалды.
2. Бейтаныс біреуді саябақта үш жас адам қорқытып жатыр.
3. Жараланған ит жолдың шегінде жатыр.

Алайда, кейбір жағдайларда адам әрекет етпеу арқылы көмек көрсету міндетін бұзады. Мысалы:

- талап етілгенде жүргізуші тежегішті баспаса, ол өз борышын бұзған болады немесе
- егер адвокат пен клиент немесе бухгалтер мен клиент сияқты тараптардың арасында үздіксіз кәсіби қарым-қатынас болса, олар клиентке зиян келтіруді болдырмау үшін әрекет етпесе, кәсіби адам өз борышын бұзады.

3-талап: міндетті бұзудан туындаған зиян

Жауапкердің көмек көрсету міндетін бұзғандығын анықтау талапкерге келтірілген зиян, шығындарға немесе оның жарақатына оларды жауапты етуге жеткіліксіз. Талапкер шеккен зиян жауапкердің көмек көрсету міндетін бұзғандығы салдарынан болғандығы белгіленуі тиіс. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасына сәйкес, көмек көрсету міндетін бұзу, атап айтқанда, зиян келтіруде сотта мына мәселелер қанағаттандырылуы тиіс:

⁷¹ *Roe v Ministry of Health* [1954] 2 QB 66.


⁷² *Commonwealth v Introvigne* (1982) 150 CLR 258

⁷³ *Burnie Port Authority v General Jones Pty Ltd* (1994) 179 CLR 520.

1. көмек көрсету міндетін бұзу келтірілген зиянның қажетті шарты болуы тиіс (нақты себептері),

2. Айыпталушының жауаптылық көлемі (міндеттеменің көлемі) келтірілген зиянға сәйкес болуы керек.⁷⁴

Бұл мәселелерді ықтималдық балансында талап қоюшы көрсетуі тиіс. Фактілік, нақты себептер факті мәселесі; міндеттеменің көлемі құқық мәселесі болып табылады (4.6-суретті қараңыз).



4.6-сурет. Міндетті орындауды бұзудан туындаған зиянды анықтауға қойылатын талаптар

Нақты себептер

Жауапкер іс жүзінде абайсыздық әрекеті салдарынан туындаған зиян үшін ғана жауапты. Мәселе фактілікте: абайсыздық әрекеті талапкер шеккен зиянға тікелей немесе жанама түрде себеп болды ма?

Кейде себептілік мәселесі салыстырмалы түрде қарапайым болады: ұқыпсыздық шығынның немесе жарақаттың тікелей себебі болады. Мысалы, жол-көлік апаты туралы сот ісінде сотталушының абайсыз әрекеті – көлік жүргізгенде мұқият болмағандығы

⁷⁴ Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) s 45; Civil Liability Act 2002 (NSW) s 5D; Civil Liability Act 2003 (Qld) s 11; Civil Liability Act 1936 (SA) s 34; Civil Liability Act 2002 (Tas) s 13; Wrongs Act 1958 (Vic) s 51; Civil Liability Act 2002 (WA) s 5C.

талапкердің көлігіне соғып, өз кезегінде талапкердің дене жарақатын алғанын анықтау салыстырмалы түрде қарапайым болар еді.

Басқа жағдайларда тікелей себептілік аз және түсініксіз. Егер жоғарыда келтірілген мысалда талапкер ауруханада денсаулығын қалпына келтіру кезінде ауруды азайтатын дәрмекке тәуелді болғанда не болады? Сотталушының абайсыз көлік жүргізуінен шеккен зияннан талапкер ауруды тоқтататын дәрмекке тәуелді болды ма? Соттар жиі қолданатын тест «егер болмаса» тесті: сот егер сотталушының немқұрайдылығы болмағанда, талапкер зардап шекпеген болар ма еді деп сұрайды. Егер сотталушының абайсыздығы болмағанда талапкер зардап шекпеген болса, онда зиян сотталушының абайсыздығынан туындады.

Ятесің Джонсқа қарсы талап арызы [1990] Aust Torts Reports 81–009

Ятес Джонстың абайсыздығы салдарынан болған көлік апатында жарақат алды. Джонс ауруханада денсаулығын қалпына келтіріп жатқанда, досы оған ауруды азайтуға көмектесу үшін есірткі ұсынды. Ол кейіннен есірткіге тәуелді болды және ол өзінің жарақатына өтемақы талап еткенде сотқа есірткі құнын да талап арызға енгізді. Героинге тәуелділік Джонстың абайсыздығы салдарынан болды ма? Егер Джонстың абайсыздығы болмаса, Ятес есірткіге тәуелді болар ма еді? Сот есірткіге тәуелділік жол оқиғасы салдарынан болған жоқ, керісінше, Ятесің досының іс-әрекетінен болды деп шешті.

«Егер болмаса» тесті талапкер шеккен зиянның бірқатар себептері болғанда сәйкес келмейді. Мұндай жағдайда, сот *Чарелдің Гартқа қарсы талап арызы (1998) 195 CLR 232* сот ісінде МкХьюг Дж. түсіндіргендей» «материалдық үлес» тестін қолдана алады:

Жауапкер талапкердің жарақаты үшін жауапты болмас бұрын талапкер өзіне келтірілген жарақатқа жауапкердің материалдық тұрғыда үлесі бар екенін дәлелдеуі тиіс. Жарғы болмаған жағдайда немесе керісінше болғанда, басқа адамға жарақат алу қаупі ұлғайғанда ғана адамды заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін себепті жауапты деп атау логикаға сай көрінуі мүмкін. Басқа да факторлардың бұл жарақатқа үлесі бар немесе жоқ екеніне қарамастан, егер заңсыз әрекет немесе әрекетсіздіктің нәтижелері талапкердің жарақат алу қаупінің ұлғаюына алып келсе және қауіп тәуекелі аяқталса, онда талапкердің шеккен зиянына сотталушы әрекетінің материалдық тұрғыда үлесі болды. Алайда, егер жауапкердің әрекеті талапкердің жарақат алу қаупін арттырмаса, талапкер зардап шеккен жарақатқа жауапкер материалдық тұрғыда үлес қосты деп айтуға болмайды.

Куктың ACT Racing Club Incorporated and the Australian Jockey Club Inc [2001] ACTSC 106 ипподромына қарсы талап арызы

Канберра ипподромында қатты қызған саунадан кейін шабандоз жүрек талмасы алды. Жүрек талмасының бір ғана себебі дегидратациямен байланысты болды. Сот сауна талапкердің инфаркт алу қаупін айтарлықтай арттырды, сондықтан ол инфарктің себебі болды деп шешті.

Талапкерге жауапкердің абайсыздық әрекеті зиян шегудің жалғыз себебі екенін

дәлелдеуі қажет емес. Ұқыпсыздықтың басқа да себептерімен бірге ықпал себеп болғанын көрсету жеткілікті.

Міндеттеменің қолданылу аясы

Жауапкер өзінің абайсыздық әрекетінің әрбір салдарына жауапты емес: сот шын мәнінде талапкер шеккен зиян көлемі жауапкердің жауапкершілік аясына сәйкес шешім қабылдауы тиіс. Ескерілетін басты мәселе талапкер шеккен зиянның болжамды болуы. Біз бұрын көмек көрсету міндетін анықтауды (белгілеуді) түсінген болатынбыз. Жауапкердің әрекеті талапкердің орнындағы кез келген қалыпты адамға зиян келтіруі болжамды екенін көрсету қажет. Осыған ұқсас сынақ жауапкердің міндеттемесі аясын анықтауда қолданылады, бірақ бұл жерде мәселе талапкер шеккен нақты шығындар немесе жарақат жауапкердің абайсыздық әрекетінің ойға қонымды болжамды салдары екендігінде. Егер талапкер шеккен зиян тым қашықтан немесе ойдан шығарылған болса, басқа сөзбен айтқанда, негізді болжамды болмаса, онда жауапкер талапкер шеккен зиянға жауапты болмайды. (Сол шектеу шартты бұзу салдарына жауапкершілікке қатысты да қолданылады: 6-тарауды қараңыз).

Overseas Tankship (UK) Ltd компаниясының Morts Dock & Engineering Co Ltd компаниясына қарсы талап арызы (The Wagon Mound No. 1) [1961] AC 388

Morts Dock & Engineering Co Ltd компаниясы Сидней айлағы, Мортс Бэйдегі өзінің кемежайында кеме жасау, кеме жөндеу және жалпы инженерлік бизнесін жүргізді. Мортс компаниясының жұмысшылары дәнекерлеу жабдығын пайдаланып кеме тұратын айлақта жұмыс істеп жатты. *Overseas Tankship (UK) Ltd* компаниясына тиесілі *Wagon Mound* кемесі айлақтың қарама-қарсы жағасында шамамен 600 футтай жерде *Caltex* верфіндегі (кемежайда) жағада жанармай өнімдерін құйып, мазут (жағар май) алу үшін аялдап тұрды. Мазуттың үлкен көлемі *OT*(*Overseas Tankship*) жұмысшыларының абайсыз әрекеті нәтижесінде айлаққа төгілді. Мортс айлағына мұнай таралды. Мортс жұмыс істеген кезде менеджер мұнайдың бар екенін білді де, ол *Caltex* менеджеріне сұрау салды. Оның алған жауабынан Мортс верфінде жұмысты қауіпсіз жалғастыруға болатынын түсінді. Мортс верфіндегі дәнекерлеуден ұшқан ыстық металл айлақтағы мақта қалдықтарына түсіп, мазут жанды. Нәтижесінде, Мортс компаниясы жұмысшылары жұмыс істеп жатқан кемежай отқа оранды. Кемежай мен ондағы жабдыққа айтарлықтай зиян келтірді. Мортс компаниясы абайсызда заң бұзғаны үшін *OT* компаниясын сотқа берді. Сот *OT* компаниясы ұқыпсыз әрекет кезінде ғана болған болжамды абайсыз әрекеттің салдары үшін жауапты деп шешті. Сот *OT* компаниясының көмек көрсету міндеті бар екенін және міндетті бұзғанмен, Мортс компаниясына келтірілген зиян ойға қонымды болжамды емес деп шешті. *OT* компаниясы мазуттың суға түскенде жанатынын білмеуі мүмкін деп ойлауға болады.

ЕСКЕРТУ!

Көмек көрсету міндетін бұзған адам міндетті бұзу салдарынан келтірілген зиянның барлығына жауапты емес, тек қана негізді болжамды және тым қашық емес немесе ойдан шығарылмаған шығындарға жауапты болады.

Роу өзінің қуаты күшті көлігін Маккартниге жүргізуге рұқсат етті. Маккартни абайсызда автомобильді телеграф бағанасына соқты. Роу бұл уақытта машинада жолаушы болды. Маккартни қатты жарақат алып сал ауруына ұшырады. Роу жеңіл дене жарақатын алды, бірақ кәмелетке толмаған Маккартниге көлікті айдауға рұқсат еткен кінәсін түсінуі нәтижесінде психикалық ауруға душар болды. Роу осы психикалық аурумен байланысты шығындарды өтеу үшін Роуды сотқа берді. Сот Маккартнидің көмек көрсету міндетін бұзуы психикалық ауру туғызғанмен, психикалық ауру МакКартнидің абайсыз көлік жүргізуінің негізді болжамды салдары емес деп шешті.

Ол тек болжамды болуы керек зиянның түрі, келтірілген зиянның мөлшері емес. Егер талапкер бұрыннан бар осалдықтың әдеттегі зиянына қарағанда көбірек жапа шегетін болса, келтірілген зиян жауапкердің абайсыздық әрекетінің негізді болжамды салдарының түрі болса, жауапкер бұл зиянға толық көлемде жауапты болады. Бұл әдетте **жұмыртқа қабық бас сүйек ережесі** (бұрынғы залалға қосымша одан да көп зардап шегу қазақша «жұғылғанға жұдырың» деген мағынады), яғни бұрыннан бар осалдықтың әдеттегі зиянына қарағанда көбірек жапа шегу ретінде белгілі.

«**жұмыртқа қабық бас сүйек ережесі**» (бұрынғы залалға қосымша одан да көп зардап шегу қазақша «жұғылғанға жұдырың» деген мағынады) – егер талапкер бұрынғы залалға қарағанда қосымша одан да көп зардап шегетін болса, жауапкер бұл зиянға толық көлемде жауапты болады.

4.12-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Өз мысалыңызбен «жұмыртқа қабық бас сүйегі» (бұрынғы залалға қосымша одан да көп зардап шегу) ережесін түсіндіріңіз.

Қорғаныс

Талапкер абайсызда азаматтық құқықты бұзудың барлық үш элементін дәлелдегенмен, қорғаныстың бір немесе одан да көп түрін пайдаланатын болса, жауапкердің толық немесе ішінара жауапкершілікті болдырмауға мүмкіндігі бар.

Тәуекелдің ерікті жорамалы

Егер талапкердің зиян туындаған кездегі тәуекелі туралы толық хабардар екенін және оның өз еркімен бұл тәуекелді болжайтынын анықтау мүмкін болса, жауапкер барлық міндеттемеден босатылады. Бұл **тәуекелдің ерікті ұйғарымы** деп аталады, оны кейде латынша атауымен *volenti non fit injuria* деп те атайды.

тәуекелдің ерікті ұйғарымы – азаматтық қорғаныс: егер талапкердің өз еркімен зиян қауіпін болжайтындығын белгілеу мүмкін болса, жауапкер барлық міндеттемеден босатылады.

Бұл дәстүрлі түрде қиын қорғаныс болып саналады, өйткені қорғаныстың бұл түрінде мынадай нәрселер көрсетілуі тиіс:

- талапкер қауіп тәуекелін толық білуі және оны бағалай алатын болды,
- дәл қауіп тәуекеліне өз еркімен, ықыласпен келісті.

Рутстың Шелтонға қарсы талап арызы (1967) 116 CLR 383

Талапкер су шаңғысымен айналысып жүргенде жарақат алды. Жауапкер (қайық жүргізушісі) тоқтап тұрған қайыққа тым жақын келіп, оған соқты. Жауапкер талапкер су шаңғысымен айналысып жүргенде өз еркімен жарақат алу қаупін болжағанын дәлелдеп дауласты. Сот талапкер әдетте су шаңғымен байланысты тәуекелдер туралы білді және осы тәуекелдерді өз мойнына алды, олар жауапкердің қауіпті болдырмауын немесе судағы кедергілерді ескертпеуін ойластырған жоқ деп шешті.

Қазіргі кезде көптеген юрисдикцияда азаматтық құқық жауапкершілігі заңнамасы анық қауіпті нәрсемен айналысып жатқанда талапкер жарақат алғанда, тәуекел еріктілігі жорамалы қорғанысын көтеруді жеңілдетеді.

Егер міндеттемені бұзу зиян келтіру әрекеті үстінде болса және ықтималдық балансы бойынша тәуекел айқын қауіптен хабардар емес екенін талапкер дәлелдемесе, жауапкерге тәуекелдің ерікті ұйғарымы қорғанысына жүгінуге болады.⁷⁵

Сондай-ақ, бұл заңнамада мынадай жағдайлар қамтылады:

- (1) Адам (айыпталушы) айқын қауіп тәуекелін басқа адамға (талапкерге) ескертсе, ол талапкер алдында жауапты емес.
- (2) (1) тарауша мынадай жағдайда қолданылмайды:
 - (а) жауапкерден талапкер кеңес немесе ақпарат сұрағанда
 - (б) жауапкерден жазбаша заң арқылы талапкерді тәуекелі туралы ескерту талап етілгенде;
 - (с) сотталушы кәсіби дәрігерден басқа маман болса, жауапкердің кәсіби қызмет көрсетуінен талапкерге қайтыс болу немесе жарақат алу қаупі тәуекелі болғанда.⁷⁶

Агардың Хайдқа қарсы талап арызы (2000) 201 CLR 552

Екі регби одағы ойыншыларының үстіне бір топ адам құлаған кезде мойындары сынды. Олар адамдар тобырына қатысты ережелер дайындауға ұқыпсыздық жасағанына дауласып, Халықаралық регби одағы басқармасына қарсы азаматтық іс қозғады. Жоғары Сот регби ойыншылары регби ойынына тән тәуекелдер туралы хабардар болғандықтан, олар өз еркімен жарақат алу қаупіне тәуекел етті, сондықтан Халықаралық регби одағы басқармасы жауапты емес деп шешті.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасы, сондай-ақ сотталушы талапкер айналысатын қауіпті рекреациялық әрекеттердің айқын тәуекелінің материалдандыру нәтижесінде талапкер шеккен зиян үшін жауапты емес екенін мәлімдейді.⁷⁷ «Қауіпті рекреациялық әрекет» әдетте адамға айтарлықтай физикалық зиян келтіру қаупінің

⁷⁵ *Civil Liability Act 2002* (NSW) ss 5F–5G; *Civil Liability Act 2003* (Qld) ss 13–14; *Civil Liability Act 1936* (SA) ss 36–37; *Civil Liability Act 2002* (Tas) ss 15–16; *Wrongs Act 1958* (Vic) ss 53–54; *Civil Liability Act 2002* (WA) ss 5F–5N.

⁷⁶ *Civil Liability Act 2002* (NSW) s 5H; *Civil Liability Act 2003* (Qld) s 15; *Civil Liability Act 1936* (SA) s 38; *Civil Liability Act 2002* (Tas) s 17; *Civil Liability Act 2002* (WA) s 5O.

⁷⁷ *Civil Liability Act 2002* (NSW) ss 5K–5L; *Civil Liability Act 2003* (Qld) ss 17–19; *Civil Liability Act 2002* (Tas) ss 18–20; *Civil Liability Act 2002* (WA) ss 5E–5I.

дәрежесі бар сергу, релаксация немесе демалу үшін айналысатын әрекет дегенді білдіреді.

Абайсызда келтірілген зиянға талапкердің өзі де қатысты болуы

Келтірілген зиянға талапкердің өзі де қатысты болуы ішінара қорғаныс болып табылады: өзі шеккен зиянға немесе жарақатқа кейбір ретте талапкердің өзі қатысты деп белгілеу мүмкін болған жағдайда, жауапкершілік талапкер мен жауапкерге бөлініп талап етіледі. Мысалы, егер Саймон жаяу жүргінші болса, оны Джонни машинасымен жарақаттаса, сот Джонни абайсыз көлік жүргізді, бірақ ол Саймон да жолды кесіп өткенде жолдың екі жағына қарамады, сондықтан ол да абайсыз әрекет жасады деп шешуі мүмкін. Сот жауапкершілікті екеуіне бөледі: Джонни 70% жауапты және Саймон 30% жауапты болды және Саймонға Джонни төлейтін өтемақы 30% қысқарады деп шешуі мүмкін.

Ықпалды абайсыздық – азаматтық қорғаныс: өзі шеккен зиянға немесе жарақатқа кейбір ретте талапкердің өзі қатысты деп белгілеу мүмкін болған жағдайда, жауапкершілік талапкер мен жауапкерге арасына бөлінеді.

Инграмның Бриттенге қарсы талап арызы [1994] Aust Torts Reports 81–291

Бриттен Инграмды жұмысқа қабылданды. Шамадан тыс жылдамдықпен Бриттенге тиесілі тракторды жүргізгенде, Инграм жылдамдықты арттырып, трактор бақылаудан шығып, ағашқа соғып, аударылып қалды. Жүргізушіні қорғайтын металл қаңқасы тракторға орнатылмаған болатын. Инграм жарақат құнын өтеу үшін Бриттенді сотқа берді. Сот Бриттен жүргізушіні қорғайтын металл жақтауы қаңқасын тракторға орнатпағаны үшін ұқыпсыз әрекет жасады, ал Инграм шамадан тыс жылдамдықты арттырғаны үшін абайсыз әрекет жасады деп шешті. Сот жауапкершілікті Бриттенге 40% және Инграмға 60%-дан бөлді.

Мэнлидің Александрға қарсы талап арызы (2005) 223 ALR 228

Сегіз сағатта 12 қалбыр сыра ішкеннен кейін, Александр жолға жатты да, ұйықтап кетті. Таңертеңгі сағат 4:15 кезінде, Мэнли эвакуатор-жүк машинасымен Александрдың үстінен өтіп кетті. Александр абайсызда заң бұзу кінәсін тағып Мэнлиді сотқа берді. Сот Мэнли әрекеті абайсызда болды деп шешті, сондай-ақ Александр да абайсыз әрекет жасап, жарақаты алуға өзі де ықпал етті. Сот Александр апат үшін 70% жауапты, сондықтан ол Мэнлиден шығынның тек 30%-ын өндіріп алуға құқылы деп шешті.

Сондай-ақ талапкердің де абайсыз, немқұрайды болғанын анықтау үшін, көмек көрсету міндеті стандарты талапкердің орнына ақылға сыйымды адамды қою, яғни сот сотталушы жауапкершілігін анықтауда қолданылатын қағидаттарды қолданады.⁷⁸

Аустралияның астаналық аумағы, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Квинсленд және Виктория азаматтық жауапкершілік заңнамасына сәйкес, талапкер тарапынан болған ықпалды

⁷⁸ *Civil Liability Act 2002 (NSW) s 5R; Civil Liability Act 2003 (Qld) s 23; Civil Liability Act 1936 (SA) s 44; Civil Liability Act 2002 (Tas) s 23; Wrongs Act 1958 (Vic) s 62; Civil Liability Act 2002 (WA) s 5K.*

абайсыздық, немқұрайлылық тіпті, өзіне келтірілген зиян немесе жарақат үшін өзі толық жауапты деп табуға әкелуі мүмкін.⁷⁹

Әр юрисдикцияда Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасында егер талапкер оқыс оқиға кезінде мас болса немесе талапкер мас екенін білетін адамның көмегіне және шеберлігіне сүйенсе, талапкер тарапынан ықпалды немқұрайлылық болады деп тұжырымдалады.⁸⁰

Басқа қорғаныс түрі және жауапкерді қолдау

- *Адвокаттар* – адвокаттар сотта атқарылған немесе сот жұмысымен тығыз байланысты жұмысқа қатысты көмек көрсетуі міндетіне жауапты емес.⁸¹ Мұндай қолдау сотта айғақ беретін куәгерлер, заңды адвокаттар, судьялар ретінде әрекет ететін адвокаттарға беріледі.
- *Еріктілер* – Достастық еріктілерін қорғау туралы заң бойынша 2003 (Дст), адам ерікті негізде Достастық немесе Достастық билігінің жұмыстарын жүргізу кезінде, адал жұмыс атқарғанда, азаматтық жауапкершілікке тартылмайды. Мемлекеттік және аумақтық Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасы және еріктілерді қорғау заңнамасы қоғамдастық ұйымдастырған қауымдастық жұмысын немесе қауымдастық ұйымының қызметкері ретінде адал қызмет атқарғанда, кез келген адал әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауапкершіліктен қорғайды.⁸² Оның орнына жауапкершілік қоғамдастық ұйымының өзіне бекітіледі және талапкер жеке еріктіні сотқа бере алмайды. Белгілі бір жағдайларда, еріктіні жеке сотқа бере алады, мұндай жағдайлар түрлі юрисдикцияда әртүрлі, бұл еріктілердің қоғамдастық

ұйымның жарғылық қызметі аясынан тыс әрекет ететін немесе нұсқауларға қайшы әрекет ететін немесе олардың алкоголь, есірткі әсер ететін кездегі жағдайларды да қамтиды.

- *Төтенше қызмет провайдерлері* – Кейбір юрисдикцияларда азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасы төтенше қызмет қызметкерлерін және/немесе «жақсы самаритандықтарды» қорғайды.⁸³ Егер адам «белгіленген міндеттілік» (әдетте мұндай міндеттілікке судан құтқарушылар, жедел жәрдем жүргізушілері мен өрт



79 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT)* s 47; *Civil Liability Act 2002 (NSW)* s 58; *Civil Liability Act 2003 (Qld)* s 24; *Wrongs Act 1958 (Vic)* s 63.

80 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT)* ss 95–96; *Civil Liability Act 2002 (NSW)* s 50; *Personal Injuries (Liabilities and Damages) Act 2003 (NT)* ss 14–15; *Civil Liability Act 2003 (Qld)* ss 47–49; *Civil Liability Act 1936 (SA)* ss 46–50; *Civil Liability Act 2002 (Tas)* s 5; *Wrongs Act 1958 (Vic)* s 14G; *Civil Liability Act 2002 (WA)* s 5L.

81 *D’Orta-Ekenaike v Victoria Legal Aid* (2005) 223 CLR 1.

82 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT)* s 5; *Civil Liability Act 2002 (NSW)* ss 56–57; *Personal Injuries (Liabilities and Damages) Act 2003 (NT)* s 8; *Civil Liability Act 2003 (Qld)* ss 26–27; *Civil Liability Act 1936 (SA)* s 74; *Wrongs Act 1958 (Vic)* s 31B; *Civil Liability Act 2002 (WA)* s 5AD.

83 *Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT)* s 8; *Civil Liability Act 2002 (NSW)* s 61; *Personal Injuries (Liabilities and Damages) Act 2003 (NT)* s 7; *Civil Liability Act 2003 (Qld)* s 39; *Volunteers Protection Act 2001 (SA)* s 4; *Civil Liability Act 2002 (Tas)* s 47; *Wrongs Act 1958 (Vic)* s 37; *Volunteers and Food and Other Donors (Protection from Liability) Act 2002 (WA)* s 6.

сөндірушілер жатады) бойынша жұмыс істесе және жедел жәрдем көрсетушілер немесе басқа көмек көрсетушілер, күйзеліске түскен адамға көмек көрсетушілер, төтенше жағдайлар кезінде апатқа ұшыраған адамға көмек көрсетушілер, егер олардың әрекеті адал ниетті болса және бақытсыздыққа ұшыраған адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету абайсызда ескерілмесе, олар абайсыз әрекеттері үшін жауапкершілікте болмайды. Сол сияқты, өз еркімен бейтаныс адамға шұғыл көмек көрсететін адам «жақсы самаритандықтар» көмек немесе кеңес берсе және мас болмаса, бірінші кезекте жарақат алған немесе жарақат алу қаупі туған немесе жедел медициналық көмекке мұқтаж адамға жәрдемдесуде абайсыздық болмаса істеген әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне жауапты болмайды. Егер «жақсы самаритандықтар» көмек немесе кеңес бергенде мас болса, бірінші кезекте жарақат алуды немесе жарақат алу қаупін туғызса, қорғау қолданылмайды.

- *Стандартты тәжірибеге сәйкес*, егер жауапкер өзінің абайсыз болмағанын, ол жай ғана сол саладағы немесе мамандықтағы кез келген адам жасайтын нәрсені жасадым деп талап қоя ала ма? Егер жауапкер кәсіби маман болмаса, олардың әдетпен, стандартты практика немесе практиканың тиісті кодымен сәйкестігі оларда абайсыз әрекет болған жоқ, ал сәйкестіктің болмауы оларда абайсыздық әрекет болған жоқ дегенді білдірмейді. Басқаша айтқанда, сот абайсыздық әрекет не екенін және ол тек кез келген адам дәл солай жасайтындықтан ғана жасалуы тиіс емес екендігін өзі шешеді.

Меркердің Commissioner for Road Transport and Tramways компаниясына қарсы талап арызы (NSW) (1936) 56 CLR 580

Меркер жауапкердің трамвайы бақылау орнында екінші трамваймен соқтығысқанда жарақат алды. Меркер жауапкердің трамвайға «қауіпсіздік тұтқасын» орнатпағаны үшін қамқорлық көрсету борышын орындауды бұзды деп шағым жасады. Бұл – жүргізуші трамвайды жүргізу үшін ұстап отыруы тиіс трамвайға орнатылатын тұтқа: егер трамвайда қауіпсіздік тұтқасы болғанда, жазатайым оқиға орын алмас еді; жүргізуші кез келген себепті жағдайда тұтқаны басса, трамвай тоқтайды. Ал жауапкер Аустралияда кейбір трамвайларда қауіпсіздік тұтқалары пайдаланылса да, кез келген трамвайларда қауіпсіздік тұтқалары пайдаланылмайды деп уәж айтты. Сот сотталушы қалай болғанда да қамқорлық көрсету міндетін бұзды деп шешті. Трамвайларда қауіпсіздік тұтқаларын орнату қарапайым тәжірибе болмайтын фактісі осы жағдайда жауапкердің қауіпсіздік тұтқаларын орнатпауы қамқорлық көрсету міндетін бұзғандығы фактісін өзгертпейді деп шешті.

Бұл жағдай жауапкердің кәсіби заңгер, дәрігер немесе бухгалтер болу жағдайынан басқаша. ЖОУ, Квинсленд, Оңтүстік Аустралия, Тасмания, Виктория және Батыс Аустралияда Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасы кәсіби мамандар үшін тиісті стандартты анықтауда сот маман әріптестердің пікірі Аустралияда құзыретті кәсіби практика ретінде кеңінен танылған болса, онда сол маман әріптестердің пікірін ескеруі тиіс және олардың әрекеті қамқорлық көрсету міндетін бұзбауы керек.⁸⁴

- *Кешірім* – жауапкердің талапкерден кешірім сұрауы оның әрекеттерінің салдары

⁸⁴ Civil Liability Act 2002 (NSW) s 50; Civil Liability Act 2003 (Qld) s 22; Civil Liability Act 1936 (SA) s 41; Civil Liability Act 2002 (Tas) s 22; Wrongs Act 1958 (Vic) s 59; Civil Liability Act 2002 (WA) s 5PB.

жауапкершілігінен босатпайды. Сондай-ақ, кешірім кінәні мойындауда емес, соттың түсіндірмесінсіз, жауапкер өзі жасаған әрекетінің салдарына қатысты кінәсін немесе жауапкершілігін мойындау ретінде өкінішін білдіре алады.

Абайсыздық принциптерін қолдану

Бұл бөлімде біз құқықтық дауларды шешуде абайсыздық принциптері қолданылатын үш жағдайды қарастырамыз:

1. меншік иесінің жауапкершілігі,
2. мемлекеттік органдардың жауапкершілігі,
3. кепілдікті сақтау.

Меншік иесінің жауапкершілігі

Үй-жай иесі меншігінде иеленетін және бақылайтын үй-жайлары бар тұлға болып табылады. Мысалы, Джонни өзінің мейрамханасы арқылы кәсіпкерлікпен айналысып отыр, Джонни мейрамхананың иесі, сондай-ақ ол өз үйінің иесі болып табылады. Үй-жай иесі өз меншігінде үй-жайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сол үй-жайлардағы барлық адамдарға қамқорлық жасауға міндетті.

Залузнаның Australian Safeway Stores Pty Ltd сауда үйіне қарсы талап арызы (1987) 162 CLR 479

Жаңбырлы күні *Safeway* әмбебап дүкенінде сауда жасап жүргенде Залузна кіреберістегі есіктің жанында дымқыл еденде аяғы тайып кетіп, жарақат алды. Сот абайсыздықтың негізгі қағидаттарына сәйкес оның жарақатына төлемақы беруге әмбебап дүкені міндетті деп шешті. Әмбебап дүкені үй-жайдың иесі ретінде Залузнаға қамқорлық жасауға міндетті және зиянды болдырмаудың алдын алу шараларын орындамау арқылы қамқорлық жасау міндетін бұзды.

Үй-жай иесінің жауапкершілігі түсінігі олардың үй-жайларына келушілердің кез келген жарақатына тұрақты және автоматты түрде жауапты болады дегенді білдірмейді. Үй-жай иесінің абайсыздық әрекеті шын мәнінде дәлелденуі тиіс.

Филипстің Дейлиге қарсы талап арызы (1988) 15 NSWLR 65

Талапкер шамамен 40 см жоғары ақпен боялған көлденең тақтай қоршаулармен бөлінетін қонақ үй автотұрағына автокөлігін қойды. Қоршауды айналып өтудің орнына ол оған өрмелеп көтеріліп бара жатқанда аяғы шалынып кетіп, құлады. Талапкер, үй-жай иесінің жауапкершілігі қағидаттарына сүйеніп, қонақ үй иелерінің абайсыздық әрекетін сотқа берді. Сот жауапкер өздерінің қамқорлық жасау міндетін бұзған жоқ деп шешті. Ол күндіз болды, тәуекел айқын болды және талапкер қоршаудың үстінен өтудің орнына оны айналып өтуі керек еді.

Анзилдің *Modbury Triangle Shopping Centre Pty Ltd* сауда орталығына қарсы талап арызы (2000) 205 CLR 254

Аделаида қаласындағы *Modbury Triangle* сауда орталығы *Modbury Triangle Pty Ltd (Modbury)* компаниясына тиесілі еді. Анзил сауда орталығындағы жалдамалы видео дүкенінің меңгерушісі болды. Шамамен, сағат кешкі 10.30 кезінде, дүкен жабылғаннан кейін, Анзил сауда орталығы автотұрағындағы автомобиліне бара жатқанда оған үш адам шабуыл жасады. Ол ауыр жарақат алды. Автотұрақ шамдары шамамен кешкі сағат 10-да сөнді, оқыс оқиға болған кезде автотұрақта жарық болған жоқ. Анзил жер иесі ретінде *Modbury* сауда орталығы тарапының немқұрайлылық әрекеті үшін шығындарына төлемақы өтеуге *Modbury* сауда орталығын сотқа берді. Сот Анзилдің жарақатына жауапты емес деп шешті. Үй-жай иесі ретінде *Modbury* сауда орталығы Анзилге қамқорлық жасауға міндетті, бірақ ол *Modbury* сауда орталығы біреулердің шабуыл жасау әрекетін бақылай алмайтын жағдайларда Анзилге дене жарақатын келтіретін үшінші тұлғалардың қылмыстық әрекеттерін алдын алу үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға дейін қамтылмаған. Әрі қарай, қылмысқа ықпал ететін автотұрақты *Modbury* сауда орталығын жарық қалдыруы мен Анзилдің көлігін автотұраққа қою шешімі бірдей дәрежеде Анзилдің жарақат алуына себеп болған жоқ. Жарақаттың тікелей және жанама себептері *Modbury* сауда орталығына қатыссыз, үш шабуылшының әрекеті болды.

Коммерциялық үй-жай иесінің көмек көрсету стандарты, жалпы алғанда тұрғын үй-жайлары иелерінің жәрдем стандартына қарағанда жоғары болады.⁸⁵

4.13-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Осы тараудың басындағы «Джонни мен Эш» диалогын қараңыз. Джонни қарт әйелдің алған жарақатына үй-жай иесі ретінде жауапты ма?

Егер біреудің үйіне оның иесінің рұқсатынсыз қоныстанған адамдарға үй-жай иесі көмек көрсетуге міндетті ме? Мысалы, Джонни мейрамхана жабылғаннан кейін оның мейрамханасына барып жарақат алған адамға көмек көрсетуге міндетті бола ма?

Шоудың *Хакшюуга қарсы талап арызы (1984) 155 CLR 614*

Фермер біреу оның фермасынан жанармай ұрлап жүргенінен күдіктенді. Бір күні түнде ол жанармай ұрлап жатқан кісіні ұстап алып, қашып кетпес үшін оның көлігінің дөңгелегіне оқ атты. Өкінішке орай, оқ көліктің жолаушы есігіне тиіп, алдыңғы орындықта отырған талапкерді жарақаттады. Ол жарақат өтемақысын талап етіп, фермерді сотқа берді. Сот ұры мен талапкер сол уақытта біреудің меншігіне заңсыз ену әрекеті арқылы құқықты бұзса да, фермер оларға қамқорлық көрсетуге міндетті, ол қараңғыда көлікке тапаншадан оқ ату арқылы көмек көрсету міндетін бұзды деп шешті.

⁸⁵ *Neindorf v Junkovic* (2005) 222 ALR 631.

4.14-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сіз Шоудың Хакшоуға қарсы талап арызы бойынша соттың шешімімен келісесіз бе? Неге келісесіз немесе келіспейсіз?

Қазіргі кейбір юрисдикцияда азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасында талапкер құқық бұзушылық процесінде жарақат алса, жауапкер жауапты болмайды делінген.⁸⁶ Алайда жауапкершілікті алып тастау қатал немесе әділетсіз болатын жағдайларда соттың залалдың орнын толтыруға құқығы бар.

Тонау айыптау актісі құқық бұзушылық болып табылады, бірақ біреудің меншігіне заңсыз ену емес екенін ескеріңіз.

Мемлекеттік органдардың жауапкершілігі

Егер талапкер қоғамдық орындарда жарақат алса ше? Ғимараттың иесі ғана ғимаратқа келушілерге қамқорлық көрсетуге міндетті болғандықтан, мемлекеттік орган өзінің бақылауындағы аудандарға келетін халыққа қамқорлық көрсетуге міндетті. Қауіп табиғи емес немесе жасырын болса, мемлекеттік органның иелігіндегі аймақты пайдаланатын тұлғаларға болжамды тәуекелдерді ескерту үшін қамқорлық көрсетуге міндетті болады.

Нагленің Rottnest Island Authority компаниясына қарсы талап арызы (1993) 177 CLR 423

Rottnest Island Authority (RIA) компаниясы аралдағы жүзу алаңын басқаратын және бақылайтын. Нагле суда жүзіп жүргенде кейбір су асты тау жыныстарына соқтығысып жарақат алды. Сот *RIA* компаниясы Нагленің жарақатына өтемақы төлеуге міндетті деп шешті. Жүзу алаңының «иесі» ретінде *RIA* компаниясы суға түсушілерге қамқорлық көрсетуге міндетті және қамқорлық көрсету міндетін бұзды, өйткені адамдарды суда жүзуге шақырды, бірақ суда жүзушілерге су асты тау жыныстарында жүзу қауіпін ескертпеді.

Екінші жағынан, қауіп айқын болатын жағдайларда қоғамдық орган адамдардың көпшілігі өз қауіпсіздігі үшін ақылға қонымды тиісті қамқорлықты өздері жасайды деп болжауға құқылы.

Ромеоның Солтүстік территорияның қорғау жөніндегі комиссиясына қарсы талап арызы (1998) 192 CLR 431

15 жасар қыз Ромео, жағажайға жақын жартастың жоғарғы жағындағы автотұрақтар жанында достарымен бірге ішімдік ішіп отырды. Жартастың шетінде аласа ағаш қоршау болды. Түн ортасы шамасында Ромео жартастың шетімен жүргенде төмен қарай жағажайға 6,5 метр биіктіктен құлап, ауыр жарақат алумен бірге сал ауруына ұшырады. Ол сырқатына өтемақы алу үшін, Солтүстік аумақты қорғау жөніндегі комиссиясының (СТҚК) осы жерге жауапты мемлекеттік органды сотқа берді. Сот жер иесі келушілер өз қауіпсіздігі үшін ақылға қонымды қауіпсіздік шараларын жасауға өздері міндетті деп тұжырымдауға құқылы және «алкоголь әсерінен болған жас әйелдің абайсыздық әрекеті» салдарынан алған жарақатына солтүстік аумақты қорғау жөніндегі комиссиясының жауапты емес деп шешті.

⁸⁶ Civil Liability Act 2002 (NSW) s 54; Personal Injuries (Liabilities and Damages) Act 2003 (NT) s 10; Civil Liability Act 2003 (Qld) s 45; Civil Liability Act 1936 (SA) s 43; Civil Liability Act 2002 (Tas) s 6.

Көптеген жергілікті билік үшін қиындық – олар жиі өздерінің бақылауындағы (көбінесе үлкен) географиялық аумақтарда ықтимал қауіпті болдырмау мәселесін шешуге қаржы көлемі мен ресурстар жетіспеушілігі. Сот кейде осындай коммерциялық ақиқатқа жағымсыз қарайды. Мысалы, Бродидің *Singleton Shire* кеңесіне қарсы талап арызында (2001) 206 CLR 512 Жоғарғы Сот бюджеттік шектеулерге қарамастан, мемлекеттік органдар жолдарға жауапты, жолды пайдаланушыларға ықтимал қауіп тәуекелдерін, жасырын тәуекелдерді анықтау, болдырмау үшін ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде тиісті шаралар қабылдау үшін көмек көрсетуге міндетті деп шешті. Аустралияның астаналық аумағы, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Квинсленд, Тасмания, Виктория және Батыс Аустралия азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасы қазір мемлекеттік органдардың жауапкершілігін шектейді.⁸⁷ Қоғамдық немесе өзге де органдардың міндетті немесе міндетті екендігін және өз міндетін бұзғанын бұзбағандығы туралы шешім қабылдау кезінде сот мынадай принциптерді ескеруі тиіс:

- Уәкілетті органдардан талап етілетін қызметтің мақсатын жүзеге асыруды қолжетімді етуге қажетті қаржылық және басқа да ресурстар шектеледі.
- Уәкілетті органдардың қаржылық немесе басқа да ресурстарды жалпы бөлуі шағымдануға ашық емес.
- Уәкілетті органдардан жүзеге асыру талап етілетін қызметтерді кең ауқымды (іс жүргізуге қатысты мәселеге сілтеме жасап қана емес), шараларға сілтеме жасау арқылы шешіледі.
- Уәкілетті органдар сот талқылауына қатысты мәселелерде тиісті функцияларды жүзеге асырудың дәлелі ретінде жалпы процедуралар мен өз функцияларын жүзеге асырудың тиісті кез келген стандарттарына сәйкестіктің дәлелдеріне сүйенуі мүмкін.

Сондай-ақ, заңнамада дәл сондай қызмет атқаратын ешқандай өкілетті орган өз қызметін дұрыс атқарудағы әрекетті немесе әрекетсіздікті қарастырмайтындай, уәкілетті органның нақты әрекеті немесе әрекетсіздікті негізсіз болса, мемлекеттік органның нақты әрекетті жасауы немесе жасамауы міндетті емес деп мәлімденеді.

Кепілдікті сақтау

Бір адам басқа адамға тиесілі мүлікті уақытша иеленгенде **кепілдікті сақтау** туындайды. Кепілдікті сақтау өте кең таралған. Оның мысалдарына мыналар жатады:

кепілдікті сақтау – бір адамның басқа бір тұлғаға тиесілі мүлікті уақытша иеленуі.

- құрғақ тазартатын мекемеге киімді қалдыру;
- жөндеу орталығы гаражында автомобильді қалдыру;
- көршісінің шөп шапқышын уақытша сұрап алу;
- басқа біреуге тиесілі жоғалған кілтті тауып алу.

Тауарларды иеленетін (сақтаушы) адам тауарлардың иесіне ақылға қонымды қамқорлық көрсетуге міндетті. Егер сақтаушы адам сақталған тауарларды ойға қонымды сақтай алмаса, олар тауарлардың жоғалуы немесе зақымданғаны үшін жауапты болды. Сақтаушы адамның сақтау жауапкершілігінің нақты стандарты кепілге алынған заттың қайтарымсыз (тегін) немесе төлем ақысына немесе сақтаушының сараптамасына, тауарлардың сипаты және сақтауға жауапты адамның бір немесе екі тараптың пайдасына міндетті екеніне байланысты.

⁸⁷ Civil Law (Wrongs) Act 2002 (ACT) ss 110–114; Civil Liability Act 2002 (NSW) ss 42–45; Civil Liability Act 2003 (Qld) ss 35–37; Civil Liability Act 2002 (Tas) ss 38–40; Wrongs Act 1958 (Vic) ss 83–85; Civil Liability Act 2002 (WA) ss 5W–5Z.

4.15-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сіз қашан (а) кепіл беруші және (б) кепіл сақтаушы болдыңыз? Әр жағдайға үш мысал келтіріңіз.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты орындамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 4.33 Абайсыздық (немқұрайлылық) деген не?
- 4.34 Абайсыздық заңының көздері қандай?
- 4.35 «Сақтандыру дағдарысы» қандай болды және бұл абайсыздық әрекеті заңына қалай әсер етті?
- 4.36 Талапкер абайсыздық іс-әрекетін сотқа беру үшін нені дәлелдеуі тиіс?
- 4.37 Бір адам басқа біреуге қамқорлық көрсетуге қай кезде міндетті болады?
- 4.38 «Ақылға қонымды болжамды» талап деген не? Мысалдарды пайдаланып түсіндіріңіз.
- 4.39 «Істің елеулі ерекшеліктері» талабы деген не? Мысалдарды пайдаланып түсіндіріңіз.
- 4.41 Міндеттеменің (жауапкершіліктің) бұзылғанын, бұзылмағанын, өзектіліктің қандай екенін анықтауда:
 - (а) зиян келтіру ықтималдығы орын алуы
 - (ә) ықтимал зиянның маңыздылығы
 - (б) сақтық шараларын қолдану ауыртпалығы
 - (в) жауапкер әрекетінің әлеуметтік утилитасыӘрбір жауапта мысалдарды пайдалана отырып, түсіндіріңіз.
- 4.42 Қандай жағдайларда сотталушы міндетті болады?
 - (а) қамқорлық, көмек көрсетудің төменгі стандарты (аз талап қойылатын көмек көрсету міндеті)
 - (ә) көмек көрсетудің жоғары стандарты (көп талап қойылатын көмек көрсету міндеті)
- 4.43 Басқа біреуге берілмейтін көмек көрсету міндеті деген не?
- 4.44 Адам әрекет етпегені үшін жауапты бола ма?
- 4.45 Адам кез келген абайсыздық әрекеті келтірген зиянға жауапты бола ма? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
- 4.46 Зиян қай кезде міндеттерді орындамағаннан «туындаған» болып саналады?
- 4.47 «Егер ... болмаса» себептілік тесті деген не және оның «материалдық үлес» тестінен айырмашылығы қандай?
- 4.48 Қай кезде зиян «болжанатын» болады?
- 4.49 Ерікті тәуекел ұйғарымы деген не және неге оны дәлелдеу (бекіту) салыстырмалы түрде қиын қорғаныс?
- 4.50 Талапкердің өзі зиянға қатысты болатын (ықпал абайсыздығы) қорғаныс деген не және неге ол тек ішінара қорғаныс ретінде сипатталады?
- 4.51 Жауапкердің абайсыздық міндеттемесіне ықпал ететін не:
 - (а) жауапкердің ерікті түрде қоғамдастық жұмысын орындап жатуы
 - (ә) жауапкердің қоғамдық қауіпсіздігін нығайтуы
 - (б) жауапкердің төтенше жағдайда біреуге көмектесуге тырысуы
 - (в) жауапкердің әрекеті тиісті өндірісте немесе кәсіп саласында стандартты практикаға сәйкестікті сақтауы
 - (г) жауапкердің кешірім өтінуі

- 4.52 Үй-жай иесі жауапкершілігі деген не?
- 4.53 Үй-жайларға келушілер шеккен барлық зиянға үй-жай иесі жауапты бола ма?
- 4.54 Қоғамдық орындарда алған жарақатқа кім жауапты болады?
- 4.55 Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасы жергілікті атқарушы органдарға жүктелген жауапкершілікке қандай шектеулер қояды?
- 4.56 Егер келушілер заңсыз енсе, үй-жай иесі қамқорлық көрсетуге міндетті бола ма?
- 4.57 Кепілді сақтауға жауаптылық деген не? Мысал келтіріңіз.

Әдейі қаржылық зиян келтіру

Алдыңғы тараушаларда біз әдейі, қасақана немесе абайсызда басқа адамның мүлкіне жарақат немесе зақым келтіруді тудыратын құқықтық салдарды қарастырдық. Бұл тараушада біз басқа адамға әдейі қаржылық залал шегуді тудыратын қылмыстық және азаматтық салдарды қарастырамыз. Әрине, кәсіпкерлік – көп жағдайда клиенттер мен бәсекелестердің есебінен пайда табу, бірақ егер кәсіпкердің әрекеті кәсіпкерлікте біреудің жолын кесіп, бастап зиян келтіретін болса, қылмыстық құқық пен азаматтық құқықтың екеуін де бұзуы мүмкін.

Қылмыстық жауапкершілік

Біз бұл тараушада қаржылық зиянға алып әкелетін қылмыстық әрекеттің екі түріне назар аударамыз:

1. лауазымды адамдар қылмысы (ақ жағалылар қылмысы)
2. киберқылмыс.

Ақ жағалылар лауазымды адамдар қылмысы қылмысы

Ақ жағалы (жағалылар) қылмысына (лауазымды адамдар қылмысы) қылмыс жасауға өз қызмет бабын асыра пайдаланатын кәсіпкер немесе мемлекеттік ұйымның қызметкері жасайтын қылмыс жатады. Ақ жағалылар қылмысын анықтау қиын және көптеген ақ жағалы қылмыскерлер қудаланбайды.

4.16-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Неге сіз лауазымды тұлғалар қылмысын анықтау және оларды қылмыстық қудалау соншалықты қиын деп ойлайсыз?

Мынадай **лауазымды тұлғалар** жасайтын қылмыстың әрқайсысы, егер олар анықталған жағдайда, тиісті федералдық немесе аумақтық қылмыстық заңға сәйкес қудалануға және құқық бұзушыны жазалауға алып келеді.

лауазымды тұлғалар қылмысы – қылмыс жасауға өз қызмет бабын аса пайдаланатын кәсіпкер немесе мемлекеттік ұйымдағы адам жасайтын қылмыс.

- **Ұрлық.** Рұқсатсыз басқа адамның ақшасын алу **ұрлық** болады. Мысалы, рұқсатсыз кеңсе шкафынан шыныаяқ алатын кеңсе қызметкері сияқты Джоннидың қызметкері мейрамхананың айлық түсімін алса, ол ұрлық жасайды.

- *Талан-таражға салу.* Ақша оларға сеніп тапсырылғанда олар алаяқтық жолмен басқа біреудің ақшасын пайдаланса немесе сақтаса, ол адам **талан-таражға салу** жасаған болады. Мысалы, прокурор немесе бухгалтер өз мақсаттары үшін клиентке тиесілі ақшаны пайдаланса талан-таражға салу құқықбұзушылығы орын алады.
- *Парақорлық.* Кейбір артықшылық немесе жеңілдік жасағаны үшін біреуге ақша беру **парақорлық** болып табылады. Мысалы, үй сатып алушы сатушыны үйін төмен бағаға сатуға келісуге көндіргені үшін жылжымайтын мүлік агентіне ақша берсе, ол пара берген болады.
- *Инсайдерлік сауда.* Компаниямен байланысы бар (мысалы, директор немесе кәсіби кеңесші), компания туралы жалпыға қол жетімді емес ақпаратты білетін, **инсайдерлік саудамен** айналысатын компанияның ақпарат жалпыға қолжетімді болудан бұрын компания акцияларын сатып алу немесе сатудан пайда тапқанда инсайдерлік саудамен айналысатын компанияның акция бағасына әсер етуге әлеуеті бар адам.
- *Өнеркәсіптік тыңшылық.* Олардың рұқсатынсыз бәсекелес немесе олардың өнімдері немесе әдістері туралы құпия ақпарат алу **өнеркәсіптік тыңшылық** болып табылады. Мысалы, қызметкер өзінің жұмыс берушісі туралы құпия ақпаратты бәсекелеске сатқанда **өнеркәсіптік тыңшылыққа** қатысты болады (тыңшылықпен айналысқан болып саналады).
- *Ақша жылыстату.* Қылмыстық әрекеттерге заңды ақша қаражатын немесе мүлікті айналдыру, жұмсау **ақша жылыстату** болып саналады.

ұрлық – бір адам рұқсатсыз басқа адамның ақшасын немесе мүлкін алғанда жасалған қылмыс.

талан-таражға салу – ақша оларға сеніп тапсырылғанда олар алаяқтық жолмен басқа біреудің ақшасын пайдалану немесе сақтау қылмысы.

парақорлық – кейбір артықшылық немесе жеңілдік жасағаны үшін біреуге ақша беру парақорлық.

инсайдерлік сауда – компаниямен байланысы бар, сол компания туралы жариялы емес ақпарат алатын содан кейін компания акцияларын сатып алу немесе сату арқылы ақпараттан пайда тапқанда жасалатын қылмыс.

өнеркәсіптік тыңшылық – адам олардың рұқсатынсыз бәсекелес немесе олардың өнімдерін немесе әдістері туралы құпия ақпаратты сатып кезде жасалған қылмыс.

ақша жылыстату – қылмыстық әрекеттерге заңды ақша қаражатын немесе мүлікті айналдыру, жұмсау.

Киберқылмыс

Киберқылмыс қылмыс жасау құралы ретінде немесе құқық бұзушылық ретінде нысанаға немесе құқық бұзушылыққа қатысты сақтау құрылғысы ретінде компьютер пайдаланылатын қылмыс болып табылады. Қылмыстық кодекс Актісінде 1995 (Дст) компьютерлік деректердің қауіпсіздігін, тұтастығы мен сенімділігін нашарлататын киберқылмыстың нысандарын шешуге арналған компьютерлік қылмыстар мен электрондық коммуникация бар. Заң үш ауыр компьютерлік құқық бұзушылықты қарастырады.

1. Ауыр қылмыс жасау ниетімен



рұқсатсыз кіру, өзгерту немесе құнсыздандыру.⁸⁸ Ең жоғары жаза ауыр қылмыс үшін максималды жазаға тең. Мысалы, банк компьютеріне кірген және ақша алу үшін оларды пайдалану ниетімен несие карта мәліметтеріне кіретін адам алаяқтық қылмыс жасауды ниеттенген адамға қолданылатын жаза үшін жауапты болады.

2. Модификациялау – деректерге нұқсан келтірілсін не келтірілмесін, адамның абайсызда деректерді рұқсатсыз модификациялауы.⁸⁹ Мысалы, хакер компьютерлік жүйеге рұқсатсыз кіреді және деректерді нашарлатады.

3. Электрондық коммуникацияның рұқсатсыз құнсыздануы.⁹⁰ Бұл қылмыс, мысалы, «қызмет шабуылдарын мойындамау» сияқты тактикаға тыйым салу үшін жасалады.

киберқылмыс – компьютер киберқылмыс жасаудың құралы, нысаны немесе құқық бұзушылыққа қатысты сақтау болып табылатын қылмыс.

Сондай-ақ, заңда басқа да төрт компьютерлік құқық бұзушылық қарастырылады.

1. Рұқсатсыз деректерге қол жеткізу, өзгерту немесе шектеу.⁹¹
2. Компьютер дискісіндегі және т.б. деректерді рұқсатсыз құнсыздандыру.⁹²
3. Компьютерлік қылмыс жасау ниетімен деректерді иелену немесе бақылау.⁹³
4. Компьютерлік қылмыс жасау ниетімен деректер жасау, жеткізу немесе алу.⁹⁴

Басқа да қылмыстық жаза ережелері

- *Бәсекелестік пен тұтынушылар құқықтарын қорғау заңы* егер біреу бәсекелестік пен тұтынушылар құқықтарын қорғау заңын бұзса, ауқымды айыппұлдар салынады (8-тараушаны қараңыз).
- Құпиялылық Заңы 1988 (*Дст*) егер біреу несие немесе жеке тұлғалар туралы дұрыс ақпарат бермесе айыппұл салынады (12-тараушаны қараңыз).
- *Корпорациялар туралы заңы 2001 (Дст)* егер біреу компания директоры ретінде компанияның алдында өз міндеттерін бұзған жағдайда айыппұл салынады және/немесе бас бостандығынан айыру жазасын белгілейді (түрмеге отырғызылады) (12-тараушаны қараңыз).
- Егер біреу банкрот болды деп танылған болса, мүліктерін алаяқтық жолмен жасыру арқылы кредиторларды алдауға әрекет етсе, мүліктерін таратса, елден қашып кетсе немесе банкроттықтан қорғаушымен ынтымақтаспаса, *банкроттық туралы заң 1966 (Дст)* оларға бас бостандығынан айыру жазасын белгілейді (13-тараушаны қараңыз).

Алдау деликтік құқық бұзушылық

Егер адам Келісімшарт жасасуға талапкерді көндіру, итермелеу үшін шарттық келіссөздер барысында жалған мәлімдеме жасаса, онда ол **бұрмалаушылық** деп аталатын құқық бұзушылық жасайды.

Егер бұрмалаушылық (яғни қасақана) алдау арқылы болса, онда ол адам **алдау** деликтік құқық бұзушылық жасайды.

88 Criminal Code 1995 (Cth) s 477.1.

89 Ibid s 477.2.

90 Ibid s 477.3.

91 Ibid s 478.1.

92 Ibid s 478.2.

93 Ibid s 478.3.

94 Ibid s 478.4.

бұрмалаушылық – келісімшарт жасасуға талапкерді көндіру, итермелеу ниетімен шарттық келіссөздер барысында адамның жалған мәлімдеме жасау фактісі.

алдау – бір адамның басқа бір адам бұрмалағаннан жалған мәлімдеме жасау арқылы алдау азаматтық құқық бұзуы.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда алдау деликт құқығы бұзылады.

- X оның жалған екенін біле тұра Y-ке факті мәлімдемесін жасайды;
- X ол мәлімдемені Y-ті оған сендіру ниетімен жасайды;
- Y ол мәлімдемеге сүйенеді;
- Y ол мәлімдемеге сүйену нәтижесінде зиян шегеді.

Пікір мәлімдемесі мәлімдеме фактісі емес, кейінірек бөліскен пікір дұрыс болмай шықса, пікір бөліскен адам алдау деликтік құқықты бұзған болып саналмайды. Алайда, егер адамның бөліскен пікірі шын мәнінде олай емес болса, кейін ол факті туралы жалған мәлімдеме жасаған болады, сондықтан деликтік құқықты бұзады.

Биссеттің Уилконсонға қарсы талап арызы [1927] АС 177

Уилконсон ауылдық жердегі екі іргелес блокты Биссетке сатуға келісті. Келіссөздер барысында Уилконсон ол жерді өндесе және дұрыс қолданылатын болса, ол жерде 2000 қой ұстауға болады деп ойлады және мәлімдеді. Жерді сатып алғаннан кейін Биссет ол жерде 2000 қой ұстай алмайтынын білді. Биссет алдау құқық бұзушылығы болды деп Уилконсонды сотқа берді. Сот Уилконсон жауапты емес деп шешті. Ол пікір мәлімдемесін жасады, факті мәлімдемесін жасаған жоқ. Ол адал және ақылға қонымды пікірде болды; Биссет білетіндей, жер бұрын ешқашан қой өсіруге пайдаланылмаған.

Бұрмалау деликтік құқық бұзушылығы

Талапкердің немесе оның кәсіпкерлік қызметіне байланысты біреу өзін немесе өзінің өнімін **бұрмалап** көрсетсе, бұрмалаушылық деликтік құқықты бұзады. Мысалы, егер Джонни өз өнімін сату мақсатында Саймонның тауар белгісін, ерекше орауыштарын, оның рұқсатынсыз атауын немесе ұқсастығын пайдаланса, бұрмалаушылық құқық бұзу жасайды.

бұрмалау – талапкердің немесе оның кәсіпкерлік қызметіне байланысты біреу өзін немесе өзінің өнімін бұрмалап көрсеткенде, бұзылатын деликтік құқық.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Х мынадай талаптардың барлығы сақталған жағдайда бұрмалаушылық жасау арқылы деликтік құқықты бұзады:

- Х өзінің тауарларын немесе қызметін талапкерге бұрмалап көрсетсе немесе оның растауы мен келісімі бар екенін бұрмалап (тікелей немесе жанама) көрсетсе бұрмалау арқылы құқық бұзады;
- Бұрмалау сауда барысында жүзеге асырылады;
- Бұрмалау әлеуетті сатып алушыларды алдауға көзделеді.

Хоганның *Pacific Dunlop Ltd* компаниясына қарсы талап арызы (1989) 23 FCR 553

Pacific Dunlop Ltd (PD) компаниясы *Крокодил Данди* фильмі сахнасына негізделген *Dunlop* аяқ киіміне теледидар жарнамасын жасады. Осы фильмдегі басты кейіпкер сияқты киінген актер дос қызымен жаяу кетіп бара жатқанда, аллеяда қарақшы ұрыларға тап болғаны көрсетіледі. Дос қызы актерге ұрының былғары аяқ киім кигенін ескерткенде, актер оған «оны былғары аяқ киім деп тұрсың ба? Мынау былғары аяқ киім», деп жауап береді де, *Dunlop* аяқ киімін көрсетеді. Ноган, актер және *Қолтырауын Данди* фильмінің кейіпкері *PD* компаниясына қарсы азаматтық іс қозғады. Сот *PD* компаниясы бұрмалаушылық жасап, деликтік құқық бұзды деп шешті:

Жарнама Хоган мен *PD* компаниясы *Қолтырауын Данди* кейіпкерін пайдалануға коммерциялық келісім жасасты деп бекітуді құрады.

Бұрмалау болмаған жағдайда бұрмалаушылық деликтік құқық бұзу фактісі болмайды.

Ньютон-Джонның *Scholl-Plough (Aust) Ltd* компаниясына қарсы талап арызы (1986) 11 FCR 233

Scholl-Plough (Aust) Ltd компаниясы *Maybelline* өнімдерін өндіруші және *Olivia Newton-John* өнімдеріне ұқсайтын модель белгілерін журналда жарнама жасады. Модель суретінің төменгі жағында «*Olivia* ма? Жоқ, «*Maybelline*» деген сөздер болды. *Olivia Newton-John* компаниясы *Scholl-Plough (Aust) Ltd* компаниясы бұрмалаушылық жасап деликтік құқық бұзды деп мәлімдеді. Сот ешқандай бұрмалаушылық болған жоқ деп шешті, өйткені жарнама сурет анық талапкердікі емес екенін көрсетті.

Дәйексіздік пен алдау әрекеттеріне тыйым салатын заңның 18-тармақшасында (ACL) бұрмалаушылық азаматтық құқық бұзу мен нормативтік жауапкершілікті бұзу арасында түсініксіздік олқылықтары бар (8-тараушаны қараңыз).

Жәбірлеу деликтік құқық бұзушылық

Талапкерге заңсыз әрекет жасау арқылы қауіп төндірсе (азаматтық құқық немесе

шартты бұзуды қоса алғанда) немесе оның өз еркіне, қызығушылығына қарсы әрекетті істеуге мәжбүрлесе немесе үшінші тарапты оған зиянкестік жасауға мәжбүрлеген адам **жәбірлеу** деликтік құқық бұзушылық жасайды. **Жәбірлеу** деликтік құқық бұзу қылмысы.

жәбірлеу – біреу заңсыз әрекет жасау арқылы қауіп төндірсе немесе оның еркіне, қызығушылығына қарсы әрекетті істеуге мәжбүрлегенде жасалатын деликтік құқық бұзу және/немесе қылмыс.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

X-тің әрекетінде мынадай талаптардың барлығы сақталған жағдайда бұрмалаушылық жасау арқылы деликтік құқықты бұзады:

- X заңсыз әрекет жасауға, азаматтық құқық бұзуға немесе шартты бұзуға мәжбүрлеп, қауіп төндіреді;
- Y-тің өз еркіне, қызығушылығына қарсы әрекетті істеуге немесе басқа біреуді оған зиянкестік жасауға мәжбүрлеп, қауіп төндіреді.

Рукстың Барнардқа қарсы талап арызы [№ 1] [1964] AC 1129

Талапкер жауапкер одағынан зейнетке кетті. Кәсіподақ талапкердің жұмыс берушісіне егер талапкерді қызметтен босатпаса, заңсыз ереуілге шығумен қорқытты. Жұмыс беруші талапкерді қызметтен босатты, ал талапкер одаққа қарсы сот ісін бастады. Сот одақ талапкер мен жұмыс беруші арасындағы келісімшартты бұзатын жұмыс берушіні еріксіз әрекетті жасауға, заңсыз әрекет жасауға мәжбүрлеу арқылы қауіп төндірді деп шешті. Бұл мәжбүрлеу азаматтық құқық бұзушылық болады.

Шарттық қатынастарға араласу, кедергі жасау деликтік құқық бұзу

Бұл деликтік құқық бұзу бір адам біле тұра үшінші тарапты шартты бұзуға итермелеген кезде жасалады. Мысалы, егер Мэтт Саймонмен келісімшарт жасаса, Джонни біле тұра шартты бұзуға Мэтті итермелейді. Джонни **шарттық қатынастарға араласу** арқылы құқық бұзады және Саймонның алдында жауапты болады.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

X-тің әрекетінде мынадай талаптардың барлығы болған жағдайда оның шарттық қатынастарға араласу әрекеті деликтік құқықты бұзады;

- X Y-пен Келісімшарт бұзу үшін басқа адамды итермелейтін мәлімдеме жасайды немесе әрекет етеді;
- Шын мәнінде X-тің мәлімдемесі немесе әрекеті ол адамның келісімшартты бұзуына итермелейді;
- Y келісім шарттың бұзылуы нәтижесінде зиян шегеді.

шарттық қатынастарға араласу – бір адам біле тұра үшінші тұлғамен шартты бұзуға итермелеген кезде жасалатын құқық бұзушылық.

Лумлейдің Вагнерге қарсы талап арызы (1852) 1 De G M & G 604; 42 ER 687

Белгілі опера жұлдызы Вагнер Лумлей театрында өнер көрсетуге шарт жасасты және келісімшарт кезеңі ішінде басқа жерде орындаушылық өнер көрсетпеуге келісті. Гай Лумлей театрымен жасалған келісімшартпен бірдей кезеңде басқа жерде өнер көрсетуге келісімшарт жасауға Вагнерді көндірді. Сот Гай Вагнерді Лумлей театрымен келісімшартты бұзуға итермелейтін әрекетінде шарттық қатынастарға араласу азаматтық құқық бұзу құрамы бар деп шешті.

Мэтт, Саймон, Джонниға қатысты сипатталған жоғарыдағы мысалда егер Джонни жалғыз әрекет етпесе, Саймон бәсекелестік пен тұтынушылар заңының 2010 (Дст) IV бөліміндегі бойкот ережелеріне сәйкес Джонниға қарсы сот ісін қозғай алуы мүмкін. Бұл ережелер бәсекелестікті айтарлықтай азайтуға алып келетін төртінші бизнеспен айналысудан бас тарту үшін үшінші бизнеске қысым жасайтын екі немесе одан да көп кәсіпкерлікті қылмысты етеді (8-тарауды қараңыз).

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпқа көшпес бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 4.58 «Ақ жағалы қылмыс» деген не?
- 4.59. Жауаптарыңыздың әрқайсысын түсіндіргенде иллюстративті мысалдарды пайдаланып:
 - (а) Ұрлау деген не?
 - (ә) Талан-таражға салу деген не?
 - (б) Паракорлық деген не?
 - (в) Инсайдерлік сауда деген не?
 - (г) Өнеркәсіптік тыңшылық деген не?
 - (д) Ақшаны жылыстату деген не?
- 4.60 Киберқылмыс деген не? Мысалдар келтіріңіздер.
- 4.61 Қаржылық зиян үшін қылмыстық жауаптылықтың басқа көздері қандай?
- 4.62 Алдау деликті деген не?
- 4.63 Бұрмалау деликті деген не?
- 4.64 Бұрмалаушылыққа қатысты қозғалған сот ісін жеңу үшін талапкер нені дәлелдеу керек?
- 4.65 Жәбірлеу деликті деген не?
- 4.66 Шарттық қатынастарға араласу деликті деген не?

Абайсызда қаржылық зиян келтіру

Біз осы тараушада абайсызда заң бұзушылықты қарастырдық. Егер жауапкердің абайсыздық әрекеті талапкерге немесе оның мүлкіне физикалық зиян келтірмесе,

бірақ талапкер жауапкердің немқұрайдылығы нәтижесінде қаржылық залал шексе ше? Талапкердің тек қаржылық зиян шегуі **таза экономикалық шығындар** деп аталады.

таза экономикалық шығындар – адамның жеке басына немесе мүлкіне келтірілген зиянмен байланыссыз қаржылық залалдар.

Бұрын сот талапкерлерге таза экономикалық шығындар үшін өтемақы өндіріп алу туралы абайсыздық әрекет заңын пайдалануға мүмкіндік беруге құлықсыз болды. Соттар деликтік құқық бұзу заңының объектісі басқа біреудің зиянды әрекеті салдарынан талапкердің жаракат алуы немесе мүлкіне келтірілген залалдың орнын толтыруды қамтамасыз етуін, ал қаржылай шығынға ұшырағандар шарттық құқыққа немесе заңның басқа санатына жүгінуін талап етті. Алайда соңғы жылдары деликтік құқық принциптері таза экономикалық шығындар жағдайларына қамтуға дейін кеңейтілді.

Жауапкердің немқұрайдылығы нәтижесінде талапкер зардап шеккен таза экономикалық шығындар үшін өтемақы алатын жағдайларға мыналар жатады:

1. жауапкер абайсыздықта үшінші тараптағы адамның жеке басына немесе оның мүлкіне зиян келтіргенде және бұл талапкерге қаржы залалын тигізген жағдайда;
2. талапкер жауапкердің ақаулы өнімі нәтижесінде қаржылық зиянға ұшырағанда;
3. талапкер жауапкердің ұқыпсыз кеңесі нәтижесінде қаржылай зиян шеккенде.

Үшінші тараптағы адамның жеке басына немесе оның мүлкіне зиян келтіру

Жауапкер келтірген зиянның нәтижесінде басқа адамның таза экономикалық шығындарға ұшырауы үшінші тараптың жеке басына немесе оның мүлкіне залал келтіргенде, талапкер жауапкерден өтемақы алуға құқылы болуы мүмкін.

Willemstad (1976) 136 CLR 529

Аустралия мұнай өңдеу компаниясы *Pty Ltd (AOR)* және *Caltex* мұнай компаниясы (Аустралия) *Pty Ltd (Caltex)* мұнай өңдеу келісімінің тараптары болды. Осы келісімге сәйкес Аустралия мұнай өңдеу компаниясы тазартылған шикізатты *Caltex* компаниясы Ботаника шығанағының оңтүстік жағасындағы өзінің мұнай өңдеу зауытына жеткізіп, содан кейін тазартылған өнімді Ботаника шығанағының солтүстік жағалауына шығанақтың астымен өтетін құбыр арқылы қайтадан *Caltex* мұнай терминалына жеткізуі тиіс болатын. Мұнай құбыры Аустралия мұнай өңдеу компаниясына тиесілі болды. Келісімнің шарттарына сәйкес *Caltex* компаниясы түрлі нысандарда мұнайға иелік ететін және Аустралия мұнай өңдеу компаниясы мұнай өздерінің құбыры арқылы өтетіндіктен, мұнайдың бүлінуі немесе жоғалу тәуекелі үшін жауапты болды. Су тазалауға пайдаланылатын *Willemstad* құрылғысы шығанақтың су арнасын тазалау үшін қазып жатқанда, құбырды зақымдады. *Caltex* компаниясы құбырды жөндегенге дейін мұнай өнімдерін тасымалдайтын балама құралдарды ұйымдастыруға жұмсалған шығындардың орнын толтыру үшін өтемақы талап етіп, экскаватор операторларының абайсыздық әрекетін сотқа берді. Сот *Caltex* компаниясы шеккен экономикалық шығын өтелетін болады деп шешті. Таза экономикалық шығындардың өтелмейтіндігі туралы жалпы ереже жауапкердің талапкерді жалпы басқа адамдармен салыстырғанда абайсыздық нәтижесінде шығынға ұшырауы мүмкін екенін негізді болжауынан тыс жағдайларға жатады.

Перрдің *Apand Pty Ltd* компаниясына қарсы талап арызы (1999) 198 CLR 180

Apand Pty Ltd компаниясы қуырылған картоп өндіруші болды. Перрдің отбасы Батыс Аустралияда сатып алушыларға картоп сататын Оңтүстік Аустралияның *Riverland* ауданында картоп өсірушілердің бірі болды. Бұл тиімді іскерлік болды, өйткені картоп бағасы Батыс Аустралияда Аустралияның кез келген басқа жеріне қарағанда екі есе қымбат болды. *Apand Pty Ltd* компаниясы Перрдің «көршісі Спарнон қожалығына картоп тұқымның тәжірибелік партиясын сатты. Тұқымға Спарнонның картобын ластаған «бактериялық сему» деп аталатын ауру жұқтырылған болатын. Батыс Аустралия заңы бойынша, Спарнон қожалығының картобын ауру басталғаннан кейін 5 жыл мерзімге дейін Батыс Аустралияға әкелуге, сондай-ақ, Спарнон қожалығынан 20 шақырым радиус ішіндегі кез келген фермерлік шаруашылықтардан, оның ішіне кіретін Перр «қожалығынан да картоп әкелуге рұхсат етілмеді. Перр отбасына, басқа да картоп өсірушілермен бірге 5 жылға картоп сатуға тыйым салуға байланысты Батыс Аустралияға өз картобын сата алмаудың нәтижесінде келтірілген экономикалық залалға өтемақы талап етіп, *Apand Pty Ltd* компаниясын сотқа берді. Сот *Apand Pty Ltd* компаниясы Перр отбасына, басқа да картоп өсірушілер ұшыраған экономикалық шығындардың орнын толтыруға жауапты деп шешті. Бір фермерді экономикалық шығынға ұшырататын залалды тұқымның әсері осылайша өз өнімдерін сататын көрші фермерлерді де экономикалық шығынға ұшыратуы негізді болжамды. Демек, бұл оларды таза экономикалық шығынға ұшыратады.

Apand Pty Ltd компаниясына қатысты сот шешімі абайсыздық заңын пайдаланып, таза қаржылық залал шегетін адамға өтемақы алуға мүмкіндік беруге мүдделі соттардың көбейгендігін көрсетеді. Соттардың енді талапкердің әсіресе, осал болатын зардап шегетін зиян түріне қамқорлық міндетін тануы әбден ықтимал.

Ақаулы өнімдер

Егер жауапкер абайсызда ақаулы өнім шығарса немесе ақаулы қызмет көрсетсе және талапкер осындай ақаудың нәтижесінде таза экономикалық шығынға ұшыраса, талапкер өтемақы алуға құқылы болады.

***Junior Books Ltd* компаниясының *Veitchi Co Ltd* компаниясына қарсы талап арызы [1983] 1 AC 520**

Veitchi Co Ltd компаниясы *Junior Books Ltd* фабрикасына ақаулы еден салды. Бұл ақаулар *Junior Books Ltd* фабрикасына жоғары тұрақты техникалық қызмет көрсету шығындарын әкелді. Сот *Junior Books Ltd* фабрикасының таза экономикалық шығындары үшін *Veitchi Co Ltd* компаниясынан өтемақы өндіріп алуға құқылы деп шешті: еденді ауыстыру мен оны ауыстыру үшін фабриканы жабудан келтірілетін шығын құнын *Veitchi Co Ltd* компаниясы өтеуге міндетті.

Ақаулы өнімдері үшін өндіруші жауапкершілігі, сондай-ақ (8-тарауды қараңыз) Аустралия тұтынушылар заңында да реттеледі. Аустралия тұтынушылар заңы бойынша

ақаулы өнім үшін өндірушілердің жауапкершілігі **қатаң жауапкершілік** талап етіледі, абайсыздық іс-әрекеті үшін жауапкершіліктен айырмашылығы, оны өндіруші тарапының кінәсін дәлелдеу міндетті емес.

қатаң жауапкершілік – өндіруші тарапының кінәсін дәлелдеу міндетті болмайтын жауапкершілік.

Ұқыпсыз бұрыс кеңес беру

Ұқыпсыз кеңес берудің экономикалық шығын әкелуі абайсыздықта бұрмаланған мәлімет ретінде белгілі. Бұл бухгалтерлер, аудиторлар, қаржы кеңесшілері, инвестициялық консультанттар, туристік агенттер және үнемі клиенттерге кеңес беретін кез келген адамға тікелей қатысты абайсызда құқық бұзудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Егер жауапкер талапкерге кеңес берсе, үш критерий сақталған жағдайда, олар талапкерге қамқорлық көрсетуге міндетті болады.

1. Кеңес кәсіпкерлік немесе маңызды сипатта болды;
2. Жауапкер талапкердің кеңесіне сүйенетінін білді немесе білу керек;
3. Талапкердің жауапкердің кеңесіне сүйенетін жағдайлары саналы түрде себепті болды.

Hedley Byrne & Co Ltd компаниясының Heller and Partners Ltd компаниясына қарсы талап арызы [1964] AC 465

Hedley Byrne & Co Ltd компаниясы клиент *Easipower Ltd* компаниясы туралы маңызды болашақ жарнамалық тапсырыстар жасаған жарнама агенттігі болды. *НВ* компаниясы өзінің банкирлерінен *Easipower Ltd* компаниясының қаржылық жағдайын тексеруді сұрады. *НВ* компаниясының банкирлері *Heller & Partners Ltd (H&P)* компаниясымен, *Easipower Ltd* компаниясының сауда банкирлерімен хабарласты және әр түрлі мәселелер бойынша, соның ішінде іскерлік саласында олардың жылына «100000£ сома көлемінде жарнамалық Келісімшарт жасауға сенімді деп есептеуге болатындығы туралы *H&P* компаниясының пікірін сұрады. *H&P* компаниясы *Easipower Ltd* компаниясының «өзінің қарапайым іскерлік келісімдері үшін жақсы болып саналатын «сенімді қалыптасқан компания» екенін көрсетіп, жауап қайтарды. Хат «банктің немесе оның лауазымды адамдарының тарапынан жауапкершіліктен бас тартылады» деп басталды. *H&P* компаниясының анықтамасына сүйене отырып, *НВ Ltd* компаниясы *Easipower Ltd* компаниясы туралы жарнамаға тапсырыс берді. *Easipower Ltd* компаниясы соңында таратылды және *НВ* компаниясы шамамен £ 17 000 қаржысын жоғалтты. *НВ* компаниясы *НВ* компаниясы ұқыпсыздығы үшін *H&P* компаниясын сотқа берді. Сот *H&P* компаниясы *НВ* компаниясына міндетті емес деп шешті, өйткені оның хатында жауапкершіліктен бас тартатындығы көрсетілді. Алайда, ***obiter dicta*** («айтпақшы былай») принципі бойынша Лордтар палатасы *H&P* компаниясы *НВ* компаниясына міндетті, өйткені *Easipower Ltd* компаниясы туралы *H&P* компаниясының мәлімдемесі/сараптамасына сәйкес анықтамаға қатысты өзінің пікіріне *НВ* компаниясы сүйенетінін білгендіктен, *H&P* компаниясы *НВ* компаниясына қамқорлық көрсетуге міндетті деп түсіндірді. Жауапкершіліктен бас тарту болмаған жағдайда, *H&P* компаниясы *Easipower Ltd* компаниясына қатысты абайсызда құқық бұзған болып саналатын еді, өйткені ол *Easipower* компаниясы туралы ұқыпсыз және негізсіз анықтама берді. Одан әрі *obiter dicta* егер хатта бас тарту көрсетілмегенде, Лордтар палатасы оларды *НВ* компаниясының таза экономикалық шығындарының орнын толтыруға міндеттейтін еді деп ескертеді.

Жоғарыдағы аталған барлық үш элемент қанағаттандырылатын болса, жауапкер талапкерге қамқорлық міндетіне жауапты болады. Егер абайсызда жасалған азаматтық құқықтың басқа екі элементі бар болса, жауапкер ұқыпсыз кеңес беру арқылы талапкерге қамқорлық көрсету міндетін бұзады және оның салдары талапкерге зиян келтірсе, жауапкер талапкер шеккен зиянға жауапты болады.

Жауапкер тіпті адвокат немесе бухгалтер сияқты кәсіби кеңесшісі болмаса да қамқорлық көрсетуге міндетті болуы мүмкін.

ұқыпсыз бұрмаланған мәлімет – экономикалық шығын алып әкелетін ұқыпсыз кеңес беру.

Hedley Byrne & Co Ltd компаниясының *Heller and Partners Ltd* компаниясына қарсы талап арызы бойынша шығарылған шешім басқа тараптың шеберлігі немесе сараптамасына сүйенетін жағдайларда қамқорлық көрсетуге міндеті туындауы мүмкін екені танылатын шешімдер сериясындағы бірінші шешім болды.

obiter dicta («айтпақшы былай») – соңғы шешім негізделетін құқықтық принциптен басқа судья шешімінің бөлігі.

Шэнонның *Rentokil Pty Ltd* компаниясына қарсы талап арызы (1990) 19 NSWLR 417

Шэнон үй сатып алуды шешкенде зиянкестерді залалсыздандыру туралы *Rentokil Pty Ltd* компаниясы дайындаған мәлімдемеге сүйенді. Үйде термиттер жоқ деген жаңсақ мәлімдеме болып шықты. Шэнон үй сатып алғаннан кейін, іс жүзінде үйді термиттерден өте нашар залалсыздандырылғанын білді, сондықтан сауданы бұзуға тура келді. Сот *Rentokil Pty Ltd* компаниясы Шэнонға қамқорлық көрсетуге міндетті және компаниясы көмек көрсету міндетін бұзды деп шешті.

Бұл принциптер «кеңес» ақпарат ұсынудан сәл артық болса да қолданылады.

***Shaddock & Associates Pty Ltd* компаниясының *Парраматта* қалалық кеңесіне қарсы талап арызы [No 1] (1981) 150 CLR 225**

Shaddock & Associates Pty Ltd (Shaddock) компаниясы мен басқа компания қайта өңдеу мақсатында *Парраматтадан* мүлікті сатып алуды қарастырды. *Shaddock* компаниясының заңгері *Парраматта* қалалық кеңестің тиісті департаментімен байланыс жасап, мүлікті зақымдайтын қандай да бір жол кеңейту ұсыныстары туралы сұрады. Ол ұсыныстың жоқ екенін хабарлады. Мүлік сатылып алынғаннан кейін жеті айдан соң мүлікті зақымдауы мүмкін жергілікті жол-кеңейту ұсынысын Кеңес негізінен ресми түрде мақұлдаған болатын. Бұл меншіктің үштен бірінен астамын алуды қажет етті. Қалғандары *Shaddock* компаниясы ұсынған қайта өңдеуге жарамсыз болды. *Shaddock* компаниясы абайсызда бұрмалау құқық бұзғаны үшін залалды өтеуді талап етіп, *Парраматта* қалалық кеңесін сотқа берді. Сот *Shaddock* компаниясының пайдасына шешім шығарды. Сот Кеңесті мүлікке қатысты берілген ақпаратқа қатысты *Shaddock* компаниясына қамқорлық көрсетуге міндеттеді. Сот біреуге (1) іскерлік жүргізуге немесе мамандығы саласында жұмыс істеуіне; (2) адамды сол іскерлік және кәсіп барысында дағдылар мен біліктілікті талап ететін түрдегі кеңес немесе ақпаратпен қамтамасыз етуге немесе олардың дағдылар мен біліктілікті меңгеруіне қатысты дәйексіз, жаңсақ кеңес немесе ақпарат бергенде; (3) адамның сол кеңеске немесе ақпаратқа сүйеніп

әрекет ететінін білуіне немесе білуі тиіс екендігіне қатысты қамқорлық көрсетуге міндетті деп түсіндірді. Сондай-ақ, сот абайсызда бұрмалаушылыққа жауапкершілік міндеттемесі кәсіп, іскерлік жүргізуге немесе кеңес беруге қатысты шектелмейтінін түсіндірді.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы болған жағдайда X Y-ке қамқорлық көрсетуге міндетті болады.


- X Y-ке іскерлік немесе маңызды кеңес береді;
- X Y-тің кеңеске немесе ақпаратқа сүйенетінін, сүйенуге ниетті екенін біледі немесе білуі тиіс;
- Y-тің кеңеске сүйенетін жағдайлары ақылға сиымды болады.

ЕСКЕРТУ!

Тек бухгалтерлер, заңгерлер және басқа да кәсіби кеңесшілер ғана қамқорлық көрсетуге міндетті емес. Кез келген «маңызды жағдайға орай» кеңес немесе ақпарат беретін адам өзі кеңес немесе ақпарат берген адамға қамқорлық көрсетуге міндетті болып көрінуі мүмкін.

Егер жауапкер (мысалы, кәсіби кеңесші, қаржы кеңесшісі, инвестициялық кеңесші немесе ипотекалық брокер) арнайы дағдысы немесе сараптамасы болғандықтан өздері жүргізсе, онда талапкерге кеңеске сүйену ақылға қонымды талабы әлдеқайда оңай қанағаттандырылады.

Кейбір жағдайларда кеңес беретін тұлға тікелей өзі кеңес берген адамға ғана емес, сонымен қатар, кеңеске сүйенетін үшінші тарапқа да қамқорлық көрсетуге жауапты болады.



4.7-сурет Үшінші тарапқа міндетті болу

Esanda Finance Corporation Ltd компаниясының Peat Marwick Hungerfords компаниясына қарсы талап арызында сот (төменде қараңыз) кеңес беретін жауапкер үшінші тараптағы талапкерге қамқорлық көрсетуге міндетті болу үшін үш элемент болуы керек деп мәлімдеді.

1. Жауапкердің өз клиентіне берген ақпараты немесе кеңесі үшінші тараптағы талапкерге хабарланғанын біледі немесе білуі тиіс.

2. Ақпарат немесе кеңестер іс жүзінде талапкер қатысқан мәміле түріне талапкердің қатысуына алып келуі мүмкін.

3. Егер ақпарат немесе кеңес дұрыс болмаса, талапкердің экономикалық шығынға ұшырауы мүмкін.

Esanda Ltd қаржы корпорациясының Peat Marwick Hungerfords компаниясына қарсы талап арызы (1997) 188 CLR 24

Esanda қаржы корпорациясы *Ltd (Esanda) Excel Ltd (Excel)* банкінің әртүрлі бөлімшелеріне несие берді және несие беруге шешім қабылдар алдында *Peat Marwick Hungerfords (PMH)* компаниясы жүргізген аудиттің қаржылық жазбаларына сүйенді. Аудиттелген қаржылық жазбалар ұқыпсыз дайындалды (олар белгілі бір міндетті бухгалтерлік есеп стандарттарын бұзды) және дәл болмады. *Excel* банкі өзінің міндеттемесін орындамады және *Esanda* корпорациясы *PMH* компаниясынан экономикалық шығындарын қалпына келтіруге ұмтылды. *Esanda* корпорациясы *PMH* компаниясы қамқорлық көрсетуге міндетті, өйткені кредиторлар олардың аудит жүргізген жазбаларына сүйенетінін білу керек, егер олардың аудиттік жазбалары болмағанда *Excel* банкімен мәміле жасаспайтын едік деп, олардың қамқорлық көрсету міндетін талап етті. *PMH* компаниясы *Esanda* корпорациясына емес, өздерінің клиенті *Excel* банкіне ғана қамқорлық жасауға міндеттіміз деп жауап берді. Сот *PMH* компаниясының пайдасына шешім шығарды. Сот үшінші тараптың кеңеске сүйенуі ақылға сыйымды болжанбайтыны жай ғана факт екенін, үшінші тараптың кеңеске сүйенуі кеңесшіні қамқорлық көрсетуге міндетті етуге жеткіліксіз екенін түсіндірді. *Esanda* корпорациясы *PMH* компаниясының аудиттік жазбаларына, қарыз алушының *Esanda* корпорациясына берген кеңесіне сүйенуден гөрі өздері сұрау салуға тиіс еді. *PMH* компаниясы *Esanda* корпорациясына қамқорлық көрсетуге міндетті емес.

Бұл жиі өздерінің клиенттері үшін кеңес дайындайтын және ол кеңеске кейін клиенттен басқа адамдар сүйенетін бухгалтерлер мен аудиторларға тікелей қатысты.

Бұл жағдай бухгалтер немесе аудитор сияқты кеңес беретін адам жалпы ереже бойынша кеңесшінің үшінші тараптың кеңеске сүйенетінін түсінуі немесе білуі тиіс жағдайларды қоспағанда, оларға қамқорлық көрсетуге міндетті болмайтын кезде құзіретті. Кеңес беретін адам үшінші тараптың кеңеске сүйенуіне жауапты болғысы келмесе, кеңеске тікелей қатысты адам ғана сүйенуі керек екенін нақты мәлімдеуі тиіс.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы болған жағдайда X Z -ке қамқорлық көрсетуге міндетті болады.

- X Z-ке кеңеспен байланысты болатынын біле отырып Y-ке іскерлік немесе маңызды кеңес береді
- кеңес Z-ті мәміле жасасудың нақты түріне әкелуі мүмкін.
- Егер мәміле жасаса, қаржылық шығынға ұшырауы әбден мүмкін және кеңес дұрыс емес.

Саудада немесе коммерцияда немқұрайлы, дәйексіз берілген кеңес үшін өтемақы алуды іздеген кезде кеңес алушы, сондай-ақ шатастыруға немесе алдау әрекетіне тыйым салатын Аустралия тұтынушылар заңы ережелеріне сүйенуіне болады (8-тарауды қараңыз).

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпқа көшпес бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 4.67 «Таза экономикалық шығындар» деген не?
- 4.68 Жауапкер қандай жағдайларда абайсыз әрекеті нәтижесінде туындаған талапкердің таза экономикалық шығындарына жауапты болады?
- 4.69 Егер жауапкер бір адам және екінші адам мүлкі зақымдалудан жанама қаржылық залал шексе, жауапкер кімге (қайсысына) жауапты болады?
- 4.70 Ақаулы өнім өндірудің деликтілік құқық шеңберінде салдары қандай?
- 4.71 «Ұқыпсыз бұрмалау» деген не?
- 4.72 Кеңес беретін адам қай кезде біреуге қамқорлық көрсетуге міндетті болады?
- 4.73 Кеңесші кеңеске сүйенетін барлық адамға қамқорлық көрсетуге міндетті ме?

Зиян келтірудің салдары

Бұл тараушада біз соттың бір адамның басқа адамға зиян келтіргенін анықтағанда оның қылмыстық және азаматтық салдарын қарастырамыз.

Қылмыстық салдар

Жалпы айтқанда, қылмыстық құқық міндеттері мыналар болып табылады:

- жаза;
- тежеу;
- жарамсыздық;
- оңалту.

Қылмыстық заң қылмыстық сотта кінәні анықтауға байланысты жаза қолдану арқылы осы мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылады. Қылмыстың ауырлығына қарай айыппұлдар әртүрлі болады және ол мыналарды қамтиды:

- ескертулер;
- айыппұлдар;
- бас бостандығынан айыру;
- қылмыстық кірістерді (пайданы) тәркілеу.

Айыппұлдар ең көп таралған қылмыстық жаза және ол номиналды жазадан бастап Бәсекелестік және тұтынушылар заңының 2010 (Дст) (8-тармағын қараңыз) төртінші бөлімін бұзғанда 10 млн \$ дейін жоғары жаза ауқымын қамтиды.

4.17-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Жеке тұлғаға қарағанда корпорацияға қатысты қылмыстық жазаға шешім қабылдауда судья қарсы келуі тиіс болатын қандай мәселелер?

Азаматтық салдары

Егер азаматтық істе сот жауапкер осы тараушада сипатталған деликтің бірін жасады деп тапса, талапкер ықтимал қорғану құралдарының бірқатарына құқылы болады.

Залалдар

Залалдар талапкерге ақшалай өтемақы төлеу болып табылады. Сот орнын толтыруға міндеттейтін залал, зақымдардың бірнеше формалары бар.

- *Жай залал* – **Қарапайым зақымдардың** орнын толтыру мақсаты жауапкердің зиянды мінез-құлқы, әрекеті нәтижесінде талапкер зардап шеккен шығын немесе жарақаттың орнын толтыру. Мақсаты – жауапкердің әрекеті орын алмаған жағдайда талапкердің болуы тиіс бұрынғы жағдайына оралуын қамтамасыз ету.⁹⁵ «Бір рет және барлық» зақымдану бағаланады: талапкер одан әрі өтемақы іздеп кейінірек сотқа қайтып бармас үшін талапкер болашақта зиянды әрекет салдарынан болуы мүмкін кез келген шығындарды есептеуі қажет.

залалдар – талапкерге ақшалай өтемақы төлеу, азаматтық өтемақы түрі.

карапайым зақымдар – жауапкердің зиянды әрекеті нәтижесінде талапкер зардап шеккен шығын немесе жарақаттың орнын толтыру.

Егер талапкердің мүлкі жойылса немесе зақымданса, онда өтемақы сомасы мүлкті ауыстыру немесе жөндеудің құнына тең болады. Егер талапкер жарақат алса, онда өтемақы сомасына мыналар кіреді:

- медициналық шығындар,
- оңалту шығындары,
- қайғы-қасірет, сырқат шығындары,
- қолайлылықтан айрылу шығындары,
- жеке күтім шығындары,
- кез келген жоғалтқан табыстың өтемақысы,

Егер жарақат болашақта табыс табу қабілетіне әсер ететін болса, онда болашақ пайданы жоғалту зақымдары үшін де өтемақы қамтылады. Сондықтан адамның зақымдану салдарынан кейін болатын ауыр жарақаты үшін өтемақы төлеу маңызды болуы мүмкін.

- *Номиналды зақымдар*. Егер талапкер жауапкердің заңды құқықты бұзғанын сенімді дәлелдесе, бірақ талапкерге өтелуі тиіс залал келтірілмесе, онда **номиналды зақымдарға** өтемақы төленеді. Мысалы, Саймон Джоннидің өзінің көгалы арқылы жүргені үшін басқа адамның жеріне кіру кінәсін дәлелдесе, бірақ Саймон нақты зиян шекпесе, сот Саймонға номиналды зақымдарға 1.00\$ көлемінде өтемақы тағайындауы мүмкін.
- *Шиеленісті (терең) зақымдар*. Егер жауапкердің әрекеті талапкерді қорлау, жәбірлеу мен оның эмоциялық күйзеліске түскені үшін өтемақы төлеуге тиіс болса, онда бұл **шиеленісті зақымдарға** жатады. Шиеленісті залалға жала жабу немесе сексуалдық шабуыл жасау сияқты әрекеттерге қатысты өтемақы төленуі көбірек ықтимал.
- *Намыс таптау залалы*. Жауапкер әдейі және зұлымдықпен талапкердің құқықтары мен мүдделерімен санаспай, оны аяққа басса, онда **намыс таптау залалы** үшін өтемақы тағайындалады. Олар жай ғана өтемақы төлеуден көбірек; бұл өтемақы айыпталушыны жазалау және тежеу құралы ретінде әрекет етуге арналған.

⁹⁵ Todorovic v Waller (1981) 150 CLR 402.



Балық аулау компаниясының капитаны бұрынғы жұмыс берушіден 750 000\$ залалды өндіріп алды

2009 жылдың тамыз айында балық аулау капитаны сол жақ қолы қайық апатынан зақымданғаннан кейін өзінің бұрынғы жұмыс берушісінен 750 000\$ өтемақы алды.

2001 жылы қазан айында болған қайық апатында жүкшығыр мен арқан арасында қалып, сол жақ қолы сынғаннан кейін 49 жастағы Гленн Хантер Аустралияның жаңа балық аулау компаниясын сотқа берді. Таунсвил Жоғарғы Сотының судьясы Кейран Куллинан Хантер мырзаға бұрынғы және болашақ жұмысы табысынан айырылғаны, ауруды басытын дәрі дәрмек шығыны, хирургиялық шығындар және «көгалды шабу» шығындары үшін 751668.05\$ өтемақы тағайындады.

Хантер мырза 16 жасында мектепті бітіріп, ашаян балықшысы болу үшін балық өнеркәсібінде 2005 жылдың наурыз айына дейін жұмыс істеді. Кез келген басқа салада ешқандай біліктілігі жоқтығына қарамастан, ол шамамен 140000\$ жылдық жиынтық табыс табатын.

Хантер мырза Солтүстік Аумақ суларында Карпентария шығанағында қысқыш ұстап тұрған жүкшығырдағы арқанды ұстап тұрғанда апатқа ұшырады. Жүкшығырды тоқтатты, бірақ ол жылжып, айнала бастағанда, талапкердің сол қолы жүкшығыр мен арқан арасында қалып, сынды. Басқа саусақтарына операция қажет болды, жарақаттан оның сол жақ сұқ саусағына ампутация жасауға (кесіп алып тастауға) тура келді.

Сот Хантер мырзаға 67 жасқа дейін автокөлік тұрағы кезекшісі немесе қоймашы сияқты жеңілдеу жұмысқа қабілетті болуы мүмкін екенін ұсынды және төленуге жататын шығындарды есептеу үшін осы жұмыс орындарындағы орташа жалақыны пайдаланды. Алайда судья Куллинан Хантер мырзаның «кәсіпорнындағы» адамды бұрын-соңды мұндай қызметтер қанағаттандыратынына күмәнданатынын айтты және «жалпы алғанда ол бұрын-соңды өз ниетімен айналысқан және айналысуды мақсат еткен жұмысымен айналысу әлеуетін (қабілетін) жоғалтты» деді ол. Факт оның қазір 49 жаста және ешқандай басқа жұмысқа біліктілігі жоқтығы. Оны табыс табу мүмкіндігі айтарлықтай бұзылды деп қарастырылуы тиіс.⁹⁶

Қазіргі кезде кейбір юрисдикцияларда Азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасы немқұрайлылық, абайсыздық әрекеттерде сот шиеленісті немесе намыс таптау залалына өтемақы тағайындауға тыйым салады.

номиналды зақымдар – талапкер жауапкердің бұрыс әрекетін жай ғана дәлелдеп, нақты зиян шекпеген жағдайда ақшалай төленетін өтемақы

шиеленісті зақымдар – жауапкердің әрекеті талапкерді қорлау, жәбірлеу мен оның эмоциялық күйзеліс түсіретін залалы үшін төлеуге тиіс өтемақы.

намыс таптау залалы – жауапкерді жазалауға немесе тежеуге арналған қарапайым өтеу және одан тыс жоғары мөлшерде талапкерге залал үшін сот тағайындаған өтемақы.

96 David Barbeler, 'Fishing Skipper Wins \$750,000 Damages from Former Employer', Australian Associated Press (Sydney), 25 August 2009.

4.18-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Өзіңіздің мемлекетіңіздегі немесе аумақтағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнамасын қараңыз және сотта жеңетін талапкерге келтірген зиян төлемақы мөлшерін шектеуге ұмтылатын кез келген өзге де ережелерді анықтаңыз.

Талапкер өзінің шығындарын **азайтуға** міндетті болады. Бұл олардан мүмкіндігінше өздерінің шығындарын азайту талап етіледі дегенді білдіреді.

азайту – қысқарту немесе кеміту; бір тарап ұқыпсыз әрекет жасаса немесе келісімшартты бұзса, басқа тарап өздерінің шығындарын азайту үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті болады.

Нұсқама

Нұсқама біреуден белгілі бір әрекеттерді істеу немесе бас тарту, аулақ болу талап етілетін сот қаулысы. Егер жауапкер тұрақты негізде азаматтық құқық бұзу, жағымсыз әрекет, біреудің мүлкіне қол сұғу немесе диффамация сияқты кінә жасаса, оларға тиісті өтемақы төлеу, зиянның орнын толтыруы керек. Егер жауапкер нұсқауды орындамаса, олар азаматтық немесе қылмыстық жазаға тартылады. Кейбір жағдайларда нұсқаманы бұзу тұтқындауға және ықтимал түрмеге отырғызу жазасына алып келетін ауыр қылмыстық құқық бұзушылық болып саналады.

Нұсқама – құқық ережелерін бұзатын немесе басқа біреудің заңды құқықтарын бұзатын әрекеттерге тыйым салатын сот қаулысы.

Аралық нұсқама соттың соңғы шешім шыққанға дейін уақытша негізде әрекетті тоқтатуды (мысалы, мүлікті сату немесе елден кету сияқты) қамтамасыз ететін шаралар. Мұндай нұсқама берілмей тұрып талапкер сотта жеңудің жоғары ықтималдығын, алдын ала нұсқау болмаса, орны толмас зиян ықтималдығы болуын дәлелдеуі қажет, әйтпесе, талапкерге соттың тұрақты тыйым салу нұсқамасын алуды күтуге тура келеді.

аралық нұсқама – соттың соңғы шешім шыққанға дейін тараптардың біріне белгілі бір әрекеттерді іске асыруға (мысалы, мүлікті сату немесе елден кету сияқты) тыйым салатын сот қаулысы.

Залалдан айырмашылығы, нұсқамалар – *әділ құрал* және әділ құрал ретінде бұл әдетте шығындар жеткіліксіз немесе орынсыз көрсетілген кезде ғана, соттың қалауынша беріледі.

4.19-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Зақымдар қандай жағдайларда азаматтық істе тиісті компенсация құралы бола алмайды?

Нормативтік компенсациялар

Азаматтық құқық заңдарында көзделген қорғану құралдары талапкерді шектеуі мүмкін. Зиян құрбандарын компенсациямен қамтамасыз ететін көптеген нормативтік ережелер бар:

- әрбір Аустралия юрисдикциясында қызметкерлерге өтемақы беру заңнамасы (12-тараушаны қараңыз);
- әрбір Аустралия юрисдикциясында қылмыстық жарақаттану өтемақы схемалары;
- Автокөлік апаты өтемақы өтеу схемалары Солтүстік территория, Тасмания және Викторияда бар.

Уақытты шектеу

Әрбір юрисдикция заңнамасында азаматтық сотқа (4.3-кестені қараңыз) беру мерзіміне уақыт шектеуі қойылады. Юрисдикция заңнамасында тиісті уақыт шегі аяқталған соң талапкер іс қозғап, сот өндірісін бастағысы келсе, құқықтық іс-шараларға «жарғы тыйым салады» делінген.

4.3-кесте. Азаматтық сот ісін жүргізудің уақыт шектеулері

Юрисдикция	Шектейтін заңнама	Біреуге абайсызда, жағымсыз әрекет жасау, мүлкіне қол сұғу	Дефаммация	Басқа құқық бұзушылық
Аустралияның астаналық территория	Шектеу актісі 1985 (ААТ)	3 жыл	1 жыл	6 жыл
Жаңа Оңтүстік Уэльс	Шектеу актісі 1969 (ЖОУ)	3 жыл	1 жыл	6 жыл
Солтүстік территория	Шектеу актісі 1981 (СТ)	3 жыл	1 жыл	3 жыл
Квисленд	Шектеу актісі 1974 (Квл)	3 жыл	1 жыл	6 жыл
Оңтүстік Аустралия	Әрекетті шектеу актісі 1936 (ОА)	3 жыл	1 жыл	6 жыл
Тасмания	Шектеу актісі 1974 (Тас)	3 жыл	1 жыл	6 жыл
Виктория	Әрекетті шектеу актісі 1958 (Вик)	3 жыл	1 жыл	6 жыл
Батыс Аустралия	Шектеу актісі 2005 (БА)	3 жыл	1 жыл	6 жыл

Сот ісін жүргізуді қай күні бастау уақыты залалды анықтау шараларын дәлелдеусіз істі жүргізуге болатындығына байланысты. Біреудің меншігіне кіру, қол сұғу сияқты залал дәлелі жоқ шаралар болса, уақыт құқық бұзу күнінен бастап есептеледі. Егер құқық бұзу абайсыздық немесе жағымсыз әрекет сияқты зиянды дәлелдеуді талап етілетіндердің бірі болса, зиян келтірген күннен басталады. Кейбір жағдайларда зиян немесе залал келтіру орын алғаннан кейін біраз уақытқа дейін айқын болмауы мүмкін екенін ескеріңіз және осындай жағдайларда соттың әдетте сот ісін бастау мерзімін ұзартуға құқығы бар.

Уилсонның Хорнға қарсы талап арызы (1999) 8 Тас R 363

Жауапкер талапкерге (бала) жыныстық зорлық жасады. Он жылдан кейін талапкердің күйзеліске түсу жағдайы ұлғайып, біреуге нұқсан келтіру және абайсыздық әрекет жасауына қарсы екі айып тағып, жауапкерге қарсы азаматтық іс қозғауға ұмтылды. Сот біреуге нұқсан келтіру әрекеті бойынша құқық бұзу мерзіміне 6 жылдан астам уақыт өткендіктен, жарғы тыйым салады деп шешті. Алайда, абайсыздық әрекеті жарғы тыйым салатын құқық бұзуға жатпайды, өйткені залал болғанға дейін сот ісі басталмайды және осы істе залал күйзеліске түсу жағдайы ұлғайған кезде шықты.

Шектеу заңнамасы әдетте сот егер талапкердің сотта жеңуіне ақылға қонымды мүмкіндіктер бар болса және ол жай және ақылға қонымды жағдайлар деген көзқараста болса шектеу мерзімін ұзартуға сотқа мүмкіндік беріледі.

4.20-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Заңнама жүргізуге тиіс азаматтық сот ісіне неге уақыт шектеуін белгілейді?

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпқа көшпес бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 4.74 Қылмыстық жаза қолданудың мақсаты не?
- 4.75 Қылмыстық жазаның түрлі формалары қандай?
- 4.76 «Залалға» өтемақы төлеу деген не және ол неге қол жеткізуге арналған?
- 4.77 Егер талапкер жауапкердің әрекеті нәтижесінде жеке жарақат алса, бұл залалдың өтемақысы қалай есептеледі?
- 4.78 Егер талапкер жауапкердің әрекеті нәтижесінде мүлктік залал келтірілсе, бұл залалдың өтемақысы қалай есептеледі?
- 4.79 Мынадай залал түрлерінің арасындағы айырмашылық қандай?
- (а) жай қарапайым залал
 - (ә) номиналды залал
 - (б) шиеленісті (терең) зақымдар
 - (в) намыс таптау залалы
- 4.80 Нұсқама деген не және ол қай кезде қажет болады?
- 4.81 Аралық нұсқама деген не?
- 4.82 Құқық бұзу мен нормативтік өтемақы арасындағы айырмашылық неде?
- 4.83 Егер жауапкер құқық бұзса тиісті сот ісін қозғауға қандай уақыт шектеулері қойылады:
- (а) абайсыздық
 - (ә) жала жабу
 - (б) қол сұғушылық

Қорытынды

- Адам әдейі немесе абайсызда басқа адамға зиян келтіретін болса, оның қылмыстық салдары, деликтік құқық салдары, шарттық салдары және/немесе нормативтік салдары болуы мүмкін. Бұл тараушада біз ықтимал қылмыстық және деликтік құқық салдарларды қарастырдық. Егер біреу қылмыс жасаса, онда ол қудалануы және оған айыппұл салынуы мүмкін. Егер олар азаматтық құқық бұзса, олардың құқық бұзу әрекетінен зиян шеккен адам өтемақы өндіріп алу үшін азаматтық іс қозғайды. Бұл әрі қылмыстық, әрі азаматтық құқық бұзу болуы мүмкін.
- Егер жауапкер әдейі басқа біреудің жеке басына немесе оның мүлкіне зиян келтірсе, ол шабуыл жасау немесе ұрлау сияқты қылмыс жасаған болып табылуы мүмкін. Басқа біреуге немесе оның мүлкіне зиян келтіру қасақана, біреудің жекеменшік жеріне рұқсатсыз кіру, мүлкіне қол сұғу (басқа адамға немесе оның мүлкіне тікелей араласу, кедергі жасау, нұққсан келтіру), диффамация (үшінші тарапқа біреу туралы жала мәлімдеме жариялау) және жағымсыз әрекет жасауға (біреудің жеке тыныштығын бұзу, жанама араласу немесе мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыру) қатысты құқық бұзушылықты қамтиды.

- Егер жауапкер абайсызда біреудің жеке басына немесе оның мүлкіне зиян келтірсе, ол абайсызда құқық бұзды деп танылуы мүмкін. Ұқыпсыздықтан, абайсызда құқық бұзса, айыпталушы (1) талапкерге қамқорлық көрсетуге міндетті, (2) қамқорлық көрсету міндетін бұзған, (3) талап қоюшыға болжанбайтын зиян келтірген болуы керек. Абайсызда құқық бұзды деген айыптан қорғау талапкер тарапынан өзіне келтірілген зиянға талапкердің тәуекел еріктілігін және ықпалын қамтиды.
- Әдейі қаржылық зиян келтірудің қылмыстық салдарына ақ жағалылар қылмысы мен киберқылмыс мысал бола алады. Қасақана қаржылық зиян келтіру құқық бұзуды (деликт) алдау (алаяқтық бұрмалау), бұрмалау (іскерлік қауымдастықты бұрмалау) қорқыту, мәжбүрлеу (біреуге заңсыз әрекет істеткізу үшін қысым жасап, қауіп төндіру) және шарттық қатынастарға араласу деликтік құқықты қамтиды.
- Жауапкер абайсызда үшінші тараптың мүлкін зақымдау, ақаулы өнім өндіру, сату немесе дәйексіз кеңес беру арқылы қаржылық зиян келтірген жағдайда жауапкер деликтік құқық заң негізінде жауапты болуы мүмкін.
- Қылмыстық сот ісінде сот жауапкерді әдейі немесе абайсызда басқа адамға зиян келтірді деп тапса, оған ескерту беру, айыппұл салу немесе оны бас бостандығынан айыру арқылы жазалауы мүмкін. Егер азаматтық сот талқылауында сот жауапкер әдейі немесе абайсызда талапкерге зиян келтірді деп тапса, онда оған талапкерге залалды (ақшалай өтемақы) өтеу міндеттелуі мүмкін. Балама ретінде, сот сотталушыға болашақта осындай зиян келтіруден тартынуға нұсқама бере алады.

Джонни мен Эш

[Эш пен Джонни әлі өзеннің жанында жүр.]

Джонни: Мәселен, сенің айтып отырғаның мен кәсіпкерліктің иесі болғандықтан, мен сол уақытта ол жерді болсам да, болмасам да, мен езімнің мейрамханама келген халыққа қамқорлық көрсетуге міндеттімін, мен олардың қауіпсіз орында тамақтануын қамтамасыз етуге міндеттімін. Және мейрамханада қаншалықты қарбалас уақыт болмасын, мейрамхана менеджері жарты сағат ішінде төгілген сусыннан еденді тазартып алуға болатындығы ақылға қонымды болғандықтан, мен қамқорлық көрсету міндетімді бұздым. Мен тіпті, ол жерде болмасам да, мен . . . қалай еді?

Эш: Субсидиярлық жауапты боласыз.

Джонни: Иә, дұрыс. Менің қызметкерлерімнің іс-әрекеті үшін субсидиярлық жауаптымын, қамқорлық көрсету міндетімді бұзғаным қарт әйелдің аяғы тайып кетіп, үстелге басын ұрып алғаны, дымқыл еденде тайып кетуі қисынды ықтимал салдар болып табылады. Сол себепті бұл менің оның кез келген медициналық шығындарын, сондай-ақ кез келген шығын мөлшерін, болашақта табыс табу әлеуетінен айрылудың орнын толтыруға жауапты екенімді білдіреді. Бақытымызға орай, менің болжауымша ол қарт әйел болды.

Эш: Джонни!

Джонни: Эй, ол менің көп адам жиналған мейрамханама келгенде өз еркімен жарақат алу қаупін болжады деп дау айта алмаймын ба?

Эш: Жок, егер сенің есіңде: «Сіз осында тамақтануды таңдасаңыз өз еркіңізбен тәуекелге барасыз және сіз дымқыл еденде тайып кетіп,

жарақат алуыңыз мүмкін» деген сияқты ескертетін белгі болмаса, уәж айта алмайсыз. Мейрамхананың есігінде ондай белгі болған жоқ, солай ма? Жок, мен олай ойламаймын. Бірақ сен талапкердің жарақатқа езінің де абайсыздық әрекеті арқылы үлес қосқанын, мысалы, оның дымқыл еденде үстелдердің арасымен жүгіргенін немесе оның сол уақытта мас екенін көрсете алсаң, дауласуың мүмкін. Дегенмен бұл өте екіталай.

Джонни: Кәтидің жігітті ұрып жібергені ше? Оған да мен қылмыстық жауаптымын ба?

Эш: Мен олай ойламаймын. Олар өз міндеттерін атқарып жатқанда, сен өз қызметкерлеріңнің іс-әрекеттері үшін тек қана субсидиярлық жауапты боласың. Сен, бәлкім, клиентті ұру Кәтидің қызмет нұсқаулықтары шеңберіне кірмейді деп жақсы дәлелдей алуың мүмкін. Кәтиге мұның салдары үшін жауапты болуға тура келеді.

Джонни: Мен кәсіп және үй-жайлар иесі ретінде өзіне қауіпсіз орында тамақтануды қамтамасыз етпеген жігітке сыпайылық тұрғысында жауапты емеспін ғой?

Эш: Оның жарақат алуы сенің абайсыздық әрекетіңізден туындағаны көрсетілгенде ғана жауапты боласыз. Дәлірек айтқанда, сіздің әрекетіңіз қалай абайсыз болды? Сенің Кәтидің мінезі жаман екенін білетініңді және сіз абайсызда мейрамханаға жауапты етіп оны тастап кеткеніңді көрсете алса, дәлелдер болуы мүмкін, бірақ, тағы да, бұл екіталай. Сенің жауапкершілігің қарт әйелге оның жарақатына өтемақы өтеумен шектелетін сияқты. оның тым ауыр емес екеніне сенемін.

Джонни: Қоғамдық сақтандыру жауапкершілігінің барына шүкір.

Бақылау сұрақтары

- 1. Мына міндеттеме нысандарының қайсысы Монархтың қудалауына әкелуі мүмкін:**
 - (а) Қылмыстық жауапкершілік
 - (ә) Деликтік құқықтық жауапкершілік
 - (б) Келісім жауапкершілігі
 - (в) Нормативтік жауапкершілік
- 2. Жұмыс беруші субсидиярлық жауапты болады:**
 - (а) барлық қызметкерлер мен тәуелсіз мердігерлер үшін
 - (ә) өз міндеттерін атқарып жатқан барлық қызметкерлер мен тәуелсіз мердігерлер үшін
 - (б) тәуелсіз мердігерлерден басқа өз міндеттерін атқарып жатқан барлық қызметкерлер үшін
 - (в) қызметкерлерден басқа барлық өз міндеттерін атқарып жатқан тәуелсіз мердігерлер үшін
- 3. Төмендегілердің қайсысы қоғамдық тәртіпке қарсы құқық бұзушылықтың үлгісі болып табылады:**
 - (а) жалған айғақ беру
 - (ә) бүлік
 - (б) өлтіру
 - (в) жасандылық
- 4. Жауапкершіліктен қылмыстық құқық бұзушы дұрыс қорғаныс болмауы салдарынан босатылады:**
 - (а) себептің болмауы
 - (ә) дәлелдемелер
 - (б) *actus reus*
 - (в) *mens rea*
- 5. Рұқсатсыз басқа адамның мүлкіне қоқыс тастау құқық бұзудың үлгісі:**
 - (а) жеке жағымсыз әрекет
 - (ә) абайсызда
 - (б) қол сұғу, кіру
 - (в) еріксіз ұстау
- 6. Біреудің қалауынсыз оны сүю азаматтық құқық бұзудың үлгісі болып табылады:**
 - (а) айырбастау
 - (ә) еріксіз ұстау
 - (б) шабуыл жасау
 - (в) жәбірлеу, балағаттау
- 7. Мыналардың қайсысы жеке жағымсыз азаматтық құқық бұзу элементі емес:**
 - (а) жауапкердің әрекеті талапкердің жер телімін пайдалану мен айналысуына кедергі жасауы
 - (ә) талапкер жалпы қоғам мүшелеріне келтірілген залалдан зиян шекті
 - (б) кедергі жасау, араласу үздіксіз және негізсіз болу
 - (в) жауапкердің талапкерге жасаған әрекеті қасақана немесе абайсызда болды
- 8. Диффамация анықтамасын қанағаттандыру үшін:**
 - (а) мәлімдеме жала жабуға арналған болуы керек.
 - (ә) мәлімдеме жазбаша нысанда жариялануы тиіс.
 - (б) мәлімдемеде тікелей талапкер аталуы керек.
 - (в) жоғарыда аталғандардың барлығы.
 - (г) жоғарыда аталғандардың ешқайсысы.
- 9. Парламенттік пікірталас кезінде саясаткер жасаған диффамациялық мәлімдеме диффамациялық әрекеттің негізі бола алмайды, өйткені саясаткер қорғанысқа сүйенді:**
 - (а) негіздемеге
 - (ә) әділ қарым-қатынасқа
 - (б) білікті мәртебеге

(в) абсолютті артықшылықтарға.

10. Төмендегілердің қайсысы факті мәселесі:

- (а) жауапкер талапкерге қамқорлық көрсетуге міндетті болды ма?
- (ә) талапкерге тиісті көмек көрсету стандарты қандай?
- (б) жауапкер қамқорлық көрсету міндетін бұзды ма?
- (в) талапкер шеккен зиян ақылға қонымды болжамды болды ма?

11. Жауапкердің талапкерге қамқорлық көрсету міндеттілігін шешуде келесілердің қайсысы сот ісінде негізгі белгілер болып табылмайды:

- (а) адамның өз іс-әрекеттері үшін дербес жауапкершілігі қажеттігі
- (ә) анықталмаған міндеттеме мүмкіндігі.
- (б) талапкердің жағдайды бақылауы және жауапкердің салыстырмалы түрде осалдығы
- (в) талапкер шеккен зиян түрі.

12. Төмендегілердің қайсысы басқа біреуге жүктелмейтін қамқорлық көрсету міндеті:

- (а) мектептің оқушылар алдындағы міндеті.
- (ә) аурухананың науқастар алдындағы жауапкершілігі.
- (б) үй-жай иелерінің келушілерге жауапкершілігі.
- (в) жұмыс берушінің өз қызметкерлеріне жауапкершілігі.

13 Қалыпты адам зақымдану қаупіне қарсы сақтық шараларын қолданғанын шешуде соттың талқылауы қажет емес:

- (а) зиян қаупін тудыратын әлеуметтік қызмет утилитасы болды.
- (ә) жауапкер өндіріс саласында стандартты практиканы сақтады.
- (б) сақтық шаралары қолданылмағанда

зиянның орын алу ықтималдығы.

- (в) зиян қаупін болдырмау үшін сақтық шараларын қолдану ауыртпалығы.

14. Айыпталушы әрбір немқұрайлы әрекетінің салдарына жауапты емес, мыналардан басқа:

- (а) негізді болжамды.
- (ә) тым қашықта немесе ойдан шығарылған.
- (б) жауапкер ниеттенген.
- (в) жоғарыда аталғандардың ешқайсысы.

15. Егер жауапкер немқұрайлылық әрекеті үшін кейіннен кешірім сұрағаны белгілі болса:

- (а) олар барлық жауапкершіліктен босатылады.
- (ә) олар жауапкершіліктен ішінара босатылады.
- (б) олар кінәсін мойындады деп саналады
- (в) жоғарыда аталғандардың ешқайсысы.

16. Қоғамдық мүлікке айқын қауіп төнгенде, жергілікті билік:

- (а) қамқорлық көрсетуге міндетті емес.
- (ә) мемлекеттік органға тиесілі аймақты пайдаланатын адамдарды ескерту үшін қамқорлық көрсетуге міндетті.
- (б) айқын қауіпті жою үшін қамқорлық көрсетуге міндетті.
- (в) талапкердің өз қауіпсіздігі үшін ақылға қонымды болжауға құқылы.

17. Талан-гаражға салу:

- (а) қылмыстық әрекеттерді жүргізуді заңды қаражатқа немесе меншікке айырбастау.
- (ә) айыпталушыға ақша сеніп тапсырылған кезде, оның басқа біреудің ақшасын сақтап немесе алаяқтық жолмен пайдалануы.
- (б) бәсекелестің рұқсатынсыз бәсекелестің немесе оның өнімдері немесе

әдістері туралы құпия ақпаратты сатып алу.

- (в) кейбір артықшылықтар немесе преференцияның орнына басқа біреуге ақша беру.

18. Төмендегі актілердің қайсысында қылмыстық жаза ережелері қамтылады:

- (а) *Бәсекелестік пен тұтынушылар туралы заң актісі 2010 (Дст).*
(ә) *Корпорациялар туралы заң актісі 2001 (Дст).*
(б) *Құпиялылық заң актісі 1988 (Дст).*
(в) Жоғарыда аталғандардың барлығы.

19. Бәсекелестің рұқсатынсыз оның тауар таңбасын пайдалану азаматтық құқық бұзудың үлгісі:

(а) қорқыту.

(ә) алдау.

(б) шартты қатынастарға кедергі жасау, араласу.

(в) өтірік айту.

20. Талапкер жауапкердің заңды құқықты бұзғанын дәлелдегенде, бірақ талапкерге залал келтірілмегенде, сот . . . мүмкін:

(а) тұрақты нұсқама беру.

(ә) аралық нұсқама беру.

(б) шиеленіскен залалға өтемақы беріледі.

(в) номиналды залалға өтемақы беріледі.

Жаттығулар

4.1-жаттығу. Адамға кедергі жасау

Джонни өзінің мейрамханасында жас клиент Джорджының оған қызмет жасап жатқан Стивен басқа жаққа қарап тұрғанда, ашық кассаға барып бір уыс ақшаны алғанын көреді. Джонни Стивенге жетіп барып, оны орындыққа итеріп, қолындағы ақшаны жұлып алады да, «полиция келгенше осы жерде қал әйтпесе мен ашуға басамын» деп бұйырды. Отыз минуттан кейін полиция келіп, Джорджыдан жауап алу үшін алып кетті. Джордж енді адамға кедергі жасау арқылы заң бұзғаны үшін Джонниді сотқа берем деп қорқытты. Джонни заң бұзды ма? Осы сұраққа жауап бергенде азаматтық құқық бұзудың барлық үш нысанын қарастырыңыз.

4.2-жаттығу. Жеке тұлғаға қатысты жағымсыз әрекет

Элейн Джоннидің вегетариандық мейрамханасының жанынан жаңа кәуап мейрамханасын ашты. Джонни мейрамханадан шығатын пісірген ет иісі клиенттердің мейрамханаға келуден бет бұратынына алаңдаушылық білдірді. Ол Элейннің жеке жағымсыз әрекет жасағанын дәлелдей ала ма? Егер солай болса, Джонни қандай өтемақы алуға құқылы болады?

4.3-жаттығу. Диффамация

Робин жергілікті онлайн қалалық нұсқаулығына танымал мейрамханаға шолу блогын жазады. «Айтпақшы, мен өткен сенбі күні түнде Керуак даңғылындағы белгілі бір вегетариандық мейрамханада тамақ іштім: Оның соңғы блогы мыналарды қамтиды. Не істемесеңіз де, сіз «екі тілім ескірген нанның арасына жағылған қоймалжың қалдықтарының дәмі сияқты бір нәрсені жеуге тап болмасаңыз, тофу гамбургеріне тап-

сырыс бермеңіз. Джонни диффамация заң бұзушылығы үшін Робинді сотқа бергісі келді. Джоннидің әрекеті сотта жеңе ме? Осы сұраққа жауап бергенде (а) азаматтық құқықтың үш элементін және (б) Робиннің адал пікір қорғанысына сүйене алатын, алмайтынын қарастырыңыз.

4.4-жаттығу. Абайсыздық

Джонни *The Lame Duck* мейрамханасында бастықтарының көңілін көтеру үшін биші ретінде Эштің әпкесі Рашельді жалдады. Рашель биге қосу үшін, отбасымен бірге өзінің 60 жылдық мерейтойын тойлап жатқан клиент Барнейді қошеметтеді. Рашельден қалыспауға тырысып жатқанда, Барней жамбасын сындырып алды. Барней абайсызда заң бұзу әрекеті негізінде Рашельді қарсы сот ісін қозғай ала ма? Жауабыңызда Рашельдің Барнейге қамқорлық көрсетуге міндетті немесе міндетті емес екеніне назар аударыңыз.

4.5-жаттығу. Абайсыздық

Джонни жақында дөңгелекті кресломен жүруді жеңілдету үшін тротуардан мейрамхананың алдыңғы есігіне дейін баратын үш басқышты қысқа ағаш пандустарға ауыстырды. Бір жаңбырлы кеште *The Lame Duck* мейрамханасынан шыққалы жатқанда, Джоннидің клиенттерінің бірі Лилия ылғал ағаш пандуста тайып кетті. Лилия балтырын қатты зақымдап, сіңірі созылды және енді би нұсқаушысы ретінде 2 апта жұмыс істей алмайды. Джонниге қарсы Лилия абайсыздық әрекеті бойынша сот ісін қозғайды деп алыңыз. Жауабыңызда Джоннидің Барнейге қамқорлық көрсету міндетін бұзған-бұзбағанына назар аударыңыз.

4.6-жаттығу Абайсыздық

Тед кәсіпкерлікті басқару дәрежесін беретін оқу орнының соңғы жылында оқиды. Ол кәсіпкерлік құқық пәнінен емтихан алдындағы түні *The Lame Duck* мейрамханасына пиццаға тапсырыс берді. Пиццаның ішінен Джоннидің аспазшыларының бірі Дан абайсызда салған шірік ананас шықты. Келесі күні Тед тағамнан уланудан зардап шекті, бірақ бәрібір, кәсіпкерлік құқықтан емтихан тапсыруға тырысты. Ол емтиханды тапсыра алмады және оған жаз бойы курсты қайталауға тура келді. Тед абайсызда құқық бұзушылық негізінде Джонниді сотқа беру арқылы Джонниден жазғы курстың құнын төлеуді талап ете ала ма? Өз жауабында Тед шеккен зиян қамқорлық көрсету міндетін бұзумен байланысты болғанына, болмағанына назар аударыңыз.

4.7-жаттығу. Абайсыздық

Бір күні түнде Джонни жүргізуші куәлігін алғанына тек 2 апта уақыт болған аспаздарының бірі Сэмнің өзін жұмысқа апарып тастау ұсынысын қабылдады. Жұмысқа бара жатқанда қатты жаңбыр жауып кетті де, Сэмге жолда көлікке ие болу қиынға соқты. Джонни Сэмнен жылдамдықты баяулатуын сұрады, бірақ ол қатты жылдамдықпен жүруді жалғастыра берді. Көп ұзамай, көлік бақылаудан шығып, телеграф бағанасына соқты. Джонни мен Сэм жараланды. Егер Джонни абайсызда құқық бұзғаны үшін Сэмді сотқа берсе, оның сотта жеңуі ықтимал ма? Өз жауабыңызда Сэмнің қандай да бір қорғанысқа сүйене алатын-алмайтындығына назар аударыңыз.

4.8-жаттығу. Абайсыздық

Джонни бір күні таңертең мейрамханаға келгенде, Маршаллдың артқы есікті бұзып

жатқанын байқайды. Джонни қатты айқайлады, Маршалл қашып кетуге тырысады. Алдыңғы күні кешке, Джоннидың даяшыларының бірі артқы есіктен қақпаға баратын жолда шелекті қалдырып кетті. Маршалл қашып бара жатқанда, шелекке сүрініп, етпетінен құлап, мұрнын бұзып алды. Полиция келгенде ол әлі жолда ыңырсып жатты. Маршалл енді Джонниді абайсызда құқық бұзғаны үшін өзінің жарақатына төлемақы алу үшін сотқа беремін деп қорқытып отыр. Маршаллдың сотта жеңуі ықтимал ма?

4.9-жаттығу. Бұрмалау

Джонни жарқанат бейнесіндегі әртүрлі қоспалары бар жаңа вегетариандық пицца жасады. Бұл «жарқанат пицца» деп аталады және балаларға өте танымал болды. Джонни «*The Batman*» күлкілі кітабы мен кино кейіпкерінің авторлық құқық иесі *Time Warner Inc* компаниясынан бұрмалау құқық бұзуға қатысты кінә тағып, азаматтық іс қозғаумен қорқытатын хат алды. Джонни бұрмалау құқық бұзушылығын жасады ма?

4.10-жаттығу. Абайсызда бұрмалау

Джоннидің досы Арнольд мейрамхана сатып алғысы келді. Бір жұма күні кешке ол Джоннидің *The Lame Duck* мейрамханасының бұрышында, Керуак даңғылында орналасқан сатылатын *Puluub* деп аталатын үнді мейрамханасын табады. Мейрамхана қонақтары толы. Келесі дүйсенбіде Арнольд өз жоспары туралы Джонниге айтты. Арнольд өзінің кәсіпкерлікті сатып алу ойы бар екенін, бірақ ол мейрамханада, тіпті бұрын мұндай өндірісте жұмыс істемегенін және Джоннидің кеңестері мен нұсқауларын бағалайтынын түсіндірді. Джонни *Puluub* мейрамханасы өте табысты мейрамхана екенін және алғашқы 12 айда пайда жасайтынына толық кепілдік беріп, сендіреді. Арнольд дереу ағасы Кэмеронмен бірге мейрамхананы сатып алуға шешім қабылдайды. Бір жылдан соң олар банкрот болудың шегінде болды. Мейрамхана олар күткендей сұранысқа ие немесе тиімді болған жоқ және жылдық айналымы олар алғаннан да төмендеді. Джонни бұрмалау құқық бұзушылығын жасады ма? Өз жауабында Джоннидің (1) Арнольдқа (2) Кэмеронға қамқорлық көрсетуге міндетті емес екеніне назар аударыңыз.

Бақылау сұрақтарының жауаптары

1.а 2.б 3.ә 4.в 5.б 6.в 7.ә 8.г 9.в 10.б 11.в 12.б 13.ә 14.а 15.в 16.в 17.ә 18.в 19.в 20.в

5-ТАРАУ

Мәміле жасау

Кіріспе	312	Практикалық артықшылықты тестілеу	338
Келісімшарттар	312	Эстоппель принципі	339
Қойылатын талаптар:		Келісімшарттың орындалуы	342
1-талап. Келісім	313	Келісімнің болмауы	343
Ұсыныс	314	Қателік	343
Ұсыныс қабылдау	319	Өзара қателік	347
Шартты келісімдер	325	Негізсіз ықпал	350
		Құқықтық нигилизм	352
2-талап. Мүдде	326	Қабілеттің болмауы	356
Алғышарттар	326	Кәмелетке толмағандар	356
Алдын ала келісімдер	329	Зияткерлік әлеуеті жетіспейтін тұлғалар	359
«Орындалмайтын уәде»	330		
3-талап. Компенсация	331	Заңдылықтың болмауы	360
Компенсацияның бара бар болуы		Жалпы құқық аясындағы заңсыздық	360
міндетті емес	333	Нормативтік заңсыздық	361
Компенсация жеткілікті			
болуы тиіс	333	Ресмиліктің болмауы	362
Акт (Құжат)	338	Қорытынды	364

Джонни мен Эш

[Джонни ескі досы Мариямен өз мейрамханасындағы сырахананда тұр. Екеуі шарап ішіп отыр. Сырахананда адам жоқ, бос; мейрамхана кешке дейін жабық, ал Джонни сәл масаңдау еді.]

Мария: Сонымен, Джонни, сіз не ойлайсыз?

Джонни: Мен, шын мәнінде, сенемін, бұл мені қызықтырды.

Мария: Әрине, қызығасыз. Мен соңғы уақытта мейрамхана шаруасының жақсы жүріп жатпағанын білемін. Мен көмектесе аламын. Мен ұсынатын ақша сіздің ісіңіздің онға басуына жол ашады.

Джонни: Мұның рас екенін білемін. Ал сіздің 60 пайыздық кәсіпкерлік үлеске 150000\$ ұсынатыныңыз өте жомарттық қой. Мұндай көп ақша шынымен де, өзгеріс жасайды.

Мария: Дәл солай. Сонымен қандай мәселе бар?

Джонни: Иә, өзім ғана *The Late Disk* мейрамханасының иесі болып үйренгенмін, оны ешкіммен бөліскім келмейтініне сенімді емеспін.

Мария: Бері қараңызшы, мен бақылау жасап немесе осы сияқты бірнәрсе істегім келмейді, мен жай ғана сізге көмектескім келеді және солай аздап ақша жасағым келеді. Сіз өзіңіз мейрамханаға жауапты боласыз.

Джонни: Білмеймін. Мен 150000\$ ақшаны 50-50 етіп бөлер едім ... [Джонни осыны айтып жатқанда, Мария сағатына қарап, кетуге ыңғайланып, орнынан тұрды].

Мария: Кешіріңіз, кешігіп бара-

мын, менің кетуім керек, 50-50 деген ұсынысыңыз менің ойымнан шығатын сияқты, бірақ мен сіздің ұсынысыңызды түнімен ойланамын. Мен, бәлкім, егер мәміле алға жылжып жатса, сізге хабарласып, таңертең қоңырау шалармын. Бұған қалай қарайсыз?

Джонни: Не? О, жарайды, әрине, келісемін. [Мария бардан кетті. Джонни үнсіз сусын ішіп отыр. Біраз уақыт өтті. Джонни ұялы телефонын алып, Эшке қоңырау шалды]

Джонни: Эш? Бұл Джонни ғой. Ұйықтап жатырсың ба? Кешіріңіз. Маған сізбен бір маңызды мәселе туралы сөйлесу қажет. Менің досым Мария кәсіпкерлікті сатып алғысы келіп, ұсыныс жасауда. Мен одан бас тартып, іскерлігімді өзім жүргізуге тырысамын деп ойлаймын, бірақ мен бұрын сіздің кәсіпкерлікті жүргізгеніңізді қалағанмын. Кешіріңіз... бір секунд күте тұрыңыз. Маған хабарласып жатыр... [Джонни телефонды алып, мәтінді оқыды. Ол өте тез бойын тіктеп алды да, қобалжығандай телефонын қайта құлағына тосты]

Джонни: Мен бұған сене алмаймын! Мария менің ұсынысымды қабылдайтынын және таңертең қағаздарын дайындайтын заңгерге баратынын айтқан мәтін жіберіпті! Мүмкін емес! [Джонни телефонын тыңдап отыр. Ол әлі қобалжулы көрінеді.]

Джонни: «Келісімшарт бар ма?» Әрине, жоқ! Мен ешнәрсеге қол қойған жоқпын! Не? Сіз сенімдісіз бе? Варлық келісімшарттардың жазбаша нысанда болуы керек емес пе? Ал, келісімшарт бар ма әлде жоқ па?



Бұл тарауда

- Келісімшарт деген не?
- Келісім қашан келісімшарт болады? Ұсыныс деген не? Жарнама ұсыныс па? Қабылдау деген не? Ол қай кезде тиімді болады?
- Келісім тараптарының оны заңды түрде бекітілуіне мүдделі екенін қалай білуге болады?
- Уәде тараптардың қызығушылық мүддесіне жауап берген де ғана орындалады. Бұл нені білдіреді? Неге компенсация «барабар болуы емес», «жеткілікті болуы тиіс»? Компенсация болмағанда уәде қалай орындалады?
- Келісімшарт тараптары бір қателік жасаса ше? Егер оларға қысым жасалса, қауіп төнгенде немесе айлакерлік жасалса не істеу керек? Егер басқа тарап артықшылықта болса ше?
- Келісімшартты балаға қатысты қолдануға бола ма? Немесе келісімшарт жасалған уақытта ақыл-есі кем немесе мас, интеллектуалды мүгедек болған біреуге қатысты қолдануға бола ма?
- Келісімшарттың әрқашан жазбаша болуы және оған қол қойылуы тиіс пе?
- Егер келісімшарт заңсыз мақсаттар үшін жасалса ше?

Кіріспе

Кәсіпкерліктің барлығы көптеген жолдар арқылы мәміле жасау туралы болады. Сатып алушылар сатушылармен, көтерме сауда бөлшек саудамен, бөлшек сауда тұтынушылармен мәміле жасайды. Банктер қарыз алушылармен, сақтандыру компаниялары клиенттермен және қызмет көрсетушілер өз қызметтерін пайдаланушылармен келісімдер жасайды.

Кімде-кім мәміле жасаған кезде шындықты айту, басқа тарапты мәмілеге сендіре алу, уәде берген нәрсені орындау қажеттілігі мәміледе маңызды. Егер мәміле тараптарының бірі жалған мәлімдеме жасаса немесе олар уәде еткен нәрсені істемесе, келісімшарт заңы мәміленің сақталуын қамтамасыз ету үшін басқа тарапқа өтемақы төлетуге немесе қандай да бір азаматтық орнын толтыру шарасының басқа бір нысанының жүзеге асырылуын талап етуге құқық береді.

Бұл тарауда біз Австралияда мәміле жасауды реттейтін ережелерді қарастырамыз. Атап айтқанда, заңды келісімшарттың бар немесе жоқ екенін анықтауға және келісімшарттың заңды күші жоқ болатын жағдайларда келтірілген залалға заң қалай көмектесетінін түсіндіреді. 6-тарауда біз егжей-тегжейлі келісімшарттың бұзылу салдарын тексереміз.

Келісімшарт

Келісімшарт – заңды орындалатын келісім.

Жалпы ережеге сәйкес, келісім заңды түрде бекітілуі үшін үш талап орындалуы тиіс.

1. Келісім екі немесе одан да көп адамның (келісімшарт тараптары деп аталады) арасында болуы тиіс.
2. Екі тарап та келісімшарттың заңды түрде орындалуына ниетті болуы керек.
3. Екі тарап бағасын төлеуге немесе (бұл баға, уәде, немесе компенсация деп аталады) уәде жасауға тиіс.

Келісімшарттардың барлық уақытта жазбаша түрде болуы қажетті емес. Көптеген

шарттар ауызша жасалады және төменде түсіндірілетіндей, кейбір келісімшарттарды тараптардың әрекеті көрсетеді.

Кейбір келісімшарттар бір уақытта жасалып, жүзеге асырылады. Мысалы, егер Джонни Джинге нақты қолма-қол ақшаға пицца сатса, олар келісімшарт жасайды (Джонни сатуға келіседі және Джин пиццаны сатып алуға келіседі) және (Джин қолма-қол ақша береді, Джонни оған пицца береді) оны сол мезетте орындайды. Басқа келісімшарттарда бір немесе екі тарап та уәде береді, сондықтан келісім жасауға тұрақты міндеттеме алады. Мысалы, егер Джонни Джинге қарызға пицца сатса, Джонни оған пиццаны тезірек беріп, келісімді өз тарапынан орындайды, бірақ Джиннің кейінірек төлем жасау міндеттемесі бар. Джонни Дженниферді жұмысқа алса, екеуінің де тұрақты міндеттемелері, яғни Дженнифер Джоннидің жұмысын атқару, Джоннидің Дженниферге айлық төлеу міндеттемесі бар. Көптеген келісімшарт даулары келісімшарттың осы екінші түріне қатысты болады және тараптардың бірі өз уәделерін орындамаған кезде туындайды.

келісімшарт – Екі немесе одан да көп адамдар арасындағы заңды бекітілген келісім.
тарап – Келісім жасаған адамдардың бірі.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда келісімшарт болады:

- Тараптар арасында келісім бар.
- Тараптар құқықтық қарым-қатынас құруды көздеді.
- Әрбір тарап төлем төлеуді немесе уәде беруді қарауды қамтамасыз етті.

5.1-ТАПСЫРМА. Түсіндіріңіз

Жақында жасалған бес келісім туралы ойланып көріңіз. Өзіңіз ойлаған осы келісімдердің келісімшарт деп жіктелуін анықтаңыз. Олар барлық үш талапқа сай ма?

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын сіз мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 5.1 Келісімшарт деген не?
- 5.2 Келісімшарттың негізгі үш элементі қандай?
- 5.3 Келісімшарттың ықтимал нысандары қандай?

Қойылатын талаптар. 1-талап: келісім

Заңды келісімшарт болуын белгілеу үшін, ең алдымен тараптар арасындағы нақты келісім бар екенін көрсету қажет. **Келісім** ойдың бір жерден шығуы және екі немесе одан көп адамдардың өзара түсіністік пен мүддені бөлісетін кезде болады.

Көптеген келісімдердің алдында келіссөздер кезеңі болады. Келіссөздер қорытындыланғанша, келісімге келгенше келісімшарт жасалмайды.

келісім – екі немесе одан көп адамдардың өзара түсіністік пен ортақ мүддені бөлісетін келісім.

Жалпы ережеге сәйкес келісімнің маңызды аспектілері әлі жүргізіліп жатқанда ешқандай келісім мен ешқандай келісімшарт болмайды.

Кейде пішімделген келісімнің болуын тараптардың әрекетінен байқауға болады.¹ Тараптар бірден кейбір келісімге қол жеткізгендей нақты әрекет етеді. Тараптардың іс-шараның әрбір аспектісін талқылағанын және олардың келісілгенін көрсетуі қажет емес. Тараптардың тиянақты бәтуаға келуінің өзі жеткілікті. Басқа бір жағдайларда пішімделген келісімнің болғандығы түсініксіздеу болуы мүмкін. Бір тарап келісімнің қортындыланғанын талап етсе, ал бір тарап әлі келіссөздер жүріп жатқанын немесе ешқандай заңды бекітілген міндеттемелер жасалмағанын алға тартады. Мұндай жағдайларда келісімнің бар екенін анықтайтын тест – бір тараптың ұсынысы, басқа тараптың оны қабылдағандығын дәлелдеу. Егер бір тараптың ұсынысы жасағаны және басқа тараптың ол ұсынысты қабылдағаны және олардың қабылдағаны туралы хабарлағанын көрсете алатын болса, онда келісім бар деген сөз. Келісімнің басқа талаптары қанағаттандырылмаған жағдайда ешқандай тарап ол келісімшартты құқықтық салдарсыз бұза алмайды.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда келісімшарт болады:

- Бір тұлға (ұсыныс жасаушы тарап) ұсыныс жасады;
- Басқа тұлға (ұсыныс жасалған тарап) ұсынысты қабылдады;
- Ұсыныс жасалған тұлға ұсынысты қабылдағанын ұсыныс жасаушыға хабарлаған.

Ұсынысқа және оны қабылдауға қатысты мынадай ережелер келісімшарт болған сәттің дәл тұстарын анықтау үшін пайдаланылады, өйткені бұл келісімге қол жеткізген және тараптар заңды түрде міндеттерін атқаруды жалғастыратын кезең.

Ұсыныс

Ұсыныс бағытталған адаммен тез арада келісімшарт жасасуға дайын екенін білдіргенде, тұлға ұсыныс жасайды. Мысалы, Джонни Джин өзінің пицца пешін 10000\$ сатқысы келетінін айтқанда, Джонни Джинмен тез арада келісімшарт жасасуға дайын екенін білдіреді, демек, мұны ол Джинге ұсыныс жасады деп айтады. Мұндай жағдайларда Джонни ұсыныс жасаушы, ал Джин **ұсыныс** жасалған тұлға (үміткер) деп аталады.

Ұсыныс:

- жазбаша түрде;
- ауызша түрде;
- әрекетпен көрсету арқылы жасалуы мүмкін.

Мысалы, егер Джонни дүкеннен газет алып, кассирге ақша берсе, онда ол нақты ештеңе айтпай-ақ, газет сатып алуды ұсынады.

ұсыныс – ұсыныс бағытталған адаммен тез арада міндетті қарым қатынасқа түсуге дайын екенін білдіру.

¹ *Brogden v Metropolitan Railway Co* (1877) 2 App Cas 666.

ұсыныс жасаушы – басқа бір адамға ұсыныс жасайтын адам.
ұсыныс жасалған тұлға, үміткер – ұсыныс жасалатын адам.

Төмендегі ережелер мен нұсқаулар ұсынысты анықтауға көмектеседі.

Ұсыныс жасалатын адам

Кейде ұсынысты бір адам басқа адамға, ал кейде бір адам адамдар тобына жасайды. Ұсыныстың редакциясына байланысты ұсынысты бірінші тұлға немесе топтан жауап беретін кез келген бір адам қабылдай алады. Ұсыныс жасалатын адамдардың санына шек қойылмайды және шын мәнінде бұл ұсыныс «үлкен әлемге» жасалуы мүмкін дегенді білдіреді². Мысалы, егер Эш өзінің жоғалған мысығын қайтаруға сыйақы беретінін айтып, плакат іліп қойса, ол мысығын табатын әлемдегі кез келген адамға ұсыныс жасайды.

ЕСКЕРТУ!

Нақты бағадағы өнімді жариялайтын жарнама әлемге ұсыныс жасау болып көрінуі мүмкін, бірақ тіпті жарнамада «ұсыныс» деген сөз пайдаланылса да, ол мүлдем ұсыныс емес, оны ұсыныс жасауға шақыру деп жіктеу көбірек ықтимал ... «Ұсыныс жасауға шақыру» кейінірек түсіндіріледі.

Ұсынысты қабылдау, одан бас тарту немесе кері қайтару

Ұсыныс қабылданса (және мүмкін, келісімшарт) осы сәттен бастап келісім құрылады.

Егер ұсыныс қабылданбаған болса, одан ұсыныс жасалған тұлға бас тартуы мүмкін. Мысалы, Джонни Джинге 10000\$ ақшаға пицца пешін сатып алуды ұсынғанда, ол бұл ұсыныстан бас тартуы мүмкін, мұндай жағдайда ұсыныс тоқтатылады және Джин кейінірек өзінің ойын өзгертіп, ұсынысты қабылдай алмайды (Алайда, ол Джонниге келіп, өзі ұсыныс жасай алады, Джонни оның ұсынысын қабылдауға міндетті емес).

Егер ұсыныс қабылданбаған болса немесе одан бас тартылса, ұсыныс жасаушы ұсынысын кері қайтарып алуға құқылы. Мысалы, егер Джин Джоннидің 10000\$ ақшаға пицца пешін сату ұсынысын әлі қабылдамаса немесе бас тартпаса, Джонни өзінің пікірін өзгертіп, ұсынысын қайтара алады. Сондай-ақ, Джонни ұсынысты кері қайтарғанын Джинге түсіндірісімен, ол бұдан былай ұсынысты қабылдай алмайды.

Ұсыныс белгілі бір уақыт кезеңінде жасалуға уәде берілген болса да, ұсыныс жасаушы ұсынысты кері қайтарып алуға құқылы.³ Алайда, маңызды ерекшелік бар: ұсыныс жасалған (мысалы, кепілдік төлесе) адамға ұсыныс жасаушы ұсынысты ашық қалдыруға уәде бергеніне сүйенетін болса, ұсыныс жасаушы уәде мерзімі аяқталғанға дейін ұсынысын кері қайтара алмайды. Егер ұсыныс жасалған адам кепілдік төлесе, жеке келісімшарт шығады, кейде ол опция деп аталады және егер ұсынысты уәде мерзімі аяқталмай тұрып кері қайтарса, ұсыныс жасаушы ол келісімшартты бұзады. Мысалы, егер Джонни 10000\$ пицца пешін сатып алуды ұсынса және Джиннің өтініші бойынша Джонни ұсынысты кешкі сағат 5-ке дейін сақтауға уәде берсе және кепілдік төлеген жағдайда Джиннің опциясы болады және Джонни кешкі сағат 5-ке дейін ұсынысты сақтауға тиіс. Джин кешкі сағат 5-ке дейін кепілдікке ақша төлемеген жағдайда Джонни пікірін өзгертіп, пешті басқа біреуге сата алады.

Егер ұсыныс қабылданбаса, одан бас тартылса немесе дәлелді себептермен қайтарылып алынса, ол белгілі бір уақыт өткеннен кейін жойылады. Оның қаншалықты «ақылға қонымды болатындығы» жағдайларға байланысты.

² *Carlill v Carbolic Smoke Ball Co* [1893] 1 QB 256.

³ *Dickinson v Dodds* (1876) 2 Ch D 463.

Goldsborough Mort & Co Ltd компаниясының Куиннге қарсы талап арызы (1910) 10 CLR 674

Куинн *Goldsborough Mort & Co Ltd (GMC)* компаниясына жер сатуға ұсыныс жасады және *GMC* компаниясы оған елу цент кепілдік төлегені үшін Куинн бір апта ұсынысты сақтауға уәде берді. Бір апта бітпей тұрып Куинн өз ұсынысын өзгертіп, жерін басқа біреуге сататынын хабарлады. *GMC* компаниясы содан кейін бұл ұсынысты қабылдап және шарт талаптарын бұзғаны үшін сотқа шағымданды. Сот *GMC* компаниясының ұсынысты қабылдағаны келісімшарт құрылды дегенді білдіреді. *GMC* компаниясы Куиннге бір аптаға ұсынысты сақтау үшін кепілдік төлегені үшін Куиннге ұсынысты өзгертуге рұқсат етілмейді деп шешті. Куиннің басқа біреуге жерін сатуы келісімшартты бұзған болып саналады.

ЕСКЕРТУ!

Ұсыныс иесі тіпті белгілі бір уақыт кезеңіне дейін ұсынысты сақтауға уәде берсе де, егер үміткер (ұсыныс жасалатын тұлға) ашық ұсынысты сақтауға кепілдік төлемесе, ұсыныс жасаушы кез келген уақытта өз ұсынысын кері қайтаруға құқылы.

Монтефиоренің Ramsgate Victoria Hotel Co Ltd компаниясына қарсы талап арызы (1866) LR 1 Ex 109

8 маусымда Монтефиоре *RVH* компаниясына акция сатып алуға ұсыныс жасады. 5 айдан астам уақыт өткеннен кейін 23 қарашада *RVH* компаниясы Монтефиореге ұсынысты қабылдағанын және бұл оның акцияларды қашан сатып алатынына байланысты екенін Монтефиоре хабарлап хат жазды. Монтефиоре төлеуден бас тартты және *RVH* компаниясы келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін сотқа шағымданды. Сот келісімшарт жоқ, өйткені ешқандай келісім болмаған деп шешті. Монтефиоренің ұсынысы *RVH* компаниясы оны қабылдағаннан бұрын жойылды, өйткені ақылға қонымды мерзім өткеннен кейін ұсыныстың күші жойылады.

Ақпарат алу үшін сұрау салу

Ұсынысты қабылдау мен ақпарат алу талаптарының айырмашылығын ажырату маңызды болып табылады. Мысалы, Джин электрондық пошта арқылы Джонниге пицца пешін 8000\$ сатуын сұраса, Джин Джоннидің тауарын сатып алуға ұсыныс жасаудан гөрі ақпарат сұрағаны көбірек ықтимал.

Сол сияқты ақпарат беру өтінішіне жауап ұсыныс емес. Егер Джонни Джинге электрондық поштамен төменгі баға 10000\$ деп жауап берсе, мұның Джоннидің пешті сол бағаға сату ұсынысы болуы екіталай⁴.

⁴ *Harvey v Facey* [1893] 1 AC 552; [1893] UKPC 1.

Жарнамалау, жарнамалар

Теледидар, журналдар, плакаттар және Интернеттегі көптеген жарнамаларда «ұсыныс» сөзі пайдаланылғанына қарамастан, жарнамалар ұсыныс емес. Жоғарыда түсіндірілгендей, ұсыныс бірден ұсыныс бағытталған адаммен шарт жасасуға дайын екендігін білдіру болып табылады. Джонни жариялаған әрбір жарнама заңды ұсыныс болса, жарнамаға жауап беру арқылы ұсынысты қабылдаған әрбір адаммен бірден шарт жасасу болар еді және жарнамаланған тауар, өнім сатылады, ал сатып ала алмаған адамдармен келісімшартты бұзған болар еді.

Жарнамалар әлемге кеңінен ұсыныс жасаудан гөрі «сатып алуға шақыру» деп са-



налады. **Ұсыныс жасауға шақыру** басқа тұлғаға тауарды ұсыну үшін шақыру болып табылады. Егер Джонни теледидардан вегетариандық пиццасын жарнамалайтын болса, бұл жарнама жұртшылықты мейрамханаға келіп, пиццаны сатып алуға ұсыныс жасайтын сатып алуға шақыру болып табылады. Тұтынушы ұсыныс жасайды және ол ұсынысты қабылдау-қабылдамау Джонниге байланысты болады. Джонни тұтынушының ұсынысын қабылдағанға дейін Джонни мен тұтынушылар арасында ешқандай заңды келісімшарт болмайды. Бұл ереже өнімді сатып алу мен сату мәмілесіне қатысты қолданылады.

Осы жалпы ережеден тыс жағдайлар да кездеседі. Кейде жарнама тұжырымы (яғни, жарнама әлемге ұсыныс болып табылады) шын мәнінде, жарнамаланатын ұсынысты қабылдағанда бірден заңды келісімшарт жасасуға дайын екенін түсінікті етеді. Мысалы, қоймада өнімнің тек белгілі бір саны бар екенін және бұл өнімдерді бірнеше тұтынушыларға ғана сатуға жететіні туралы мәлімдегенде, жарнама ұсыныстан гөрі сатып алуға шақыруды білдіреді.

Көпшілік жарнамалар сияқты каталогтар мен баға тізімдері ұсыныстарға қарағанда сатып алуға шақыруды білдіруі мүмкін.⁵

Дүкеннің терезесіндегі немесе дүкен сөрелерінде көрсетуге қойылған өнімдер ұсыныстан гөрі сатып алуға шақыру болып табылады. Бұл тұтынушы тауарды сатып алуды ұсынғанға дейін және кассир ұсынысты қабылдағанға дейін келісімшарт болмайды дегенді білдіреді.⁶ Бұл көзқарас қарапайым түсінікті туғызады. Егер көрсетуге қойылған өнім шынымен ұсыныс болса және тұтынушының сөреден өнімді алуы ұсынысты қабылдаған болса, тұтынушыларға өз ойын өзгертіп, сөреге өнімді қайтаруға рұқсат етілмейтін мезетте келісім шарт құрылады. Бұл анық орынсыз және жанасымсыз.

ұсыныс жасауға шақыру – ұсыныс жасауға басқа тұлғаны шақыру.

⁵ *Partridge v Crittenden* [1968] 1 WLR 1204.

⁶ *Pharmaceutical Society of Great Britain v Boots Cash Chemists (Southern) Ltd* [1953] 1 QB 401 (see chapter 3).

Карлилдің *Carbolic Smoke Ball Co* компаниясына қарсы талап арызы [1893] 1 QB 256

Carbolic Smoke Ball Co (CSBC) компаниясы өздерінің «Carbolic Smoke Ball өнімі кеудеге, басқа, өкпеге суық тию, жөтел, қабыну, демікпе, бронхит, дауыстың қарлығы, дауыстың жоғалуы, тамақ, көмей, керендік, қорыл, көз ауруы, тұмау, поллиноз, жарма, бас ауруы, көкжөтел және невралгия ауруларын емдеуге оң нәтиже беретініне уәде ететін жарнама берді. Одан әрі эпидемиялық тұмау, суық немесе суықтан туындаған кез келген аурудың ұлғаюына қарсы көрсетілген нұсқамаға сәйкес күнделікті үш рет түйіршікті екі апта пайдаланған кез келген адам байланыс жасаса, (*CSBC*) компаниясы £100 сыйақы төлеуге және «біздің ісіміздің адалдығын көрсетіп, £1000 *Regent Street* Альянс Банкінде сақталады» деп уәде етті. Карлил ханым нұсқамаға сәйкес өнімді пайдаланды (бәлкім, бұл таңқаларлық емес шығар), бірақ тұмаумен ауыра берді. Алайда, ол сыйақы талап етіп, *CSBC* компаниясымен байланысқан кезде олар заңды түрде міндетті емеспіз деп сыйақы төлеуден бас тартты. Карлил ханым 100£ сыйақы талап етіп, компанияның уәдесін бұзғаны үшін сотқа шағымданды. Сот Карлил ханым мен (*CSBC*) компаниясының арасында келісімшарт болған, болмағанын қарады. Келісім болғанын анықтауда сот жарнама жай ғана сатып алуға шақыру емес деп шешті. Бұл әлемге заңды ұсыныс жасау болды, себебі жарнамада (*CSBC*) компаниясы сыйақы ұсынысын қабылдаған кез келген адаммен құқықтық қатынастарға түсуге дайын екені айқын тұжырымдалған.

5.2-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Газет, журнал немесе Интернеттен қарап, мына жарнамаларға мысал келтіріңіз:

1. сатып алуға шақыру жарнамасы;
2. заңды ұсыныс жарнамасы.

5.3-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Егер сіз әнді iTunes- арқылы жүктесеңіз және төлесекіз, кім ұсыныс жасаушы және кім ұсыныс қабылдаушы болады?

Аукциондар мен тендерлер

Аукционда, конкурстық өтінімдерге шақыру тауарды ұсынуға шақыру болып табылады.⁷ Сауда-саттыққа қатысушылар үміткерлер мен аукционшы сатушының атынан ұсынысты қабылдағанша ешқандай келісім және келісімшарт болмайды. Бұл егер аукцион «резервсіз» болса (яғни өнімді сату үшін сатушы міндетті болмас бұрын қол жеткізуге тиісті ең төменгі бағаның болмауы) және аукционшы жоғары бағамен сатудан бас тартса, келісімшартты бұзғаны үшін аукционшыны сотқа бере алмайды дегенді білдіреді. Алайда, мұндай жағдайларда сот аукционшы жоғары бағамен сатады және аукционшының келісімшартты бұзғаны үшін сотқа шағымдануға болады деген мақсатта аукционшы мен барлық сауда-саттыққа қатысушылардың арасында іс жүзінде **қосымша келісімшарт** деп аталатын екінші келісімшарт бар деп шешуі мүмкін.

⁷ *Payne v Cave* (1789) 3 TR 148; 100 ER 502.

Тендерге шақыру жарнамасы ұсыныс жасауға шақыру болып табылады.⁸ Тендерге тауар ұсынған тұлға ұсыныс жасайды. Тендерге шақырылған тұлға ол ұсынысты қабылдауы да қабылдамауы да мүмкін. Тағы да, егер қашан да ең жоғары/төменгі тендерлік баға қабылданатынын мәлімдейтін тендерге шақырылғанда, ең жоғары/төменгі тендер қабылданбаса, бұл қосымша келісімшартты бұзу болады.

Керісінше, ұсыныс жасауға шақыруға қарағанда, мұндай билет машинасы немесе суын машинасы сияқты сауда автоматтары машинасы иесінің тұрақты ұсынысы делінеді. Тұтынушы машинаға күміс ақша салып, тандау жасаған кезде ол ұсынысты қабылдайды және бұл келісімшарт құрылатын сәт болып табылады.⁹

қосымша келісімшарт – негізгі келісімшарт жасауды қарастыратын жанама келісімшарт.

Смиттің Томасқа қарсы талап арызы (2007) 71 NSWLR 537

Томас eBay онлайн сайтындағы аукциондық сатылымға антикварлық атқыш ұшақты тіркеді. Шекті (төменгі) бағасы 150000\$ болды. Сауда-саттыққа қатысушылар үшін 275000\$ тұратын «buy now (қазір сатып алыңыз)» опциясы болды. Аукцион жабылудан 20 секунд бұрын 150000\$ бағаға ұсыныс берген жалғыз сатып алушы Смит болды. Смит eBay сайтынан стандартты хабар алды: «Құттықтаймыз, зат сіздікі, енді ақшасын төлеуіңізді сұраймыз». Алайда Томас ешқандай келісімшарт болмағанын айтып, ұшақты ол бағаға сатудан бас тартты: eBay сайтындағы тіркеме ұсыныс болды. Смиттің бағасы ұсыныс болды, Томас ұсынысты қабылдаған жоқ. Сот келісімшарт болды деп шешті. Томас eBay сайтындағы аукциондық сатылымға антикварлық атқыш ұшақты сатып алуға тіркелгенде, ол eBay сайтының шарттарымен келісті және соған сәйкес, аукцион аяқталмас бұрын резервтік бағамен немесе жоғары ставка берген тендерге қатысушымен келісімшарт жасасуға міндетті болды. Дәстүрлі аукционнан айырмашылығы онлайн аукционда тіркелу ұсыныс жасауға шақыру емес, ұсыныс болып табылады. Томас резервтік бағамен Смитке ұшақты сатуға міндетті болды.

5.4-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сіз киноға барғанда кім ұсыныс жасайды және кім ұсынысты қабылдайды?

Ұсыныс қабылдау

Ұсынылатын шарттар бойынша ұсыныс жасалатын тұлға ұсыныс жасаған тұлғамен тез арада заңды орындалатын келісімшарт жасасуға дайын екенін ауызша немесе іс-әрекетпен көрсеткенде, оны **ұсынысты қабылдау** дейді.

Қабылдаудың жарамдылығын анықтауда мынадай ережелер мен нұсқаулар көмектеседі.

ұсыныс қабылдау – ұсынылатын шарттар бойынша ұсыныс жасалатын тұлға ұсыныс жасаған тұлғамен тез арада заңды орындалатын келісімшарт жасасуға дайын екенін сөзбен немесе іс-әрекетпен білдіруі.

⁸ *Spencer v Harding* (1869-70) LR 5 CP 561.

⁹ *Thornton v Shoe Lane Parking* [1971] 2 QB 163.



Ұсыныс жасалатын тұлға

Тек ұсыныс жасалған адам ғана ұсынысты қабылдай алады. Мысалы, егер Джонни өзінің пицца пешін сату туралы Джинге ұсыныс жасаса, Сюэ (**үшінші тарап**) ұсынысты қабылдауға тырысса, Сюэнің ұсынысты қабылдауға тырысуы Джоннидің ұсынысты қабылдауы да, қабылдамауы да мүмкін, Сюэнің Джонниге жасаған ұсынысынан басқа артық ештеңе емес.

Жоғарыда айтылып кеткендей, ұсыныс бұл жағдайда кез келген адамдар тобына, адамдар тобы ішіндегі бір адамға немесе кез келген адамға немесе соңғы жағдайда ұсынысты қабылдай алатын кез келген адамға, тіпті «үлкен әлемге жасалуы мүмкін.

үшінші тарап – мәмілеге немесе келісім шарт тараптарының өзара қарым-қатынасына қатысты емес, бөгде тұлға.

Бекітілмеген қабылдау

Ұсыныс жасалған тұлға бекітілмеген ұсынысты қабылдауы керек. Ұсыныс жасалған адам кез келген тәсілмен ұсыныс шарттарын өзгертсе, онда олар ұсынысты қабылдамайды. Керісінше, олар **қарсы ұсыныс** деп аталады. Мысалы, Джин мен Джоннидің арасындағы мынадай мәтіндік хабарлама алмасуды қарастырайық:

Джонни: «Сіз менің пешімді 10000\$ сатып аласыз ба?»

Джин: «Иә, бірақ мен тек 9000\$ төлей аламын.

Бұл мысалда ешқандай келісім мен келісімшарт жоқ, өйткені Джоннидің ұсынысын Джин қабылдаған жоқ, Джин Джоннидің ұсынысын қабылдауы да қабылдамауы да мүмкін. Келіссөздер ұсыныстан, қарсы ұсыныстан немесе т.б. тұрады. Бір тарап басқа тараптың алдыңғы ұсынысын қабылдағанша, тараптардың ешқайсысының заңды міндеттемесі болмайды. Мұндай бастапқы ұсыныс кейіннен қабылданбайды, себебі қарсы ұсынысты қабылдау тиімді бастапқы ұсыныстан бас тарту болып табылады.

Қарсы ұсыныс жасау бастапқы ұсыныстан тиімді бас тарту, осының нәтижесінде бастапқы ұсыныс қабылдана алмайды.¹⁰ Ақпарат алуға өтініш білдіру ұсыныс болып есептелмейтіндіктен, ұсыныс жауап берудегі қосымша ақпарат алу өтініші қарсы ұсыныс емес.¹¹

қарсы ұсыныс – ұсыныс шарттарын өзгертетін, сондықтан өзі жаңа ұсыныс болып табылатын ұсынысқа жауап.

Ұсынысты қабылдағанын хабарлау

Ұсыныс жасалған адам ұсыныс жасаушы адамға ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлағанға дейін толық келісім болмайды.

Бұл, сондай-ақ, келісімді жүзеге асыру үшін ұсыныс жасалған адам өздерінің

¹⁰ *Hyde v Wrench* (1840) 3 Beav 334; 49 ER 132.

¹¹ *Stevenson, Jaques & Co v McLean* (1880) 5 QBD 346.

қабылдағаны туралы ұсыныс жасаушыға тиімді хабарлағанын көрсетуі керек екенін білдіреді. Бетпе-бет келіссөздерде бұл әдетте алаңдаушылық туғызбайды, бірақ тараптар қашықтықта келіссөздер жүргізгенде, ұсыныс жасалған адам іс жүзінде өздерінің ұсынысты қабылдағаны туралы ұсыныс жасаушыға хабарлағанын белгілеу қажет болады. Егер ұсыныс жасаушы тұлға ұсыныс қабылданғаны туралы хабарлануы тиіс екенін көрсетсе, жедел түрде осылайша немесе жай ғана баламалы түрде хабарланбаса және ұсыныс жасаушыға ұсыныс тиімді болмаса, қабылдау жарамды болмайды.¹² Мысалы, егер Джонни Джинге ұсыныс жасаса және жауапты электрондық пошта арқылы Джинге хабарласа, Джонниге хат жіберу арқылы емес, тікелей телефон арқылы өзінің қабылдағанын хабарласа, ұсыныс тиімді қабылданады. Егер Джонни жауап тек электрондық пошта арқылы хабарлануы мүмкін екенін көрсетсе, Джин өзінің қабылдағанын осы жолмен хабарлауы керек.

Ұсыныс жасаушы ұсынысты қабылдау талабынан бас тарта алады, бірақ жауап алмауды ұсынысты қабылдау деп талап ете алмайды.¹³ Мысалы, егер Джонни пицца пешін Джинге 10000\$ сатуға ұсынса және Джонни Джинге кешкі сағат 5-ке дейін хабарласпаса, Джин оның ұсынысын қабылдады деп болжайтынын айтса, егер Джонни пешті сатудан бас тартса, Джин әлі келісімді орындауы мүмкін, бірақ Джин төлеуден бас тартқан жағдайда, Джонни келісімді орындай алмайды.

Пауэлдің Лиге қарсы талап арызы (1908) 24 TLR 606

Пауэл мектеп директоры қызметіне өтініш берді. Мектеп кеңесі Пауэлді тағайындауға шешім қабылдады, бірақ шешімі туралы оған бірден хабарлаған жоқ. Басқарма мүшесі басқарма органының келісімінсіз оның ұсынысын қабылдағанын Пауэлге айтты. Басқарма кейіннен өз шешімін өзгертті және директорлыққа басқа адамды тағайындады. Пауэл басқармамен келісімшарт жасалды деп пайымдап, оны бұзғаны үшін басқарманы сотқа берді. Сот Пауэл мен басқарма арасында келісім болған жоқ деп шешті. Басқарма ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлаған жоқ және ұсыныстың қабылданғандығы туралы ұсыныс жасаушыға хабарлағанға дейін келісім құрылмайды. Басқарма органының келісімінсіз кеңес мүшесінің әрекеті жарамсыз болды.

5.5-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Неге ұсыныс жасаушы ұсынысқа жауап алмауды ұсынысты қабылдау деп талап ете алмайды?

Ұсыныс жасалатын адам ұсыныс жасаушыға ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлау талаптарының ережеден тыс үш маңызды ерекшелігі бар.

Біріншісі – тараптар арасында тұрақты коммерциялық қарым-қатынас бар жерде болады. Осындай жағдайларда бұрын қабылданған ұсыныстарға ұқсас және бұрын жауапсыз қабылданатын ұсынысқа жауап болмауы ұсынысты қабылдағандықты көрсетеді және кез келген тарап келісімді орындай алады.¹⁴

¹² *Tinn v Hoffmann & Co* (1873) 29 LT 271.

¹³ *Felthouse v Bindley* (1862) 11 CB NS 869; 142 ER 1037.

¹⁴ *Boyd v Holmes* (1878) 4 VLR(E) 161.

Екінші ерекшелік біржақты келісімшарттарға қатысты. Біржақты келісімшарт ұсыныс жасалатын тараптың қабылдауы мен орындауы екеуі де бір нәрсе. Біржақты келісімшарттың ең жақсы үлгісі сыйақы ұсынысы болып табылады: егер Эш кімде-кім оның жоғалған мысығын тауып берсе, оған сыйақы ұсынатыны туралы хабарлама берсе және Джиннің мысықты табуы және қайтаруы – екеуі де өз тарапынан мәмілені орындауы және ұсынысты қабылдауы болып табылады. Джинге ұсынысты орындамас бұрын оны қабылдағанын хабарлау қажет емес.

Карлиллдің Carbolic Smoke Ball Co компаниясына қарсы талап арызы [1893] 1 QB 256

(Осы сот ісі сипатталған фактілерді алдыңғы беттерден қараңыз) *CSBC* компаниясы, тіпті, егер өздері жарнамалаған сыйақы ұсыныс болғанда да Карлилл ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлаған жоқ. Сот бұл біржақты келісімшарт болғандықтан, оны орындаудан бұрын ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлаудың қажеті жоқ деп шешті. Карлилл ханым темекі шарын сатып алу мен нұсқамада көрсетілгендей пайдалану арқылы ұсынысты қабылдады және осы жеткілікті болды.

P-дың Кларкке қарсы талап арызы (1927) 40 CLR 227

Батыс Австралия үкіметі екі полиция қызметкерін өлтірген адамға іздеу салып, оны ұстаған және ол туралы ақпарат ұсынатын кез келген адамға 1000£ сыйақы ұсынды. Осы қылмыстық іс бойынша Кларк қамауға алынды және кісі өлтіргені үшін айыпталды, кейіннен ол кісі өлтіруге кінәлі басқа адамды қамауға алуға ақпарат берді. Кларк қамаудан босатылды және ол сыйақы талап етті. Сот заңды түрде оның сыйақы алуға құқығы жоқ деп шешті. Сыйақы заңды ұсыныс болды, бірақ Кларк ақпаратты ұсынғанда, ол ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлаған жоқ; ол өз басын арашалау үшін осындай әрекет жасады; Кларк полицияға ақпарат берген кезде сыйақы туралы ұмытып кеткенін мойындады. Сот ұсынысқа сүйеніп әрекет ететін жағдайларды қоспағанда, адам әрекеті арқылы ұсынысты қабылдай алмайды деп түсіндірді.

Адамстың Линдселлге қарсы талап арызы (1818) 1 B & ALD 681 емес сияқты; 106 ER 250

Линдселл 2 қыркүйекте жіберілген хатта Адамсқа тауарларын сатуға ұсыныс жасады. Хаттың жолданған мекен-жайы дұрыс көрсетілмеді және Адамс 5 қыркүйекке дейін хатты алған жоқ. Адамс бірден ұсынысты қабылдағаны туралы хат жазды. 8 қыркүйек күні Линдселл Адамс хатқа жауап бермеді деп ойлап, тауарды басқа біреуге сатты. Линдселл 9 қыркүйекте Адамстың ұсынысты қабылдағаны туралы хабар алды. Адамс Линдселлдің келісімшартты бұзғаны туралы сотқа шағымданды. Сот Адамс пен Линдселл арасында келісімшарт болды деп шешті: Адамс ұсынысты 5 қыркүйекте қабылдады және келісімшарт сол күні құрылды.

Үшінші ерекшелік жүргізілетін шарттық келіссөздерге қатысты. Ұсыныс жасаушыға пошта арқылы жауап беретін жағдайлар ақылға қонымды болса, онда ұсыныс жасалған адамның қабылдауы тиімді болып табылады және ұсыныс жасаушы хатты алған уақытта емес, ұсыныс жасалған тұлғаның қабылдауы туралы хат жіберген сәтте келісімшарт құрылады.¹⁵ Бұл, әдетте, пошталық ереже ретінде белгілі. Пошталық ереже бойынша хат поштада кешіксе де және ұсынысты қабылдау хатын ешқашан алмаса да, ұсыныс қабылданды деп есептеледі.

Пошталық ереже тек қабылдауға қатысты қолданылады; ол ұсыныс пен оның күшін жоюға қатысты қолданылмайды.¹⁶ Мысалы, 1 наурызда Джонни Джинге 10000\$ пицца пешін сатып алуын ұсынып хат жіберді. 2 наурызда Джонни Джинге өзінің ойын өзгерткенін айтып, ұсыныстың күшін жою (ұсынысты кері қайтару) туралы қайта хат жазды. Джин ұсыныс хатты 3 наурызда алды және дереу ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлап, қайта хат жазды. 4 наурызда Джин ұсынысты кері қайтару туралы хат алды және Джонни 5 наурызда ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлайтын хат алды. Джонни мен Джин арасында келісімшарт бар ма? 3 наурызда Джин ұсынысты қабылдағаны туралы хабарлайтын хатты жіберген кезде ұсынысты қабылдау болды. Ұсыныстың күшін жою 4 наурызға дейін Джинге ұсыныстың күшін жою хаты келіп түскенге дейін болған жоқ. Сондықтан ұсыныс оны қайтарып алудан бұрын қабылданды, қайтарып алу тиімсіз болды және келісімшарт 3 наурызда құрылды.

5.6-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Пошталық ереже қалай дәлелденуі мүмкін? Өз жауабыңызда соттардың келісімшарттарды жарамсыз деп танудан гөрі орындауға дәстүрлі артықшылық беретінін қарастырыңыз.

Ғаламтор ереже тек пошта байланысы мен жеделхаттарға қатысты қолданылады. Ол телефон қоңыраулары мен факстер сияқты лездік байланыс әдістеріне қолданылмайды.¹⁷ Егер ұсынысты қабылдау осы әдістердің бірімен жіберілген болса, онда ол тиімді емес және ұсыныс жасаушы ұсынысты қабылдауды іс жүзінде алғанға дейін келісімшарт болмайды.

Интернет немесе электрондық поштаны пайдалануға болатындығы немесе болмайтындығы туралы мәселе – лездік байланыс әдісі, сондықтан пошталық ереже шеңберінен тыс соттардан әлі анық жауап алынған жоқ. Алайда, пошталық ереженің ғаламторға немесе электрондық поштаға қатысты қолданылмауы және ұсынысты қабылдаудың электрондық байланыс арқылы алынуы тиіс екендігі тиімді деген көзқарас дұрысырақ.

Ұсыныс жасаушы өзі тікелей ұсыныс жасаған тұлғаның ұсынысты қабылдағанын іс жүзінде алуы тиіс екені тиімді болатынын көрсете отырып, пошталық ережені ескермеуді таңдай алады.

біржақты келісімшарт – ұсыныс жасалатын адам бір әрекет арқылы ұсыныс жасау мен орындау іске асырылатын келісімшарт шарты.

пошталық ереже – ұсыныс жасалған адамның қабылдауы тиімді болады, ол ұсынысты қабылдау туралы хабарды тез арада хатпен жіберген сәтте келісімшарт құрылады.

15 *Henthorn v Fraser* [1892] 2 Ch 27, 33.

16 *Byrne & Co v Leon Van Tienhoven & Co* (1880) 5 CPD 344.

17 *Brinkibon Ltd v Stahag Stahl Und Stahlwarenhandels-gesellschaft mbH* [1983] 2 AC 34.



Онлайнда келісім жасау

Ғаламтор уақыт, географиялық айырмашылықтар мен ұлттық шекараларға қарамастан тұтынушылармен кәсіпкерлік келісімдер жасауды жеделдетті. Тараптар электрондық хаттар алмасу арқылы онлайн келісімін жасай алады. Сайттар тұтынушылардың онлайн тапсырыс нысанын толтыру және жіберу арқылы сатып алуға болатын тауарларды немесе қызметтерді жарнамалауы мүмкін.

Қай кезде онлайн келісімі жасалады?

Егер веб-сайт арқылы тұтынушы тауарлар немесе қызмет көрсетуге тапсырыс берсе, тапсырыс алынған уақытта тез арада келісімшарт құрыла ма? Веб-сайттың жарнама ретінде қарастырылуы ықтимал (яғни ұсыныстан гөрі ұсыныс жасауға шақыру) және тұтынушының ұсынысын қабылдағанша, заңды түрде орындалатын келісімшарт құрылмайды. Алайда, заңды тұрғыда өнімдердің сипаттамасы ұсыныстар емес екенін ұсыныс жасаушы өз сайтында көрсететін қосымша сақтық шараларын жасауға және тұтынушылар тапсырыс бергенде келісімшарт құрылмас бұрын ұсыныс жасаушының ұсынысты қабылдауы керектігіне кеңес беріледі. Ұсыныс жасаушы ұсынысты қабылдағанда және ұсыныстың қабылданғанын тапсырыс беруші алғаннан кейін келісімшарт құрылады.

Электрондық хабарлама электрондық пошта сияқты қай кезде «қабылданады»? 14А (Дст) 1999 жылғы Электрондық Мәмілелер Актісі және мемлекеттік электрондық операциялар заңнамасының балама бөлімдерінде электрондық байланыстың негізгі ережелері белгіленген. Бұл ережелер ұсынысты қабылдаушы оны жіберушіге электрондық хабарды ақпараттық жүйенің нақты бір түріне жіберуін сұрау, сұрамағандығына байланысты. 14А (1) заңнама тармағында қабылдаушы электрондық мекенжай көрсетілгенде, және хабарлама электрондық мекен-жайға жіберілгенде және хабар алушыға мүмкін болған кезде хабарлама «алынады» деп баяндалған. 14А (2) заңнама тармағында барлық басқа жағдайларда электрондық хабарламаны қабылдаушы алу мүмкіндігі болған кезде және қабылдаушы электрондық хабарлама нақты мекенжайға жіберілгендігін білген кезде «электрондық хабарлама алынады» делінген. «Білу» термині іс жүзінде қабылдаушы электрондық хабарламаны оқуы тиіс дегенді білдірмейді: хабарлама бар екендігін білетін немесе білуі тиіс жағдайларда хабарламаның болуы хабарлама алынды деп есептеледі. Мысалы, қабылдаушы хабарламаның өзінің электрондық пошта жәшігінде бар екенін білсе, бірақ оқудан бас тартса, хабарлама алынды деп есептеледі.

Онлайн келісімдері қайда түзіледі?

Юрисдикция онлайн келісімшартына қатысты құқықтың ең күрделі және түсініксіз салаларының бірі болып табылады. Онлайн келісімі әртүрлі елдерде тұратын кәсіпкерлік пен клиент арасында болса не болады? Онлайн келісімі бойынша дау туындаған жағдайда құқықтық дауды шешуде қай елдің заңы қолданылады? Тиісті юрисдикцияға қатысты тараптар арасында экспресс келісім болмаған жағдайда, егер келісім Австралияда құрылса, онда дау тек Австралия заңнамасы бойынша шешілуі

мүмкін. Сондықтан, ең маңызды мәселе келісімнің қайда құрылғанына байланысты болады. Әдетте келісімшарт ұсыныс қай жерде қабылданса, сол жерде құрылған болып есептеледі. Австралия кәсіпкерлік заңнамасына сәйкес, тұтынушылар өзінің ұсынысты қабылдауын жіберу арқылы шетелдік тапсырыс берушінің ұсынысына жауап берсе, онда келісімшарт тапсырыс берушінің юрисдикциясында құрылатын болады.

Кәсіпкерлік дау туындаған жағдайда қай елдің заңы қолданылатынын келісімшартта көздеу арқылы юрисдикция мәселесі туралы белгісіздікті болдырмайды және болдырмауы тиіс. Көпшілік онлайн келісімшарттарында келісімшарт шарттарына ықпал ететін кәсіпкерлік болады. Егер келісімшарт сайт арқылы жасалса, кәсіпкерліктің мәмілені басқаратын шарттарға арналған арнайы беті болуы тиіс. Сол шарттарға тиімді сүйену үшін сол талаптарды қарап шықпай, тұтынушыға өнімді сатып алуды ұсыну мүмкін емес, сондықтан сайт жақсы ұйымдастырылуы тиіс. Шарттар парақшасында тұтынушылардың сол шарттарды оқуға және олармен келісуге мүмкіндігі бар екенін білдіретін растау түймесі болуы тиіс. Егер келісімшарт электрондық пошта арқылы жіберілсе, онда кәсіпкерліктің электрондық поштасында шарттар болуы тиіс. Екі жағдайда да тапсырыс берушінің юрисдикциясы емес, кәсіпкерлік мәмілесін реттейтін, құқық юрисдикциясын анықтайтын «юрисдикция пунктін» қамтуы тиіс.

Шартты келісімдер

Кейде тараптар келіссөздерді аяқтаған, келісімге қол жеткізген болып шығады, бірақ олар келісімнің тікелей шартты екеніне анық келіскендігін білдірді.

Егер тараптар келісім белгілі бір оқиға орын алғанға дейін заңды түрде бекітілмейтінін көрсетсе, ол **жағдай прецеденті** ретінде белгілі. Мысалы, егер Джин келісім жасалған күннен бастап жеті күн ішінде банктен несие ала алса, Джонни мен Джин арасындағы Джоннидің пицца пешін Джинге сату туралы келісімі шартты болуы мүмкін. Джин несие алғанға дейін келісім шартты болады. Джиннің шартты қанағаттандыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті екенін ескеріңіз.

Егер жағдай прецеденті келісімнің белгілі бір орындалу уақытын көрсетпесе, ол ақылға қонымды уақыт ішінде орындалуы тиіс.¹⁸

Егер тараптар келісімнің тез арада орындалу уақытын көрсетсе, бірақ ол белгілі бір оқиғаның болуына байланысты тоқтатылатын болса, бұл **кейінгі жағдай тоқтататын шарт** ретінде белгілі. Оның орындалуы тиіс нақты уақыты көрсетілмесе, мысалы, Джонни мен Джин арасындағы Джоннидің пицца пешін Джинге сату туралы келісімі Джиннің өз кәсіпкерлік қызметінен шығарылмағандығына байланысты шартты болуын білдіруі мүмкін, егер Джинді қызметтен босатса, келісімнің орындалуы тоқтатылады және аяқталады.

жағдай прецеденті – Белгілі бір оқиға болғанға дейін келісім тоқтатылатынын мәлімдейтін келісім шарты.

кейінгі жағдай тоқтататын шарт – Келісім тез арада орындалуы керек, бірақ белгілі бір болатын оқиғаға байланысты тоқтатылатынын мәлімдейтін келісімшарты.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

¹⁸ *Perri v Coolangatta Investments Pty Ltd* (1982) 149 CLR 537.

- 5.4 Келісім деген не және келісімге қашан қол жеткізілетінін нақты білу неліктен маңызды болып табылады?
- 5.5 Ұсыныс деген не және ұсыныс қалай жасалуы мүмкін?
- 5.6 Ұсынысты қабылдау, қабылдамау және ұсынысты кері қайтарудың арасындағы айырмашылықтарды түсіндіріңіз.
- 5.7 Қандай жағдайларда ұсынысты сақтау уәдесі орындалады?
- 5.8 Қай кезде ұсыныс жойылады?
- 5.9 Ұсыныс пен ақпарат беру өтініші арасындағы айырмашылық неде?
- 5.10 Ұсыныс пен ұсыныс беруге шақыру арасындағы айырмашылық неде?
- 5.11 Осы пункттердің қайсысында келісімшарт құрылады:
 - (а) тауарларды супермаркеттен сатып алғанда;
 - (ә) аукционнан тауар сатып алғанда;
 - (б) тендер арқылы тауарлар сатып алғанда.
- 5.12 Ұсыныс қабылдау деген не және кім ұсыныс қабылдай алады?
- 5.13 Ұсыныс қабылдау мен қарсы ұсыныстың арасындағы айырмашылық неде?
- 5.14 Қай кезде ұсынысты жауапсыз қабылдау болады?
- 5.15 Қандай жағдайда, тіпті ұсыныс берушіге хабарланбаса да, қабылдау жарамды болады?
- 5.16 Пошталық ереже деген не және ол қашан қолданылады?
- 5.17 Шартты келісім деген не?
- 5.18 Шарт прецеденті мен кейінгі жағдай тоқтататын шарт арасындағы айырмашылық неде?

2-талап: мүдде

Кезек келісімшарт емес. Егер Джонни Сэмге жұмыс ұсынса және Сэм ұсынысты қабылдаса, Джонни мен Сэм арасындағы келісім келісімшарт болуы мүмкін. Бірақ, егер Джонни түскі тамақ ішу үшін Эшке кездесуді ұсынса, ал ол ұсынысты қабылдаса, Джонни мен Эш арасындағы келісім келісімшарт емес, өйткені олар келісімнің заңды түрде орындалуын көздемеді. Бұл келісімшарттың екінші талабы: келісімшарт тараптары заңды түрде оның бекітілуіне, орындалуына мүдделі болуы керек.

Екінші талап қанағаттандырылуы, қанағаттандырылмауын шешуде сот тараптардан олардың іс жүзінде нені талап ететінін сұрамайды. Керісінше, сот тараптардың әрекетіне объективті байқаушы тұрғысынан қарайды және тараптардың заңды түрде бекітілуі үшін келісімнің көрсетілген жолмен әрекет еткенін сұрайды.

Алғышарттар

Жоғарыдағы мақсатты тесті қолдануда соттар дәстүрлі түрде:

1. әлеуметтік немесе ішкі келісімдерге;
2. коммерциялық келісімдерге қатысты екі маңызды алғышарт жасады.

Әлеуметтік немесе ішкі келісімдер

Бірінші алғышарт егер келісім әлеуметтік немесе ішкі контексте жасалса, келісімшарт заңды түрде орындалуға арналмаған. Басқаша айтқанда, келісім әлеуметтік құрылымда екі достың арасында немесе ағасы мен қарындасы, күйеуі мен әйелі сияқты отбасы мүшелерінің арасында жасалса, сот бұл келісім келісімшарт болуға арналмаған деп тұжырымдайды.

Балфаур ханымның Балфаур мырзаға қарсы талап арызы [1919] 2 KB 571

Балфаур мырза мен ханым 1900 жылы үйленген еді. Олар некедегі алғашқы 15 жылын Цейлонда өткізді. Балфаурлар отбасы 1915 жылдың қарашасынан 1916 жылғы тамызға дейін демалыста Англияда болды. Демалыс соңына қарай ханым Балфаур ревматикалық артрит ауруын емдеуге Англияда қалуға кеңес алды. 1916 жылғы 8 тамызда Цейлонға қайтпас бұрын Балфаур мырза оған елге қайтқанша 30£ айлық жәрдемақы жіберуге келісті. Балфаур мырза кейінірек одан ажырасуды ұйғарады. 1918 жылы әйелі күйеуінен оның келісімі негізінде айына 30£ төлеуді талап етіп, сотқа шағымданды. Балфаур мырза мен Балфаур ханым арасындағы 1916 жылғы 8 тамызда жасалған келісім заңды міндетті уағдаластыққа қол жеткізді ме? Сот Балфаурлар арасындағы келісім заңды келісімшарт емес, бірақ жай ғана қарапайым отбасылық келісім деп шешті. Бұл келісім құқықтық қарым-қатынас құруды көздемеген және Балфаур ханым оның болжамды бұзылғаны үшін сотқа шағымдана алмайды деп шешті. Сот келісімнің заңды түрде міндетті болуына ешқандай мүдде болмаған, өйткені ерлі-зайыптылар арасындағы қарапайым отбасылық өзара байланыс контекстінде жасалған өзара уәделер әдетте заңды күші бар келісімшарт туындатпайтындығын ескереді. Басқа сөзбен айтқанда, егер орындамаса бір тараптың басқа тарапты шарттың талаптарын бұзғаны үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік алатын ешқандай мүдде жоқ.

Алайда, бұл достары мен туыстары бір-бірімен келісімшарт жасай алмайтын жағдай емес. Сот достары немесе отбасы мүшелерінің арасындағы келісім келісімшарт жасауға арналмаған деп тұжырымдайды, бірақ бұл жорамалды **теріске шығаруы** мүмкін. Бұл тараптардың бірі келісімнің ерекше жағдайларына сотты сендіруге ұмтылып, тараптар оның заңды түрде орындалуына ниеттенген болып шығады дегенді білдіреді.

теріске шығару – қайшы келу немесе басқаша дәлелдеу.

Уейклидің Риплиге қарсы талап арызы (1951) 51 SR (НЮУ) 183

Рипли Жаңа Оңтүстік Уэльстегі үлкен үйіндегі шаруашылыққа көмек қажет ететін әйелі қайтыс болған егде тартқан және дәулетті кісі болды. Ол кейін өзіне қарау үшін Англиядан Австралияға көшуге әпкесі мен оның күйеуін (Уейклилер) көндіруге тырысты. Ерлі-зайыпты Уейклилер Австралияға көшу Уейкли мырзаға Кембридж университетіндегі жұмысы мен зейнетақысын қалдыру сияқты айтарлықтай құрбандықтарға баруды талап ететінін Риплиге түсіндірді. Уейкли мырза болашақта оның отбасына не ұсына алатынын Риплиден растап алуға ұмтылды. 1945 жылдың мамыр айында Рипли көп ұзамай ерлі-зайыпты Уейклилерге олардың мүмкіндігінше тез арада келуін және өзі олардың меншігіне беретін үйге қатысты ақпарат беріп хат жазды. Ол 1945 жылдың қазан айында жылжымайтын мүліктің бір бөлігін қалдыратыны туралы мұрагерліктің көшірмесін қосып, тағы да хат жазды. Осы хат негізінде ерлі-зайыпты Уейклилер Австралияға көшуге келісті. Олар Англиядағы өз мүлкін сатты және Уейкли мырза Кембриждегі қызметінен шықты. Уейклилер 1947

жылдың басында Австралияға келді және осы жылы Риплимен бірге тұрды. Уейклилер мен Рипли арасында бірқатар түсінбестіктер туындауы Риплидің үйін сатып, өзінің мұрагерлік еркін өзгертуге алып әкелді. Ерлі-зайыпты Уейклилер олардың арасындағы болжамды шарт талаптарын бұзғаны үшін Рипли келтірген залалды қалпына келтіруді іздеп, оның үстінен сотқа шағымданды. Рипли мен ерлі-зайыпты Уейклилер арасындағы келісім заңды күші бар келісімшарт болды ма? Сот белгілі және міндетті келісімшарт болды деп шешті. Уағдаластықтарға қатысты тараптар арасындағы хат, сондай-ақ ерлі-зайыпты Уейклилер үшін көшудің маңыздылығы тараптардың арасындағы келісімнің заңды түрде міндеттілікке арналғанын көрсетті.

5.7-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Егер екі дос лотерея билетін сатып алып, ұтыс шыққан жағдайда жұлде ақшасын тең бөлісуге келіссе, бұл келісімді келісімшарт ретінде мәжбүрлеп орындату мүмкін бе?

Коммерциялық немесе іскерлік келісімдер

Екінші алғышарт, егер келісім коммерциялық немесе іскерлік тұрғыда жасалған болса, сот оны заңды түрде орындауға арналған деп тұжырымдайды.¹⁹

Келісімнің заңды түрде бекітілуіне ниетті емес екені коммерциялық келісім тараптарының әрекетінен анық екендігін дәлелдеу арқылы алғышартты жоққа шығару мүмкін болады. Мысалы, жазбаша коммерциялық келісім тек құрметке негізделген міндетке арналғаны туралы пункт болуы мүмкін.

Rose & Frank Co компаниясының JR Crompton & Brothers Ltd компаниясына қарсы талап арызы [1925] AC 445

Rose & Frank Co компаниясы *JR Crompton & Brothers Ltd* Ұлыбритания компаниялары шығаратын қағазды карбонизациялайтын тіндерді Құрама Штаттары мен Канадада сататын жалғыз агент болып тағайындалды. 1913 жылғы 8 шілдеде барлық үш тарап арасында жазбаша келісім жасалды. Келісім мерзімі 3 жыл болды. Келісімді тоқтатуға тараптар 6 ай бұрын хабарлама беріп, ескертуге тиіс болды. Келісімге мынадай «құрметті кепіл» тармақшалары енгізілді:

Бұл келісім немесе жазылған меморандум, ресми немесе заңды келісім, сондай-ақ Құрама Штаттардың немесе Англияның заңды юрисдикциясына жүгінуге емес, ол тек үш тараптың өзара адалдық пен достық ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылатын, олардың бір-бірімен бұрынғы іскерлік қарыс-қатынас тәжірибесіне негізделген, үш тараптың әрқайсысының абыройлы толық сенім кепілдігі міндетті болатын олардың жазбаша нақты мақсаты мен мүддесін білдіру болып табылады.

1918 жылы тамызда келісімде көрсетілген сол шарттар мен жағдайлар қалдырылып, ол 3 жыл мерзімге одан әрі жанартылды. Екінші мерзім 1920 жылы 31 наурызда аяқталуға тиіс болды. 1919 жылдың басында *RFC* компаниясының келісімшарттарын орындамауына қатысты дау туындады. *JRC* және *Brittains* компаниялары *RFC*

¹⁹ *Edwards v Skyways Ltd* [1964] 1 WLR 349.

компаниясының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін 1919 жылдың ортасында келісімді тоқтатты. *JRC* және *Brittains* компанияларының келісімді 6 ай бұрын ескертусіз тоқтатуы және *RFC* компаниясы өз міндетін орындамай *RFC*, *JRC* және *Brittains* компаниялары арасындағы бұзылған келісім заңды күші бар келісімшарт па? Сот *RFC*, *JRC* және *Brittains* арасындағы келісімнің заңды күші болған жоқ, өйткені келісімнің «құрметті кепілі» тармағы келісім құрметке ғана міндеттелетінін көрсетті. Нәтижесінде *JRC* және *Brittains* компаниялары келісімді тоқтату туралы заңды түрде 6 ай бұрын ескертуге міндетті емес, демек, келісімнің ескертусіз тоқтатылуы жарамды және тиімді деп шешті.

Кепілдік (растау) **хат** несиені өтеуге қарыз алушының қабілетін растауды қамтамасыз ететін үшінші тараптың хаты болып табылады. Хатты редакциялауға байланысты үшінші тараптың кепілдік хаты заңды уәде болуы мүмкін²⁰ немесе ол мүдде мен саясат мәлімдемесі ғана болуы мүмкін.²¹ Ақпараттың дұрыстығын растау үшін кепілдік хат несиені өтеуге қарыз алушының қабілеті туралы кредиторды қамтамасыз ететін үшінші тарапқа хат. 2002 жылы Жоғарғы сот осы екі алғышартты пайдалануға күмән келтірген болатын.

кепілдік хат – несиені өтеуге қарыз алушының қабілетін растауды қамтамасыз ететін үшінші тараптың хаты

Эрмогенестің Greek Orthodox Community of SA Inc компаниясына қарсы талап арызы (2002) 209 CLR 95

Эрмогенес 1970 жылдан 1993 жылға дейін Австралиядағы грек православян шіркеуінің архиепископы болды. Оның жұмысы тоқтатылғанда ол 23 жыл бойы қызметіне, жылдық еңбек демалысы және ұзақ қызмет демалысын алмағанын мәлімдеп, ақы талап етті. Келісім діни болғандықтан, ешқандай орындалуы тиіс келісімшарт болған жоқ деп шіркеу міндеттемеден бас тартты. Австралия Жоғарғы Соты дәстүрлі алғышарттарды ескермей, оның орнына жай ғана объективті байқаушы тұрғысынан ұйымдастыруды қарастырды, яғни келісім заңды түрде орындалуға арналған деген қорытындыға келді.

Алғышарттардың болашақта толығымен алынып тасталатындығы әлі анық емес.

Алдын ала келісімдер

Кейде мәміле келіссөз жүргізіп жатқан тараптар келісімге келгендей болады, бірақ келісімнің «біздің заңгерлер бекітетін жазбаша келісімге бағынышты» сияқты қандай да бір басқа жағдайға «тәуелді» болуы көрсетіледі. Бұл келісім заңды түрде бекітілуге арналмаған дегенді білдіре ме? Жауап оның жағдайларға және келісім редакциясына байланысты болатындығында. Келісімнің кемінде төрт ықтималдығы бар.

- Тараптар шарттар қанағаттандырылғанға дейін келісімнің заңды түрде бекітілуіне ниетті емес.
- Тараптар келісімнің дереу заңды түрде бекітілуіне мүдделі болады және жай ғана келісімнің ресми түрде қайта тұжырымдалуын ұсынады.

²⁰ *Gate Gourmet Australia Pty Ltd (in liq) v Gate Gourmet Holding AG* [2004] NSWSC 149.

²¹ *Kleinwort Benson Ltd v Malaysia Mining Corp Bhd* [1989] 1 WLR 379.

- Тараптар келісімнің дереу заңды түрде бекітілуіне ниетті, бірақ шарттар қанағаттандырылғанға дейін орындалуына мүдделі емес.
- Тараптар келісімді дереу заңды түрде бекітілуге ниетті, бірақ олар сондай-ақ, сайып келгенде, бірінші келісімді ауыстыратын тағы бір келісімге жасауға ниетті.

Бірінші жағдайда келіссөз тараптары алдын ала шарттарды қанағаттандырудан бұрынғы келісім туралы өз ойларын өзгертуге болады.²² Алайда басқа үш ықтимал жағдайларда, қазірдің өзінде келісім заңды түрде орындалады және тараптар өз ойларын өзгерте алмайды.

Магистраттардың Кэмеронға қарсы талап арызы (1954) 91 CLR 353

Кэмерон магистраттарға өзінің фермасын сатуға келісті. Олар төмендегідей шарт тармақтары қамтылған жазбаша келісімге қол қойды. «Бұл келісім жоғарыдағы шарттар мен жағдайлар менің [Кэмеронның] заңгеріме қолайлы болуы тиіс ресми сату келісімшартын дайындау үшін жүргізіледі...». Сот шарттар ресми сату келісімшарты дайындалғанға дейін Кэмерон келісімнің заңды міндеттілігіне мүдделі емес, өйткені келісім Кэмеронның заңгеріне келісімнің шарттарын айтарлықтай өзгертуге құзірет беретінін көрсетті деп шешті.

«Орындалмайтын уәде»

Кәсіпкерлік контекстінде тұтынушылар уәдені анық байыпты қабылдауға ниетті емес екенін кәсіпкерлік көрсете алса, тұтынушыларға берілген уәде орындалуға жатпайды. Соттар кейде мұндай уәделерді заңды түрде орындалмайтын, «асыра сілтеу, көз бояушылық» немесе «жай ғана шындыққа жанаспайтын, айта салған» деп атайды. Мысалы, теледидар жарнамасында автокөлік өндірушісі өздерінің автокөлігі билейтін алып роботқа айналуға қабілетті немесе ұшатын, жартастан құлап аман қалатын көлік екеніне айқын уәде беруі мүмкін, бірақ олар уәделердің байыпты қабылдануын анық мақсат етпейді және кредитор тарапынан заңды түрде орындалмайды.

Карлилдің Carbollic Smoke Ball Co компаниясына қарсы талап арызы [1893] 1 QB 256

(Бұл істің фактілерін тарау басында сипатталған беттерден қараңыз.) CSBC компаниясы өздерінің сыйақы ұсынысы «жай ғана айта салған және анық байыпты қабылдауға арналмағанын мәлімдеді. Сот «мәселеге біздің адалдығымызды көрсететін 1000£ соманың Regent Street Альянс Банкте сақталады» деген мәлімдемесі бар жарнама мәтіні сыйақы ұсынысы заңды болуына арналғанын көрсетеді деп шешім қабылдап, олардың мәлімдемесімен келіспеді.

Жарнама және өзге де іскерліктің алдын-ала келісімшарт уәделері қазір Австралия тұтынушылар заңында (АТЗ) тікелей реттеледі (8-тарауды қараңыз).

²² *Baulkham Hills Private Hospital Pty Ltd v GR Securities Pty Ltd* (1986) 40 NSWLR 622 at 628.

5.8-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Анық байыпты қабылдауға арналмаған уәде беретін теледидар жарнамасына тағы бір мысал келтіріңіз.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 5.19 Соттар келісім тараптары келісімнің заңды орындалуына мүдделі, мүдделі емес екенін қалай шешеді?
- 5.20 Әлеуметтік немесе отбасылық контексте жасалған келісім туралы сот мүддеге қатысты қандай тұжырым жасайды?
- 5.21 Осы тұжырым, жорамалды қалай жоққа шығаруға болады?
- 5.22 Іскерлік немесе коммерциялық контексте жасалған келісім туралы сот ниетке қатысты қандай тұжырым жасайды?
- 5.23 Бұл тұжырымды қалай жоққа шығаруға болады?
- 5.24 Басқа бір оқиғаға «байланысты» жасалған келісім заңды орындалуға міндетті бола ма?
- 5.24 «Шындыққа жанаспайтын, жай ғана асыра сілтеп немесе айта салған» уәде деген не?

3-талап: компенсация

Егер келісімнің екі тарап төлем төлемесе немесе төлеуге уәде бермесе, келісімшарт болмайды. Әрбір тараптың келісімге үлесі компенсация деп аталады. Егер Джин Джоннимен келісімнің орындалуын қамтамасыз етуге ниетті болса, онда ол компенсацияны қамтамасыз еткенде ғана мұны істей алуы мүмкін. Компенсация мынадай формада болуы мүмкін.

- ақша төлеу;
- тауарлар ұсыну;
- қызмет көрсету;
- міндет жүктелген міндеттемені алу;
- бір нәрсе істеуден аулақ болу (мысалы, сотқа бермеуге келісу);
- осы нәрселердің кез келгенін істеуге уәде беру;

Көпшілік келісімдер келісімге уәде беруге ықпал ететін бір, көбінесе екі тараптан тұрады. Қарыз алушы қарызды төлеуге уәде береді; өндіруші өнімдерінің белгілі бір мөлшерін жеткізуге уәде береді; қызметкер қолынан іс келетінін көрсетуге, нақты міндеттерді орындауға уәде береді және жұмыс беруші қызметкерге ақы төлеуге уәде береді. **Кредитор** (уәде берілген тұлға) **уәде берушінің** компенсациясын қамтамасыз етпесе, онда уәде сыйлық қана болып қалады және заңды күші жоқ жалпы ереже болып табылады.

Мысалы, егер Джонни Джинге пицца пешін беруді ұсынса және Джин оның ұсынысын қабылдайды, Джин мен Джоннидің арасындағы келісім заңды келісімшарт емес, өйткені Джоннидің уәдесіне ол ешқандай компенсация жасаған жоқ. Бұл Джоннидің Джинге сыйлығы болып табылады. Алайда Джонни мен Джин арасындағы келісім келісімшарт болады, егер Джоннидің уәдесінің орнына Джин:

- Джин Джонниге 10000\$ ақша төлесе;
- Джин Джонниге машинасын берсе;
- Джин Джоннидің үйін сырлап берсе;
- Джин Джонни берген несиеге кепілдікке келіссе;
- Джин Джонниді сотқа бермеуге келіссе;
- Джин осы нәрселердің кез келгенін істеуге уәде берсе, Джоннидың уәдесін заңды қамтамасыз ете алады.

Компенсация уәде берушіден алынуы керек, бірақ оның кредиторға берілуі міндетті емес.²³ Мысалы, егер Джонни Джиннің пицца пеші үшін 10000\$ ақшаны Джоннидің анасы Дженниге беруін келіссе, келісімшарт әлі де жарамды болады, компенсацияны Джин жасайды. Дегенмен, егер Джонни өзіне 10000\$ ақша беретін Джиннің досы Сюэге пицца пешін беруге келіссе, Джиннің Джоннимен келісімшарты болмайды, өйткені компенсацияны Джин бастаған жоқ.

компенсация – келісімшартты орындау үшін басқа тарапқа төленетін ақы;

кредитор – уәде берілген тұлға.

уәде беруші – уәде беретін тұлға.

5.9-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

«Мәмілелер орындалуы мүмкін, бірақ сыйлық орындалмайды, яғни қайтарылмауы мүмкін». Бұл құқықтық ереженің қалай дәлелденуі мүмкін?

Карлиллдің *Carbolic Smoke Ball Co* компаниясына қарсы талап арызы [1893] 1 QB 256

(Осы сот ісі сипатталған фактілерді алдыңғы беттерден қараңыз) *CSBC* компаниясы өздерінің «түтін шарын» пайдаланылатын және әлі тұмаумен ауырған адамға сыйақы төлеуге уәде берді. Карлилл *CSBC* компаниясының уәдесіне компенсация жасады ма? Ол түтін шарға төледі, бірақ бұл сыйақы уәдесін емес, түтін шардың өзіне компенсация болды. Сот Карлилл компенсация жасаған жоқ деп шешті: ол нұсқаулықтарға сәйкес өнімді пайдалануда қолайсыздықтардан зардап шекті. Сот түсіндіргендей, компенсация «талапкердің кез келген әрекеті немесе талапкер шеккен кез келген ауыртпалықтан, залалдан немесе қолайсыздықтардан, талапкер тікелей немесе жанама жауапкердің келісімі бар осындай әрекет жасағанда немесе осындай қолайсыздықтардан зардап шеккенде жауапкер алатын игіліктер немесе артықшылықтарды қамтиды».

ЕСКЕРТУ!

Компенсация мәмілеге қосымша төленетін ақы емес. Бұл мәміленің әр тарапының бөлігі болып табылады. Егер Джонни Джинге пешті 10000\$ сатуға уәде берсе, Джоннидің уәдесі Джинге орындалуға жатады, өйткені, пешті сататын Джоннидің уәдесіне Джин компенсация жасады. Компенсация пешке ақша төлейтін Джиннің уәдесі болып табылады. Джинге өзінің уәдесіне қосымша Джонниге бір нәрсе беретінін көрсету қажет емес; оның 10000\$ төлеуге уәде беруі компенсация болады.

²³ *Dunlop Pneumatic Tyre Co Ltd v Selfridge & Co Ltd* [1915] AC 847.

Компенсацияның бара бар болуы міндетті емес

Келісімшарт құқығы кейбір құқық құнының ғана бағасы болмаса, әрбір тарапқа әділ немесе барабар құн төлеуді талап етпейді. Әр тараптан талап етілетін келісімге үлесі қаншалықты сәйкес еместігі, төленген компенсация құннан аз болуына қарамастан, әр тарап қандай да бір төлемдерді төлегенде компенсация қанағаттандырылады. Мысалы, Джонни Джиннің оған 50\$ төлегені үшін пицца пешін беруге уәде етсе, тіпті, 50\$ пеш үшін әділ немесе барабар баға болмаса да, 50\$ компенсация болады және келісімшарт құрылады.

Томастың Томасқа қарсы талап арызы (1842) 2 QB 851; 114 ER330

Томас мырзаның жылжымайтын мүлік орындаушылары Томас ханым Томас мырзаға жылына жалға 1£ төлеп, қалған өмірін Томас мырзаның үйінде өткізуге уәде берді. Томас ханым кейінірек уәденің орындалуын талап етуге ұмтылған кезде, орындаушылар ешқандай келісімшарт жоқ, өйткені лайықты бара бар компенсация болған жоқ деп мәлімдеді. Жылына үйде тұру құқығын беретін 1£ компенсацияның жеткілікті емес екені анық, оның әлі заңды күші бар, сондықтан ол жеткілікті.

Осылайша, сот әрбір тарап ұсынған компенсацияның жеткіліктілігін анықтауға қызығушылық танытпайды, оның заңды құны болса, тіпті ең төменгі (болмашы) төлем немесе уәде жеткілікті компенсация ретінде есептеледі.²⁴

5.10-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

«Тіпті мәмілеге төленетін компенсация бағасы оған тең болмаса да, ол орындалады». Осы құқықтық ережені қалай дәлелдеуге болады?

Компенсация жеткілікті болуы тиіс

Егер заңды құндылығы болса, компенсация жеткілікті болады. Жеткіліксіз компенсация мысалдарына көмескі, екі ұшты уәде, бұрынғы компенсация және бір нәрсе істеуге берілген уәденің орындалуы заңды түрде міндетті болуы жатады.

Анық емес, түсініксіз уәде

Кредитор төлейтін төлем бір нәрсе істеу немесе оны істеуден бас тарту түсініксіз уәде болса, бұл жеткіліксіз компенсация болады. Бұл жерде «түсініксіз» сөзі белгісіз немесе ешқандай заңды құны жоқ дегенді білдіреді. Мысалы, егер Джонни Джин оған «жақсы компенсация» немесе «әділ төлем» төлеуге берген Джиннің уәдесі үшін пицца пешін беруге уәде берсе, онда Джиннің түсініксіз уәдесі жеткіліксіз болады, сондықтан Джоннидің уәдесін Джин орындамайды, оның заңды күші жоқ.

²⁴ *Chappell & Co Ltd v Nestlé Co Ltd* [1960] AC 87.

Уайттың Блуэттке қарсы талап арызы (1853) 23 LJ Ex 36

Әкесі ұлына берген қарыздан бас тартуға уәде берді. Ал ұлы оның орнына екінші ұлына көбірек жақсы көзбен қарайтын әкесімен келіспей қалуды тоқтатуға уәде берді. Сот ұлының компенсациясы жеткіліксіз, сондықтан әкесінің ұлына берген уәдесінің күші жойылады деп тануға шешім қабылдады.

Placer Development Ltd компаниясының Достастық компаниясына қарсы талап арызы (1969) 121 CLR 353

Placer Development Ltd (PDL) компаниясы Папуа-Жаңа Гвинеяда ағаш өнімдерін өндіретін және оларды Австралияға тасымалдаумен байланысты Достастық компаниясымен келісім жасасты. Оның қайтарымына Достастық компаниясы *PDL* компаниясына «ағашқа төлейтін ақыны немесе үстеме мөлшерлемесін мезгіл-мезгіл Достастық белгілейтін» төлеуге жататын кедендік баждарға қатысты субсидия төлейтін болды. Сот Достастық төлейтін сыйақы тым анық емес, сондықтан келісім күшіне ене алмайды деп шешті.

Бұрын төленген компенсация

Егер уәдеге төленген төлем, уәдеден бұрынғы (**бұрын төленген компенсация**) уәдеге кредитор төлесе, ол жеткіліксіз компенсация болады. Мысалы, әсіресе қарбалас ауысым соңында Джонни ауыр жұмысы үшін өзінің қызметкері Кэтиге 50\$ бонус төлеуге уәде берсе, оның уәдесі заңды орындалуға жатпайды, өйткені Кэти жеткілікті компенсацияны қамтамасыз еткен жоқ. Кэтидің ауысымдағы қиын жұмысы жеткіліксіз компенсация, өйткені ол Джонни уәде беруден бұрын төленген компенсация болды. Екінші жағынан, Джонни Кэтиге ауысым басында, егер Кэти жақсы жұмыс істесе, 50\$ бонус төлеуге уәде еткен болса, Джоннидің уәдесі заңды орындалады, өйткені Кэтидің қиын жұмысы жеткілікті компенсация болар еді.

бұрынғы компенсация – уәде берілгеннен бұрын кредитор төлеген компенсация.

Роскорланың Томасқа қарсы талап арызы [1842] 3 QB 234; 114 ER 496

Роскорла аукционда Томастан жылқы сатып алды. Сатып алғаннан кейін бірден Роскорла Томастан жылқының жай-күйі туралы сұрады. Томас жылқының «кемістігі» жоқ деп уәде берді. Жылқының мінезі өте ашушаң болып шықты. Роскорла Томастың шарт талаптарын бұзғаны үшін сотқа шағымданды. Сот Томастың уәдесі заңды бекітілген жоқ, өйткені Роскорла оны жеткілікті компенсациямен қамтамасыз еткен жоқ деп шешті. Роскорланың сатып алу бағасын төлегені жеткілікті компенсация емес, өйткені ол Томас уәде бергеннен бұрын орын алған, сондықтан ол уәдеден бұрынғы компенсация болды.

5.11-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

«Уәдеден бұрын төленген компенсация уәденің орындалуына жеткілікті емес». Бұл құқықтық ережені қалай дәлелдеуге болады?

Компенсация төленгеннен кейін жасалған уәденің заңды күші жоқ болуы барлық жағдайда бірдей емес. Кейде компенсация төленеді, өйткені төлеуші заңды орындалатын уәде кейінірек жасалады деп күтеді. Егер компенсация уәде берген тұлғаның өтініші бойынша төленген болса, онда ол бұрынғы төленген компенсация емес және уәде заңды бекітілген болады.

Хоскингтің Iplex Software Services Pty Ltd компаниясына қарсы талап арызы **[2000] VSCA 239**

Хоскинг және *Iplex Software Services Pty Ltd (ISS)* компаниясының контролері (*ISS*) компаниясының акцияларының төлеміне өз бағдарламалық бизнесін аударуға сәйкес уағдаластыққа келіссөздер жүргізді. Хоскинг өз бизнесін аударды және аудару аяқталғаннан кейін *ISS* компаниясының контролері өз меншігінің 5%-ын беруге ресми түрде ұсыныс жасады. Контролер өзінің уәдесін орындамады, ал Хоскинг бұл жөнінде сотқа шағымданды. Контролер уәденің компенсациясы, яғни Хоскингтің бизнесті аударуы бұрын болған компенсация болды. Сот Хоскинг уәде бергеннен бұрын өзінің бизнесін аударғанмен, ол оны контролердің өтініші бойынша және ресми уәде деп санағанда жасады. Хоскингке қатысты контролердің уәдесі заңды бекітілген деп шешті.

Алдын ала заңды міндеттеме

Егер кредитор алдын ала төлеген компенсация заңды міндеттеме (яғни кредитор заңды түрде орындауы міндетті болатын нәрсе) болса бұл жеткіліксіз компенсация болады.

Кредитордың заңды міндеттемесі қоғамдық борыш немесе шарттық міндет болуы мүмкін. Мысалы, Джоннидің кәсіпкерлік үй-жайы бұзылса, Джонни полиция қызметкеріне, егер ол қылмыскерді ұстай алса, шағын сыйақы төлеуге уәде берді.

Стилктің Мирикке компаниясына қарсы талап арызы **(1809) 2 Camp 317; 170 ER 1168**

Лондоннан Балтық теңізіне саяхатта екі матрос қызметті тастап қашып кеткенде, кеме капитаны Мирик, олардың орнын ауыстыратын адам таба алмады. Ол қалған матростарға егер олар Лондонға кемеңі қауіпсіз алып қайтса, қашқындардың жалақысын бөлісуге уәде берді. Мирик өзінің уәдесін орындамады, экипаж шарт талаптарын бұзғаны үшін оны сотқа берді. Сот капитанның уәде заңды бекітілмеген, өйткені экипаж уәденің қайтарымына жеткілікті компенсация қамтамасыз еткен жоқ деп шешті. Кемеңі төтенше жағдайда еліне қауіпсіз алып бару үшін жеткілікті компенсация болып саналмайды, өйткені бұл – шарт бойынша матростар орындауға міндетті нәрсе.

Джоннидің уәдесі заңды түрде орындалуға жатпайды, себебі ол уәдеге полицияның компенсациясы, яғни қылмыскерді ұстау полиция офицері ретінде бәрібір істеуге заңды түрде міндетті нәрсе болды.

5.12-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Егер Джонни өзінің үй-жайын қайта бояуға Гариді жалдаса және жұмыс жартылай біткенде Гэри егер Джонни көбірек ақша төлеуге келіспесе, жұмысты тоқтататынын айтып, қауіп төндірсе, Джоннидің Гариге көп ақша төлеуге берген уәдесі заңды бекітілген бе? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Алайда, егер кредитор заңды немесе шарттық міндеттен тыс нәрсе жасаса, компенсация бұдан былай жеткіліксіз болады, ал уәде орындалуға жатады.

Хартлидің Понсонбиге қарсы талап арызы (1857) 7 El & Bl 872; 119 ER 1471

Он жеті экипаж мүшесі Мельбурн қаласында кемені тастап кетті. Қалған 19 теңізінің ынталандыру үшін, кемені Ливерпульға қайтып алып бару үшін капитан оларға қосымша жалақы төлеуге уәде берді. Кемені қайтып Ливерпульға алып барғанда, кеменің иесі қосымша жалақы төлеуден бас тартты. Сот кеме жүзу кезінде экипаждың шарттық міндетінің бөлігі болды, ал тек қана жарты экипажбен Ливерпульға жеткеннен кейін шарттық міндеті болған жоқ деп шешті. Капитанның уәдесі заңды орындалуы тиіс болды, өйткені экипаж шарттық міндеттемеден де көп жұмыс атқарды, сондықтан жеткілікті компенсация қамтамасыз етілді.

Алдыңғы шарттық міндеттемені орындау жеткілікті компенсация емес екендігі туралы ереже кейбір жағдайларда таңғаларлық қорытындыға алып келеді. Мынадай жағдайды қарастырайық: Джин пешті Джонниден 10000\$ сомаға сатып алуға міндетті болды. Төлейтін уақыт келгенде, Джиннің жеткілікті ақшасы болмады. Джонни жомарттық жасап, егер Джин 8000\$ төлесе, қалған 2000\$ ақшадан бас тартуға уәде етті.

Джонни кейінірек ойын өзгертіп, Джиннен 2000\$ ақша төлеуін талап ете ала ма? Джонни 2000\$ ақшадан бас тартуға уәде берді, бірақ Джин Джоннидің уәдесі үшін компенсацияны қамтамасыз етті ме? Джин Джонниге 8000\$ төледі, бірақ әлі оған 2000\$ қарыз болғандықтан, бұл алдын ала келісімшарт міндеттемелерінің орындалуы болады. Сондықтан Джонни ойын өзгертіп, шартты бұзып, Джиннен қалған 2000\$ ақшаны төлеуін талап ете алады. Қарыздың төленген бөлігі қарыздың қалған бөлігінен **бас тарту** үшін **кредитордың** уәдесіне жеткілікті компенсация емес. Бұл Фокстың Беерге қарсы талап арызындағы ереже ретінде белгілі.

бас тарту – белгілі талап-арыздан немесе құқықтан әдейі бас тарту.

кредитор – біреу өзіне ақша қарыздар болатын басқа адам.

Фокстың Беерге қарсы талап арызы (1884) 9 App Cas 605

875 жылы 11 тамызда Беер 2090£ және 19 шиллинг мөлшерінде Фоукске қарсы сот

үкімін алды. Сондай-ақ, Беер ол төленгенге дейін сот шешіміне сыйақы алуға құқылы болды. Сыйақы сот шешімі қарызының бөлігі болды. 1876 жылы 21 желтоқсанда Беер мен Фокс 2090£ және 19 шиллинг төлеуге және шығарылған үкімге сот ісін қозғамауға уәде беріп, жазбаша келісім жасасты. Сот шешімі қарызын ішінара қанағаттандыру келісіміне Фокстің компенсациясы 500£ болады деп мәлімдеді. Сондай-ақ, келісімшарт Фокс аталған 2090£ және 19 шиллинг соманы тұтас төлегенге дейін жарты жыл сайын жарнаның толық төленуі және қанағаттандырылуы тиіс» болды. Келісімде сыйақы мәселесі арнайы айтылған жоқ. Фокс келісімге сәйкес жалпы 2090£ және 19 шиллинг жарна төлемдерін жасады. Алайда, ол сыйақы төлеуден бас тартты. 1882 жылы 1 шілдеде Беер Фокстан сыйақы талап етіп, сотқа шағымданды. Фокс Беер сыйақы талап етіп, сотқа шағымдана алмайды, өйткені ол қарызды қайтаруды талап етпеуге уәде берді және сыйақы сот шешімі қарызының бір бөлігі болды деп қарсы шықты. Сот 1876 жылғы 21 желтоқсандағы келісімшарт заңды түрде орындалуға жатпайды, өйткені төленетін сыйақы сот шешімі қарызының бөлігін құрайды, Фокс төлеуге тиіс қарыз мөлшерінен кем төлеген болатын. Егер Фокс 2090£ және 19 шиллингті өтесе, Беердің сот шешімін орындауды қамтамасыз етпеуге (сот ісін қозғамауға) берген уәдесі үшін Фокстың ешқандай компенсациясы болмаған жағдайда, ол заңды міндеттелетін келісім емес деп шешті.

5.13-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сіз бұрын-соңды біреулерден ақша қарыз алып, кейін ол қарызды кешіруге шешім қабылдадыңыз ба? Қашан? Олар кейін өздерінің ойын өзгертіп, сізден ақша төлеуге талап болады ма? Неге?

Егер **борышкер**:

- борышкер төлем бөлігін келісілген мерзімнен бұрын жасаса;
- борышкер төлем бөлігін басқа валютада жасаса;
- борышкер төлем бөлігін қызмет көрсету сияқты қосымша компенсациямен бірге жасаса;
- төлем бөлігі борышкерден гөрі үшінші тарап арқылы жүзеге асырылғанда²⁵ кредитордың қарыз балансынан бас тартатын уәдесі үшін жеткілікті компенсацияны қамтамасыз ететін болады.

Сондай-ақ егер:

- баланстан бас тарту келісімі іс түрінде болса;
- келісімшарт практикалық артықшылықтар тестін қанағаттандырған жағдайда;
- жағдайға борыштық құқығынан айыру туралы доктрина ілімі қолданымды болғанда, кредитордың уәдесі орындалуға жатады.

Осы соңғы үш ережеден тыс ерекшеліктер кейінірек толығырақ қарастырылады.

борышкер – біреуге ақша қарыз адам (заемшы).

²⁵ *Hirachand Punamchand v Temple* [1911] 2 KB 330.

Акт (күжат)

Акт – ресми келісімшарт. Бұл куәгерден бұрын және «мөр басылмай, жеткізілмей тұрып» (атап айтқанда, қойылған мөр мен ресми жеткізуден гөрі нақты редакция қанағаттандыратын талап) тараптар қол қойған немесе акт болатын жазбаша келісімшарт болып табылады.

Акт мысалдарына мыналар жатады:

- босату **актісі** (бір адам басқа адамды қарыздан босатады);
- сату **актісі** (бір адам мүлікті басқа адамға сатады);
- **ипотекалық** акті (жылжымайтын мүліктің қауіпсіздігі үшін қайтарымға бір адам басқа адамға қарыз береді);
- **кепілдік** актісі (борышкер төлемеген қарызды кредиторға төлеуге міндеттенетін адам);
- **сенімхат** (7-тарауды қараңыз).

акт – 1) куәдан, бұрын «мөрі басылған» және «жеткізілген» тараптар қол қойған, 2) акт екені білдіретін жазбаша келісімшарт. Сондай-ақ, «ресми келісімшарт» ретінде белгілі.

ипотека – қарыз алушыға жылжымайтын мүлік алуға берілген қарыз қауіпсіздігі.

кепілдік актісі – борышкер төлеуден бас тартқан немесе төлей алмаған қарызды кредиторға төлеуге беретін келісім.

сенімхат – агентке беделді органның ресми жазбаша кепілдігі.

Актінің орындалуына ұмтылуда уәдеге компенсация қамтамасыз ететін уәдені көрсетудің қажеті жоқ. Актінің орындалуы келісімшарттың негізгі талаптарын қанағаттандыратын немесе қанағаттандырмайтындығына емес, оның нысанындағы сілтеме арқылы анықталады.

Акт түрінде емес келісімшарттар (яғни, келісімшарттардың басым көпшілігі) «бей-ресми» немесе «қарапайым» келісімшарттар деп аталады.

Практикалық артықшылықтарды тестілеу

Егер практикалық артықшылықтар тесті қанағаттандырылса, алдын ала құқықтық міндеттеменің орындалуына компенсация барабар құрылуы мүмкін, тест талаптарына мыналар жатады:

1. Келісімшарт тараптарының бірі келісімшартқа сәйкес өздерінің міндеттерін орындай алмайтын заңды себептері болады.
2. Келісімшартты өзгертуге, мысалы, бірінші тарап төленетін соманы азайтуға уәде беру арқылы екінші тарап жауап береді,.
3. Келісімшарт бойынша екінші тараптың уәдесіне сенім артып, бірінші тарап өз міндеттемелерін орындайды.
4. Басқа тарап жеңілдік алады немесе залалды болдырмауға мүмкіндік береді.

Мысалы, Джин Джоннидің пицца пешін 10000\$ сатып алуға Джоннимен келісімшарт жасады. Джиннің мейрамхана ашу талпынысы сәтсіз болып, ол Джонниге келісімшартты бұзатынын және пешті сатып алмайтынын айтты. Джонни Джин ескі пешті сатып алады деп ойлап, жаңа пеш сатып алды. Джонни егер ол пешті сатып алатын болса 6000\$ ала алатынын айтты. Әдетте, Джонни 4000\$ бас тарту уәдесі заңды бекітілмеген еді: Джин Джоннидің уәдесін ешқандай компенсациямен қамтамасыз еткен жоқ, өйткені келісімшартты жүзеге асыру ол заңды түрде бір нәрсе істеуге міндетті болу деген сөз. Бірақ

практикалық артықшылықтар тест талаптарын қанағаттандырғандықтан, Джоннидің уәдесі орындалуы тиіс және ол ойын өзгертіп, Джиннен толық 10000\$ төлеуді талап ете алмайды.

Мусумесидің Уинаделлге қарсы талап арызы Pty Ltd (1994) 34 NSWLR 723

Уинаделл ішінде Мусумесидің жеміс цехы бар сауда орталығын иеленді. Уинаделл Мусумесиге дүкенді жауып, жалдау келісімшартын тоқтатуды (бұзуды) тудыратын сауданың төмендеуіне әкелетін, оған бәсекелес орталықтан тағы бір дүкенді жалға алды. Уинаделл олардың орталықта қалуын қамтамасыз ету үшін Мусумеси төлейтін жалға алу мөлшерін азайтуға уәде берді. Уинаделл кейінірек ойын өзгерткенде, Мусумеси уәденің орындалуын талап етті. Мусумеси Уинаделлдің жалға алу бағасын азайтуға берген уәдесі үшін жеткілікті компенсациямен қамтамасыз етті ме? Сот (1) Мусумесиде жалға беруді тоқтатуға заңды негіз болды, (2) Мусумеси төлейтін жалға алу бағасын азайтуға жауап берді, (3) Мусумеси осы уәдеге сенім артып орталықта қалды, (4) Уинаделл орталық толық жалданғаны үшін практикалық пайда көрді (немесе залалды болдырмады). Практикалық артықшылықтар тестіне байланысты Уинаделл Мусумеси жалға төлейтін ақшаны азайтуға берген уәдесін орындауы тиіс.

Эстопелль принципі

Қазіргі уақытқа дейін егер кредитордың уәдесі үшін жеткілікті компенсация көзделмесе (актіде қамтылмаған жағдайларда), онда уәде заңды бекітілмеген деп мәлімделеді. Алайда, соттар кейбір жағдайларда мұның әділетсіз нәтижеге әкелетінін мойындады. Барлық уәделердің расталуын қамтамасыз ететін жалпы құқық талап ететін жағдайлардың әділетсіздікке әкелуін шешу үшін әділет соттар **эстопелль принципі** доктринасын әзірледі.

Борыштық құқығынан айыру доктринасына сәйкес уәде беруші кредитордың уәдеге сүйенуін және сүйенгендігіне мүдделі болғанда, кредитор тіпті уәдені компенсациямен қамтамасыз етпеген жағдайда да уәде заңды түрде орындалады және кредитор үшін уәдесін бұзу әділетсіз болар еді.

эстопелль принципі – егер, тіпті, кредитор уәдені компенсациямен (қайтарыммен) қамтамасыз етпеген жағдайда да белгілі бір талаптар қанағаттандырылған жағдайда уәденің заңды түрде орындалу принципі.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда, егер кредитор уәдені компенсациямен қамтамасыз етпеген жағдайда да, борыштық құқығынан айыру доктринасын пайдаланып уәде заңды түрде орындалады:

- Уәде беруші кредитордың нақты және бұлжытпас уәдеге сүйенуін талап етеді;
- Кредитор, шын мәнінде, жағдайды өзгерту арқылы уәдеге сүйенді, ал егер уәде беруші уәдесінде тұрмайтын болса, кредитор материалдық шығынға ұшырайды;
- Кредитор үшін уәдесін бұзу әділетсіз болған болар еді.

Central London Property Trust Ltd компаниясының High Trees House Ltd компаниясына қарсы талап арызы [1947] 1 KB 130

High Trees House Ltd компаниясы 99 жылға жалдау шарты бойынша Лондондағы *Central London Property Trust Ltd (CLPT)* (Орталық Лондон мүлік тресті ЖШС) компаниясынан пәтерлер блогын жалға алды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде пәтерлердің көпшілігі бос қалды және *HTH* компаниясы жалдау ақысын төлей алмады. *CLPT* компаниясы соғыс кезінде пәтер жалдау ақысын екі есеге қысқартуға келісті. Соғыс аяқталған соң, *CLPT* компаниясы толық көлемде төлеуге жататын пәтер жалдау ақысын қалпына келтірді, сонымен қатар *HTH* компаниясы *HTH* компаниясынан жалға берешек қарызды да қайтаруды талап етті. Сот тіпті *HTH* компаниясы уәдені компенсациямен қамтамасыз етпеген жағдайда да, *CLPT* компаниясы жалдау ақысын екі есеге қысқарту уәдесін бұзуға құқылы емес деп шешті. Осындай жағдайларда *CLPT* компаниясына уәдесін бұзуға мүмкіндік беру әділетсіз және жосықсыз болған болар еді. *CLPT* компаниясы *HTH* компаниясынан жалға берешек қарызды қалпына келтіре алмайды.

Махерлер отбасының Waltons Stores (Interstate) Ltd компаниясына қарсы талап арызы (1988) 164 CLR 387

Махерлер отбасы Новрадағы коммерциялық мүліктің иесі еді. 1983 жылдың ортасында Махерлер отбасы *Waltons Stores (Interstate) Ltd* компаниясының мүлкін жалға алу туралы олардың арасында келіссөздер басталды. *Waltons Stores (Interstate) Ltd* компаниясының талаптарына жауап беру үшін Махерлер отбасы ескі ғимаратты бұзып, *Waltons Stores* компаниясының сипаттамаларын қанағаттандыратын жаңа ғимарат салуға келісті. *Waltons Stores* компаниясы жаңа ғимарат салу 1984 жылдың 15 қаңтарына дейін аяқталуы тиіс деп кеңес берді. Келісімнен кейіннен жұмысты аяқтау біраз уақытқа созылды. 1983 жылы 21 қазанда жалдау мерзімі келісілді, *Waltons Stores* компаниясының адвокатына Махерлер отбасының адвокаты жалдау жобасы келісімін жіберді. 1983 жылы 1 қарашада Махерлер отбасының адвокаты *Waltons Stores* компаниясының адвокатына мүлік туралы ғимаратты бұзу басталды және келісімге түзетулер енгізуді өтінетінін хабарлады. 9 қарашада Махерлер адвокаты *Waltons Stores* компаниясының адвокатына бір екі күнде келісім жасауды талап ететінін, әйтпесе Махерлерге жаңа ғимаратты уақытында аяқтау мүмкін емес екенін мәлімдеді. *Waltons Stores* компаниясының адвокаты Махерлер отбасы адвокатына *Waltons Stores* компаниясынан Махерлер отбасының өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ауызша нұсқаулар алғанын және ол ресми нұсқаулар алатынын хабарлады. Сол түні *Waltons Stores* компаниясының адвокаты ресми нұсқаулардың алдағы уақытта болатынына сенетінін растайтын, өзгерістер мен толықтыруларды қамтитын жаңартылған келісімді және егер толықтырулармен келіспесе, келесі күні Махерлер отбасы адвокатына хабарлайтынын айтып хат жіберді. 11 қараша күні, адвокаттар *Waltons Stores* компаниясының адвокатына Махерлер отбасы адвокаттары орындаған түзетулер енгізілген акт жіберді. 1984 жылы қаңтардың басында *Waltons Stores* компаниясы бекіткен жоспарлар мен техникалық шарттарға сәйкес жаңа ғимараттың құрылысы басталды. 19 қаңтарда *Waltons Stores* компаниясының адвокаты Махерлер адвокатына *Waltons Stores*

компаниясының жалдауды жалғастыруға ниетті емес екеніне кеңес берді. Махерлер отбасы келісімнің немесе залалдың нақты көрінісі сияқты міндетті күші бар келісім туралы декларацияны іздеп, *Waltons Stores* компаниясын сотқа берді. *Waltons Stores* компаниясы мүлікті жалға беруді заңды түрде міндеттейтін келісімді теріске шығарудан *Waltons Stores* компаниясы босатылды ма?

Сот тіпті ресми жасалған келісімшарт жоқ болса да, мүлікті жалға беруді заңды түрде міндеттейтін келісімнің болуын жоққа шығара алмайды деп шешті. Сот өз шешіміне әділ борыштық құқығынан айыру доктринасы негізінде келді. *Waltons Stores* компаниясы ресми келісімге қол қойды, Махерлер отбасы *Waltons Stores* компаниясының уәдесіне сүйенді, егер уәдені орындамаса, материалдық шығын шегеді деп тұспалданған уәде жасады. Бұл жағдайларда *Waltons Stores* компаниясының өз уәдесін орындамауы әділетсіз болған болар еді. Махерлер отбасы *Waltons Stores* компаниясының уәдесін орындауға мәжбүрлеуде борыштық құқығынан айыру доктринасын пайдалануға құқығы бар болатын. Сот шешімінің 407-8 бабына сәйкес:

Арызданушының әрекетсіздігі, барлық жағдайларда олар жасаған жорамал негізінде әрекетті жалғастыратын респонденттердің түсінікті жігері немесе ынталандыруын құрайды. Ол респонденттерге өздері қабылдаған бағытқа ынталандырған әрекетсіздік курсы қабылдау өздеріне жалған жорамал негізінде әрекет ету арқылы залал келтіретінін білуі бұл үшін әділетсіз болды. Осы тұстарын борыштық тарту құқығынан айыру тілінде айтқанда, арызданушы барлық жағдайда келісімшартты аяқтау үшін берген уәдесінен ауытқудан босатылды.

Борыштық құқығынан айыру доктринасын келісімшарт тараптарын шарттық құқықтарын орындаудан айыру үшін пайдалануға болады.

Борыштық құқығынан айыру доктринасын, сондай-ақ, тараптардың келісімшарт бірінші кезекте екенін теріске шығаруын болдырмау үшін пайдалануға болады.

Осылайша кредитор уәде берушінің заңды әрекетіне қарсы қорғаныс («қалқан») және заңды әрекеттің негізі («семсер») ретінде борыштыққа тарту құқығынан айыру туралы іліміне сүйене алады.

5.14-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Бұрын Джиннің Джонниден 10000\$ қарыз алғаны және Джоннидің қарыздың 8000\$ қайтарылуына келіскен мысалды еске түсірейік. Қалған 2000\$ қайтару мақсатында Джоннидің сотқа беруін болдырмау үшін Джин қандай жағдайларда борыштық құқығынан айыру доктринасын пайдалана алады?

Егер сот борыштық құқығынан айыру талаптары қанағаттандырылған деп шешсе, онда ол кредиторды уәдесін орындауға (яғни, **белгілі бір нәрсені орындау**) немесе уәде берілген тұлғаға уәдеге сүйену нәтижесінде келтірілген шығындарды өтеуге (яғни, **залалдарды**) үкім шығара алады.

Борыштық құқығынан айыру доктринасы салыстырмалы түрде тар ауқымды жағдайларда уәдені орындауды қамтамасыз ету үшін пайдаланылуы мүмкін және ол әлі күнге дейін уәде заңды түрде орындауға компенсация арқылы қолдау көрсетілуі тиіс жалпы ереже болып табылады.

белгілі бір нәрсені орындау – тараптың шарттық міндеттемелерін орындауға бағытталатын сот үкімі.
залалдар – ақшалай өтемақы; азаматтық өтемақы түрі.

Гиумеллидің Гиумеллиге қарсы талап арызы: (1999), 196 CLR 101

Ұлы қайтарым ретінде мүліктің бір бөлігін алатындығын тұжырымдап, 15 жасында мектепті тастап, ата-анасының фермасында жұмыс істеді. Ата-анасы кейінірек оның екінші некесін құптамай, оған жер телімін беруден бас тартты. Ұлы ата-анасынан уәдені талап етіп сотқа шағымданды. Сот борыштық тарту құқығынан айыру қанағаттандырылды деп шешті: ата-анасы ұлы сенім арта алатын уәде берді, ұлы да басқа жұмысқа бару мүмкіндіктерін пайдаланбай, сол уәдеге сүйенді; ата-анасының енді өздерінің уәдесін бұзуы әділетсіз болар еді. Алайда ата-анасының уәдесін орындауға және олардың ұлына мүлікті беруге мәжбүрлеудің орнына сот залалға өтемақы төлеуге үкім шығарды.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 5.26 Компенсация дегеніміз не?
- 5.27 Сыйлық пен мәміле арасындағы айырмашылық неде?
- 5.28 Компенсацияның «барабар» болуы міндетті емес, бірақ жеткілікті «болуы керек» деген нені білдіреді?
- 5.29 Түсініксіз уәде компенсация ауқымын құрай ма?
- 5.30 Бұрын төленген компенсация деген не?
- 5.31 Бір нәрсе істеуді уәде ету қандай жағдайларда заңды түрде міндетті болатын компенсация ауқымы бола ала ма?
- 5.32 Төленетін қарыздың бір бөлігі қандай жағдайларда қарыздан бас тарту уәдесіне компенсация болады?
- 5.33 Акт деген не және қарапайым келісімшарт пен акт арасындағы айырмашылық неде?
- 5.34 Борыштық құқығынан айыру деген не?
- 5.35 Борыштық құқығынан айыруды «қалқан» және «семсер» ретінде пайдалануға болады деген нені білдіреді?

Келісімшарттың орындалуы

Тіпті барлық үш маңызды талап қанағаттандырылған жағдайда да, мынадай кез келген жағдайларда келісімшарт орындалмайды (5.1-суретті қараңыз).

1. *Келісімнің болмауы* (бір немесе екі тарап өз еркімен келісімшарт жасамайды);
2. *Қабілеттің жоқтығы* (тараптардың бірінің келісімшарттар жасасуға құқықтық қабілеті жетіспейді);
3. *Заңдылықтың болмауы* (келісімшарттың мақсаты немесе оның орындалуы заңсыз болады);
4. *Ресмиліктің болмауы* (келісімшарттың жазбаша болуын талап ету сияқты қажетті ресми талаптарды қанағаттандырмаудан болады).

Келісімнің болмауы

Екі тарап өз еркімен келісімшарт жасағанда ғана келісімшарт орындалуға жатады. Егер тараптардың бірі қорқытып үркітетін, қысым жасалатын немесе оларды келісімшарт жасауға айламен алып келсе, екінші тарап келісімінің болмауы келісімшарттың орындалатын заңды күшін жояды.

Джиннің келісімі болмауына байланысты Джоннидің келісімшарт орындалуын қамтамасыз ете алмайтын жағдайлар мысалдарына мыналар жатады:

- Джин келісімнің негізгі аспектісі туралы қателік жіберді және Джонни осы қателікті әділетсіздікпен пайдаланып кетті (қате).
- Джин Джоннидің орынсыз қысымы нәтижесінде келісімшарт жасасты (мәжбүрлеу)
- Джонни Джинге ықпал ету мүддесін пайдалану нәтижесінде келісімшарт жасасты (негізсіз ықпал).
- Джонни Джиннің тарапынан әлсіздікті әділетсіз (саналы түрде емес) пайдалану нәтижесінде онымен келісімшарт жасасты.

Қателік

Жалпы ережеге сәйкес, егер тараптардың бірі қателік жасаса, ол келісімшартты тоқтатуға немесе келісімшартты орындамауға құқық бермейді. Мысалы, егер Эш сатып алған киімнің өлшемі дұрыс болмай немесе арнап сыйлық алған адамда оның тағы біреуі бар болып шықса, ол өзінің ақшасын кері қайтарып алу үшін осы қателікке иек артуға құқылы емес. Бұл «*caveat emptor*» «сатып алушы өзі сақ болсын» деген ереже. Осындай қателіктерді болдырмау үшін Эштің міндеті абай болу, ал қателік орын алса, бұл Эштің өз жауапкершілігі болып табылады.

caveat emptor («сатып алушы өзі сақ болсын») – келісімшарт тараптарының өз мүдделерін қорғау үшін жауапты болу принципі.

5.15-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ


Дұрыс таңдау жасамағандықтан сізге бұрын-соңды тауарды дүкенге қайтаруға тура келді ме? Егер дүкен заңды түрде қайта қабылдауға міндетті емес болса, сіз неге олар солай істейді деп ойлайсыз?

Осы ережелерден тыс маңызды ерекшеліктер бар:

1. біржақты қателіктер;
2. ортақ қателіктер;
3. өзара қателіктер.

Егер қателік келісімшарттың басты аспектісіне қатысты болса, осы ерекшеліктердің әрқайсысы қателік салдарынан келісімшартты жарамсыз ете алады (тиімсіз және күші жойылды деп тану). Олардың әрқайсысы салыстырмалы түрде ауқымы тар жағдайлар жиынтығында қолданылады. Соттар мүмкіндігінше келісімшарттың сенімділігін, орындалуын, әсіресе бастапқы келісімшартқа сүйенетін жазықсыз үшінші тарапқа теріс салдары болатын келісімшартты жарамсыз деп декларациялаудан қорғауды қалайды. Мысалы, егер Джонни пешті Джинге сатса, Джин оны Сюэге сатса, онда соттың осындай қатесі үшін Джонни мен Джиннің арасындағы келісімшартты жарамсыз деп жариялау аз ықтимал, ал Сюэге әділетсіз айыппұл салынады.

жарамсыз келісімшарт – әрі тиімсіз және күші жойылатын келісімшарт.
біржақты қателік – тараптардың бірі ғана жасаған қателік.



5.1-сурет. Келісімшарттың орындалуы міндетті болмайтын жағдайлар

ЕСКЕРТУ!

Егер келісімшарт тараптарының бірі қате жіберсе, *saveat emptor* («сатып алушы өзі сақ болсын») жалпы ереже болып табылады және тараптың құқықтық қорғау құралдары жоқ болады. Ерекше жағдайларда ғана келісімшарттың қателік үшін күші жойылуы мүмкін.

Біржақты қателік

Біржақты қателік – тараптардың бірі жасаған қате. Жалпы ережеге сәйкес біржақты қателік келісімшартты жарамсыз етпейді. Алайда, бір тарап келісімшарттың басты аспектісі туралы үлкен қателік жасаса, басқа тарап олардың қате жасағанын білсе және олар осы қателіктен өздерінің пайдасына артықшылық алуға ұмтылса, сот келісімшарттың орындалуын қамтамасыз етуден бас тарта алады.

Сот 1) бір тарап басқа тарапты анықтауда қателессе 2) тараптарды куәландыру шарттың басты аспектісі болса, 3) басқа тарап қатені білсе және оған иек артуға ұмтылғанда біржақты қателікке байланысты келісімшартты жарамсыз деп жариялайды.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда біржақты қателікке байланысты келісімшарт жарамсыз немесе оның заңды күші болмайды:

- Тараптардың бірі қателік жасайды.
- Қателік келісімшарттың басты аспектісімен байланысты болады.
- Басқа тарап осы қателіктен өздеріне жосықсыз артықшылық алуға ұмтылады.

Тейлордың Джонсонға қарсы талап арызы (1983) 151 CLR 422

Джонсон Тейлорға 10 акр жер телімін 15000\$ бағаға сатуын сұрап, жазбаша ұсыныс жасады, бірақ ұсынылған бір акрі 15000\$ деген бағада қателесіп, «бір акр» деген сөз түсіп қалды. Тейлор Джонсон қате жіберді деп күдіктенді, бірақ ұсынысты жазылғандай қабылдады және кейіннен Джонсон өзінің қатесін білгенде келісімді жүзеге асыруға ұмтылды. Сот тіпті жазбаша келісімшарттың шарттары туралы біржақты қателік келісімшартты жарамсыз еткенмен, мұндай жағдайларда келісімшарт капитал шеңберінде күшін жоюы мүмкін, өйткені Тейлор Джонсонның ауыр қате жасағанын білді және одан өзінің пайдасына артықшылық алуға ұмтылды, яғни ол әділетсіз әрекет жасады.

Кундидің Линдсейге қарсы талап арызы (1877-78) LR 3 App Cas 459

Бленкарн Линдсиге белгілі бір тауарға тапсырыс беріп, хат жазды. Бленкарн өзінің атын сол аудандағы жақсы белгілі және беделді *Blenkiron & Co* бизнес компаниясына ұқсатып, хатқа қол қойды. Линдси тапсырыс *Blenkiron & Co* компаниясынан келді және кредитке тауарлар жіберіледі деп ойлаған. Бленкарн тауарды алысымен, оны Кундиге сатты да, ақшаны алып жоғалып кетті. Линдсей тауарларды Кундиден қайтару үшін сотқа шағымданды. Сот Линдси мен Бленкарн арасындағы келісімшартта біржақты қателік болғаны үшін оны жарамсыз деп шешті: Линдси сатып алушыны куәландыруға қатысты қате жіберді, Бленкарн қатені пайдаланды және сатып алушыны куәландыру Линдсидің басқа біреумен емес, тек қана *Blenkiron & Co* компаниясымен мәміле жасауды көздеген келісімшарт шартының маңызды аспектісі болды. Линдси мен Бленкарн арасындағы келісімшарт жарамсыз болғандықтан, тауардың иесі Бленкарнға жіберген жоқ, Кундиге де жібере алмады және Линдси Кундиден тауарларды өндіріп алуға құқылы болды.

Жоғарыдағы сот ісінде келісімшарт жарамсыз болды, себебі тараптар бизнесті қашықтықта жүргізді. Алайда, сотты Линдси тек қана *Blenkiron & Co* компаниясымен мәміле жасауды көздегені қанағаттандырды. Егер тараптар бизнесті бетпе-бет жүргізсе және сот қателескен тарап шын мәнінде куәландыруға қарамай, кіммен болса да мәміле жасауды көздеді деп ойласа, келісімшарт жарамсыз болмайды.

Папасның *Bianca Investments Pty Ltd* компаниясына қарсы талап арызы (2002) 82 SASR 581

Папас жалған куәлікті пайдаланып, алаяқтық жолмен өзгертілген чекпен төлеген сатып алушыға автокөлігін сатты. Сатып алушы автокөлік кепілдік брокері *Bianca Investments Pty Ltd (BI)* компаниясынан қаржы алу үшін пайдаланды, содан кейін ақшаны алып жоғалып кетті. Папас *BI* компаниясынан автокөлікке өтемақы алу үшін сотқа шағымданды. Сот сатып алушының кім екеніне қатысты біржақты қателік болған жоқ деп шешті: Келісімшарт жарамсыз емес, *BI* компаниясы автокөлікті алып қалуға құқылы болды.

Ортақ қателік

Ортақ қателік (немесе екі жақты қателік) жеке басты куәландыру немесе шарттың мақсатты мәселесі сияқты келісімшарттың басты аспектісіне қатысты екі тарап қателескенде кездеседі. Сот тараптардың арасындағы келісім жалған болып шығатын екі жақты наным-ақиқат шартты деген көзқараста болса, келісімшарт ортақ қате салдарынан жарамсыз болады.²⁶ Мысалы, егер Джин Джоннидің пешін сатып алуға келіссе, бірақ келісімшарт жасалған кезде олардың екеуіне де белгісіз пеш бұзылса және жоқ болса, Джинни мен Джин арасындағы келісімшарт ортақ қателікке байланысты жарамсыз болып табылады.²⁷

ортақ қателік – келісімшартта екі тараптан кеткен қателік. Сондай-ақ, «екі жақты қателік» ретінде де белгілі.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда өзара қателік салдарынан келісімшарт жарамсыз болады:

- Тараптар арасындағы келісім екі тарап ұстанатын наным ақиқатына шартты болады;
- Әрбір тараптың ұстанатын сенімі әртүрлі болады.

26 *McRae v Commonwealth Disposals Commission* (1951) 84 CLR 377.

27 The common mistake or 'bilateral mistake' rule is now contained in the sale of goods legislation in each jurisdiction (see chapter 6): *Sale of Goods Act 1954* (ACT) s 11; *Sale of Goods Act 1923* (NSW) s 11; *Sale of Goods Act 1972* (NT) s 11; *Sale of Goods Act 1896* (Qld) s 9; *Sale of Goods Act 1895* (SA) s 6; *Sale of Goods Act 1896* (Tas) s 11; *Goods Act 1958* (Vic) s 11; *Sale of Goods Act 1895* (WA) s 6.

Егер тараптар ортақ қателік жасаса, бірақ сот келісім екі жақты наным ақиқатына шартты емес деп шешсе, келісімшарт жарамсыз болмайды

Лэфтің Халықаралық Галереялар компаниясына қарсы талап арызы [1950] 2 KB 86

Лэф Халықаралық галереялар (ХГ) компаниясынан сурет сатып алды. Сатып алу кезінде, Лэф пен ХГ компаниясы екеуі де белгілі суретші Джон Констебльдiң жұмысы екеніне сенген. Кейінірек Лэф сурет іс жүзінде басқа аз танымал суретшінің жұмысы екенін анықтады. Лэф келісімшарт **бұрмалаушылыққа** байланысты жарамсыз деп мәлімдеуге ұмтылды (6-тарауды қараңыз), бірақ сот **obiter dictum** принципі бойынша келісімшарт ортақ қателік салдарынан жарамсыз болатындығын қарастырды. Сот Лэф пен ХГ компаниясы екеуі де суретшінің жеке басы туралы қателескенмен, келісімшарт олардың сенім ақиқаты бойынша шартты болған жоқ деп мәлімдеді: келісімшарт «Констебльдiң суреті» емес, «осы суретті» сату үшін жасалды, сондықтан келісімшарт ортақ қателік болған жоқ.

Өзара қателік

Келісімшарт жасағанда тараптар келісімге келдік деп ойлайды, бірақ олар келісім жасаған уақытта түрлі нәрселерді ойлағандықтан, іс жүзінде ойлары қанағаттандырылмаған кезде орын алатын қателік.²⁸

Мысалы, Джин Джоннидің пешін сатып алуға келіседі, бірақ Джин келісім кезінде Джоннидің үлкен пешін сатып алу туралы ойлады, ал Джонни шағын пешті сату туралы ойлады, келісімшарт **өзара қателік** салдарынан жарамсыз болып табылады.

бұрмалаушылық – келісімшарт жасасуға басқа адамды итермелейтін бір адамның жасаған факт туралы жалған мәлімдемесі.

obiter dictum («айтпақшы былай») – соңғы шешім негізделген заңды принципке қарағанда басқа судьяның шешімінің бөлігі.

өзара қателік – келісімшарт жасағанда тараптардың келісімге келдік деп ойлайды, бірақ олар келісім жасаған уақытта түрлі заттарды ойлағандықтан, іс жүзінде ойлары қанағаттандырылмаған кезде орын алатын қателік.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда мәжбүрлеуге байланысты келісімшарт жарамсыз болады:

- Тараптардың бірі екінші тарапқа тікелей немесе жанама зиян келтіру қаупін төндірді;
- Зиян келтіру қаупі төнген тараптың келісімшарт жасау шешіміне ықпал етті.

²⁸ *Raffles v Wichelhaus* (1864) 2 Hurl & C 906; 159 ER 375.

Мәжбүрлеу

Бір тарап тікелей немесе жанама мысалы, физикалық зорлық-зомбылық жасау сияқты қорқытып, келісімшарт жасасуға екінші тарапты **мәжбүрлесе**, онда оларды мәжбүрлеуге ұшырады дейді.

мәжбүрлеу – келісімшарт жасасуға итермелейтін басқа тұлғаға қысым жасалған зиян қаупі.


ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда мәжбүрлеуге байланысты келісімшарт жарамсыз болады:

- Тараптардың бірі екінші тарапқа тікелей немесе жанама зиян келтіру қаупін төндірді;
- Зиян келтіру қаупі төнген тараптың келісімшарт жасау шешіміне ықпал етті.

Мәжбүрлеу келісімшартты жарамсыз емес, күмәнді (даулы) етеді. Бұл келісімшартты толық тиімсіз етуге қарағанда, басқа тарап тоқтатпаса, келісімшарт әлі тиімді және орындалатындығын білдіреді. Бұл айырмашылықтың үшінші тарап қатысты болғанда маңызды практикалық салдары бар. Тағы да осы мысалды қарастырып көрейік: Джонни пешті Джинге сатады және Джин оны Сюэге сатады (5.2-суретті қараңыз).

күмәнді келісімшарт – басқа тарап тоқтатпаса, келісімшарт тиімді және заңды түрде орындалады.



5.2-сурет. Сатып алушының үшінші тұлғаға сатуы

Егер Джонни мен Джиннің арасындағы келісімшарт (мысалы, бір жақты қателік салдарынан) жарамсыз болса, пештің меншігі Джонниден Джинге ауыспайды, сондықтан Сюэ пештің иесі бола алмайды және пешті Джонниге қайтаруы тиіс. Бірақ Джоннимен Джин арасындағы келісімшарт (мысалы, Джиннің мәжбүрлеу салдарынан) тек қана күмәнді болса, Джонни келісімшартты тоқтатқанға дейін ол жарамды, тиімді болады және Джонни шартты тоқтатпас бұрын Джин пешті Сюэге сатса, пеш Сюэнің меншігіне тиімді өтеді және Джонни пешті қайтара алмайды.

5.16-тапсырма. Пысықтау

«Жарамсыз» және «күмәнді» заңды келісім арасындағы айырмашылық туралы өз түсінігіңізді суреттейтін басқа практикалық мысал ойластырыңыз.

Мәжбүрлеу зиян қаупін туғызады. Қауіп басқа тарапқа немесе олардың жақындарына жекелей қауіпсіз болуы мүмкін.

Бартонның Армстронгқа қарсы талап арызы [1973] 2 NSWLR 598

Армстронг *Landmark Ltd* корпорациясы басқармасының төрағасы, Бартон оның басқарушы директоры болды. 1966 жылдардың ортасында Бартон мен Армстронгтың қарым-қатынасы нашарлай бастады. 1966 жылы қарашада Армстронг қызметінен алынды. Армстронг оның отбасы компаниясына *Landmark Ltd* корпорациясы қарыздарын өтеуді талап етті және 1967 жылы қаңтарда *Landmark Ltd* корпорациясы атынан Бартон Армстронгтың үлесін сатып алуға келісті. Бұл келісім туралы 1967 жылы 17 қаңтарда Бартон қол қойған белгілі бір актілерде баяндалған болатын. Бартон Армстронг оны өлтіремін деп, не болмаса оған заңсыз қысым көрсету арқылы қорқытып, актіге оны күштеп қол қойғызды деп Армстронгке қатысты сотқа шағымданды. Бартон 1966 жылы қазанның ортасынан 1967 жылдың қаңтар айы арасындағы Армстронгтың оның өміріне қатер төндірген көптеген жағдайларды егжей-тегжейлі мәлімдеді. Сот актілерді Бартон қысыммен орындаған деп шешті және ол жарамсыз болды. Армстронгтың қатер төндіруі мен заңсыз қысым (ол, тіпті, коммерциялық қажеттілікке байланысты кез келген жағдайда орындалуы мүмкін болса да) көрсетуі Бартонның актіні орындауға шешім қабылдауына ықпал етті.

Коэннің Сизрге қарсы талап арызы (1881) 45 LT 589

Сизр Коэнге егер ол қол қоймаса, заңсыз ақша үшін Коэннің ұлын полицияға беретінін мәлімдеу арқылы қысым көрсетіп, вексельге қол қойдырды. Сот вексельдің заңды күші жоқ, өйткені Коэн оған қысыммен қол қойды деп шешті.

Қауіп басқа тараптың тауарлары немесе мүлкіне қауіпсіз болуы мүмкін.

Hawker Pacific Pty Ltd компаниясының Helicopter Charter Pty Ltd компаниясына қарсы талап арызы (1991) 22 NSWLR 298

Hawker Pacific Pty Ltd (Hawker Pacific) компаниясы Helicopter Charter Pty Ltd компаниясына тиесілі тікұшақты бояуға келісті. Жұмыс дұрыс орындалған жоқ және *НС* компаниясы кемшіліктерді түзету үшін Hawker Pacific компаниясына тікұшақты қайтарды. *НС* компаниясы тікұшақты алуға барған кезде олар бояу жұмысы үшін одан әрі барлық жауапкершіліктен Hawker Pacific компаниясын босату туралы келісімге қол қоюды сұрады. Hawker Pacific компаниясы егер келісімге қол қойылмаса, тікұшақ *НС* компаниясына қайтарылмайды дегенді меңзеді. *НС* компаниясы келісімге қол қойды, бірақ кейінірек олар қысыммен қол қойылды деп мәлімдеді. Сот *НС* компаниясына тиесілі тікұшақты алып қалумен қорқытып, Hawker Pacific компаниясы *НС* компаниясын мәжбүрлеп қол қойғызған келісім күмәнді, заңды емес және оның күші жойылды деп таныды.

Қауіп төндіру басқа тараптың экономикалық немесе қаржылық әл-ауқатын арттыру мүмкін. Бұл **экономикалық мәжбүрлеу** ретінде белгілі.

экономикалық мәжбүрлеу – басқа бір адамға экономикалық немесе қаржылық әл-ауқатын арттыру үшін келісімшарт жасауда қысым көрсету қаупі.

North Ocean Shipping Co Ltd компаниясының Hyundai Construction Co Ltd компаниясына қарсы талап арызы [1979] QB 705

1972 жылдың сәуір айында *Hyundai Construction Co Ltd* компаниясы *North Ocean Shipping Co Ltd* компаниясымен *NOSC* компаниясына танкер салуға келісімшарт жасасты. Келісімшартқа сәйкес *Hyundai Construction Co Ltd* компаниясымен танкердің бағасы АҚШ долларымен белгіленді және *NOSC* компаниясынан бағасын бес үлеспен (жарнамен) төлеу талап етілді. Бірінші жарна төленді. 1973 жылы ақпан айында АҚШ доллары 10%-ға құнсызданды. 1973 жылдың сәуір айында, *Hyundai Construction Co Ltd* компаниясы соңғы төрт бөліктің әрқайсысына 10% қосып төлеуді сұрады. Бұл өтініштің ешқандай заңды негізі жоқ болды. *NOSC* компаниясы өсім төлеуден бас тартты және 1972 жылғы келісімшартта көзделген мөлшерде ақшаның екінші және үшінші бөлігін төледі. *Hyundai Construction Co Ltd* компаниясы осы төлемдерді қайтарып алды және өсімді төлеуді талап етуді жалғастырды. Осылайша *Hyundai Construction Co Ltd* компаниясы егер өсім берілмесе, танкер салу құрылысы жалғастырылмайтынын *NOSC* компаниясына ашық білдірді. 1973 жылы мамырда *Hyundai Construction Co Ltd* компаниясының сыртынан *NOSC* компаниясы танкер құрылысы аяқталуы тиіс уақытта тиімді мөлшерлемен танкерді чартермен *Shell* компаниясына берді. 1973 жылы маусымда белгіленген мерзімде аяқталу талабына сәйкес *NOSC* компаниясы сұраған өсімге келісті. Танкер 1974 жылы қарашада уақытында жеткізілді. 1975 жылы шілдеде *NOSC* компаниясы соңғы 4 үлесте төленген қосымша 10% қайтаруды талап етті. *Hyundai Construction Co Ltd* компаниясы одан бас тартты және *NOSC* компаниясы сотта іс қозғады. Сот 1973 жылы маусымда *NOSC* компаниясы келісімшартты экономикалық қысыммен жасатты, демек *NOSC* компаниясында келісімшартты бекіту немесе болдырмау опциясы болды (Алайда *NOSC* компаниясы 6 айдан астам қосымша төлемдерді қайтару үшін талап арыз беруді кешіктіргендіктен, *NOSC* компаниясы 1973 жылы маусым айындағы келісімді жанама түрде растады және ол 1973 жылғы маусым айындағы келісімнен бас тарта алмайды немесе қосымша төлемдер талап ете алмайды).

Экономикалық қысымға қатысты қиындық бір тараптың басқа тарапқа экономикалық қысым жасауы бір кәсіпкерліктің басқа бір бизнеске әсері немесе үстемдік дәрежесі бар алдын ала (бұрыннан) бар қарым-қатынаста болуы мүмкін әдеттегідей және заңды болатын қысымның түрі емес екенін анықтау болып табылады. Сот тек қысым қандай да бір заңсыз жолмен жасалғанда экономикалық мәжбүрлеуді құрайтын қаржылық қысымды анықтайды.

Негізсіз ықпал

Бір тараптың екінші тарапқа күшті ықпалы немесе үстемдік дәрежесі болғанда келісімшарт тараптарында алдын ала қарым-қатынас болуы мүмкін. Егер күшті тарапқа әлсіз тарап өз дәрежесінде тәуелсіз бағалауды жүзеге асыра алмауы сияқты, **негізсіз ықпал** негізінде әлсіз тарапынан келісімшарт күмәнді болады.

негізсіз ықпал – басқа тарапты келісімшарт жасауға мәжбүрлеу арқылы келісімшартты басқа тарапқа күмәнді ететін бір тараптың екінші тарапқа әділетсіз ықпалы.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда негізсіз ықпал салдарынан келісімшарт күмәнді болады:

- Бір тараптың басқа тараптың үстінен бақылаушы ретінде ықпал ететін келісімшарт тараптары алдын ала қарым-қатынас болады.
- Күшті тарап келісімшарт жасасу кезінде әлсіз тараптың өзінің тәуелсіз бағалауын жүзеге асыра алмау мүмкіндігін өзінің артықшылығы ретінде жеке басының мүддесіне пайдаланады.

Тараптар арасында танылған мынадай ықпал қарым-қатынастың бірі болғанда негізсіз ықпал бар деп тұжырымдалады:

- дәрігер мен сырқат;
- заңгер мен клиент;
- қамқоршы мен мұрагер (бенефициар);
- Ата-аналар/қамқоршы мен бала;
- діни көшбасшы мен оның ізбасары.

Осы жағдайларда, қарым-қатынасқа қарамастан, келісімшарт жасағанда әлсіз тарапқа олардың ықпалы жоқ екенін анықтау ықпалды тарапқа байланысты. Егер олар мұны істей алмаса, келісімшарттың заңды болуы күмәнді болады.

Олкардтың Скиннерге қарсы талап арызы (1887) 36 Ch D 145

Діни ұйымға кіруіне байланысты Олкард кедейлік антын қабылдап, өзінің барлық меншігін ұйымға сыйға тартты. Ұйымнан кеткеннен кейін бес жыл өткен соң негізсіз ықпал салдарынан резервтелген (сақталған) сыйлықты алуға ұмтылды. Сот мұны тараптардың діни көшбасшы мен оның ізбасары арасындағы қарым-қатынастың бірі болғандықтан, діни тәртіп жоққа шығаруға тура келетін негізсіз ықпал болжамы болды деп растады (Алайда, мұндай жағдайларда Олкард сыйлықты қайтарып алуды іздеген кезде тым ұзақ уақыт өтіп кетті және ол сыйлықты ратификациялады деп есептеген кезде негізсіз ықпалға ұшыраған жоқ).

Тараптар арасындағы қарым-қатынас осы танылған қарым-қатынастардың бірі болмаса, ықпал болмайды, өздеріне шешім қабылдауда күшті тараптың бақылаушы ықпал еткендігін анықтау әлсіз тарапқа байланысты болады. Мұндай бақылау ықпалы туындауы мүмкін жағдайлардың мысалдарына мынадай тараптардың арасындағы келісімшарт жатады:

- ері мен әйелі;
- басшысы мен агент;
- бухгалтер мен клиент;

- банк пен клиент;
- жұмыс беруші мен қызметкерлер;
- күтуші мен сырқат.

Егер әлсіз тарап күшті тараптың іс жүзінде бақылау ықпалы бар екенін дәлелдеуі мүмкін болса, өздерінің үстемшілік ықпалы жоқ екеніне сотты сендіру күшті тарапқа байланысты болады.

Джонсонның Бутреске қарсы талап арызы (1936) 56 CLR 113

Бутресс 67 жастағы, егде тартқан, сауаты жоқ және кәсіпкерлік мәселесі жөнінде хабары аз надан адам болды. Оның кәсіпкерлік мәселесіне қатысты басқа адамдардың кеңесіне сүйенетін еді және мұрагерлігіне жиі өзгерістер енгізді. 1931 жылы ол қайтыс болған әйелі Мәриям Джонсонға алыс қатысы бар адамның ұсынысына жиі сүйенетін болды. 1931 жылы сәуірде Бутресс ешқандай компенсациясыз коттеджін Джонсонға аударды. Аударым Джонсонның заң кеңесінде орындалды. Бутрестің аудару туралы жеке басының тәуелсіз кеңесі болған жоқ және ол аударудың қайтарымсыз сипатын түсінбегендігін көрсететін дәлелдер бар еді. Бутресс 1934 жылы қайтыс болды. Оның ұлы негізсіз ықпалмен жасалды деген негізде коттеджді Джонсонның атына аударылуын жоққа шығаруды талап етіп сотқа шағымданды. Сот Бутрес пен Джонсон арасында негізсіз ықпал ету презумпциясы туындаған сенім мен сенім қатынасы болды деп шешті. Сот бұдан әрі Джонсон осы жорамалды жоққа шығара алмайды деп шешті. Сот төмендегідей нәрселерді түсіндірді:

Әділетті сот юрисдикциясы тараптар арасында болған қатынаста негізсіз ықпал болды деген жорамал болғанда негізсіз ықпал арқылы сатып алынған сыйлықтардың сақталуына қатысты [көзі тірі кезінде] қолданылады. Презумпция алынып тасталған жоқ. Нақты арнайы қарым-қатынас болғанда осындай сыйлықтар жағдайында негізсіз ықпал болжанады. Мұндай қарым-қатынастар ата-ана мен бала, қамқоршы, асырап алушы мен асыраушы, мұра қалдырушы мен мұрагер [бенефициар], адвокат пен клиент, дәрігер мен емделуші және діни ықпал жөніндегі істерді қамтиды. Алайда, аталмыш қатынастар жеке қатынастардан негізсіз ықпал болжанатын жағдайлардың толық тізімін құрамайды. Қамқоршы мен қамқорға алынушы арасындағы қарым-қатынас соңғысында сенім мен сенімділік болу себебінен соңғысы алдыңғысына үстемдік жүргізу жағдайы сияқты қатынас болғанда, негізсіз ықпал презумпциясы туындайды.

Құқықтық нигилизм

Жарамды және орындалатын келісімшарт болу үшін, келісімшарттың екі тарапы жеткілікті дәрежеде парасатты, яғни адал әрекет етуі керек. Егер бір тарап басқа тараптың әлсіздігі немесе қабілетсіздігін өз пайдасына әділетсіз пайдаланып кетсе, келісімшарт **парасатсыз әрекет** салдарынан жарамсыз болады. Дж. Китто Бломлидің Райанға қарсы талап арызында парасатсыздық тұжырымдамасын былай түсіндіреді:

Мәміле жасайтын тараптардың бірі ауру, сауатсыз, тәжірибесіз, қабілеті нашар, қаржылық қажеттілік себебінен өз мүддесін қорғауға қабілеті теріс әсер ететін немесе өзге де жағдайда болғанда, екінші тарап осы мүмкіндікті әділетсіздікпен өзінің артықшылығы ретінде өз мүддесіне пайдаланады.

парасатсыз әрекет – басқа адамның әлсіздігін, осалдығын немесе қабілетсіздігін өз пайдасына әділетсіз, парасатсыз пайдалану.

Бломлидің Райанға қарсы талап арызы (1956) 99 CLR 362

1952 жылы ақпанда Бломлидің әкесі Жаңа Оңтүстік Уэльстегі жайылым мүлкін Райанның Бломлиге сатуына қатысты Райанға жолықты. Райан жылдың соңына дейін күтуге мүдделі емес екенін және оның бағасы 33264£ тұрады деп жауап берді. Кейінірек сол жылы Райан 1953 жылдың мамырына дейін мүлкін сатпайтынын білдірді. Дегенмен Райан 1953 жылы 21 сәуірде мүлкін Бломлиге 25000£ сату туралы келісімшартқа қол қойды. Келісімшарт 1953 жылы 20 сәуірде Райан, Бломлидің әкесі және Бломлидің атынан әрекет ететін агент арасында жасалған келісім шарттарын растады. Келісім жасалған және келісімшартқа қол қойылған кезде Райан 78 жаста еді және бірнеше күн бойы ішімдік ішумен болды. Бломли оның әкесі мен Бломлидің агенті Райанның ішімдікке әуес әдетінен хабардар болатын. Бломлидің әкесі мен оның агенті 1953 жылы 20 сәуірде Райанмен кездесуге бір бөтелке ром әкелді. Райан 1953 жылы шілдеге дейін келісімшарт көшірмесін алған жоқ. Ол құқықтық кеңес алды және келісімшарт жасамауға шешім қабылдады. Бломли келісімшарттың нақты орындалуын іздеп немесе балама ретінде келісімшарт талаптарын бұзу салдарынан шеккен залалы үшін сот талқылауын бастады. Сот келісім жасалған және оған қол қойылған уақытта Райан оның сипаты немесе салдарын түсінуге қабілетті болған жоқ және Бломли бұл туралы хабардар болды деп шешті. Демек, келісімшарт әділетсіз және онда түсінбеушілік орын алды. Сондықтан бұл келісімшарттың заңды орындалуына немесе оған өтемақы алуға мүмкіндік берілмейді.

Ықпалды тараптың басқа тараптың әлсіз немесе қабілетсіз екенінен хабардар екені немесе өздерін ол туралы хабардар еткені дәлелденуі тиіс.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда парасатсыздық салдарынан келісімшарт жарамсыз болады:

- Келісімшарт тараптарының бірінің әлсіздігі немесе кемшілігі бар;
- Басқа тарап бұл туралы біледі немесе осы әлсіздік немесе қабілетсіздік туралы білуі тиіс;
- Басқа тарап осы әлсіздікті немесе қабілетсіздікті өз пайдасына әділетсіз пайдаланады.

Амадионың Австралия Коммерциялық Банкіне қарсы талап арызы (1983) 151 CLR 447

Ағылшын тілінде аздап қана сөйлей алатын қарт ерлі-зайыпты Амадионың ұлы алған қарызы үшін ипотекаға кепілдікке меншігін Австралия Коммерциялық Банкіне беруді сұрады. Амадиолар баласының бизнесі табысты болатынына және олардың міндеттемесі 50000\$ шектеледі деп есептеп, оған келісті. Осы тұжырымның екеуі де дұрыс болмады. Банк менеджері Амадиоларға қол қоюға ипотекалық және кепілдік құжаттарды берді. Менеджер ерлі-зайыптылар Амадиоларға құжаттарды түсіндірген жоқ, сондай-ақ, олардың болжамды тәуекелі мен жауапкершіліктерін түсінгенін тексерген жоқ. Ерлі-зайыпты Амадиолар оқымай, құжаттарға қол қойды. Ұлы қарызын төлей алмаған кезде банк ерлі-зайыпты Амадиолардың мүлкін ипотека және кепілдікке алуға қамтамасыз етуге ұмтылды. Сот ипотека мен кепілдіктің банк тарапынан әділетсіздік болуына байланысты күші жойылды деп шешті. Ерлі-зайыпты Амадиолардың баласының берешегін білмеуі, олардың жасы егде және ағылшын тілінде оқып, түсініп, сөйлей алмайтын арнайы қабілетсіздік жағдайда болуы, олардың осы қабілетсіздігі туралы банк білген және ерлі-зайыпты Амадиолардың жақсы хабардар болуын қамтамасыз ету үшін әрекет шаралары қажет еді. Банктің осындай әрекет жасамауы парасатсыз әрекет саналады.

Арнайы әлсіздік немесе қабілетсіздік, кемшілікке:

- білімінің болмауы;
- кедейлік;
- ауру;
- қарт немесе жас болу;
- зияткерлік әлеуетінің жетіспеушілігі;
- маңызды фактілерден сауатсыздық;
- сауатсыздық, ағылшын тілінде оқу немесе сөйлеу қабілетсіздігі;
- интоксикация жатуы мүмкін.

Бриджуотердің Лихиге қарсы талап арызы (1998) 194 CLR 457

Фермер жиенінің атына 700000\$ сомаға бағаланатын шаруашылық жер телімін 150000\$ бағаға аударды. Фермердің жесірі мен қыздары мәмілені даулады. Сот бұл әділетсіз мәміле деп шешті: фермер ол уақытта 84 жаста еді, жергілікті заңгер фермер мен оның қарындасы атынан әрекет етті, фермер тәуелсіз құқықтық кеңес алған жоқ, ол 25 жыл өзіне жұмыс істеген жиеніне қатты сенді және жиені фермердің қабілетсіз жағдайын жеке басына тиімді пайдаланды.

Тағы бір басты «арнайы әлсіздік» жағдайға ғашық болу жатады.

Льюстің Дипроузға қарсы талап арызы (1992) 175 CLR 621

Дипроуз адвокат болды, Льюс оның клиенті болды. Екі рет-ажырасқан, орта жастағы Дипроуздың Льюсқа көңілі ауып, эмоционалды тұрғыда оған тәуелді болды. Льюс Дипроузға өзін және екі баласын үйден шығарғалы жатыр деп мәлімдеп, үй сатып алуға 60000\$ ақша беруге оны көндірді. Дипроуз кейінірек сыйлықты қайтаруға ұмтылды және сот Льюстің әрекеті әділдікке жатпайтын болғандықтан, сыйлықты қайтару туралы шешім қабылдады: Дипроуздың Льюске деген көзсіз махаббаты оны арнайы қабілетсіз жағдайда қалдырды, ал Льюс Дипроуздың өзіне сүйіспеншілігін өз игілігіне әділетсіз пайдаланды.

5.17-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

«Қателік», «мәжбүрлеу» және «негізсіз ықпал» тақырыптарында сипатталған істерді қарастырыңыз, сондай-ақ, олардың қайсысын «парасатсыздыққа» жатқызуға болатындығын анықтаңыз.

Парасатсыздық негізінде келісімшарттың күшін жою ұғымы соттар әзірлеген әділ ұғым болып табылады, бірақ бұл түсінікті заң шығарушы қабылдады және парасатсыздық әрекетке қазіргі кезде Австралияның Тұтынушылар заңнамасының 2-2 бабында тыйым салынады. Австралияның Тұтынушылар заңнамасы тыйым салатын парасатсыздық әрекеттің екі түрі бар:

1. жалпы парасатсыз әрекет: Австралияның тұтынушылар заңнамасы 20. т.
2. тауарларды жеткізу, көрсету немесе жарияланған мемлекеттік компаниядан өзге тұлғалардың қызметін пайдалану және олардың тауарларын алу: Австралияның тұтынушылар заңнамасы. 21.т.

Бұл заң актілері 8-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.

Әділетсіздік

Австралияның Тұтынушылар заңнамасы, сондай-ақ, тұтынушылар келісімшарттарындағы әділетсіз шарттарды пайдалануды шешуге бағытталады. Австралия Тұтынушылар заңының 23-тармағында:

1. тұтынушылар келісімшартының шарты егер:
 - (а) шарт әділетсіз болса;
 - (ә) **Стандарт формалы** келісімшарт болса жарамсыз деп табылады.

стандарт формалы келісімшарт – келіссөз жасалмаған, алдын-ала басылған шарттарды қамтитын жазбаша құжат түріндегі келісімшарт.

Сот шарттың әділетсіз екенін анықтағандықтан жарамсыз болуы, оны ешқашан болмаған деп қарастыруды білдіреді. Бұл тарауша сондай-ақ кітаптың 8-тарауында егжей-тегжейлі қарастырылады.

Жаңа Оңтүстік Уэльс, келісімшарттарды шолу актісі 1980 (ЖОУ), соттың келісімшарттың орындалуын қамтамасыз етуден бас тартуға, келісімшартты жарамсыз деп жариялауға немесе егер келісімшарт «қатал, жосықсыз әділетсіз» деген көзқарас болса, шарттың талаптарын өзгертуге мүмкіндік береді.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 5.36 Тараптардың бірінің келісімі болмауына байланысты қандай жағдайларда келісімшарттың күші жойылды деп тануға болады?
- 5.37 «*Caveat emptor*» («сатып алушы өзі сақ болсын») деген не?
- 5.38 Тараптардың бірінің қателігі қай кезде келісімшартты жарамсыз етеді?
- 5.39 «Біржақты қателік» деген не және ол қандай жағдайларда келісімшартты жарамсыз етеді?
- 5.40 Тараптың жеке басын анықтауға қатысты қателік қандай жағдайларда келісімшартты жарамсыз етеді?
- 5.41 «Ортақ қате» деген не және ол қандай жағдайларда келісімшартты жарамсыз етеді?
- 5.42 «Өзара қателік» деген не?
- 5.43 «Мәжбүрлеу» деген не және ол қандай жағдайларда келісімшартты күмәнді етеді?
- 5.44 «Физикалық мәжбүрлеу» және «экономикалық мәжбүрлеу» арасындағы айырмашылық неде?
- 5.45 «Негізсіз ықпал» деген не және ол қандай жағдайларда келісімшартты күмәнді етеді?
- 5.46 Қай кезде әрекет «негізсіз ықпал» деп тұжырымдалады? Егер әрекет «негізсіз ықпал» деп тұжырымдалмаса, оны толық мойындауға бола ма?
- 5.47 «Әділетсіз» деген не және ол қандай жағдайларда келісімшартты күмәнді етеді?

Қабілеттің болмауы

Тараптардың екі жағының да заңды әлеуеті (қабілеті) болғанда, келісімшарт жасауға құқықты болады. Жалпы ережеге сәйкес, егер адам:

- кәмелетке толмаған болса;
- зияткерлік әлеуеті жеткіліксіз болса, келісімшарт жасауға заңды әлеуеті болмайды.

Келісімшарт заңының мақсаттары үшін, **корпорация** заңды тұлға ретінде қарастырылады, келісімшарттар жасай алады және келісімшартты орындауға құқықтық қабілеті бар екенін ескеріңіз,²⁹ өйткені корпорация «жеке заңды тұлға». Сондай-ақ, серіктестік, трестер және жеке бірлестіктер (мысалы, спорттық клубтар) жеке заңды тұлға, сондықтан олар келісімшарттар жасай алады және келісімшарт шарттарының орындалуын талап етуге қабілетті екенін ескеріңіз (10-тараушаны қараңыз).

корпорация – меншік иелерінен бөлек және келісімшарттар жасай алатын және өз мүлкіне өз атынан азаматтық тарап болуға қабілетті жасанды заңды тұлға.

Кәмелетке толмағандар

Кәмелетке толмағандарға 18 жасқа толмаған балалар жатады.³⁰ Жалпы ереже бойынша, кәмелетке толмағандар келісімшарт жасай алады. Алайда, кәмелетке толмағандардың келісім-шарттары орындалады, ал кәмелетке толмағандарға қатысты келісімшарт орын-

²⁹ *Corporations Act 2001* (Cth) s 124.

³⁰ *Age of Majority Act 1974* (ACT) s 5; *Minors (Property and Contracts) Act 1970* (NSW) pt 2; *Age of Majority Act 1974* (NT) s 4; *Law Reform Act 1995* (Qld) s 17; *Age of Majority (Reduction) Act 1971* (SA) s 3; *Age of Majority Act 1973* (Tas) s 3; *Age of Majority Act 1977* (Vic) s 3; *Age of Majority Act 1972* (WA) s 5.

далмайды, өйткені кәмелетке толмағандар әдетте, білім аздылығы мен тәжірибесіздіктің салдарынан қорғалуы тиіс деп танылған. Екінші жағынан, құқық, сондай-ақ, кейде кәмелетке толмағандармен мәміле жасайтын адамдар кәмелетке толмағандардың пайдасына әрекет ететінін мойындайды және бұл екі тараптың да келісімшартты заңды орындауы қамтамасыз етілген жағдайларда дұрыс болады.

кәмелетке толмағандар – 18 жасқа толмаған адам.

Кәмелетке толмағандарға қатысты орындалуы мүмкін келісімшарттың үш түрі бар:

1. Қажеттілік келісімшарттар;
2. Қызметтің тиімді келісімшарттары;
3. Кәмелетке толмағандарға тиімді болатын немесе тұрақты міндеттеме келісімшарттары.

Қажеттілік келісімшарттары

Қажеттілікке азық-түлік, киім-кешек, үй, медициналық емдеу және білім алу жатады.

Егер кәмелетке толмағандар:

1. қажеттілік ретінде жіктеуге болатын нәрселер (заң мәселесі);
2. белгілі бір жағдайларда (факт мәселесі) қажетті болатын ұсынылған тауарлар немесе қызметтер үшін кәмелетке толмағандар ақылға қонымды бағаны төлеуге мәжбүр болады.³¹

Боджчуктың Григорсевичке қарсы талап арызы [1961] SASR 128

Григорсевич кәмелетке толмаған, Польшада тұрды және сонда жұмыс істеді. Оның Австралияға эмиграцияға кеткісі келді. Оның Австралиядағы туысы Боджчук оған саяхатқа бару үшін қарызға ақша берді. Григорсевич ақшаны қайтарған жоқ және сот Григорсевичтің ақшаны қайтару туралы уәдесі орындалмайды, өйткені келісімшарт бойынша ақша халықаралық саяхат жасауға берілген, ал ол қажеттілікке жатпайды деп шешті.

Соттар дәстүрлі түрде кәмелетке толмағандардың «қажеттілігін» шешкенде, өмір салтын, әлеуметтік өмірін, әлеуметтік мәртебесін ескерді.

ЕСКЕРТУ!

Бұл балаларға келісімшарт жасасуға болатын жағдай емес. Кәмелетке толмағандардың келісімшарты орындалады, дегенмен кәмелетке толмағандарға қатысты белгілі бір келісімшарттар орындалмайды. Алайда, келісімшартты балаларға қарсы мәжбүрлеп орындауға болмайды.

Пайдалы (тиімді) қызмет келісімшарттары

Егер келісімшарт кәмелетке толмағандардың пайдасы, игілігі үшін емес, олардың қызмет көрсетуін пайдалануды қамтығанда, ол кәмелетке толмағандарға қатысты

³¹ *Sale of Goods Act 1954 (ACT) s 7; Sale of Goods Act 1923 (NSW) s 7; Sale of Goods Act 1972 (NT) s 7; Sale of Goods Act 1896 (Qld) s 5; Sale of Goods Act 1895 (SA) s 2; Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 7; Goods Act 1958 (Vic) s 7; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 2.*

орындалады. Осындай қызмет туралы тиімді келісімшарттардың мысалдары кәметке толмағандар үшін анық білім, тағылымдама алатын пайдасы бар, тиімді еңбек келісімшарттарын қамтиды. Сот кәметке толмағандарға тигізетін қолайсыздығы бар келісімшарттар мен артықшылықтары қолайсыздықтан үстем болатын келісімшарттардың пайдасын салыстыру арқылы кәметке толмағандарға қатысты келісімшартты қарастырады.

Гамильтонның Летбриджіге қарсы талап арызы (1912) 14 CLR 236

Кәметке толмаған Летбридж Тувумба заңгері Гамильтонға бес жылға үйренуші клерк (шәкірт заңгер) ретінде жұмыс істеуге келісті. Келісім шарттың бір бабында келісімшарттар мерзімі аяқталғаннан кейін Тувумбаның 50 шақырым жер аумағында заңгер ретінде жұмыс істемейтіні айтылды. Мерзімі аяқталғаннан кейін, шын мәнінде, Тувумбада практика басталды. Гамильтон жасаған келісімшарт орындалмайды, себебі келісімшарт жасалған уақытта Летбриджінің кәметке толмағандығына уәж айтты. Гамильтон бұл тиімді қызмет келісімшарты болды, сондықтан Летбриджіге қатысты орындалуы тиіс деп санады. Сот Тувумбада тәжірибе ала алмау қолайсыздықтарынан гөрі бес жыл құқықтық білім алудың Летбридж үшін тиімділігі көп, сондықтан Летбриджіге қатысты орындалуы тиіс деп шешті.

Тұрақты тиімділік немесе міндеттеме

Егер келісімшарт кәметке толмағандар меншіктен тұрақты пайда алса (мысалы, олар акцияларды сатып алу немесе жалға алу келісімшартын жасас(а) немесе осындай ақша өтеу міндеттемесі сияқты тұрақты міндеттеменің бірі болса, онда келісімшарт кәметке толмағандарға қатысты күмәнді заңды болып табылады. Бұл кәметке толмағандар 18 жасқа толған ақылға қонымды мерзімге дейін келісімшарттың күшіне енуіне, тоқтатуға, бұзуға шешім қабылдасамаса, кәметке толмағандарға қатысты келісімшарт заңды күшіне ие екенін білдіреді.

Егер кәметке толмағандар келісімшартты бұзса, оларға жалпы компенсация төленбесе, яғни кәметке толмағандар төлеген ақша орнына қайтарым алмаса, олар келісімшартты тоқтатудан бұрын төленген ақшаны қайтармайды.

Корпенің Авертонға қарсы талап арызы (1833) 10 Bing 252; 131 ER 901

Кәметке толмаған Корпе Авертонмен серіктестік келісім жасасты және 100£ үлес қосты. Корпе содан кейін ойын өзгертіп, серіктестіктен шықты. Сот ол бұған құқылы, сондай-ақ, 100£ ақшасын қайтаруға да құқығы бар, өйткені бизнес әлі басталған жоқ, сондықтан ол инвестиция орнына ештеңе алған жоқ деп шешті.

Егер Джонни несиеге Гаиамен тауарларды сатуға келісімшарт жасаса және Джонни кейінірек Гаианың 18 жасқа толмағанын білсе не болады? Егер тауарлар қажетті нәрсе болмаса, онда келісімшарт Гаианың орындауына жатпайды және Джонни Гаианы тауар құнын төлеуге заңды түрде мәжбүрлей алмайды. Сондықтан Гаиа тауардың ақысын төлемей өзіне алып қала ма? Гаиа (мысалы, Гаиа өзінің жасы туралы өтірік айтса)

алаяқтықпен Джоннидің тауарларын алса, онда Джонни бастапқы шығынын қалпына келтіру үшін әділ өтемақы алуға, әділетсіз баюды және келісімшарт жасаудың алдындағы жағдайды қалпына келтіруді іздейтін шығынды әділ қалпына келтіретін (**реституция**) сот үкіміне жүгіне алады. Сот Гаианы Джонниге тауарды қайтаруды міндеттейді. Алайда, бұл қалпына келтіру тауар әлі Гаианың иелігінде болғанда ғана қолжетімді болады; ал тауар жоқ болса, онда Джонни шығынын басқаша жолмен қалпына келтіре алмайды.

Алдымен олардың дұрыс жасын растап алмай, кәмелетке толмағандармен кредиттік келісімшарт жасайтын кез келген адам үшін ақылға қонымды әрекетке жатпайды.

реституция – тараптардың бастапқы жағдайын қалпына келтіруді іздейтін сот үкімі. (Мысалы, адамды тауарлар басқа тұлғаға қайтаруға бағыттау арқылы)

Заңнамалық ережелер

Қазіргі кезде Жаңа Оңтүстік Уэльс заңнамасы келісімшарт жасаған уақытта олардың шарттық міндеттемелердің сипатын түсінуге қабілеті бар кәмелетке толмағандарға қатысты келісімшарттың заңды күшін қамтамасыз етеді.³² Егер келісімшарт кәмелетке толмағандарға пайдалы болса, сот оны кәмелетке толмағандарға міндетті деп тұжырымдайды.³³

Оңтүстік Австралияда, заңнама кәмелетке толмағандар 18 жасқа толғандығын жазбаша түрде ратификацияламаса жалпы құқық бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты кез келген келісімшарттың заңды күші жоқ және күші жоқ болып қалады делінген. Сондай-ақ, заңнамада кәмелетке толмағандар келісімшарт жасау мүмкіндігіне ие болу үшін соттың мақұлдауына жүгінуге болады деп көзделген.³⁴

Зияткерлік әлеуеті жеткіліксіз тұлғалар

Адамда мынадай себептердің нәтижесінде зияткерлік әлеуеті жетіспеуі мүмкін:

- зияткерлік мүгедектік;
- ақыл есі кем немесе есі ауысқан;
- интоксикация.

Қажетті тауарларды сатып алатын зияткерлік әлеуеті жеткіліксіз тұлға осы тауарларға ақылға қонымды ақша төлеуге мәжбүр болады.³⁵

Егер Джонни Вендимен (зияткерлік қабілеті жоқ адам) оған қажетті емес тауарларды сату туралы келісімшарт жасаса, екі талап қанағаттандырылмаған жағдайда Вендиге қатысты келісімшарт орындалады.

1. Венди келісім сипатын түсінуге қабілетті болған жоқ.

2. Джонни Вендидің қабілеті жоқтығын білді немесе білуге тиіс болды.

Егер осы екі талап қанағаттандырылса, онда Уэнди ақылға қонымды уақыт ішінде шартты бұзуына болады. Егер осы екі талап қанағаттандырылмаған жағдайда келісімшартты Венди орындайды.

³² *Minors (Property and Contracts) Act 1970* (NSW) s 18.

³³ *Ibid* s 18–19.

³⁴ *Minors Contracts (Miscellaneous Provisions) Act 1979* (SA).

³⁵ *Sale of Goods Act 1954* (ACT) s 7; *Sale of Goods Act 1923* (NSW) s 7; *Sale of Goods Act 1972* (NT) s 7; *Sale of Goods Act 1896* (Qld) s 5; *Sale of Goods Act 1895* (SA) s 2; *Sale of Goods Act 1896* (Tas) s 7; *Goods Act 1958* (Vic) s 7; *Sale of Goods Act 1895* (WA) s 2.

1977 жылғы қыркүйекте Гарт отбасылық сенімге сәйкес сенімді қамқоршысы ретінде ферманың иесі О'Коннорден ферма сатып алу туралы келісімге қол қойды. О'Коннор жетпіс жастар шамасында болды. Гарт ферманы сатып алды және кейіннен оны жақсарту жұмыстарын жасады. 1981 жылдың наурыз айында, О'Коннордың орнына отбасы сеніміне жаңа қамқоршылар тағайындалды. Жаңа қамқоршылар 1977 жылғы келісімнің күшін жойып, келісімге қол қойған кезде О'Коннордың ақыл есі дұрыс емес дегенге негіздеп, ферманы қайтаруға тырысты: 1) О'Коннордың шарт жасауға мүмкіндік беретін психикалық қабілеті жеткілікті емес екенін; 2) оның осындай қабілетінің жоқтығын Гарт білген жоқ және ақылға қонымды белгілі болуы тиіс нәрсе болмағаны жөнінде екі тарап уағдаластыққа қол жеткізді. Сондықтан мәселе О'Коннордың әлеуеті жетіспейтінін Гарттың білмегендігі немесе ақылға қонымды түрде білмеуі тиіс болатын жағдайда келісімшарттың орындалатындығында болды. Сот істі Гарттың пайдасына шешті. Келісімшарт қабілеті жоқтығы белгілі емес және оның ауруы басқа тарапқа беймәлім тарап жасаған келісімшартқа ақыл есі түзу адам жасаған келісімшартпен бірдей стандарт бойынша төрелік етіледі.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 5.48 Қай кезде тараптың келісімшарт жасауға заңды қабілеті болмайды?
- 5.49 Корпорациялардың келісімшарт жасауға әлеуеті бар ма? Серіктестіктің сондай әлеуеті бар ма?
- 5.50 Қай кезде келісімшарт кәмелетке толмағандарға қатысты орындалуға жатады?
- 5.51 Қажеттілік келісімшарт деген не?
- 5.52 Пайдалы қызмет келісімшарты деген не?
- 5.53 Егер кәмелетке толмағандармен жасалған келісімшарттың заңды күші жоқ болса, кәмелетке толмағандарға аударылған кез келген ақшаны немесе мүлікті қайтаруға бола ма?
- 5.54 Қай кезде келісімшарт зияткерлік әлеуеті жеткіліксіз адамға қатысты орындалады?

Заңдылықтың болмауы

Жалпы құқыққа сәйкес заңсыз немесе нормативтік тыйым салуға қайшы болғанда сот келісімшарттың орындалуын қамтамасыз етпейді. Бұл мынадай жағдайларда:

- келісімшарт заңсыз мақсаттар үшін жасалғанда;
- келісімшарт бір немесе тараптың заңсыз әрекет жасауын талап еткенде, сот заңдылық талаптарын қанағаттандырмайды;

Жалпы ережеге сәйкес, сот келісімшарт заңды екенін және ауыртпалық сол заңсыздықты құрайтын заңсыздыққа жауапты тарапқа жүктелетінін тұжырымдайды.

Жалпы құқық аясындағы заңсыздық

Жалпы құқыққа сәйкес, заңсыз және күші жойылды деп жіктелетін кейбір келісімшарттарға мыналар жатады:

- келісімшарттар қылмыс немесе азаматтық құқық бұзуға жасалған;³⁶
- қоғамдық кеңседе сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын келісімшарттар;³⁷
- салық төлеуді жалтаруға арналған келісімшарттар;³⁸
- сот төрелігін болдырмау немесе оның іске асырылуына бөгет болатын келісімшарттар.

Кэмпиионның *Public Service Employees Credit Union Cooperative Ltd* кооперативіне қарсы талап арызы (1984) 56 ACTR 39

Кэмпиионның ұлы *Public Service Employees Credit Union Cooperative Ltd* кооперативінен заңсыз ақша алғаны үшін ұсталды және оны өтеуге уәде берді. Кэмпиион *PSECUC* кооперативімен баласының қарыздарын төлеуді кепілдендіруге компенсация беріп, полицияға хабарламау туралы келісім жасады. Сот бұл келісімшарт қылмыспен байланысты, қылмыстық қудалауды болдырмау және сот төрелігінің іске асырылуының алдын алу үшін жасалған уағдаластық болды, сондықтан Кэмпиион мен *PSECUC* арасындағы келісімшарт заңсыз және оның күші жойылды деп тану туралы шешім қабылдады.

Егер заңсыздық анықталса, келісімшарт жарамсыз және оның күші жойылды деп танылады, келісімшарт бойынша берілген кез келген мүлік, төленіп қойған ақша, әдетте, өтелмейді.

Нормативтік заңсыздық

Жарғылық тыйым салуды бұзғандықтан, келісім заңсыз болуы мүмкін. Келісімшарттың жарамдылық мерзімі мен орындалуы бойынша нормативтік ережеге қайшы келетін нақты ықпалы жарғының өзінің жаңа редакциялануына байланысты. Кейбір нормативтік ережелер тараптардың әрекетіне айыппұл салады, бірақ келісімшартты жарамсыз етпейді; кейбір ережелер келісімшартты жарамсыз деп жариялайды, бірақ тараптарды жазаламайды және кейбір ережелер тараптарға да айыппұл салады және келісімшартты да жарамсыз деп жариялайды.

Даниэльдің *Андерсон Ltd* компаниясына қарсы талап арызы [1924] 1 KB 138

Андерсон Даниэльге тыңайтқыш сатты. Сату шот-фактурасы сатушыдан тыңайтқыштың құрамындағы белгілі бір химиялық заттардың пайыздық мөлшерін көрсетуді талап ететін заңнамаға сәйкес келмеді. Даниэль келісімшарт заңсыз, сондықтан күші жойылды деп танып, төлеуден бас тартты. Сот заңнаманың тұжырымы заңсыз және күші жойылды деп тану туралы заңнаманы бұза отырып жасалған келісімшартты көрсетті деп шешті. Андерсонның Даниэльден ақшасын қайтаруды талап етуге құқығы жоқ.

³⁶ *Beresford v Royal Insurance Co Ltd* [1938] AC 586.

³⁷ *Parkinson v College of Ambulance Ltd and Harrison* [1925] 2 KB 1.

³⁸ *Effie Holdings Properties Pty Ltd v 3A International Pty Ltd* (1984) NSW Conv R 55–174.

Фицгерольд жерін ұңғымаларды бұрғылауға *Leonhardt* компаниясын жалдады. *Leonhardt* компаниясының 1992 (Н.Т.) Су туралы заң актісіне қайшы келетін ұңғымаларды бұрғылауға рұқсаты болған жоқ. Фицгерольд олардың келісімі Су жөніндегі заңнамаға сәйкес заңсыз, сондықтан заңды күші жоқ екенін дауласып, ұңғымаларды бұрғылау жұмысына ақы төлеуден бас тартты. Сот заң *Leonhardt* компаниясының рұқсатсыз бұрғылау жұмысын жүргізуіне айыппұл салады деп шешті, бірақ ол заңға қайшы келетін келісімдерді жарамсыз деп таныған жоқ. Фицгерольд мен *Leonhardt* компаниялары арасындағы келісімшарт әлі жарамды және орындалуға жатады.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 5.55 Жалпы құқыққа сәйкес келісімшарттардың қандай түрлері заңсыз болып табылады?
- 5.56 Жалпы құқыққа сәйкес заңсыз болып табылатын келісімшарттың ықпалы қандай?
- 5.57 Нормативтік заңсыздықтың әсері қандай?

Ресмиліктің жоқтығы

Жалпы құқықта келісімшарт өзге де талаптарды орындағанда, физикалық келісімшарт кез келген ресми талаптарды қанағаттандыруға тиісті емес. Келісімшарттың жазбаша болуы немесе қол қойылуы қажетті емес, олардың ауызша жасалуы немесе тіпті әрекет арқылы білдірілуі мүмкін.

Алайда, белгілі бір келісімшарттардың «жазбаша» болуын (яғни барлық шарттары жазбаша болуы тиіс), **тиімді** және орындалуы мақсатында қол қойылуды талап ететін заңнама бар. Оларға мыналар жатады:

- төрелік келісімдер;³⁹
- тапсырмалар (яғни аудару) авторлық құқық, жобалар мен патенттер (9-тараушаны қараңыз);
- өмірді сақтандыру полистерінің тапсырмалары;⁴⁰
- ауыстыру және вексельдер;⁴¹
- чектер;⁴²
- тұтынушылық несие келісімшарты;⁴³
- жалға алу-сатып алу шарттары⁴⁴ және
- акция аударымдары.⁴⁵

39 *International Arbitration Act 1974* (Cth); *Commercial Arbitration Act 1986* (ACT); *Commercial Arbitration Act 2010* (NSW); *Commercial Arbitration Act (National Uniform Legislation) 2011* (NT); *Commercial Arbitration Act 1990* (Qld); *Commercial Arbitration Act 2011* (SA); *Commercial Arbitration Act 2011* (Tas); *Commercial Arbitration Act 2011* (Vic); *Commercial Arbitration Act 2012* (WA).

40 *Life Insurance Act 1995* (Cth) s 200.

41 *Bills of Exchange Act 1909* (Cth) s 8.

42 *Cheques Act 1986* (Cth) s 10.

43 *National Credit Code 2009* (Cth) s 1(1).

44 *Ibid* ss 9, 1

45 *Corporations Act 2001* (Cth) s 1071B.

тиімді – тиімді келісімшарт (мысалы сатушыдан сатып алушыға мүлік иелігін беруді жүзеге асыру) өз мақсатына жетеді.

Басқа заңнамада кейбір келісімшарттардың «жазбаша дәлелі» жоқ болса, оның орындалуы қамтамасыз етілмейді делінген. Бұл келісімшартты дәлелдейтін бір немесе бірнеше құжаттардың болуын және тараптардың аттары, нысанасы, төленуге жататын компенсация, келісімшартты орындайтын тараптардың қолы болуы тиіс дегенді білдіреді. Келісімшарттардың осындай түрлеріне мыналаржатады:

- жер телімін беру немесе осындай жалдау сияқты жерге компенсация алуға арналған келісімшарттар;⁴⁶
- 20\$ астам бағаға тауарларды сату шарттары (тек Батыс Австралия мен Тасманияда);⁴⁷
- кепілдік беру.⁴⁸

Мысалы, егер Джоннидің Джинге мейрамханасының бір бөлігін жалға және қосалқы жалға беретіні туралы олардың арасында келісімшарт болса, бірақ келісімшарт жазбаша дәлелденбеген және оған қол қойылмаса, келісімшарт кез келген тараптың орындауына жатпайды.

Тіпті келісімшарттың жазбаша түрде болуы немесе оған тараптардың қол қоюы заң тарапынан талап етілмесе де:

- мәміленің елеулі құқықтық салдары бар екенін атап көрсетуге, талқылау мен талдауға назар аудару;
- келісімшарттың бар екендігі туралы сенімді дәлелдемелердің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- келісімшарттың шарттары туралы сенімді дәлелдемелердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ
- келісімнің заңды түрде орындалуы бекітілгенін көрсету үшін ресмилік дұрыс болуы мүмкін.



Заң аясында: ҚҰҚЫҚ ПЕН ТЕХНОЛОГИЯ

Электрондық келісімшарттар

Электрондық мәмілелер туралы заң 1999 (Дст) және әртүрлі баламалы мемлекеттік электронды мәмілелер туралы заң актілері мұндай мәмілелер бір немесе бірнеше электронды байланыс хабарламалары арқылы болатындықтан жарамсыз деп мәлімдейді. Заңнамада арнайы түрде басқаша көзделмесе, мәмілелердің электронды түрінде мынадай заңды талаптар орындалуы мүмкін:

46 *Civil Law (Property) Act 2006 (ACT) s 201; Conveyancing Act 1919 (NSW) s 54A; Law of Property Act 2000 (NT) s 62; Property Law Act 1974 (Qld) s 59; Law of Property Act 1936 (SA) s 26; Mercantile Law Act 1935 (Tas) s 6; Conveyancing and Law of Property Act 1884 (Tas) s 36; Instruments Act 1958 (Vic) s 126; Property Law Act 1958 (Vic) s 53; Law Reform (Statute of Frauds) Act 1962 (WA) s 2; Property Law Act 1969 (WA) s 34.*

47 *Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 9; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 4.*

48 *National Credit Code 2009 (Cth) ss 8, 14(1); Mercantile Law Act 1962 (ACT) s 12; Law of Property Act 2000 (NT) s 58; Property Law Act 1974 (Qld) s 56; Mercantile Law Act 1935 (Tas) s 6; Instruments Act 1958 (Vic) s 126; Law Reform (Statute of Frauds) Act 1962 (WA) s 2.*

- ақпаратты жазбаша нысанда беру талабы;
- қол қоюды қамтамасыз ету талабы;
- құжат жасау талабы;
- ақпаратты жазу талабы;
- құжатты сақтау талабы.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 5.58 Заңды күші болуы үшін келісімшарттың қандай түрлерінің жазбаша түрде болуы және қол қойылуы талап етіледі?
- 5.59 Тіпті, келісімшарттың жазбаша нысанда болуы және қол қойылуы талап етілмесе де, неге оның ресмилікті қанағаттандырғаны дұрыс шешім болып табылады?

Қорытынды

- Келісімшарт заңды күші бар келісім болып табылады, егер келісімшарт:
 - 1) тараптар арасында келісім бар болса;
 - 2) тараптар келісімнің заңды түрде бекітілуіне мүдделі болса;
 - 3) келісімді жүзеге асыруға ұмтылатын тарап компенсация немесе уәде түрінде қайтарымды қамтамасыз еткенде келісім заңды бекітілген болады.
- Келісім тараптардың әрекеті арқылы айқын болуы мүмкін немесе бір тарап ұсыныс жасауы мен басқа тараптың бұл ұсынысты қабылдауын көрсету арқылы белгіленуі мүмкін. Ұсыныс ұсыныс жасалған адаммен дереу келісімшарт жасасуға дайын екенін білдіру болып табылады. Көптеген жарнамалар ұсыныс емес; олар, әдетте, тұтынушыны ұсыныс жасауға шақыру болып табылады. Әдетте ұсыныс жасайтын тұтынушы. Қабылдау ұсыныс шарттары бойынша ұсыныс жасаушымен келісімшарт жасасуға дайын екенін білдіру болып табылады. Жалпы ереже бойынша қабылдау ұсыныс жасаушымен нақты байланыс жасап, оны хабардар еткенше тиімді жүзеге асырылмайды; Бұл ережеден тыс бір ерекшелік – пошталық ереже.
- Келісім әлеуметтік немесе отбасы тұрғысында жасалса, онда ол заңды түрде бекітілуге арналмаған деп саналады; келісім коммерциялық тұрғыда жасалған болса, онда ол заңды түрде бекітілуге арналған деп саналады. Екі болжамды да керісінше дәлелдер арқылы жоққа шығаруға болады.
- Уәде «компенсациямен» қамтамасыз етілгенде ғана орындалуға жатады: бұл, егер бір тарап уәде берсе, басқа тарап олар берген уәденің орнына бір нәрсемен қайтарым жасауды (бұл ақша, тауар, қызмет көрсету болуы мүмкін) қамтамасыз еткенде ғана орындайды дегенді білдіреді. Компенсацияның «барабар болуы қажетті емес», уәдесі үшін төленген баға әділ баға болуы маңызды емес. Бірақ компенсация «жеткілікті болуы тиіс және жеткіліксіз компенсация мысалдарына бұрын берілген компенсация, түсініксіз, түсініксіз уәделер және заңды түрде орындауға міндетті болатын міндеттеменің орындалуы жатады. Компенсация болмаған жағдайда, борыштық құқығынан айыру талаптарын қанағаттандырған болса, уәде әлі орындалуы мүмкін.
- 1) екі тарап ортақ қателік немесе өзара қателік жасағанда немесе бір тараптың

біржақты қателігін басқа тарап әділетсіз артықшылықты өзіне тиімді пайдалануға ұмтылғанда; 2) бір тарап басқа тарапқа қысым жасау, физикалық немесе экономикалық мәжбүрлеу немесе негізсіз ықпал жасауды пайдаланып келісімшарт жасаса; 3) бір тарап басқа тараптың тарапынан арнайы әлсіздігін немесе қабілетсіздігін орынсыз, парасатсыз, әділетсіз өз мүддесіне пайдаланып кеткенде, келісімшарттың заңды күші жоқ болуы мүмкін.

- Әдетте, жалпы ережеге сәйкес кәмелетке толмағандардың келісімшарттары орындалуы мүмкін, бірақ кәмелетке толмағандарға қатысты орындалмайды. Кәмелетке толмағандарға қатысты орындалатын келісімшарттарға қажеттілік, қаражат және қызмет көрсету тиімді келісімшарттары жатады. Ақыл-есі кем немесе мас, интеллектуалды мүгедек, келісімшарт жасалған уақытта олардың не істеп жатқанын түсіну қабілеті жетіспейтін және басқа тараптың мұны білетін немесе білуге тиіс болғанда, мұндай келісімшарт орындалуға жатпайды.
- Жер сату сияқты кейбір келісімшарттар жазбаша түрде болуы және оларға қол қойылуы керек.
- Заңды мақсаттар үшін және құқықтық әрекет жасау тараптары талап етілмесе және туындамаса, келісімшарт жарамды әрі заңды болмайды. Келісімшарт жалпы құқық немесе заңнамаға сәйкес заңсыз болуы мүмкін.

Джонни мен Эш

[Джонни мен Эш бос сырахананда үстелдердің бірінде бір-біріне қарама-қарсы отыр. Олардың біраз уақыт сөйлесіп отырғанын көрсетіп, үстел үстінде төрт кофе кесесі бос тұр]

Джонни: Мәселен, мен мынаны нақты түсініп алайын. Мен шын мәнінде әлі ештеңеге қол қоймасам да, тіпті біздің келісім қарапайым келісімшарттың талаптарын қанағаттандыратын болса, мен қазірдің өзінде менің Мариямен жасаған келісімшартым заңды болуы мүмкін. Ал ол талаптар... келісім, мүдде және... мм... «мейірімділік»?

Эш: Компенсация. Кел, соларды қарастырайық. Біріншіден, келісім. Ол сіз кәсіпкерліктен 50% үлесті 150000\$ қабылдауға дайын екеніңізді Марияға айтқанда, сіз Марияға заңды ұсыныс жасайсыз.

Джонни: Бірақ мен «мүмкін» дедім! «Мүмкін», мен оған 50% беруім мүмкін!

Эш: Иә, бірақ Мария сіздің «ұсынысыңыз» туралы ойланамын дегенде, сіз оны түзеткен жоқсыз.

Джонни: Иә, жарайды, мен ұсыныс жасадым. Бірақ Мария менің ұсынысымды дұрыс қабылдамады, солай ғой? Ол жай ғана мәтінді жіберді.

Эш: Оның қабылдауын мәтін арқылы жіберуге неге болмайтынының ешқандай себебі жоқ. Мария таңертең қонырау шаламын деді, бірақ сіз оның қабылдауы телефон арқылы, жазбаша немесе кез келген нақты формада болуы керек екенін нақтылап айтқан жоқсыз. Сондықтан, оның қабылдауы мәтін арқылы болғаны тиімді болды және оны сіз алған мезетте келісім жасалады.

Джонни: Мен, шынында, келісімнің заңды орындалуына ниетті болған жоқпын, екінші талап қанағаттандырылған жоқ деп айтуыма бола ма?

Эш: Сіздің, шын мәнінде, мүдденіз ешқандай мәселе емес, мәселе сіздердің екеуіңіздің де келісімнің заңды түрде орындалуына ниетті екеніңізді бейтарап бақылаушының ойлауы. Бұл коммерциялық тұрғыда жасалған

келісім болғандықтан, бұл іскерлік мүддесіне қатысты сату болғандықтан, ол заңды түрде орындалуға арналған деп болжанады.

Джонни: Марияның менің досым болған фактісі ше?

Эш: Мен бұл қандай да бір айырмашылық жасайды деп ойламаймын. Келісім салдарының маңыздылығын ескере отырып, мен әлі сот екінші талап қанағаттандырылды деп айтатын болар деп ойлаймын.

Джонни: Ал, үшінші талап, «компенсация» қанағаттандырылған жоқ, солай ғой? Мен Мария келісімге не берді дегім келді? Ол қандай үлес қосты?

Эш - Ол да сіздей үлес қосты: орындауға уәде берді. Ол сізге \$150000 ақша төлеуге уәде берді және оның қайтарымына сіз оған кәсіпкерліктен 50% үлесін беруге уәде бердіңіз. Келісім уәде алмасу болды: үшінші талап қанағаттандырылды.

Джонни: Жарайды, жарайды, бізде келісімшарт бар сияқты көрінеді. Бірақ келісімшарттың заңды күшін болдырмайтын бір нәрселер бар ма? Менің ұсыныс жасаған уақытта ішімдік ішкенім туралы факті қалай?

Эш: Мас болуға негіздеп, келісімшарттан шығу, шын мәнінде, өте қиын. Сіз міндеттеменің сипатын түсінуге қабілетсіз болатын соншалықты мас екеніңізді көрсетуіңіз керек. Сіз сондай мас болдыңыз ба?

Джонни: Жоқ, жоқ, шын мәнінде, жоқ [ойланады]. «Қателік» ше? Мен қателік жасадым деп айта алам ба?

Эш: Сіз ортақ, өзара немесе біржақты сияқты жалпы танылған қателік түрлерінің бірін көрсете алсаңыз... менің ойымша, сіз ешқандай қателікті көрсете алмайсыз. Джонни, мен осындай жағдайларда абай болуға тура келе ме деп қорқамын. Шын мәнінде, сатушы болғандықтан, сіз өзіңіз абай болуыңыз керек.

Джонни: Мм... жақсы, не болса да. Жарайды, мәжбүрлеу ше? Ана Мария өте қорқынышты әйел. Мен оны ренжіткім келмейді.

Эш: Һм, мм, мен олай деп ойламаймын. Егер ол өзіңізге, сіздің отбасыңыздың

немесе сіздің меншігіңіздің физикалық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретінін дәлелдей алмасаңыз. Сіз дәлелдей аласыз ба?

Джонни: Оншалықты емес. Мүлдем жоқ, шын мәнінде. Ал экономикалық мәжбүрлеу қалай? Немесе парасатсыздық, әділетсіздік? Ақырында, ол менің қаржылық қиыншылықта қалғанымды білді және ол оны өз мүддесі үшін пайдаланып жатса.

Эш: Жоқ, кез келген басқа мүмкіндікті іздейтін кәсіпкер жоқ. Ол заңсыз әрекетпен сізді қорқыту арқылы экономикалық қысым жасамайды, мен қаржылық қиындықты мұндай жағдайларда «арнайы әлсіздік» ретінде анықталады (жіктеледі) деп ойламаймын.

Джонни: Жазбаша ешнәрсе жоқ болу фактісі қалай?

Эш: Бұл жағдайда келісімнің жазбаша түрде болуы қажет емес.

Джонни: Иә, бірақ жазбаша ешқандай ұсыныс жоқ болса, ешқандай дәлелдер де жоқ болады ғой? Мен жай ғана бірінші кезекте бұрын-соңды жасалған ұсынысты жоққа шығара аламын ба? Оған қарсы менің сөзім болады.

Эш: Сіз өтірік деп айтпақшысыз ба? Сіз «жалған айғақтар беру»

дегенді естідіңіз бе? Яғни, біз оны сотта өтірік айту дейміз. Сіз жалған айғақтар бергеніңіз үшін түрмеге отырғызатынын түсінесіз бе?

Джонни: Жарайды, онда ол жоспар жүзеге аспайды. Мен істей алатын бір нәрсе бар ма?

Эш: Сіз құқықтық салдар туралы қобалжымас бұрын, шын мәнінде түсініспеушілік болды деп Мариямен сөйлесіп, түсіндіріп көруіңізге болады. Кім біледі, мүмкін, ол түсінер.

Джонни: Жарайды, мен таңертен оған қоңырау шаламын. Ал егер бұдан ешнәрсе шықпаса ше?

Эш: Ал, басқа дәлелдерді де жазап көруге болады: Сіз келіскен бір ғана шарт кәсіпкерліктің үлесі және төленуге жататын құны. Сіз сатуға не енгізілетінін, қай жерде болатынын және басқа да маңызды мәселелердің тұтас спектрін келіскен жоқсыз. Сондықтан, біз келісімшарт белгісіздік салдарынан жарамсыз деп уәж айтуымызға болады. Екінші жағынан, соттар бұрын келісімшарт шарттарындағы «олқылықтарды жоюды» білдіруге дайын тұратын, бірақ бұл басқа тақырып...

Бақылау сұрақтары

1. Келісімшарттың негізгі үш талабының біріне келесілердің қайсысы жатпайды?

- (а) Келісімнің заңды түрде орындалуын көздеу.
- (ә) Екі немесе одан да көп адамның арасындағы келісім.
- (б) Жазбаша нысандағы және тараптар қол қойған келісім.
- (в) Компенсация.

2. Келесі ұсыныстың қайсысы тиімді қабылдау құқықтық салдардың біріне жатпайды:

- (а) Тараптар келісімге келді.
- (ә) Тараптар келісімнің заңды түрде орындалуына ниетті.
- (б) Ұсыныстың жойылуы мүмкін емес.
- (в) Ұсыныстан бас тарту мүмкін емес.

3. Бір уақытта ұсыныс жасалатын адамдардың ең көп саны:

- (а) бір
- (ә) бес
- (б) отыз
- (в) ешқандай шектеу жоқ

4. Тіпті, егер ұсыныс жасаушы белгілі бір мерзім аяқталғанға дейін ұсынысты сақтауға уәде берсе де, ұсыныс жасаушы аяқталу мерзімінен бұрын ұсынысын қайтара алады:

- (a) ұсыныс әлдеқашан қабылданды
- (ә) ұсыныс жасаушы ұсынысты кері қайтарып алу үшін уәдені компенсациямен қамтамасыз еткен жоқ
- (б) ұсыныс жасалған адам ұсынысты сақтау үшін уәденің орнына компенсация жасаған жоқ
- (в) ұсыныс жасаушы ұсынысты қабылдамайтын уәдеге компенсация жасады

5. Мыналардың қайсысы ұсыныстан гөрі ұсыныс жасауға шақыруды білдіреді:

- (a) Кондитерлік автоматты техника өнімдері
- (ә) Газеттегі жарнама
- (б) Тендерге шақыру
- (в) веб-сайтта өнім сату

6. Пошта ережесіне сәйкес, хат жіберілгеннен кейін мыналардың қайсысы тиімді:

- (a) Ұсыныс
- (ә) Ұсынысты кері қайтару
- (б) Қабылдау
- (в) Жоғарыда аталғандардың барлығы

7. Тауарларға веб-сайттан тапсырыс берілгенде, әдетте, келісім-шарт жасалады:

- (a) тұтынушы сатушының ұсынысына қабылдауын жібергенде
- (ә) сатушы тұтынушының қабылдауын алған кезде
- (б) сатушы тұтынушының ұсынысына қабылдау жібергенде
- (в) тұтынушы сатушының ұсынысын қабылдаған кезде

8. Тараптардың бірі нақты электрондық пошта мекенжайына

(мысалы offeree@smallpond.com.au) электрондық пошта жіберу арқылы келісім шарт жасалатынын айтты:

- (a) ұсыныс жасалған адам өз компьютерінен электрондық пошта жібергенде
- (ә) ұсыныс жасалған адамның электрондық поштасын «Smallpond» сервері алған кезде
- (б) ұсыныс жасалған адамның электрондық поштасы ұсыныс жасаушының пошта жәшігіне келгенде
- (в) ұсыныс жасаушы ұсыныс жасалған адамның электрондық поштасын оқығанда

9. Төмендегілердің қайсысы заңды түрде орындалуды көздеген:

- (a) Волонтер қызметкерге қайырымдылықтың уәдесі
- (ә) Адвокаттың досына кештегі уәдесі
- (б) өз веб-сайтындағы кәсіпкерлік арқылы уәдесі
- (в) Жігіт досына мұғалім қыздың уәдесі.

10. X Y-ке 100\$ беруге уәде етеді. Осы уәдеге келесілердің қайсысы жеткілікті компенсация болады:

- (a) Y-тің X-ке торт пісіру туралы уәдесі
- (ә) Бір апта бұрынғы X-ке Y-тің қызмет көрсету уәдесінің орындалуы
- (б) Y-тің X-тің қажеттіліктеріне қайырымды болуға берген уәдесі
- (в) Y-тің дүкендерде ұрлық жасамау уәдесі

11. X Y-ке 100\$ қарыз. Y қарыздың толық төлемінің орнына 60\$ алуға келіседі. Алайда Y толық 100\$ төлеуін талап ете алады, егер:

- (a) X қарызды қайтару уақытынан бұрын 60\$ төледі
- (ә) Y-тің ақшадан бас тартуға берген

уәдесі құжатта (актіде) баяндалған болатын

- (б) Х (Ү-тің өтініші бойынша) Ү-ке қосымша 60\$ төлегенде, оның үйін көшіруге көмектеседі
- (в) Жоғарыда аталғандардың барлығы

12. Төмендегілердің қайсысы борыштық құқығынан айыру элементі емес:

- (а) Уәде берушінің уәдесін бұзуы әділетсіз болады
- (ә) Уәде беруші уәдеге сенуге кредиторды көндіреді
- (б) Уәде берілген адам (кредитор) уәде берушінің уәдесінің орнына бір нәрсе береді
- (в) Уәде берілген адам уәде берушінің уәдесіне сүйенеді

13. Мынадай қателердің қайсысы келісімшартты жарамсыз ете алмайды:

- (а) Сатып алушы қателесіп, басқа түсті затты сатып алды
- (ә) Сатып алушы қателесіп, бағалы көне деп есептейтін өнімді сатып алды және сатушы сатып алушының қате нанымы туралы біледі
- (б) Сатып алушы компанияның акцияларын сатып алуға келісті; сатып алушы мен сатушыға белгісіз жағдайда компания таратылды
- (в) Сатып алушы сатушыдан «А» өнімді сатып алуға келістік деп ойлаған; сатушы олар «В» өнім сатуға келістік деп ойлады

14. Төмендегілердің қайсысы кем дегенде, мәжбүрлеу ретінде жіктелуі тиіс, ең алдымен:

- (а) Келісімшарттың басқа тарапқа мүлкіне зиян келтіру қаупін төндіру
- (ә) Қауіп төндіретін тұлғаның мүлкіне зиян келтіру қаупі
- (б) Келісімшарттың басқа тарапына физикалық зиян келтіру қаупі
- (в) Келісімшарттың басқа тарапының

жақын туысына физикалық зиян келтіру қаупі

15. Төмендегі келісімшарттардың қайсысы негізсіз ықпал деп есептелмейді:

- (а) Дәрігер мен науқастың арасындағы келісімшарт
- (ә) Заңгер мен клиент арасындағы келісімшарт
- (б) Күйеуі мен әйелі арасындағы келісімшарт
- (в) Ата-ана мен бала арасындағы келісімшарт

16. Төмендегілердің қайсысы Х пен Ү арасындағы келісімшартта Х-тің әділетсіз (жосықсыз) әрекетін анықтауда маңызды талап емес:

- (а) Х-тың арнайы әлсіздігі немесе қабілетсіздік бар
- (ә) Х арнайы әлсіздік немесе қабілетсіздікті біледі немесе білуі тиіс
- (б) Х арнайы әлсіздік немесе қабілетсіздікті өз мүддесіне жосықсыз пайдаланады
- (в) жоғарыдағылардың ешқайсысы

17. Келісімшарт мақсаттары үшін «тұлға» мыналарды қамтымайды:

- (а) кәмелетке толмағандар
- (ә) серіктестік
- (б) компания
- (в) басшы

18. Балаға тауарлар жеткізу немесе қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге қатысты төмендегілердің қайсысы «қажетті» тауар болып жіктелуі аз ықтимал?

- (а) Айфон
- (ә) Медициналық емдеу
- (б) Мектеп алымдары
- (в) Футболка.

19. Нормативтік тыйым салуға қайшы жасалған келісімшарт:

- (а) жарамсыз
- (ә) жарамды
- (б) күші жойылды деп тану
- (в) ол нормативтік ереженің жаңа редакциясына байланысты.

20. Төмендегілердің қайсысы жазбаша түрде ресімделген және тараптар қол қойған келісімшарттың

неге дұрыс болу себептерінің бірі емес:

- (а) Ол талқылауды, талдауды құптайды
- (ә) Ол мәміленің негізгі құқықтық салдары бар екенін тараптарға атап көрсетеді
- (б) келісімшарт шарттары туралы сенімді дәлелдер қолжетімді болуын қамтамасыз етеді
- (в) Ол келісімнің заңды түрде орындалуы көзделетінін анық дәлелдейді

Жаттығулар

5.1-жаттығу. Келісім

Мария *The Lame Duck* мейрамханасының 50% үлесін (акциясын) 180000\$ сатып алуға Джонниге жаңа ұсыныс жасайды. Мария егер кешкі сағат 5.00-ке дейін Джонни хабарласпаса, ол ұсыныс қабылданды деп есептейтінін айтты. Джонни кешкі сағат 5.00-ке дейін ұсынысты қабылдағанын хабарлаған жоқ.

(1) Егер Джонни сауданы жалғастырудан бас тартқан жағдайда, Мария келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ете ала ма?

(2) Егер Мария сауданы жалғастырудан бас тартқан жағдайда, Джонни келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ете ала ма?

5.2-жаттығу. Келісім

Джонни жаңа MP3 ойнатқышын сатып алғысы келеді. Ол *BJ Hi-Fi* барып, MP3 ауқымынан тыс ойнатқыштарды қарап, аралады. Бір нақты модель, *Orange ePod*, сатылады екен: *ePods* шағын стек деген белгінің астында былай деген жазу бар: «Акция! Бар болғаны 100\$. Джонни өзіне-өзі «бұл жақсы ұсыныс, бас тарта алмайсың, өте жақсы» деді де, олардың біреуін сатып алды. Ол, *ePod* алып, кассирге берді де, «мен осыны аламын» деді. Ол содан кейін басқа дүкенде *ePods*-ты 90\$ сатылатынын көргені есіне түсті. Ол: «Кешіріңіз, мен ойымды өзгерттім», – деді кассирге. Кассир: «Жоқ, кешіріңіз, менің ойымша, бұл тым кеш» деп жауап берді. Сізге мұны сатып алуға тура келеді. Сіз заңды түрде міндеттісіз. «Кассирдің талабы дұрыс па? Джонни мен *BJ Hi-Fi* компаниясы арасында келісімшарттың бар немесе жоқтығына назар аударыңыз.

5.3-жаттығу. Мүдде

Эш пен Джонни Рождество демалысын Ноосада бір аптаны бірге өткізуге келісті. Джонни Эшке егер ол тұратын орынға тапсырыс беріп, ақшасын төлесе, ол спорттық автомобильді жалға алатынын және Ноосаға машинамен баратынын айтты. Эш жұмысынан бір апта демалыс алды және тұратын орынға тапсырыс беріп, ақшасын төледі. Алайда, кететін күні Джонни Эшке аптаны өз достарымен бірге Сиднейде өткізуге шешім қабылдағанын айтады. Джонни мен Эштің арасында келісімшарт бар ма? Олардың құқықтық қатынастар құруға мүдделі болғаны-болмағанына назар аударыңыз.

5.4-жаттығу. Компенсация

Джонни сыйлық ретінде Эшке өзінің автокөлігін бір аптаға беруге уәде етеді. Эш уәде орнына Джоннидің хабарынсыз оның компаниясында ішінде 50\$ ақшасы бар конвертті қалдырады. Эш пен Джоннидің арасында келісімшарт бар ма? Компенсация талаптарына назар аударыңыз.

5.5-жаттығу. Компенсация

Дженни (Джоннидің даяшыларының бірі) Джонниге 500\$ қарыз болды. Дженни Джонниге күтпеген медициналық шығындардан қарызын толық төлей алмайтынын айтты. Джонни Дженнидің қарызды (толық қанағаттандыруға) 300\$ мөлшерінде қайтаруына келіседі. Келесі күні Джонни Дженнидің жаңа *ePod* сатып алғанын көреді және Дженнидің анық қаржылық қиындықта емес екенін білгенде, Джонни өзінің ойын өзгертіп, қарызды толық көлемде төлеуін талап етеді. Джонни қарызды қайтара ала ма? Өзіңіздің жауабыңызда Дженнидің борыштық құқығынан айыру доктринасына сүйене алатындығы-алмайтындығын қарастырыңыз.

5.6-жаттығу. Қателіктер

Джонни *Gemstone* зергерлік бұйымдар дүкенінен Эштің туған күніне 4000\$ тұратын гауһар сырға сатып алады. Эш сырға таза алмаз емес, этикалық «зергерлік бұйымдар» екенін, ал *Gemstone* зергерлік бұйымдар дүкені сырға алмаз екенін алға тартады. Эш кейінірек сақтандыру мақсатында сырғаны бағалаған кезде, ол *Gemstone* зергерлік бұйымдар дүкені қателескенін және сырға гауһар емес екенін біледі. *Gemstone* зергерлік бұйымдар дүкеніне қарсы Джоннидің қандай құқықтары бар? Қателік туралы заңнамаға назар аударыңыз.

5.7-жаттығу. Мәжбүрлеу

Джоннидің даяшылары Дэн мен Сэм, олардың сағаттық мөлшерлемесін ұлғайтуды талап етіп бір апта бойы Джоннидің соңынан қалмай қойды. Джонни Дэн мен Сэмге бірнеше рет алдымен бухгалтермен сөйлесіп алмай, жалақыны көтеруге келісе алмайтынын және айдың аяғына дейін мұны қарастыруға уақыты жоқ екенін түсіндіреді. Дэн мен Сэм өздерінің өтінішін қарастырудан Джоннидің бас тартқанынан көңілдері қалды. Бірде жұма күні кешке, қарбалас ауысым кезінде Дэн мен Сэм Джонниге қарсы келіп, ол олардың сағаттық мөлшерлемесін сағатына 5\$ көбейтуге келіспесе, олар өз қонақтарына қызмет көрсетуді Джоннидің өзіне қалдырып, шығып жүре беретінін айтты. Джоннидің олардың өтінішіне келісуден басқа ешқандай таңдауы болмады. Ол өздері сұрағандай олардың жалақысын көтеруге уәде берді. Джонни өзінің уәдесін заңды түрде орындауға міндетті ме? Дэн мен Сэмнің мәжбүрлеу жасаған-жасамағанына назар аударыңыз.

5.8-жаттығу. Негізсіз ықпал

Рос, Эштің көршісі, сауатсыз және ауыр депрессиядан зардап шегеді. Рос Эштің кеңесіне және қолдауына сүйенеді. Рос өзінің иелігіндегі жер телімін сатқысы келеді, Эш оны сатып алуға келіседі. Рос (дербес заңды немесе қаржылық кеңесті іздеместен) Эш ұсынған бірінші бағаға келіседі және сату келісімшартына қол қояды. Ростың інісі Роберт қазір келісімшарт бағасы туралы өз алаңдаушылығын білдіріп, Эшті шақырды. Рос сатудан бас тарта ала ма?

5.9-жаттығу. Қабілеттілік

Джонни мен Гэри кеште бірге болды. Джонни біраз ішімдік ішкендіктен, Гэридің мотоцикліне автокөлігін ауыстыруға келіседі. Келесі күні Гэри көлік алмастыру келісiмiн аяқтау үшін Джоннидың үйіне келеді, бірақ Джонни келісім жасаған уақытта өзінің мас екенін, енді ойын өзгерткенін айтады. Гэри қандай жағдайларда Джонниға қатысты келісімшарттың орындалуын талап ете алады?

5.10-жаттығу. Заңдылық

Фобе үлкен қайырымдылық қорының төрағасы. Фобе Марияға егер қомақты қайырымдылық жасаса, мемлекеттік байланыстарын пайдаланып, Австралия күні мерекесіне байланысты оған Австралия орденін беруге көмектесетінін айтады. Мария қайырымдылық жасайды, бірақ оған Австралия ордені берілмейді. Мария Фобенің келісімшартты орындауын қамтамасыз ете ала ма?

Бақылау сұрақтарының жауаптары

1.в 2.ә 3.в 4.б. 5.а 6.б 7.в 8.ә 9.в 10.а 11.в 12.б 13.а 14.ә 15.в 16.а 17.ә 18.а 19.в 20. в

6-ТАРАУ

Мәміленің орындалуы

Кіріспе	375	Келісімшартты орындау	404
Жалған мәлімдеме мен бұзылған кепілдік	375	Келісімшарттық байланыс	404
Келісімшарт шарттары	376	Уақыт шектеулері	406
Экспресс шарттар	377	Жауапкершіліктен бас тарту	406
Сот көздейтін шарттар	383	Заңды күші жоқ шарттар	410
Нормативтік шарттар	386	Қорғаныс құралдары немесе қалпына келтіру	412
Шарттық емес ұсынулар мен уәделер	398	Келісімшарттың күшін жою	412
Ауызша дәлелдемелер ережесі	399	Залал келтіру	417
Қосымша келісімшартты бұзу	400	Әділ қалпына келтіру	421
Жалған өкілдік	400	Нақты орындау	412
Аустралия тұтынушылар заңын (АТЗ) бұзу	403	Нормативтік компенсациялар	423
Заңды күші жоқ кепілдік	403	Келісімшарттың аяқталуы	424
		Келісімшартты аяқтау келісімі	424
		Келісімшарттың бұзылуы	425
		Қорытынды	427

Джонни мен Эш

[Эш бір күні кешке Джонни жұмыс істеп жатқанда, оның мейрамханасына келді. Мейрамхананың кіреберісінде қонақтарды күтіп тұратын, оны әдеттегі қалыпта табатын шығармын деп ойлағанда, оның орнына кінәлі болған Марияның сәлем бергенін көргенде таң қалды. Джонниді сұрағанда, ол бір кездері сыраны сіміріп отыратын орынды сілтеді. Эш Джоннидің жанындағы орындыққа отырды да, бір стакан шарапқа тапсырыс берді.]

Эш: Қалай, шынымен Мария осы кеште сенің мейрамханаңда жұмыс істеп жүр ме?

Джонни: Менің мейрамханам? Менің мейрамханам? Мені күлдірмеші.

Эш: Сен не айтқың келіп тұр? Сен... жоқ...

Джонни: Мен солай жасадым. Мен шартқа қол қойдым, Марияға мейрамхананың жартысын саттым.

Эш: Мен сені мейрамханаңды енді сатуды қойды деп ойлағанмын?

Джонни: Иә, сатқым келмеген, бірақ Мария көндірді. Оның ұсынысы ете тиімді болды және ол менің жарты кәсіпкерлігімді сатып алғаннан бері мен қарыздарымның көбін төлеп үлгердім. Ал қаржы жағы жақсаратын түрі жоқ сияқты. Марияның көмегімен біз жаңа пицца пешін сатып алатын болдық және оның ақша табудың жолдары туралы басқа да идеялары бар.

Эш: Бірақ сіздің жағдайыңыз жақсы емес қой.

Джонни: Жоқ, әрине. Мейрамхананың жартысын сатқаным жақсы болған жоқ, бірақ тіпті болмағанда мейрамхана жұмыс істеп тұрады деп ойладым. Мен Мария осында келіп, кәсіпкерлікті тікелей басқаруға араласады деп ойлаған жоқпын!

Эш: Сен әріптестік туралы ешқандай келісімшарт жасаған жоқсың ғой?

Джонни: Жоқ, келісімшартта «Мария 150000\$ қайтарғанда ғана барлық кәсіпкерлік активтерінің бірлескен иегері болады» деп атап көрсетілген. Біз келіссөз жүргізген кезде ол кәсіпкерлікті жүргізуге араласпаймын деген. Оны

маған үлесіме қалдырамын деген!

Эш: hмм . . .

Джонни: Оу! Келісімшартты бұзған Мария ғой? Мен оны сотқа бере аламын ба?

Эш: Жақсы сұрақ. Бұл мейрамхананың жұмысына араласпауға Марияның берген уәдесі келісімшарттың шарты немесе шарттық емес екеніне байланысты. Егер ол шарттық емес болса, онда сен ештеңе істей алмайсың, ал бірақ бұл келісімшарттың шарты болса . . . онда ол келісімшартты бұзды және сен құқығыңды қорғауға, оның ішінде шартты бұзуға құқылы болуың мүмкін . . .

Джонни: Солай ма? Мария шартты бұзды ма, жоқ па?



Бұл тарауда

- Келісімшарттың бір тарапы жалған мәлімдеме жасаса немесе уәдесін бұзса, оның салдары қандай?
- «Келісімшарт шарты» деген не? Жазбаша жасалған және қол қойылған шарттың күші қандай? Жазбаша жасалмаған және қол қойылмаған шартты қалай келісімшартқа енгізуге болады? Қай кезде жалпы құқықта келісімшарт шарттары көзделеді?
- Тауар сату заңнамасында қандай шарттар көзделеді?
- Шарт пен келісімшарттық емес мәлімдеме мен уәденің арасындағы айырмашылық неде? Келісімшарттық емес мәлімдеме немесе уәде қай кезде орындалады?
- Кім келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ете алады?
- Жауапкершіліктен бас тарту деген не және ол келісімшартты бұзу салдарынан басқа тарапты қалай қорғайды?
- Сот орындалуын қамтамасыз етпейтін келісімшарт шарттарының түрлері бар ма?
- Келісімшарт бұзылғанда, басқа тарап қай кезде залалды қалпына келтіруді талап етуге құқылы болады? Екінші тарап шартты бұзғандықтан, бір тарап келісімшартты қай кезде тоқтата алады? Келісімшарт бұзылған жағдайда басқа қандай қол жетімді қорғау құралдары бар?
- Келісімшарт келісім арқылы қалай тоқтатылуы мүмкін? Қай кезде келісімшарт бұзылады?

Кіріспе

Алдыңғы тараудан білгеніміздей, кәсіпкерлік толығымен заңды бекітілген келісімдер жасасу, басқаша айтқанда *мәмілелер жасау* болып табылады. Мәміленің бір тарапы жалған мәлімдеме жасаса немесе олар берген уәдесін орындай алмаған кезде, келісімшарт туралы заңнама басқа тарапқа келісімшартты тоқтату және басқа да нысандар сияқты азаматтық өтемақы алуға, компенсация талап етуге құқық береді. 5-тараушада біз Аустралияда келісімшарт жасасуды реттейтін ережелерді қарастырдық. Бұл тараушада біз заң екі маңызды сұрақтарға, яғни келісімшарт бұзылғандығын қалай анықтайтындығын, ал егер бұзылса, оның салдары қандай болатынына жауап беретінін көреміз.

Жалған мәлімдеме мен бұзылған кепілдік

Келісімшарт тараптарының бірі жалған **мәлімдеме** жасаса (факт мәлімдемесі) немесе уәдесін бұзған жағдайда не істеуге болады? Мәлімдеменің немесе уәденің заңды салдары:

- келісімшарт шарты;
- нормативтік шарт;
- шарттық емес мәлімдеме немесе уәде болатындығы-болмайтындығына байланысты (6.1-суретті қараңыз).


мәлімдеме – факт мәлімдемесі.

Келісімшарт шарттары

Келісімшарт **шарттары** әрбір тараптың құқықтары мен міндеттері туралы толық ақпаратты қамтитын келісімнің нақты егжей-тегжейі болып табылады.

Жалпы алғанда, келісімшарт шарттарының екі түрі бар: экспресс шарттар және көзделетін шарттар. Көзделетін шарттар соттар мен кез келген тиісті нормативтік шарттар білдіретін шарттарды қамтиды (6.2-суретті қараңыз).

шарттар – келісімнің нақты егжей-тегжей анықталған бөлігі.



6.1-сурет. Жалған мәлімдеме жасау мен уәдені бұзудың салдары



6.2-сурет. Келісімшарт шарттары

Экспресс шарттар

Экспресс шарттар – тараптар нақты келіскен шарттар. Олар жазбаша немесе ауызша келісілген болуы мүмкін. Егер келісімшарт маңызды, атап айтқанда, коммерциялық маңызды келісімшарттардың бірі болса, шарттарда барлық тараптар міндеттемелерінің нақты ауқымы туралы түсінікті жазылуы – өте жақсы идея.

экспресс шарттар – тараптар анық ауызша немесе жазбаша нысанда келіскен келісімшарт шарттары.

Егер тараптар саналы түрде мойындамаған және келісілмеген нақты бір шарт болса, ол:

1. тараптар қол қойған жазбаша шарт болса;
2. келісімшарт жасалмас бұрын шарттар тараптардың назарына ұсынылып, оларға ақылға қонымды түрде хабарланған болса, онда ол тараптар орындауға міндетті экспресс шарт болады.

Жазбаша және қол қойылған келісімшарт

Егер келісімшарт тараптар қол қойған және жазбаша болса, онда оны тіпті, тараптардың бірі іс жүзінде оқып, түсінбесе де, тараптар оны орындауға міндетті болып табылады.

Л'естренджінің Graucob ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [1934] 2 KB 394

Л'естрендж *Graucob* компаниясынан темекі сататын автоматтар сатып алуға келісті. Жазбаша келісімшартта мынадай шарттар қамтылды: «Бұл келісімде жоғарыда аталған машинаны сатып алуға келіскен барлық талаптар мен шарттар қамтылады және осы құжаттан тыс кез келген тікелей немесе жанама көрсетілген шарт, өтініш немесе кепілдік, жарғылар орындалуға жатпайды. Л'естрендж шартты оқымай қол қойды. Техника дұрыс жұмыс істеген жоқ және Л'естрендж келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін, атап айтқанда, негізді сатып алу мақсатына сәйкес машинаның дұрыс жұмыс істейтіндігі айтылатын шарттың бұзылуына қатысты *Graucob* компаниясын сотқа берді. Сот Л'естрендж келісімшартта көрсетілмеген жанама шарттар мен кепілдемелерді талап етті деп шешті. Л'естренджінің келісімшартты оқымаған фактісі дұрыс емес, бірақ оның келісімшартқа қол қоюы келісімшарттың барлық жазбаша шарттарымен келісті деп есептеуге.

Toll (FGCT) Pty ЖШК компаниясының Alphapharm Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (2004) 219 CLR 165

Alphapharm Pty ЖШК компаниясы *Finemores* компаниясымен олардың өздерінің

атынан тұмауға қарсы вакцинаны таратуды ұсынып, (кейіннен *Toll (FGCT) Pty ЖШК*) компаниясы сатып алған компания) келісім жасады. Вакцинаның жарамсыз екенін білгенде, *Finemores* компаниясы жазбаша және қол қойылған келісімшартқа сүйеніп, олардан шығынды өндіріп алуға ұмтылды. *Alphapharm Pty ЖШК* компаниясы келісімшартты оқымағанын, мұның келісімшарт шарттарында көрсетілмегенін және олардың назарына ұсынып, хабардар етпегенін алға тартып, дау айтты. Сот бұл – жазбаша шарттың міндетті және орындалуға тиісті шарты және оған *Alphapharm Pty ЖШК* компаниясы қол қойды, *Finemores* компаниясы олардың назарына ерекше шарттарды ұсынуға, хабардар етуге міндетті емес деп шешті.

6.1-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Құжатқа қол қоймас бұрын әрқашан оны оқу неге маңызды екенін түсіндіріңіз.

Жазбаша келісімшартқа қол қойған адамның оны орындауға міндетті болмайтын жағдайлары өте аз кездеседі. Қол қойылған келісімшарттың, алдыңғы тарауда келісімшартқа қатысты түсіндірілгендей, келісімнің болмауы (қателік, мәжбүрлеу, негізсіз ықпал немесе әділетсіздік), заңдылықтың жоқтығы немесе ресмиліктің болмауына байланысты заңды күші жоқ болуы мүмкін. Қол қойылған келісімшарттың заңды күші жоқ болуы ықтималдығы төмендегідей басқа да жағдайларға байланысты болуы мүмкін:

- *Ойлану кезеңі*. Келісімшартта тараптардың біріне шешім қабылдауға **ойлану кезеңін**, яғни ойын өзгертуге қысқа уақыт беретін шарт болуы мүмкін. Ол келісімшарттың экспресс шарты болуы мүмкін немесе заңнамада көрсетілуі мүмкін. Мысалы, Франчайзинг заң кодексінде барлық франшиза келісімшарттарында жаңа франчайзифа 7-күндік ойлану уақытын (10-параграфты қараңыз) беретін шарттар көзделеді. Егер тарап шарттан бас тарту құқығын жүзеге асыруға шешім қабылдаса, олар, әдетте, өздерінің осы мақсаты туралы басқа тарапқа жазбаша хабарлама беруге міндетті.
- *Non est factum*. Соттар жазбаша шартқа қол қойған адамды келісімшарт міндеттемесін орындамауға мүмкіндік беруге әдетте, құлықсыз және егер адам келісімшартты тым жалқаулықтан немесе асығыстықтан оқымаса, келісімшарт міндеттемесін орындамауға рұқсат бермейді. Алайда, егер 1) адам келісімшартты дәлелді себептер негізінде оқымаған жағдайда (мысалы, олардың зағип, сауатсыз болуы, ағылшынша оқи алмауы немесе басқа адамның құжатты олардың оқымауына бұрмалаушы мәлімдеме беруі, адастыруы нәтижесінде) және 2) олар қол қоятын құжаттың негізі сипатында қателік болған жағдайда, сот келісімшарт жарамсыз және күші жойылды деп тануға шешім қабылдауы мүмкін. Бұл **non est factum** («Менің құжатым емес») ретінде белгілі.

Сондай-ақ, Аустралия соттары адам құжаттың сипаты шарттық емес деп «алдау» арқылы сендіріп, келісімшартқа қол қойылған болса, олар келісімшартты орындауға міндетті емес деп мәлімдеді.

ойлану кезеңі – Адам келісімшартты жалғастыру немесе өтініш беру туралы өз пікірін өзгерте алатын уақыт кезеңі.

non est factum («менің құжатым емес») – жазбаша және қол қойылған келісімшарттың шарттары бар

немесе тараптардың бірі мүгедект немесе қабілетсіз болу нәтижесінде келісімшарт талаптарынан бейхабар болатын заңды салдары бар талап.

опция – белгілі бір бағамен және белгілі бір күнге дейін немесе кейін мүлікті сатып алуға немесе сатуға құқылы болу.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Non est factum төмендегідей талаптардың барлығы қанағаттандырылған жағдайда қол қойған адамға қатысты жазбаша келісімшарт жарамсыз немесе оның заңды күші болмайды:

- Адам зағип, сауатсыз болуы, ағылшынша оқи алмауы немесе басқа адамның олардың құжатты оқымауына итермелеп, бұрмалаушы мәлімдеме беруі, адастыруы нәтижесінде келісімшартты оқымағанда;
- Адам қол қоятын құжаттың негізі сипаты туралы қателескен жағдайда.

Петелиннің Калленге қарсы талап арызы (1975) 132 CLR 355

Петелин аздап ағылшын тілінде сөйлей алатын, бірақ мүлде оқи алмайтын. Каллен Петелин өзіне тиесілі жерді сатып алу құқығын белгілі бір уақыт кезеңіне Калленге берді. Берілген уақыт мерзімі аяқталды және Каллен мерзімді әрі қарай созғысы келді. Ол Петелинге 50\$ жіберіп, 50\$ ақшаның квитанциясы ретінде сипаттаған құжатқа қол коюды сұрады. Петелин оны оқымай қол қойды. Шын мәнінде ол құжат Калленге опция уақытын созуға рұхсат берді. Каллен опцияны жүзеге асыруға тырысқан кезде, Петелин оған жерді сатудан бас тартты. Сот Петелин *non est factum* сүйене алады және ол тіпті оған қол қойғанда да опция мерзімін ұзартуға міндетті емес деп шешті. Бұл жағдайда Петелиннің құжатты оқымауы түсінікті.

Илиадистің Le Mans Grand Prix Circuits Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [1998] 4 VR 661

Le Mans Grand Prix Circuits Pty ЖШК Илиадиске маңдайшасында «Біздің жарнамаға көмектесу үшін» деген жазуы бар қағаз ілінген ойын-сауық карттардың бірін жүргізу ұсынылды. Илиадис бұл құжат маркетингтік мақсаттар үшін деп ойлап, оны толық оқымай, қол қойды. Құжатта олардың клиенттердің жарақат алуы Ле Манс компаниясының жауапкершілігіне кірмейтіні айтылған шарт болды. Жүргізу кезінде Илиадис жарақат алды және *Le Mans Grand Prix Circuits Pty ЖШК* компаниясының келісімшарт шарттарының тармағына иек артуға ұмтылды. Сот Илиадистің талабы жазбаша келісімшарт сипатында көрсетілмеген, оған оқуға жеткілікті уақыт берілген жоқ және шарт оның назарына ұсынылған жоқ деп шешті.

ЕСКЕРТУ!

Жалпы ереже бойынша тіпті келісімшартты оқымасаңыз да немесе оның шарттарын түсінбесеңіз де, сіз келісімшарт шарттарына заңды байланысты боласыз.

Ақылға қонымды мәлімдеме

Әрине, келісімшарттардың көбісі жазбаша емес және оларға қол қойылмайды. Мысалы, Джоннидің оның мейрамханасындағы клиенттермен жасаған келісімшарттары жазбаша емес және оларға қол қойылмаған. Онда кейін келісімшартқа жазбаша шарттар қалай енгізілуі мүмкін? Егер жазбаша және қол қойылған келісімшартта мәлімдеме қамтылмаса, екі тараптың ақылға қонымды мәлімдемесі болған жағдайда, ол тек жедел келісімшарт шарты болады. Мысалы, Джонни Джинге пицца пешін сату кезінде Джиннің үйіне апарғаннан кейін пеш дұрыс жұмыс істемесе, ол заңды түрде жауапты болмайды деген мәлімдемені келісімшарт жасамас бұрын (1) Джиннің назарына және (2) ақылға қонымды тәсілмен ұсынғанын Пысықтау керек. Джонни оны ауызша немесе жазбаша нысанда істеуіне болады; соңғысы дұрысырақ. Мәлімдеме басқа тараптың назарына келісімшарт жасалғаннан кейін ұсынылса, ол келісімшарттың шарты болмайды.

Торнтонның *Shoe Lane Parking* ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [1971] 2 QB 163

1964 жылы мамыр айында Торнтон *Shoe Lane Тұрақ ЖШК (SLP)* компаниясына тиесілі және олар пайдаланатын жаңа автоматты автотұраққа автокөлігін қойды. Ол бұрын автокөлік паркін пайдаланған жоқ еді. Автотұраққа кіретін жердегі автоматты билет машинасына Торнтон ақша төлеп, билет алды. Билеттің төменгі сол жақ бұрышында кішкентей әріптермен «Үй-жайларда бейнеленген жағдайларға сәйкес берілген деп көрсетілген. Жолақы қабылдайтын аппаратқа қарама-қарсы бағанасында... ұзақ жағдайларға жасалған деген белгі болды. Сондай ақ, адамның үй-жайларда, көлікте алған кез келген зақым, жарақатына *SLP* компаниясы **жауапкершіліктен бас тартатынын** көрсетуге ұмтылатын шарттар енгізілген. Жазатайым болған автомобиль апаты Торнтонның жарақат алуына және оның автомобиліне залал келтіруге әкеп соқты. Торнтон абайсызда заң бұзушылығы үшін *SLP* компаниясын сотқа берді. *SLP* компаниясы жауапкершіліктен бас тарту шартына сүйенуге тырысты. Жауапкершіліктен бас тарту ақылға қонымды ескерту арқылы Торнтон мен *SLP* компаниясы арасындағы келісімшарттың шарты болды ма? Сот жауапкершіліктен бас тарту Торнтон мен *SLP* компаниясы арасындағы келісімшарттың шарты болған жоқ, өйткені Торнтон ол туралы білмеді және *SLP* компаниясы оның назарына жеткілікті жеткізген жоқ деп шешті. Келісімшарт Торнтон автокөлік паркіне кірерде, билет машинасына ақша төлеген уақытта құрылды, ал мұны кейінірек билетте жазылған ештеңемен өзгертуге болмайды.

жауапкершіліктен бас тарту – Шарт тараптарының бірі өз міндеттемелерін орындамауы салдарына жауапты болмайды деген мәлімдеме. Сондай-ақ, «босату шарты» немесе «ерекше тармақ» ретінде белгілі.

Ескерту!

Келісімшарт жасалғаннан кейін жаңа шарттарды енгізуге болмайды. Сондықтан келісімшарт жасағанда бәрінен толық хабардар болу маңызды.

Джонни тіпті, келісімшарт жасалғаннан бұрын Джинге мәлімдемені қолжетімді етсе де, ол келісімшарттың шарты екені Джинге негізді айқын болуы тиіс.

Каузердің Браунға қарсы талап арызы [1952] VLR 1

Браун Каузердің көйлегін абайсызда бүлдіріп алған құрғақ тазартушы еді. Каузер компенсация өтемақы талап еткен кезде Браун көйлекті тапсырған кезде Каузерге ұсынған өтініштегі «Ешқандай жауапкершілік жүктелмейді» деген мәлімдемеге сүйенуге тырысты. Каузер мәлімдемені көрген жоқ және оны оқыған жоқ. Бұл шарт келісімшарт құрамына кірді ме? Сот келісімшарт шартында болған жоқ деп шешті. Ол квитанция көйлекті алу үшін қажетті нәрседен артық ешнәрсе емес деп күтуі ақылға сыйымды және Браун Каузерге мәлімдемеде мұның қамтылғанын көрсеткен жоқ.

Бұл концерт билеті немесе әуе жай билеті сияқты келісімшарт жасалмас бұрын басқа тараптың назарына ұсынылатын билетте көзделген шарттардың енгізілуі ортақ тәжірибе болып табылады. Бірақ шарттардың барлығын енгізуге билетте жеткілікті орын болмаса ше? Шарттарды билетке толық көлемде енгізуге қарағанда оларға сілтеме жасау және екінші тарапқа оларды қайдан табуға болатынын айту арқылы келісімшартқа енгізілуі мүмкін. Басқа тарап іс жүзінде шарттарды тексеруге аса күш жұмсамаса, олар бәрібір келісімшартқа кіреді.

Томпсонның Лондон, Шотландия және ішкі Теміржол компаниясына қарсы талап арызы [1930] 1 KB 41

Томпсон платформадан аздап өтіп тоқтаған пойызда жолаушы болды. Ол вагоннан шыққанда, жерге құлап түсіп, жарақат алды. Ол Лондон, Шотландия және ішкі Теміржол компаниясынан өтемақы талап еткенде, олар осындай жағдайларда жауапкершіліктен компанияны қорғайтын шартқа сүйенуді шешті. Шарт поезд кестесінде және барлық жолаушыларға берілетін билеттерде билеттер кестедегі шарттар мен жағдайларға сәйкес шығарылады деген мәлімдеме енгізілгені баяндалған. Томпсон ондай шарттан хабарсыз екенін, өйткені 1) оның атынан билетті оның қызы сатып алғанын және 2) өзі сауатсыз екенін айтып дауласты. Дегенмен сот *LMSR* жолаушылар назарына шартты жеткізуге ақылға сыйымды қадамдар жасағанын, сондықтан бұл жауапкершіліктен *LMSR* компаниясын қорғайтын шарт деп шешті.

Алайда, бұл келісімшартқа енгізілетін шартты екінші тараптың назарына жеткізу үшін қосымша күш салу міндеттеуге сүйенетін ерекше, әсіресе ауыр шарт екенін ескеріңіз.¹

6.2-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Егер сіз телефон арқылы кәсіпкерлік келісімшарт жасасаңыз, шарттар_келісімшартқа қалай енгізілуі мүмкін?

Кейбір келісімшарттар келісімшарт анық жасалғаннан кейін тараптардың біріне жазбаша келісімшарттың шарттарын өзгертуге немесе тіпті, ауыстыруға рұқсат етілетінін ескеріңіз. Мысалы, банк шығарған несие келісімшарттар көбінесе төлеуге жататын

¹ *Interfoto Picture Library Ltd v Stiletto Visual Programmes Ltd* [1989] QB 433.

сыйақы ставкасын қоса алғанда, тараптар қол қойғаннан кейін шарттарды өзгертуге банкке рұқсат береді. Келісімшарт шарттарын өзгертуге тараптардың біріне рұқсат беретін шарт **Аустралия Тұтынушылар Заңы (АТЗ)** шеңберінде «әділетсіз шарт» болуы мүмкін (8-тарауды қараңыз).

Аустралия Тұтынушылар Заңы (АТЗ) – Аустралия тұтынушылар құқықтарын қорғауды реттейтін заң. Бәсекелестік және Тұтынушылар Заңының кестесі 2010 (Дст).



ЗАҢ АЯСЫНДА: ҚҰҚЫҚ ПЕН ТЕХНОЛОГИЯ

«Орама» батырмасын басыңыз және «оны шолыңыз»

Адам өнімді сатып алу немесе веб-торап арқылы келісім жасағанда, «Қабылдаймын» немесе «Келісемін» белгішесін басу арқылы оларды оқып, шарт жиынтығымен келіскенін сұрайды. Бұл «clickwrap» батырмасын басыңыз» келісімі ретінде белгілі. Адам онлайн келісімшартын жасар алдында оның шарттары туралы мәлімет берілгенін дұрыс көрсетеді, сондықтан онлайнға енгізілетін шарттар ақылға қонымды хабарлама. Әдетте, сатып алу немесе келісім жасауға рұқсат алудан бұрын шарттармен келісімді білдіретін әрекеттер талап етілгенше «clickwrap» келісімдері заңды бекітілгендігі қабылданады. Тұлға неғұрлым көбірек әрекет жасауды (мысалы, өз шарттарын қабылдануға немесе тіпті олардың келісімін алуға) жалғастырса, соғұрлым шарттар онлайн келісімшартына енгізіледі және таарап оны орындауға міндетті болады.

«Clickwrap» термині «shrinkwrap» (целлофан қағазға оралған деген) терминінен шыққан. «Shrinkwrap» шарт сатушы мен сатып алушы арасындағы өнім целлофан қағазға оралып, мөрленетін келісімшарт түрі. Мұның қарапайым мысалы бағдарламалық өнім болып табылады. Сатып алушы сатып алғаннан кейін пакетті ашқанда, нақты өнімге қосымша бағдарламаны пайдалануға лицензиялық келісімшарттар жиынтығы бар құжатты қоса алады. Пакеттегі ескерту әдетте, сатып алушы пломбасын бұзу арқылы, құжатта баяндалған шарттарға келісетінін білдіреді. Әрине, мәселе болатын нәрсе сатып алушы шарттарды оқуға мүмкіндігі болған уақытқа дейін келісімшарт жасалып қояды; сатып алушы өнімді сатып алған кезде келісімшарт жасалды. Олай болса, сатып алушы шарттарды қалай орындай алады? Бір пікір, онда, шын мәнінде, екі келісімшарт бар: бір келісімшарт – өнімді сатып алушыға, ал екіншісі – сатып алушы пакетті ашып және оның шарттарын қабылдағанша басталмайтын өнімді пайдалануға қатысты келісімшарт. «Clickwrap» және «shrinkwrap» келісімшарттары әдетте, заңды түрде күші бар, орындалатын шарт деп танылса, ал «browsewrap» келісімдерінің орындалуы екі талай. Бұл сайтта тұлғадан оқуды міндеттемейтін, сұралатын шарттар жиынтығымен байланыс бар жерде болады. Келісімшарт тарапы шарттарды көрді деп болжамайтын және олар тиімді онлайн келісімшартын жасамады деп болжамау дұрыс көзқарас сияқты көрінеді.

6.3-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сіз жақында жасаған жазбаша келісімшарттың (қағаздағы немесе электрондық түрінде) шарттарын табыңыз. Шарттар қалай келісімшартқа дұрыс енгізіледі? Шарттар қандай мәселе түрлерін шешуі керек?

Сот көздейтін шарттар

Көрсетілген шарттар – тараптар талқылауға немесе келіссөздер жүргізуге міндетті болмайтын, бірақ соған қарамастан, белгілі бір құқықтық нормалар операциясы нәтижесінде келісімшартқа енгізілетін шарттар. Бұл тараушада біз сот тұспалдайтын ұйғарымды шарттарды қарастырамыз. Келесі тараушада біз заңнамада тұспалданатын ұйғарымды шарттарды қарастырамыз.

Әдетте жалпы ереже бойынша тараптар өздерінің тікелей келісінде егжей-тегжейлілікті жеткілікті айқын енгізбеген жағдайда, ол күмәнді, белгісіз болғандықтан, жарамсыз және заңдық күші болмайды.

көзделетін шарттар – Тараптар анық келіспеген, бірақ соған қарамастан келісімшарттың шарты болатын шарт.

Дж.Г.Оустонның G.Scammell & Nephew ЖШК және HC компаниясына қарсы талап арызы [1941] AC 251

Оустон *Scammell* компаниясынан жүк машинасын жалға сатып алуға келісті. Жазбаша келісімде «Сатып алу бағасының балансы қалған екі жыл ішінде жалға алу-сатып алу шарттары бойынша ескерілуі мүмкін екенін түсіндіретін» келісім жасалды. Сот «жалға сатып алу шарттары туралы» фраза ешқандай нақты мағына бермейді және келісімшарт күмәнді, анық болмағандықтан, жарамсыз және заңды күші жойылды деп шешті.

Екінші жағынан, соттар, әдетте, келісімшартты жарамсыз етуден гөрі оның орындалуын қамтамасыз етуді қалайды және жасалған келісімшарттарға «олқылықтарды толтыру» үшін тараптар өздері бұл туралы ойлағанда енгізуі айқын шартты немесе шарттарды енгізеді. Сот егер ақылға қонымды және әділ, қажетті, өміршең, анық, «айт-

Codelfa Construction Pty ЖШК компаниясының HC State Rail Authority (NSW) компаниясына қарсы талап арызы (1982) 149 CLR 337

State Rail Authority (NSW) компаниясы үшін Сиднейде екі тоннель салу жұмысымен *Codelfa Construction Pty ЖШК* компаниясы айналысты. Жұмыс бағасын келісу кезінде, *Codelfa* компаниясы тоннель салу жұмысын тәулігіне 24 сағат жұмыс істеуге болады деп ұйғарған еді, бірақ көп ұзамай жұмыс басталғаннан кейін жергілікті тұрғындар *Codelfa* компаниясының құрылыс жұмыстарын жүргізу уақытына шектеу қойды. Шектеу қою кідірістері *Codelfa* компаниясының шығындары айтарлықтай өседі деген сөз. Осыған байланысты *Codelfa* компаниясы *State Rail Authority* компаниясымен төленетін ақыны қайта келісуге ұмтылды. *Codelfa* компаниясы егер жұмыс сағаты шектеулі болса, *State Rail Authority* компаниясы төлейтін ақыны арттыруға болатыны келісімшарттың ұйғарымды шарты екеніне уәж айтты. Сот ««ресмилік куәгер»» тестін қолданып, мұндай шарттың келісімшартта меңзелуінен бас тартты. Келіссөз жүргізу кезінде *Codelfa* компаниясының жұмыс сағаты шектелмейді деп ойлап, екі тарап та мұндай жанама шартты қарастырған жоқ. Әрі қарай, ол шарт келісімшартта білдірілсе де, сотқа оның мәліметтерін анықтау мүмкін емес. Мысалы, қосымша төлемнің сомасы қанша болады? (Сот, сайып келгенде, келісімшарт іске аспайды деп шешті, Бұл осы тараушада кейінірек түсіндіріледі).

паса да түсінікті» айқын және экспресс шарттарға сәйкес келісімшарт жасау қажет болса, оған дәйекті шарттарды енгізуді көздейді.² Сот «куәгерлерді ресми тестілеу» тәсілін қолданады, егер тараптар арасындағы келіссөз кезінде куәгерлер болған болса және олар тараптардан келісімшартта сондай шарттың бар екендігін сұрағанда, олар «иә, әрине» деп жауап берген болар еді.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы сақталып, қанағаттандырылған жағдайда сот келісімшартта нақты шартты көздейді.

- шарт негізді және әділ;
- шарт келісімшартты өміршең ету үшін қажет;
- шарттың айқын екендігі соншалықты, ол «айтпаса да түсінікті»;
- шарт анық білдіре алады;
- шарт экспресс шарттарына сәйкес келеді.

Шарттар кеден немесе саудада пайдалану нәтижесінде шарт жанама болуы мүмкін, өйткені ол нақты бір аймақта, саудада, өнеркәсіпте немесе мамандықта, әдетте, бір нәрсенің орындалу тәсілі болып табылады³.

Сондай-ақ, тараптар арасындағы өзара үздіксіз қарым-қатынас нәтижесінде ұйғарымды шарттар болады. Тараптар бұрын осыған ұқсас шарт жасасқан және сол

Робертсонның Balmain New Ferry Co ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (1906) 4 ЖШС 379

Адвокат Робертсон Сиднейден Балмейнге баратын паромға мінбекші болды. Бір пенни төленетін турникеттер Сидней верфінде орналасқан, жолаушылар Сиднейден Балмейнге саяхат жасағанда верфке кірерде ақша төлейді, ал Балмейден Сиднейге саяхат жасағанда верфтен шығу үшін паром саяхатынан кейін төлейді. Верфке кіру үшін ақша төлегеннен кейін Робертсон Балмейнге баратын паромнан кешігіп қалғанын білді де, кетуге тырысты. Верфтен шығу үшін ол тағы ақша төлеуге тиіс болды. Ол шын мәнінде, паромнан кешігіп қалғанын түсіндіргенде, кезекші жақын тұрған белгіні нұсқады: «Бір пенни тарифі верфке кіруге немесе шығуға төленуі тиіс. Жолаушылар паромға мінсе де, мінбесе де бұдан тыс ешқандай ереже жоқ. Бұл белгі верфтен шығатын жолаушыларға көрінеді, ал кіретін жолаушыларға көрінбейді. Робертсон екінші рет ақша төлеуден бас тартты, ал тапсырма Пысықтауші оны верфтен шығармады. Сайып келгенде, жанжалдан кейін Робертсон ақша төлемей кетіп қалды да, *Balmain New Ferry Co* компаниясының үстінен шабуыл жасау және жалған бас бостандығынан айыру деликті бойынша іс қозғады. Сот келісімшарт құрылмас бұрын жолаушылар көре алмағандықтан, белгі ойға қонымды ескерту болған жоқ деп шешті. Алайда, сот Роберт бұрын паромға бірнеше рет мініп жүрді, сондықтан ұйғарымды шарттан хабардар болып есептеледі деп шешті.

² *BP Refinery (Westernport) Pty Ltd v Shire of Hastings* (1977) 180 CLR 266.

³ *Hutton v Warren* (1836) 1 M & W 466; 150 ER 517.

алдыңғы келісімшарттарда белгілі бір шарттар қамтылған болса, онда ол шарттар соңғы шартта да білдіріледі.

Барлық келісімшарттарда *әмбебап жанама шарттар* ретінде белгілі көзделетін белгілі бір ұйғарымды шарттар бар. Осындай бір әмбебап тұспалданатын шарт — уағдаластықты орындауда ынтымақтасатын келісімшарттың екі тарапының уәдесі.

Перридің Coolangatta Investments Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (1982) 149 CLR 537

Coolangatta Investments Pty ЖШК компаниясы белгілі бір жылжымайтын мүлікті Перриге сатуға келісті. Келісім бірінші Перридің өз жеке мүлкін сату шартына байланысты жасалды. Келісімде Перридің өз жеке мүлкін сатуы тиіс уақыт шектеуі анық болған жоқ. Төрт айдан кейін Перри мүлкін сата алмады және *CI* компаниясы келісімді тоқтатты. Сот *CI* компаниясының бұлай істеуге құқығы бар деп шешті. Осы жағдайларда ақылға қонымды уақыт өткеннен кейін Перри мүлкін болатын уақыт ішінде шартты қанағаттандыратын барлық ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті болды және сот сондай-ақ, *CI* компаниясы шартты бұзуға құқылы, өйткені Перри екі тарап келісімді орындауға ынтымақтасу ұйғарымды шартты бұзды деп шешті.

Соңғы жылдары кейбір аустралиялық соттар мойындаған тағы бір әмбебап ұйғарымды шарт – адал әрекет етуге екі тараптың уәдесі, яғни, олар өздерінің шарттық құқықтарын *cariciously* немесе бөтен мақсаттардан гөрі адалдық пен парасаттылықта жүзеге асырады⁴.

жақсы сенім – адалдық пен парасаттылық.

Burger King Corp корпорациясының Hungry Jack's Pty ЖШК корпорациясына қарсы талап арызы (2001) 69 NSWLR 558

Hungry Jack's Pty ЖШК корпорациясы *Burger King* корпорациясының аустралиядағы сауда өкілі болды. *Burger King* корпорациясы сауда шартын бұзғысы келді. *Burger King* корпорациясы *Hungry Jack's Pty ЖШК* корпорациясы сұратқан жаңа қосалқы сауда орындарын ашудан бас тартты, содан кейін *Hungry Jack's Pty ЖШК* корпорациясы қажетті жаңа қосалқы сауда орындарын ашпағаны негізінде келісімшартты тоқтатты. Сот *Burger King* корпорациясы адал ұйғарымды шартты бұзды деп шешті. *Hungry Jack's Pty ЖШК* корпорациясы келісімшарттық өкілеттіктерін жүзеге асыруға міндетті, оның ішінде бөгде мақсаттан гөрі жаңа қосалқы сауда орындарын ашуды адал және ақылға қонымды қолдауға, осы жағдайда, *Burger King* корпорациясын келісімшартты бұзуға ықпал етті.

6.4-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Егер Джонни Джинге пицца пешін 10000\$ сатуға келіссе, бірақ тікелей ештеңе келісілмесе, шарттар қандай шарт түрлері ұйғарымды жанама шарт болуы мүмкін? Белгісіздігі үшін келісімшарт жарамсыз бола ма?

⁴ In New South Wales the requirement that the parties act in good faith is a statutory requirement under the Contracts Review Act 1980 (NSW).


Нормативтік шарттар

Келісімшарттың ең көп таралған түрі – **тауарларды сату шарты** болып табылады. Әр юрисдикциядағы Тауар сату заңнамасы осындай келісімшарттарда маңызды шарттарды білдіреді (6.1-кесте қараңыз).

6.1-кесте. Тауар сату заңнамасы

Юрисдикция	Заңнама
Аустралияның астаналық территориясы	<i>Тауар сату заңнамасы</i> 1954 (AAA)
Жаңа Оңтүстік Уэльс	<i>Тауар сату заңнамасы</i> 1923 (NSW)
Солтүстік Территория	<i>Тауар сату заңнамасы</i> 1972 (CA)
Квинсленд	<i>Тауар сату заңнамасы</i> 1896 (Квл)
Оңтүстік Аустралия	<i>Тауар сату заңнамасы</i> 1895 (ОА)
Тасмания	<i>Тауар сату заңнамасы</i> 1896 (Тас)
Виктория	<i>Тауар туралы заңнама</i> 1958 (Вик)
Батыс Аустралия	<i>Тауар сату заңнамасы</i> 1895 (СА)

Тауар сату заңнамасы тауар сату келісімшарттарында тұтынушыларды қорғайтын нормативтік шарттарды көздейді (6.3-суретті қараңыз).



6.3-сурет. Сатып алушыларды қорғайтын нормативтік шарттар

Тауар сату заңнамасы, сондай-ақ тауар сату келісімшарттарда мынадай мәселелерге қатысты нормативтік шарттарды білдіреді:

- меншік;
- төлем;
- жеткізу;
- қабылдау.

Тауар сату шарттары

Жалпы ереже бойынша, тауар сату заңнамасы тек қана тауар сату келісімшарттарына қатысты қолданылады. Тауар сату шарты, сатушы тауар жіберетін немесе тауар жіберуге, төленген ақшаның орнына **тауар** иесінің сатып алушыға тауар айырбастауға келісетін келісімшарттары болып табылады⁵. Осы анықтаманың негізгі элементтері төмендегідей:

- *Тауарлар* – жеке меншік материалдық заттар. Бұл мынадай заттар тауар емес екенін білдіреді;

⁵ Sale of Goods Act 1954 (ACT) s 6; Sale of Goods Act 1923 (NSW) s 6; Sale of Goods Act 1972 (NT) s 6; Sale of Goods Act 1896 (Qld) s 4; Sale of Goods Act 1895 (SA) s 1; Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 6; Goods Act 1958 (Vic) s 6; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 1.

- Жер және ғимараттар мен **қондырғылар** сияқты жерге бекітілген заттар.
- **Зияткерлік меншік құқықтары, акциялар** және борыштар сияқты жеке меншік материалдық емес заттар.
- Тапсырма пысықтаулар – тауарлар мен тапсырма Пысықтаугер көрсетуді қамтитын келісімшарттар, бұл егер келісімшарт «субстанциясы» тауарларды қайда (негізгі мақсаты немесе негізгі нысаны) тауардың иелігін аудару болғанда тауар сату келісімшарты болмақ. Егер келісімшарт нысаны тараптардың бірінің шеберлігі және сараптауы болса, ол **қызмет көрсету келісімшарты** болады.
- *Меншік* – тауардың меншік иесі ауыспаса, онда ол тауар сату келісімшарты болады. Бұл бір тұлғаның тауарларды басқа біреуге жалға беруі немесе одан жалға алуы тауар сату шарты болмайтынын білдіреді.
- *Валюталық (ақшалай) құны* – тауарлар тегін немесе басқа тауардың (яғни, айырбас немесе биржа) орнына берілгенде, онда ол тауар сату келісімшарты болмайды. Егер сатып алу бағасының бір бөлігі сауда түрінде болса, бірақ балансы ақша ретінде төленуге жататын болса, бұл тауар сату келісімшарты болады. Осы анықтамаға келісімшарт жасалысымен бірден ақшаны тауарға айырбастайтын тауар сату, сондай-ақ меншік иесі кейінірек ауысатын сату туралы келісімнің екеуін де қамтиды.

тауар – жеке меншік материалдық заттар.

қондырғылар – жылжымайтын мүлікке бекітілген зат және жылжымайтын мүліктің бөлігіне айналған, мысалы, ғимарат және ғимаратқа қоса бекітілген заттар.

зияткерлік меншік – идеяны білдіру, сауда маркасы, жаңа технология немесе дизайн сияқты материалдық емес шығармашылық нысаны.

акция – корпорациясының бөлінетін үлесінің бір бөлігі.

көмек көрсету келісімшарты – (1) келісімшарт субстанциясы тауар иелігін ауыстырудан гөрі көмек көрсету болып табылады және (2) көмек көрсететін тұлға қызметкер емес, тәуелсіз мердігер болатын келісімшарт.

Робинсонның Грейвске қарсы талап арызы [1935] 1 KB 579

Робинсон Грейвстің портретін салуға келісті. Грейвс келісімшарт тауар сату заңнамасының жекелеген талаптарына сай орындалмағанына дау айтып, ақы төлеуден бас тартты. Сот бұл тауарларды сатуға арналған келісім-арт болған жоқ деп шешті. Келісімшарт нәтижелерінің бірі меншік құқығының Робинсоннан Грейвске ауысуы болғанымен, оның мәні суретші ретінде Робинсонның шеберлігі мен сараптамасында екендігін ескерді.

6.5-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Төмендегі төрт сценарийдің қайсысы тауар сату келісімшарты?

1. Сіздің автокөлігіңізді май ауыстыру және жаңа шам орнату үшін механикке апару.
2. Сіздің кеңсе ғимаратыңызда орнатылған арнайы бағдарлама және кадрларды даярлаумен бірге жаңа компьютерлік жүйені иелену.
3. Өзіңіз таңдаған әртүрлі қоспалармен жасалған пиццаға тапсырыс беру.
4. Шаштараздың сіздің шашыңыздың бояуы.

Сатып алушы құқығын қорғайтын шарттар

Тауар сату заңнамасы тауар сату келісімшарттарда сатып алушыны құқығын қорғайтын нормативтік шарттарды қамтиды.

Тақырып

Тауар сату заңнамасы тауар сату келісімшарттарында сатушының (меншік иесі) тауары түріне қатысты үш нормативтік шартты қамтиды.⁶ Мысалы, 1923 жылғы (ЖОУ) Тауар сату заңының 17 бабына сәйкес:

Егер келісімшарттың басқа мүддені көрсету сияқты жағдайлары болмаса, сату туралы келісімшартта:

(1) сату жағдайында сатушының тауарды сатуға құқығы бар және сату келісімі жағдайында сатушы мүлікті беруге тиіс уақытта тауарды сатуға құқылы болатын тұспалды жағдайы;

(2) сатып алушының тауарды меншігіне алып, пайдалануын көздейтін кепілдік;

(3) келісімшарт жасалған уақытта немесе одан бұрын кез келген үшінші тараптың пайдасы үшін сатып алушыға жарияланбаған немесе оған белгісіз кінә тағу немесе жауапкершіліктен тыс болуын көздейтін кепілдік бар.



Басқаша айтқанда, әрбір тауар сату келісімшартында сатушының сатып алушыға сол тауарларды сату құқығын көздейтін уәдесі бар. Бұл әдетте сатушы іс жүзінде тауарлардың меншікті иесі болып табылатынын немесе оның тауарлары сатып алушыға беріледі дегенді білдіреді. Егер жеткізу кезінде сатушы тауардың иесі (мысалы тауарлар іс жүзінде нағыз иесінен ұрланып кеткендіктен) болмаса, сатушы тауарға қатысты нормативтік шарттарды бұзған болады.⁷ Тіпті, егер сатушы сол тауарлардың шынайы иесі емес екенін білмегенде де, осы шарттарды бұзатындығын ескеріңіз.

6.6-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Сатушы тауардың иесі болмаса, қандай жағдайларда ол тауарды сатуға құқылы болады?

Сонымен қатар, сатып алушының тауарды **кедергісіз иеленуі** көзделетін кепілдік бар. Бұл сатып алушы тауарды жалғыз өзі пайдаланады және игілігіне жаратады дегенді білдіреді. Егер сатып алушының тауарды кедергісіз иеленуіне (мысалы, сатушы тауарды кері қайтаруға немесе үшінші тараптың тауарларды иеленуге тырысуы арқылы) кедергі жасалса, онда сатушы нормативтік шарттарды бұзады.

біреудің мүлкін кедергісіз иелену – жылжымайтын немесе жеке мүлікті үзіліссіз (кедергісіз) пайдалану.

⁶ *Sale of Goods Act 1954 (ACT) s 17; Sale of Goods Act 1923 (NSW) s 17; Sale of Goods Act 1972 (NT) s 17; Sale of Goods Act 1896 (Qld) s 15;*

⁷ *Sale of Goods Act 1895 (SA) s 17; Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 17; Goods Act 1958 (Vic) s 17; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 12.*

Сайып келгенде, тауар сату кезінде сатып алушыға белгісіз **кепілдікке алуды** болдырмайтын көзделетін, тұспалданатын кепілдік бар. Сатып алғаннан кейін сатып алушы тауардың осындай **төлем төлеу** немесе **кепілдік беру** сияқты ауыртпалықтың кейбір түріне жататынын білсе, сатушы шарттарды бұзады.

ауыртпалық – қарызды өтеуді қамтамасыз ету үшін меншікке төлем төлеу.

төлем – меншік қарызы үшін қауіпсіздік.

Кепілге алу – басқа біреуге тиесілі мүлікті иелену, ұстау құқығы.

Сипаттама

Тауар сату заңнамасы тауар сату келісімшарты сипаттамасына сәйкес нормативтік шарттарды көздейді.⁸

Мысалы, *Тауар сату заңының* (1923, ЖОУ) 18-бабына сәйкес:

Сипаттама бойынша тауар сату келісімшарты болған жағдайда, тауарлардың сипаттамамен сәйкес келуі тиіс екенін білдіретін шарттар болады . . .

Бұл сипаттама бойынша әрбір тауар сату келісімшартында тауарлардың сипаттамаға сәйкес екеніне сатушының тұспалды уәдесі бар дегенді білдіреді. Сипаттама:

- жарнамада;
- сайтта;
- тауар орамында;
- тауар белгісі сияқты әртүрлі ықтимал жерлерде болуы мүмкін.

Сипаттама жазбаша болуы немесе оны сатушы ауызша жасауы мүмкін, кейде тіпті тауар орауышында бейнеленуі немесе жарнамада болуы мүмкін. Егер нақты тауар сипаттамаға сәйкес келмесе, сатушы сипаттамаға қатысты заңмен белгіленген нормативтік шарттарды бұзған болады.

Рейнольдстың Тернерге қарсы талап арызы (1989) 55-922 ASC

Пайдаланылған автокөлік сататын орында жақтауындағы терезеде «аз метражды» төмен одометр көрсеткішті деп жазылған автокөлік болды. Сатып алушы кейінірек одометр көрсеткіштері іс жүзінде әлдеқайда жоғары екенін анықтады. Сот делдал сипаттамаға қатысты заңмен белгіленген нормативтік шарттарды бұзды деп шешті.

Сапа

Тауардың **тауарлық сапасын** талап ететін нормативтік шарттар тауар сату заңнамасы бойынша белгілі бір тауар сату келісімшарттарында көзделеді.⁹

Мысалы, *Тауар сату Заңының* (1923, ЖОУ) 19 (2) тармағына сәйкес:

Тауар тікелей сол тауарды сатумен айналысатын сатушының (сатушы өндіруші немесе жоқ болуы мүмкін) сипаттамасы бойынша сатылған жағдайда, тауардың тауарлық сапасы болуы тиіс екенін білдіретін шарт бар. Егер сатып алушы тауарды тексерген жағдайда, мұндай сараптама анықтауы тиіс кемшіліктерге қатысты ешқандай тұспалданатын шарт болмайды.

⁸ Sale of Goods Act 1954 (ACT) s 18; Sale of Goods Act 1923 (NSW) s 18; Sale of Goods Act 1972 (NT) s 18; Sale of Goods Act 1896 (Qld) s 16; Sale of Goods Act 1895 (SA) s 13; Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 18; Goods Act 1958 (Vic) s 18; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 13.

⁹ Sale of Goods Act 1954 (ACT) s 19; Sale of Goods Act 1923 (NSW) s 19; Sale of Goods Act 1972 (NT) s 19; Sale of Goods Act 1896 (Qld) s 17; Sale of Goods Act 1895 (SA) s 14; Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 19; Goods Act 1958 (Vic) s 19; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 14.

Басқаша айтқанда, көптеген тауар сату келісімшарттарында тауардың сапалы екенін білдіретін сатушының көзделген уәдесі бар. Егер тауардың тауарлық сапасы болмаса, онда сатушы заңмен белгіленген нормативтік шарттарды бұзған болып есептеледі. Бұл шарт тауарларды тексергенде, сатып алушы байқауға тиіс ақауларға қатысты қолданылмайды.

«Тауардың коммерциялық сапасы» дегеніміз не? Тауар сату заңнамасында «тауардың тауарлық сапасы» тікелей анықталмайды, бірақ, әдетте, олардың бағасы, сипаттамасы т.б. ескерілетін жағдайларда ойға қонымды тауарлардың сапасы күтіледі деп түсініледі. Іс жүзінде, егер тауар оның кез келген ақаулары қоса дәл сипатталған болса, тауардың тауарлық сапасы жоқ және олардың көзделген бағамен сатылуы мүмкін емес.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы сақталып, қанағаттандырылған жағдайда, сатушы тауардың тауарлық сапасына қатысты нормативтік көзделген шарттарды бұзған болады.

- Келісімшарт тауарларды сату шарты болады;
- Сатып алушы тауардың сипаттамасына сүйенеді;
- Сатушы әдетте, сол сипатталған тауарды сатады;
- Тауардың тауарлық сапасы жоқ;
- Сатып алушы тауарларды тексерген жоқ немесе оны тексергенде де ол сараптама арқылы анықталмайтын ақаулардың бірі болды.

6.7-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Тауарлық сапа мен тауар үшін төленген ақы арасында қандай байланыс бар?

Уиллистің Дэвид Джонс ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (1934) 52 CLR, 110

Уиллис Дэвид Джонс ЖШК компаниясынан бір пар аяқ киім сатып алды. Ол жаяу жүруге ыңғайлы аяқ киім іздейтінін айтты. Оны үш рет кигеннен кейін аяқ киімнің бір өкшесі сынып, Уиллис бір екі қадам жүргеннен кейін құлап қалып, аяғын сындырып алды. Уиллис тауардың тауарлық сапасы болуы көзделетін шартты бұзғаны үшін сотқа шағымданды. Сот мұндай шарт келісімшартта көзделеді және ол шарт бұзылды деп шешті. Сатып алушының мінсіз зат болмаса да, сипаттамамен базарда өтімді тауар болуын күтуге құқысы бар. Тауар сатуға ұсынылған формасында, әдетте тауар белгіленген нақты мақсатқа пайдалануға жарамсыз болса, онда олардың «тауарлық сапасы» жоқ болады, демек, сол сипаттама бойынша тауар өтімді болмайды.

Сәйкестік

Тауар сату заңнамасы бойынша белгілі бір келісімшартта тауардың мақсатқа **сәйкес** (жарамды) болуын талап ететін нормативтік шарттар көзделеді.¹⁰

Мысалы, *Тауар сату заңының* (1923, ЖОУ) 19 (1) тармағына сәйкес:

Сатып алушы тікелей немесе жанама сатушының шеберлігі немесе бағалауына сүйенетінін көрсететін тауарлардан талап етілетін белгілі бір мақсаты сатып алушыға сатушының тікелей немесе жанама білдіруі арқылы белгілі және сатушының тауар жеткізу кәсібі (сатушы өндіруші болсын, болмасын) барысында тауар сипаттамасы болғанда, тауардың сол мақсатқа сәйкес болуы тиіс екендігін білдіретін шарт бар. Егер осы патентпен немесе басқа сауда белгісімен сатылатын арнайы заттар жөніндегі келісімшарт жағдайында тауардың кез келген белгілі бір мақсатқа жарамдылығына қатысты ешқандай тұспалданатын шарт жоқ.

Бұл егер үш талап қанағаттандырылса, келісімшартта тауардың мақсатына сәйкес жарамды екені көзделген сатушының тұспалды уәдесі бар дегенді білдіреді:

1. Келісімшарт жасаған уақытта сатып алушы тікелей немесе жанама сатушыға белгілі нысаналы мақсатын көрсетеді. Егер тауардың тек бір мақсатқа арналуына байланысты оның мақсаты анық болса, сатып алушы нысаналы мақсатын айқын көрсетуі міндетті емес.¹¹

2. Сатып алушы сатушының шеберлігі мен бағалауына сүйенеді. Егер сатып алушы тұтынушы болса, талап әдетте, қанағаттандырылады деп болжанады. Ал егер сатып алушы өнім туралы сатушыға қарағанда көп немесе одан да көп білетін басқа кәсіпкер болса, бұл талап қанағаттандырылмайды.¹²

3. Сатушы әдетте, осы сипаттағы тауарлармен айналысады.

Осы үш талап қанағаттандырылса, тауардың мақсатқа сай жарамдылығына қатысты нормативтік шарттар келісімшартта көзделеді. Егер тауар аталған қалыпты мақсаттарға сай келмесе, сатушы заңмен белгіленген нормативтік шарттарды бұзады.

Егер тауарлар бірнеше мақсаттарға арналса, онда олар қалыпты мақсаттарына негізді жарамды болуы тиіс.¹³

Егер сатушы сол сипаттамадағы тауарлармен айналысатын болса, тауардың мақсаты мен жарамдылығына қатысты нормативтік тұспалданатын шарттар келісімшартта көзделмейтінін ескеріңіз. Егер тауар әдетте, ондай тауар түрін сатпайтын сатушыдан сатып алынатын болса (мысалы, жеке сату кезінде), онда нормативтік шарттар көзделмейді және **caveat emptor** («сатып алушы сақ болсын») негізгі принцип болады.

Тауардың атауы мен сипаттамасына қатысты сатушының әдетте ондай тауар түрін сататын, сатпайтынына қарамастан, нормативтік шарттар келісімшартта көзделеді.

caveat emptor («сатып алушы өзі сақ болсын») – келісімшарт тараптарының өз мүдделерін қорғауға өздері жауапты болатын принцип.

10 *Sale of Goods Act 1954* (ACT) s 19; *Sale of Goods Act 1923* (NSW) s 19; *Sale of Goods Act 1972* (NT) s 19; *Sale of Goods Act 1896* (Qld) s 17; *Sale of Goods Act 1895* (SA) s 14; *Sale of Goods Act 1896* (Tas) s 19; *Goods Act 1958* (Vic) s 19; *Sale of Goods Act 1895* (WA) s 14.

11 *Preist v Last* [1903] 2 KB 148.

12 *Gibbett v Forwood Products Pty Ltd* [2001] ASAL 55–060.

13 *Henry Kendall & Sons v William Lillico & Sons Ltd* [1969] 2 AC 31.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда, сатушы тауардың тауарлық сапасына қатысты нормативтік көзделген шарттарды бұзған болады.

- Келісімшарт тауар сату шарты болады;
- Сатушы тауарды әдетте, сипаттамасына сай сатады;
- Сатып алушы сатушыға тауарды сатып алу мақсатын тікелей немесе жанама түрде жеткізді;
- Сатып алушы сатушының шеберлігі мен тауарды бағалау қабілетіне сүйенді;
- Тауар көрсетілген мақсаттарға сай жарамды емес;
- Сатып алушы тауарды оның патентін немесе сауда белгісін сұраған жоқ.

Гранттың аустралиялық тоқыма фабрикасына (ЖШК) қарсы талап арызы [1936] АС 85

Грант жүннен жасалған іш киім жиынтығын сатып алды. Іш киімдегі өндірістік өңдеуден қалған химикаттар ауыр дерматит ауруын туғызды. Ол өздерін бұған жауапты емеспіз деп мәлімдеген бөлшек сауда сатушыларынан өтемақы талап етті. Сот (1) тауардың мақсаты айқын болғандықтан, (2) Грант сатушының шеберлігі мен бағалауына сүйенді және (3) сатушы осы сипаттамадағы тауарлармен айналысады, тауардың мақсатқа сай жарамды болу шарты келісімшартта көзделген деп шешті. Бұл шарт бұзылды, өйткені іш киім мақсатқа сай жарамды болған жоқ.

Үлгі бойынша тауар сату

Тауар сату заңнамасына сәйкес тауарды үлгі бойынша сатуға қатысты нормативтік шарттар тауар сату келісімшарттарында қарастырылады.¹⁴ Тауарды үлгі бойынша сату сатып алушы жалпы тауарларды тексергеннен кейін емес, тауарлардың үлгісін тексергеннен кейін сатып алуға шешім қабылдаған жағдайда болады.

Мысалы, тауар сату заңының (1923, ЖОУ) 20 (2) тармағына сәйкес:

Үлгі бойынша тауар сату шарты жағдайында:

- (a) тауардың негізгі бөлігі сапасы жағынан үлгіге сәйкес болуын көздейтін жағдай;
- (b) сатып алушының тауардың негізгі бөлігін үлгімен салыстыруға ақылға қонымды мүмкіндігі болуын көздейтін жағдай;
- (c) тауардың үлгіге сараптама жасауда айқындалмайтын, оларды сатуға жарамсыз ететін кез келген ақаудың болмауын көздейтін жағдай;

Бұл әрбір үлгі бойынша тауар сату келісімшартында сатушының уәдесі көзделетінін білдіреді:

- тауардың негізгі бөлігі үлгіге сәйкес болуы;
- тауарды үлгімен салыстыруға мүмкіндік болғанға дейін сатып алушы тауарды қабылданды деп есептемеуі;

¹⁴ *Sale of Goods Act 1954 (ACT) s 20; Sale of Goods Act 1923 (NSW) s 20; Sale of Goods Act 1972 (NT) s 20; Sale of Goods Act 1896 (Qld) s 18; Sale of Goods Act 1895 (SA) s 15; Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 20; Goods Act 1958 (Vic) s 20; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 15.*

- үлгіге сараптама жасауда айқындалмайтын, тауардың негізгі бөлігінде оларды сатуға жарамсыз ететін кез келген ақаудың болмауы;

Ескерту!

Тауар сату заңнамасы арқылы сатып алушыны қорғайтын нормативтік шарттарды келісімшарттың басқа шарттары тікелей өзгертуі мүмкін; *Л'естрэнджінің Graucob ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [1934] 2 KB 394* фактілерін еске түсіріңіз.

Аустралия тұтынушылар заңы тауар сату келісімшарттарында немесе тұтынушыларға қызмет көрсетуде тауарларды сату туралы тұтынушыны қорғауға арналған кепілдіктер қосымша жиынтық шарттарды көздейді. Олардың Тауар сату заңнамасында қамтылатын шарттардан айырмашылығы – онда жанама кепілдіктерді қайта анықтауға немесе жоққа шығаруға болмайды.

Меншік, жеткізу, төлем жасау және қабылдау

Тауар сату заңнамасы қамтитын келесі жанама нормативтік шарттар сатып алушыны қорғау туралы емес, ол келісімшарттардағы «олқылықтарды толтыру» болып табылады.

Меншік

Меншік әдетте тараптар келіскен уақытта сатушыдан сатып алушыға ауысады. Алайда осы уақытта экспресс келісім болмаса, меншікке өту мынадай бес ережеге сәйкес анықталады.¹⁵

1. Егер келісімшарт сатып алушыға жеткізуге дайын **нақты тауарды** (мысалы, «осы автокөлік» дегендей, келісімшарт жасалған уақытта тауар анықталса) сату жөнінде болса, онда тауарға қашан төлем жасалғанына немесе оның жеткізілу уақытына қарамастан, меншік сатып алушыға келісімшарт жасалған уақытта ауысады. Мысалы, егер Джонни Джинге пицца пешін сатса, Джин әлі пештің ақысын төлемесе де, Джин келісімшарт жасалысымен меншік иесі болады. Бұл басқа төрт ережеден тыс болатын жалпы ереже болып табылады.

Тарлингтің Бэхтерге қарсы талап арызы (1827) 6 B & C 360; 108 ER 484

Бэхтер Тарлингтен бір шөмеле шөп сатып алуға келісті. Бэхтер оны жинап алып кеткенге дейін шөп Тарлингтің иісінің жерінде қалды. Ол жерде өрт шығып, шөп өртеніп кетті. Тарлинг ештеңеге қарамастан Бэхтерден төлем талап етті. Сот меншік келісімшарт жасалған уақытта Бэхтерге өтті деп шешті, сондықтан тіпті, шөп өртеніп кеткен жағдайда да және ол шөпті алып кетпесе де, ол Бэхтердің меншігінде болып саналады. Ол меншік иесі болғандықтан, өзі залал шекті. Ол әрі шөптің құнын төлеуге мәжбүр болды.

Міне, сондықтан, сатып алушы әлі тауарды алмаса да, ақшасын төлемесе де, сатып алуға келісім жасалысымен бағалы тауарды сақтандыруы маңызды.

2. Егер келісімшарт әлі сатып алушыға жеткізуге дайын *емес*, нақты тауарларды сату

¹⁵ *Sale of Goods Act 1954 (ACT)* ss 21–5, 32; *Sale of Goods Act 1923 (NSW)* ss 21–5, 31; *Sale of Goods Act 1972 (NT)* ss 21–5, 31; *Sale of Goods Act 1896 (Qld)* ss 19–23, 30; *Sale of Goods Act 1895 (SA)* ss 16–20, 28; *Sale of Goods Act 1896 (Tas)* ss 21–5, 33; *Goods Act 1958 (Vic)* ss 21–5, 35; *Sale of Goods Act 1895 (WA)* ss 16–20, 28.

жөнінде жасалса, сатушы тауарларды жеткізу жағдайына дейін атқарылатын қандай да бір қажетті жұмыстарды орындағанша және бұл жөнінде тиісінше сатып алушыға хабардар етілгенге дейін меншік оған ауыспайды. Мысалы, егер Джонни Джинге пицца пешін сатса, пешті Джинге бермес бұрын алдымен Джонни оған кейбір өзгертулер жасауға тиіс болса, Джин келісімшарт жасалған уақытта меншік иесі болмайды, ол пешке өзгерту жасап және ол туралы Джинді хабардар еткен кезде ғана Джин меншік иесіне айналады.

3. Егер келісімшарт сатып алушыға жеткізуге дайын, нақты тауарды сату жөнінде жасалса, бірақ сатпас бұрын оны өлшеу және бағасын есептеу қажет болса, онда сатып алушы келісімшарт жасалған уақытта меншік иесі бола алмайды, тауардың бағасы есептелгеннен кейін және бұл жөнінде оған тиісінше хабарланған кезде сатып алушы меншік иесі бола алады. Мысалы, егер Джонни Джинға пицца ұнының бір килограммын 10\$ сатуға келіссе және Джин оның екі қабын сатып алуға келіссе, екі қап ұнның бағасы есептеліп және мұның қанша тұратынын Джинге айтқанға дейін Джин меншік иесі бола алмайды.

4. Егер келісімшарт сатып алушының «құптауы», «сату немесе қайтару» жөнінде жасалса, сатып алушы сатып алу келісімшарты жасалған уақытта емес, сатып алушы тауарды сатып алу тікелей мақұлдау кезінде (мысалы, оларды басқа біреуге кредитке сияқты) немесе қайтармай, тиісті мерзімнен артық уақыт тауарды сақтауды көрсететін тауарға қатысты қандай да бір әрекет жасағанда меншік иесіне айналады.

5. Егер келісімшарт **анықталмаған тауар** (арнайы келісімшарт құрылған уақытта анықталмаған тауар, мысалы, «әйтеуір бір автокөлік» туралы) немесе **болашақта өндірілетін** тауарларды (келісімшарт жасалған уақытта әлі жоқ тауарлар) сату жөнінде жасалса, нақты тауар таңдалып және оны екі тарап келіскенге дейін сатып алушы меншік иесі болмайды. Мысалы, егер Джин Джонниге 20 вегетариандық пиццаға тапсырыс берсе, ол пицца дайындалып, келісімшартқа енгізілгенге дейін және Джин таңдау жасап, сатып алуға келіскенше меншік иесі болмайды.

Көптеген келісімшарттарда қазір **меншік иесін сақтау** немесе «*Romalpa*» деп аталатын ереже бар.¹⁶ Бұл ереже келісімшарттың қашан жасалғанына және тауардың жеткізгілі мерзіміне қарамастан, меншіктің ауысуына қатысты сатып алушы тауардың толық құнын төленгенге дейін меншік оның атына ауыспайтыны анық айтылатын нормативтік ереженің күшін жояды.

6.8-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Жоғарыда аталған меншік иесінің ауысуына қатысты ережелердің әрқайсысы қалай дәлелденуі мүмкін?

Меншіктің сатып алушының иелігіне қашан нақты өтуін және оның қашан тауар иесіне айналуының екі себебін білу маңызды.

Біріншіден, меншікке қатысты тәуекелден арылады. Егер тауар зақымданса немесе жоғалса, жалпы ережеге сәйкес, жоғалған уақытта тауарға иелік еткен адам төлейтін болады.¹⁷ Алайда, мынадай жағдайларды ескеріңіз:

- егер тараптардың бірі тауар жеткізуді кешіктірсе, тауарлар сол тараптың тәуекелі болады;

¹⁶ *Aluminium Industrie Vaasen BV v Romalpa Aluminium Ltd* [1976] 1 WLR 676.

¹⁷ *Sale of Goods Act 1954* (ACT) ss 11–12; *Sale of Goods Act 1923* (NSW) ss 11–12; *Sale of Goods Act 1972* (NT) ss 11–12; *Sale of Goods Act 1896* (Qld) ss 9–10; *Sale of Goods Act 1895* (SA) ss 6–7; *Sale of Goods Act 1896* (Tas) ss 11–12; *Goods Act 1958* (Vic) ss 11–12; *Sale of Goods Act 1895* (WA) s 15.

• егер тауар бір тарапқа тиесілі болса, бірақ ол басқа тараптың иелігінде болса, бұл тауарды **уақытша иелену** болғандықтан, тауар иелігінде болған тарап оны сақтауға жауапты болады (4-тарауды қараңыз).

Екіншіден, ешкім өзінде жоқ нәрсені басқаларға бере алмайды. Бұл *nemo dat* ережесі ретінде белгілі. Егер сатып алушы тауарды басқа біреуге сатса, онда ол тауарлардың иесі болмай жатып, меншікті бере алмайды.

анықталмаған тауар – келісімшарт жасалған уақытта нақты анықталмаған тауарлар

болашақта өндірілетін тауарлар – келісімшарт жасалған уақытта жоқ тауарлар.

меншік иесін сақтау – келісімшарттың қашан жасалғанына және тауардың жеткізілу мерзіміне қарамастан, меншіктің ауысуына қатысты сатып алушы тауардың толық құнын төленгенге дейін меншік оның атына ауыспайтынын көрсететін келісімшарт пункті. Сондай-ақ, «*Romalpa* ережесі» ретінде белгілі.

уақытша иелену – басқа біреуге тиесілі мүлікті уақытша иеленетін адам.

nemo dat quod non habet («адам өзінде жоқ нәрсені ешкімге бере алмайды») – Өзінде жоқ, сатушыдан сатып алатын тауарды сатып алушы иелене немесе тауарды меншіктеу құқығын біреуге бере алмайды деген ереже.

Nemo dat ережесінен тыс кейбір маңызды ерекшеліктер бар.¹⁸ Дегенмен өз иелігінде тауары жоқ сатушы сатып алушыға мынадай жағдайларда:

- сатушы тауар иесінің уәкілетті агенті болғанда (тауар сатуға құқығы нақты немесе айқын болуы мүмкін екенін ескеріңіз (7-тарауды қараңыз);
- тауар сатушының меншігі еместігінен хабарсыз сатып алушыға бүкпесіз және ашық нарықта сатылғанда (тек Оңтүстік Аустралия, Тасмания, Виктория және Батыс Аустралияда);
- сатушы тауарды басқа біреуге әлдеқашан сатып қойған, бірақ меншік иелігін сақтап, тауардың сатушының меншігі еместігінен хабарсыз сатып алушыға қайта сатқанда;
- толық иелікті алмай, тауарға меншік иелігін алатын басқа біреуден тауар сатып алып, енді тауарды сатушының меншігі еместігінен хабарсыз сатып алушыға сатқанда;
- сатушы мысалы, жылжымайтын мүлік **ипотекасы** сияқты сату нормативтік билігін жүзеге асыратын болса, меншік иелігін бере алады.

ипотека – әдетте, жылжымайтын мүлік иесінен мүлік орнына ипотекалық кредит алатын кепіл алушы.

Жеткізу

«Жеткізу» бұл жерде тауарды иеленуді сатып алушыға тапсыру әрекетін білдіреді. Ол міндетті түрде кәсіпкерлік немесе тұрғылықты сатып алушының мекен жайына дейін тауар тасымалдауды білдірмейді. Бұған көліктің кілтін немесе жабдық құқығын белгілейтін құжаттар тапсыру сияқты символдық жеткізу кіреді.

Тараптар өздері тауарды жеткізу мерзімін келіспесе, тауар сату заңнамасы тауарларды жеткізуге қатысты маңызды бірқатар шарттарды көздейді.¹⁹ Егер басқаша келіспеген болса:

- сатушы тауарды жеткізу жағдайына келтіру шығындарын көтереді;
- егер сатушының кәсіпкерлік орны біреу болса немесе оның тұрғылықты жері болса, тауар жеткізу кәсіпкерлік орнынан жасалады;

¹⁸ *Sale of Goods Act 1954 (ACT)* ss 26, 29; *Sale of Goods Act 1923 (NSW)* ss 26, 28; *Sale of Goods Act 1972 (NT)* ss 26, 28; *Sale of Goods Act 1896 (Qld)* ss 24, 27; *Sale of Goods Act 1895 (SA)* ss 21–2, 25; *Sale of Goods Act 1896 (Tas)* ss 6, 27, 30; *Goods Act 1958 (Vic)* ss 27–8, 30–1; *Sale of Goods Act 1895 (WA)* ss 21–2, 25.

¹⁹ *Sale of Goods Act 1954 (ACT)* ss 33–7; *Sale of Goods Act 1923 (NSW)* ss 32–6; *Sale of Goods Act 1972 (NT)* ss 32–6; *Sale of Goods Act 1896 (Qld)* ss 31–5; *Sale of Goods Act 1895 (SA)* ss 29–33; *Sale of Goods Act 1896 (Tas)* ss 34–8; *Goods Act 1958 (Vic)* ss 36–40; *Sale of Goods Act 1895 (WA)* ss 29–33.

- егер келісімшарт басқа жерде жасалса және ол тараптар білетін арнайы тауар сату жөнінде болса, оны жеткізу келісімшарт жасалған жерден іске асырылады;
- сатушы сатып алушыға тауарды жіберуге міндетті болса, бірақ тауар жіберу уақыты белгіленбесе, сатушы сатып алушыға тауар жеткізуге жеткілікті уақыт аралығында жіберілуі тиіс;
- сатушы сатып алушыға олар тапсырыс берген тауардың дәл санын жеткізуі керек;
- сатып алушы тауарды бөліп жеткізуді қабылдауға міндетті емес.

Төлем

Егер төлем басқаша келісілмесе, сатып алушының төлемі мен сатушының жеткізуі бір уақытта болуы керек. Егер тауар бағасы жоқ келісілмеген болса, сатып алушы тауарға ақылға қонымды бағаны төлеуі тиіс.²⁰

Тауарды қабылдап алу

Алдыңғы тарауда сипатталғандай, «қабылдау» термині ұсынысты қабылдау дегенді емес, сатып алушының тауарды қабылдауы дегенді білдіреді.

Сатып алушы тауарды қабылдағаннан кейін, келісімшарттың кез келген тікелей немесе жанама шарттарын (сатып алушыға келтірілген залал үшін талап қою құқығы берілуі мүмкін болғанымен) бұза алмайды. Басқаша айтқанда, сатып алушы жеткізілген тауарды қабылдаудан бас тарта алмайды немесе тауарды қабылдап алған болса, олардың өзін немесе оларға өтемақы қайтара алмайды.

ЕСКЕРТУ!

Дүкеннен тауарды үйіне алып келген сатып алу немесе оған тауар жеткізіліп берілсе, оларды тауарды заңды түрде қабылдады деп есептеу міндетті емес.

Тауар сату заңнамасы келісімшартта тауарды қабылдауға қатысты бірқатар маңызды шарттарды көздейді.²¹

- сатып алушы бұрын тексерілмеген тауар жеткізілгенде, тауардың келісімшарт талаптарына сәйкес екенін анықтау үшін оларды зерделеуге жеткілікті мүмкіндігі болғанға дейін олар тауарды қабылдады деп саналмайды.
- егер тауарлардың біраз уақыт өткеннен кейін ғана немесе пайдаланғанда айқын болатын жасырын ақауы болса, ақау жеткізу кезінде болса және олар ауыр ақаулардың бірі болса, сатушы келісімшарттың талаптарын бұзған болады және сатып алушы шартты бұзып, өтемақы алуға құқығы бар.²²

Сатып алушы мынадай жағдайларда тауарды қабылдады деп саналады:

1. сатып алушы сатушыға тауарды қабылдағанын білдіреді;
2. тауарлар сатып алушыға жеткізіледі, ал сатып алушы сатушының меншігіне қайшы болатын оларға қатысты кез келген әрекет (мысалы басқа біреуге сату) жасады;
3. Жеткілікті уақыт өткеннен кейін, сатып алушы сатушыға тауарды қабылдаудан бас тартуын білдірмей, оларды өзінде қалдырады.

20 *Sale of Goods Act 1954 (ACT) s 32; Sale of Goods Act 1923 (NSW) s 31; Sale of Goods Act 1972 (NT) s 31; Sale of Goods Act 1896 (Qld) s 30; Sale of Goods Act 1895 (SA) s 28; Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 33; Goods Act 1958 (Vic) s 35; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 28.*

21 *Sale of Goods Act 1954 (ACT) ss 38–40; Sale of Goods Act 1923 (NSW) ss 37–9; Sale of Goods Act 1972 (NT) ss 37–9; Sale of Goods Act 1896 (Qld) ss 36–8; Sale of Goods Act 1895 (SA) ss 34–6; Sale of Goods Act 1896 (Tas) ss 39–41; Goods Act 1958 (Vic) ss 41–3; Sale of Goods Act 1895 (WA) ss 34–6.*

22 *Finch Motors Ltd v Quin (No 2) [1980] 2 NZLR 519.*

Жеткілікті мерзім өткеннен кейін олар тауарды қабылдады деп саналады және олар тауарды немесе өтемақыны қайтаруға тырысуды тым ұзақ кешіктірген болса, олар өздерінің келісімшартты бұзу құқығын жоғалтады. Бұл сатып алушылардың көпшілігіне қолданылатын қабылдаудың үшінші нысаны болып табылады.

Бейресмилік

Көптеген штаттар мен аумақтарда тауар сату заңнамасы кез келген нақты бейресмилікке сәйкес келетін тауар сату келісімшарттарын талап етпейді. Алайда, Тасмания мен Батыс Аустралия тауар сату заңнамасына сәйкес, 20\$ немесе одан да қымбат тұратын тауар сату туралы келісімшарттар егер:

- келісімшарт жазбаша түрде жасалмаса;
- сатып алушы депозит (кепілдік) төлемесе;
- сатып алушы тауарды бұрын алып және қабылдап қойса, орындалуға жатпайды деп мәлімдейді²³.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 6.1 «Экспресс шарт» пен «көзделетін шарт» арасындағы айырмашылық неде?
- 6.2 Мәлімдеме қай кезде экспресс шарт болады?
- 6.3 Жазбаша келісімшартқа қол қойған адам қандай жағдайларда келісімшарт шарттарына жауапты болмайды?
- 6.4 Ойға қонымды мәлімдеме арқылы шарт қалай келісімшартқа енгізіледі?
- 6.5 «*Clickwrap*» (экран белгішесін басу арқылы, мысалы, бағдарламаны пайдалану арқылы заңды келісім қабылданғандығын растауды білдіретін), «*shrinkwrap*» (мөлдір целлофан қағаз пайдаланылып оралған тауармен бірге жіберілетін) және «*browsewrap*» (орауыш ішінде жіберілетін) келісімшарт деген не?
- 6.6 Келісімшарт қай кезде белгісіздігі үшін жарамсыз болады?
- 6.7 Шарт қай кезде іс заңы бойынша келісімшартта көзделеді?
- 6.8 «Әмбебап тұспалданатын терминдер» деген не?
- 6.9 Қандай шарттар тауар сату келісімшарттарында заңнама арқылы көзделеді?
- 6.10 Тауар сату келісімшарты деген не?
- 6.11 Меншік иесіне қатысты көзделетін шарт деген не? Ол қай кезде жанама болады және қай кезде бұзылады?
- 6.12 Сипаттамаға қатысты көзделетін шарт деген не? Ол қай кезде көзделеді және қай кезде бұзылады?
- 6.13 Тауардың мақсатқа сай болуына қатысты көзделетін шарт деген не? Ол қай кезде көзделеді және қай кезде бұзылады?
- 6.14 Тауардың жарамдылық сапасына қатысты көзделетін шарт деген не? Ол қай кезде көзделеді және бұзылады?
- 6.15 Үлгі бойынша тауар сатуға қатысты көзделетін шарт деген не? Ол қай кезде көзделеді және бұзылады?
- 6.16 Тауарды иелену қай кезде сатушыдан сатып алушыға ауысатынын білу неге маңызды болып табылады?
- 6.17 Тауарды иелену қай кезде ауысатынын білу неге маңызды болып табылады?
- 6.18 Келісім болмаған жағдайда сатушы тауарды қашан жеткізуге міндетті?

23 Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 9; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 4.

- 6.19 Келісім болмаған жағдайда сатып алушы тауардың құнын қашан төлеуге міндетті?
- 6.20 Сатып алушы қай кезде тауарды қабылдады деп саналады және қабылдау эффектісі деген не?

Шарттық емес ұсынулар мен уәделер

Ұсыным фактіні анықтау болып табылады. Шарттық келіссөздер барысында жасалған ұсыным келісімшарт шарты болуға арналмаған болса, онда ол шарттық емес ұсыным деп аталады және әдетте келісімшарт заңы бойынша орындалуға жатпайды. Мұның негіздемесі егер тараптар ұсынымның орындалуына мүдделі болса, олар оны келісімшарттың шарты ретінде енгізген болар еді.

Сол сияқты шарттық емес уәде келісімшарттың шарт болуға арналмаған, шарттық келіссөздер барысында жасалған уәде болып табылады. Тағы да **эстоппель принципі** пайдаланғанда орындалуы мүмкін болғанмен, келісімшарт заңыны сәйкес, бұл әдетте, орындалуға жатпайды (5-тарауды қараңыз).

Келіссөздер кезінде жасалған өкілдік немесе уәде келісімшарттың шарты болуы тараптардың мүддесіне байланысты. Олардың мүддесі жазбаша келісімшарттың нақты шарттарына айқын енгізілсе, ол тараптардың сөзі, әрекеттері (мінез-құлықтары) мен мәміле контексінен анықталуы тиіс.

эстоппель принципі – тіпті белгілі бір талаптар қанағаттандырылғанша уәдені қарау қамтамасыз етілмесе де, уәденің заңды түрде орындалу принципі.

Oscar Chess ЖШК компаниясының Уильямсқа қарсы талап арызы [1957] 1 WLR 370

Уильямс *Oscar Chess ЖШК* ұсталған автокөлік компаниясының делдалына пайдаланылған автокөлік сатты. Келіссөз барысында Уильямс автокөлік 1948 жылғы модель екенін мәлімдеді. *Oscar Chess ЖШК* компаниясы автокөлікті сатып алғаннан кейін оның 1939 жылғы модель екенін анықтап, Уильямс келісімшартты бұзды деп мәлімдеді. Автокөліктің шыққан жылы туралы мәлімет келісімшарт шарты ма немесе келісімшарттық емес мәлімет болды ма? Сот мәміле контексін негізге алып, тараптар мәлімет келісімшарт шарты болуын көздемеген деп шешім қабылдады. Тәжірибелі делдал ретінде *Oscar Chess ЖШК* компаниясынан өзі үшін автокөліктің шыққан жылын растау күтілетін жағдай еді. Мәлімдеме шарттық емес ұсыным болды.

Ганберидің Ноланға қарсы талап арызы (1977) 13 ALR 339

Нолан Ганбериге аукционда сиыр сатты. Сиырды сатпастан бұрын көп ұзамай Нолан қатысушыларға сиырдың буаз екенін хабардар етті. Сатқаннан кейін Ганбери сиырдың шын мәнінде бедеу екенін анықтады. Сот Ноланның талабы шарттық емес ұсынымнан да көбірек, бұл экспресс келісімшарт болды деп шешті. Осы шешімді қабылдауда сот мәміленің шарттарын назарға алды: жоғары баға буаз сиырға төленді және мәлімдеме тез арада аукционға шақырылмас бұрын жасалды.

Ауызша дәлелдемелер ережесі

Егер келісімшарт жазбаша болса, келіссөздер барысында жасалған ауызша ұсыну немесе уәденің келісімшарт шарты болуы көзделгенін анықтау өте қиын. **Ауызша дәлелдемелер ережесіне сәйкес:**

...келісімшарт жазбаша қысқартылғанда, келісімшарт жазбаша толық болғанда, оның жазбаша нысаны барлық шарттарды қамтиды деп саналады және кез келген өзгертулер мен қосымшалар енгізілуі мүмкін кез келген алдыңғы немесе бір жолғы келісім дәлелдері қабылданбайды.²⁴

Бұл толық жазбаша келісімшарт шарттары мен ауызша ұсыну немесе уәденің арасында сәйкессіздік болған жағдайда, сот ауызша ұсыну немесе уәдені есептемей, жазбаша шарттарға артықшылық береді дегенді білдіреді. Ауызша дәлелдемелер ережесі жазбаша келісімшарт келісімнің толық жазбасы келісім болғанда ғана қолданылады. Егер сот ауызша ұсыну мен уәде келісімшарттың шарты болуға арналған деп шешсе, сот толық келісімшарт жазбаша келісім мен ауызша ұсыну немесе уәдеден тұрады және ауызша дәлелдемелер ережесі қолданбайды деп шешім қабылдай алады.

ауызша дәлелдемелер ережесі – келісімшарт жазбаша және ол келісімнің толық жазбасы болғанда, келісімшартты өзгертетін немесе оған қосымша енгізетін ешқандай дәлелдің мойындалмауы.

Чапелдің Ван Ден Эшертке қарсы талап арызы [1960] WAR 114

Чапел Ван Ден Эшерттен үй сатып алуға келісті. Жазбаша келісімшартқа қол қою алдында Чапел Ван Ден Эшерттен үйде ақ құмырсқаның жоқтығын сұрады және Ван Ден Эшерт оны жоқ деп сендірді. Бірақ үйде ақ құмырсқа бар болып шықты және Ван Ден Эшерт Чапелді шарт талаптарын бұзғаны үшін сотқа шағымданды. Ван Ден Эшерттің кепілдігі келісімшарттың шарты болды ма? Сот ауызша дәлелдемелер ережесі қолданылмайды деп шешті. Жазбаша келісімшарт ақ құмырсқаларға мүлдем қатыссыз жасалған, сондықтан толық келісім жазбаша келісімшарт пен ауызша кепілдіктен тұрады.

Сондай-ақ сот:

- кейбір себептерге байланысты жазбаша келісімшарт жарамсыз немесе орындалатынын анықтау үшін;
- басқа біреудің орнына бір тараптың агент екенін белгілеу үшін (7-тарауды қараңыз);
- жазбаша келісімшартта көрсетілмеген бірыңғай сауданы пайдалануды қамтығанда;
- техникалық шарттарды немесе шарттағы белгісіздікті түсіндіру үшін ауызша дәлелдемелерді мойындауға рұқсат береді.

6.9-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

1) Орындалатын шарттар, орындалмайтын ұсыну, 2) ауызша дәлелдемелер ережесінің негіздемесін өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

²⁴ *Mercantile Bank of Sydney v Taylor* (1891) 12 LR (NSW) 252, 262 (Innes J).

Егер ұсыну жалған немесе уәде бұзылмаса, ұсыну немесе уәде келісімшарттың шарты болмаса, бұл келісімшартты бұзу емес. Алайда, егер зиян шеккен тарап:

- қосымша келісімшартты бұзғанын;
- бұрмалаудың болғанын;
- Аустралияның тұтынушылар заңын (АТЗ) бұзғанын дәлелдей алса, ұсыну немесе уәде әлі орындалуы мүмкін.

Қосымша келісімшартты бұзу

Егер сот ұсыну немесе уәде бірінші кезекте негізгі келісімшарт жасасуға басқа тарапты итермеледі деген пікірді қалыптастыратын болса, онда қосымша келісімшарт пайда болды деп шешім қабылдай алады. **Қосымша келісімшарт** қайталама келісімшарт болып табылады: ұсыну немесе уәденің орнына басқа тарап негізгі келісімшарт жасайды. Егер ұсыну немесе уәде жалған болса немесе уәде бұзылса, басқа тарап қосымша келісімшартты бұзғаны үшін сотқа шағымдана алады.

қосымша келісімшарт – негізгі келісімшарт жасауды қарастыратын қайталама келісімшарт.

Де Ласаллдың Гилфордқа қарсы талап арызы [1901] 2 KB 215

Де Ласалл Гилфордтан үйді жалға алуға келісті. Жазбаша үй жалдау келісіміне қол қоймас бұрын Де Ласалл Гилфордтан суағарлардың дұрыс екенін сұрады. Ол өзінің бұрынғы үйінде суағарлардың бұғатталғанын, соның салдарынан үйді су басып кеткенін және мұндай жағдайдың енді қайталанбауын қалайтынын айтты. Гилфорд суағарлардың дұрыс екенін айтып сендірді және олар үйді жалға беру келісіміне қол қойды. Өкінішке орай, суағарлар бұғатталған болды және үйді қайтадан су басып қалды. Сот ауызша дәлелдемелер нәтижесінде Гилфордтың ауызша кепілдігі үй жалдау келісімшартының шарты болған жоқ. Ол қосымша келісімшарт жасауға тең келеді деп шешті: Гилфордтың суағарлар туралы уәдесіне байланысты Де Ласалл үй жалдау келісімшартын жасады. Гилфорд қосымша келісімшартты бұзды, сондықтан Де Ласалл өтемақы алуға құқылы болды.

Бұзылған негізгі келісімшарт емес, қосымша келісімшарт болғандықтан, басқа тарап негізгі келісімшартты бұзуға құқылы емес. Алайда олар қосымша келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін залалға өтемақы және келтірілгенін залалды әділдікпен орнына келтіруге жауапты болуы мүмкін.

Жалған өкілдік

Жалған өкілдік – басқа тарапты келісімшарт жасасуға көндіру үшін бір адамның іс жүзінде жалған мәлімет беру фактісі және бұл шын мәнінде адамды келісімшарт жасасуға итермелейді. Бұл *факт* мәліметі болуы тиіс: уәде «өкілдік» емес, демек, бұрмалау болмайды²⁵. Егер келісімшарт тарапы бұрмалау арқылы келісімшарт жасасуға тартылған болса, сол тараптың келісімшарты **негізсіз**, күмәнді болып табылады.

Бұрмалаудың үш түрі бар:

1. алаяқтық бұрмалау;

²⁵ Edgington v Fitzmaurice (1885) 29 Ch D 459.

2. немқұрайлы бұрмалау;
3. кінәсіз бұрмалау.

Егер Джонни Джинді «алдап», шындыққа жанаспайтын нәрселерді айтып, оны келісімшарт жасасуға итермелесе, ол **қасақана бұрмалаушылық** жасады деп есептеліп, Джинға:

- келісімшарт заңы бойынша шартты бұзуға;
- деликт заңы бойынша **алдау** құқық бұзушылығы үшін келтірілген залалды қалпына келтіруге (4-тарауды қараңыз) құқық береді.

Егер бұрмалау:

- біле тұра жасалса;
- оның ақиқат екеніне сенім болмағанда;
- абайсызда болса, яғни, адам мәліметтің шын немесе жалған екендігіне мән бермей, оған мәліметтің ақиқат немесе жалған болуы маңызды болмағанда қасақана бұрмалаушылық жасау болып табылады (4-тарауды қараңыз).

жалған өкілдік – келісімшарт жасасуға басқа адамды итермелеу үшін біреудің жасаған жалған мәлімет фактісі.

негізсіз – егер кінәлі емес тарап тоқтатпаса, негізсіз келісімшарт орындалады және тиімді болып табылады.

қасақана бұрмалау – келісімшарт жасасуға басқа адамды итермелеу үшін біреудің қасақана жасаған жалған мәліметі.

алдау – біреудің басқа біреуді қасақана бұрмалаушылық жасау арқылы заң бұзушылығы.

Деридің Пиикке қарсы талап арызы (1889) 14 App Cas 337

Плимут, Девонпорт және аудандық трамвайлар *ЖШС (ПДАТ)* компаниясына бу қуатымен жүретін трамвайды пайдалануға Сауда Кеңесінің келісімі қажет болды. Бұл келісімге өтініш берілген болатын, бірақ әлі алынған жоқ еді. 1883 жылдың қаңтарында, *ПДАТ ЖШС* компаниясының директорлары бу қуатымен жүретін трамвайларды пайдалануға құқығы бар екенін көрсететін проспекті шығарды. Проспекті негізінде Пиик *ПДАТ ЖШС* компаниясының құны 4000£ тұратын 400 акциясын сатып алды. Сауда кеңесі кейіннен бу қуатын пайдалануға келісім беруден бас тартты. *ПДАТ ЖШС* компаниясының жұмысы 1885 жылы мамырда күшпен (мәжбүрлеу арқылы) тоқтатылды. Пиик алдау азаматтық құқық бұзу негізінде *ПДАТ ЖШС* компаниясының директорлары алаяқтық бұрмалау жасағаны салдарынан залал шеккенін мәлімдеді. Ол директорлардың проспектідегі мәлімдемесі жалған екенін мәлімдеп, олардың үстінен сотқа шағым түсірді. Директорлар мұның жалған екенін біле тұра, алаяқтық жолмен ұсынды. Олар келісімді алу жай ғана формальды нәрсе деп шын сенгендіктен, өздерін жауапты болуға тиіс емеспіз деп бекітті. Сот директорлар жауапты емес деп шешті. Проспектіде жасалған мәлімдемеге олар кінәлі емес, өйткені директорлар бу қуатын пайдалану *ПДАТ ЖШС* компаниясының құқығы туралы проспектідегі мәлімдемелердің шынайы екеніне сенді және олардың шындық немесе жалған екендігіне абайсызда мән бермеді деп қабылданды. Олардың Сауда Кеңесінің келісімін анық алатынын болжауда қателесу фактісі алаяқтық мәлімдеме жасалды деп тұжырым жасауға жеткіліксіз. Заңнаманың 374-бабына сәйкес соттың пікірінше:

Мен билік мынадай ережелерді анықтайды деп ойлаймын: Біріншіден, алдау әрекеті болғанын мәлімдеу үшін алаяқтық жеткілікті түрде дәлелденуі тиіс. Екіншіден, жалған өкілдік жасалды деп көрсетілгенде заңнама тармақтарына сәйкес, (i) оның жалған екенін білетіндігі; (ii) ақиқат екеніне сенімнің жоқтығы; (iii) абайсызда, адамның мәлімдеменің шын немесе жалған екендігіне ұқыпсыздықпен мән бермегендігі анықталғанда алаяқтық дәлелденеді. Мен ерекше, екінші және үшінші жағдайларды айқын деп қарағанмен, мәлімдеме жасаған адам өзінің мәлімдемесінің шын екендігіне анық сенімді болмағандықтан, менің ойымша үшінші жағдай екіншісінің мысалы деп ойлаймын. Жалған мәлімдемеде алаяқтықты болдырмау үшін, оның растығына әрқашан шын сенімде болу керек, және адам саналы түрде жалған нәрсеге мұндай сенім жоқ деп тұжырымдайтындықтан, мүмкін, бұл тұтас негізді қамтуы мүмкін. Үшіншіден, егер алаяқтық дәлелденсе, бұған кінәлі адамның не себепті барғаны елеулі рөл атқармайды. Сондай-ақ, мәлімдеме жасалған адамның адамды алдауға немесе зиян келтіруге ешқандай ниеті болған-болмағандығы да маңызды емес.

Егер Джонни қамқорлық көрсету міндетін бұзса, бұл алаяқтық емес, абайсызда бұрмалау болады және Джин:

- келісімшарт заңнамасына сәйкес келісімшартты бұзуға;
- деликт заңнамасына сәйкес **абайсызда** заң бұзу салдарынан келтірген залалды калпына келтіруді талап етуге құқылы болады (4-тарауды қараңыз).

«Абайсызда жалған өкілдік жасау» **абайсызда бұрмаланған мәлімдеме** жасаумен бірдей болып табылады, сондықтан 1) Джоннидің Джинге қамқорлық көрсетуге міндетті екенін; 2) оның қамқорлық көрсету міндетін бұзғанын, 3) оның қамқорлық көрсету міндетін бұзу салдары Джинге шығын келтіргенін көрсету қажет. Көмек көрсету міндетінің болуын анықтауда, Джоннидің ұсынуына Джиннің сүйену жағдайлары ақылға қонымды екенін көрсету қажет.²⁶

Егер Джин тез арада мәселенің шындығын ашуға немесе келісімшартты бұзу ниетіне сәйкес келмейтін шындықты анықтағаннан кейін ешқандай әрекет жасамаса, алаяқтық немесе абайсызда бұрмаланған ұсынуға қатысты келісімшартты тоқтату құқығынан айырылады.

Егер Джоннидің бұрмаланған ұсынуы алаяқтық немесе абайсызда болса, деликт заңнамасына сәйкес Джиннің шығындарын өндіріп алуға ғана құқысы бар. Егер жалған өкілдікке Джонни кінәлі (яғни, Джонни факт мәлімдемесіне шынайы деп сенсе) болмаса, Джин келісімшарт заңнамасына сәйкес келісімшартты тоқтатуға құқылы болғанмен, оның деликт заңнамасына сәйкес шығындарын өндіріп алуға құқысы жоқ.²⁷

Аустралияның астаналық аумағы мен Оңтүстік Аустралияда, ол тіпті кінәсіз (жазықсыз) бұрмалау болса да, егер сот солай шешім жасау әділ және адал деп есептесе, оған өтемақы төлеуді қарастырады.²⁸

абайсызда құқық бұзу – көмек көрсету міндетін орындамау салдарынан біреуге шығын келтіру арқылы құқық бұзу.

абайсызда бұрмалау – экономикалық шығынға әкелетін дәйексіз кеңес беру.

26 *Esso Petroleum Co Ltd v Mardon* [1976] 1 QB 801.

27 *Whittington v Seale-Hayne* (1900) 82 LT 49.

28 *Civil Law (Wrongs) Act 2002* (ACT) s 175; *Misrepresentation Act 1972* (SA) s 7.

Аустралия тұтынушылар заңын (АТЗ) бұзу

«Өкілдіктің» салыстырмалы түрдегі тар анықтамасына сәйкес қойылған шектеулер, деликтік құқық пен келісімшарт заңнамасы арасындағы сәйкессіздіктер және келісімшартты бұзу құқығы жазықсыз тараптың келісімшартты тоқтатуды болдырмайтын құқық жеңілдігі бұрмалауды анықтауды қиындатады және күрделі әрекет туғызады. Бұрмалау, алдау, жалған өкілдік пен басқа да әділетсіз әрекеттерге тыйым салатын Аустралияның тұтынушылар заңының (АТЗ) нормативтік ережелерін пайдаланып, алдау немесе шатастыру арқылы келісімшарт жасауға итермеленген адам заңды іс қозғауы өте ықтимал. Бұл ережелер қарапайым, инклюзивті және басқа тарапқа тіпті жазықсыз бұрмалау болған жағдайда да өтемақы алуға мүмкіндік береді. Олар жалған шарттық емес өкілдік етуге ғана емес, сондай-ақ:

- шарттық емес уәдені бұзу;
- келісімшарттың шарттарын бұзу;
- нормативтік шарттарды бұзуға қатысты сотта іс қозғай алады.

АТЗ 8-тарауда толығырақ қарастырылады.

Заңды күші жоқ кепілдік

Келіссөздер барысында берген уәделердің барлығы бірдей орындала бермейді. Мысалы, егер Джонни мен Джин арасындағы келіссөздер барысында, Джонни пешті қалай пайдалануды Джинге үйрететініне ауызша уәде берсе, уәде жазбаша келісімшартқа енгізілмесе, ал Джонни уәдесінде тұрмаса:

- ауызша дәлелдемелер ережесі уәденің келісімшарт шарттары ретінде танылуын болдырмайды;
- егер Джоннидың уәдесі Джиннің пешті сатып алуының негізгі себебі болмаса және ешқандай қосымша келісімшарт болмаса;
- өкілдік болашақ мүддеге қарағанда нақты фактінің бірі болуын талап ететін жалған өкілдікке қатысты ереже болғандықтан, бұл жалған өкілдік болмайды.
- егер Джонни мәлімдеме жасаған уақытта шын мәнінде мұндай ниетте болмаса, дәйексіз және алдау әрекетіне тыйым салатын нормативтік ереже бұзылмайды; нормативтік тыйым салу оның өз ойын өзгертуіне кедергі болмайды.

Сондықтан, әр тараптың берген кез келген маңызды уәделері анық келісімшарт шарттары ретінде енгізілуін қамтамасыз ету өте маңызды болып табылады.

Соттар сондай-ақ, өз өнімдерін сату кезінде сатып алушылардың оларды байыпты қабылдауын көздемейтін жеткізушілер мен бөлшек сауда сатушылардың көптеген хабарламасын мойындайды. Бұған «ең арзан баға қалада», «ең үздік автокөлік құны сатып ала алады» деген хабарламалар мысал бола алады. Бұл хабарламалар (5-тарауды қараңыз) заңды түрде орындалуды анық көздемейтіндіктен, «жарнамалау» деп аталады және егер олар жалған немесе дұрыс болмай жатса, ықпалды болмайды.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

6.21 Шарт пен ұсыныс арасындағы айырмашылық неде және ол неге маңызды болып табылады?

- 6.22 Жалған ұсыныс жасаудың заңды салдары қандай?
- 6.23 Ауызша дәлелдемелер ережесі деген не?
- 6.24 Қосымша келісімшарт деген не және ол ауызша дәлелдемелер ережесімен қалай байланысады?
- 6.25 Бұрмалау деген не? Қандай жағдайда ол келісімшартты (заңдық күші жоқ) жарамсыз етеді?
- 6.26 Алаяқтық пен кінәсіз бұрмалаушылық арасында қандай айырмашылық бар?
- 6.27 Басқа тараптың бұрмалауынан зиян шегетін тарап жалпы заңға қарағанда АТЗ иек артуы неге неғұрлым ықтимал болып табылады?

Келісімшартты орындау

Бұл тарауда келісімшартты орындауға байланысты төрт мәселені қарастырамыз.

1. Кім келісімшартты орындайды?
2. Заңды іс қашан басталуы керек?
3. Бас тартуға сүйену арқылы тарап келісімшартты бұзу жауапкершілігінен құтыла ала ма?
4. Орындалуын сот қамтамасыз етпейтін шарттар бар ма?

Келісімшарттық байланыс

Келісімшарт тараптары ғана:

- келісімшартты заңды түрде *орындауға* міндетті болып табылады;
- келісімшарттың *орындалуын қамтамасыз етуге* заңды құқығы бар.

Жалпы ережеге сәйкес, келісімшарт (**үшінші тарап**) тарапы болып табылмайтын тұлға сотқа шағым жасай алмайды немесе шарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкер болмайды. Бұл **келісімшарттық байланыс доктринасы** ретінде белгілі.²⁹

үшінші тарап – мәміледегі немесе өзара қарым-қатынастағы бөгде адам.
келісімшарттық байланыс доктринасы – келісімшарт тарапы ғана оны заңды түрде орындауға міндетті және оның орындалуын қамтамасыз етуге құқығы бар деген принцип.

Ескерту!

Жалпы ереже бойынша, тек тараптар ғана келісімшартты орындай алады.

Мысалы, егер Джонни мен Джин Джоннидің Сюэге пицца пешін жеткізуі және оны иелену туралы келісімшарт жасады. Егер Джонни пешті жеткізбесе, Сюэ келісімшартты орындай алмайды. Джин келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін Джонниді сотқа беруі мүмкін, бірақ ол залал шегетін өзі емес, Сюэ болғандықтан, шығындарды өндіріп ала алмайды. Мұндай жағдайларда Сюэдің келісімшарт тарапы болуы тиіс еді.

Жалпы ережеден тыс бірқатар маңызды ережелер бар:

- сақтандыру шарты бойынша мұрагер болатын үшінші тарап келісімшарттың тарапы болмайды, бірақ соған қарамастан олар келісімшарттың орындалуын қамтамасыз етуге құқылы (11-тараушаны қараңыз).
- егер екі тарап келісімшарт жасаса және тараптардың бірі кейіннен өздерінің **агент** ретінде әрекет ететінін анықтаса, ол тараптың көрсетілмеген **басшы** атынан келісімшартты орындауға құқығы бар (7-тараушаны қараңыз).

Егер тараптар келісімшартты қайтадан жасаса және барлық үш тарап (екі уағдаласушы

²⁹ Dunlop Pneumatic Tyre Co Ltd v Selfridge & Co Ltd [1915] AC 847.

тарап пен үшінші тарап) онымен келіссе, егер үшінші тарап келісімшартқа **компенсацияны** қамтамасыз етсе, оны үш тарап орындайтын болады. Бұл **ауыстыру** ретінде белгілі.

Тіпті өндіруші келісімшарт тарапы болмаса да, сатып алушының өндіруші атынан сатып алу-сату келісімшартының (8-тарауды қараңыз) тарапы болуға заңды құқыққа ие болады (8-тарауды қараңыз).

Бір тараптың ресми көзделген үшінші тарапқа шарттық құқықтарын (яғни, келісімшарттың пайдасын) тағайындауы немесе беруі мүмкін, егер:

- үшінші тарап тағайындау қарауын ұсынса;
- басқа тарап тағайындау туралы хабарламаны алса.

Мысалы, егер Джонни мен Джин Джоннидің ақша қарыз беретіні жөнінде келісімшарт жасаса, осы келісімшартқа сәйкес: 1) Мария оның орнына Джонниге басқа бір нәрсе берсе және 2) Джонни Джинге қарыздан бас тартатыны туралы жазбаша түрде (жазбаша болғаны дұрыс) хабарласа, Джонни қарыздың үстеме пайдасын Марияға аудара алады.

агент – агенттің әрекетіне заңды түрде жауапты болып табылатын, басшының (директордың) атынан әрекет ететін адам.

Trident General Insurance Co ЖШК компаниясының McNiece Bros Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (1988) 165 CLR 107

Жаңа Оңтүстік Уэльсте (ЖОУ) *Blue Circle Southern Cement ЖШК* компаниясының жұмыс істеп тұрған цемент және әктас ұсатқыш зауыты болды. 1977 жылдың маусым айында *Blue Circle Southern Cement ЖШК* компаниясы *Trident General Insurance Co ЖШК* компаниясынан сақтандыру полисін алды. Сақтандыру полисінде *Blue Circle Southern Cement ЖШК* компаниясын, оның еншілес компанияларын, мердігерлерді және жеткізушілерді әртүрлі оқиғаларға қатысты жауаптылықты, зауытты өзгерту, кеңейту кезінде болуы ықтимал адам жарақатын сақтандыруды қамтитыны айтылды. *Trident General Insurance Co ЖШК* компаниясының сақтандыру полисі берілген соң, *McNiece Bros Pty ЖШК* компаниясы зауытта жүзеге асырылатын құрылыс жұмыстарының негізгі мердігері болды. 1979 жылы шілде айында *McNiece Bros Pty ЖШК* компаниясы инженерінің басшылығымен жұмыс істеп жатқан басқа компанияның кран жүргізушісі жарақат алды. Кран жүргізуші *McNiece Bros Pty ЖШК* компаниясының үстінен сотқа шағым түсірді және шеккен залалына (жарақатқа) өтемақы алды. *McNiece* компаниясы *Trident* сақтандыру полисіне сәйкес өтемақы талап етті. *Trident* сақтандыру компаниясы *McNiece* компаниясы сақтандыру полисі келісімшартының тарапы емес екендігі негізінде шағымды қанағаттандырмай тастады. *McNiece* компаниясы *Trident* сақтандыру компаниясының үстінен сотқа шағым түсірді. *McNiece* компаниясы *Trident* сақтандыру полисі келісімшартының бастапқы тарапы болмауына сәйкес шығындарды өтеуді талап етіп сотқа шағымдануға құқығы бар ма? Сот тіпті *McNiece* компаниясы сақтандыру полисі келісімшартының бастапқы тарапы болмаса да, сақтандыру полистері бойынша өтемақы алуға құқылы деп шешті. Шарттық байланыс доктринасы мен ереже бойынша кредитор төлеуге тиіс компенсация сақтандыру полисіне қолданылмайды деп шешті. (1984 жылғы сақтандыру келісімшарттары заңының 48-бабы (Дст) нәтижесінде соттардың қарауын туғызатын мұндай жағдайдың қайталануы екіталай. Заңның 48-бабы Бас сақтандыру полисі келісімшарты үшінші тарапты қамтуға тікелей мүмкіндік береді және осы келісімшартқа сәйкес олар сақтандырушыны сотқа бере алады).

басшы – агенттің әрекетіне заңды түрде жауапты болып табылатын, агенттің атынан өкілдік ететін адам.

компенсация – келісімшартты басқа тараптың орындауы үшін төленетін ақы.

ауыстыру – шартқа тараптардың ескі келісімшартты жаңа шарттары бар жаңа келісімшартпен ауыстыруға келіседі.

тапсыру – құқықты немесе меншікті аударуды тапсыру

6.10-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Неге бір адам басқа адамға қарыздың үстеме пайдасын белгілеуді қажет еді?

Уақыт шектеулері

Келісімшарт тараптарының бірі шартты орындауға ниет білдірсе, онда олар нормативтік уақыт шектеулері ішінде сот өндірісін бастауға тиіс (6.2-кестені қараңыз). Уақыт шектеулері келісімшарттың **ресми** (яғни, келісім түріндегі келісімшарт) немесе **қарапайым келісімшарт** болуына байланысты ерекшеленеді.

6.2-кесте. Нормативтік уақыт шектеулері

Юрисдикция	Ресми келісімшарттар	Қарапайым келісімшарттар
Аустралияның астаналық территориясы	12 жыл	6 жыл
Жаңа Оңтүстік Уэльс	12 жыл	6 жыл
Солтүстік территория	12 жыл	3 жыл
Квинсленд	12 жыл	6 жыл
Оңтүстік Аустралия	15 years	6 жыл
Тасмания	12 жыл	6 жыл
Виктория	15 жыл	6 жыл
Батыс Аустралия	12 жыл	6 жыл

ресми келісімшарт – (1) куәгерден бұрын тараптар «қол қойған» және «мөр басылған» және «жеткізілген» келісімшарт немесе (2) құжат екені көрсетілген жазбаша келісімшарт.

қарапайым келісімшарт – ресми келісімшарттан басқа кез келген келісімшарт.

Уақыт шектеулері әдетте, келісімшарт талаптарын бұзған күн болатын, іс-әрекеттің себебі пайда болған кезден басталады.

6.11-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Қарапайым келісімшарт мерзімі ресми келісімшарт мерзіміне қарағанда неге_сонша қысқа болады?

Жауапкершіліктен бас тарту

Кейбір жағдайларда келісімшарт тараптардың бірінің бас тартуынан келісімшарттың айқын бұзылуы салдарынан қорғалады. Бас тарту тараптардың бірінің келісімшартты бұзуы емес, келісімшарттық міндеттемелердің біреуін немесе бірнешеуін орындамай-тыны туралы мәлімдеме болып табылады. Мысалы, жауапкершіліктен бас тарту тарапқа келіссөздер барысында жасалған жалған өкілдіктері үшін ешқандай жауапкершілік жүктелмеуі немесе егер бір тарап жарақат алса, басқа тараптың жауапты болмауы,


келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да болмасын зақымдарға төлемақы шектеулі мөлшерде немесе толығымен төленбейтінін мәлімдеуі мүмкін. Жауапкершіліктен бас тарту, сондай-ақ, «келісімшарттан алынып тасталған шарт тармақтары», «жауапкершіліктен босататын шарт тармақтары» немесе «жауапкершілікті шектейтін шарт тармақтары» ретінде белгілі.

Жауапкершіліктен бас тарту **тұрпатты келісімшарт формаларына** тән және әдетте, сатып алушыға қарағанда сатушы құқығын қорғайды.

Жауапкершіліктен бас тартуға заңнама ықпал етеді. Кейбір заңнамалар нақты бір жауапкершіліктен бас тартуға тыйым салады. Мысалы, Аустралия Тұтынушылар заңнамасы тұтынушылар келісімшарттарында көзделетін нормативтік кепілдіктерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тартуды алып тастауға тыйым салады (8-тарауды қараңыз). Екінші жағынан, заңнама іс жүзінде жауапкершіліктен бас тартуды пайдалануды ынталандыруы мүмкін, мысалы, штаттар мен аумақтық азаматтық құқықтық жауапкершілік туралы заңнама, рекреациялық қызмет провайдерлеріне (заңнаманың 4-тармағын қараңыз) абайсызда заң бұзуға байланысты тұтынушыларға қатысты олардың жауапкершілігін шектеу немесе одан бас тартуға сүйенуге мүмкіндік береді (4-тарауды қараңыз).

Жауапкершіліктен бас тарту туралы іс жүзінде келісімшарттың талаптарын бұзуға, келісімшартты бұзу жауапкершілігіне байланысты және жауапкершіліктен бас тарту келісімшартты бұздан кәсіпкерлікті анық тиімді қорғайтыны заңнамада түсінікті емес (6.4-суретті қараңыз).

тұрпатты келісімшарт формалары – келісілмеген, алдын ала дайындалған шарттары бар жазбаша құжат түріндегі келісімшарт.



6.4-сурет. Жауапкершіліктен бас тарту келісімшарт шарты екенін анықтау

6.12-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Жауапкершіліктен бас тартуға мысал келтіріңіз және (1) жауапкершіліктен бас тарту қай тарапты қорғайтынын және 2) қорғау дәрежесін анықтаңыз.

1-мәселе. Жауапкершіліктен бас тарту келісімшарттың бір бөлігі ме?

Біз бұрын байқағанымыздай, шарт келісімшарттың бір бөлігі бола алатын бірнеше жолдар бар, егер бас тарту:

- тікелей тараптардың қол қойған жазбаша келісімшартында баяндалса;
- келісімшарт жасалмас бұрын бас тарту басқа тараптың назарына тиісті хабарлама арқылы ұсынылса;
- тараптар арасындағы алдыңғы мәмілелер нәтижесінде келісімшарт көзделсе, ол келісімшарттың бөлігі болады.

Сатушының бас тартуы келісімшарт жасалмас бұрын сатып алушының назарына тиісті хабарлама арқылы ұсынылса да, егер оның бас тарту себебі туралы жалған ақпарат берілсе, сатушы бас тартуға сүйене алмайды.

Кертистің химиялық құрғақ тазалау және бояу компаниясына қарсы талап арызы [1951] 1 KB 805

Кертис құрғақ химиялық киім тазалау және бояу (ХКТБ) орталығына моншақ және жылтырағы бар ақ атлас үйлену көйлегін тазалауға берді. ХКТБ қызметкері Кертисінің «түбіртек» деп жазылған құжатқа қол қоюын сұрады. ХКТБ қызметкері ол құжат көйлектің моншақтары мен жылтырақтары зақымданған жағдайда өздерін жауапкершіліктен босататынын түсіндірді. ХКТБ орталығы көйлекті бүлдіріп алды және «кез келген зақымдау туындаған жағдайда» өздеріне жауапкершілік жүктемейтін құжатқа қол қойылғанына сүйенді. Сот ХКТБ қызметкері жауапкершіліктен бас тарту себебін бұрмалады, сондықтан ол құжатқа сүйене алмайды деп шешті және Кертис келтірілген зиянға өтемақы алуға құқылы болды.

2-мәселе. Жауапкершіліктен бас тартуды қалай түсіндіруге болады?

Жауапкершіліктен бас тарту кәсіпкерлік пен тұтынушы арасындағы келісімшартта болса, сот жауапкершіліктен бас тартуды *contra proferentem* («бір нәрсені жасаған адамға қарсы») немесе оған сүйенуге ұмтылатын тараптың мүдделеріне қарсы келетін кәсіпкерлік деп түсіндіреді. Басқаша айтқанда, сот жауапкершіліктен бас тартуды түсіндірудің бірнеше жолы болса, қаралатын айқын заң бұзуға қатысты *қолданылмайтын* түсіндіру жолын таңдайды.

contra proferentem («болып жатқан нәрсеге қарсы») – түсініксіз келісімшарт шартын енгізуге күш салған адамға қарсы түсіндірілуі тиіс.

Уайттың John Warwick & Co ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [1953] 1 WLR 1285

Уайт John Warwick & Co (JWC) компаниясынан велосипед жалдады. Велосипедті JWC компаниясы ұқыпсыз сақтағандықтан, велосипедтің отырғышынан алға еңкейген кезде Уайт жарақат алды. Уайт келісімшарттың (тауарды мақсатына сәйкес пайдалануға жарамсыз болуы) және абайсызда заң бұзғаны үшін JWC компаниясын

сотқа берді. *JWC* компаниясы «Осы келісімде жалдамалы машиналарды алған кезде кез келген ықтимал жеке адам жарақаттарына иелері жауапты болуға тиіс емес» деп көзделген келісімшартқа сүйеніп, жауапкершіліктен бас тартуға тырысты. Сот бас тарту редакциясында *JWC* компаниясының абайсызда заң бұзуынан туындаған жеке жарақатты қамтитыны анық емес деп шешті және *contra proferentem* ережесін қолданғанда бұл абайсызда азаматтық заң бұзу жауапкершілігінен *JWC* компаниясын қорғайды деп шешті.

Егер жауапкершіліктен бас тарту барлық жағдайларда бизнесті қорғайтыны немесе бизнес жүргізу тек келісімшарт (немесе «төрт бұрыш») саласына енетіні анық емес, түсініксіз болса, соттар оны тар мағынада түсіндіруді жөн көреді.

Уэстің Сидней қалалық кеңесіне қарсы талап арызы (1965) 114 CLR 481

Уэст Сидней корпорациясына (СК) тиесілі автокөлік тұрағына автокөлігін қойды. Оған автокөлік тұрағынан шығатын қақпа кезекшісіне көрінуін талап ететін билет берілді. Уэстің автокөлігін тұрақтан ұрлап кетті және ұры қақпадан шығар кезінде қақпа кезекшісіне билетін жоғалтып алғанын айтты. Кезекші ұрыны жіберді. Уэст а автотұрақта ұрланған автокөлігіне өтемақы алу үшін Сидней корпорациясының үстінен сотқа шағым түсірді. Сидней корпорациясы жоғалған немесе зақымданған кез келген көлік құралына . . . қандай да бір жоғалу, зақымдану немесе жарақат туындағанда «корпорация ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайды» деген билеттегі мәлімдемеге сүйеніп, жауапкершіліктен бас тартуға ұмтылды. Осы жауапкершіліктен бас тарту Сидней корпорациясын қорғай ма? Сот жоқ деп шешті. Жауапкершіліктен бас тартуды түсіндірудің бірнеше жолы болды: оны Сидней корпорациясын барлық жағдайларда жауапкершіліктен қорғайды немесе келісімшарт шарттарын жүзеге асырғанда ғана жауапкершіліктен қорғайды деп түсіндіруге болады. Сот *contra proferentem* ережесін қолданып, оны тар мағынада түсіндіруді таңдады. Ұрыға кетуге мүмкіндік бергендіктен, келісімшарт шарттарын жүзеге асырған жоқ, жауапкершіліктен бас тарту қолданылған жоқ және Уэст өтемақы алуға құқылы болды.

Егер жауапкершіліктен бас тарту екі кәсіпкерлік арасындағы келісімшартта болса, сот тараптардың бірдей балама ұжымдық күші болды деп жорамалдап, ешқандай тарапқа артықшылық бермей, бас тартуды бейтарап түсіндіреді.³⁰

ЕСКЕРТУ!

Бас тарту тек кәсіпкерліктің веб-сайтында немесе оның құжаттамасында, белгісінде болатындықтан, жауапкершіліктен бас тарту тиімді деп болжауға болмайды, оның тапсырыс берушімен келісімшарт шарты болмайды және ол тіпті, шарт болғанда да, тұтынушылар зиян шеккен жағдайға қолданылмауы мүмкін.

³⁰ *Halton Pty Ltd v Stewart Bros Drilling Contractors Pty Ltd* (1992) ASC 56-128.

6.13-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Соттар тұтынушылар келісімшарттарында бас тартуды неге қатаң түсіндіреді?

Занды күші жоқ шарттар

Тұтастай алғанда келісімшарт орындалғанмен, келісімшартта сот орындалуын болдыртпайтын шарттар болуы мүмкін. Мүмкіндігінше сот келісімшарттың басқа шарттарынан осы шарттарды «қатаңдатады» және басқаша жағдайда шарттарды келісімшартта жоқ деп қарастырады. Кейбір шарттарға заңнама тыйым салады, сондықтан олар жарамсыз болады және олардың күші жойылды деп танылады. Мысалы, Аустралия Тұтынушылар заңнамасында тұтынушылар келісімшарттарында меңзелетін нормативтік кепілдіктерді алып тастауға ұмтылатын келісімшарт шартын айтуға болады. Жоғарыда түсіндірілгендей, мұндай шарт тиімсіз болып табылады, өйткені, Аустралия Тұтынушылар заңнамасы білдіретін заңды кепілдіктерді алып тастауға болмайды. Сондай-ақ, Аустралия тұтынушылар заңнамасында стандартты нысанды тұтыну шарттарындағы белгілі бір әділетсіз шарттар жарамсыз болады және олардың заңды күші болмайды делінген (8-тарауды қараңыз).

Жалпы заңға сәйкес сот орындалуынан бас тартатын басқа да шарттар бар. Оларға мыналар жатады:

- сот юрисдикциясын шектеуге әрекет ететін шарттар;
- саудаға негізсіз шектеу салатын шарттар.

Сот юрисдикциясын шектейтін шарттар

Бір тарап келісімшартты бұзған жағдайда, басқа тарапқа сот өндірісін бастауға рұқсат етілмейді дейтін шарт сот **юрисдикциясын** шектеуге тырысу болып табылады. Мұндай шартты соттың мойындауы немесе орындалуға тиісті болуы екіталай.³¹

Алайда, сот тараптарға **сотқа жүгінбес бұрын БДШ (баламалы дауларды шешуді)** пайдаланып, дауды шешуді міндеттейтін шарттың орындалуын көздейтінін ескеріңіз.

Саудаға негізсіз шектеу салатын шарттар

Шартта, егер тараптардың біріне белгілі бір кәсіпкерлік немесе жұмыс түрімен айналысуға тыйым салатын болса, мұндай шарт **сауданы шектеу** деп аталады. Мұндай шарт салыстырмалы түрде мынадай жағдайларға тән:

- олар өздері сатып жіберген кәсіпкерлікпен бәсекелес жаңа кәсіпкерлікті ашуға тыйым салатын бизнес-келісімшарттарды сату;
- сату және олар жұмыспен қамту кезінде немесе одан кейін қызметкерлерге бәсекелес жұмыс берушіге жұмыс істеуге тыйым салатын еңбек шарттары;

юрисдикция – парламентке жүктелген билік пен құзірет ауқымын қамтитын мемлекеттік орган немесе сот.

БДШ (Баламалы дауларды шешу) – медиация, арбитраж және татуласуды қоса алғанда, дауларды шешудің даулы емес әдістер ауқымы.

дау – қоғамдастықтың бір мүшесінің басқа біреуге қарсы қозғайтын сот ісі. Сондай-ақ, «азаматтық іс» ретінде белгілі.

сауданы шектеу міндеттемелері – тараптардың біріне белгілі бір кәсіпкерлік немесе жұмыс түрімен айналысуға тыйым салатын келісімшарт шарттары.

³¹ Scott v Avery (1856) 5 HLC 811; 10 ER 1121.

6.14-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Басқа қандай жағдайларда сауданы шектеу шарттары пайдалы немесе дұрыс болуы мүмкін?

Соттар осындай шарттардың жиі сатып алушыны немесе жұмыс берушінің заңды инвестициясын және құпия өнім мен клиенттер ақпаратын қорғау үшін қажет екенін мойындайды. Алайда, сауданы шектеу шартын әлеуетті бәсекелестікті қолдауға ғана пайдалануға болмайды. Соттар егер:

- уақыт;
- географиялық аудан;
- кәсіпкерлік саласына қатысты болса, мұндай негізсіз шектеу шарттарының орындалуын қамтамасыз етуден бас тартады.

Жалпы ережеге сәйкес, соттар еңбек шартына қарағанда ең алдымен кәсіпкерлік сауда келісімшарттарының орындалуын қамтамасыз етуді көздейді, өйткені соңғысы жиі келіссөздерге қатысты теңсіздікпен сипатталады.

Кәсіпкерлік сауда келісімшарттарындағы сауданы шектеу шарттарын қарастырғанда, әдетте әртүрлі кәсіпкерлік арасындағы салауатты бәсекелестіктен ұтатын тараптардың және жұртшылықтың мүдделері жөніндегі шарттарда «оның орынды болуы, мақсаты» бағаланады.

Шугеттің Forster & Sons ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (1918) 35 TLR 87

Шыны және шыны бөтелкелер шығаратын *Forster & Sons ЖШК (FSL)* компаниясы Шугетті шыны жасаушы ретінде жұмысқа алды. Оның еңбек шартында оған 5 жыл бойы Ұлыбританияның кез келген жерінде шыны немесе шыны шөлмек өндірумен айналысуға тыйым салатын шарт болды. Сот сауданы шектеудің ақылға қонымды екенін шешті және *Forster & Sons ЖШК (FSL)* компаниясының құпия өндірістік әдістерін бәсекелес өндірушіден заңды қорғауды көздеді деп шешті.

Норденфельттің Maxim Nordenfelt Guns and Ammunition Co ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [1894] AC 535

Норденфельттің мылтық жасайтын және оның жаһандық тұтынушылар базасы болды. Ол кәсіпкерлігін *Maxim Nordenfelt Guns and Ammunition Co ЖШК (MNGA)* компаниясына сатты. Кәсіпкерлік сату келісімшартында 25 жыл әлемнің кез келген жерінде бәсекелес кәсіпкерлікті бастауға тыйым салатын шарт болды. Бұл шарт негізсіз, сондықтан заңды күші жоқ, сауданы шектейтін шарт болды ма? Сот бүкіл әлемнің географиялық аймағын және 25 жыл уақыт кезеңін көрсетуі әдетте негізсіз болғанмен, осы жағдайларда жаһандық тұтынушылар базасы мен кәсіпкерлікке төленген ақыны алатын болсақ, шарт *Maxim Nordenfelt Guns and Ammunition Co ЖШК (MNGA)* компаниясының инвестициясын қорғауға қажетті болды және негізсіз емес деп шешті.

Кәсіби спорттық келісімшарттары ойыншының қозғалысын (мысалы, ауысуды шектеу, жоба ережелері мен жалақы деңгейі) шектеу негізсіз сауданы тежеуді құрауы мүмкін.³²

Сауданы шектеу шарттары, сондай-ақ бәсекелестікке қарсы практикаға тыйым салатын *2010 жылғы (Дст) Бәсекелестік пен Тұтынушылар Заңының* IV бөліміндегі ережелерді бұзуы мүмкін. Бұл ережелер 8-тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

- 6.28 Келісімшарт тарапы болмайтын тұлға қандай жағдайларда келісімшартты орындайды?
- 6.29 Келісімшарт заңына сәйкес әрекет жасауға тиісті уақыт шектеулері деген не?
- 6.30 Жауапкершіліктен бас тарту деген не?
- 6.31 Жауапкершіліктен бас тарту қалай келісімшарт шарты болады?
- 6.32 Жауапкершіліктен бас тартуды соттар қалай түсіндіреді?
- 6.33 Жалпы заңға сәйкес сот шарттың қандай түрлерінің орындалуынан бас тартыды?
- 6.34 Сот юрисдикциясын алып тастауға ұмтылатын келісімшарт шартының құқықтық әсері қандай?
- 6.35 Сауданы шектеу шартының қандай жағдайларда пайдаланылуы ықтимал?
- 6.36 Сауданы шектейтін шарт қандай жағдайларда заңды түрде орындалады?

Қорғаныс құралдары немесе қалпына келтіру

Егер бір тарап келісімшарт шартын, нормативтік шартты немесе (кейбір жағдайларда) шарттық емес өкілдікті немесе уәдені бұзса және олар тиімді бас тарту арқылы жауапкершіліктен қорғалмаса, басқа тарапқа бірнеше қол жетімді ықтимал қорғану құралдары бар, оның ішінде:

- келісімшартты бұзу;
- зақымдар;
- әділ қорғау құралдары;
- нормативтік құқық қорғау құралдары.

Бұл тараушада біз қорғану құралдарының әрқайсысын жеке егжей-тегжейлі қарастырамыз.

Келісімшарттың күшін жою

Келісімшарттың күшін жою екінші тараптың шартты бұзу салдарынан келісімшартты тоқтатуы немесе бұзуы болып табылады. Келісімшартты бұзу сот бекіткен заңды қорғану құралы немесе кінәсіз тарап жағынан келісімшартты тоқтату болуы мүмкін. Егер бір тарап келісімшарт бұзылды деп дауласатын болса, сот келісімшарттың күшін жояды. Мысалы, егер Джонни Джинмен жасаған келісімшартты бұзса, Джин келісімшарттың күшін жоюға әрекет жасайды немесе ол сотта іс қозғауға және келісімшарттың күшін

32 Re Phillip Adamson v New South Wales Rugby League Ltd (1991) 31 FCR 242.

жоятын сот нұсқамасына жүгіне алады. Егер сот келісімшарттың бұзылуын мақұлдаса, ол мүмкіндігінше тараптардың бастапқы жағдайын қалпына келтіру мүмкіндігін іздейді. Мысалы, пицца пешін жеткізгеннен кейін Джин келісімшарттың күшін жоя алады, Джинге пицца пешін қайтаруға тура келеді және Джонни оның құнын қайтаруға мәжбүр болады.

6.15-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Екінші тараптың келісімшарт бұзғанына қарамастан, басқа тарап неге оны тоқтатуға ниет білдірмейді?

Келісімшартты бұзудың бәрі бірдей басқа тарапқа құқық бермейді. Келісімшартты тоқтату құқығы оның толық немесе ішінара орындалу, орындалмауына, шартты немесе кепілдікті орындалмауына байланысты болады.

Келісімшартты толық орындамау

Егер:

- олар шарттық міндеттемелерді орындауға ешқандай күш-жігерін салмаса;
- олардың шартты нақты орындауы келісімшарт талаптарынан мүлде басқаша болса;
- олардың орындауы келісімшартты орындау уақытынан бұрын болса, анық (келісімшартты алдын ала бұзу) олар өз міндеттемелерін орындамайтынын білдірсе, тарап келісімшартты толығымен орындамаған болып есептеледі.

Мысалы, егер Джонни мен Джин бейсенбі күні Джин пицца пешіне 10000\$ төлейтін болып келіссе, ал сәрсенбі күні Джин ол пешке ақша төлей алмайтынын айтса, Джин келісімшартты толық алдын ала бұзу арқылы орындамаған болады.

Бір тараптың өз міндеттемелерін толығымен орындамауы басқа тарапқа келісімшартты бұзуға құқық береді. Ол сондай-ақ, нақты орындау, әділ құқықтарды қорғау тәсілдері немесе сот нұсқамасы сияқты басқа тарапқа төменде қарастырылатын келтірілген залалды өтеу және залалға бара бар өтемақы алуға да құқық береді.

Егер Джин алдын ала бас тарту арқылы келісімшартты бұзса, Джонни келісімшартты дереу бұзуға және тіпті, егер іс жүзінде келісімшартты орындау уақыты әлі келмесе де, Джонни басқа біреуге пешті сатуға құқылы.³³ Дегенмен, Джонни тым тез арада әрекет жасаудан абай болуы керек, өйткені егер ол келісімшартты ерте бұзуға құқылы болмай шықса, оның әрекеті келісімшартты бұзу болып есептеледі де, Джинге өтемақы алуға құқық береді.

Міндеттемелерді ішінара орындамау

Көп жағдайларда келісімшарттың бұзылуы тараптың оны толық орындамауынан емес, тек ішінара орындамауынан болады. Тарап келісімшарттың кейбір шарттарын орындап, бір немесе бірнеше шарттарын бұзса, олар келісімшартты жартылай орындамаған болады. Келісімшартты ішінара орындамау да басқа тарапқа залал келтіргені үшін оның орнына өтемақы талап етуге, әділ қорғану құралдарын пайдалануға құқық беретін келісімшартты бұзу болып табылады. Егер бір тарап келісімшарттың жалғыз ғана бір

³³ *Mahoney v Lindsay* (1980) 33 ALR 601.

Gold Coast Oil Co Pty ЖШК компаниясының Lee Properties Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [1985] 1 Qd R 416

Gold Coast Oil Co Pty ЖШК компаниясы Lee Properties Pty ЖШК компаниясымен келісімшарт жасады. Осы келісімшартқа сәйкес Gold Coast Oil Co Pty ЖШК компаниясы Lee Properties Pty ЖШК компаниясынан Gold Coast Oil Co Pty ЖШК компаниясы үй-жайға нақты бір өзгерістер жасау аяқталғаннан кейін үй-жайларды жалға алатын болды. Gold Coast Oil Co Pty ЖШК компаниясы Lee Properties Pty ЖШК компаниясын неғұрлым қолайлы экономикалық жағдай болғанға дейін өзгерістерді аяқтай алмайтынын хабарлады. Lee Properties Pty ЖШК компаниясы келісімшартты тоқтатты және Gold Coast Oil Co Pty ЖШК компаниясы өз құқығы бар екенін білдіріп, бұған дау айтты. Сот Gold Coast Oil Co Pty ЖШК компаниясы келісімшартты алдын ала бұзған болып есептеледі, сондықтан Lee Properties Pty ЖШК компаниясы келісімшартты тоқтатуға құқылы деп шешті.

шартын бұзса, басқа тарап келісімшартты тоқтатуға құқылы бола ма? Бұл келісімшартты бұзу жағдайға немесе кепілдікке қатысты болуына байланысты.

Шарт немесе кепілдік

Шарт келісімшарттың өте маңызды бөлігі болып табылады. Тараптардың пайдасын көздейтін мұндай шарт болмаған жағдайда бірінші кезекте тараптар келісімшарт жасамаған болар еді. Егер бір тарап маңызды болып табылатын шартты бұзса, басқа тараптың:

- келісімшартты растауға және келтірілген зиянды қалпына келтіруді талап етуге;
- келісімшартты тоқтатуға және келтірілген зиянды қалпына келтіруді талап етуге құқығы бар.

Кепілдік келісімшарттың маңызы аздау шарты болып табылады. Тараптардың пайдасын көздейтін мұндай шарт болмаған жағдайда да, тараптар бәрібір келісімшарт жасаған болар еді. Егер бір тарап кепілдік шартын бұзса, басқа тарап залалды қоса алғанда төменде сипатталған басқа да қорғау құралдарын пайдалануға құқылы болғанмен, олардың келісімшартты тоқтатуға құқысы жоқ.

Кейде тараптар келісімшарттың әр түрлі шарттарын шарт немесе кепілдіктер ретінде айқын жіктейді. Әдетте, жүйелену толығырақ тараптардың әрекеттері мен мәміле контекстінде пысықталуы тиіс.

шарт – келісімшарттың өте маңызды бөлігі.

кепілдік – маңызы аз келісімшарт шарты.

Бетинидің Гайға қарсы талап арызы (1876) 1 QBD 183

Бетини әнші және Гай промоутер болды. Бетини мен Гай келісімшарт жасасты. Сол келісімшартқа сәйкес Бетини Гайға әртүрлі іс-шараларда 15 апта ән айтатын болды. Бетини бірінші іс-шараға дейін 6 күн жаттығуға қатысуға міндетті болды, бірақ ол сырқаттану салдарынан жаттығуға 4 күн келмеді. Гай шартты бұзуға ұмтылды. Келісімшартта Бетинидің жаттығуға қатысуын талап ететін шарт немесе кепілдік болды ма? Сот кепілдік болды деп шешті: Бетинидің жаттығуға қатысуын талап ету аз маңызы бар шарт, яғни өзекті шарт емес, Гайдың шартты тоқтатуға құқығы жоқ болды.

**Бэнкстің *Associated Newspapers ЖШК* компаниясына қарсы талап арызы (1951)
83 CLR 322**

Associated Newspapers ЖШК компаниясы газет баспагері, ал Бэнкс сықақшы болды. Бэнкс апталық газетке толық бетті әзіл-сықақ жасауға, *Associated Newspapers* компаниясы оны газеттің әзіл-сықақ бөлімінің бірінше бетіне жариялауға уәде беретін келісімшарт жасасты. *Associated Newspapers ЖШК* компаниясы үш апта бойы газеттің әзіл-сықақ бөлімінің үшінші бетінде Бэнкстің сықақтарын жариялап отырды. Бэнкс шартты бұзуға ұмтылды. *Associated Newspapers ЖШК* компаниясының уәдесі шарт немесе кепілдік болды ма? Сот *Associated Newspapers ЖШК* компаниясының уәдесі шарт деп шешті, өйткені егер *Associated Newspapers ЖШК* компаниясы бірінше бетке жариялауға уәде бермегенде, Бэнкс келісімшарт жасамас еді. Сондықтан Бэнкс келісімшартты бұзуға құқылы болды.

Егер тараптар келісімшарттың тікелей орындалу уақыты маңызды шарт екенін келіспесе, келісімшарт міндеттемелерінің уақытылы орындалмай, кейінірек орындалуы әдетте, шартты бұздан гөрі кепілдікті бұзу ретінде қарастырылады.

6.16-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Егер бір тарап шартты бұзса, бірақ кепілдікті бұзбаса, басқа тараптың неге келісімшартты бұзуға құқығы бар?

Аралық шарттар

Кейде шартты шарт немесе кепілдік ретінде жіктеу мүмкін болмайды. Мұндай шарттар **аралық шарттар** деп аталады. Аралық шарттың бұзылғаны немесе бұзылмағаны басқа тарапқа келісімшартты тоқтатуға құқық беруде бұзылатын шарттың маңыздылығына байланысты болады: шарттың маңыздылығы оны тоқтату себебін дәлелдейді, маңызы аз шартты бұзғанда келісімшарт тоқтатылмайды.

Сехавтың *Bremer Handelsgesellschaft mbH; The Hansa Nord* компаниясына қарсы талап арызы [1976] QB 44

Сехав *Bremer Handelsgesellschaft mbH* компаниясынан мал жемі ретінде пайдаланылатын цитрус түйіршіктерін тасымалдау жұмысын атқаруды сатып алды. Келісімшартта «түйіршіктердің бұзылмауы, жақсы күйде» болуы талап етілді. Түйіршіктер әлі де жеткілікті жақсы болғанмен, мал жемі ретінде пайдалануға жақсы күйде емес еді. Сехав тасудан бас тартып, келісімшартты бұзуға құқылы болды ма? Сот түйіршіктердің жақсы болуын талап ететін шарт аралық шарт болды, сондықтан, Н.В. Сехав маңызды шартты бұзғанда ғана келісімшартты тоқтатуға құқығы бар деп шешті. Бұл жағдайда бұзылған шарт аса маңызды емес, себебі түйіршіктерді Н.В. Сехав әлі де сатып алынған мақсатына сәйкес пайдалана алады. Н.В.Сехав *Bremer Handelsgesellschaft mbH* компаниясынан түйіршіктердің бұзылуы нәтижесінде оның құны төмендеуіне байланысты өтемақы алуға құқылы болғанмен, оларды қабылдауға және құнын төлеуге міндетті болды.

Маңызды шартты бұзу басқа тараптың шартты бұзу салдарынан бір тараптың бірінші кезекте келісімшарт жасаған негізгі мақсаты мен көздеген пайдасынан айыратын бұзу болып табылады.

аралық шарттар – шарт немесе кепілдік болмайтын, оны бұзудың салдары бұзылатын шарттың маңыздылығына байланысты болатын келісімшарт шарты.

Коопраптоо Local Aboriginal Land Кеңесінің Sanpine Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (2007) 233 CLR 115

Sanpine Pty ЖШК компаниясы мен *Коопраптоо Local Aboriginal Land* Кеңесі арасында Кеңестің жерін *Sanpine Pty ЖШК* компаниясының дайындауына қатысты келісімшарт жасады. Келісімшарт шарттарына сәйкес *Sanpine Pty ЖШК* компаниясы белгілі бір қаржылық есептер жүргізуге міндетті болды және қаржылық алаяқтық сайып келгенде Кеңесті әкімшілікке шағымдануға итермеледі (13-тарауды қараңыз), ал Кеңес әкімшісі *Sanpine Pty ЖШК* компаниясымен келісімшартты тоқтатты. *Sanpine Pty ЖШК* компаниясы әкімшіліктің келісімшартты тоқтатуға құқысы жоқ, бұзылған шарт келісімшарт шарты емес деп дау айтты. Сот қаржы есебін жүргізуге қатысты шарт шарт та емес, аралық шарт та емес, өйткені оның бұзылуы соншалықты маңызды болғандықтан, әкімші шартты тоқтатуға құқылы болды деп шешті.

Ескерту!

Келісімшартты бұзу басқа тарапқа міндетті түрде оны тоқтатуға құқық бермейді. Ол бұзылған шарт немесе кепілдік екендігіне, аралық шарттың бұзылуы маңызды немесе аз маңызды нәрсе болуына байланысты болады.

Төлем құқығынан айыру

Келісімшартты ішінара орындамаған тарап өздері келісімшарттың күшін жоя алмайды, ал егер басқа тарап келісімшартты ішінара орындауға төлеуден бас тартса, келісімшартты бұзған тарап белгілі бір жағдайларда болмаса, оларды төлем жасауға мәжбүрлей алмайды.

Мысалы, егер Джонни пицца пешін Джинге келіскендей жұма күні емес, сенбі күні жеткізсе, ол шартты орындауды және шарттардың бірін ішінара бұзған болады. Содан кейін Джин пештің құнын төлеуден бас тартса, Джонниге келісімшарттың әлі заңды күші бар ма?

Мынадай жағдайларда келісімшартты ішінара орындамау оны бұзған тарапқа толығымен төлем жасауды қамтамасыз ету құқығын айыруға әкеп соқпайды.

1. Егер тараптар арасындағы келісімшарт «бөлінетін» болса, оны бұзған тарап орындалған келісімшарттың бөліктері үшін төлемді қамтамасыз ете алады. **Бөлінетін келісімшарт** кезеңмен тауармен қамтамасыз ететін немесе қызмет көрсететін тарап (мысалы, құрылыс иесі құрылыс салушыға оның әрбір кезеңі аяқталған соң төлеуге құқылы) төлем алуға құқылы болады. Тіпті тарап келісімшартты толық орындамаса да, олар оның орындалған бөлігінің **кванттық көлемі** (яғни, лайықты соммасын төлетуді қамтамасыз ету құқығы бар) төлеуге мәжбүрлеуге құқысы бар. Екінші жағынан, егер келісім бойынша келісімшарт толық орындалғанда төлем жасалуы тиіс болса және келісімшартты бұзу аталған екі шарттың біріне жатпаса, келісімшартты бұзған тарап төлем талап ете алмайды. Шартта бұған қайшы келетін ешнәрсе айтылмаса, бөлінетін келісімшарт деп есептеледі.

2. Егер келісімшартты бұзған тарап негізінен (яғни, тарап орындауға тиісті жұмыс пен олардың іс жүзінде атқарылған жұмысы арасында шағын ғана айырмашылық болса) өз міндеттемелерін орындаған болса, келісімшартты бұзған тараптың шартты толық орындағанын көрсетуге шағын ғана түзетулер жетіспейтініне сүйеніп, төлемнің орындалуын талап етуге құқығы бар.³⁴ Мысалы, Джонни мен Джиннің жағдайында Джонни пештің кеш жеткізілуіне шағын түзету жасауға сүйеніп, Джиннен төлемді қалпына келтіруді талап етуі әбден мүмкін.

3. Егер басқа тарап келісімшарттың ішінара орындалуын қабылдауды таңдаған болса, келісімшартты бұзған тарап келісімшартта келісілген толық төлемді емес, оның тек *кванттық көлемін* талап ете алады. Бұл басқа тарапта төленетін бағаны пропорциялық қысқарту құқығы бар дегенді білдіреді.

кванттық көлем (еңбегіне қарай лайықты төлем жасау) – іс жүзінде атқарылған жұмыстың мөлшеріне пропорционалды төлем бөлігі.

Кутердің Пауэллге қарсы талап арызы (1795) 6 Term R 320; 101 ER 573

Кутер Пауэллге көмекші ретінде Лондоннан Ямайкаға қайтатын кеме рейсіне 30 гиней ақшаға келісті. Кутер негізінен жолдың көп бөлігін жүріп өтті, бірақ ол кеме Лондонға оралмас бұрын қайтыс болды. Кутердің жесірі Кутер аяқтаған рейс бөлігіне ақы төлеуді талап етіп, сотқа шағымданды. Сот келісімшарт бөлінетін емес, Кутер рейсті соңына дейін толық орындаған да ғана ақы алуға құқылы және осы жағдайларда Кутердің әйелі қандай да бір төлем талап етуге құқылы емес деп шешті.

Стилдің Тардианиге қарсы талап арызы (1946) 72 ЖШС 386

Стил Тардианиді отын кесуге жалдады. Келісімшарт бойынша Тардиани диаметрі алты дюйм болатын ағашты кесуге тоннасына алты шиллинг төлейтін болды. Тардиани 1500 тонна кесілген ағаш жеткізді, бірақ ол диаметрі алтыдан он бес дюйм болатын кесілген ағаш еді. Тардиани төлемді талап етуге құқылы ма? Сот Тардиани келісімшартты ішінара орындамады, сондықтан ол келісімшартты бұзды деп шешті. Алайда Стил Тардианидің келісімшартты ішінара орындалуын қабылдады, өйткені Стил Тардианидің ағашты тым үлкен кесіп жатқанын білді, бірақ ол Тардианиге бәрібір ақы төлейтінін айтты. Дегенмен Стил Тардианидің тапсырманы толық орындауын талап ету құқығынан бас тартты, сондықтан Тардиани іс жүзінде атқарылған жұмыстың құнына төлем талап етуге құқылы болды.

Жақсы әзірленген келісімшарт анық төлем құқығы тұрғысынан келісімшартты ішінара орындамау салдарына қатысты мәселедегі белгісіздікті болдырмайды.

Залал келтіру

Талапкер мынадай жағдайларда залалды қалпына келтіруге құқылы болады:

- толық немесе ішінара, нақты немесе алдын ала, шарт немесе кепілдік болсын, жауапкер тарапынан келісімшарттың кез келген шартын бұзуы;

³⁴ *Hoening v Isaacs* [1952] 2 All ER 176.

- жауапкердің қосымша келісімшартты бұзуы;
- жауапкер алаяқтық немесе ұқыпсыз бұрмалап өкілдік жасауы;

Соттың залалды қалпына келтірудегі міндеті, егер жауапкер келісімшартты орындағанда, оны бұзу немесе бұрмалау орын алмағандағы талапкердің бастапқы жағдайын қалпына келтіру болып табылады, яғни келісімшарт дұрыс орындалмаған жағдайда залалдың орнын толтыруды талап ету болып табылады. Мысалы:

- Егер Джоннимен жасалған қарыз келісімшарты бойынша Джин міндеттемесін орындамаса, Джонни келтірген залал үшін егер Джин келісімшартты бұзбағанда алатын үстеме сыйақыны қоса алғанда төлемнің жалпы сомасына баламалы өтемақы талап етуге құқылы болады.
- Егер Джонни пицца пешін Джинге 10000\$ сатуға келісімшарт жасаса, содан кейін Джонни келісімшартты орындаудан бас тартса, Джин сол бағаға немесе төмен бағаға басқа жерден соған ұқсас пешті сатып ала алмаса, тек сол шығындарды ғана талап етуге құқылы болады. Егер ол басқа жерден дәл сондай пешті сатып ала алатын болса, бірақ оның бағасы әлдеқайда жоғары болса, онда Джин залалдың соммасы бағаның айырмашылығы мен сондай пешті табуға жұмсалған кез келген қосымша шығындарын талап ете алады.
- Екінші жағынан, егер, Джин Джоннидің пешін қабылдаудан бас тарту арқылы келісімшартты бұзса, Джонни пешті басқа біреуге тек сол немесе одан жоғары сата алатын баға айырмашылығы мен басқа сатып алушыны табуға жұмсалған кез келген қосымша шығындарды талап ете алады.

Егер талапкер келісімшарттың бұзылуы нәтижесінде кез келген нақты шығын зардабын шекпеген болса, олар тек **номиналды залал** үшін өтемақы талап етуге құқылы болады. Бұл жай ғана жауапкердің әрекеті дұрыс болмағанын бекітетін сома белгісі (мысалы, 1\$).³⁵ Іс жүзінде, мұндай жағдайларда талапкер бірінші кезекте заңды сот ісін қозғауы екіталай.

Жауапкер талапкерге зиян келтіру мақсатында қасақана келісімшартты бұзу сияқты ерекше жағдайларда сот үлгі залал өтемақы тағайындай алады. Бұл соттың жай ғана өтемақы және одан жоғары мөлшерде залалға өтемақы белгілеу болып табылады және жауапкерге айыппұл салу немесе оны жазалау және қорғау құралы ретінде әрекет етуін көздейді.³⁶

залал – ақшалай өтемақы; азаматтық қалпына келтіру түрі.

номиналды залал өтемақысы – жай ғана жауапкердің әрекеті дұрыс болмағанын бекітетін, талапкерге берілетін ақшалай өтемақы сомасының белгісі.

үлгі залал өтемақысы – соттың жауапкерге айыппұл салу немесе оны жазалауды көздейтін жай ғана өтемақы және одан жоғары мөлшерде талапкерге берілетін өтемақы.

Таратылатын және таратылмайтын залалдар

Алдын ала оңай есептеуге болатын залал **таратылатын залал** болады. Мысалы, егер Джонни өзінің мейрамханасы үшін 2 айға оның жалға берушіге төленетін қарызы оңай есептеледі: айлық жалдау бағасы екіге көбейтіледі.

Талапкерге төленетін алдын ала оңай есептеуге болмайтын залал таратылмайтын залалдар деп аталады. Таратылмайтын залалдарға басқа тараптың келісімшартты бұзуы салдарынан талапкердің ауруы мен зардап шегуі, қобалжуы, мазасыздануы, қайғы-қасіретке түсуі, көңіл-күйі бұзылуы немесе қолайсыздығы үшін өтемақы беруді қамтиды.

³⁵ *Charter v Sullivan* [1957] 2 QB 117.

³⁶ *Hospitality Group Pty Ltd v Australian Rugby Union* (2001) 110 FCR 157.

Келісімшарт шарттары осындай шығындарды алдын ала бағалауды қамтуы екіталай және бұл соттың есептеуіне байланысты болады.

Кейде келісімшарт тараптары бір тараптың басқа тарап келісімшартты бұзған жағдайда құқылы болатын залалдың көлемін алдын ала есептейді және келісімшарттағы «таратылатын залалдар тармағын» енгізеді. Сондай-ақ, таратылатын залалдар тармағы ықтимал шығындардың шынайы алдын ала есептелісімен сот келісімшарт тармағының сақталуын қамтамасыз етеді. Алайда, егер, келісімшарт тармағы жауапкерге айыппұл салу ретінде түсіндірілсе, оған жаза қолданылмайды және сот төленуге тиісті шығындарды өзі есептейді.³⁷

таратылатын залал – басқа тарап келісімшартты бұзған жағдайда бір тарап өтемақы алуға құқылы болатын залалдың көлемін алдын ала есептеу

таратылмайтын залал - талапкерге төленетін алдын ала оңай есептеуге болмайтын залал.

Тікелей және жанама шығындар

Жауапкер келісімшартты бұзған жағдайда, талапкердің тікелей шығындар үшін өтемақы алуға құқығы бар және жанама залалдар үшін де өтемақы алуға құқығы болуы мүмкін.

Тікелей шығындар талапкер шеккен жағдайдың қарапайым барысына сәйкес келісімшартты бұзудың табиғи ағымынан туындайтын шығындар болып табылады. Тікелей шығын залалдары үшін төлемақы **жалпы залалдар** (немесе қалыпты залалдар) деп аталады.

тікелей шығындар – талапкер шеккен залалдың қарапайым барысына қарай келісімшартты бұзудың табиғи ағымынан туындайтын шығындарға.

жалпы залалдар – келісімшартты бұзудан туындайтын тікелей шығын залалдарын төлеу. Сондай-ақ, ол «қалыпты залал» ретінде белгілі.

Жанама шығындар

Тікелей келісімшартты бұзудан туындамайтын немесе келісімшарттың бұзылуы нәтижесінен күтілмейтін шығындар **жанама шығындар** немесе салдарлы шығындар деп аталады. Мұндай шығындар егер келісімшарт жасаған кезде, мысалы, талапкер жауапкерді осындай шығындардың болу ықтималдығынан хабардар ету сияқты осындай шығынның ықтимал екенін тараптар есте ұстайтынын көрсете алғанда ғана өтеледі.

Куфостың C. Czarnikow ЖШК компаниясына қарсы талап арызы; Heron II [1969] 1 AC 530

Czarnikow ЖШС компаниясы мен *Куфос Czarnikow ЖШК* компаниясы Румыниядан Иракқа кемемен қант жөнелту жөнінде келісімшарт жасасты. *Куфос* сол кезеңдегі қант бағасының төмендеуіне байланысты қантты келісілген мерзімнен 10 күн кешеуілдетіп жеткізді. Соның салдарынан *Czarnikow ЖШК* компаниясы қантты Иракта сатқанда аз пайда тапты. *Czarnikow ЖШК* компаниясы *Куфосты* келісімшартты бұзғаны үшін және келтірген залал шығынының орнын толтыру үшін сотқа шағымданды. Сот қант бағасының төмендеуі нәтижесінде туындаған залал *Куфостың* «келісімшартты бұзғанынан туындайтын тікелей шығындар деп шешті: *Куфос* қант жеткізуді кешеуілдеу осындай шығынға әкелуі мүмкін екенін білді.

37 O’Dea v Allstates Leasing System (WA) Pty Ltd (1983) 152 CLR 359.

Жанама шығын залалы үшін төлемақы **арнайы залалдар** (немесе қалыптан тыс немесе төтенше залалдар) деп аталады.

жанама шығындар – тікелей жауапкердің келісімшартты бұзуынан туындамайтын немесе келісімшарттың бұзылуы нәтижесінен күтілмейтін шығындар.

Хэдлидің Бахсендальға қарсы талап арызы (1854) 9 Ex 341; 156 ER 145

Хэдли – диірмен иесі, ал Бахсендаль курьер болды. Хэдли Бахсендальды сынған диірмен білігін жөндеу үшін білік өндірушіге апаруға жалдады. Бахсендаль диірменді келесі күні жеткізуге уәде берді, бірақ ол диірменді іс жүзінде бірнеше күннен кейін апарды. Хэдли Бахсендальды келісімшартты бұзғаны және сол уақыт аралығында жоғалтқан пайдасына өтемақы талап етіп, сотқа шағымданды. Сот Бахсендальдың келісімшартты бұзғаны Хэдлидің пайдасынан айырылуына жанама шығын болды деп шешті. Олай болса, Бахсендальдың келісімшарт жасалған кезде осындай шығынның ықтималдығынан хабардар екенінен көрсете алғанда ғана Хэдли өтемақы алуға құқылы болды. Бахсендаль Хэдлидің жалғыз білігі екенін және диірменнің онсыз жұмыс істемейтінін білген жоқ және соттың пікірінше Бахсендальдың Хэдлидің артық білігі бар деп тұжырымдауға құқысы бар. Бахсендальдың шеккен шығыны үшін өтемақы талап етуге құқығы жоқ.

арнайы залалдар – тікелей келісімшартты бұзудан туындайтын залалдар. Сондай-ақ, «қалыптан тыс залалдар» немесе «төтенше залалдар» ретінде белгілі.

ЕСКЕРТУ!

Жауапкер өзі бұзған келісімшарт нәтижесінде келтірілген барлық залалға жауап бермейді, тек талапкер шеккен шығындар не табиғи немесе күтілетін залалдар болған жағдайда ғана жауапты болады.

Шығын салдарын азайту

Бір тарап келісімшартты бұзған жағдайда, басқа тарап олардың шығынын жеңілдету жолын іздеуге міндетті болып табылады.³⁸ Бұл шығынды барынша азайту үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауға міндетті дегенді білдіреді. Мысалы, егер Джонни бес жылдық коммерциялық жалға алу келісімшартының мерзімі аяқталудан алты ай бұрын мүлікті босату арқылы келісімшартты бұзса, жалға беруші алты ай бойы мүлікті бос тастауға содан кейін Джонниден алты ай баламалы жалға беру залалына өтемақы талап етуге құқылы емес. Керісінше, жалға беруші жаңа жалдаушыны іздеп табуға барлық ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті, сондай-ақ, талап етілетін оның залалдары сомасының іс жүзінде олардың шеккен шығынымен шектеледі: мүлікті қайта жарнамалаудың құны, мүлік бос болған кезеңде жалға беру және егер Джоннидің ай сайын жалға төлейтін ақшасы мен жаңадан жалға бергенде төлейтін баға арасындағы жетіспейтін соманы төлейді.

4-тарауды еске түсірсек, абайсызда біреуге зиян келтірген адамның осыған ұқсас міндеттемелері бар.

³⁸ *Payzu Ltd v Saunders* [1919] 2 KB 581.

Талапкер серіктестікте қызмет істеді. Серіктестік таратылған кезде талапкердің еңбек шарты заңсыз тоқтатылды. Екі серіктес жаңа кәсіпкерліктің иелері болды және олар талапкерге оның сол келісімшартпен бұрынғы қызметін қайта ұсынды. Талапкер ұсыныстан бас тартты және оның орнына келісімшарттың талаптарын бұзғаны үшін және соның салдарынан шеккен шығындарына өтемақы талап етіп, бұрынғы серіктестікті сотқа берді. Сот талапкердің еңбек шартын бұзған кезде, ол серіктестік іс жүзінде жаңа жұмысты ұсынғанда одан бас тарту арқылы өзінің жеңілдету міндетін орындамады деп шешіп, оған тек номиналды залал өтемақысын тағайындады.

шығын салдарын азайту – азайту немесе жеңілдету; бір тарап келісімшартты немесе қамқорлық жасау міндетін бұзса, басқа тарап олардың шығынын азайту үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті.

6.17-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Құқық тараптардан неге шығындарын азайтуды талап етеді?

Әділ қалпына келтіру

Егер талапкер сотқа тағайындалған залалдың өтемақысы қанағаттанарлық екенін көрсете алатын болса, сот әділ қалпына келтіруді қолдануға шешім қабылдай алады. Залалды әділ қалпына келтіруге нақты орындау мен сот нұсқамасы жатады.

6.18-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Талапкерге залалдың өтемақысы қанағаттанарлық болмайтын жағдайларға үш мысал келтіріңіз.

Әділ қалпына келтіру дискрециялық болып табылады: ол әділ құқықтық қорғау құралы берілуі тиіс немесе жоқ деп шешім қабылдайтын сотқа байланысты. Егер:

- залалдың өтемақысы дұрыс, шығынға барабар болса;
- талапкер (**негізсіз** деп аталатын) әрекет жасауды негізсіз кешіктірсе;
- талапкер әділетсіз немесе саналы мінез құлық танытпаса, әділ қалпына келтіруге рұқсат берілмейді.

негізсіз – заңды қалпына келтіруді негізсіз кешіктіру.

Нақты орындау

Арнайы орындалу тәртібі соттың жауапкерді шарттық міндеттемелерін орындауға бағыттайтын бұйрығы болып табылады. Басқаша айтқанда, сот жауапкердің талапкерге ақшалай өтемақы төлеуіне нұсқама берудің орнына келісімшарт бойынша орындауға уәде еткен нәрсені істеуге бұйрық береді.

Келісімшартта жауапкердің жеке қызмет көрсетуі талап етілсе, сот нақты міндеттемелерді орындауға нұсқама бермейді.

Егер: (1) мұндай келісімшарт жауапкер тарапынан қайырымдылық шараны талап

етегін болса және оларға орындау талап етілген тапсырма дұрыс істелмесе және (2) соттарға әдетте істеуге құлықсыз болатын жауапкердің тапсырманы тұрақты негізде орындауын бақылауға тура келеді.³⁹

Сот егер жауапкер талапкерге белгілі бір тауарды жеткізбесе және ол тауарлар басқа жеткізушіден оңай қолжетімді болса, сот нақты орындауға нұсқама бермейді. Мұндай жағдайларда залалға барабар өтемақы жасалады. Егер бірегей немесе сирек кездесетін және арнайы немесе ерекше құнды тауар болса ғана нақты орындауға бұйрық беріледі.

Дуганның Лиге қарсы талап арызы (1946) 71 ЖШС, 142

Ли Дуганмен оның таксиі мен операциялық лицензиясын сатып алуға келісімшарт жасады. Содан кейін Дуган ойын өзгертті, ал Ли оны келісімшартты бұзғаны үшін сотқа шағымданды. Ли нақты орындауға сот бұйрығын алуға ұмтылды. Сот бұйрық етті: такси операциялық лицензиясын базардан оңай ала алмайды, сондықтан залал өтемақысы барабар қалпына келтіру құқықтық қорғау құралы емес.

нақты орындау – соттың тарапқа келісімшарт міндеттемелерін орындауға нұсқама беруі.

Нұсқама

Нұсқама адамға құқық ережелерін немесе басқа заңды құқықты бұзатын нақты әрекетпен айналысуға тыйым салатын сот нұсқамасы. Талапкер айыпталушының қауіп төндіруін, оның келісімшартты бұзуы болжанатын немесе алдын ала нақты бұзумен айналысуын болдыртпау үшін сот нұсқамасына жүгінуі мүмкін. Нақты орындауға қарағанда нұсқама берілуі неғұрлым ықтимал болып табылады.

Букенараның Hawthorn ЖШС футбол клубына қарсы талап арызы [1988] VR 39

Букенара *Hawthorn ЖШС* футбол клубында кәсіби футбол ойнауға келісім жасады. Келісімшарт шарттарының бірінде Букенара *Hawthorn ЖШС* футбол клубымен келісімшарт жасалған кезеңде кез келген басқа клубта ойнай алмайды делінген. Букенара басқа клубта ойнауға ниет білдірген кезде, *Hawthorn ЖШС* футбол клубы Букенара тыйым салатын тиімді нұсқама алды.

нұсқама – адамға құқық ережелерін немесе басқа заңды құқықты бұзатын нақты әрекетпен айналысуға тыйым салатын сот нұсқамасы.

Нұсқаманың нақты орындауға берілетін бұйрықтан айырмашылығы жауапкерді келісімшартты орындауға мәжбүрлемейді, тек келісімшартты бұзуды құрайтын нақты әрекетпен айналысуға тыйым салады. Жауапкер басқа жолдармен келісімшартты орындаудан бас тарта алады.

Сот нұсқамасы тек келісімшартты бұзған жағдайда ғана емес, сонымен қатар алуан түрлі жағдайларда пайдаланылады. Мысалы, 4-тарауда түсіндірілгендей, олар адамның құқық бұзуын алдын ала болдырмау үшін пайдаланылуы мүмкін.

39 *JC Williamson Ltd v Lukey & Mulholland* (1931) 45 CLR 282.

Нормативтік компенсациялар

Егер бұзылған шарт тауар сату заңнамасына сәйкес көзделетін шарттардың бір болса, заңнама бірқатар залалды қалпына келтіру құралдарын ұсынады.

Сатушы төлейтін компенсация

Егер келісімшартты бұзған тауар сатып алушы болса, заңнамада сатушыға белгілі бір зиянның орнын толтыруды тағайындайды:

Сатып алушы тауарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда, сатушының кез келген шығынды өтеуді талап етуге құқығы бар.

- Егер сатып алушы тауарға төлем жасамаса және тауар әлі сатушының иелігінде болса, сатушы тауарға төлем жасағанша сатушының тауарды өз иелігінде қалдыруға немесе тауарды басқа сатып алушыға сатуға құқығы бар.
- Егер сатушы олар төленгенге дейін тауарларды иемденуге сактайды.
- Егер сатып алушы тауарға төлеуден бас тартса, сатушы тауардың құнын төлеуді талап етіп, сотқа шағымдануға құқылы болады.

Сатып алушы төлейтін компенсация

Егер келісімшартты бұзған тауар сатушы болса, заңнама сатып алушыға бірнеше қорғану құралдарын, яғни, залалды қалпына келтіру жолдарын қамтиды:

- Егер сатушы тауарды жеткізбесе, сатып алушы шығындары үшін сатушыны сотқа беруге құқылы.
- Егер сатушы тауарды жеткізбесе, ал ол сирек немесе бірегей тауар болса, және өтемақы залалға барабар болмаса, онда сатып алушы нақты орындауды талап етіп, сотқа шағымдануға құқылы.
- Егер сатушы тауарды жеткізсе, бірақ тауарлар атауына, сипаттамасына, мақсатына, сапасы немесе сату үлгісіне қатысты тұспалданатын шарттарды бұзса, сатып алушы шеккен шығындары үшін сатушыны сотқа беруге құқығы бар.
- сатушы бұзған тұспалданатын шарттар заңнамада кепілдік ретінде сипатталған болса, онда сатып алушы келтірілген залал үшін ғана сотқа шағымдануға құқылы. Алайда сатушы бұзған тұспалданатын шарт заңнамада *шарт* ретінде сипатталған болса, онда сатып алушы тауарларды қабылдамау және келісімшарт аяқталды санауға құқығы болады. Егер олар тауарды қабылданды деп санаса, сатып алушы бұл құқығын жоғалтады (жоғарыдан қараңыз).

Аустралия Тұтынушылар заңнамасына сәйкес тұтынушыларға қолжетімді қосымша қорғау құралдары 8-тарауда қарастырылады.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

6.37 Келісімшартты бұзуды қалпына келтіру деген не?

6.38 Келісімшартты алдын ала бұзу басқа тарапқа келісімшартты тоқтатуға құқық бере ме?

6.39 Келісімшартты ішінара орындамаудың салдары қандай?

6.40 «Шарт»пен «кепілдік» арасындағы айырмашылық неде?

6.41 «Аралық шарт» деген не? «Аралық шартты» бұзу басқа тарапқа қай кезде келісімшартты тоқтатуға құқық береді?

- 6.42 Келісімшартты ішінара орындамаған адам келісімшарттың орындалуын талап етуге қай кезде құқылы болады?
- 6.43 Залал қалай есептеледі?
- 6.44 (а) Номиналды залал және (б) үлгі залал деген не?
- 6.45 (а) Таратылатын және (б) таратылмайтын залалдар деген не?
- 6.46 Талапкер (а) тікелей шығындар мен (б) жанама шығындар үшін өтемақы алуға қай кезде құқылы болады?
- 6.47 Талапкер өзінің шығынын «жеңілдетуге» міндетті деген нені білдіреді?
- 6.48 Нақты орындау және ол қай кезде тағайындалады?
- 6.49 Нұсқама деген не?
- 6.50 Тауар сату заңнамасы (а) сатушыларды және (б) сатып алушыларды қандай нормативтік компенсациямен қамтамасыз етеді?

Келісімшарттың аяқталуы

Келісімшарт екі тарап өз міндеттемелерін орындағанда аяқталады немесе басқа тараптың келісімшартты бұзуы нәтижесінде бір тарап оны тоқтатады деп түсіндірілген болатын.

Бұл тараушада біз келісімшарттың аяқталуының тағы екі жолын қарастырамыз:

1. келісім;
2. бұзылу.

Келісімшартты аяқтау келісімі

Тараптар ерікті түрде келісімшартты аяқтауға келіседі. Бұл түрлі жолдар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- Екі тарап өзара кез келген алдағы міндеттемелерді орындаудан бір-бірін босатуға келіседі. Келісімшартты орындамауды қамтамасыз ететін әрбір тараптың уәдесін қарастыру басқа тараптың сол нәрсені істеу уәдесі болып табылады.
- Өз міндеттемелерін толық орындаған тарап біржақты тәртіппен өз міндеттемелерін толық орындаудан басқа тарапты босатуға уәде береді. Бұл уәде **акт** түрінде немесе қарау арқылы борыштық құқығынан айыру талаптарын қанағаттандырғанда орындалады (5-тараудағы қарыздарды бөліп төлеуге қатысты талқылауды қараңыз).
- Тараптар жасалған келісімді жаңа келісіммен ауыстыруға өзара келіседі, бұл «новация» деп аталады. Ескі шартты қалдыруды қарау жаңа келісімшартты енгізу болып табылады.
- Келісімшартта қанағаттандырылмаған **шарт прецеденті** немесе қанағаттандырылған **шарт салдары** болуы мүмкін (5-тарауды қараңыз).

акт – (1) куәгерден бұрын тараптар қол қойған, «мөр басылған» және «жеткізілген» немесе (2) акт екенін білдіретін жазбаша келісімшарт. Сондай-ақ, «ресми келісімшарт» ретінде белгілі.

шарт прецеденті – белгілі бір жағдай іске асқанға дейін келісім шарттың орындалмауын қамтамасыз ететін келісімшарт шарты.

шарт салдары – келісімшарттың тез арада орындалуын қамтамасыз ететін, бірақ белгілі бір жағдай жүзеге асқанға дейін күшіне енуін тоқтататын келісімшарт шарты.

келісімшарттың бұзылуы – келісімшарттың тез арада орындалуына күтпеген жағдайдың мүмкіндік бермеуі немесе төтенше қиындықтар салдарынан шарттың тоқтатылуы.

Келісімшарттың бұзылуы

Тараптардың ешқайсысы кінәлі емес, бірақ келісімшарттың орындалуын мүмкін етпейтін немесе тараптардың ешқайсысы күтпеген жолмен орындалуы ғана ықтимал болатын нәрсе орын алуы мүмкін. Бұл **келісімшарттың бұзылуы** деп аталады. Мысалы, Джонни Джинмен пицца пешін 10000\$ сатуға келісімшарт жасады, бірақ өкінішке орай, келісімшарт жасалғаннан кейін, Джинге пешті жеткізбес бұрын Джоннидің пеші өртеніп кетті. Оның бұдан былай Джинге пицца пешін беретін шарттық міндеттемесі жоқ және Джинге пицца пешін бере алмағаны үшін өтемақы төлеуге міндетті емес, өйткені келісімшартты бұзуға тура келді.

Келісімшартты аяқтау оның бұзылуы нәтижесінде, яғни келісімшарттың толық немесе тараптар көздеген тәсілмен орындалуына мүмкіндік бермейтін оқиға, (жағдай) салдары болса, тараптарды келісімшартты орындауды жалғастыруға мәжбүрлеу әділетсіз болар еді. Егер тараптарға төтенше қиындықтар туындаса немесе келісімшарт тікелей немесе жанама төтенше оқиға салдары көрсетілгенде келісімшарт бұзылмайды.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы орын алып, қанағаттандырылған жағдайда, келісімшарт бұзылады.

- «Оқиға салдары» келісімшарттың орындалуын мүмкін етпей тастайды немесе оны бастапқыда тараптар көздеген тәсілмен орындау толығымен мүмкін болмады;
- Тараптардың ешқайсысы оқиға салдарын туғызбады;
- Келісімшарт тікелей немесе жанама оқиға салдарын жасаған жоқ;
- Тараптарды келісімшартты жалғастыруға мәжбүрлеу әділетсіз болар еді.

Тейлордың Колдуеллге қарсы талап арызы (1863) 3 B & S 826; 122 ER 309

Колдуелл Тейлормен өзінің залын төрт концерт өткізуге жалға беру жөнінде келісімшарт жасады. Келісімшарт жасау мен жалға беру күндерін келісу арасында Колдуеллдің залы өртеніп кетті. Тейлор Колдуеллден залды жалға беруге алмауы нәтижесінде келтірілген залалды (өтеуді) талап етіп, сотқа шағымданды. Сот келісімшарт бұзылды және Колдуеллдің бұдан былай Тейлорға залды жалға беру шарттық міндеттемесі жоқ деп шешті.

Оқиға салдары мысалдарына мыналар жатады:

- келісімшарттың нысанасы күтпеген жағдайда жойылады.
- Тауар сату заңнамасы егер сатып алушы тәуекелге тап болмас бұрын оның нақты тауарларды сатуға келісімі бар болса, тауардың жойылуы сатушы немесе сатып алушы тарапының кінәсінен болмаса, келісімшарт күшін жояды деп мәлімдейді.⁴⁰
- келісімшарт жеке адамға қызмет көрсетуді талап ететін келісімшартта тараптардың бірі қайтыс болады;

⁴⁰ Sale of Goods Act 1954 (ACT) s 12; Sale of Goods Act 1923 (NSW) s 12; Sale of Goods Act 1972 (NT) s 12; Sale of Goods Act 1896 (Qld) s 10; Sale of Goods Act 1895 (SA) s 7; Sale of Goods Act 1896 (Tas) s 12; Goods Act 1958 (Vic) s 12; Sale of Goods Act 1895 (WA) s 7.

- заңнамаға күтпеген өзгерістер енгізу келісімшарттың орындалуын заңсыз етеді;⁴¹
- бірінші кезекте келісімшарт жасасуды шын мәнінде туғызатын күтілетін оқиға орын алмайды;
- келісімшарт жеке қызмет көрсету туралы, оларды қажетті өледі шарты тараптарының бірі;
- заңда күтілмеген өзгеріс заңсыз келісімшарт орындалуын құрайды;
- бірінші кезекте келісімшарттың туғызды күтілетін іс-шара, шын мәнінде, орын алмайды;

Тараптардың бірі өз міндеттемелерін орындауға міндетті жағдайлар күрт өзгереді.

Келісімшарттың орындалуы мүлдем мүмкін емес екенін көрсету қажет емес болса, ал бұзатын оқиғаның нәтижесінде оның бұзылуын көрсету қажет болғанда, оны орындау тараптардың бірі үшін қиынырақ немесе қымбатырақ және айтарлықтай басқаша болады.

Креллдің Генриге қарсы талап арызы [1903] 2 KB 740

Генри мен Крелл Генри төменгі жақтағы көшеде өтетін тәж кигізу жорасы шеруін көруге Креллдің «үйінің бір бөлмесін бір күнге жалға алуға келісімшарт жасасты. Тәж кигізу жорасы шеруін өткізу болмайтын болды, бірақ соған қарамастан Крелл келісімшарттың орындалуын талап етіп, сотқа шағымданды. Сот тәж кигізу жорасы шеруін өткізу күшін жоюына байланысты келісімшарт бұзылды деп шешті.

Codelfa Constructions Pty ЖШС компаниясының State Rail Authority компаниясына қарсы талап арызы (NSW) (1982) 149 CLR 337

(Осы сипатталған сот ісінің фактілерін 289-беттен қараңыз.) Келісімшарт бұзылды ма? Сот тыйым салу тараптардың бақылауынан тыс күтпеген оқиға болды және *Codelfa Constructions Pty ЖШС* компаниясының келісімшартты орындауы тараптардың бастапқыда көздеген тәсілінен айтарлықтай басқаша болды деп шешті. Келісімшарт бұзылды. *Codelfa Constructions Pty ЖШС* компаниясы *State Rail Authority* компаниясымен басқаша шарттар бойынша жаңа келісімшарт жасай алады.

Дэвис мердігерлер ЖШК компаниясының Фарехэм аудандық Кеңесіне қарсы талап арызы [1956] AC 696

Фарехэм аудандық Кеңесі алты ай ішінде 78 үй салуға Дэвис мердігерлер ЖШК компаниясымен келісімшарт жасасты. Жұмыс қолының және материалдың жетіспеуінен жұмыс күтілген мерзімнен ұзағырақ уақытқа созылды және қосымша 17000£ қаржы кетті. Дэвис мердігерлер ЖШК компаниясы Фарехэм аудандық Кеңесі төлеуге тиіс бағаны қайта келіскісі келді және бастапқы келісімшарт бұзылды деп дау айтты. Сот келісім бұзылған жоқ деп шешті. Дэвис мердігерлер ЖШК компаниясының шығындары күтпеген жерден өсті, бірақ бұл тараптардың бірі күтпеген тәсілмен орындалуы ықтимал болатын орындау ауқымы болған жоқ.

41 *Esposito v Bowden* (1857) 7 El & Bl 763; 119 ER 1430.

Келісімшартты бұзатын оқиға келісімшарт тараптарының бақылауынан тыс немесе ол оқиға тараптардың бірінің қасақана әрекетінің нәтижесі немесе келісімшарт бұзылған жоқ деген шешімдерінің нәтижесі болуы керек.

6.19-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Келісімшартты бұзатын оқиға неге «тараптардың еркінен тыс» болуы қажет?

Келісімшарт бұзылған кезде, тараптардың барлық маңызды міндеттемелерінің күші жойылады. Алайда, кез келген орындалған міндеттемелер кері қайтарылмайды немесе қайта қалпына келтірілмейді. Егер Джин келісімшартты бұзған оқиғаға дейін Джонниге пешке депозит төлесе, ол депозит қайтарылмайды. Ерекше жағдай егер «толық компенсация берілмесе», басқаша айтқанда, Джин төлеген депозиттің орнына Джонниден мүлде ештеңе алмағанда болады. Мұндай жағдайларда Джин Джонниден төлеген депозитін қайтаруына болады.

Жаңа Оңтүстік Уэльс, Оңтүстік Аустралия және Виктория заңнамаларында бұзылған келісімшарт бойынша кепілдік төлеген тұлғаға оны қайтарып алуға немесе келісімшартты орындау үшін төлем жасауға мүмкіндік береді.

Қайталау сұрақтары

Келесі тақырыпты бастамас бұрын мына сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз.

6.51 Келісімшарт тараптары қандай жолдармен келісім бойынша келісімшартты аяқтауы мүмкін?

6.52 Келісімшарт қай кезде бұзылады?

6.53 Келісімшарттың бұзылу салдары қандай?

Қорытынды

- Жалған өкілдік жасаған немесе уәдені бұзған келісімшарт тараптары бірінің салдары өкілдік немесе уәде келісімшарт, нормативтік шарт немесе келісімшарттық емес өкілдік немесе уәде болғандығы, болмағандығына байланысты.
- Жазбаша және қол қойылған келісімшартқа енгізілген шарт *экспресс* шарт деп аталады. Келісімшартқа қол қойған адамның жазбаша шарттардың барлығын оқығаны маңызды емес, соған қарамастан оның қол қойған адамға қатысты заңды күші болады. Егер келісімшарт жазбаша *емес* және оған қол қойылмаса да, шарттар келісімшарт жасамас бұрын тараптардың назарына *ақылға қонымды* хабарлау арқылы келісімшартқа енгізілуі мүмкін. Егер келісімнің аспектілерімен тараптар тікелей келіссе, сот келісімшарттағы «олқылықтардың орнын» *көзделетін* шарттарды енгізу арқылы толтыруға мүдделі болуы мүмкін.
- Тауар сату заңнамасы мен тұтынушылар құқықтарын қорғау заңнамасы *тауар сату келісімшарттарында* (және кейбір қызмет көрсету шарттарында) нормативтік шарттар: (1) сатып алушы құқығын қорғау және (2) мәмілені жеңілдетуге арналған. Алдыңғысының мысалына тауардың атауы, сипаттамасы, сапасы мен мақсатына

сәйкестігі жатады, соңғысының мысалдары төлем жасау, жеткізу, қабылдауға қатысты шарттарды қамтиды.

- Келісімшарт келіссөздері барысында жасалған мәлімдеме шарттық емес өкілдік немесе уәде болса, ол әдетте бұрмаланған өкілдік, қосымша келісімшарт, бұрмалау, алдау әрекеті ретінде орындалуы мүмкін. Мәлімдеменің шарт немесе келісімшарттық емес өкілдік немесе уәде екендігі мәлімдеме жасалған контекстке байланысты.
- *Келісімшарттық байланыс доктринасына* сәйкес, келісімшарт тек келісімшарт тараптарына қатысты орындалуы мүмкін. Жалпы ережеге сәйкес, үшінші тарап немесе оларға қатысты келісімшарт орындалмайды. Келісімшартта тараптардың бірін өз міндеттемелерін толық орындамау салдарынан қорғауға ұмтылатын *жауапкершіліктен бас тарту* болуы мүмкін. Жауапкершіліктен бас тартудың негізді – негізсіз екендігі (1) бас тарту келісімшарт шарты ретінде тіркелгендігіне және (2) жауапкершіліктен бас тарту мәселесінде жағдайға қатысты қолдану күмәнді ретінде түсіндірілгендігіне байланысты. Сот (1) сот юрисдикциясын шектеуге ұмтылатын немесе (2) сауданы негізсіз тежеуді көздейтін келісімшарт шарттарының орындалуын болдыртпайды.
- Егер, кепілдік емес, шарт немесе аралық шарттың маңызды шарты бұзылса, бұл басқа тарапқа келісімшартты тоқтатуға құқық береді. Ол сондай-ақ, оларға келтірілген *залалды* өтеуді, яғни ақшалай өтемақы талап етуге құқығы болады. Басқа тарапқа *нақты орындау* немесе сот *нұсқамасы* сияқты әділ қорғау құралдарына жүгіну құқығы берілуі мүмкін, бірақ бұл қаражат залалға барабар өтемақы болғаны көрсетілгенде ғана беріледі. Егер келісімшарт тауар сатуға қатысты болса, тауар сату заңнамасы қосымша қорғау құралдарын ұсынуы мүмкін.
- Келісімшарт тараптары *келісім* бойынша келісімшартты аяқтауға келісе алады. Егер оқиға салдары тараптардың бақылауынан (еркінен) тыс келісімшарттың орындалуына мүмкіндік бермесе немесе оның орындалуы тараптар күтпеген жоқ жолмен ғана мүмкін болса, келісімшарт *бұзылды* деп есептеледі.

Джонни мен Эш

[Эш пен Джонни әлі барда отыр. Джонни өте көңілді көрінеді.]

Эш: Мен әзірге жағдай түсінікті бола қалды деп ойламаймын, сондықтан біз өте нанымды дәлелдеме жасай аламыз.

Джонни: Мен шын мәнінде, ол дәлелдеменің қандай екенін түсінемін деп ойлаймын.

Джонни: Әрекет жасай беріңіз.

Джонни: Жарайды, мен Мариямен оның менің мейрамханамның акциясын сатып алуы жөнінде келісімшарт келіссөздерін жүргізіп жатқанда, ол маған мейрамхананы күнбе-күн басқаруға қатыспайтынын және оны менің үлесіме қалдыратынын айтқан еді. Алайда, біз қол қойған жазбаша келісім-шартта бұл туралы ештеңе айтылған жоқ. Енді Марияның уәдесі шарттық емес уәде де емес немесе келісімшарттың шарты да емес. Егер бұл шарттық емес уәде болса, оны орындауға біз істейтін көп нәрсе жоқ. Ал ол шарт болса, онда оны біз орындай аламыз.

Эш: Ал біз оның шарттық емес уәде емес, шарт екенін қалай көрсетеміз?

Джонни: Мұның маған қаншалықты маңызды екенін және сол уақытта оны Марияның қалай бағалауы тиіс екенін көрсету арқылы. Сондай-ақ, біздің келісімшартқа қол қоймас бұрын ғана мұны талқылаған факті, менің пайдама тиімді жақтардың бірі.

Эш: Ауызша дәлелдемелер ережесі ше?

Джонни: Ол жазбаша келісімшарт

болғанда болатын ереже. Сот жазбаша шарттарға қайшы келетін ауызша дәлелдемелер ақиқатына мүмкіндік бермейді, рас қой?

Эш: Дұрыс айтасын.

Джонни: Ал, бұл жағдай ережеден тыс танылған бір жағдайларға сәйкес келуі мүмкін. Жазбаша келісімшартта мейрамхана жұмысын жүргізу туралы ештеңе айтылмайды, сондықтан мен жазбаша келісімшарт Марияның ауызша уәдесін қамтитын толық келісімшарт емес деп дау айта аламын.

Эш: Ал, егер ол жұмыс істемесе?

Джонни: Егер ол жұмыс істемесе, біз қосымша келісімшарт бар деп дау айта аламыз. Мен тек Марияның ауызша уәдесіне бола жазбаша келісімшарт жасадым және ол «мәміленің» өзі мен орындай алатын келісімшарттан бөлек келісімшарт.

Эш: Оу, сіз шынымен бәрін түсінеді екенсіз. Сондықтан ойлана келе біз Марияның мейрамхана ісін жүргізуге араласпаймын деген уәдесі келісімшарт шарты екенін анықтай аламыз.

Джонни: Мен Мария кедергі жасау арқылы келісімшартты бұзды деп шағымдана аламын, және егер мен оның араласпаймын деген уәдесі кепілдік емес, шарт екенін дәлелдей алсам, онда менің шын мәнінде шартты бұзуға құқыым бар!

Эш: Жә, бірақ біз тым алыс кетпей тұрып, Мариямен сөйлесіп, келісімге сәйкес неге оны сұрыптап көрмеске?

Джонни: [таңдана] Жарайды. [Сәл кідіріп қалды.] Сіз менімен жүресіз бе?

- 1. Шарт пен келісім-шарттық емес өкілдіктің арасындағы негізгі айырмашылық қандай?**
 - (а) Шарт-жазбаша, ал келісімшарттық емес өкілдік ауызша болады.
 - (ә) Шартқа қол қойылады, ал келісімшарттық емес өкілдікке қол қойылмайды.
 - (б) Шарт әділ орындалады, ал келісімшарттық емес өкілдік жалпы заң бойынша орындалуға жатады.
 - (в) Шартты бұзу келісімшартты бұзу, ал келісім-шарттық емес өкілдікті бұзу келісімшартты бұзу емес.
- 2. Шарттың тарапы жалған болып шыққан келіссөздер барысында шарттық емес өкілдік жасаса оның салдары қандай?**
 - (а) Ол басқа тарапқа шартты бұзуға құқық беретін бұрмалау болуы мүмкін.
 - (ә) Ол Аустралия Тұтынушылар заңын бұзу болуы мүмкін.
 - (б) Ол келісімшартты бұзу емес.
 - (в) Аталғандардың барлығы.
- 3. Ауызша дәлелдемелер ережесіне сәйкес**
 - (а) жазбаша шарт пен ауызша мәлімдеме арасында сәйкессіздік болса, сот жазбаша шарт пайдасына шешеді.
 - (ә) жазбаша болуы тиіс келісімшарт шартының заңды күші бар.
 - (б) жазбаша келісімшарт кезінде жасалған орындалатын ауызша мәлімдеме немесе уәде қосымша шарт ретінде мәжбүрлеп орындалатын шарт болуы мүмкін.
 - (в) ауызша мәлімдеме немесе уәде келісімнің маңызды бөлігі болуы көзделеді, сот толық келісім жазбаша келісім мен ауызша мәлімдемеден немесе уәдеден тұрады деп шеше алады.
- 4. Жазбаша келісімшартқа қол қойған тұлғаның сол келісімшарт шарттарына бағынуға тиісті және міндеттемеден бас тарту мүмкін емес, егер тіпті**
 - (а) олар келісімшартты оқымаса.
 - (ә) келісімшарт ойланатын уақытты қажет етсе.
 - (б) олар non est factum ережесіне сүйенсе.
 - (в) оларды құжат табиғи шарттық емес деп ұйғаруға алып келсе.
- 5. Мыналардың қайсысы тауар сату келісімшарты ретінде жіктелуі тиіс?**
 - (а) Үй сатып алу келісімшарты.
 - (ә) Шығарманың авторлық құқығын сату шарты.
 - (б) Компанияның 50 акциясын сату шарты.
 - (в) Автомобильді жөндеу және қызмет көрсету, оның ішінде жаңа шам орнату келісімшарты.
 - (г) Жоғарыдағылардың ешқайсысы.
- 6. Келесілердің қайсысы тауар сату келісімшартында көзделетін атауға қатысты шарттардың біреуі емес?**
 - (а) Сатып алушы тауардың меншік иесі болады.
 - (ә) Сатып алушы тауарларды тыныш өз игілігіне жаратады.
 - (б) Тауарлар сатып алушыға белгілі немесе ашық ауыртпалықтан тыс.
 - (в) Сатушы немесе тауарды сатуға құқығы бар болады.
- 7. Келісімшартты «белгісіздік» жарамсыз етеді, егер**
 - (а) келісімшарт жазбаша болмаса.
 - (ә) экспресс шарт ретінде кез келген

маңызды тұстары егжей-тегжейлі енгізілмесе.

- (б) экспресс шартқа қарағанда бірден аса шарт көзделсе.
- (в) тараптар келісімшартқа тікелей жеткілікті айқын мәліметтерді енгізбесе.

8. Тауардың Тауарлық сапасы болуы тиіс, егер

- (а) олар жеңілдікпен сатылмаса.
- (ә) олар жеке меншік саудада сатылмаса.
- (б) сатып алушы сатып алмас бұрын тауарды тексере алмайтын болса.
- (в) олар қолма-қол ақшаға сатып алу-дан гөрі қарызға сатып алмаса.

9. Тауарлар мақсатына жарамды болуы тиіс, егер

- (а) сатып алушы тікелей сатушыға белгілі нысаналы мақсатты көздемесе.
- (ә) сатып алушы сатушының шеберлігі мен бағалауына сүйенбесе.
- (б) тауарды әдетте, сол сипаттағы тауарларды сатумен айналысатын сатушы сатпаса.
- (в) олар жеңілдікпен сатылмаса.

10. Егер адам жеміс дүкенінде жемістер таңдаса және тағанда оны сатып алуды ұсынса, олар жеміс иесі болады

- (а) олар жемісті таңдаған кезде.
- (ә) кассир жемісті өлшеп, оларға бағасын айтқан кезде.
- (б) олар жеміске ақша төлеген кезде.
- (в) кассир оларға жемісті үйге алып кетуге қайта берген кезде.

11. Төмендегілердің қайсысы *neto dat* ережесінен тыс емес?

- (а) Тауарды кімнің меншік иесі екенін білмейтін сатып алушыға тауардың өз иесінің агенті сатады.
- (ә) Тауарды кімнің меншік иесі екенін білмейтін сатып алушыға тауардың

бұрынғы меншік иесі сатады.

- (б) Тауарды кімнің меншік иесі екенін білмейтін сатып алушыға тауардың шынайы иесі болмас бұрын тауарларды иемденген адам сатады.
- (в) Тауарды кімнің меншік иесі екенін білмейтін сатып алушыға оны ұрлап алған біреуден сатып алған күнәлі емес біреу сатады.

12. Сатып алушы тауарды қабылдады деп саналмайды (және қайтару құқығын жоғалтады) өйткені

- (а) тауарды иемденді.
- (ә) тауардан бас тартпай, оны ақылға қонымды мерзімнен ұзағырақ уақыт ұстады.
- (б) тауарларды басқа біреулерге қарызға берді.
- (в) тауардың қабылданғанын сатушыға білдірді.

13. Бір келісімшартты басқа бір келісімшартпен ауыстыру ... деп аталады

- (а) байланыс
- (ә) новация
- (б) кванттық көлем
- (в) тағайындау

14. Жауапкершіліктен бас тарту келісімшарттың күшіне енген шарты болмайды, егер

- (а) жазбаша және қол қойылған келісімшартта қамтылса.
- (ә) басқа тараптың назарына ақылға қонымды ұсынылса.
- (б) тараптар арасындағы алдыңғы мәміленің нәтижесі ретінде келісімшартқа енгізілсе.
- (в) жоғарыдағылардың ешқайсысы.

15. Бір тарап келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындамаса, басқа тарап келісімшартты бұзуға құқылы емес, егер

- (а) шарт бұзылса.

- (ә) кепілдік бұзылса
- (б) бұзу аралық шарттың елеулі шарты болса
- (в) жоғарыдағылардың ешқайсысы

16. Келісімшарт міндеттемелерін уақтылы орындамау, әдетте . . . ретінде қарастырылады

- (а) шартты бұзу
- (ә) кепілдікті бұзу
- (б) аралық шартты бұзу
- (в) келісімшартты бұзу емес

17. X Y-ке жабдықтарды айына \$10000 алты айға жалға беруге келіседі. Екі айдан кейін Y жабдықты қайтарады және ешқандай қосымша жалдау төлемдерін жасамайды. Бір ай өткен соң, жабдық оны жарнамалауға \$50 жұмсағаннан кейін, X жабдықты Z-ке айына \$9000 алты айға жалға береді. X Y-тен келтірілген залалға қандай өтемақы алуға құқылы?

- (а) 10050\$
- (ә) 13050\$
- (б) 16050\$
- (в) 40050\$

18. Тауар сату заңнамасы мына шарттардың қайсысын бұзғанда басқа тарапқа келісімшартты тоқтатуға құқық бермейді?

- (а) Жай өз игілігіне жұмсау
- (ә) Тауар сапасы
- (б) Тауардың пайдалану мақсатына жарамдылығы
- (в) Тауардың сипаттамасына сәйкестігі.

19. Шарт бұзылмайды

- (а) күтілгеннен біртараптың келісімшартты орындауын қымбатырақ немесе ыңғайсыз ететін оқиға
- (ә) шарт нысанасының жойылуы
- (б) келісімшарттың орындалуын заңсыз ететін заңнамаға күтпеген өзгеріс енгізу
- (в) бірінші кезекте келісімшарт туындайтын оқиғаның болмауы.

20 X Y-тің қонақ үйіндегі бір бөлмені брондап, кепілдік төлеп қойды. Тапсырыс берген күннен бұрын қонақ үйді су алып кетті. Осы жағдайда, мынадай тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

- (а) келісімшарт бұзылғандықтан, X депозитті қалпына келтіре алмайды.
- (ә) X депозитті қалпына келтіре алмайды, өйткені келісімшарт жарамсыз *void ab-initio*.
- (б) X депозитті қалпына келтіре алмайды, өйткені Y келісімшартты бұзды.
- (в) X депозитті қалпына келтіре алмайды, өйткені қарау толығымен болмады.

Жаттығулар

6.1-жаттығу. Көзделген шарттар

Эш Стивеннің автокөлігін сатып алуға келіседі. Ол Стивеннің үйінде оған аудару қағазын және автомобиль кілтінің орнына айырбас ретінде банк чегін тапсырады. Ол көлікке мінгенде көліктің май бағында май жоқ екенін біледі. Ол бұл туралы Стивенге айтқанда, ол оған көліктің майы туралы емес, автокөлікті сатуға келіскенін түсіндірді. Стивен келісімшартты бұзды ма?

6.2-жаттығу. Шарттар мен кепілдіктер

6.1-жаттығудағы фактілерді қараңыз. Эш бағында майы бар көлікке жасалған келісім-

шарт екенін тұжырымдап, келісімшартты тоқтатқызып, Стивеннің келісімшартты бұзу нәтижесінде өзінің ақшасын қайтаруды талап ете ала ма?

6.3-жаттығу. Келісімшартты ішінара орындау

Джонни мейрамханасының интерьерін қайта бояуға Элейнді жалдады. Элейн бұл жұмысқа Джонниден 5000\$ алатын болып келісті. Ол жұмысты аяқтамас бұрын Элейн дос жігітімен бірге Мельбурнге көшейін деп жатқанын және жұмысты аяқтауға уақыты жоқ екенін Джонниге хабарлайды. Джонни ренжиді және ол Элейнге 1000\$ деп есептеген бояудың құнынан басқа артық ақша төлеуден бас тартады. Элейн қандай жағдайларда 1000\$ басқа тағы да қосымша ақша төлеуді талап ете алады?

6.4-жаттығу. Тауар сату келісімшарттары

Эштің анасы Шаши супермаркеттен үйіне дейін оның апта сайынғы азық түлігін тасуға қолайлы сауда арбасын сатып алғысы келді. Ол сауда арбаларын сатуға мамандандырылған Невиллдің дүкеніне барады. Шаши Невиллге қол арба сатып алғысы келетінін айтып, қандай арбаны сатып алуға одан кеңес сұрайды. Невилл 150\$ тұратын *Shopper Ultra* моделін ұсынады, бірақ Шаши 49.95\$ тұратын *Shopper Basic* туралы сұрағанда, Невилл Шашиге «бұл онша жақсы емес, бірақ дұрыс болуы тиіс» деді. Шаши *Shopper Basic* арбасын сатып алады. Бірнеше апта өткен соң, ол Шашиге ұнамай қалды. Бір бума кітапты кітапханадан арбамен әкелгенде, арбаның матасы жыртыла бастады. Невилл тауардың мақсатқа сай пайдалануға жарамдылығына қатысты нормативтік көзделетін шартты бұзды ма?

6.5-жаттығу. Тауар сату келісімшарттары

Мария Нолан тікұшақтар ЖШС компаниясынан жеке пайдалануға арналған тікұшақ сатып алады. Екі күннен кейін Марияға Жалпы Банк хабарласып, тікұшақтың алдыңғы иесі оны банктен алған қарызын қамтамасыз ету үшін (Нолан тікұшақтар ЖШС компаниясы емес) пайдаланғанын мәлімдейді. Бұрынғы иесі қарызын төлемегендіктен, банк қазір тікұшақты иемденуге алып жатыр. Нолан тікұшақтар ЖШС компаниясы тікұшақтың қарыздың орнына берілгенін білмеді. Нолан тікұшақтар ЖШС компаниясы тауар атауына қатысты нормативтік көзделетін шартты бұзды ма?

6.6-жаттығу. Шарттар мен өкілдіктер

Джонни өзінің мейрамханасына жаңа өнім беруші Джорджға органикалық жеміске тапсырыс беруді шешті. Джордж берген жазбаша келісімшарт шарттарын оқығанда, ол «жаңа піскен» жеміс болатынына кепілдік беретінін, ал келісімшартта жемістің органикалық екені туралы ештеңе айтылмағанын көреді. Джонни өзінің тұтынушыларына жемістің әрқашан органикалық екенін айтатынын түсіндіріп, бұл туралы Джордждан сұрайды. Джордж әрқашан органикалық тәсілмен өсірілген жеміс болады деп оны сендіреді. Содан кейін Джонни оны өзгертпей, келісімшартқа қол қойды. Соңғы үш рет жеткізілген жемістер органикалық өсірілген жеміс болмай шықты. Джонни Джорджының жеміс туралы ауызша уәдесін заңды орындай ала ма?

6.7-жаттығу. Жауапкершіліктен бас тарту

Эш әуежайда ұшуды күтіп отырған кезінде *Kwantus Club Lounge* әуежай компаниясын пайдалануға құқығы бар Сиднейге ұшатын ұшаққа бірінші класты билет сатып

алды. Эш сусын алып тұрғанда, даяршы абайсызда Эштің қымбат ноутбугінің үстіне бір науа сусын төгіп алды. Ол клуб менеджеріне шағымданғанда, ол Эштің назарына қабырғадағы «әуежай қызмет көрсету кезінде қандай да бір бүлінген немесе ұрланған, жоғалған тауарларға жауап бермейді» деген белгіні нұсқады. Белгі Эштің әуежай компаниясынан өтемақы алу үшін сотқа шағымдануын болдырмай ма?

6.8-жаттығу. Сауданы тежеу

Джонни *Vegan Lifestyle ЖШС* компаниясы шығаратын дәмдеуішті тофу балапандарын сататын қаладағы бірегей сатушы болуға келісім жасады. Келісімде *Vegan Lifestyle ЖШС* компаниясымен келісім кезінде және келісім тоқтатылғаннан кейін екі жыл Джонниге Аустралиядағы кез келген жерде тофу өнімдерін өндіру немесе таратуға рұқсат етілмейді дейтін шарт тармағы болды. Джонни өзінің мейрамханасында тофуден жасалған жаңа тағам сатуға шешім қабылдайды. *Vegan Lifestyle ЖШС* компаниясы келісім шартын сақтауды қамтамасыз ету үшін және Джонниге жаңа тағамды сатуды тоқтатқызудың алдын ала ма?

6.9-жаттығу. Залал келтіру

Джонни Гаридің өзінің мейрамханасына жаңа пицца пешін орнатуына келіседі. Келісімнің шарттарына сәйкес Гари 20 ақпанда пешті орнатуға тиіс болды. Ал ол, оны 27 ақпанда, бір апта өткен соң орнатады. Гаридің келісімшартты бұзуы нәтижесінде, Джоннидың жаңа вегетариандық пицца шығару жоспары бір аптаға кешіктірілді. Ол жарнама жасаушылар басып шығарған парақшаларды таратып жіберді және баспа парақшалардың жаңа жиынтығы таратылуы тиіс еді. Сондай-ақ, сол аптада ол бірқатар көңілдері қалған тұтынушыларға пиццаны әзірлей алмайтынын түсіндіруге тура келді. Джонниге (Гариға дұрыс пешті орнатуға мүмкіндік беру үшін) мейрамхананы 20 ақпанда жабудың орнына 27 ақпанда жабу керек болды. Оған кейін басқа мейрамханаға баруды шешкен Вегетариандық тағамды тексеру қоғамына өте тиімді жеке қызмет көрсетуге берген тапсырысынан бас тартуға тура келді. Егер Джонни Гаридың келісімшартты бұзғаны үшін шағымданса, ол келтірген залалды қалай есептейді?

6.10-жаттығу. Келісімшарттың бұзылуы

Эш Стивеннің автокөлігін сатып алуға келісімшарт жасады. Эш 2009 жылы 11 қарашада сағат 10.00 болатын сатып алу бағасы балансын төлей отырып, 500\$ кепілдік берді. 8 қарашада Эш жинақталып қалған шығынына байланысты жүргізуші куәлігінен айрылады. Эш сатып алуды жалғастырудан бас тарта ала ма? Егер солай болса, ол берген кепілдігін қайтара ала ма?

Бақылау сұрақтарының жауаптары

1.в 2.в 3.а 4.а 5.г 6.а 7.в 8.ә 9.ә 10.ә 11.в 12.а 13.ә 14.в 15.ә 16.ә 17.ә 18.а 19.а 20.в

7-ТАРАУ

Агентпен жұмыс істеу

Кіріспе	437		
Үшінші тараппен мәміле	437	Агент құқығы	454
Өкілеттік аясы	440	Сыйақы	454
Тікелей нақты өкілеттік	441	Өтемақы	456
Көзделетін нақты өкілеттік	443	Кепілдік	456
Айқын өкілеттік	443		
Қажеттілік агенттігі	446	Агент пен басшының жауапкершілігі	457
Ратификация өкілеттігі	448	Агенттің жеке жауапкершілігі	457
		Басшының субсидиарлық жауапкершілігі	458
Агент міндеттері	448	Агенттік тақырыбын қорытындылау	460
Нұсқауды орындау міндеті	449	Тараптардың жауапкершілікті тоқтатуы	460
Ақпарат жеткізу міндеті	450	Жауапкершілікті автоматты түрде тоқтату	460
Жеке әрекет ету міндеті	450		
Көмек көрсету міндеті	451	Қорытынды	461
Басшы мүддесіне сай әрекет етуге міндеті	452		
Құпиялылықты сақтау міндеті	453		
Есеп беру міндеті	454		

Джонни мен Эш

[Джонни мен Эш коммерциялық әуежайдың бизнес-класс бөлімінде қатар орындықтарда отыр. Олар бірге демалуға Тайландқа ұшпақшы. Эш үнсіз, қолын тізесіне қойып, көзін жұмып, ұшуды күтіп отырғандай. Джонни мәтінді жіберуге тырысып, ұялы телефонымен әбігерленіп жатыр.]

Эш: Сіз енді телефоныңызды сөндіретін шығарсыз. Дыбыс белгісі ұшақтың навигациялық жүйесіне кедергі жасайды.

Джонни: Бұл жай ғана аңыз ғой. Мен біреу телефонын ешірмесе, ұшақ апатқа ұшырайды деп ойламаймын.

Эш: Иә, мен біздің ұшағымыз солардың біріншісі бола қоймас деп ойлаймын.

Джонни: Иә, иә. Қалай болғанда да, мен Кэтиге мәтінді жіберуім керек.

Эш: Кэти?

Джонни: Иә, менің мейрамханадағы менеджерім. Мен оны 2 аптаға өзім жоқ кезде жауапты етіп орныма қалдырып кеттім. Мен оның менімен ақылдаспай, ешқандай маңызды шешім қабылдамауын есіне салғым келеді. Өткен жылы оны жауапты етіп қалдырып кеткенімде көп зиян шектім.

Эш: Неге? Не болды сонда?

Джонни: Иә, өткен жылы мен бір апта демалыс алып, мейрамханаға жауапты етіп қалдырып кеттім. Кетпес бұрын ол істеуге тиіс нәрсе бар болғаны тауарға тапсырыс беріп, мейрамханада тазалық сақтау мен қонақтарға қызмет көрсету екенін айттым. Мен

оған кездейсоқ бір нәрсе бола қалса, менімен хабарласуын және нұсқау сұрауын тәптіштеп айтқанмын.

Эш: Сонда не дұрыс болмады?

Джонни: Менің түсінгенім шамалы болды, бірақ мен жоқ болған бір аптада қаладағы жалғыз вегетариандық мейрамхана жөндеуге жабылды, сондықтан біздің пайдамыз екі есеге артты. Кэти оның тек бір апта ғана болатынын түсінбей, жаңа даяшы жалдауды шешкен. Сұмдық! Мен қайтып келіп айналымды қалпына келтірдім және жаңа даяшыға Кэтидің қателескенін, шын мәнінде жұмыс жоқ екенін түсіндіруге тура келді.

Эш: Ол мұны қалай қабылдады?

Джонни: Иә, ол қуана қойған жоқ, әрине, бірақ мен Кэтидің жаңа қызметкер жалдауға құқысы жоқ екенін түсіндірдім, ол оны түсіністікпен қабылдады.

Эш: Оу, сенің жолың болыпты. Бұл сізге әлдеқайда қиын болуы мүмкін еді. Сіз оның сіздерден заңды еңбек шарты бойынша нені талап ете алатынын түсінесіз ғой?

Джонни: Не? Қалай? Кэти менің атымнан кез келген жаңа қызметкер жалдауға күзіреті жоқ қой!

Эш: Кэтидің сіздің атыңыздан қандай да бір нақты әрекет етуге өкілеттігі жоқ, бірақ оның сіз бен жаңа даяшы арасында талап етілетін келісімшарт жасауға жеткілікті күзіреті бар еді.

Джонни: Сіз нені айтып отырсыз, мүлде? Бұл тағы да заң туралы емес пе?



Бұл тарауда

- «Басшы» (директор), «агент» пен «үшінші тарап» арасында қандай байланыс бар?
- Басшы агент жасаған мәлімдемеге, төлемдер мен келісімшарттарға қай кезде заңды түрде жауапты болады? Егер агент шын мәнінде істеуге өкілеттігі жоқ бір нәрсе істесе, оның әрекетіне басшы жауапты бола ма?
- Агенттің басшы алдында қандай міндеттері бар? Агент өз міндеттерін бұзса ше?
- Агенттің құқықтары қандай? Олар күш-жігерін жұмсап, еткен еңбегіне төлеуді талап ете ме?
- Қандай жағдайларда агент үшінші тарапқа жеке жауапты болады?
- Басшы-агент арасындағы қарым-қатынас қалай аяқталады?

Кіріспе

Іскерлікте тараптардың атынан басқа адамдардың келіссөз жүргізу мен мәмілелерді аяқтау жағдайы кең тараған. Басқа біреудің атынан әрекет ететін, мәлімдеме, келісімшарт жасайтын немесе төлемдер қабылдайтын тұлға «агент» (өкіл) деп аталады, агентке өзінің атынан әрекет етуге өкілеттік беретін тұлға «басшы» деп аталады және басшы атынан әрекет ететін агентпен мәміле жасайтын адам «үшінші тарап» деп аталады.

Үшінші тараппен мәміле

Табысты кәсіпкердің бәрін өзі жасауы екіталай. Олар өздерінің атынан жеткізушілер, тұтынушылар, басқа қызметкерлер, басқа кәсіпкерлік сияқты үшінші тараппен мәміле жасайтын қызметкер алады. Мысалы, автокөлік сатушылардың клиенттерге автокөлік сататын сатушылары болады. Кәсіпкер клиенттермен мүлде кездеспеуі мүмкін. Соған қарамастан, сату келісімшарты кәсіпкер мен клиент арасында болады. Кәсіпкер атынан әрекет етуге уәкілетті қызметкер жасаған кез келген мәлімдеме, **келісімшарт** немесе қабылдаған төлемдерге (және тіпті жасаған **деликт** пен қылмысқа да) басы заңды түрде жауапты болады.

Үшінші тараппен мәміле жасауда басқа біреудің атынан әрекет ететін адам **агент** деп аталады және оларға өзінің атынан әрекет етуге өкілеттік беретін тұлға **басшы** деп аталады (7.1-суретті қараңыз). Осы тараушаның басында Джонни сипаттаған жағдайда, Джонни басшы, Кэти агент, сондай-ақ жаңа даяшы үшінші тарап болды.

Басшы жеке адам немесе корпорация болуы мүмкін (10-тараушаны қараңыз). Агент пен үшінші тарапта сол сияқты әрекет етеді. Егер агент мұны, яғни басшы атынан мәлімдеме, келісімшарт немесе төлемдер жасауға уәкілетті болса, үшінші тарап бұларды тек орындай алады. Егер агент басшы рұқсатынсыз оның атынан әрекет етсе, үшінші тараптың басшыға қарсы қандай да бір заңды құқықтары болмайды (кейінірек «Өкілеттік аясы» тараушаны қараңыз).

Агенттік қарым-қатынас:

- мысалы, басшы агенттен өзінің белгілі бір міндеттерін алуын талап еткенде (кейінірек «Агент міндеттері» тарауша тармағын қараңыз);
- агент басшыдан сыйақы немесе өтемақы алуды талап еткенде (кейінірек «Агенттік төлемдер» тараушасын қараңыз);
- үшінші тарап, тіпті олар агентпен мәміле жасаса да, басшыдан немесе оған сыйақы немесе өтемақы төлеуге міндетті болғанда орын алуы мүмкін.


Қарапайым басшы-агент қарым-қатынасының мысалдары 7.1-кестеде беріледі.

келісімшарт – екі немесе одан да көп адамдар арасындағы келісім.

деликт – келісімшартты бұзудан басқа, құрбандарына өтемақы алу үшін, мысалы, қол сұғу, немқұрайлылық, диффамация (жала жабу), жағымсыз әрекет, жер телімін алу сияқты заң бұзуға қарсы өтемақы алу үшін сотқа шағымдануға құқық беретін зиянды әрекет.

агент – басшының атынан әрекет ететін, агенттің әрекеттері үшін заңды жауапкершілікте болатын адам.

басшы – агент өкілдік жасайтын және агенттің әрекеттері үшін заңды жауапкершілікте болатын адам.



7.1-сурет. Агенттік қатынастар

7.1-кесте. Агенттер мен басшылар мысалдары

Агент	Басшы
Жұмыс беруші	Қызметкер (дегенмен төмендегі ескертуді қараңыз)
Аукционер	Сатушы
Сауда саттық Агенті	Сатушы
Адвокат	Клиент
Жылжымайтын мүлік агенті	Клиент
Биржалық делдал	Клиент
Директор	Корпорация
Серіктес	Серіктес
Өкілеттік сенімхатын алушы адам	Өкілеттік сенімхатын беруші

ЕСКЕРТУ!

Қызметкерге жұмыс берушінің агенті болуы тән нәрсе болғанмен, жұмыспен қамту қарым-қатынасы мен агенттік қатынастар бір нәрсе емес. Агенттің бәрі қызметкер емес және қызметкердің бәрі агент емес. Сол сияқты, адвокаттың клиенттің агенті ретінде тағайындалуы әдеттегі нәрсе болғанда, ал прокурордың клиенттің агенті болуы міндетті емес.¹

¹ *Nowrani Pty Ltd v Brown* [1989] 2 Qd R 582.

Агенттер әмбебап, жалпы және арнайы агент ретінде жіктелуі мүмкін.

- **Әмбебап агент** басшының атынан шектелмеген әрекет ету билігі бар және басшының атынан бар нәрсені толық өзі істей алады. Мысалы, қарт адам сенімхаттың көмегімен өзінің жас туысын әмбебап агент ретінде тағайындауы (сенімхаттар тараушасын қараңыз) және оған өзінің атынан келген құжатқа қол қоюға, кез келген шешім қабылдауға рұқсат етуі мүмкін.
- **Жалпы агенттің** басшының атынан әрекет етуге шектелген өкілеттіктері бар. Мысалы, кәсіпкер күнделікті кәсібін жүргізумен аз айналысуы мүмкін, сондықтан кәсіпкер атынан оның күнделікті ісін жүргізу үшін жалпы агент ретінде менеджерді тағайындайды.
- **Арнайы агенттің** көпшілік жағдайда белгілі бір мәмілеге қатысты басшының атынан әрекет ету өкілеттіктері шектеулі. Мысалы, үй иесі шетелге демалуға баратын уақытта үйін сатқысы келуі мүмкін, сондықтан олар басқа жаққа кеткен уақытта өздерінің атынан үйді сату үшін жылжымайтын мүлік агентін тағайындайды. Жылжымайтын мүлік агенті иесінің атынан сату шартына қол қоюға уәкілетті, бірақ иесінің атынан басқа келісімшарт жасауға өкілеттігі жоқ.

әмбебап агент – басшының атынан шектелмеген әрекет ету өкілеттігі бар агент

жалпы агент – басшының атынан әрекет етуге шектелген өкілеттіктері бар агент.

ЕСКЕРТУ!

«Агент» сөзі іскерлік әлемінде жиі пайдаланылады. Алайда, біреу өзін «агент» немесе «эксклюзивті агент» ретінде сипаттаса, ол құқықтық мағынада міндетті түрде агент емес. Олар жай ғана таратушы немесе нақты өндіруші өнімдерінің бөлшек сауда сатушысы болуы мүмкін және олардың өндіруші атынан мәлімдеме, келісімшарттар немесе төлемдер жасауға өкілеттігі жоқ.

Коммерциялық агент – басшының мүлкін сатуға тағайындалатын агент. Коммерциялық агенттің екі түрі бар.

Коммерциялық агент негізгі мүлікті сатуға тағайындалды.

1. Егер коммерциялық агентке басшының мүлкін иемдену берілсе, ол **фактор агент** деп аталады. Фактор агент әдетте мүлікті өз атынан сатады. Мысалы, біреу автокөлігін сатқысы келсе, оны өздерінің атынан сатуға автокөлік делдалына бере алады. Автокөлік делдалы сатып алушыға оның нақты иесі өзінің басшысы екенін мәлімдемеуі мүмкін.

2. Коммерциялық агент басшының меншігін иеленбесе, ол **делдал агент** деп аталады. Делдал агенттерге сақтандыру, биржалық және қаржылық делдалдар мысал бола алады.

коммерциялық агент – басшының мүлкін сатуға тағайындалатын агент.

фактор агент – басшының мүлкі сатуға берілген коммерциялық агент.

делдал агент – басшының мүлкін сатқанда оны иемденбейтін коммерциялық агент.

ЕСКЕРТУ!

«Сақтандыру делдалы» мен «сақтандыру агентінің» айырмашылығын ажыратуда абай болыңыз. Сақтандыру делдалы клиент пен сақтандыру компаниясы арасындағы тәуелсіз делдал болып табылады. Олар әдетте, сақтандырылатын адамның агенті болады. Сақтандыру *агенті* сақтандыру компаниясының өкілдігі және соларға жұмыс істейді. Олар сақтандырушы агенті болып табылады.

Агенттің тағы бір түрі *del credere azenmi* болып табылады. Бұл агент бір маңызды ерекшелігін қоспағанда агенттердің басқа түрлеріне ұқсас: агент үшінші тарап келісім шартты орындамаған жағдайда басшымен өтемақы көлемін келіседі. Мысалы, ол басшы мен үшінші тарап арасында басшының тауарларын белгілі бір бағамен сатып алуға уәде беретін келісімшарт жасайтын агент жағдайында, егер үшінші тарап төлемейтін болса, агент соған сәйкес үшінші тарап басшының шығынына өтемақы төлейді. *Del credere* агенттеріне әдетте осы өтемақыны қайтарғаны үшін жоғары комиссия төленеді.

del credere агенті – үшінші тарап келісімшартты орындамаған жағдайда басшының шығынына өтемақы төлеуге келіскен агент.

7.1-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Басшы мен агент арасындағы қарым-қатынас міндетті түрде шарт болып табыла ма? Түсіндіріңіз.

Басшы-агент қарым-қатынасы ең алдымен іс құқығы арқылы реттеледі. Алайда, коммерциялық агенттер, туристік агенттер мен жылжымайтын мүлік агенттері сияқты агенттердің нақты түрлерін реттейтін көптеген штаттар мен аумақтарда заңнама бар.² Бұл заңнама мысалы, агент ретінде әрекет ететін тұлғадан алдымен лицензия алу талап етілуі мүмкін.

Қайталау сұрақтары

Тақырыпты әрі қарай жалғастырмас бұрын келесі сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 7.1 «Агенттік» дегеніміз не? Басшы мен агент арасындағы қарым-қатынас қандай?
- 7.2 Басшы – агент қарым-қатынастарының мысалдары қандай?
- 7.3 Қызметкердің жұмыс берушінің агенті болуы міндетті ме? Түсіндіріңіз.
- 7.4 Әмбебап, жалпы және арнайы агенттер арасындағы айырмашылықтар қандай?
- 7.5 Фактор мен делдал арасындағы айырмашылық неде?
- 7.6 *Del credere* агентінің ерекшелігі неде?

Өкілеттік аясы

Егер агент өзінің құзыреті шегінде әрекет ететін болса, қорытынды келісімшарт немесе өзге де құқықтық қатынастар басшы мен үшінші тарап арасында болады, ал агентке ешқандай жеке жауапкершілік жүктелмейді.

Агенттің басшы атынан әрекет етуге уәкілетті бола алатын бес басты жолы бар.

1. Тікелей нақты өкілеттік
2. Жасырын нақты өкілеттік

² *Agents Act 2003 (ACT); Commercial Agents and Private Inquiry Agents Act 2004 (NSW), Factors (Mercantile Agents) Act 1923 (NSW), Property Stock and Business Agents Act 2002 (NSW), Travel Agents Act 1986 (NSW); Agents Licensing Act 1979 (NT); Factors Act 1892 (Qld), Introduction Agents Act 2001 (Qld), Property Agents and Motor Dealers Act 2000 (Qld), Security Providers Act 1993 (Qld), Travel Agents Act 1988 (Qld); Land Agents Act 1994 (SA), Travel Agents Act 1986 (SA); Property Agents and Land Transactions Act 2005 (Tas), Security and Investigations Agents Act 2002 (Tas), Travel Agents Act 1987 (Tas); Estate Agents Act 1980 (Vic), Fair Trading Act 1999 (Vic); Private Security Act 2004 (Vic); Private Agents Act 1966 (Vic), Travel Agents Act 1986 (Vic); Employment Agents Act 1976 (WA), Real Estate and Business Agents Act 1978 (WA), Settlement Agents Act 1981 (WA), Travel Agents Act 1985 (WA).*

3. Ашық өкілеттік
4. Қажеттілік агенттігі
5. Ратификация өкілеттігі

Тікелей нақты өкілеттік

Басшы агентке жазбаша немесе ауызша нысанда басшының атынан әрекет етуге тікелей рұқсат береді. Мысалы, компанияның директорлар кеңесі компания атынан жаңа әлеуетті жеткізушімен кездесуге және келісім жасауға аға менеджерге тікелей рұқсат беруі мүмкін.

Әдетте агентті тағайындау мерзімін, нақты құзірет ауқымын және (тиісті болса) агенттің тексеру және төлем жасау құқықтарын анық белгілеп алу жақсы идея болып табылады. Өкілеттікті әсіресе, егер өкілеттік басшының материалдық жауапкершілігін қамтығанда, ауызша жасауға қарағанда жазбаша түрде жасалғаны дұрыс идея болып есептеледі. Кейбір жағдайларда мысалы, агент басшының атынан жер сатып алғанда және сатқанда агенттің тікелей өкілеттігі жазбаша түрде болуы тиіс.

Сенімхат

Сенімхат агенттің тікелей нақты өкілеттігінің жазбаша кепілі болып табылады. Ол агентке құжаттарға қол қоюға және басшы атынан шешім қабылдауға уәкілеттік береді. Сенімхат нақты мемлекеттік және аумақтық заңнамамен реттеледі.³

Сенімхаттың екі түрі бар:

- Өкілеттік жалпы сенімхаты агентке басшы атынан әрекет етуге уәкілеттік береді. Ол көбінесе басшы болмаған кезде, мысалы, шетелге кеткенде, басқа біреуге келісімшарттарға қол қоюға және басшының атынан шешім қабылдауға уәкілеттік береді. Сенімхат басшы мен агент арасындағы келісімшарт және мысалы, тараптардың бірі қайтыс болса, банкрот болса немесе келісімшарт жасауға зияткерлік әлеуетін жоғалтса, жалпы сенімхат автоматты түрде заң арқылы күшін тоқтатады (5 және 6-тарауды қараңыз).
- **Тұрақты өкілеттік сенімхаты** кейде «қайтарымсыз сенімхат» немесе «күшін жоймайтын өкілеттік» деп аталады. Ол әдетте, басшы шешім қабылдауға қабілетсіз болуға алып келетін ауру, кәрілік немесе апат сияқты жағдайларға тап болғанда күшіне енеді. Кейбір заңнамаларда тұрақты өкілеттік сенімхаты арқылы агент тіпті басшы атынан дәрігерлік емдеу туралы шешім қабылдай алады.⁴ Тұрақты өкілеттік сенімхатының өкілеттік жалпы сенімхаттан айырмашылығы, егер басшы зияткерлік әлеуетін жоғалтса, ол автоматты түрде жойылмайды.

сенімхат – агенттің тікелей нақты өкілеттігінің ресми, жазбаша кепілі.

өкілеттік тұрақты сенімхаты – басшы шешім қабылдауға қабілетсіз болуға алып келетін ауру, кәрілік немесе апат сияқты жағдайларға тап болғанда күшіне енеді. Сондай-ақ, ол «қайтарымсыз сенімхат» немесе «күшін жоймайтын өкілеттік» ретінде белгілі.

7.2-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

(а) Өкілеттік жалпы сенімхаты мен (б) өкілеттік тұрақты сенімхаты бойынша қандай

³ Powers of Attorney Act 2006 (ACT); Powers of Attorney Act 2003 (NSW); Powers of Attorney Act 1980 (NT); Powers of Attorney Act 1998 (Qld); Powers of Attorney and Agency Act 1984 (SA); Powers of Attorney Act 2000 (Tas); Instruments Act 1958 (Vic).

⁴ For example, Medical Treatment Act 1988 (Vic) s 5A.

жағдайларда өзіңіздің агентіңіз ретінде тағайындау арқылы өзіңіздің атыңыздан әрекет етуге біреуге уәкілеттік беру пайдалы болар еді?

7.3-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ. ПЫСЫҚТАУ

Онлайннан сіздің мемлекетіңізде немесе еліңіздің аумағында жарамды болатын сенімхатты табыңыз.

Сенімхаттың екі түрінде де агент қабылдаған шешім немесе жасаған әрекеттің басшының өзі қабылдаған шешім немесе әрекетпен бірдей заңды күші бар.

Сенімхаттың пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін, сонымен қатар агенттің тікелей, нақты өкілеттік аясы өте тар (тек белгілі бір мәміленің бір түріне, тіпті нақты мәмілеге дейін шектелген) немесе (басшы атқаратын барлық әрекеттерді атқаруға рұхсат етілетін) өте кең болуы мүмкін.



ЗАҢ АЯСЫНДА: ЗАҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Компания директорлары

Компания **директорының** компания атынан әрекет етуге көзделген өкілеттігі ұжымдағы директордың лауазымына байланысты болады. Жалпы ережеге сәйкес, оның рөлі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым көзделген өкілеттік ауқымдырақ болады.⁵

- Жалпы ереже бойынша жалғыз әрекет ететін жеке компания директорының компания атынан әрекет етуге ешқандай көзделген өкілеттігі жоқ. Компания директорларының өкілеттігі әдетте, басқарма ретінде, ұжымдық түрде жүзеге асырылады.
- Жалғыз әрекет ететін компания төрағасы, әдетте жеке директорға қарағанда компанияның атынан әрекет етуге қандай да бір көзделген өкілеттіктерге ие емес.⁷
- Жалғыз басқарушы директор немесе екінші жағынан бас директор компания жұмысында әдеттегі шаруашылық тапсырмасын орындау барысында жасайтын келісімшарттарға көзделген өкілеттігі жоқ.⁸
- Сондай-ақ, жалғыз әрекет ететін компания **хатшысының** компания атынан әрекет етуге көзделген өкілеттігі бар, бірақ бұл өкілеттік әкімшілік сипаттағы өкілдіктер мен келісімшарттар жасаумен шектеледі.⁹

директор — компанияны басқаруға жауапты адам.

хатшы — ең алдымен корпорациялар туралы заңының әкімшілік талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге жауапты компания қызметкері.

5 Giltrap City Ltd v Commerce Commission [2004] 1 NZLR 608.

6 Northside Developments Pty Ltd v Registrar-General (NSW) (1990) 170 CLR 146.

7 Hely-Hutchinson v Brayhead Ltd [1968] 1 QB 549, 583–4.

8 Ibid 583.

9 Panorama Developments (Guildford) Ltd v Fidelis Furnishing Fabrics Ltd [1971] 2 QB 711.

Көзделетін нақты өкілеттік

Әдетте, басшы агентке белгілі бір міндеттерді орындау үшін нұсқау беру немесе оны белгілі бір лауазымға тағайындау арқылы басшы атынан үшінші тараппен келісімшарт жасау талап етілетінін анық көрсететін басшының атынан әрекет ету үшін көзделген өкілеттік бере алады. Агенттің басшы атынан әрекет етуге уәкілеттігі болады. Мысалы, екі адам серіктес ретінде бірге іскерлікпен айналысқанда, іскерліктегі кездейсоқ мәселелерге қатысты өздерінің атынан әрекет етуге рұқсат ететін әрбір серіктестің басқа біреуге беретін көзделген нақты өкілеттігі бар (12-тарауды қараңыз).

Агентке басшының атынан әрекет етуге тікелей өкілеттік берілген кезде, оның басты міндетті жүзеге асыруда кездесетін барлық кездейсоқ нәрселерді істеуге көзделген өкілеттігі бар. Мысалы, үй сатуға жылжымайтын мүлік агенті тағайындалғанда, оларға әлеуетті сатып алушыларға үй туралы ақпарат беруді қамтамасыз ететін көзделген өкілеттік беріледі.

Агентке шарттық келісімге іскерлік тиімділік беру мақсатында басшы атынан әрекет етуге өкілеттік берілуі мүмкін. Сондай-ақ, егер агентке бұрынғы басшының атынан әрекет етуге көзделген өкілеттік берілуі мүмкін немесе нақты сауда түрі, өнеркәсіп агенттеріне әдетте, басшы белгілі бір өкілеттік береді. Агенттің көзделген нақты өкілеттік дәрежесін анықтауда сот қалыптасқан жағдайлар мен тараптардың бұрынғы әрекетін қарастырады.

7.4-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Заңмен көзделген өкілеттікке сүйенуге қарағанда агенттің жазбаша нақты өкілеттігін көрсетудің артықшылықтары неде?

Жалпы құқықта, егер екі адам ерлі-зайыптылар ретінде бірге өмір сүрсе, әрқайсысының бір-біріне олардың атынан қажетті заттарын сатып алуға алған қарыздарын өтейтін көзделген өкілеттігі бар.¹⁰ Алайда, Аустралияның астаналық аумағы, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Солтүстік аумақ және Оңтүстік Аустралияда заңнама бойынша көзделген өкілеттік күшін жойды.¹¹

Айқын өкілеттік

Егер басшы үшінші тарапқа өзінің атынан әрекет етуге агентке өкілеттік беруге мүмкіндік берсе, онда басшы агенттің *іс жүзінде* өзінің атынан әрекет етуге өкілетті емес екендігін талап етуі агенттің әрекетке жауапкершілігін болдырмауы әділетсіз болар еді. Құқық осы әлеуетті әділетсіздікті мойындайды, дегенмен егер басшы іс жүзінде агентке басшының атынан әрекет етуге өкілеттік бермесе, агентте өкілеттік болмайды және егер үш талап қанағаттандырылса, басшы үшінші тараппен мәміле жасағанда агенттің әрекеттеріне жауапты болады.

Егер осы үш талаптың барлығы қанағаттандырылса, *тіпті агентке мұндай келісімшартты жасамауды немесе директордың атынан әрекет етпейтіндігі туралы нақты айтса да*, агент басшы атынан әрекет етуге сондай-ақ, басшының агент әрекеттерімен заңды байланысты болуы үшін айқын өкілеттікке ие болады (кейде «бейресми өкілеттік» немесе «эстоппеле өкілеттігі» деп аталады).

¹⁰ *Debenham v Mellon* (1880-81) LR 6 App Cas 24.

¹¹ *Married Persons Property Act 1986* (ACT) s 5; *Married Persons (Equality of Status) Act 1996* (NSW) s 7; *Married Persons (Equality of Status) Act 1989* (NT) s 5; *Law of Property Act 1936* (SA) s 104.

айқын өкілеттік — агенттікке кездейсоқ ұсынылған, басшы агенттің басшының атынан әрекет етуге өкілеттік бергендіктен оны «босатпайды» және үшінші тарап оның босатылмауына сүйенеді. Сондай-ақ, ол «бейресми өкілеттік» немесе «эстоппеле өкілеттігі» деп аталады.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Агент мынадай талаптардың барлығы сақталған жағдайда басшы атынан әрекет етуге айқын өкілеттіктерге ие болады.

- Үшінші тарап агенттің өкілеттігі жоқ екенін білмейді.
- Басшы агентке өзінің атынан әрекет етуге өкілеттік бергендіктен, мысалы, белгілі бір лауазымға тағайындау арқылы немесе оның бұрын өкілеттігі болғандықтан, агентті қызметтен «босатпайды».
- Үшінші тарап агенттің өкілеттігі бар болғандықтан, қызметтен босатылмағанына сүйенді және нақты оның өкілеттігі бар деп ақылға қонымды тұжырымдайды.

Panorama Developments (Guildford) ЖШК компаниясының Fidelis Furnishing Fabrics компаниясына қарсы талап арызы [1971] 2 QB 711

Fidelis Furnishing Fabrics ЖШК компаниясының хатшысы компания атынан *Panorama Developments (Guildford) ЖШК* компаниясынан жеке пайдалануға автокөліктер жалдады және *Fidelis Furnishing Fabrics ЖШК* компаниясы жалдамалы көліктерге ақы төлеуден бас тартты, өйткені компания хатшысы оларды нақты өкілеттіксіз жалдады. Сот компания хатшысы *Fidelis Furnishing Fabrics ЖШК* компаниясының айқын өкілеттігімен әрекет етті, сондықтан компания автокөліктерге төлеуге міндетті деп шешті. Сот адамды компания хатшысы ретінде тағайындау арқылы *Furnishing Fabrics ЖШК* компаниясы әдеттегі компанияның күнделікті жұмысына жататын компанияның атынан келісімшарттар жасауды қоса алғанда компания хатшылары атқаратын жұмыстың бәрін істеу үшін оған өкілеттік беріп, қызметте ұстап отыр деп түсіндірді.

Егер басшы агенттің өзінің атынан әрекет ету өкілеттігін қайтарып алса да, оның агент өкілеттігін алып тастағанын білмейтін үшінші тараппен мәміле жасайтын агенттің әрекетіне жауапты болуы мүмкін.

Саммерстың Соломонға қарсы талап арызы (1857) 7 E1 & V1 879; 119 ER 1474

Агент зергерлік дүкеннің менеджері болып жұмыс істеді және дүкен иесінің атынан зергерлік заттарға тапсырыс беруге уәкілетті болды. Дүкен иесі агенттің жұмысын тоқтатты. Агент көп зергерлік бұйымдарға тапсырыс беріп, жұмыстан кеткенде оларды өзімен алып кетті. Дүкен иесі агенттің зергерлік бұйымдарға тапсырыс беруге нақты өкілеттігі жоқ екенін дауласып, зергерлік бұйымдарды жеткізушіге төлем төлеуден бас тартты. Алайда сот зергерлік заттарды жеткізуші агенттің өкілеттігі тоқтатылғанын білмеді, агент дүкен иесінің айқын өкілеттігімен әрекет етті, сондықтан дүкен иесі зергерлік заттарға төлеуге жауапты деп шешім қабылдады.

Туустың Лавсқа қарсы талап арызы (1888) 9 LR (NSW) 154

Лавс қонақ үй иесі лицензиат болды және қонақ үйдің маңдайшасына осылай деп жазылған белгі болды. Лавс қонақ үйді Кинчелаға сатты, бірақ маңдайшадағы белгі өзгертілген жоқ және қонақ үйдің жаңа иесі маңдайшадағы белгіні өзгерту туралы Лавске хабарламады. Лавс қонақ үйге ликер жеткізуді жалғастыра берді. Кинчел ликерге төлемеген кезде, Туус Лавстың қарызды өтеуін талап етті. Лавс қонақ үйдің иесі емес екенін алға тартып, төлемге жауапты емес екенін айтты, бірақ сот Лавс ликерге төлем жасауға міндетті, өйткені Кинчела тапсырыс бергенде, Лавстың айқын өкілеттігімен әрекет етті деп шешті.

ЕСКЕРТУ!

Айқын өкілеттікті анықтау мақсатында басшының қандай да бір өз атынан әрекет етуге өкілеттігі бар агентті ұстап отырғаны көрсетілуге тиіс. *Егер агенттің өзінің өкілеттігі бар екенін тек өзі ғана көрсететін болса, бұл жеткіліксіз.*

Essington Investments Pty ЖШК компаниясының Regency Property Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [2004] NSWCA 375


Агент үшінші тараппен келісімшарт жасауда директордың атынан әрекет жасады. Директор келісімшартқа қол қойды, бірақ оны үшінші тарапқа қарауға факспен жібермес бұрын агент келісімшартқа бірқатар қолжазба түрінде өзгерістер енгізді. Үшінші тарап қолжазбалық өзгертулері бар келісімшартқа қол қойды, бірақ кейінірек директор соңынан қолмен жазылған өзгерістермен байланысы жоқ екендігін, себебі оларды агент директордың нақты өкілеттігінсіз жасады деп сендірді. Үшінші тарап ол өзгерістер директордың айқын өкілеттігімен жасалғанын, сондықтан оның бастығы келісімшартқа толық қатысты болуын талап етті. Сот агент директордың нақты өкілеттігінсіз әрекет етті деп шешті, директор үшінші тарапқа басшының атынан келісімшартқа өзгерістер енгізуге өкілеттігі бар агентті ұстағаны жайлы ештеңе істеген жоқ.

Директор агенттің басшының атынан әрекет етуге өкілеттігі жоқ деп үшінші тарапқа тікелей хабарлау арқылы агенттің айқын өкілеттігін тоқтата алады.

7.5-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Директор орындауға айқын өкілеттік бермеген іс-әрекетті жасаған агенттің әрекеттерімен байланысты болу мүмкіндігі әділдік пе? Ол неге әділдік немесе әділетсіздік емес?

Экспресс, көзделген және айқын өкілеттік арасындағы қарым-қатынас 7.2-суретте беріледі.



7.2-сурет. Жедел, көзделген және айқын өкілеттік

Қажеттілік агенттігі

Басшы өз атынан әрекет етуге нақты өкілетті бермеуі мүмкін, бірақ егер, агентке басшының немесе оның мүлкін қорғауға қатысты мүддесін қорғау мақсатында басшының атынан үшінші тараппен мәміле жасауға тура келгенде ол өкілеттікке ие болады.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Төрт талап қанағаттандырылған жағдайда қажеттілік агенттігі болады.

- Агент иеленеді немесе басшыға тиесілі мүлікті бақылайды;
- Басшы мүлкіне қауіп төніп тұрған жағдайда;
- Агент экспресс нұсқау алу үшін басшымен байланыса алмайды;
- Агент басшы мүлкін қорғау үшін адал әрекет етеді.

Great Northern Railway Co корпорациясының Swaffield корпорациясына қарсы талап арызы (1873-74) LR 9 Exch 132

Swaffield корпорациясы жылқы сатып алды және оны пойызбен жеткізуге келісті. Пойыз вокзалға келгенде *Swaffield* корпорациясы атты алуға келген жоқ. *Great Northern Railway Co* корпорациясының иесі жылқыны түнде ат тұрақта қалдыруға келісті. *Swaffield* корпорациясы ат қора иесімен келісімшарт жасамағанын айтып, дауласып, жылқының түнде ат тұрақта тұрғаны үшін ақы төлеуден бас тартты. Сот бұл жағдайларда *Great Northern Railway Co* корпорациясы *Swaffield* корпорациясы атынан әрекет етуге өкілеттік алды, сондықтан *Swaffield* корпорациясы мен ат тұрақ иесінің арасында келісімшарт болды деп шешті. *Swaffield* корпорациясы жылқының ат тұрақта ұстаған уақытқа ақы төлеуге міндетті болды.

Спринджердің Great Western Railway Co компаниясына қарсы талап арызы [1921] 1 KB 257

Спринджер белгілі бір күні қызанақ жеткізуге *Springer* компаниясымен келісімшарт жасады. Тапсырысты жеткізу ауа райынан және наразылық акциясына байланысты кешіктірілді, қызанақтың бүлінбеуі үшін *Great Western Railway Co* компаниясы оны жергілікті сатып алушыларға сатты. *Springer* компаниясы **конверсия** (айырбастау) азаматтық құқығын бұзғаны үшін *Great Western Railway Co* компаниясын сотқа берді (біреудің тауарына қол сұғу нысаны). *Great Western Railway Co* компаниясы қызанақ сатуға өкілеттігі бар екенін бекітті. Сот *Great Western Railway Co* компаниясы қажеттілік агенттігі емес, өйткені, үшінші талап қанағаттандырылған жоқ деп шешті, GWRC қажеттілігі агенттік емес еді деп шешті: *Great Western Railway Co* компаниясы экспресс нұсқау алу үшін *Springer* компаниясымен келісімшарт жасауға болатын еді, бірақ жасаған жоқ.

конверсия — біреудің меншігін немесе заңды иеленумен сәйкес келмейтін жолмен басқа адамның тауарымен дұрыс әрекет жасамаған кезде құқық бұзу.

7.6-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Біреудің басқа адамның мүддесі немесе оның мүлкін қорғау мақсатында басқа адамның атынан әрекет ету жағдайына тағы мысал ойлаңыз.

Ратификация өкілеттігі

Агент тіпті нақты немесе айқын өкілеттіксіз әрекет еткенде, басшының агент әрекетін кейін білген жағдайда, бұл әрекетке **ретроспективті** түрде өкілеттік бере отырып, **ратификациялауы** ықтимал.

ратификациялау — бір нәрсені ретроспективті құптау немесе қабылдау.

ретроспективті — жасалмас бұрын басталды деп саналатын нәрсе, мысалы ретроспективті заңнама.

Ламберттің Bolton Partners компаниясына қарсы талап арызы (1889) 41 Ch D 295

Ламберт *Bolton Partners* компаниясынан белгілі бір мүлікті жалға алуға оларға жазбаша ұсыныс жасады. Алайда, нақты өкілеттігі жоқ *Bolton Partners* компаниясының басқарушы директоры компания атынан ұсынысты қабылдады. Ламберт ұсынысын қайтарып алуға тырысты. *Bolton Partners* компаниясы басқарушы директордың Ламберттің ұсынысын қабылдауын ратификациялады. *Bolton Partners* компаниясы мен Ламберт арасында келісімшарт болды ма? Сот басқарушы директордың Ламберттің ұсынысын қабылдау кезінде нақты өкілеттігі бар секілді болғандықтан, Ламберт ұсынысын басқарушы директордың қабылдауын ратификациялауы ретроспективті болды, сондықтан Ламберттің ұсынысын қабылдау жарамды және оның ұсынысты қайтарып алуы тым кеш болды деп шешім қабылдады.

Ратификацияның экспресс болуы немесе ол басшының әрекетінен меңзелуі мүмкін.

Корпорация туралы заңның (2001) (Дст) 131-тармағында компания құрылғанға дейін жаңа компанияға (басшыға) оның құрылтайшылары (агенттері) жасаған келісімшарттарды ратификациялауға мүмкіндік береді.

Қайталау сұрақтары

Тақырыпты әрі қарай жалғастырмас бұрын келесі сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 7.7 Агенттің басшы атынан әрекет етуге өкілетті болатын бес жолы қандай?
- 7.8 Агент тікелей басшы атынан әрекет етуге қай кезде өкілетті болады?
- 7.9 Сенімхат деген не?
- 7.10 Агент басшы атынан әрекет ететін көзделген өкілеттікке қай кезде ие болады?
- 7.11 Агент басшы атынан әрекет ететін айқын өкілеттікке қай кезде ие болады?
- 7.12 Агент басшы атынан әрекет ететін қажеттілік өкілеттіктерге қай кезде ие болады?
- 7.13 Агент басшы атынан әрекет ететін ратификация өкілеттіктерге қай кезде ие болады?

Агент міндеттері

Агент пен басшы арасындағы қарым-қатынас **фидуциарлық** (сенімді өкілдік) болып табылады. Агент сенім мен жауапкершілік жағдайында болады, сондықтан **әділдік** заңына сәйкес басшыға қатысты бірқатар міндеттерге жауапты болады (7.3-суретті қараңыз).



7.3-сурет. Агент міндеттері

Агент басшыға деликт құқығы (4-тарауды қараңыз) мен келісімшарт (5 және 6-тарауды қараңыз) заңнамасына сәйкес басшының алдында жауапты болады. Агент әрекетінің басшыға әсер етуі мүмкін екендігі ақылға сыйымды болжамды, сондықтан агент басшыға қамқорлық көрсетуге міндетті. Ал басшы мен агент арасындағы қарым-қатынас (барлық уақытта емес,) әдетте агентке белгілі бір міндеттерді жүктеуге әкелетін келісімшарттық нысанда болады.

Сондай-ақ, агенттің кейбір түрлерінің басшы алдында нормативтік міндеттері болады. Мысалы, көптеген штаттар мен аумақтарда жылжымайтын мүлік заңнамасы жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттерді белгілі бір ережелерді сақтауға міндеттейді. Нормативтік міндеттемелер сондай-ақ, компания директорларына, серіктестерге, биржа делдалдары мен сақтандыру брокерлеріне жүктеледі.

Нұсқауды орындау міндеті

Өкілеттіктерін орындауда агент басшының заңды нұсқауларына бағынуға міндетті. Егер мұны орындай алмаса, олардың заң бұзуы нәтижесінде басшыға келтірілген кез келген зиян үшін жеке жауапты болады.¹² Мысалы, егер агентке үшінші тараппен нақты шарттар бойынша келісімшарт жасау тапсырылса және олар шын мәнінде, басқа шарттар бойынша үшінші тараппен келісімшарт жасаса, агент басшының нұсқауларын орындау міндетін бұзған болады және басшыға өтемақы төлеуге жауапты болады.

фидуциарлық – агент, сенімді өкіл, серіктес ретінде сенім мен адалдықта болатын адам.

әділдік заңы – адалдық пен әділдік негізінде жалпы заңға толықтыру жасауда әзірленген іс құқық ережелері мен қорғау құралдарының санаты.

¹² Bertram Armstrong & Co v Godfray (1830) 1 Knapp 381; 12 ER 364.

ЕСКЕРТУ!

Бұрын, егер, тіпті агент басшының атынан бір нәрсе жасаса, басшы агенттің оны істеуге айқын өкілеттігі жоқ екенін тікелей айтқан болса, егер агент айқын өкілеттікпен әрекет еткен болса, басшы агенттің әрекеттерімен байланысты болады деп түсіндірілген болатын. Алайда, мұндай жағдайларда, агент басшының нұсқауларын орындау үшін өз міндеттерін орындауды бұзған болуы мүмкін. Басшы мүддесіне қарсы үшінші тарапқа жауапты болады, бірақ агент басшы олқылықтарының орнын толтыру үшін жауапты болады.

Агент басшының заңсыз нұсқауларын орындамаса, жауапты болмайды.

7.7-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Агент басшының кез келген заңды нұсқауларына бағыну керек пе немесе агенттіктің нысанасына байланысты нұсқауларына ғана бағына ма?

Егер басшының нұсқаулары көмескі немесе түсініксіз болса және агент оны адал, бірақ дұрыс түсіндірмесе, тіпті басшының қалағанын істемесе де, агент өз міндетін орындауды бұзған болмайды.¹³

Ақпарат жеткізу міндеті

Агент тиісті басшы ақпаратын агенттікке хабарлауға, агенттік ақпаратын басшыға жеткізуге міндетті. Агент әдеттегі шаруашылық барысында ақылға қонымды өзі қарауға тиісті білген нәрселерін басшыға беруі тиіс.¹⁴ Мысалы, егер жылжымайтын мүлік агенті клиентке қолайлы екені белгілі бағамен мүлікті сатуға мүдделі адам туралы өз клиентін хабардар етпесе, ол өз міндетін орындауды бұзады.

Нэтчбулдың [John D Wood & Co (Residential & Agricultural) ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [2002] EWHC 2822 (QB)]

John Wood & Co (JWC) компаниясына Нэтчбулға тиесілі белгілі бір мүлікті сату тапсырылды. *John Wood & Co* компаниясы Нэтчбулға 1.5£ бағаға сатуға берді және ол сол бағаға сатылды. *John Wood & Co* компаниясы сол көшеде, бір уақытта соған ұқсас мүлікті 1.95£ млн. сату ұсынылып жатқанын білетін, бірақ Нэтчбулға ол ақпаратты хабарламады. Тағы бір осындай мүлік 1.8 млн £ сатылды. Осындай сауданы білгеннен кейін Нэтчбул *John Wood & Co* компаниясын тиісті ақпаратты басшыға жеткізу міндетін бұзғаны үшін сотқа шағымданды.

Жеке әрекет ету міндеті

Агент басшы нұсқауларын жеке өзі жүзеге асыруға міндетті. Бұл агентке өздері орындауға міндетті тапсырманы басқа біреуге табыстауға немесе қосалқы агент тағайындауға рұқсат берілмейді дегенді білдіреді.

¹³ *Jones v Canavan* [1972] 2 NSWLR 236.

¹⁴ *Neeson v Wrightson NMA Ltd* [1989] ANZ ConvR 605.

Поудың *John McCann & Co* компаниясына қарсы талап арызы [1974] 1 WLR 1643

Поу өзінің мүлкін сатуға агент ретінде *John McCann & Co* компаниясын тағайындады. *John McCann & Co* компаниясы мүлікті сатуға басқа агент тағайындады және басқа агент сатып алушыны тапты. Сот *John McCann & Co* компаниясы жеке әрекет ету міндетін бұзды. *John McCann & Co* компаниясына да, басқа агентке де Поу комиссия төлеуге міндетті емес деп шешті.

7.8-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Басшы нұсқауларын агентке неге жеке өзі жүзеге асыруы жүктеледі деп ойлайсыз?

Алайда, жылжымайтын мүлік агенті немесе турагент сияқты кәсіпкерлікпен айналысатын агентке кеңсе ісі міндеттері сияқты шағын қызмет аспектілерін басқа агент қызметкерлеріне тапсыру ыңғайлы болады.

Көмек көрсету міндеті

Агент басшы нұсқауларын ұқыптылық және шеберлікпен жүзеге асыруға міндетті. Агент ақылға қонымды нақ осындай жағдайларда кез келген агент орындайтын міндеттерді орындамаса, **абайсызда** құқық бұзғаны үшін жауапты болады.¹⁵

абайсызда құқық бұзу — біреу абайсызда ақылға қонымды көрсету міндетін орындамаса және басқа адамға зиян тудырған кезде орын алатын құқық бұзу.

Provincial Insurance Australia Pty ЖШК компаниясының Consolidated Wood Products Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (1991) 25 NSWLR 541

Consolidated Wood Products Pty ЖШК компаниясы *Provincial Insurance Australia Pty ЖШК* компаниясын сақтандыру делдалы ретінде тағайындады және су немесе су тасқыны залалын қоса алғанда, барлық күтпеген залалдарға қарсы мүлікті сақтандыру шартын алуға нұсқау берді. *Provincial Insurance Australia Pty ЖШК* компаниясы абайсызда су тасқыны қаупі алынып тасталған сақтандыру алды. *Consolidated Wood Products Pty ЖШК* компаниясы су тасқыны салдарынан шығынға ұшырады және сақтандыру полистеріне сәйкес талап арыз бере алмады. Олар *Provincial Insurance Australia Pty ЖШК* компаниясын көмек көрсету міндетін бұзғаны үшін сотқа берді. Сот *Consolidated Wood Products Pty ЖШК* компаниясын *Provincial Insurance Australia Pty ЖШК* компаниясы шығындарының орнын толтыруға міндеттеді.

Жаңа Оңтүстік Уэльс, Квинсленд, Оңтүстік Аустралия, Тасмания, Виктория және Батыс Аустралияның азаматтық құқықтық жауапкершілік заңнамасы (4-тараушаны қараңыз) мамандардың пікірі бойынша білікті кәсіби тәжірибеде, егер кәсіби агенттің Аустралияда қабылданған тәсілмен әрекет еткені дәлелденсе, «маман» агенттер абайсызда көмек көрсету міндетін бұзғаны үшін оларды жауаптылыққа тартылудан қорғауды қамтамасыз етеді.¹⁶

¹⁵ Mitor Investments Pty Ltd v General Accident Fire & Life Assurance Corporation Ltd [1984] WAR 365.

¹⁶ Civil Liability Act 2002 (NSW) s 50; Civil Liability Act 2003 (Qld) s 22; Civil Liability Act 1936 (SA) s 41; Civil Liability Act 2002 (Tas) s 22; Wrongs Act 1958 (Vic) s 59; Civil Liability Act 2002 (WA) s 5PB.

«Фидуциарлық агент», яғни басшы ақы төлемейтін агентке де жауапкершілік стандарты төменгі деңгейде болғанмен, басшыға көмек көрсету міндеті жүктеледі. Мұндай жағдайда агент «әдеттегідей қарапайым адамдар өз істерінде пайдаланатын қамқорлық пен дағдыны қолдануы керек».¹⁷

Чаудхридың Прабхарарға қарсы талап арызы [1989] 1 WLR 29

Чаудхри досы Прабхарардан сатып алуға ұсталған автокөлік табуға көмектесуін сұрады. Ол апатқа ұшырамаған автокөлік болуын талап етті. Прабхарар панель көпсіткіш шебері арқылы сатылатын машина тапты. Прабхарар Чаудхриге панель көпсіткіш шебері (ол досы емес) оның досы екенін айтты және ол Чаудхриге машинаны сатып алуды ұсынды. Чаудхри машинаны сатып алды және ол автокөліктің қатты апатта болғанын көргенде, ол Прабхарардың өтемақы төлеуін талап етіп, сотқа шағымданды. Сот Прабхарардың Чаудхри ақысыз агенті екенін және ол адамның өз істерінде қолданатын қамқорлық деңгейін пайдаланбай міндетін бұзды деп шешім қабылдады. Прабхарар өзінің көмек көрсету міндетін бұзбағанын, бетінше ұстап алмағанын айтады, бірақ ол сотты объективті емес, өзіме де сол автокөлікті сатып алған болар едім деп уәж айтты. Бірақ сот сынақ объективті емес субъективті, мәселе басқа бір қарапайым адамның осындай жағдайда қалай әрекет ететінінде деп түсіндірді.

7.9-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Басшы ақы төлейтін агентке қарағанда «фидуциарлық» агенттің қамқорлық көрсету міндеті неліктен төменгі стандартта болуы керек?

Басшы мүддесіне сай әрекет етуге міндеті

Фидуциарлық міндеттемелері бар агент басшы мүдделеріне қайшы келетін жолмен өз өкілеттігін жүзеге асыруға тиісті емес. Мысалы, агент жалпы сенімхат бойынша басшының қаражатын пайдаланып, өз қарызын төлеуге өкілеттігін пайдалануға (басшы бұлай істеуге анық рұқсат етпесе) тиіс емес.¹⁸ (Кейбір юрисдикцияның сенімхат заңнамасында агенттің құқығын шектейтін әрекет етуге өкілеттік берілмейтін арнайы бап қамтылған).¹⁹

Мүдделер қайшылығы

Агент өзінің жеке мүддесін басшының маңызды мүддесіне қайшы болатын жағдайға қоюға тиіс емес. Егер осындай мүдделер қайшылығы бола қалса, агент басшыға толық ақпаратты жария етуге міндетті және егер мұны орындамаған жағдайда, олар басшы алдындағы өз міндетін орындауды бұзған болып есептеледі.

Агент алдын-ала басшыға хабарламай, өз мүлкін сатуға тиіс емес. Мысалы, биржа делдалдары өздерінің клиентінің агенті ретінде өз акцияларын клиентке сатуға (немесе акцияларды сатып алуға) тиіс емес.

¹⁷ *Beal v The South Devon Railway Co* (1864) 3 H & C 337; 159 ER 560.

¹⁸ *Reckitt v Barnett, Pembroke & Slater Ltd* [1929] AC 177.

¹⁹ Powers of Attorney Act 2006 (ACT) s 34; Powers of Attorney Act 2003 (NSW) s 12.

Хьюсонның Sydney Stock Exchange ЖШК компаниясына қарсы талап арызы [1968] 2 NSW 224

Хьюсон биржа делдалы болды. Ол клиенттерін хабардар етпей, өз акцияларын клиенттеріне сатты және клиенттердің акцияларын өзі сатып алды. Ол басшының маңызды мүддесіне сай әрекет ету міндетін бұзған болып саналады.

Агенттің бір-бірімен қарым-қатынаста болатын екі басшының мүддесі үшін әрекет етуі мүдде қайшылығы болатын жағдай.²⁰ Мысалы, жылжымайтын мүлік агенті мәміле жасауда сатып алушы мен сатушының мүддесі үшін әрекет етуге, сондай-ақ адвокат та дауласушы екі тараптың мүддесі үшін әрекет етуге тиіс емес.

Жасырын ақы алу

Егер агент үшінші тараптан жасырын ақы алса, ол басшы мүддесіне сай әрекет ету міндетін орындауды бұзады. Жасырын ақы алу – басшы білмейтін және оның рұқсатынсыз агенттің үшінші тараптың пайдасына басшы атынан әрекет жасауға көндіруді көздейтін немесе алғыс ретінде үшінші тарап беретін төлем. Бұл шын мәнінде, пара болып табылады.

Мысалы, егер Джоннидің мейрамханасының қызметшісі Дэнге барға жаңа сыра жеткізуші алуға өкілеттік берілсе, ал белгілі бір сыра жеткізуші Дэнге жаңа сыра жеткізуші ретінде өзін таңдауы үшін алты қорап тегін сыра ұсынса және Дэн оның ұсынысын қабылдаса, ол жасырын ақы алғаны үшін кінәлі болады.

Егер агенттің үшінші тараптан жасырын ақы алғаны анықталса, басшының:

- агенттен құпия комиссияны қалпына келтіруге;
- агентке комиссия төлеуден бас тартуға;
- агентпен кез келген келісімшартты бұзуға;
- басшы мен үшінші тарап арасындағы келісімшартты бұзуға құқысы бар.

Жасырын ақы алу агенттің тек басшы алдында өз міндетін бұзуы ғана емес, сонымен қатар оған айыппұл салуға, тіпті түрмеге отырғызуға алып келуі мүмкін қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады.²¹

жасырын төлем — үшінші тарап фидуциарлық міндеттеме жүктейтін (мысалы, агент) және басшы фидуциарлық міндеттемесі бар екенін білмейтін адамға жасалатын төлем.

7.10-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Сіздің мемлекетіңізде немесе аумағыңызда жасырын ақы алатын агентке қандай айыппұл салынады?

Құпиялылықты сақтау міндеті

Агенттің басшы құпиясын сақтау міндеттемесі бар. Бұл басшының рұқсатынсыз басшы туралы немесе оның ісі туралы ақпаратты басқаларға жария етуге немесе өз пайдасына пайдаланбауға тиіс дегенді білдіреді. Бұл сондай-ақ, агенттіктегі жұмыс

20 Lintrose Nominees Pty Ltd v King [1995] 1 VR 574.

21 Criminal Code Act 1995 (Cth) s 141; Crimes Act 1900 (NSW) pt 4A; Criminal Code Act 1983 (NT) ss 236–7; Criminal Code 1899 (Qld) ch 42A; Criminal Law Consolidation Act 1935 (SA) pt 6; Criminal Code 1924 (Tas) s 266; Crimes Act 1958 (Vic) ss 175–186; Criminal Code 1913 (WA) ch 55.

барысында алынған ақпаратты өз пайдасына пайдаланбауға тиіс дегенді білдіреді. Мысалы, егер басшы агентті тиімді арзан жылжымайтын мүлік табу және сатып алу үшін тағайындаса, ол мұндай мүлікті тапқан жағдайда басшыға хабарлауы тиіс және өздері үшін бұл мүмкіндікті пайдалануға тиіс емес.

Есеп беру міндеті

Агент басшыға есеп беруге міндетті, яғни, олар басшы атынан жұмсалған немесе алынған кез келген қаражатқа тиісті жазбалар жүргізуге және сақтауға, сондай-ақ басшы мұны сұраған кезде, ол жазбаларды қамтамасыз етуге міндетті болып табылады.

Агент, сондай-ақ өз ақшасы мен мүлкінен бөлек өзінің иелігіндегі басшыға тиесілі кез келген ақша мен мүлікті сақтауға тиіс. Көптеген бухгалтерлер, заңгерлер және жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттер сияқты кәсіби агенттер **сенімгерлік шоты** ретінде әрекет етеді. Олар-өз клиенттерінің ақшасын сақтайтын шоттан бөлек жеке шот.

сенімгерлік шоты — басшы немесе клиент атынан қаражат ұстайтын агент немесе басқа фидуциарлық тұлға жүргізетін банк шоты.

Қайталау сұрақтары

Тақырыпты әрі қарай жалғастырмаc бұрын келесі сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 7.14 Агенттің басшы алдында қандай міндеттері бар?
- 7.15 Агент нұсқауларды орындау міндеттерін орындау үшін не істеуі керек?
- 7.16 Агент жеке әрекет ету міндеттерін орындау үшін не істеуі керек?
- 7.17 Агент ақпарат беру міндеттерін орындау үшін не істеуі керек?
- 7.18 Агент жеке әрекет ету міндеттерін орындау үшін не істеуі керек?
- 7.19 Қандай жағдайларда агент басшы нұсқауларын орындау міндеттерін басқа адамға тапсыра алады?
- 7.20 Агент қамқорлық көрсету міндеттерін орындау үшін не істеуі керек?
- 7.21 Ақысыз агенттің міндеттері ақы төленетін агентпен бірдей қамқорлық көрсетуге міндетті ме?
- 7.22 Агент басшының негізгі мүддесіне сай әрекет ету міндетін орындау үшін не істеуі керек?
- 7.23 Агентке мүдделер қайшылығы қай кезде туындайды және ондай жағдайда не істеуі керек?
- 7.24 «Жасырын ақы алу» деген не? Агенттің жасырын ақы алуының ықтимал салдары қандай?
- 7.25 Агент өздерінің құпиялылық міндеттерін орындау үшін не істеуі керек?
- 7.26 Агент есептілік міндеттерін орындау үшін не істеуі керек?

Агент құқығы

Сыйақы

Сыйақы басшы нұсқауларын жүзеге асыруға агент жұмсаған уақыт пен еңбегі үшін агентке басшы төлейтін ақы болып табылады.

Агенттің сыйақыға ешқандай бұлжытпас құқығы жоқ. Олар тек егер агентке төленуі тиіс деп басшы мен агент келіскен жағдайда, басшыдан төленуді талап етуге құқығы болады, яғни агентке сыйақы төлеу басшы мен агент арасындағы келісімшарт шарты болып табылады.

Сыйақы мәміле ауқымы формуласын қолдануға байланысты немесе кейбір басқа келісім негізінде жалақы мөлшерінде, комиссия (төлем) түрінде болуы мүмкін. Комиссия төлеу жылжымайтын мүлік агенттері сияқты кәсіби агенттерге тән.

7.11-ТАПСЫРМА. ЗЕРТТЕУ

Сіздің мемлекетіңізде немесе аумағыңызда комиссия жылжымайтын мүлік агенттеріне төленуге жататын комиссияның жоғары сомасы қандай?

Егер агентті басшы өз мүлкін сатуға тағайындаса, заңды ұсыныс жасайтын қолайлы сатып алушыны тапқанда немесе сату келісімшартын аяқтағанда, агентке комиссия төлену құқығын шешу басшы мен агент арасындағы келісімге байланысты.²² Сондықтан басшы мен агент арасындағы келісімшарттың мұқият тұжырымдалуы және екі тарапқа түсінікті болуы маңызды болып табылады.

Саламонның *Moneywood Pty ЖШК* компаниясына қарсы талап арызы (2001) 202 CLR 351

Саламон өзіне тиесілі жерді сату үшін өзінің агенті ретінде *Moneywood* компаниясын тағайындады. *Moneywood* компаниясы жер сатып алу туралы келісімшартқа қол қойды, сатып алушыны тапты, бірақ келісімшарт аяқталған жоқ, ал Саламон *Moneywood* компаниясына ешқандай комиссия төлеген жоқ. Біраз уақыт өткен соң Саламон мен сатып алушы *Moneywood* компаниясының қатысуынсыз басқа келісімшартқа қол қойды және ол келісімшарт аяқталды. Саламон *Moneywood* компаниясына комиссия төлеуден бас тартты. Сот *Moneywood* компаниясы бастапқыда сатып алушыны тапты, сондықтан *Moneywood* компаниясы комиссия төлеуді талап етуге құқығы бар деп шешті.



Заң аясында: Құқық тәжірибесі

Жылжымайтын мүлік агенттері

Барлық жылжымайтын мүлік агенттерінен өздерінің клиенттерімен жазбаша және қол қойылған келісім талап етіледі. Егер агент клиенттің мүлкін сатуға тағайындалса, келісімге агентке төленетін сыйақы мен комиссиялық алымдар, сондай-ақ:

- агент қызметі толық, егжей-тегжейлі көрсетіледі;
- агент ақы алуға құқылы болатын жағдайларда (мысалы, мүлік сатылған кезде);
- комиссия бірден артық агентке төленуі ықтимал жағдайларда клиенттерді хабардар етуді ескерту;
- клиент атынан әрекет етуге агенттің өкілеттік дәрежесі;
- жылжымайтын мүліктің болжамды сату бағасы көрсетіледі.

²² Fitzwood Pty Ltd v Unique Goal Pty Ltd (in liq) (2001) 188 ALR 566.

Келісім әдетте, төрт түрінің бірінде болады. **Эксклюзивті агенттігі** – ең жиі қолданылатын түрлерінің бірі, сондай-ақ жылжымайтын мүлік агентіне мүлікті сатуға айрықша құқық беріледі, яғни, олар жылжымайтын мүлік сатуға құқылы бірден-бір адам болып табылады. Бұл агент клиенттің мүлкін өзі немесе тіпті, басқа бір агент сатса да, келісім мерзімі ішінде комиссия алуға құқылы болады дегенді білдіреді. **Жалғыз агенттік** эксклюзивті агенттікке ұқсас, оның айырмашылығы, егер клиент сатып алушыны өздері тапса, агентке комиссия төленбейді. Мүлік түрлі агенттердің санымен тізімделгенде **ашық** немесе жалпы **агенттік** тізімі пайдаланылады. Комиссия сатып алушыны табатын агентке ғана төленеді. **Көп тізімді агент** клиент тағайындаған агент мүлікті сатуға барлығы бірге жұмыс істейтін түрлі агенттер желісі мүшесі болып табылады. Комиссия, әдетте, сатып алушыны табатын агентпен бөлісетін бастапқы агентке төленеді.



эксклюзивті агенттік — мүлік сату айрықша құқығына сәйкес агентпен келісім жасау.

жалғыз агенттік — мүлікті сатуға құқығы бар тек бір ғана агентпен келісім жасау. Бірақ клиент сатып алушыны өзі тапса, агентке комиссия төленбейді.

ашық агенттік — мүлік сату құқығын агент басқа агенттермен бөлісетін сатушы агентпен келісім жасау.

көп тізімді агент – мүлікті сатуға барлығы бірге жұмыс істеуге тырысатын түрлі агенттер желісі мүшесі болатын сатушы агентпен келісім жасау.

Өтемақы

Барлық агенттер жасалған төлемдер, кеткен шығын мен қабылданған міндеттемелер сияқты басшы нұсқауларын жүзеге асырғанда өтемақы алуға құқылы. Оның сыйақы алу құқығынан айырмашылығы өтемақы алу агенттің ажырамас құқығы болып табылады: басшымен агенттің мұны істеуге ешқандай нақты келісімі болмаса да, агентке төленуі тиіс. Алайда, басшы мен агент арасындағы келісімшартта өтемақы алуға агенттің құқығы жоқ екені айқын көрсетілуі мүмкін.

Кепілдік

Егер басшы агентке сыйақы немесе өтемақы төлеуге міндетті болса және оны төлеуден бас тартса, агент өзінің иелігіндегі басшының кез келген мүлкін **кепілге** алуға құқылы. Бұл егер агентте басшының кез келген мүлкі, оның ішінде ақшасы болса, басшы қарызын қайтарғанға дейін өз иелігінде алып қалуға құқылы.

кепілдік — меншік иесі төлеуге тиісті қарызды төленгенге дейін екінші тұлғаға тиесілі мүлікті иелену құқығы.

Қайталау сұрақтары

Тақырыпты әрі қарай жалғастырмаc бұрын келесі сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

7.26 «сыйақы» мен «өтемақы» арасындағы айырмашылық неде?

7.27 Қандай жағдайларда агент сыйақы алуға құқылы болады?

7.28 Қандай жағдайларда агент өтемақы алуға құқылы болады?

Агент пен басшының жауапкершілігі

Бұл тараушада агент пен басшының түрлі ықтимал міндеттемелері қарастырылады.

Агенттің жеке жауапкершілігі

Жалпы ережеге сәйкес, басшы атынан агент келіссөз жүргізген кез келген мәміле басшы мен үшінші тараптың арасында болады. *Егер олардың шын мәнінде агент ретінде әрекет ететіні үшінші тарапқа анық жеткізілсе*, агент аралық тұлға ретінде ғана болады және жеке жауапты болмайды. Агенттің басшыны арнайы анықтауы қажет емес, бірақ олар басшы атынан әрекет ететінін үшінші тарапқа хабарлауы керек.

Агенттің үшінші тарапқа жеке жауапты болатын үш жағдайы бар.

Мүдделі жауапкершілік

Егер жағдай тараптар агенттің дербес жауапты болуына мүдделі екенін көрсетсе, агент жеке жауапты болады. Тараптардың бұл мүддесі келісімшартта көрсетілуі мүмкін немесе ол нақты бір салада стандартты немесе дәстүрлі практика нәтижесінде жанама білдірілуі мүмкін. Мысалы, аукционда аукционер сатушының агенті болады, бірақ олар аукцион кезінде жасалатын мәлімдемеге жеке жауапкершілік бар деп есептейді.

Белгісіз басшы

Егер агент өзінің агент ретінде әрекет ететінін үшінші тарапқа мәлімдемесе, ол жеке жауапты болады. Бұл **белгісіз басшы доктринасы** ретінде белгілі. Сондықтан агент өзінің агент ретінде әрекет ететінін үшінші тарапқа хабарлауы маңызды. Егер агент басшы атынан жазбаша келісімшарт жасаса, онда олар «басшы атынан» немесе «басшының орнына», «агент ретінде» деген тиісті сөздерді қосып, келісімшартқа қол қоятынын үшінші тарапқа анық жеткізуі тиіс.

Егер басшы белгісіз болса, (яғни, агент өзінің агент ретінде әрекет ететінін үшінші тарапқа мәлімдемесе), нәтижесінде үшінші тарап басшының бар екенін білсе, олардың келісімшартты басшыға немесе агентке (бірақ екеуіне бірдей емес) қатысты орындауға мүмкіндігі бар. Үшінші тарап жедел түрде басшы немесе агенттің екеуінің біреуін таңдауы керек, сондай-ақ, кейін ойын өзгертуге құқығы жоқ.

белгісіз басшы доктринасы — агент өзінің басшы атынан әрекет ететінін үшінші тарапқа мәлімдемесе, оларға жеке жауапты болу принципі.

Тіпті, басшы белгісіз болған жағдайларда да, егер:

- сол уақытта агенттің басшы атынан әрекет етуге өкілеттігі болса;
- басшының белгісіз болғаны келісімшарт шарттарына қайшы болмаса;
- агент өзінің агент емес екенін үшінші тарапқа тікелей мәлімдесе; мысалы, үшінші тарап агентпен келісімшарт жасауға мүдделі болса, басшы үшінші тараптың келісімшартты орындауын қамтамасыз ете алады.²³

²³ Keighley, Maxsted & Co v Durant [1901] AC 240.

Саидтың Буттқа қарсы талап арызы [1920] 3 КВ 497

Бутт сарайы театрдың басқарушы директоры болды. Саид Бутт театрға баруға тыйым салған театр сыншысы болды. Саид өзінің атынан билет сатып алуды досына тапсырды, бірақ Саид сол билетпен театрға кірмекші болғанда, оған рұқсат етілмеді. Саид (белгісіз басшы) келісімшарттың орындалуын талап етті. Сот оның бұлай істеуге құқысы жоқ, өйткені келісімшарт сол уақытта Буттың (үшінші тарап) мүддесі бойынша жасалды деп шешті.

7.12-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Егер агент өзінің агент емес екенін үшінші тарапқа тікелей мәлімдемесе, неге олар үшінші тарапқа жеке жауапты болуы тиіс?

Өкілеттік кепілдігін бұзу

Егер агент өзін басшы атынан әрекет етуге өкілетті тұлға ретінде ұсынса, ал іс жүзінде оның өкілеттігі жоқ болса, ол үшінші тарапқа жеке жауапты болады. Олар **өкілеттік кепілдігін бұзғаны** үшін үшінші тарапқа жауапты болады.

Сондай-ақ, агент (4-тарауды қараңыз) алдау немесе абайсызда және Аустралия тұтынушылар заңының 18-бабын (8-тарауды қараңыз) бұзғаны үшін үшінші тарапқа жауапты болуы мүмкін.

өкілеттік кепілдігін бұзу — агенттің іс жүзінде өкілеттігі жоқ, бірақ ол өзін басшы атынан әрекет етуге өкілетті тұлға ретінде ұсынуы.

ТЕКСЕРУ ТІЗБЕСІ

Мынадай талаптардың барлығы сақталған жағдайда, яғни:

- агент іс жүзінде басшы атынан келісімшарт жасағанын мәлімдесе;
- агенттің іс жүзінде басшы атынан келісімшарт жасауға өкілеттігі жоқ болса;
- үшінші тарап агенттің өкілдігі бар екеніне сүйенсе және егер оның өкілдігі болмаған жағдайда келісімшарт жасамайтын болса, агент өкілеттік кепілдікті бұзғаны үшін үшінші тарапқа жауапты болады.

Басшының субсидиярлық жауапкершілігі

Басшы өзінің құзыреті шегінде әрекет ететін олардың атынан агент жасаған кез келген келісімшарттарға жеке жауапты болады. Сондай-ақ, басшының агент жасаған кез келген құқық бұзушылық немесе қылмыстық әрекетіне жауапты болуы оның агентке бақылау жасау дәрежесіне байланысты болады. Егер агент тәуелсіз мердігер және басшының тікелей бақылауына жатпайтын болса, басшының агенттің әрекеттеріне жауапты болмауы ықтимал. Бірақ агент басшының қызметкері болса, құқық бұзушылық немесе қылмыс басшы нұсқауларын жүзеге асыру кезінде орын алса, басшы **субсидиярлық жауапкершілікте** болады.

тәуелсіз мердігер — қызмет көрсетуге келісімшарт жасаған, бірақ қызметкер емес адам.
субсидиярлық жауапкершілік — басқа біреудің әрекетіне жауапты болу.

Century Insurance Co ЖШК компаниясының Northern Ireland Road Transport Board компаниясына қарсы талап арызы [1942] AC 509

Бензин тасымалдаушы көліктің жүргізушісі жерасты резервуарға бензин құю кезінде темекі тұтатты. Жанған темекіден өрт шықты. Сотқа жүргізушінің жұмыс берушісін залалға жауапты екенін шешуге тура келді. Жұмыс беруші бензин құю кезінде жүргізушіге темекі шегуге рұқсат етілмейтінін айтып, дауласты. Алайда, сот жұмыс беруші жауапты, өйткені сол уақытта жүргізуші өкілетті тапсырманы жүзеге асырып жатты деп шешті.

Холлистің Deatons Pty ЖШК қонақ үйіне қарсы талап арызы (1949) 79 CLR 370

Қонақ үй буфетшісі қонақ үйге келген Флюдің балағат сөздер айтуды тоқтатуын талап етіп, оның бетіне бір стақан сыраны шашып жіберді. Флю қонақ үй иесінің буфетшінің әрекетіне субсидиярлық жауапты екенін алға тартып, *Deatons Pty ЖШК* қонақ үй иесінің үстінен сот ісін қозғады. Сот оқиға кезінде буфетші қызмет көрсету міндеттері шегінен тыс болды, сондықтан *Deatons Pty ЖШК* қонақ үйі оның әрекетіне субсидиярлық жауапты емес деп шешті.

Холлистің Vabu Pty ЖШК компаниясына қарсы талап арызы (2001) 207 CLR 21

Холлис *Vabu Pty ЖШК* компаниясында («*Crisis Couriers*» деген атпен сауда жасайтын) жұмыс істейтін велосипед курьері соққан кезде жарақат алды. Холлис өзін жарақаттаған велосипед курьерінің кім екенін анықтай алмады, бірақ оның курьерлік формасын таныды, сондықтан *Vabu Pty ЖШК* компаниясынан өтемақы талап етіп, сотқа шағымданды. Ол сол компанияның курьері болғандықтан, жұмыс беруші курьердің әрекетіне субсидиярлық жауапты екенін мәлімдеді. *Vabu Pty ЖШК* компаниясы курьерлер тәуелсіз мердігерлер екенін мәлімдеді. Сот курьерлер тәуелсіз кәсіпорынның, білікті жұмысшылары емес, курьердің «*Crisis Couriers*» сауда үйінің формасын киюі мен келіссөздерге қарағанда *Vabu Pty ЖШК* компаниясы белгілеген курьерлер жалақысы фактісіне жүгінді. Сот курьер тәуелсіз мердігерден гөрі қызметкер, сондықтан *Vabu Pty ЖШК* компаниясы курьердің әрекетіне субсидиярлық жауапты деп шешті.

Қайталау сұрақтары

Тақырыпты әрі қарай жалғастырмас бұрын келесі сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 7.29 Агент үшінші тараппен жасалған келісімшартқа қай кезде жеке жауапты болады?
- 7.30 Агент өзінің агент ретінде әрекет ететінін үшінші тарапқа жариялауы неге маңызды?

7.31 «Өкілеттік кепілдігін бұзу» деген не?

7.32 Басшы агенттің құқық бұзушылық немесе қылмысы үшін қай кезде субсидиярлық жауапты болады?

Агенттік тақырыбын қорытындылау

Басшы-агент қарым-қатынасын аяқтаудың көптеген жолдары бар.

Тараптардың жауапкершілікті тоқтатуы

Агенттің басшы атынан әрекет ету өкілеттігі келесі жағдайлардың кез келгені орын алғанда аяқталады:

- Агент орындауға міндетті басшы тағайындаған міндеттерді аяқтайды.
- Басшы белгілеген тағайындау мерзімі (егер бар болса) аяқталады.
- Басшы мен агент қарым-қатынасты тоқтатуға келіседі.
- Басшы өздерінің арасындағы келісімшартты немесе басшы алдындағы кез келген міндетін бұзғанда агентті жұмыстан босатады.
- Басшы өзінің атынан әрекет ететін агенттің өкілеттіктерін қайтарып алады немесе оны шектейді.

7.13-ТАПСЫРМА. ПЫСЫҚТАУ

Егер басшы өзінің атынан әрекет ететін агенттің өкілеттіктерін қайтарып алса, агенттің басшыға қарсы құқықтық қорғау құралдары бар ма?

ЕСКЕРТУ!

Егер тіпті басшы-агент қарым-қатынасын бір немесе екі тарап аяқтаса да, агенттің басшы атынан әрекет етуге айқын өкілеттіктері болуы мүмкін. Коммерциялық тұрғыда агент тұрақты негізде басшы атынан әрекет етіп жатқанда, басшыға тікелей және жарнама арқылы агенттің бұдан былай басшы атынан әрекет етуге өкілеттігі жоқ екенін әлеуетті үшінші тарапқа хабардар етуге уақыт керек екендігі маңызды нәрсе.

Жауапкершілікті автоматты түрде тоқтату

Басшы атынан әрекет етуге агенттің өкілеттігі мынадай жағдайларда автоматты түрде аяқталады:

- Басшының немесе агенттің қайтыс болуы. Алайда әр юрисдикцияда сенімхат заңнамасы егер агент сенімхат бойынша басшы қайтыс болғаннан кейін, бірақ оны хабардар етпес бұрын басшы атынан әрекет етсе, агенттің әрекеті басшының мүлкіне байланысты болатынын және агент жеке жауапты болмайтыны қамтамасыз етілетінін ескеріңіз.
- Басшының да, агенттің де келісімшартқа әлеуеті жоғалуы. Мысалы, егер басшы психикалық ауру сияқты зияткерлік қабілетін жоғалтса, агенттік қатынастар автоматты түрде аяқталады. Бұрын түсіндірілгендей маңызды ерекшелік, агент тұрақты сенімхатты пайдаланып тағайындалғанда, оның өкілеттігі аяқталмауы мүмкін.
- Басшының немесе агенттің банкрот болуы.
- Агентті тағайындау себебі заңсыз болуы. Мысалы, егер 19 жастағы агент басшы

атынан ішімдік сатып алуға тағайындалса және заңнама кейіннен 21 жасқа толмаған кез келген тұлғаға ішімдік сату заңсыз деп өзгертілсе, агентті тағайындау автоматты түрде тоқтатылады.

- Басшы мен агент арасындағы **келісімшарттың бұзылуы**. Мысалы, егер агент басшының автокөлігін сатуға тағайындалса, ал автокөлік сатылмас бұрын кездейсоқ өртеніп кетсе, агентті тағайындау автоматты түрде тоқтатылады.

банкрот — дәрменсіз жеке тұлғаның активтері сатылатын және кредит берушілерге өтеуге пайдаланылатын нормативтік процесс.

келісімшарттың бұзылуы — күтпеген жерден орындалуы мүмкін болмайтын немесе төтенше қиындық салдарынан келісімшарттың бұзылуы.

Қайталау сұрақтары

Тақырыпты әрі қарай жалғастырмаc бұрын келесі сұрақтарға жауап бере алатын болыңыз:

- 7.33 Басшы-агент қарым-қатынасы тараптар арқылы тоқтатудың бес жолы қандай?
- 7.34 Қандай жағдайларда басшы-агент қарым-қатынасы автоматты түрде заң күші арқылы тоқтатылады?
- 7.35 Қандай жағдайларда агент басшы-агент қатынастары тоқтатылғанына қарамастан басшы атынан әрекет етуге құқылы болады?

Қорытынды

- Агент үшінші тараппен басшы атынан мәлімдеме, келісімшарттар мен төлемдер жасайтын өкілетті тұлға болып табылады.
- Басшы өзінің құзыреті шегінде әрекет еткенде, агенттер жасаған мәлімдеме, келісімшарттар мен төлемдерге заңды түрде жауапты болады. Егер айқын өкілеттігі бар агент шын мәнінде рұқсат берілмеген нәрсені істесе, басшы агенттің әрекетіне заңды жауапкершілікте болады.
- Агенттің басшы нұсқауларын орындау, жеке әрекет ету, көмек көрсету, басшының басты мүддесіне сай әрекет ету сияқты басшы алдында бірқатар міндеттері бар.
- Барлық агенттер басшы атынан әрекет еткенде және оның міндеттемелерін орындағанда шеккен шығындардың өтелуін талап етуге құқылы. Басшы мен агент комиссиялық төлем ретінде агенттің өтемақы алуға құқығы бар екенін келісуі мүмкін.
- Жалпы ережеге сәйкес, басшы атынан әрекет еткенде агентке жеке жауапкершілік жүктелмейді. Егер тараптар арасында келісім болса, өзінің агент екенін үшінші тарапқа мәлімдемесе немесе агент өкілеттік кепілдігін бұзған жағдайда агент жеке жауаптылықта болады.
- Басшы-агент қарым-қатынасын тараптар аяқтауы мүмкін немесе ол заң күші арқылы автоматты түрде тоқтатылуы мүмкін.

Джонни мен Эш

[Эш пен Джонни ұшақта әлі бірге отыр. Ұшу жалғасуда].

Джонни: Жарайды, дегенмен мен заңды түсінемін деп ойлағанмен, онымен келісетініме сенімді емеспін. Егер менің агентім Кэти осы аптада менің нақты нұсқауларымды орындамай және одан да әрі кетіп, жұмысқа жаңа қызметкер алатын болса, мен оның әрекетіне жауапты боламын және жаңа қызметкермен жасалған еңбек шартына да байланыстымын.

Эш: Иә, егер еңбек шартында сіздің айқын өкілеттігіңіз көрсетілсе. Оны 2 апта жауапты етіп қалдыру арқылы өкілеттігі бар агент ретінде «қызметте ұстап отырғаныңыз» сіздің атыңыздан іскерлікке байланысты шешім қабылдауға, соның ішінде жаңа қызметкер жалдауға өкілетті екеніне уәж айтуы мүмкін. Егер жұмысқа қабылданған жаңа қызметкер өкілеттіктің «агентті қызметте ұстап отырғанына» сүйенсе және Кэтидің оларды жалдауға уәкілетті екенін ақылға қонымды болжайтын болса, жаңа қызметкердің сізбен келісімшарты болады.

Джонни: Бірақ бұл өте әділетсіз ғой! Кэти мен оған арнайы істеме деген нәрсені істеді ғой! Мен неге оның әрекетіне заңды түрде жауапкершілікте болуға тиістімін?

Эш: Бұған сіз үшінші тарап пен жаңа қызметкер тұрғысынан қараңызшы. Оларға сіз мейрамхананың жауапты етіп қалдырған адам қызмет ұсынды,

олар өтініш берді және олардан сұхбат алды, нәтижесінде оларға жұмыс ұсынылды. Сіздің Кэтиге жаңадан ешкімді жұмысқа алмаңыз деп ескерткеніңізді олар қайдан білуі мүмкін? Өздерінің тұрғысында олар ешқандай теріс нәрсе жасаған жоқ, сондықтан олар неге сіз бен Кэтидің арасындағы келіспеушіліктер үшін жазалануы керек?

Джонни: Сондықтан мені жаңа қызметкерге байластырып қойды, мен сонда бұған ештеңе де істей алмаймын ба?

Эш: Олай емес. Сіздің нұсқауларыңызды орындамай, агент ретінде Кэти өз міндеттерінің бірін бұзды.

Джонни: Нұсқауларды орындау, солай ғой?

Эш: Иә, бұл сіздің Кэтиден етемақы талап ету үшін заңды іс қозғауға құқығыңыз бар дегенді білдіреді. Сондай-ақ, бәлкім, сіз оны қызметтен босатуға құқыңыз бар, бірақ бұған толық кейін 12-тарауда тоқталатын боламыз.

Джонни: Менің Кэтиді сотқа беруім екіталай. Ол бұлай істеуге тұратындай жеткілікті ақша таппайды. Мен оған жай ғана дұрыс нәрсені істеуге сенім артуға болады деп ойлаймын.

[Олардың әңгімесін жолаушыларға тамақ беру қызметін көрсететін ұшу экипажының мүшесі бөліп жіберді].

Джонни: Оу! Мен вегетариандық тағамға тапсырыс бердім! Бұл қандай мейрамхана?

Бақылау сұрақтары

- 1. Өкілетті агент басшы атынан келесі әрекеттердің қайсысын жасауға құқылы болуы мүмкін:**
 - (a) Мәлімдемелер
 - (ә) Төлемдер
 - (б) Келісімшарттар
 - (в) Жоғарыда аталғандардың барлығы.
- 2. Келесі қызметкердің қайсысы Х-тің агенті болуы кем ықтимал:**
 - (a) Х-тің биржалық делдалы
 - (ә) Х-тің жұмыс берушісі
 - (б) Х-тің жылжымайтын мүлік агенті
 - (в) Х-тің әріптесі.
- 3. Басшы атынан әрекет етуге кең, бірақ шектелген өкілеттігі бар агент... деп аталады:**
 - (a) әмбебап агент
 - (ә) арнайы агент
 - (б) бас агент
 - (в) коммерциялық агент.
- 4. Мыналардың қайсысы *a del credere* агентінің айрықша ерекшелігі болып табылады?**
 - (a) Олар басшының орындауына кепілдік береді.
 - (ә) Олар агенттің орындауына кепілдік береді.
 - (б) Олар үшінші тараптың орындауына кепілдік береді.
 - (в) Жоғарыда аталғандардың барлығы.
- 5. Мыналардың қайсысы өкілеттік түрі емес:**
 - (a) Көзделген нақты өкілеттіктер
 - (ә) Экспресс айқын өкілеттік
 - (б) Экспресс нақты өкілеттік
 - (в) Жай ғана өкілеттік.
- 6. Тұрақты сенімхаттың жалпы сенімхаттан айырмашылығы неде:**
 - (a) Ол тек отбасы мүшелерінің арасында пайдаланылады.
 - (ә) Ол жазбаша түрде жасалған және оған басшы мен агент қол қояды.
- 7. Агенттің басшы атынан әрекет ету өкілеттігі көзделуі мүмкін**
 - (a) келісім-шартқа іскерлік тиімділігін беру мақсаты.
 - (ә) басшы берген тапсырманы аяқтау үшін агентке рұқсат беру.
 - (б) мұндай өкілеттік агентке бұрын берілген жағдайда.
 - (в) жоғарыда аталғандардың барлығы.
- 8. Төмендегілердің қайсысы айқын өкілеттіктің болуын анықтау мақсатында орындалуы тиіс талап емес:**
 - (a) Үшінші тарап агенттің нақты өкілеттігі жоқ екенін білді.
 - (ә) Басшы өзінің атынан әрекет етуге өкілеттігі бар болғандықтан, агентті «қызметте ұстайды».
 - (б) Үшінші тарап агентті «қызметте ұстауға» сүйенді және агент нақты өкілеттігі бар екенін ақылға қонымды тұжырымдады.
 - (в) Жоғарыдағылардың ешқайсысы емес.
- 9. Төмендегілердің қайсысы айқын өкілеттіктің ең жақсы үлгісі болып табылады?**
 - (a) Х Y-ті өзінің әріптесі етіп тағайындайды.
 - (ә) Х Y-ті тұрақты сенімхат бойынша өзінің агенті етіп тағайындайды.
 - (б) Х Y-ті қызметші ретінде жұмыстан босатады, бірақ оны жеткізушілерге айтқан жоқ.
 - (в) Y X-тен нұсқау алу үшін байланысу мүмкін емес жағдайларда X-тің мүлкін қорғау үшін әрекет етеді.

10. Қажеттілік агенттігі болмайды, егер:

- (а) агент басшымен экспресс нұсқаулар алу үшін хабарласа алады.
- (ә) басшының мүлкіне қауіп төніп тұр.
- (б) агент басшы мүлкін қорғау үшін адал әрекет етеді.
- (в) агент басшының мүлкін иеленеді немесе оған бақылау жасайды.

11. Агент басшыға міндетті:

- (а) тең, әділ
- (ә) деликтілік құқық
- (б) келісімшарт заңы
- (в) жоғарыда аталғандардың барлығы.

12. Егер агент басшының заңды нұсқауларын орындамаса...

- (а) агент басшы алдындағы міндетін бұзады.
- (ә) басшы мен агент арасындағы келісімшарт автоматты түрде тоқтатылады.
- (б) агенттің басшы атынан әрекет етуге құқығы жоқ.
- (в) жоғарыда аталғандардың барлығы

13. Қандай жағдайларда агент басшы нұсқауларын жүзеге асыру жауапкершілігін басқа біреуге тапсырады?

- (а) Басшы мен агент арасындағы келісімшарт шарттары бойынша рұқсат етілгенде.
- (ә) Агентке бұлай істеуге басшының рұқсаты бар кезде.
- (б) Агент кәсіпкерлікті жүргізеді және басқа біреуге табысталған міндет әкімшілік сипатта болған кезде.
- (в) Жоғарыда аталғандардың барлығы.

14. Егер агент өзі келісім жасауға өкілетті болған үшінші тараппен байланысты екенін басшыға айтпаса, агент... бұзған болады.

- (а) көмек көрсету міндетін
- (ә) мүдде қайшылығын ашып көрсету міндетін
- (б) басшының нұсқауларын орындау

міндетін

- (в) есептілік міндетін

15. Егер агенттің үшінші тараптан жасырын ақы алғаны анықталса, басшыға... құқығы берілуі мүмкін.

- (а) үшінші тарапқа комиссия төлеуден бас тарту
- (ә) агентпен келісімшартты бұзу
- (б) басшыдан жасырын ақы алуды қалпына келтіру
- (в) агент пен үшінші тарап арасындағы шартты бұзу.

16. «Комиссия» ... бір түрі болып табылады.

- (а) өтемақы
- (ә) өтеу
- (б) сыйақы
- (в) жауапкершілік.

17. «Кепілдік» – ...

- (а) басқа біреуге тиесілі мүлікті ұстап қалуға құқылы болу
- (ә) төлем нысаны
- (б) өтелуді талап ету құқығы
- (в) агенті құқық бұзған жағдайда басшыға қолжетімді зиянды қалпына келтіру.

18. Қандай жағдайларда агент үшінші тарапқа жеке жауапты болмайды?

- (а) агент өзінің агент екендігі фактісін жариялайды, бірақ басшының кім екенін басын жарияламайды.
- (ә) агент өзінің агент екендігі фактісін жарияламайды.
- (б) агент өзінің өкілеттіксіз әрекет етіп жатқанын жарияламайды.
- (в) агент басшы ретінде жазбаша келісімшартқа қол қояды.

19. Өкілеттік кепілдік бұзылғанын дәлелдеу үшін үшінші тарап . . . көрсетуі керек.

- (а) агент басшы атынан келісімшарт жасағанын мәлімдейді.
- (ә) агенттің іс жүзінде басшы атынан

- әрекет етуге өкілеттігі жоқ
- (б) үшінші тарап агенттің өкілдігіне сүйенді және өкілдік болмағанда келісімшарт жасамайтынын.
- (в) жоғарыда аталғандардың барлығын.

- келісімшартты бұзғанда
- (ә) үшінші тарап банкрот деп танылғанда.
- (б) басшы келісімшарт жасау әлеуетін жоғалтса және агент тұрақты сенім-хат бойынша тағайындалмағанда
- (в) басшының автокөлігі сынып қалғанда.

20. Басшы-агент қарым-қатынасы автоматты түрде күшін жояды?

- (а) агент басшы мен агент арасындағы

Жаттығулар

7.1-жаттығу. Агент тағайындау

Джоннидің кәрі әжесі Пам жақында қарттар үйіне көшті. Оған үйден шығу, банктік және басқа да өзінің кәсіпкерлік істеріне араласу қиын болды. Ол Джонниден өзінің атынан оның ісіне қарауды сұрады. Пам мен Джонни Джонниге өкілеттікті тағайындауды ресми ресімдеу үшін қандай қадамдар жасауы керек?

7.2-жаттығу. Айқын өкілеттік

The Lame Duck мейрамханасының бөлік-меншік иесі болумен қатар, Мария жылжымайтын мүлік кәсіпкерлігінің жалғыз иесі. Ол аға менеджерлердің бірі Джойға кәсіпкерлігін сатады. Джой кәсіпкерліктің атын өзгерткен жоқ және Мария да, Джой да кәсіпкерліктің меншік иесі өзгергенін ешкімге айтқан жоқ. Джой меншік иесі болғаннан кейін кәсіпкерліктің тұрақты клиенттерінің бірі Хаджи үй сатып алуға ақша төлегенге дейін Хаджидің атынан ұстап тұруға 1000000\$ береді. Джой 1000000\$ алады және елден кетеді. Хаджи Мариадан ақшасын қайтара ала ма?

7.3-жаттығу. Айқын өкілеттік

Перл антикварлық дүкен иесі. *Перл* Ахметті соңғы 2 жылда дүкен менеджері және басшы сатушы ретінде жұмысқа алды. Бір күні Эш жиһаз сатып алып жүріп, *Перлдің* дүкенінен көптеген орындықтар арасынан қызыл былғары антикварлық креслоны табады. Ол Ахмедпен келіссөз жүргізе бастайды. Ахметке *Перл* креслоны кем дегенде 3500\$ сатуға нұсқау береді. Дегенмен, 30 минуттан кейінгі мәміледе Эш Ахметті креслоны 2500\$ сатуға көндіреді. Келесі күні Ахметтің нұсқауды орындамай, Эшке креслоны 2500\$ ғана сатқаны анықталады. *Перл* дереу Эшти шақырады және одан креслоны қайтаруды талап етеді. *Перлдің бұлай істеуге* заңды құқысы бар ма?

7.4-жаттығу. Қажеттілік агенттігі

Джонни мен Мария Кэтиді *The Lame Duck* мейрамханасына менеджер ретінде жұмысқа алды. Бір күні кешке ол мейрамхананы жабады және ол кездейсоқ ұмытып, мейрамханаға қарсы үстелдердің бірінде жанып тұрған шамды қалдырып кетеді. Сол түні сөнділімеген шамнан дастархан өртенеді. Бақытына орай, Джефф жұмыстан үйіне жаяу, мейрамхананың жанынан өтіп бара жатқанда өртті көрді. Ол кірпішті алып мейрамхананың алдыңғы шыны терезесін сындырды және сынған терезеден батыл барып, жанып жатқан дастарханды алды және оны жалын шығып жатқан терезеден далаға

лақтырды. Алапат өрт апаты тоқтатылды. Алайда, Мария терезені ауыстыру құнына өтемақы талап етіп, біреудің жеріне рұқсатсыз кіру құқық бұзушылығы бойынша Джеффті сотқа берді. Джефф жауапкершіліктен қалай құтыла алады?

7.5-жаттығу. Агент міндеттері

Эш машинаның механикалық күйін анықтау үшін өзінің механигі Нг механикалық дыбыстау жасайтын шартпен Теренстен пайдаланылған машина сатып алуға келіседі. Машинаны тексергеннен кейін Нг автокөліктің жақсы екенін және Эшке Теренстен көлікті сатып алуға болатынын айтады. Бір ай өткен соң Эш машинаның қозғалтқышы нашар екенін, сондықтан көлікке жаңа қозғалтқыш алу қажет екенін біледі. Ол сондай-ақ, Теренстің машинаны механикалық дыбыстауды сертификаттау үшін Нг-ге 500\$ ақша төлегенін біледі. Нг-нің әрекетінің құқықтық салдары қандай?

7.6-жаттығу. Агент міндеттері

7.5-жаттығу фактілерін қараңыз. Эш бәлкім, кеңшілік жасап, механиктің әрекеттерін кешірген шығар. Эш пайдаланылған автокөлікті өзінің атынан «ықтимал ең жақсы бағаға» сатуға нұсқау беріп, оның сатуын сұрайды. Нг Эштен автокөлікті 1000\$ өзі сатып алатынын айтады. Нг автокөлікке 1500\$ төлейтін біреуді біледі және Нг автокөлікті Эштен сатып алып, сол сатып алушыға оны сатуды жоспарлап отыр және 500\$ пайда таппақ. Егер Нг осы әрекетін іске асырса, оның қандай ықтимал құқықтық салдары бар?

7.7-жаттығу. Агент міндеттері

Эштің жиені Гайа шетелде альпинизммен айналысады. Өкінішке орай, оның ақшасы бітіп қалды. Ол өзінің бөлмелес досы Эмилиге телефон шалып, одан өзінің атынан компьютер жүйесін сатып, қосымша ақша табуын сұрайды. Гайа Эмилиге компьютердің өзін немесе оны бөліктерімен бірге сатса да кем дегенде 5000\$ болатынын айтады. Сондай-ақ, Эмили Гайаның жинақ шотына ақша салуға тиіс болды. Екі аптадан кейін, Гайа шотына 2500\$ ғана салынғанын білгенде таң қалды. Бұл туралы Гайа Эмилиден сұрағанда, Эмили бір адамға компьютер, басқа біреуге монитор және үшінші біреуге принтер мен сканерді сатқанын түсіндіреді; ол компьютер мен мониторды өте жақсы бағаға, ал оның басқа компоненттерін 50\$ сатты деп ойлады, бірақ бұл оның кінәсі емес, себебі, оларды өзінің атынан сатуға құрбысы Энниге тапсырды; ол пернетақтаны сата алмады, өйткені бір кеште оның үстіне шарап төгілген және қазір ол дұрыс жұмыс істемейді; сол кеште біреу зырғытпасын ұрлап кеткен және 2500\$ дұрыс баға екеніне толық сенімді емес, өйткені ол сатып алушылардан ақшаны жинаған кезде оны өзінің жеке ақшасымен «шатастырып» алды. Эмили агенттің қандай міндетін немесе міндеттерін бұзған болып шықты?

7.8-жаттығу. Агент құқықтары

7.7-жаттығу фактілерін қараңыз. Эмили Гайа нұсқауларының талаптарына толық жауап берді делік. Эмили (1) компьютерлік жүйені сатқаны үшін ақылға қонымды сыйақы және (2) онлайнға жарнама беруге жұмсалған ақшаны өтеуді талап етуге құқығы бар екенін алға тартуда. Эмилидің талабы дұрыс па?

7.9-жаттығу. Агент пен басшы жауапкершілігі

Джонниге үйлену тойын ұйымдастырушы (асаба) Анастасия жолықты. Анастасия

Джонниге келесі айда тұрмысқа шығатын жергілікті атақты Брангелинаның атынан әрекет ететінін айтады. Анастасия Брангелина өзінің үйлену тойын *The Lane Duck* мейрамханасында өткізуге тапсырыс беруді қалайтынын түсіндіреді. Джонни тапсырыс қабылдайды және өзінің тұрақты клиенттеріне үйлену тойы болатын күні түнде жеке қызмет көрсетуге мейрамхана жабық болатынын хабарлайды. Үйлену тойынан бір күн бұрын Джонни өзінің мейрамханасы Анастасия барған мейрамханалардың тек бірі ғана екенін және Брангелина басқа мейрамхананы таңдауға шешім қабылдағанын біледі. Анастасия қателік жасағанын және Брангелина оған *The Lane Duck* мейрамханасына тапсырыс беруге өкілеттік бермегенін айтып, кешірім сұрайды. Джонни Брангелинамен келісімшарт болғанын және оны Брангелинаның орындауы тиіс екенін талап ете ала ма? Егер талап етуге құқығы жоқ болса, Джонни Анастасиядан залалды қалпына келтіруді талап ете ала ма?

7.10-жаттығу. Агент пен басшы жауапкершілігі

7.9-жаттығу фактілерін қараңыз. Егер Анастасия шын мәнінде Брангелинаның атынан әрекет етуге өкілетті болса, бірақ ол Джонниге өзі мейрамханаға тапсырыс бергісі келетінін айтса, Джонни Брангелина мен Анастасияның екеуіне де қатысты келісімшарттың орындалуын талап ете ала ма?

Бақылау сұрақтарының жауаптары

1. в 2. ә 3. в 4. в 5. ә 6. в 7. в 8. а 9. б 10. а 11. в 12. а 13. в 14. ә 15. ә 16. б 17. а 18. а 19. в 20. б

Николас Джеймс

БИЗНЕС ЖӘНЕ ЗАҢ

3-басылым

I том

Оқулық

Ағылшын тілінен аударған
Баймұратова Ираш

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman». Пішіні 70x100^{1/16}.
Баспа табағы – 29,25. Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша – 1300 дана.
Тапсырыс №119.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-217-615-5



9 786012 176155